

Жапандағы жалғыз үй

ПРОЛОГ

Әкем Нұрмаққа, анам Мағрипаға арнаймын.

Автор

Ескі жұрт — көршілес салған он шақты үйдің орны. Шымнан қалаған қабырғалары ұзақ жылдар бойы жел өтіне мүжіліп, құлай-құлай жатаған төмпешікке айналған. Кісі бойындай алабота, жусан аралас өлі қурай басқан үй орындары өткен өмірден қалған көне белгі ғана.

Көктемнің алғашқы шуағы қары кетіп, дегди бастаған жалпақ өңірді сәскеге қарай қыздыра тусті. Өлі де тас төбеге жақындамай орағыта жылжыған күн кірпігі ескі жұртқа көлбей қадалып, дымқыл бүйірін жылыта бастады. Қар суы сіңген кәрі төмпешіктер шуаққа бусанып, әр жерінен сыздықтап дем шығады. Мәңгі бұқтырып қойған алып қара қазанға ұқсайды.

Машинадан түскен үш адам ескі жұрттың қасына таяным, үнсіз қарап тұр: «Бұл арада да бұрын адамдар тұрған, өздерінше қаракет жасап, тіршілік еткен. Талай қарт, талай қыршын жас осы жұртта демі таусылып, дүние салған. Олар да көз жұмғанша адам баласына тән арман, қиял арқалап, қадари халінше жақсы тұрмысқа ұмтылған. Мүмкін жайлы өмір кешкен болар. Бәлкім, өмірлері өксімен өткен шығар». Бұл өлкенің табалдырығын тұңғыш аттаған Федор Моргунға ол арасы бимағлұм. Бар сырын бауырына басқан қалың жусанды төмпешіктер үнсіз, тілсіз. Томаға-тұйық, сулық жатыр.

Төмпешіктердің астында қалған өткен өмір тек Райханға ғана аян. Қазір оның көз алдында мына иесіз меңіреу жұрт емес, қатар қоныс тепкен үйлер тұр. Бұдан табаны жалпақ отыз-қырық жыл бұрын іргесі көтерілген үйлер. Талай жас, талай қарт құлағына сыбырлап, сөйлесіп тұрғандай. Неше бір таныс көздер өзіне таңырқай қадалып, әлдекім естілер-естілмес күбірлейді: «Айналайын-ай, келдің бе?! Өз көзіме өзім сенейін бе, сенбейін бе?! Осы сен шын Райханбысың? Өзің мүлдем өзгеріп кетіпсің ғой. Самайыңа ақ кіріпті. Өңің сынық. Көзінде мұң бар. Сені көрмегелі талай жылдар өтті. Қайда жүрсің? Неге келмей кеттің? Жақсылықтан күдерінді мүлдем үзгенің бе! Сен жасыңда қандай пысық едің. Лаулап тұрған от едің-ау. Затың әйел болғанмен, ер жігітке бергісіз қажырлы, қайсар ең. Енді бақсам, ащы өмір зардабы жасытқан ба, қалай? Өзің жылап тұрсың ғой. Жарайды, жылап ал. Ұялма, жыла. Ішіндегінің бәрін ақтар. Білем, сен қуаныштан жылап тұрсың. Қайта оралдың, қайырлы болсын. Бар ауыртпалық көзіндегі осы жаспен бірге кетсін. Бірақ осыдан соң қайтып жылама. Ал қазір жыла, жылап ал!»

Райханның көңілі босап, қарашығы мол үлкен көздерінен ыршып шыққан бір түйір моншақтай жылы жас кірпігіне іліне бере үзіліп түсті. Қайрат қылып көз жасын тыяйын деп еді, іші қалтырап ырық бермеді. Биік шың басында мәңгі жатқан қарға ыстық күн аунап түсіп арқасын тірегендей, ұзақ жылдар бойы мұз боп қатқан көз жасы ери жөнелді. Райхан ернін тістеп, үнсіз жылап тұр.

Қасындағы жолдастары жаңа аңғарды. Ө дегенде не дерін білмей, бір-біріне үнсіз қарап, жаутаңдап қалды. Көз жасында терең бір сыр барын сұрамай-ақ ұқты. Бұл арада көлденең сөз шықса, еркін аққан көз жасы үрейленіп, тыйыла қалатындай көрінді.

Мына жер ықтасын ба, қалай? Жаңа ғана иен даланы баяу желпіген жел де тым-тырыс тына қалды ғой. Әлде ол да Райханның көз жасын көріп, елең етіп құлақ түрді ме?

Райхан басқа жолаушылардан жырылып, ескі жұртты аралап келеді. Орта тұстағы жалпақ төмпешік сыртында жаңа қылтып, тебіндеген балапан көкке бір жамбастай отырды. Маңайдағы жусан иісі, баланың еңбегіндей былқылдаған жер иісі — бәрі, бәрі таныс. Бәрі баяғы қалпы. Өттең құшағы жетсе, осы аумақты түгел бауырына басып құшар еді. Маңайда бөгде адамдар болмаса, жалаң аяқтанып алып, қос тұлымы желкілдеген сонау қыз күндегісіндей туған жердің топырағын ыстық табанымен басып, жүгірер ме еді.

Қап, мына бір жетім қарға қайдан шықты? Барқ-барқ етіп, ойын бөліп жібергенін қарашы. Ө, анау жалғыз үй жақтан қылт еткен аттылыны көрген екен ғой.

Кебеже қарын қара биеге мінген төртбақ адам жай бүлкекпен жақындай берді. Қара санынан келетін саптама етік, сыртын кеңірек қара барқытпен тыстаған түлкі тымақ киген адамның бетіндегі

жалпақ қап анадайдан көрінеді. Құйрығын шарт түйген семіз ту бие таянған сайын үзеңгілес тұрған қос машинаға құлағын қайшылай үрке қарап, танауы делдиіп, тағы малдарша ойқастай басады. Біреу оқыс жөтеліп қалса-ақ, ала қашатындай елең-елең етіп ойнақшып келеді. Өңкей кісі мойын қара иттер екі жағына алма-кезек шығып, үздік-создық сумаң-сумаң етеді.

Бұл — «Малжан ағашы» дейтін бір шоқ қайыңның бауырындағы жалғыз үй иесі — Қарасай. Жаңа үйінің тап тұсынан өте шыққан жеңіл машиналарды көрген. Аудан басшыларының бірі боларсың-ау деп, жазбай танып, биесін ерттей сила осылай қарай беттеп еді.

Тізгінді ердің үйрек бас қасына тас қып орап, қара биені кекжите қаңтарды да, анадайдан жаяу келді. Алдымен райкомнан келген өкілге сәлем беріп, сосын Моргунның қолын алды.

— Ағайындар-ау, бұларыңыз қалай, біздің үйді аттап өтіп, ескі жұртқа сәлем беріп тұрғандарыңыз.

— Ескі жұрт деймісіз... Біз жер қарап жүр ек. Осы араға орнайтын болашақ совхоз директоры — Моргун жолдас. Ал мына ақсақал — Қарасай Талжанов, осы араның тәңірі, — деп өкіл қалжындай таныстырып, жемтік аңдыған құзғындарша шоқиып отырған бір топ ұяласқа қарап күлімсіреді.

— Бұл маңға сіздер келгелі де біраз уақыт болды-ау деймін. Үйге жүріңіздер. Алыстан келген қонақты қарсы алу, ата дәстүрін көрсету парыз емес пе. «Келіннің бетін кім ашса — сол ыстық» дейді. Жалғыз үй болсақ та, жолаушыға боранда пана, ыстықта саямыз. Жүріңіздер.

— Ол дұрыс. Шынында да ас ішетін мезгіл болды-ау деймін. Қарсы емеспіз. Қазақ даласында асхана табыла бермейді, Федор Васильевич. Бірақ қонақжай жөнінде қам жеменіз, — деп өкіл енді Райханға қарап, Қарасайға көз қиығын тастады. — Ана келе жатқан кісі осы совхоздың бас инженері. Негізі осы жақтың адамы. Білетін де боларсыз.

Үстінде желбегей қысқа қара көк плащ, аяғында күрең былғары етік, басында бұрын-соңды көрмеген, тігісі бөлек жұпыны құндыз бөрік киген, қырықтардың ішіндегі денесі кесек, ұзын бойлы мосқал әйелді Қарасай анадайдан таныған жоқ. Мына ұсқынын алыстан жаратпай: «Бұл шөпжелкесі кім ? Киім киісі, сырт қияпаты келіссіз екен», — деп бөрік астынан бұйралана шыққан сұйық шашын да ұнатпай қалған.

Көзін қол орамалмен сүртіп, сәл еңкіштеу басып келе жатқан Райхан жолаушыларға екі-үш қадам қалғанда басын көтеріп, қалшиып тұрып қалды. Терең әжім көмкерген жұқа қабақтың астындағы мұңды көз бір сәт сабырлылығынан айрылып, әлденеден үрейленгендей Қарасайға тесіле қарап, жылап арбаған торғайдың көзінше ешқайда бұлтара алмай, шарасынан шығып барады.

Жаңа ғана күліп, бипаздап сөйлеген Қарасай да Райханды көргенде тілі күрмеліп, тап алдынан аяқ-қолына жан біткен тірі аруақ шыға келгендей әп-сәтте өңі өзгеріп кетті. Үстіне құдия сорғалаған бүркіттен зәресі ұшып, кірерге жер таба алмай, әр тал қылына дейін қалтырап, бір уыс боп жер бауырлай дәрменсіз көжекше, көзінің жанары сөніп, жасаурап, қас қақанша мүшкіл халге енді.

Райханның көзі баяу жылжып Қарасайдың бетіндегі көк бауыр түстес жалпақ қалға тірелгенде, Қарасайдың көзі тайғанап барып Райханның ақ қырау шалған самайына түсті. Тотияйын араластырғандай талаураған жалпақ қалдың бояуы өшпепті. Баяғы қалпы. Тек үстіндегі сирек үш тал қара қыл ғана күзгі боз шөптей қуарып, қылау тартқан. Бүкіл көрілік тауқыметі сол үш талға кеп жиналғанда, Райхан тартқан батпандай ауыр жылдар жүгі самайдағы шашқа түскен секілді.

Екеуі де бір-біріне тіл қатыспады. Тек көздер ғана сөйледі. Еркектің көзі! «Сен өлген жоқ па едің», — деп тұрса, әйелдің кезі: «Сен әлі тірі екенсің ғой», — деп тұрды.

БІРІНШІ БӨЛІМ

БІРІНШІ ТАРАУ

Күн бесіндіге таяна таңертеңнен бері жапалақтап жауған қардың арты боранға айналды. Мана бір кезде қоп-қою қарлы бұлт бүркенген зеңгір аспан аз уақыт көгілдір түске боянып ысқаяқтана ашылған да, ендігі кезекті арқаның желінен күтіп тым-тырыс монтанси қалған.

Дәл осы мезетті аңдығандай кешеден бері демін ішіне тартқан ызғырық өткір жел де баяу көтеріліп, ұртын томпайта қойды. Алғашқыда сұлық жатқан жалпақ өңірдің ақ көрпесін қай жағынан түрерін білмей, мың құбылып тұрды да, терістікке қарай біржолата жонын бере бұрылып алған соң, ішін тартып, зор үілге басты. Жаңа түскен ұлпа қар ен даланың бетінде жыланша ирелеңдеп, жер бауырлай тіміскілеп кезіп жүр. Жел гүлеген сайын қарлы жыландар бастарын қайта-қайта көтеріп алып, естері шыға ойнақшып мидай араласа жөнеледі. Көкке шапшып шаншылып, бір-біріне айбат шегіп ысылдап, арбасып тұрады да, жерге сылқ етіп құлап, мың бұратылып, ұмар-жұмар домаланған күйі қайта жоғары шиыршық атылады. Боран көтеріліп кетті.

Қысқа күн етекке қарай жақындап, түтеген ақшандақ боранның арасынан қызыл күлгін түспен көмескі сығалап тұрды да, ұйқыға маужыраған сары мысықша көзі кілбиіп барып, біржола жұмылды.

Сабалақ жүнді жұмсақ терімен қаптаған қайқы бас жеңіл қашабаға жегілген пар ат бұл кезде алғашқы қарқынынан айырылып, бүлкке түскен. Тәует басын бір жағына бұрып тастап, мойнын садақша иіп жұлынып келе жатқан парайдағы ақбақай тор дөнен, енді қарға жиі омбылап, қабырғасымен жетекті сықыр еткізе қағып, тар жолға таласып келеді. Ортадағы жал-құйрығы төгілген қабырғалы биік қара ат оңай ойыса қоймай, жеңіл лықсытып жіберіп тор дөненді күртікке қайта түсіреді.

Жастайынан жылқы бағумен көзі шығып келе жатқан атшы қысқы жолдың сырына да көнігі. Жолдағы «Бірлік» колхозынан өткелі қос аттың жүрісін аңдып отырған. Ат құлағы көрінбейтін дүлей боранның ішінде сыралғы тор дөненнің болдыра бастағанын сезіп, аттарды тоқтатты:

— Тр-р-р!

Қалың қарды таспаша тіліп келе жатқан темір табанның бір қалыпты сырылы төбеге ұрғандай тынды да, жолаушылардың алды-артын орай соққан бұрқасын шананың қуыс-қуысына лап қойды. Көзі бір ашылып, бір жұмылып ұйқы буып маужырап отырған екінші жолаушы селк етіп, басын тұмшалап алған қасқыр ішіктің жағасын ашып жіберді. Салалы сабалақ жүннің ішінде булығып тұрған қапастағы арақ иісі мұңк ете қалып еді, ұйтқыған есірік боран көз ілестірмей қағып әкетті. Жып-жылы жағаның терең қуысынан:

— Келдік пе? — деген қарлыққан үн шықты.

— Жоқ, әлі он-он бес шақырымдай жер бар, — деді атшы шанадан еңсеріле түсе беріп.

Қасқыр ішік солға қарай икемсіз аюша қисайып, шананың алдына қолын созды.

— Ау, әлгілер қайда, салып па ең?

Қос аттың түндікше желпілдеген жылы танауына тұрған сүңгіні алып жатып, атшы селсоқ жауап берді:

— Шананың алдыңғы жағында, кілемнің астында. — Қасқыр ішік кілем астындағы шөпке қолын үңгі тығып жіберіп еді, шыны шөлмектер сыңғыр етті.

Атшы парайдағы тор дөненді түсіріп, шананың артына байлады да, күміс шілиялы қамыт-сайманын шананың алдындағы қуысқа әкеп тықты. Қалың ішіктің салақтаған ұзын жеңінен қолын шығара алмай, қорбаңдап жатқан әлгі жолаушыдан бөтелкені алып, аузын алақанымен басып тұрып, шоқпардай күсті қолымен түбінен бір қойғанда тығын атып шығып қолына келді...

Бағанадан бері жас дөнен жолдың екі езуіне алма-кезек бұлттыңдап, титықтатқан омыраулы қара аттың арқасы кеңіп, маңдайынан қарсы соққан өткір желді қайықша сүзіп, жосылтып келеді.

Жалпақ жатқан қазақ даласының терістік жағын мекендеген Қызыл жалау ауданының қысы ежелден қатты. Ақ десең түкірік жерге түспейтін бет жалаған қызыл шұнақ сары аяз бен екі үйдің арасы көрінбес алай-түлей түтеген ақ боран — осы өлкенің еншісі. Екі жүз, үш жүз шақырымға созылған мидай ен далада шашыла қонған ауылдарға қысты күні алыс сапарға шығу жолаушы үшін үлкен әбігер. Бұл жолға көзсіз батырлықтан гөрі киім мен көліктің мықтылығы ғана төтеп береді. Сондықтан да осы жақтың халқы жылқы малын қадірлеп, жақсы ат болса күтімін тауып, бабымен мінуге машықтанған.

Қызыл жалау ауданындағы мақтаулы жылқының бірі осы қара ат. Алып-жұлып бара жатқан ақпа, ұшқырлығы болмаса да, бір қоналқы жерге құлағының түбі де жіпсімей жететін нағыз ұзақ жолдың аты. Оның үстіне көзге түртсе көргісіз айсыз түнде де, түтеген боранда да бір адаспай, көздеген жеріне салып отырып алып баратын жолшыл, сенімді мал.

Осы қасиетіне қанық атшы тор дөненді парайдан алған соң-ақ тізгінді бос қоя беріп, қара атты өз еркіне жіберген. Жол үстіне түскен жал-жал оқапты бұрқыратып, борт-борт желіп келе жатқан тізелі атқа қарап, «жануарым-ай, бір жігітке серік боларлық малсың-ау» деп іштей риза болып отыр. Тілерсектен келер омбыға малтығып, жолдан мүлт тайып кетсе-ақ, қара ат шоқ басып алғандай орғып түсіп жол табанына қайта шығады.

Бір стаканды тастап алған соң, шанамен бірге шайқатылып манаурап отырған қасқыр ішік, құлаған тамдай жақтауға қисая беріл қалғып кеткен. Тосыннан шәуілдей қалған иттердің даусы құлағына тұншыға жеткенде барып бойын түзеді.

Қара ат үйреншікті биік қақпаға келіп бір-ақ тіреліпті. Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан көл-көсір аранына зәулім бір мая шөп үйілген шатырсыз бөкене жер үйдің маңы алай-түлей. Дала да аппақ, үй де аппақ. Есік алдына тоқтаған шананың сырылына елеңдеп, тарбақ бұтақ қадаға ұйлықтыра қаңтарған үш-төрт жылқы қатарымен оқыранды. Анадай жерде басын кекжиге байлаған шана арыстарының басы ғана қылтияды. Үстінен қар жүріп кеткен. Ішін үңғи алған шөптің жылы қуысында бұйығып жатқан ала мойнақ көрі қаншық бар күшігімен өре түрегеліп, қораның үстін басына көтерді. Күн-түн демей қатынап, ағылып өтіп жататын жолаушыға әбден еті үйренген сары тоқаш мұрын көсе жігіт шілтерлі қол шаммен ырғалып-жырғалып шыққанда барып жым болған ұяластар енді сырттағы жүргіншіде жұмыстары болмай, күнде жылы сорпа, жуынды құятын иесіне дәмелене ұмтылып, алды-артына асылып, кескестеп аяғына оралды. Қара шана ат-матымен кең қораға кіргенде ғана жол соғып тастаған қасқыр ішік өз-өз боп орнынан созалаң тұрып:

— Ау, Дикамысың, мұның не, осыншама бипазданып. Бізді суыққа ұстап сынайын дедің бе... — деп тілге келді.

Сары жігіт ернін бір жалап алып шамын көтере жолаушыға төне қарады да, лез қайта тартып алды. Жауап қатпастан ыржың етті. Не мазақтағаны, не кінәсін мойындап ұялғаны белгісіз. Тек жолаушының тұлыбын алып жатып қана мұрнының астынан естілер-естілмес күбірлеп жүр.

— Мен басқа біреулер ме десем. Қайдан білейін... Бұл үй — осы жапан түзде қалқиған жалғыз қора.

Бұдан бөтен бұл маңда қыбырлаған тіршілік жоқ. Арасы алпыс шақырымдай жырақ жатқан екі колхоз аулының тап ортасында «Малжан ағашы» деп аталатын шоқ ағаштың бауырына салған, жолаушылар ат шалдырып, түнейтін қоналқы бекет. Жергілікті халық мұны «постаял» дейді.

Қора астында үш үй бар. Бірі — Қарасай тұратын үлкен үй де, екіншісі — Қарасайдың үлкен баласы Жәлелдің отауы. Енді бірі қазанаспасын ішіне бірге салған кең бөлме. Қонақ үй. Қазір бұл үйдің іші лық толы адам. Әңгіме шертіп дуылдасып отырған жолаушылар жаңағы сары жігіт бір құшақ аязды ала кіргенде бастарын көтеріп елеңдеп:

— Кім ол келген?

— Қай ауылдың адамы, — десіп, Дикаға қарады. Дика жұрттың сұрағына іле жауап бере қоймай, мұрны пышылдап жүріп қол шамын екі-үш рет үрлеп зорға сөндірді де, беті ойдым-ойдым жіліншік без, тобылғы түстес қақ ашаға қайта ілді. Жолаушылардың аяқ жағын ала әңгіме тыңдап отырған жеріне қайтадан келіп етпелей түсіп жатты да, жымың етіп, төмен бұқты.

— Оу, қарағым-ау, айтсаңшы, кім ол келген, — деп төрде отырған балуан денелі, қалың қабақты адам гүр ете қалғанда барып Дика:

— Нәшәндік, — деп тағы да жымың етті. Жарыққа жасқана қарайтын мысықтың баласынша отырғандардан бетін бұрып әкетеді. Үй ішіндегілер:

— Қосиманов шығар қайындап жүрген, — деді де әңгіме айтып отырған қалың қабаққа бұрылды.

Жасы қырықтарға тақаған алып тұлғалы кесек мұрынның өңі қайтадан жылып сәл езу тартып, әңгімесін жалғай түсті. Былайда шөгендей қара қошқыл түсі желге тотығып, қаракүреңденіп кеткен. Оның үстіне алақандай-алақандай боп үсік шалған шилі беті өңін алып тұр. Өзі жымығанда олар да қоса жиырылып, бір беттің үстінде бірнеше ауыз езу тартқандай болады.

— Содан «Бестерек» колхозынан он-он бес шақырымдай шыға бергенде болу керек, — деп қасындағы жамбастай жатқан шоқша сақал шарқы шалға еңсеріле бұрылды.

— Шамасы сондай болар. Ана бір қалың шіліктің тұсы ғой, — деп шал да орнынан бір қозғалып қойды.

— Көз байлана бастаған кез. Далада алағаншық жаяу борасын ғана бар. Біз көліктерімізді тізбектей тіркеп ілбіп келе жатқанбыз. Бір мезетте артымыздан гүрілдеген дауыс шықты. Машинаның гүріліне ұқсамайды. Жақындай бергенде аңғардық. Трактор екен. Трактор болғанда да біздің ауылдардағы кәдімгі Нәтидің тырылы емес. Бүкіл даланы жаңғыртып келе жатқан жойқын бірдеме.

— Тіпті қара жерді қақ айырғандай. Жер солқ-солқ етеді, — деп шал да әсірелеп қойды.

— Бір кезде ақ түтек боран ішінен жылтыраған оттары да көрінді. Әлгіндей болмай бүкіл жон күндізгідей жап-жарық болып кетті.

— Ине түссе көрінер!..

— Келе жатқан бір трактор емес, адам айтқысыз көп трактор екен.

— Жер қайысады-ау. Осы өмірімде ондай көп машина көрген жоқ шығармын.

— Иә, олар кімдер екен? — деп тыңдаушының бірі естігенше асығып, киіп кетіп еді:

— Асықпасайшы, айтады ғой, — деп өкінішті жолаушы оның аузын қақты.

Дәу қара да оларға көңіл бөлген жоқ, әңгімесін сабақтай берді.

— Қасымызға жақындай бергенде-ақ, біз де шанамыздан түсіп, көліктерді жолдың оң қапталына бұрып тоқтадық. Бір кезде үйдей-үйдей алып тракторлар қайтқан қаздай тізбектеліп өтіп жатыр, өтіп жатыр. Әрқайсысының артында екі-екіден тіркеген дәу шанаға қондырған ағаш үй...

— Үй болғанда қандай дейсің. Оймақтай етіп жасаған, — деп шоқша сақал сығырайған тышқан көзі жайнап орнынан түрегелді. — Шіркін-ай, ойыншық секілді-ау, ойыншық... Кәдімгі терезесі бар. Төбесінен шығарған темір турбасынан түтін будақ-будақ шығады. Соғып тұрған боранын да елең қылатын емес. Жердің түбіне жіберсең де, қыңқ етіп кәперіне кіріп шығатын түрі жоқ. Жып-жылы үйдің ішінде қыз-қыз қайнап, сырнай-кернейлетіп өтіп жатқандарға аузымыздың суы құрып, суыққа бүрісіп біз тұрмыз.

Осы арада дәу қараның әңгімесін киіп, ағат кеткенін аңғарып шоқша сақал кінәсін мойындағандай сылқ етіп құлай кетті.

— Ендігі сөзді саған бердім, шалым, — деп дәу қара да қалтасынан шылымын алып шегіне берді. Бірақ жүзінде, сөзін бөліп кимелеп отырған бөкене шалға деген реніш ізі жоқ. Қайта, жасы алпыстан асса да көмірдей шашына әлі бір тал ақ кірмеген тоқпақтай осы бір пысық қарттың сәби мінезін қызықтаған нышан бар. Және өздері аңғармай отырған, тек сырт кезге ғана көрінетін екеуіне де тән бір ортақ қасиет сезіледі. Ол — ел ішіне келген қуанышты хабарды ауыл арасына тез жеткізуге деген құштарлық. Өзі тұстас адамдардан сәл бұрын көрген жаңалыққа балаша мақтанатын адал, таза жүректен шыққан ақ жарқын мінез.

Шорт кесілген әңгіменің соңын естігенде үздігіп отырған жолаушылар да «қап» деп өкініп қалды. Өйтсе де енді сөзді қайта тірілтпекші болып, бәрі де жамырай сөйлеп кетті.

— Сонда, үйдің ішіне пеш орнатып алған-ау, тегі.

— Енді ше! Ол кәдуілгі үй ғой.

Сонау облыс орталығынан сельпоның жүгін түйемен тартқанша, әр колхоз сондай бір-бір үй жасап тракторға неге тіркеп алмайды десейші?!

— Қашанда әр нәрсеге кеш қимылдайтын әдетіміз емес пе, — десіп, өткен өкініштерін айтып, жаңағылардың кім екенін тап басып сұрай алмай, әңгімені орағытып кетті.

— Е, ондайды біздің мықтылар біле ме. Өгіз бен түйе болса болады, — деп дәу қара үндемей отыруға шыдай алмай қайта кірісті. Бұл жолы қалың қабағы түйіліп, қияқ қасы тікелей кетті.

Бұл — осы постаялдан жиырма бес-отыз шақырым тұратын колхоздың Оспан деген шофері. Ауыл ішінде оны «шопр Оспан, орыс Оспан» деп атайды. Оның себебі бар. Біріншіден, сол колхозда үш Оспан бар. Үшеуін бір-бірінен ажырату үшін олардың мінез-құлқына, қызметіне қарай жеке-жеке ат қойып алған. Колхоз ұйымдасқалы бригадир, полевод болып екі аяғы салақтап үнемі ат үстінен түспей шапқылап жүретін ұзын тұра, қаз мойын Оспанды жұрт кеңірдек Оспан дейді. Кеңірдек десе кеңірдек. Мойнының рабайсыз ұзындығын былай қойғанда, қашан көрсең жұмыстағы адамдармен керісіп қызыл кеңірдек боп қатқаны. Екінші Оспан — маңайдағы колхоздардың тері-терсек, жүн-жұрқасын жинайтын агент. Сондықтан да оны әгінт Оспан дейді. Ал мына Оспанның жөні бір бөлек.

Осы өңірдегі ең бір шаруашылығы да, мәдениеті де төмен колхоз осы Оспан тұратын «Жаңа талап» колхозы. Аты дардай болғанмен колхоз тұрмысы әсте алға жылжып, өсу, өркендеу дегенді білген емес. Атам заманда салынған шым үйлер мен сабан үйлер жылдан-жылға шөгіп, мыжырайып, беті қара-қожалақ, сатпақ-сатпақ болып тұрғаны. Колхоз аулын ертеден басқарып отырған Салық та, ауыл адамдары да бұған мән бермейді. Тек екі-үш үй ғана әлгі мегежін үйлердің арасында еңселі, биік көрінеді. Солардың бірі — Оспанның үйі. Тырнақтап жиып жүріп, төбесін де қаңылтырлатып алған. Анда-санда ел арасында Оспанның үйі жайлы сөз бола қалса-ақ: «Е, ол пысық неме емес пе», — деп кейбіреулер мақтай сөйлесе, енді бір күншілдер: «Ол секілді қолымда машина болса, мен де көрер ем», — деп сырттан кіжінеді. Машина дейтіні Оспан жүргізетін колхоздың полуторкасы. Ең алғаш колхозға осы машинаны алған күннен бастап, оның билігі Оспанның қолына тиген. Хат танитын ғана шала сауатты болғанмен, көкірегінде саңылауы бар, әр нәрседен хабардар Оспан көп ұзамай-ақ оны игеріп кеткен. Әлі күнге дейін оның бөлшектерінің атын жарытып білмесе

де сынып қала қалғандай жағдайда ешкімнің көмегінсіз-ақ өзі жөндеп ала береді. Тіпті моторының зіркілін тыңдап тұрып, оның қай жерінде ақауы барлығын қолмен қойғандай анық таниды. Сол себепті де әлгі полуторканы үздіксіз жүргізіп келе жатқанына, міне, табаны күректтей он бес жыл. Бүкіл аудан бойынша әлгі қаңқасы сүйретіліп жүрген де жалғыз осы полуторка. Ана-мына жеңіл-желпі бөлшектер табылмай қалса, темірден соғып, қайыспен байлап жүргізіп кете барады. Оның «маңдайына жазылған» шопр Оспан дейтін аты осыдан.

Ал орыс Оспан дейтіні мінезіне қарай қойылған болу керек. Көңіліне жақпаған нәрсесін бетің бар, жүзің бар демей жарып салатын тік мінез. Ел арасындағы қысыр әңгіме, қақ-соқта жұмысы жоқ. Өз жұмысын біліп, шаруасын тындырып жүре беретін еңбекшіл бір жан. Жаз шыкса-ақ машинасымен күн-түн демей жолға шығып, үйінде бір күн босқа отырғанын көрмейсің. Ал қыс түсіп, жол жабылысымен колхоз түйелерімен екі жүз, үш жүз шақырым жердегі облыс орталығынан сельпоның жүгін тасиды. Осы жолы да бес-алты күн жол жүріп келе жатқан беті.

Оспан әңгімеге де сараң болатын. Бірақ қазір өз-өзінен серпіліп, көңілді сөйлеп отыр.

Әйтеуір қанағатшыл бір халықпыз ғой. Қолда барға тоқмейілсіп отыра береміз. Өздерің ойлашы, біздің колхоздың қаншама жері пайдаға аспай, жай жатыр.

— Есіл жер-ай. Біздің Салық секілді бастықтарымыз баяғының байларынша жерге тасбақаша жабысып айырылмайды. Іске асыратын басқа көрші колхоздарға бергісі келмейді. Шамасына қарап тон пішу дегенді білмейді.

Оспан шылымын қомағайлана сорып, тұнжырап отырып қалды. Осыдан бірнеше жыл бұрын колхоз жерлерін қайта бөліс болғанда, Сілеті теңізіне қарай жатқан «Жаман түз» алқабын Зерен ауданының мал совхоздарына беру керек деген ұйғарымға келген-ді. Сонда Салық басқарма «жоқ, ол жер өзімізге керек, сасыры мол, татырлы қыраттың қары қашанда жұқа болады. Қысқы тебінге қолайлы» деп маңайлатпаған. Оспан бастаған біраз колхозшының «осы тиесілі жердің тең жарымын іске асырып алсақ та қанағат. Беру керек» дегеніне құлақ аспай, Салық жағы көпшілік дауыс алып, Зерен ауданына болмашы ғана үлес берген. Оспанның айтып отырғаны — осы жер бөліс.

— Енді жерді қалай іске асыруды көрсін біздің Салықтар. Жаңағы келе жатқандардың бәрі де қылшылдаған жастар...

— Пой-пой, бәрі де бір беттерінен қан тамған сүйріктей жігіт пен қыздар, — деп жаңағы бәкене шал Оспанның ендігі айтар сөзін түсініп, тағы да киіп ала жөнелді. Оспан мақұлдамаса да «мақұлдатып» қойып жөнеп берді. — Біз олармен аудан орталығына таяу «Жаңа жолда» кездестік. Тура сол колхоздың Қараой жағы қайда, солай деді білем, Оспан, ә? Иә, сол тұстан жаңа совхоз ашатын көрінеді. Әй, жайнап тұр-ау, жайнап тұр. Қызыл шұнақ аязың түк емес, асыр салып, билеп, жұмыс қайдасың деп жұлынып тұр...

— Келесі жылы... — деп Оспан шалға тағы да ескерте қарады. Ол қайтадан тізесін бауырына алып қисая кетті. —... Біздің ауданның бір өзінде 14 совхоз ашылмақшы. Неше мыңдаған адамдар келіп, тың жатқан жерді көтермекші.

Үйде отырған адамдардың алдында сауаттырақ шопр Оспан болған соң, газет, радиодан хабары аз түкпірде жатып ауыл шалдары жаңалық жөнінен ештеме қосып айта алмады. Тек бастарын шұлғысып:

— Иә, иә.

— Тамаша, тамаша! — деп құптай түсті.

* * *

— Ау, Дика қайда осы, Дика, — деп жастыққа жамбастай түсіп шай ішіп отырған Қосиманов екі-үш қайталағанша болған жоқ, кілбие қарап жымып, Диканың өзі келді.

— Е, жаңа дұрыс болды ғой. Отыр. Көне, Дикаға құйып жіберейін, — деп Қосиманов қазақы дөңгелек столдың шетіндегі ақ мойыннан стаканға толтыра құйды.

Үй ішінде қаймығатын Қарасай болмаған соң, Дика столдың шетіне ұялшақ қыздарша бүгіліп келіп отыра кетті.

— Ал, көне, осы үйдің мал-басының амандығы үшін тартып жіберейік! — Бағанадан бері өзіне серік таба алмай екі беті нарттай қызарып жалғыз ішіп отырған Клейманов қырлы стаканды Диканың қолына ұстата берді.

Тұңғыш рет зорлап отырып Дикаға арақ ішуді үйреткен осы Қосиманов. Содан бері дөнігіп алған Дика, бұл үйге күйеу келді дегенше, мұрны жыбырлай қалатын.

Шүпілдеген бір стаканды тастап алған соң, бұйығы жігіттің басы көтеріліп, қаптың аузы шешілді. Қонақтар көп қинап, қолқа салмай-ақ өзінің күндегі айтып жүретін өлеңдерін мұрнынан тізіп ағыта жөнелді. «Аққұм», «Жайдарманнан» бастап, ауыл арасында айтылып жүретін соғыс жылдары шыққан өлеңдерге дейін тіркеп, соғып отыр. Өлең айтқан сайын даусы ашыла түседі. Алғашқыда өлеңнің нәшіне қарай ырғалып, басын сәл қозғап отыр еді, қыза келе бар денесімен қопарыла теңселіп, изеңдеп кетті.

— Пәлеу деген. Әй, мына диірменнің құдайы қайтеді-ай. Өзінің даусы дәл қыздың даусындай. Қыз болсаң, оллахи, саған үйленер едім, — деп Қосиманов шай құйып отырған келініне қарады.

— Жезде-ай, бір тойда екі жарлық болушы ма еді. Бір апамызды азсынып, енді Дикаға ауыз салғыңыз келді ме, — деп жас келіншек сылқ-сылқ күлді. Орынды қалжыңға ән тыңдап отырған атшы да, Қосимановтың өзі де қосыла күлісіп, үй іші мәз боп қалды. Әйтсе де бір ауыз тілдеспей жатып сөзден сүрінген Қосиманов, әшейінде жөпшендіге жол бере қоймайтын ауыздықсыз асаулығына басып, тосылып қалуды бойына шақ көрмей дөрекілеу жауап берді.

— Е, Ақбөпе-ау, бір апаңа алдырып қалатын сіңіріне ілігіп өле алмай жүр деймісің. Жезденді сынға салып көр, әлі де болат сындыратын қауқары болмаса, мүрдем кетсін. Ха-ха-ха..

— Өгіздің өзі қартайса да, мұрны қартаймайды деуші еді, әйтеуір мұрныңыздың жақсы иістен қалмағанына да шүкіршілік, — ден келіншек те іле қағып түсті.

Қарқ-қарқ күлген Қосиманов «Ақбөпе секілді тамаша келіншектер үшін көтерейікші!» деп тағы да құйды.

Ақбөпе бұрынғы әдетімен бүгін де біркиер тәуірлерін киген. Қандай қонақ келмесін үй ішін, ыдыс-аяқты кіршіксіз таза ұстап, өзі мұнтаздай боп қарсы алу оның оң жақта отырғанда-ақ алған тәрбиесі. Жапырақ гүлді, көкшіл крепжоржет көйлегі мен басына тартқан ақ жібек орамал ақ маралдай көрікті әйелді одан сайын сұлуландыра түскен. Орамал астынан көрінген қою қалың шаштың бос өрген тоқпақтай бір бұрымы мойынға орала келіп, аққу төсті аймалап, толқынданып тұр. Ақбөпе шай құюға еңкейе берсе-ақ, үлбіреген балапан тамақты қытықтап, сипап қалады.

Дика тағы бір стаканды аударып тастаған соң, жымың-жымың етіп отырды да:

— Енді орысша өлең айтайын ба, — деп үйдегілерге еркелегендей басын көтерместен мұрнын уқалай берді.

— Айт, айт. Шәүпәле! Әй, орысша да үйреніп алған ба өзі? Дика үйренбейтін дүние жүзінде ештеме болмас, шіркін, зерек қой бұл, — деп Қосиманов миығынан күліп кителінің жағасын ағытты.

— Мен қытайша да айта аламын, — деп Дика одан сайын еліріп, биыл боранда екі күн түнеп кеткен орыс жігіттерінің аузынан «қағып алған» өлеңдерін шырқай жөнелді. Үй іші тағы да ду күлкі. Қосиманов шегі түйіліп, жастықты бауырына басып домалап қалды. Атшы жігіттің екі иығы селк-селк етіп, көзінен жасы ақты. Орысша әннің он екіде бір нұсқасы келмейді, анда-санда кейбір сөздердің нобайын әрең аңғарып қалмасаң, басқа түк түсініп болмайды. Бірақ оны сезіп отырған Дика жоқ. Қызып алған.

— Әй, осы Бәйтөбетің нешеге келді екен. Ай, біздің өкшемізді басып жүрген шығар-ау, қашанғы Дика бұл...— деп Қосиманов көсе жігітке қарап ойға кетті. Оның ойында отырған Диканың жас мөлшерін есептеп білу емес еді, онымен қалжыңдасып отырып Ақбөпемен бетін біржола ашып алу болатын. Сол ойына жеткен секілді.

— Дика, осы сен нешедесің?

Жігіт төмен бұғып, жымыңдай береді.

— Әй, айтсаңшы.

— Сиыр жылы туыпсың деп жүретін. Қайдан білейін...

— Жалақ болғаның содан екен ғой. Ха-ха-ха!.. Ал сиырың, қай сиыр? Жә, қойшы соны. Өзің бір 30-40-қа келген шығарсың, ә?

— Келдік қой, — деп Дика байсалдана қалды.

— Ал енді, шыныңды айтшы, осы күнге дейін өзің жігітшілік құрып көрдің бе? Ха-ха-ха!..

Диканың сары табақтай жалпақ беті түгел күліп жаялықтай боп кетті.

Ақбөпе сәл ғана езу тартып:

— Жезде-ай, сіз де сұрамасты сұрайды екенсіз, — деп шай жинай бастады.

— Сұрамағанда қайтейін, өмірдің ең бір шырынын татып көрді ме екен, білейін дегенім ғой. Шіркін, біз де бір күні тұғырдан таямыз-ау, — деп Ақбөпеге қисая жатып қарап сөз тартты. Бірақ бұл жолы жауап болмады.

Қосиманов Ақбөпеге қарап, шын ынтығып жатыр. Көз алдынан кешегі соғыс жылдарындағы оқиғалары да өте шықты. Елде жігіт жоқ. Қыз-келіншек көп. Қырдың қызыл түлкісінше, көрінген жерде көлденеңдеп, кес-кестеп өте береді. Қосиманов өкілдікпен ел аралап жүріп, мұндай түлкілердің талайын-ақ қарға аунатып, ұмар-жұмар соғып алатын. Тіпті ұзақ сонарға түсіп қиналған күні де кемде-кем. Көбінесе «қан сонар» мен «келте сонардан» асырған жері жоқ. Енді, міне, алдында бұлаңдап, тағы бір түлкі отыр. Бұған үлкен айла-қақпан керек. Шошытып алса, түлкіден айырылып қана қоймай, күлкіден айрылуы да хақ.

Ақбөпе осы үйдің келін баласы. Қазір жесір отыр. Күйеуі Жәлел боранда суыққа ұшып өлгелі, міне, табаны күректей бір жыл өтті. Қарасай іштегі құдандалы адамдары мен көрші ауылдарда отырған жақын жұрағаттарының басын қосып, баласының жылын беріп аттандырды. Өшейінде қайда жиын-той болса, тағы бұғыларша елендеп отыратын кәрі-құртаң, кемпір-шал қақаған қыстың суығын елемей, жайдақ шанаға таласа-тармаса отырып келді де, асқа сойған көк бестінің еті мен аста-төк тағамға дән ырза боп, елдеріне тарасты. Ертең өздерінің де көз жұмары естеріне кіріп шығар емес, қайсыбірі қутың-қутың етіп, өмірі көрмегендей астың етін өлермендене, құныға жеп, кете-кеткенше кәрі езулеріне дамыл берген жоқ.

Бәрінен де пайдалы оралған Тәшім молла болды. Осы маңда өлім-жітім бола қалса-ақ, кәрі құзғынша ұшып жететін молла, осы жолы да өзінің жуас торы биесіріс салт міне салып, сәскеде аттың басын осы үйге кеп бір-ақ тіреген. Көптен бастары қосылмай ындыны кеуіп, «сусап» жүрген кәрілерге күні-түні шариғат айтып, шөлдерін қандырған. Енді аулына қарай ұзай бере-ақ тарамыс қолын қойнына сұғып жіберіп, ішкі қалтасындағы «құдай жолымен» деп тапқан бір бума ақшасының сыртынан сытырлата басып-басып қойды. Үстіне киген қаракөл жағалы әлі міні құрамаған бір қаралық қара көк драп пальтосының етек-жеңіне шүңірек көзін бір жүгіртіп өтіп жымың етті. Қалың қаптал шапанының сыртынан тырсылдата зорлап киіп жатқанда пальтоның қолтығы айырылып, бырт-бырт сөгілген. Анадая жерде көзі жаудырап қарап тұрған Жәлелдің тұңғыш ұлы Болат жүгіріп келіп, аяғына оралып, «ағамның пальтосын шеш, бұл ағамдікі» деп өксіп-өксіп жылап жіберіп еді. Бір жағынан қожалығы да бар Тәшім молла баланың басынан сипап тұрып, «ой азамат, өзі азамат боп қалыпты, жылама, қайтсін, пақыр, — деп жұбата келіп, — тағы бірде әдейі соғып, сүндетке отырғызам өзім», — деп ендігі жылы-жұмсақтың орны боларсың-ау дегендей, сәбидің насыбайына сұғанақ көзімен еміне қарай қалған. Бұрын да ол жөнінен құлаққағыс бала шыр етіп, қайта бұрылып, әжесінің бауырына тығылған.

Кісі аяғы басылған соң, «Малжан ағашының» бауырындағы жалғыз үй бұрынғы кәсібімен күн кешіп, бөз-баяғы қалпында өзгеріссіз тұра берді. Жылы қорада қанатын қағып-қағып алып, тамағы жыртылғанша қосыла шақыратын балапан ақ этеш, аяғы үсіген шойнақ қызыл этешпен бірге алақбеде оянатын осы үйде Дика ғана. Өзінің күндегі әдетімен ауыз үйдегі қақ ашаға ілулі қол шамды жағып алады да, қап-қараңғы ат қораға, содан соң сиыр

қораға барып күн көтерілгенше тықыр-тықыр мал жайлап жүргені.

Абажадай қораның ішіндегі үш-төрт бөлменің бірінде жібі түзу сағат жоқ. Үлкен үйдің қолмен сылаған бұжыр-бұжыр қоңыр қабырғасында жиектерін тот басқан атам заманғы темір сағаттың қаңылшықтай тілі тоқтағалы қашан. Салмағын арттыру үшін винт байлаған сағат тасының шынжыры қарны жарылған қойдың ішегінше шұбатылып тұрғалы, міне, төрт жыл. Жәлелдің қол сағаты болушы еді, бұрнағы жылы отын кесіп жүріп ағашқа соғып алып, бетінің құлпаршасы шыққан. Содан бері еш жөндеусіз, абдыраның түбінде жатыр.

Бірақ сол үйге сол сағаттың тіпті қажеті де жоқ. Бұл үйдегі Дикадан басқа адамдар бастары іскенше ұйықтап тұрады да, жайланып отырып шайға қанып алған соң, әркім өзіне меншікті жұмысымен айналысады. Шай жиналып болысымен Жәміш шешей мен Ақбөпе қазандықтың астына қиды толтыра қалап, кешке дейін семіртіп тұрған соғымдарға жем дайындаумен болады. Сонау Малжан байдың үй мүлкінен қалған ескі көзі, берекелі жұртының құты — дәу тай қазан ертеден қара кешке бұрқ-тарқ қайнап, буы аспанға шығып жатқаны. Дүниеге келгелі төңкерілген мес қарнын жалын жалай қаймыжықтай жұқартып, жылда шұрық-шұрық тесілсе де, Қарасай жылда қайта жаматып оттан бір түсірген емес.

Мал жайлап келген соң Дика өзінің құтты орны — қазандық бөлменің қара көлеңке бұрышындағы темір құрсаулы тас диірменіне отырады. Табиғат қол диірменге лайықтап бергендей доғал біткен қамыт аяғын бауырына ып-ықшам жинап алады да, арпа мен бидайды диірменнің үңгісіне толтыра салып, жарма ғып түсіре береді. Анда-санда тамақ ішуге тұрғаны болмаса, бөлменің ішіне лық толған қою будың ішінде диірменнің әуенімен бірге ыңылдап әнге салып, қас қарайғанша ырғандайды да отырады.

Жалғыз үйдің тіршілігі осылайша ақырын мимырт жылжып өте береді. Қазандық басында күйбеңдеп мал қамымен жүрген әйелдер мен Дика күндерінің қалай өткенін де байқамайды. Әйтеуір қас қарая ұшып жығылады. Күн шықса-ақ болды, күн батады» деген сөз осы үйдің кесімді уақыты, өз сағаты секілді.

Жәлел қайтыс болғаннан кейін де жылап-сықтап азынаған қаралы үй қайта сабасына келіп, күн көрісі бірқалыпты өте беріп еді, бірақ күйеуінің жылын берген күннен былай Ақбөпе үшін бұл тұрмыстың арқауы үзілгендей болды.

Ең алғаш қалың ауыл ортасынан шығып, осы жапан түздегі жалғыз үйге келін боп түскенде, Ақбөпе «елсіз-күнсіз жерде бұл үй қалай тұр. Бұл арада іш құса болып жарылып өлетін шығармын» деп іштей толқыған еді. Бірақ күн артынан күн өтіп, уақыт өткен сайын тіпті елін, төркінін сағынуды қойды. Тек Жәлел жолаушылап кеткенде ғана үй ішінде бір нәрсенің орны жоқтай ойсырап, жас көңіл тағат таппай, әлденені аңсап, сағынып қалатын кездері болмаса, ері қасында жүргенде көңіліне титімдей уайым-қайғы келмейтін-ді. Жасынан қазақ ауылында ескі әдет-ғұрыптың кейбір сарқыншағына етене боп өскен қыз, келіншек боп түскен соң да, сол салтты сақтап, қазақ ғұрпының табалдырығын аттап өткен күні болған жоқ. Сондықтан ба, жас келіншек жолдасының жылын күтіп, ел ішінен бата оқи келген адамдар болса, даусын шығармай ғана сыңсып жылап, ерін жоқтағаннан басқа көңіліне бөтен ой алған жоқ-ты. Енді, міне, соңғы кезде өз-өзінен қоңылтақсып, көңілі құлазып, үй ішінде бір бұраудың басын сындырмай, тапжылмастан жатып алатынды шығарды. Бұрын Жәлелдің сүйегін көзі көрсе де өлгеніне көңілі сенбей, әлде бір жаққа жолаушылап кеткендей қимайтын ыстық сезімнің оты сөніп, ерінің жылын берісімен соңғы ақтық үміт біржола үзілді. Жәлелдің бар кескін-кейпі, ыстық жар құшағы әркім бөліп әкеткен киім-кешегімен бірге кетіп, енді келместей, орны суи қалды. Тек қана қабырғада ілулі тұрған Жәлелдің үлкейтілген кәртішкесі ғана қаңыраған үй ішіне мұңая қарап, қыршын кеткен адал достың аянышты кейпін сездіргендей.

* * *

Жығылғанға жұдырық дегендей, бүгінгі Қосимановтың қылығы Ақбөпені одан сайын ойға салды.

Қап-қараңғы бөлме іші тым-тырыс. Тамақ піскенше ұйқы меңдеп қалғып отырған атшы басы жастыққа тиісімен қор етті. Қонақ үйге лық толған жүргіншілердің арасынан шопр Оспан бөлініп, отауға келген. Ақбөпе салып берген төсекте біраз дөңбекшіп жатты да, ол да ұйқыға кірді.

Далада боран күшейе түскен секілді. Ышқына соғып тұр. Қиыршық қар қырау басқан аласа терезені ұрғылап дамылсыз ысылдайды. Тар қуысқа жиналған қар ұйтқи соғып, мұздай тілімен әйнекті жалап-жалап алады. Төбесі жабылмаған пеш мойны іштегі жылуды суыра тартып гуілдеп тұр. Үй ішінде ұйықтамай жатқан екі-ақ адам. Қосиманов пен Ақбөпе ғана.

Аппақ мамық төсекте жатқан Қосиманов қалың атлас көрпені серпіп тастап, жағын таянып, шынтақтай түсіп жатты. Болар-болмас ағараңдап көрінген Ақбөпенің шымылдығынан көзін алмай, оның әрбір дем алысын, тынысын тыңдап, аңға түсетін бүркітше қомданып-қомданып қояды. Дүниедегі бар қызық, бүкіл ләззәтті сол шымылдық ішіне қамап қойғандай жұтына қарайды. Бақандай бір жыл бойы ер адамның ыстық құшағын көрмей жесір отырған келіншектің созыла түсіп жатқан аппақ жұмыр балғын денесі көз алдына елестеп, құлағының түбінен, тамағының астынан мап-майда ыстық лебі шарпып өткендей болады да, өн бойы шым-шым шымырлап, тамыр-тамыры солқ-солқ етеді. Сол мезетте атып тұрып қасына жетіп барғысы келіп ұмтыла береді де, әлдебір алпамсадай қуатты қол екі иінінен басып, шектіріп тастағандай болады. Аздан соң бар ой, ыждаһат тек шымылдықтың ішіне біржола ауып, құс төсектің үстінде тізерлей түсіп, ін аузында кірпік қақпай тышқан аңдыған мысықша шоқиып ұзақ отырып қалды.

Ақбөпе болса Қосиманов елестеткендей алшая түсіп, ашық жатқан жоқ, кішкентай Раузасын бауырына қысып, ұзақ ойда бүк түсіп жатыр. Сыртта ысылдаған, суылдаған ақ боран өзін тұмшалап орап алғандай өне бойы қалтырап, бүрісе түседі. Түтеген боран Жәлелді шыр көбелек айналдырып, дедектетіп ұшырып әкетіп бара жатқандай болады. Екі қолы көкке қарай ербеңдей беріп Жәлел сүрініп құлайды. Ұйтқыған есірік боран тұншықтыра тап беріп үстінен баса береді. Ақыры Жәлелді жермен-жексен етіп көміп, әрмен қарай бірін-бірі қуалай ойнақ салып ұзап кетеді. Жан түршіктірерлік осы бір елес боран болса-ақ Ақбөпенің көз алдынан әсте кетпейді. Жасынан не ішейін, не кийін демей, ерке өскен ашық мінезді, ақ жарқын Ақбөпенің көңілі бұл кезде жаси

қалады. Етегінің ашылған, жабылғанын әлі біле қоймаған бүлдіршіндей жас күнінен тұрмысқа шығып, келе екі құрсақ көтеріп, аналық сезімі оянған шағында үлкен бақытсыздыққа кезіккені есіне түсіп, көзіне мөлтілдеп шық үйіріледі. Құдайға не қылығым жақпай осынша бақытсыз бола қалдым деп, өртеніп бара жатқан іштегі дертті. сыртқа шығарып қатты күрсініп қалды: «h-oh».

Сәл сыбысқа елеңдеп жатқан Қосимановтың көзі шырадай жайнап, ұйи бастаған денесін лезде жинап алды.

— Ақбөпеш, әлі ұйықтаған жоқсың ба?! — деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін де аңғармады.

Жас келіншектің ішінен шыққан ащы жалынды, арзан нәпсіні аңсаған ыстық жалын деп ұқты.

Ақбөпе дыбыс бермеді. Өзінің естірте күрсінгеніне қысылып, ыңғайсызданып қалды. Лезде көрпемен басын тұмшалап алып, көзін тарс жұмды.

Бірақ Қосиманов мұны да өзінше жорыды: бұрын ағасындай көріп жүрген үлкен адамға көңілін бірден сездіре қою да оңай болып па. Өлгі белгіден артық не керек.

Ендігі жатыстың реті жоқ. Жасықтық. Реті келген ыңғайлы кезеңді суытып алмау керек.

Түні бойы ішкен арақ одан сайын желіктіріп буындары сырт-сырт етіп орнынан тұрды. Ақбөпенің төсегіне қарай Қосиманов батыл жылжыды.

* * *

Ұйқысы сергек шопр Оспан Ақбөпенің ащырақ шыққан үрейлі даусынан оянып кетті:

— Бұ кім?!

— Мен ғой, Ақбөпеш, айғайлама, — деп сыбыр еткен Қосиманов көрпе сыртынан түртіп, Ақбөпенің денесін тінте бастаған қолын лезде тартып ала қойды.

— Не іздеп жүрсіз?! Есік ана жақта.

— Есік іздеп жүрген жоқпын.

— Енді не керек?

— Ақырын сөйлеші, Ақбөпеш, жұрт оянып кетер. Аяқ жағыңа отырайын ба? — деп Қосиманов төсекке отыра бергенде, Ақбөпе кірпіше жиырылып көрпесін тұмшалап алды.

— Барыңыз.

— Ақбөпеш, бір сөз айтайын деп ем.

— Осы жарым түнде не қылған сөз?

— Енді... енді өзің білесің ғой.

— Мен түкті де білмеймін, барыңыз, ертең айтарсыз.

— Ай, Ақбөпеш-ай, бала емессің, білесің ғой, тым құрымаса білегіңнен ұстайыншы, — деп Қосиманов көрпе астына қолын жүгірте бергенде, Ақбөпе шоршып кетті. Қосиманов «бұл әшейін үйреншікті қарсылық» деп батыл қимылдай беріп еді, жас келіншек төсектен қарғып түсіп, есікке қарай ұмтылды. Қосиманов білегінен шап беріп жібермей тұр.

— Не деген ұятсыз едіңіз, мені кім деп тұрсыз, — деп Ақбөпе қолын жұлып алып ауыз үйге шыққанда, Қосиманов та ілесе кетті.

Шопр Оспан бұдан әрі шыдамады. Орнынан атып тұрып ауыз үйге ұмтылды:

— Бұл не жанжал?!

— Жанжалы несі, — деп мастығы лезде тарқаған Қосиманов төр үйге қарай жылыса берді.

— Ар, ұят қайда? — деп шопр Оспан гүр ете қалғанда көрпенің астына кіріп те кетті. Тар үйдің төрт қабырғасы бірдей жаңғырығып, «ар, ұят қайда!» дегенді шопр Оспан емес, көмейі кең, жалпақ пеш, Жәлелдің үлкен суреті айтып тұрғандай болды.

Айдалада өкшелеп қырғи қуғанда жан дәрменде жолаушы адамның қолтығына жып беріп паналайтын боз торғайша Ақбөпе шопр Оспанды бас салды. Жәлел өлгелі аға-аға тыйылған жас қайтадан сорғалай жөнелді. Ызадан, намыстан шыққан жас.

— Жесір деп басынатын шығар. Жәлел өлген соң, енді мені бөтен санағаны ғой. Не деген мазақ, не деген азап, ері жоқ адамды қорлауға болады дейтін шығар, — деп күйініп жылады.

Дір-дір еткен жас әйелдің ыстық, балғын денесін бауырына басып, жұп-жұмыр иығынан құшақтап, «жаным, жыламашы!» — дегеннен басқа жұбату айта алмай, өне бойы қалш-қалш еткен шопр Оспан қалың шашына ернін тақағанда, бұлшық етті, сом жауырынды, ірі жігіттің лебінен Ақбөпені жалын шарпығандай болды. Шопр Оспанның аузынан еріксіз шыққан «жаным» деген сөз Ақбөпені одан бетер тебіреніп жіберді. Жәлел осылай деуші еді. Ып-ыстық жас, темір төске тамған қорғасындай Оспанның кеудесіне құйыла берді.

* * *

Ертеңіне, алағөбеден тұрған Қосиманов Ақбөпеге көріне алмай, бетінен басып оразасын да ашпастан кете барған. Қайын жұртына қайтып келместей боп, жерге қарап кетті.

Осы түннен кейін Ақбөпе мүлдем өзгерді. Жапандағы жалғыз үй маңайдағы ауыл өмірінен қандай бейхабар жырақ жатса, бұл да осы үй ішіндегі тұрмыстан алшақтанып жеке қалды. Жәлелмен отасқалы жастық қызығын бірге өткізген өзінің отауы салқын тартып, бөтен адамның үйіндей сезіледі. Өзі ертең кететін бір күндік қонақ секілді.

Оның осы халін үй ішіндегі үлкендер де сезе бастаған. Ақбөпемен ашық сөйлеспесе де, оның «бұзылып» жүргенін іштей ұғынып, әркім өз ішіне түйіп, ендігі жайдың сыңайын аңдумен ғана болды. Және ерінің артында бақандай бір жыл тапжылмай отырып шаңырағын ұстап келген жас келіннің ендігі «құбылуын» ешқайсысы ағаттыққа жори алмады. Басу айтып, ақыл берудің де реті жоқ. Оның үстіне, үй ішіне қатал, тымырсық Қарасайдың алдында Жәміш те тайқақсып, Ақбөпе жайлы тіс жарып сөйлесуге батпады.

Өз семьясындағы адамдардың қымс еткенін қас-қабағынан аңғаратын Қарасай да отау үйдегі салқындықты бірден сезген. Әйтсе де, басына қандай ауыртпалық түсіп, көңіліне небір жаман ойлар оралса да, әсте жамағатымен ақылдасып істеуді ер адамның бойындағы ездiк, қасиетсiздiк санайтын ол осы жолы да Жәмішпен ләм деп сөйлескен емес. Тек іштен тынып, күн ұзын түнеріп қана жүретін. Түн болса-ақ қашан көзі іліккенше әлдебір ойлар қамап, жүрегінің қалтарысында бұғып жатқан жасырын бір сыр мазалап шығатын.

Тереңінде жатқан осы бір сыр бүгін суырша бас көтеріп, батыл байламға келетін күн туды. Оған себеп болған Ақбөпенің хаты.

Түнеугі Қосиманов түнеп шыққан күннен бері толқып жүрген Ақбөпе бүгін белін бекем буды. Қолына қалам алып мүдірмей жаза берді.

«Өке, апа, — деп басталған хаттың артынан көңілдегі бар ой бірден ақтарыла кетті. — Тағдыр салған іске ара түсуге болмайды деуші едіңдер. Рас, менің басыма түскен сол тағдыр салмағынан мені ешкім арашалап алып қалуға шамасы келмеді. Жәлелдің артында қалған екі жетімекпен бірге шырылдап мен де қала бердім. Амал не. Міне, содан бері оның орнын жоқтатпайын деп әлі отырмын. Оған ренжімеймін де. Өзі болмаса да, аруағы риза болсын дедім.

Тірі адам тіршілігін жасай береді екен ғой. «Өлмегенге өлі балық» дегендей. ендігі ойым — екі кішкентай бөбектің қамы. Солар адам болса екен, жетім атанып қағажу көрмесе екен деймін. Мұндағы ата-анасы да оларға Жәлелдің орнын сездірмейді. Әйтсе де туған әкедей қайдан болсын. Жәлел кеткелі мен де өзімді осы үйде отырған бөтен адам секілді санаймын. Үй ішінің маған деген көңілінің алалығы болмаса да, тыстағы адам жатсына қарайтын секілді. Тіпті айтуға да ұят, мені жұртта қалған жесірге ғана балайды. Рас, тағдыр салған соң, оны көтеремін де.

Ендігі ойым көзге түскен нәғаладай жапандағы үйде жалғыз отыра бермей, елімді тапсам деймін. Екі қолға бір жұмыс, ел қатарлы түртініп еңбек етіп, кішкентай сәбилерді жеткізсем деймін. Елге барғанның енді айыбы жоқ шығар. Көптен бері қатынамай да қойдыңдар. Осы хатты алысымен, мені көшіріп алыңдар. Елді де, жерді де сағындым. Енді бұл арада отырудың еш реті қалмады. Тез, хат жетісімен келіңдер. Мұнда мал да бар. Тірі адам болған соң оны да ойламай...»

Осы жерде хат шорт үзілді.

— Ақбөпеш-ау, үй іші азынап кетіпті ғой. Балаларды ауыртып аларсың. Қазіргі кез нағыз жаман уақыт, — деп үйге Жәміш кірді.

Расында да таңертеңнен от жағылмаған бөлме іші салқын. Терістік жақтағы кішкене терезеге тұрған жұқа қыраудан ызғар еседі. Төрдегі алаша үстінде ойнап отырған Болаттың нәзік саусақтары қызарып, желке шашы үрпиіп, өңі бозарған.

Ақбөпе пеш мойнын ашуға жер үйдің төбесіне шықты. Ішіне құм толтырып тіккен киіз жастықшаны алып, қалқан қою үшін желдің аңғарын байқады.

Далада үп еткен жел жоқ. Тым-тырыс. Түнеугі қатты бораннан кейін аяздың сағы сынып, күнге жан кіре бастаған. Әбдікей күні қой құмалағы қарға батты, енді қыс ұзақ болмайды десіп, тәжірибелі қарттардың болжау айтқаны шын болды. Бір-бірімен бой таластыра созылған жалжал қыраттар ақ жаулығын жарым-жартылай шешіп тастап, қарайып жатыр. Бұрын қайраңға жақындай алмайтын кемеше алыстан орағытып жылжитын күн енді бері қарай өрмелеп, күміс қарға кірпігін шанша бастапты. Қыстағыдай сезімсіз, салқын қарамайды, реңінде жылы шырай бар. Қазір күн ұясына қарай еңкейіп батуға жақындаса да, бойындағы қызуы кетпеген. Үстінен жаяу борасын арылмайтын сірескен ақ қардың беті қабыршықтанып, әр жері сетінеп, сөгіле бастаған. Анда-санда жерде сояу құрайлар қылтияды.

Ақбөпе Малжан ағашының терістік жағындағы тақия төбенің басына қойған молаға қарады. Қыстай ұйтқи соққан толассыз сапалақ боран ішінде аппақ боп көрінетін төрт құлақты зираттың күнгей беті еріген. Ық жағы қалың қар. Бұл — Жәлелдің бейіті. Үнсіз қалғып тұрған зираттың маңы бір кезде шықылық-шықылық ете қалды. Қалақ құйрығын жыпың-жыпың еткізіп шыға келген ала сауысқан зираттың бір құлағына барып қонады. Жаны шығып безектеп жүр. Бұл неге шыжалақтап жүр деп Ақбөпе көз алмай қарап еді. Өлден уақытта зираттың тасасынан қылт етіп қырдың қызыл түлкісі шықты. Зады ақ тышқан ұстаған болуы керек. Тышқанды қоя береді де, қап-қара сүйір тұмсығын арасына тығып созыла түсіп аңдып жатады. Өбден сілесі қатқан тышқан енді жылжи берем дегенше атылып барып бас салады. Тышқан бүлк етпей есі шығып жатса, аяғымен қақпақылдап одан сайын зықысын шығарады. Тіпті болмаса ұп-ұзын күлте құйрығын өзі тістелеп, айнала шауып асыр салады. Тоңқалаң асып ойнайды. Күнге шағылысқан ақ қардың үстінде аунап-аунап, жүні бұрынғыдан да құлпырып, қайтадан тышқанды әурелейді.

Ен далада емін-еркін жайбарақат жүрген осы түлкі мен уайымсыз ала сауысқаннан бөтен қыбырлаған қара-құра жоқ. Сонау алыстағы «Қыземшек» дөңінің бауырына жеткенше көрініп жататын айдау жолдың үстінде қатынаған бірде-бір жолаушы көрінбейді. Жапан түз сұлық жатыр.

Ақбөпенің көңілі бұрынғыдан да жабырқап, төбеден түсті. Қараңғы қораның бұрышына тақталап үйген кебу қайыңнан бір қолтық алып үйге ене беріп еді, тап алдынан атасы қарсы шықты. Келінінің жүзіне қарамай, тұқырайған бойы өз үйіне барып кірді. Бұрын отауға сирек келетін Қарасайдың мына жүрісінен сезіктеніп, Ақбөпе қолындағы отынын пештің аузына тастай беріп, дөңгелек столға жүгіріп келді. Хат жазған қағаз жерде жатыр.

— Мынаны түсірген сен бе? — деп хатты жерден көтеріп алған Ақбөпе Болатқа бас салды.

Өзімен өзі боп, ойнап отырған жазықсыз баланың көзі жыпылықтап, аузына сөз түспей:

— Жоқ... білмеймін... — деп, онда тұрған не бар дегендей анасына қарады.

— Енді кім, сайтан ба түсірген?!

— Иә деген, сайтан емес, атам оқыған жаңа. Ақбөпенің жүрегі су ете қалды. «Масқара-ай, оқып қойған екен ғой.

Далаға шығарда бір жерге жасырып кетпегенімді қарашы. Ұят болды-ау».

* * *

Қарасай аудан орталығында екі-үш күн жатып, Қосимановтың үйіндегі Халелді үйіне алып қайтты. «Шешең науқастанып жатыр, сені көріп кішкене көңілі көтерілсін» деп, өтірік сылтау айтып, былтыр мектепті бірге бітірген жолдастарымен жоғарғы оқуға дайындалып жүрген баланың аяғын жерге тигізбеді.

Дүние жүзінде Халел үшін бір ыстық жер — құрбыларымен қатар ойнап-күліп, бірге өскен «Қызыл жалау» мен өзінің үйі тұрған «Малжан ағашы». Жазғы демалыс күндерінде өзімен кластас жолдастары кейде сол «Малжан ағашына» бара қалса, бір-екі күннен кейін-ақ зерігіп, кете-кеткенше асық болатын. Дарияның ортасындағы меңіреу аралда қалғандай аласұрып, жол тосып, жүргінші күтіп әлекке түсер еді. Ал Халел болса жазғы каникулының қалай зымырап өте шыққанын да аңғармай қалады.

Халел сыртта жүргенде әке-шешесін баласы есебінде сағынса, Ақбөпе жеңгесі мен Диканы құрбысы, туысқаны ретінде сағынады. Ақбөпе оның алдында өзін жеңге есебінде ұстамайды да, Халел өзін қайны есебінде ұстамайды. Бір-бірімен жарқылдап ашық ойнап-күліп мәз-мейрам боп алысып-жұлысып жатқаны. Тіпті, кейде бір класта оқитын қатар құрбыларынша жоқ нәрсеге таласып қалып, лезде қайта татуласады. Олардың ашуының басы — алысып жүріп Халелдің қолы батып кетсе, ойнап отырып Ақбөпенің сөзі батып кетеді. Ақ жарқын, ақылды жеңге тілге де ұста, айтыса қалғанда бір сөзбен шоңқитып отырғызып кететін. Ондай жерде сөз көтере алмайтын Халел қызарақтап мұрны қусырыла қалады. Бірақ қайтымы шапшаң ақкөңіл бала артынша-ақ қайта жадырап, өзінің осал жерінен басқан Ақбөпені ренжітіп алдым ба деп, қашан көңілін тапқанша қипыжықтап бітеді.

Ал Дика ше. Халел үйде жүргенде Диканың екі құлағы езуінде. Үй шаруасымен қаншама қажып жүрсе де, Халелге қосыла қалса шаршағанын ұмытып кетеді. Қысты күндері шөптің қуысында, жазды күндері ағаштың бауырында қып-қызыл нарттай болып терлеп, ырс-ырс алысып жүргендері. Қашан үлкендер үстінен шыққанша ұмар-жұмар домалайды да жатады. Бұларды көбінесе аңдып жүретін кәрі әжесі. Диканың ойнап жатқанын көре қалсақ: «Ой есалаң неме, баламен бала болып, жаман түйенің жабуынша жарбаң-жарбаң алысқанша, жұмысыңды істесейші», — деп үйге қуып тығады. Мәз-мейрам боп арсалаңдап жүрген Дика, лезде өзгеріп, қабағына түн орнай қояды. Үнемі мықынынан темен сырғи беретін жамаулы шалбарын бір көтеріп, шаруасына зытып отырады. Ал жақын маңда Қарасай жүрсе, Дикамен ойнамақ түгіл, оны күлдіре де алмайсың. Үй иесінің қабағынан-ақ ығып жүреді. Ондайда Халел қасында тұрса да, оған көз тоқтатып қарамайды. Танымайтын адамындай онымен тілдеспей, митың-митың өз шаруасымен болады.

Екі-үш күннен бері оңтүстік жақтан өкпек жел тұрған. Дала алай-түлей. Қарасұр бұлт жөңки аунап, бауырымен жер сызып, терістікке қарай үдере көшіп жатыр. Аспан аласұрып дөңбекшіген секілді. Жел кеулеген ұлпа қар сығымдалып, шөгіп қалған жұқа жерлеріне су түсіпті.

Қау шөпті көпірте салған жалпақ шананың оң жағында отырған Қарасай терең ойда. Жалбыр тонға ұқсаған аспан астындай іші алай-түлей.

Соңғы бір жыл Қарасай үшін төбедең жай түскендей, құдай тағаланың оңдырмаған жылы болды. Талай жылдан бері шашау шығармай жиған мал, маңдай тер, қыруар еңбегі бір-ақ күнде еш болып, от басы, бүкіл қара орманы аңырап, адыра қалғалы тұр. Бар сүйеніші, шаңырақ иесі екі ұлының бірін сұм ажал тамырымен суырып алып кетті. Соңында қалған екі сәби де ертең бұл үйден мүлде кетпекші. Шешесі олардың біреуін де тастамайды. Арада бір-екі жыл өткен соң-ақ, олардың көңілі суып, жат бауыр болып кететініне күмән жоқ. Бәрінен бұрын Ақбөпе бұл үйден кетті дегенше, оның әкесі Қапыш та жонын сыртқа салып, аулақтай береді дей бер. Бүкіл Омбы ішіндегі ақшаның көзін табатын әйгілі саудагерден айырылған соң, Қарасайдың шаруашылығынан да мән кететініне шөк жоқ. Қапыш — үлкен қалаға баратын өткел. Қарасайдың саудасының ретін келтіретін сол. Қызы бұл үйден кетсе, Қапыш пысқырып та қарамайды. Бәрінен бататыны осы. Оның үстіне Ақбөпе тағы да біреудің етегінен ұстайтын болса (басы жас адам жесір боп отыра берер дейсің бе) балалардан күдерінді біржола үзе бер. Балаларымен кетсе, Ақбөпе оң жаққа түскендегі әкелген өз жасауымен ғана кетпейді. Жәлелге, балаларға тиісті еншісін біржола алып кетеді. Оған айылын да жимайды. Заң орны да ара түседі. Ал ендігі сенетіні мына Халел болса, оның да осы шаңырақтың астында малын малдап, жанын жандап отырар беті көрінбейді. Ендігінің баласына сенім жоқ. Ертең оқуын бітіріп алған соң, үлкен қалалардың біріне білім қуып кете барады. Оны шешесі де қолдайды. Екі жақтап отырып алса, қанша адуын болғанмен Қарасайдан биліктің кететініне имандай сен. Бала уысыңнан бір шығып кетті дегенше, оған сөзің өтіп, дегеніңмен жүргізем деп ойлама. Ертең өз қолы өз аузына жетіп алған соң, өзі секілді оқыған бір тік бақайды алады да, басы ауған жаққа тартып жүре береді. Сонда бүгінгі күні шалқып тұрған Қарасайдың тұрмысы не болмақшы. Жоқ, өл, тіріл, қайткенде де Халелдің аяғына тұсау салу керек. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» деп келіп тұр. Әрі енші алып Ақбөпе кете алмайды, әрі өз бетімен қағусыз Халел кете алмайды. Құда да тыныш, құдағи да тыныш. Қызыл жалауға жүрер түні Жәмішпен күңкілдесіп: «Ақбөпеге сездіріп қой. Тосыннан естісе, шоршып кетер. Құлағына құя бер», — деп кеткен. Бірақ Ақбөпе қарсы болар деймісің. Егер баласы көнбесе ше? Қарасайдың өне бойы қалтырап, мұздап кетті. Тесігі кең, жұқа кертпіш мұрнының ұшы дір-дір етті. Сояуланған сирек қыл басқан жалпақ беті жыбырлап, «шынымен әкенің айтқанынан шығар ма екенсің» дегендей, үлкен отты көзінің қиығымен баласына қарады.

Халелдің көңілі — қамажай.

* * *

Ақбөпе жазған хатын еліне жібере алмады. Төркін жағына қарай жүретін жолаушыны күтіп жүргенде, ойламаған жерден әкесі Қапыштың өзі келіп қалды.

Көңілі жарымжан боп, өзін далаға тастаған шіріген жұмыртқаға балап, қайғы жұтып жүрген Ақбөпе бүкіл үй іші көшіп келгендей қуанып, бір жасады. Әсіресе әкесімен ере келген кішкентай бауыры Маратты қайта-қайта құшақтап сүйіп, мауқын баса алмай жүр. Қыз күнінде туыс қадірін білмейтін еді, енді он үш жасар баланы артынан іздеп келген дардай азамат көрді.

Бірақ бұл қуаныш та ұзаққа бармады. Жаңа ғана көз байлана бере пеш мойнын жабуға тысқа шығып, қабырғаға сүйеген ағаш сатыға аяғын салар-салмаста қайта тартып алды. Үй сыртындағы жапырақсыз сидам қайыңдардың ұшар басында қара құзғындар тым-тырыс мүлгіп, құжынап отырған. Кенет дауыл соққандай бәрі ду етіп ұшып, бақ-шақ болып, кешкі даланы басына көтерді. Қара бұлттай қаптап, шыр айналып жүр. Сүйткенше болмай ағаштың бауырынан қылт етіп шаналы жолаушы шыға келді. Төбеге ұрғандай не істерін білмей аңырып тұрып қалған Ақбөпе, үйдің тұсына жете берген ат оқыс пысқырығанда барып бойын жиып, үйге жып беріп еніп кетті. Есіктен шәуілдеп шұбыра шыққан бір қора иттің лезде үндері өшіп, шананың айналасында жарыса секіріп, иесіне арсалаңдап келеді.

Үйден шапшаңдатып Дика да шықты. Халел үстіндегі тұлыбын шешіп үлгірмей, бас салып құшақтап, қалың жағаның ішінен бетін таба алмай аймалап жатыр. Ұяластар да иесін танып, қара тұлыптың өңірін, арқасын тырналап, қайта-қайта асылады.

Қарасай болса қадаға бастарын түйістіре байлаған қос күреңді таныса да, танымаған адамдай тосырқап, кірпік қақпай қадала қалыпты.

— Бұлар кім? — деді әлден уақытта. Дика не дегенін ести алмай, қипыжықтай басып қасына келді. Бірақ қайтарып сұрай алмады.

— Сен, немене, керең болғансың ба өзің?! Аттарды доғар!

Дика бүгежектей басып, тас қып ораған тамақ бауға бір, құлақ бауға бір жүгіреді.

— Әуелі божыны ағыт, көтермені түсір, дүлей. Қашан ұғар екенсің!

— Ағатай, үйге құда келіп жатыр. Бүгін келді. — Қарасай Қапыштың келгенін біліп тұрса да, құда деген сөзді естігенде, кірпідей жиырылып, қойнына бір кесек мұз тастап жібергендей тітіркеніп кетті.

Қатал иесінің алды-артына секіріп еркелеуге бата алмай қашанда құйрығын бұтына тығып мүләйіммен қалатын кәрі қаншық, осы жолы да жол жүріп келген Қарасайдан қаймыққанмен, жаратылысындағы иттігіне бағып, тілерсегі майысып келіп, аяғына оралған. Қарасай әлі қата қоймаған қаз-қатар салбыраған болжыр емшегінің тұсынан теуіп қалып, қаңқ еткізді.

— Өне бір сілімтік кімдікі. Сұлыны сен бердің бе, есуас! — деп үй алдындағы биік қарды шұңқырлап ойып, соған төккен сұлыны күрт-күрт жеп тұрған кебеже қарын, мегежін биеге қарап, зірк етті.

— Жоқ, мен бергем жоқ. Сұлы өзінікі. Тәшім молла ғой, — деп Дика көзі жыпылықтап тұрды да қайта жымыңдады. — Болатты отырғызып қойған.

— Не дейт?! — Қарасайдың өңі өзгеріп сала берді. — Аттарды мықтап байла. Қар жеп қоймасын.

Тыста қабағы қарс жабылған Қарасай үйге жайраңдай енген. Төрде, қалың бөстек үстінде мамық жастыққа шынтақтай жатқан құдасына құшақ жая ұмтылды. Қапыштан төмендеу отырған Тәшім моллаға бас изей салып, құдасынан құшағы ажырасымен ақ шымылдық ұстаған болскей ақ кереуетке барып, Болаттың үстіне түсіп құлындай қалды. Сұп-суық тарамыс қолымен тізесінен басып үстіне мал бауыздайтын қасапшыдай өңмендей төнген қожадан үрейленіп, жүрегі қозғалған бала, екі күннің ішінде қу шүберектей бозара қалыпты. Қанаты қатпай тұрып, терек басындағы ұясынан құлаған қарғаның дәрменсіз сарыауыз балапанынша екі көзі жаудырап жатқан мүсәпір бала атасын көргенде мұңын шағып шыр ете түсті. Тығылып-ақ жатыр екен. Өксіп-өксіп жылайды.

— Өй, қарашығым сол, зекетің кетейін, құрмалдығың болайын. Міне, енді азамат болды деген осы емес пе, — деп асты-үстіне түсіп айналып толғанған Қарасайдың мына қылығына қазандық аузында жүрген Жәміш тіксініп қалды. Әшейінде балаларының маңдайынан да иіскеп, еміренбейтін қатал әкенің жоқ жерде өзеурей кеткені ерсі, оғаш көрінді.

Халел сырт киімін сыпырып тастап, жүгіріп отау үйге кірген. Жеңгесін сағыныпты. Теріс қарап отырған Ақбөпені бара бас салып құшақтады. Бұрынғыдай алыса түспекші еді, бірақ Ақбөпе ту сыртын беріп бұрылмады. Иығын ішіне тартып, жүзін алып қашады. Халел әуелде әдейі істеп тұр екен деп, жұлмалап жүріп өзіне қаратып еді, мұңды көзін көріп сескеніп қалды. Жүрегі әлденеден секем алып, аузына сөз түспеді. Көптен көрмегендікі ме, Ақбөпенің өңі өзгерген секілді. Сәл жүдеген бе, қалай? Жапырағы ашылып, күліп тұратын қызғалдақша үнемі жайраңдап жүретін жеңгенің жүзі жадау. Қарашығы үлкен аялы көзінің астындағы әдемі мені де суық. Шашырай шыққан

күн шапағына малынған көктем даласындай үнемі нұрланып, шуақтанып тұратын өңі, қазір сұлық жатқан бұлыңғыр күз даласындай да, уыз беттің тап ұшындағы қап-қара мең сол далада, көшкен жұртта иесіз қалған төңкерулі ескі қазан секілді.

— Ақбөпе, мен саған бірдеңе әкелдім, көрсетейін бе? — деп Халел қойнына тыққан затты көлегейлей аша беріп, қайта бүркеді. Бұрынғы әдетінше Ақбөпе бас салып, жармаса түседі ғой деп ойлап еді. Ол үндемеді.

— Сенбей тұрмысың. Қарашы өзің. — Ақбөпеде үн жоқ.

Бұдан өрі Халелдің шыдамы таусылып, қойнынан бүктеулі бір затты суырып алды. Ауданнан шығар алдында: «Ақбөпенің көңілі жарым ғой, мынау әйелдердің жақсы көретін матасы, ала бар», — деп әкесі дүкеннен панбархыт әперген. Халел жарқыратып жаза бастады.

Ақбөпенің мұңды көзі жасқа толып, мөлдіреген екі-үш маржан үзіліп-үзіліп түсті.

* * *

Қарасайдың адам тұратын үй санынан мал тұратын қора саны көп. Бір-біріне тіркестіре салған баспа қоралар қоянның жымы секілді. Қуыс-қуысына қараңғыда еніп кеткен бөгде адам бір қалтарысында қалып қойса, таң атқанша тауып шығуы неғайбіл.

Қазір ауыз қораның жуан арқалығына қос тілерсегінен қыл арқанмен асып қойған қара қойдың терісін Тәшім молла жалақтаған ағаш сапты бөкісімен сырылдатып, жұдырығымен іреп түсіріп жатыр.

Жаңа Қарасай:

— Уа, Жәміш, қазаныңдағы иісі шығып жатқан ненің еті? — деп төр үйден дыбыс берген.

— Ненің еті болушы еді. Шошқаның етін әкелген жоқ ең ғой? — деп, еттің иісін сезсе де сезбегендей әдейі қиястанып сұраған Қарасайдың сөзінде бір көкір барын түсіне қалған Жәміш те алдын ала жұмсақ кекесінмен жауап берді. Қашанда ұрыс шығарып, үй ішіндегі адамдарды қуырдақша қуырап алдында, Қарасай осылайша белгілі нәрсені түсінбегендей жорта қазбалап сұрап, соқтығуға қара іздейтін. Бірақ бұл жолы ол Жәміштің сөзін шам көрмеді. Қайта жайраңдай күліп:

— Біздің кемпірдің осындай ілмешегі бар. Тілі жай тіл емес, шотаяқ қой, шотаяқ! — деп, құдасының алдында қалжыңға басқан. — Жәміш-ау, қазанға жылқы етін салыпсың. Соғымның сыбағасы өз алдына. Құдаға тартар басың қайда?

— Уа, қойыңыздар. Сыбағадан артық не керек. Әуре болмаңыздар, — деп Қапыш шынымен азар да безер боп шоршып түсіп еді.

— Жоқ, ол болмайды. Біз өзіміз сіздің үйге барғанда май берсеңіз де жей береміз, — деп Қарасай оның сөзін құлағына ілмей, Тәшімді ертіп қораға шыққан.

Қазір сойылған қойдың маңында Қапыш та, үйдегі бір-екі қонақ кемпірлер де тұр. Сабалақ жүн сеңсең қара тері екі жаққа түріліп, қойдың еті жалаңаштана бере, қонақ кемпірдің бірі қызыл көзін шам жарығынан алақанымен көлегейлей түсіп, ине сабақтай алмаған адамша сығырайып кеп үстіне төне қарады да, басын қайта көтеріп алды:

— Түһ, жарықтық-ай, өзі де аппақ қардай болған екен. Бауыздарының өзі май ғой тұрған, — деп арық қолымен бір-екі шымшып қалды.

— Ықылас түзу ғой, ықылас! — деп Қарасай қой қасында енді аялдамай, Қапышты ертіп қол шаммен қораларын аралап кетті. Шым-шытырық қораның асты толған аша. Ара-арасымен келе жатқан екеуі әуелі сиыр қорадан өтті. Өңкей кебеже қарын мама сиырлар сағыз шайнағандай баппен күйіс қайырып, ыңқылдап-гүрсілдеп, қайсыбірі пысылдап, жалпайып-жалпайып жатыр. Қабырғаның ұзына бойына тартып, екі басын қайыс ілмешекке ілген сырғауылда иін тіресіп, қаз-қатар қонақтап тауықтар отыр. Қасына келген адамдарды сезген кейбірі көздерін ашып қырылдап, мойындарын созып-созып қояды. Жып-жылы ұядай қораның іші мұнтаздай. Сиырлар жатқан тақтайдың айналасында бір қиқым шөп жоқ. Тап-тақыр ғып сыпырып тастаған. Әйтсе де, мұқият жиналған шашаусыз дүниеден бір кінәрат таппай қоймайтын әдетіне басып, Қарасай Диканы кінәлап, күстаналай жөнелді.

— Мына қарашы енді, істеп қойғанын. Малдың астындағы көңге шөп жіберме, жіберме деп неше қақсаса да құлағына кірмейді. Сиырлардың астына дейін шөпті көпіртіп салады, әлгі дүлей. Жылда шөптің тең жарымын рәсуә ғып жүрген бір су ми.

— Е, Қареке, сонда да шөбіңіз қашанда мұрты қисаймай артылып қалады. Колхоз аман болсын, — деп Қапыш жымың етті. — Ертең ол тезек болады. Әйтеуір, үйге қайта кіретін кіріс қой.

— Ол рас, — деп арқасына батып, белі қайыспайтын дүниеге қайта оралмай, Қарасай жылқы қорасына беттеді.

Қысқы түгі қалыңдаған атандай жылқылар буы бұрқырап күрт-күрт жем жеп тұр. Тебісіп қалмасын деп әрқайсысын бір-бірінен алшақтап, араларын ағашпен бөлген. Өшейінде адам қасына келсе оқыранатын аттардың әдеті жоқ бұларда. Кісі келді-ау деп мойын да бұрған жоқ. Тоқмейіл.

— Шіркін, жылқы баласы басқа малдан ерекше-ау. Күні-түні ауыздарында дамыл жоқ. Биылғы төгіп алған төрт машина ақ сұлы қазір бітуге тақады. Қисапсыз жейді ғой жылқы малы, — деп Қарасай бір көтеріліп қойды.

— Мына бір тұрған қайсы, мен көргем жоқ білем, — деп Қапыш дөңгеленген семіз байталды нұсқады.

— Е, бұл анада Малтайдан сатып алатын арық көк емес пе.

— Батыр-ау, сол ма?! Қысқа қарай көк тартып құлпыруын қарашы патшағардың.

— Айтқандай, сіз іші қабысқан осы да мал боп кетер ме екен деп күмәнданып едіңіз-ау. Жем шіркін қойсын ба. Және өзі бір түріне қарамай жемқор неме екен. Алдына не төксең де шыдатпайды, нағыз қазанат болып шықты. Бір ішкенде бес-алты шелек суыңды бір-ақ сыңғытады.

— Құда-ау, осының өзін қаншаға алып едіңіз.

— Бір жарым сұрап, мәгерешін айтып, арақтың иісін сездірген соң, бірге түскені қайда. Ащы судың атын естісе кейбіреу от көрген көбелектей жалп етіп уысыңа түсе кетпей ме. Енді, көре қалыңыз. Жұрттың қысқы соғымы азайып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында бұл төрт жарым, бесеуіңе сөз айтқызбайды, — деп Қарасай күректен алақанын ысқылап-ысқылап алды. — Биыл төрт-бесеуін тоғыттым. Қалғанын жақында орындаймын. Осы жолы келісіп келген жерлерім бар.

— Пай-пай, мына буырыл ат та жарылайын деп тұр екен. — Қапыш өзінің аңғармай сұқтана сөйлегенін сезе қойып, құдасының көңіліне келмесін дегендей, бір-екі түкіріп, буырылдың жалына салды қолды. Атандай биік аттың үстіне қонған маса тайып жығыларлық жұп-жұмыр. Шоқтықтағы бір уысын ғана қалдырып, қалғанын күзеген кереге жал былқ етпейді. Бүкіл мойын етпен тұтасып кеткен. Тастысына қол батпайды. Ұма майы кіндікке тіреліпті.

Қарасай да аттың алдындағы науаға қарап жеусіз тұрған сұлыны керді.

— Кейінгі кезде бұл жемнен де қалды. Сере шығарына күмән жоқ, — деп енді құдасын қой қораға бастады.

Екі құда бірінің үйіне екіншісі келе қалса, байлықтарын көрсетіп, шаруашылығын мақтан ететін әдеттері. Бір-бірінің алдында байлығымен ғана беделді екенін екеуі де іштей ұғынады. Өздерінің өресі, жетер жері осы жиған-терген малының, саудасының төңірегінен аспай жатса да оны мешеулік емес, өткерілген пысықтық, істің ойы-қырын білетін, әр нәрсенің көзін табатын өнерлілік деп түсінеді.

Қой қора — төбесін қолдың саласындай етіп балапан қайыңмен жауып, маямен тіркестіре салған кең албар. Малға шөп салатын жалғыз Дика болғанмен, ішін қуыстай алған маяның әр жерінде ағаш сапты жұлғыштар салбырап тұр. Шөпті мал басын таптамас үшін алдын сырғауылдармен бекіткен. Жиырма шақты қой ұзын жәшіладан оттайды.

Қарасай мен Қапыш төңкерулі жатқан үлкен науаға кеп отырды. Екеуі қашанда осы араға келіп ақыл қосуды ұнататын. Қапыш күзенмен астарлаған қаракөл жағалы пальтоның өңірін айқара түсіп жайғасты. Елулердің мол ішіндегі оның бетінде осы күнге дейін бір сызат әжім жоқ. Бір кезде Омбы төңірегіне аты мәлім болған қарағайдан қиып салған он екі бөлме үйі бар аты шулы Ғабиболла саудагердің Сәлимә атты сұлу қызынан туған Қапыш та ақ сарының көріктісі, түгел алтындатқан күрек тістері шам сәулесіне жалтылдай түсіп, құдасына күле қарап отыр. Тамағын кенеп алып, әңгімені Қарасай бастады.

— Иә, Омбы ішінде не жаңалық бар?

— Омбы іші бәз-баяғы қалпы. Жақында ғана барып қайттым. «Казачийде» екі күн болдым. Осы соңғы бір жұманың ішінде еттің қаны жерге тимей кетті. Мясокомбинаттың қоры азайыңқыраса керек. Колбасаны көп шығарады да, етті дүкендерге баяғыдай мол түсіре алмайды. Оның үстіне қазір қалаға келушілер көбейіп кетіпті. Тың көтеру үшін Алтайға, Қазақстанға тіленіп шыққан

жолаушылардан көзің сүрінеді. Вокзал басы құжынаған халық. Содан болар, мясокомбинаттың еті асханаға, ресторанға түседі де, дүкендердің сөрелеріне жайылған азын-аулақ ет қала халқына шақ келмейді. Түскенін түскенінше бөліп әкетеді.

— Е-е, базардағы еттің көтерілуі де содан екен ғой, — деп Қарасай базар нарқын естігенше асыға түсті.

— Көтерілгенде қандай, күйіп тұр. Семіз қойлардың еті 30-35-тердің үстіне шығып кетті. Сауданың дер кезі. Өттең жол бұзылғалы тұр, әйтпесе, — деп Қапыш басын шайқады.

Жаратылысында кербез, паң Қапыш қазір құдасының алдында өз-өзінен асығыс сөйлеп, тым жайдары күледі.

Көмейіне тығылып, жұмырланып отырған бір сырын бүгіп, шығара алмай отырған адам секілді. Қарасайдың жүзіне көзінің қиығымен ұрлана қарап, сыңайын аңдып отырған қалып бар. Мұндай арбасудың талайын басынан өткерген әккі Қарасай да мұны сезіп, қашан айтар екен деп жүрегі дауаламайды. Оның ойындағы тек Ақбөпе жайы.

Қазақ ғұрпында ерін бір жыл күтіп отыру әйел затына шарт болса, ол сыннан Ақбөпе өтті. Ендігі Қарасайдың күтетіні келінінің рұқсаты болмақ. Мына аласапыран кезде құдасының аяқ астында келе қалуы да тегін емес. От ала келгендей, ертең қайта жүрем деуі де сол болса керек.

Біраз әңгіменің басын шалып, орағытып кеп, ақыры Қапыш құдасы үрейлене күткен сөзге ауысты.

— Ал, Қареке, мен енді амандық болса, ертең жүремін. Өте асығыспын. Сізге үлкен бір қолқа сала келдім, — деп қалтасынан алтын жалатқан жалтыраған жұқа портсигарын алып, шылым тұтатты. Қарасай біреу жұтқыншағын сығып жібергендей, үні шықпай демі бітіп сұрланып отыр. Құдасына айтар сөзді алдын ала дайындаса да, ә дегенде не дерін білмей, әлден уақытта барып тілге келді:

— Иә, рұқсат, айт қолқаңды. Әр нәрсенің уақыты бар деген. «Құдай салды, біз көндік». Бірақ біздің де айтар базынамыз бар. Біздің де ойымыз...

— Сіздің базынаңызды көтермеген күніміз бар ма, Қареке. Ал бұл жолы шын салмақ сала келдім. Шын сеніп келіп отырмын. Жағдай былай, — деп Қапыш енді, төңірегін ұстарамен қырғандай мінсіз сұлу қасының ұшын одан сайын шалқайта керіп, әңгімені жай бастады.

Осы күні, қарап отырсаңыз адам баласының дүниедегі бар өнері аз ғана ғұмырын қызықты өткізе білуінде екен ғой. Бұрын жігіттің қанаты ат деп небір жүйрік жылқыларды ұстаушы ек. Қазір машина шықты. Ана бір машинаны алғаннан бері бармаған жерім, баспаған тауым жоқ. Тіпті шаруашылыққа да іздесең таптырмайтын дүние. Барам деген жеріңе дыз еткізіп жетіп барасың.

— Туһ. Машинаға не жетсін. Мен де Халеліме біреуін алып берем бе деп жүрмін. Ақбөпеш екеуі сайранды салып жүрер еді, — деп Қарасай Қапыштың тамырын бір басып өтті.

Құда сөз сыңайын аңғармады ма, аңғарса да қолайсыз әңгімені айналып өткісі келді ме, бұған мән бермеді.

— Бірақ, сол машинамыз көне тартып ескіріңкіреп те қалды. Оның үстіне, Қареке, бір істің сәті түсіп тұр, — деп Қапыш бір тоқтады. Шылымын баппен сорып, түтінін сыздықтата шығарды да, сөзін қайта жалғады. — Осы күні машина алу да оңай емес. Омбыда машинаның өшіретіне тұрған адамда қисап жоқ. Былтыр Куломзинодағы Жұмабай інішек екеуіміз өшіретке жазылып ек, қазір жетіппіз. Ескі машинаны сатып жіберем. Табан аузында жаңа күніндегі құнына қағып әкетеді. Ондайлар өріп жүр.

Қарасай: «Осының бәрін неге айтып отыр. Ақбөпе жайына көшпей ме», — деп іштей шыдамы таусылып, сөздің артын тағатсыз күтті.

— Ал, енді... Соған... Қареке, бірер айға азбыншы ақша керек. Сол үшін ат сабылтып әдейі келдім, — дегенде барып Қарасайдың жүрегі орнына түсті.

— Қанша керек, — деді ол жұлып алғандай.

— Бір, жиырма мыңдай болса, жетеді. Көп ұзамай қолыңызға қайта салам.

— Өй, ол не дегенің. Екеуіміздің арамыздағы ауыс-түйіс құдай жолы емес пе. Қалта түбін қағып көрейік.

— Еһ, бәсе. Ай, Қареке, өлсем аруағым ырза. Сіздей құдасы бар адамның арманы не?

— Илаһи амин! Алла-тағала осы құда деген сөзіңнен жаңылдырмасын. Жәлелім кетсе де, сен дегенде көңілім баяғыдай.

— Ойбай-ау, о не дегеніңіз, құда мың жылдық емес пе.

— Оның рас. Ақбөпе де өзімізге Жәлелден артық болмаса кем емес, іштен шыққан баладай болып кетті ғой.

— Әрине, әрине...

Әдейі келген шаруасы тап осылай жылдам оңға баса қояр деп Қапыш ойлаған жоқ еді. Сөзді алыстан орағытып, қармақты тереңге салып отырғанда, тоқ етерін айтуы мұң екен, Қарасай уысына түсе кетті.

Қарасайдың өз есебі өзінде. Құдайдың дес берісі — Қапыштың өзі келіп қолға қонды. Енді осы арада амал қолданып қалу керек.

Шаруасын тындырып, көңілі жай тапқан соң:

— Ал, енді үйге кірмейміз бе, — деп Қапыш орнынан көтеріле беріп еді, Қарасай етегінен басты.

— Қапыш, сәл бөгелші. Енді сен мені тыңда. Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады дегендей, құдай оңдап, дәл келе қалуыңды кермейсің бе. Өзім әдейілеп барам ғой деп отыр ем. Өз үйімде айтуға тура келді.

Қапыш: «Тағы да сауда жайы болар», — деп басқа ештеме кәперіне келмей шылым тұтатты.

— Құлағым сізде, құда.

— Басқа түссе баспақшы дейді. Пәнде басына не түссе де жұмыр бас көтере береді екен ғой. Былтыр Жәлелім суыққа ұшып өлгенде мен енді ұзақ жасамаспын, сары уайыммен баламның соңынан мен де аяңдайтын шығармын деп ойлап ем. Бірақ «өлгенмен бірге өлу жоқ» деген рас екен.

— Е, қанша қиындық болса да тірі адам тіршілігін жасай береді де. Қаза жолы бір басқа.

— Жәлелімнің өлімінен де, міне, түн жамылып отырмын, бір алпаға аян, маған ауыр тиіп жүрген бір нәрсе бар еді. Ол Ақбөпе жайы болатын. Шыным сол, енді Ақбөпе қайтер екен, бізді тастап кетер ме екен деп ішім удай ашып жүруші еді, көңілім жай тапты.

Қапыштың жіңішке қасы дір етті.

— Үйде жүрміз демесе, кәрілер не біле береміз. Жәміш сезіп маған осыдан бір ай бұрын айтты. Ана кішкентайларды жетімсіретпейік, жат жұрттың қолына қаратып жүдетпейік деген болулары керек, — деп Қарасай әңгімені алыстан орағытып, бықытып отырды да, әлден уақытта барып лап еткізді. — Балалар бізден де зерек, бізден де ақылды ғой. Өздері қорытса керек. Тек бізге айта алмай жүріпті. Олардың қолын кім қағады. Бақытты болсын дегеннен бөтен не дейік. Жәлелім де ер жетіп, ақылы толысты. Отау иесі болатын шаққа кәміл жетті. Өмеңгерлік құдай жолын түсінген екен. Айналайын Ақбөпе екеуі, аман болса, елдің алды болатынын өзім сезем. Беттерінен жарылқасын, батаңды бер. Илаһи амин!

Қарасай бетін сипады. Шоқырақтатып сөйлеп сөзінің соңын шала-пұла бітіріп, қолын жайса да Қапыш ишарат жасамады. Іштей қарсы да емес. Әйтсе де Жәлелден мұндай әрекет шығар деп ойламаған Қапыш тілі күрмеліп не дерін білмеді. Оның үнсіз отырып қалғанынан қысылған Қарасай тағы да жуып-шайып желпелдете түсті.

— Ал енді, жер дегдісімен Мәлике екеуің тез жетіндер, балаларды қызықтап, тойын тойлайық. Осы кетеріңде оң батаңды бер, Ақбөпе де, Жәлел де өзіңнен ұялып, не істерін білмей жүр. Естігеніңді білдіріп, ризалығыңды беріп кеткейсің.

Қапыш басын үнсіз изеп, үйге беттеді. Ол кетісімен Қарасай қараңғы қораның түпкіріне, жаңа Қапыш отырған орынға Жәлелді алып келді.

— Отыр мына араға, — деп шілтерлі қол шамның көмескі жарығының астында қасынан орын ұсынды.

Қатал әке кенже ұлымен бұрын-соңды бұлай жеке отырып, жасырын сөйлесіп көрген жоқ еді. Жәлел енді өзін тұңғыш рет үлкен азаматқа балап құпия әңгімеге шақырғанын сезіп, байсалды қалыппен құлақ түрді.

— Сен осы мына құданың мезгілсіз уақытта неге келгенін білдің бе?

Халел әңгіменің басы бұлай басталар деп ойламап еді. Оның аяғы қайда сайып, неге тірелерін де түсінбеді.

— Білмедім, көке... Жай әшейін қыдырып келген шығар, — деп Халел сөз төркінін аңдамай салғырт жауап бере салды.

— Жоқ, балам. Жай келмепті ғой. Жәлелім өліп, бір жақ қабырғам түгел сөгіліп отырғанда, жығылғанға жұдырық деп, тағы да осы үйдің орнын ойсырата келіпті...

Қарасай қараңғы қорада түнере түсіп, ауыр күрсінді. Шөп қуысына қарай иілген ірі көлеңкесі маңдайын сүйеп жылап отырған секілденді.

— Ол не, көке, ойсыратқаны қалай?! — деп аңғал баланың көзі шарасынан шығып, үрейленіп қалды.

— Қапыш Ақбөпешті кішкентайларымен қоса осы үйден мүлдем алып кетуге келіпті.

Халелдің төбесінен жай түскендей болды. «Ақбөпешті», «мүлдем» деген сөздер бүкіл өн бойын суық кесірткеше аралап өтті. Бұрын Ақбөпені өзімен бірге туған қыздай көріп бауыр басып, оның жеңге деген атын сарапқа салмаушы еді. Енді аңдаса, Ақбөпе осы жұрттан мүлдем кетуі де мүмкін екен ғой. Халел тұңғыш рет Ақбөпенің қасиетті орнын жаңа сезді. Жапандағы жалғыз үйдің бар қызығы да, қуанышы да осы Ақбөпенің бойында екен-ау. Егер ол болмаса бұл үйде не қасиет, не жақсылық қалмақшы. Бәрі де жайдақ төбедегі сорайған пеш мойнынан шығатын түтінше сұйылып, тап-тұйнақтай жиналған жып-жылы бөлме іші азынап бос қалатындай көрінді. Халелдің көңілі де бір сәт құлазып, жүрегіндегі бар аяулысын біреу алғандай сілейіп отырып қалды.

Иә, Қапыш Ақбөпешті ғана алып кетуге келмепті, осы үйдегі бар қызық, бар жылылықты түп орнымен жұлып әкетуге келіпті. Бірақ оған қарсы тұрар не айла-амал бар? Тағдыр салған іске кім ара тұра алады? Қарасай Халелдің балалық сезіміне осылайша от тастап алды да, енді намысына тие сөйледі.

— Қапыштың ниетін ертеден-ақ сезгем. Былтыр Жәлелдің жамбасы жерге тиер-тиместе, қабірі құрғамай жатып-ақ іштегі жақын жұрағаттары Ақбөпеге құда түсіп қойыпты деп өз құлағыммен естігем. Бірақ сені жүдетпейін деп айтпап едім. Түріне ақылы сай Ақбөпедей адамға кім қызықпайды. Молдабай деген Омбы ішіне аты шулы бір саудагердің жалғыз ұлына береді екен деп жақында ғана біреулер өсектеп жүр еді. Ақыры шын болды. Оны бүгін Қапыштың көмейінен сездім. Ертең Болат пен Раузаны Қапыш өз бауырына салып, Ақбөпені ұзатады да қоя береді... Шіркін-ай, Молдабайдың да тасы өрге домалап тұр-ау, — деп Қарасай қынжыла отырып, шырт түкірді.

— Онда балаларды біз алып қалсақ қайтеді, — деді Халел. Бірақ осыны айтарын айтса да шынымен Ақбөпе мүлдем кетпекші ме, бөтен үйдің келіні атанып, аз күнде жат адам болмақшы ма? — деген ой түскенде көңілі жасып қалды.

— О-ой, қарағым-ай, осы күні балаларын қай әйел тастап кетуші еді. Жәлел болмаған соң, қайын жұрттан гөрі төркін жақын емес пе. Оны атама. Одан да басқа амалын ойластыру керек, — деп Қарасай тағы да шырт түкірді.

— Енді қандай амал бар?.. — Халел шын қынжылды. Ең болмағанда әлі де біраз күнге дейін кетпей, Ақбөпе тұра тұрса екен деп, сол аз күннің өзін медеу көріп қимас көңіл толқи берді. «Шынымен алып қалар амал бар ма, шіркін-ай, табылса ғой, сол амал», — дегендей әкесіне үміттене қарады. Қарасай да Халелдің аузынан осы сөзді күтіп отырған.

— Амал бар. Ол амал сенің қолында. Егер сен бел шешіп кіріссең, Қапыштың аузына өзім-ақ құм құям, — дегенде, Халел:

— Менің қолымда? Менің қолымда не бар, мен не істеймін? — деп таң қалды.

Қайран, мөлдір бұлақтай таза көңіл. Қазір әкесі айтар сұмдыққа оның аузы бармақ түгіл, үш ұйықтаса ойына кірер ме. Әлі қаймағы бұзылмаған адал көңіл ондай ойдан аулақ еді ғой. Егер әке қолында ғана талай қулықты жадына тоқып, басқа таза дүниені көрмей жырынды боп өссе, салған жерден-ақ әке сөзін емеурінінен білер еді-ау.

— Ал, Халелжан, көптен бері көмейімде тіреліп жүрген бір сөзім бар еді. Ол — менің де, ақ сүтін берген анаңның да тілегі, — деп Қарасай етпетінен сүйеулі тырнауышты алып, жер тырнап отырып сөйледі. Жәлелжан біздің баламыз болса, сенің бір құрсақтан, бір шаранадан шыққан бауырың. Ең жақының. Екеуің тел қозыдай бірге өсіп, біріңе-бірің арқа сүйеп өтетін едіңдер. Бірақ сұм ажал

дегендеріңе жеткізбеді. Ана кішкентайлары да тірі жетім. Енді оларды біреуге телміртіп, жаутаңдатып қоюдың реті болмас. Олай болған күнде Жәлелдің де аруағы ырза емес. Ендігі айтарым, оларға аға ғана емес, Жәлелдің орнына қамқоршы бол. Қанатыңның астына ал. Ақбөпештей бала ілуде кездесер. Атадан қалған мирас бар. Оны да тентіретіп жіберу атымызға лайық емес.

Халелдің денесі мұздап, жүрегі үрейленіп, тоқтап қалғандай болды. Сөздің сыңайын түсінсе де, ондай жамандыққа бұруға дәті шыдамай Халел үнсіз қалды. Аузына лайықты сөз түспеді. Әкесі сояу тіс тырнауышпен жер емес, оның құйқа тамырын тырналап отырғандай болды.

Оның үнсіз қалған қалпын келіскенге жорып, Қарасай енді ашық сөзге көшті.

— Оқимын десең оқы. Оқуыңа Ақбөпеш те, біз де қарсы емеспіз. Тек аяулы жеңгенді жат жұртқа жіберме. Өмір бақи жылаумен өтпесін. Бүгін Қапыш көнсе көнді, көнбесе Ақбөпенің өзіне айтып, алып қалам, бұл үйден жібермеймін. Енді өзің адам ет.

Халел жаңа ғана ұйқысынан ояғандай селт етіп, күрмелген тілден ащы үн атылып шықты:

— Жоқ, жоқ, көке! Мұныңыз масқара ғой. Атамаңыз, не деп отырсыз?

Оқыс шыққан дауыстан елең еткен қойлар да бастарын көтеріп алып, күйістерін доғара қойды. Қараңғы шөп қуысында жұлдызша жылтыраған жап-жасыл көздерін бері бұрып, олар да үрейлене қарады. Тек аздан соң барып, ә жай әшейін екен ғой дегендей сүйір тұмсықтары қайта қисаңдап, бырт-бырт күйіске ауысты.

Бағанадан мәймөңкемен отырған Қарасай да енді даусын көтеріп, баласына зеки сөйледі.

— Масқарасы не? Мен сені жарға итеріп отырғам жоқ. Әке сөзін тастайтын қайдан шықтың. Жәлелдің балаларынан сен безгенде бөтен жұрт не істемейді. Сен түгіл, жер ортасы жасқа келген мосқал адамдар да әйелін тастап, басқа біреудің әйеліне үйленіп жатқан жоқ па. Ондайлар аз ба. Сен немене, солардан әулиемісің?! Әлде Ақбөпешті қораш көремісің. Өне, ана Молдабайдың өзін сықылды алтын асықтай баласы қыстай Қапышқа сөз салдырып қолы жетпей отырған жоқ па. Қиқанды қой. Қолда барда алтынның қадірі жоқ. Ақылға сал. Ақбөпеш өз адамың, — деп Қарасай тағы шырт түкіріп, қайтадан жуаси сөйледі. — Тап осы жолы Ақбөпештен айрылудың жөні келмес, балам. Ертең-ақ оқуға кетесің. Егер ұнамаса кейін рұқсат берерсің. Оның ешқандай айып-шамы жоқ. Саған жабысып қалатын талақ емес. Әзірше Жәлелдің орнын жоқтатпа. Оның үйдегі орны да көрдей боп суып, қаңырап бос қалсын демесең, балалықты қой! Кейінгісін көре жатармын. Әзір осы айтқаным болсын. Соңғы тілегім. Ендігісін өзім-ақ жайғастырамын.

Қарасай орнынан ширақ тұрып, талтаңдай басып қараңғыға сүңгіп кетті. Халелдің екі беті дуылдап шөп қуысында қала берді. Не ойлап, не қойғанын өзі де білмейді: жаңа әкесі тастап кеткен тырнауыштың басын басып қалып, сабы маңдайына сақ ете қалғандай мең-зең.

Келесі күні Ақбөпе ерте тұрып, мұздай киініп алды. Шай қойып, түнгі асты жылытып жүрген Жәміш оны көргенде не дерін білмей, шымшуырмен отты қағыстыра берген.

— Апа, — деді Ақбөпе. — Әкем бүгін жүретін шығар.

— Иә, қарғам, қазір тамақ іше салып аттанады. Таңғы қатқақпен кетпесе, кешеден бері даланың қары күрт еріді ғой.

Жәміш одан әрі ештеме демеді. Қазандық қасында үнсіз сілейіп тұрған Ақбөпе:

— Апа, ренжімесіңіз, мен де... — дей бергенде:

— Жаным-ау, не дейсің. Қалай ғана қиып сені жіберем. Шынымен осы үйді тастап кетпекпісің, — деп Жәміштің ерні дірілдеп қоя берді. Белін жазып, орнынан ұшып тұрған Жәміштің қолынан шымшуыры да түсіп кетті. Ұзын бойлы, ақсары енелің бозара қалған өңінде, жасаурай қалған мейірімді қой көзінде қызындай тәрбиелеген аяулы келінін қимас белгі бар. Ақбөпе де анасындай болған Жәмішті өкпелетіп алғандай қипақтап кеп, мойнынан құшақтай алды.

— Апа-ау, қайтып келем ғой. Мені мүлдем кетеді деп тұрмысыз. Ешқайда да кетпеймін. Тек қар кетіп, жер аяғы кеңігенше, біраз елге барып, сергіп қайтсам деймін.

— Өй, қарашығым сол. Бара ғой онда, бара ғой, — деп Жәміш аппақ сазандай Ақбөпенің мөлдіреген көзінен сүйді.

— Онда мына асты қамдай бер. Мен құдағидың қысқы сыбағасын салайын. Қапшық қайда екен, қапшық?

Бәйек болып, шошалаға қарай ұмтылған Жәміштің соңынан Қарасай да шыққан. Жарма есіктің сыртынан келін мен ененің сөзін тындап тұрған Қарасай шошаланың кілтін аша берген Жәміштің білегінен ұстай алып зірк етті:

— Өй, есуас неме! Ми бар ма сенде өзі. Мына басыңда бір шайнам ақыл болса бұйырмасын. Неменеге апың кіріп, күпің шығып аптығып жүрсің. Қайда жібермексің Ақбөпені?

— Қайда жіберуші ем, үйіне барып келеді.

— Ешқайда да бармайды. Отыр әрі, желіктірмей.

— Желіктіргені несі, — деп Жәміш шырт еткізіп кілтті ашып жіберді. — Бір жыл бойы қара жамылып отырғаны да жетер. Барсын. Біраз серпіліп қайтсын.

— Серпілетін не сонша, осы үйде біреу оны қамауда ұстап отыр ма екен. Түнде ғана сен су миға айтпадым ба. Халел екеуін бүгін ғана қосып отырғанда, арасын суытайын деп пе ең. Біраз бауыр басып үйреніп алсын, сосын мейлі.

— Кейін де үйренер. Бірін-бірі ұнатса, өзі де қайтып келеді. Зорлап қосайын деп пе ең.

— Өй, өзің не айтып тұрсың, — деп шошала ішінде күңгірлеп, әйеліне дігірлей жөнелген Қарасай, Қапыш үйден жөтеліп шыққанда барып тына қалды. — Осыдан, Ақбөпеден қол үзіп, Қапыш секілді құдадан айырылайық, сонда болсын саған!..

Қарасай қанша шыжалақтағанмен келінге тосқауыл бола алмады. Кішкентай қызын киіндіріп, шанаға орап отырғызған Ақбөпе төркініне кете барды. Жасынан ерке өскен, бірбет қызына Қапыш та ештеме деуге бата алмады. Тек бір қаға берісте Қарасайға күңк еткен:

— Қареке, Ақбөпе менің қызым болса, сенің де қызың. Құдай қосқан баланы бұл үйден әкетіп, қайда апарады дейсің. Барам десе барсын. Шешесін сағынған шығар. Кейін Халел екеуі бір-бірімен жарасып кетсе, менде бөтен ой жоқ.

— Олай болса, Халел де бірге барсын. Шанаға сыймаса атқа салт мінер. Жер қарайып дегдігенше бірге болып қайтсын. Тойларын кейін жасармыз, — деген еді Қарасай, бірақ ол айтқаны да болмады. Халел орнынан тұрған жоқ. «Ешқайда да барарым жоқ, ауырып жатырмын» депті шешесіне.

Пар ат жеккен жеңіл қашаба үй алдынан жылжып бара жатқанда ғана Халел іш киімімен орнынан атып тұрып, терезеге жабысты. Жұқа қырауды демімен үрлеп, аяулы, ақ жарқын жеңгесі қашан көзден тасаланғанша оймақтай тесіктен сығалап ұзақ қарап қалды.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Қыс бойы түтеген ақ боран көміп тастаған даланың қалың қары биыл күрт еріді. Бір жұма ұдайы соққан өкпек жел қардың өкпесін тесіп, шөгіп жатқан түйе бұйраттарды аз күнде жалаңаштап кеткен.

Тек кешеден бері ғана жел райынан қайтып, аспанда сірескен қорғасын түстес зілдей бұлт ыдырап, күннің көзі жылтырады. Көктемнің алғашқы шуағы бұл. Аз күнде дүр сілкінген Сарыарқа шуаққа маужырап, бусанып тұр. Зәрі сынған ызғарлы қар қыраттардың көлеңкесін паналап, жыралардың қуыс-қуысында бұғып жатыр. Терең сайлардың іші шала ұйыған айрандай ірк-ірк етеді.

Қызыл жалаудан шыққан он шақты трактор жұбын жазбай ауыр жылжып келеді. Жаңа бұзылған лайсаң жолды бауырымен сызып, күн сәскеге көтерілгенше едәуір жерді ұтып тастады. Өрқайсысының соңында тіркеген алып шаналар ауыр табанымен жіби бастаған тоңды көк бауырша тіліп келеді. Шаналардың үстіне жасыл вагондар орнатылған. Алыстан қарағанда үйлерге жан бітіп, қимылдап келе жатқан секілді. Жылан бауыр темір табаны шақыр-шұқыр етіп, жерді солқылдата гүрілдеп, қырқадан көтеріле берген он шақты трактордың арасынан екі «Газ-69» сытылып шықты.

Алдыңғы машинада отырғандар — болашақ жаңа совхоз директоры Моргун, бас инженер Райхан, шофермен қатар отырған өкіл артына бір жамбастай бұрылып, екеуімен сөйлесіп келеді.

— Сіздер Сібірдің қақаған суығына ұрынбай, нағыз көктемде, жыл құсымен бірге келдіңіздер. «Ленинград», «Чернигов» совхоздарының жаңа орныққан кезімен салыстырғанда қазіргі күнді айт пен тойдай деуге болар еді. Нағыз ақпанның үскірігінде құрылған совхоз адамдары талай көресіні көрді. Суыққа ұшып, үсікке шалынғандар да кездесті. Енді не керек, соның бәрі бір күнгідей болмай ұмыт болды.

— Ол рас, — деп Райхан құптай беріп еді, жаратылысында қалжыңшыл ақ жарқын Федор Васильевич іле сөйлеп кетті.

— Осы көктем бізге әр кезде алдымыздан шығып, салмақ сала бермесе игі еді. Бірақ әлгі өзіңіз айтқан жыл құсын да әмсе ұмытпағайсыз. Жыл құсымен қатар келгенмен арамыз жер мен көктей-ау. Табиғат өзеннің сеңін, көлдің мұзын бұзып, қырдың қарын сөгіп, көгорай шалғынын оларға алдын ала даярлап, дастарқанын жайып отырған жоқ па? Біздің қолымыздағы барымыз мынау ғой, — деп қолынан тастамай отырған бояу қарындашпен қолдан сызылған жаңа совхоз жерінің картасын жая беріп, үшеуі де рахаттана күлісіп алды.

Осы арада, бағанадан бері сөзге араласпай баранкеге жабысып, алға қадала қарап отырған шофердың шегір көзі күлімдеп, арттағыларға бір көз тастады да, ойламаған жерде оқыс сөз тауып, отырғандарды одан бетер күлкіге батырды.

— Федор Васильевич, жыл құсына табиғат көлі мен қамысын дайындағанымен, сүзіп алар балдырын, ұя басар орнын әзірлеп қоймайтынын да әмсе жадыңыздан шығармағайсыз.

— Сөз тапқанға қолқа жоқ, — десіп машинадағылар біраз күлісіп алған соң, енді әңгіменің бетін басқаға бұрды.

— Шынында, сіздер жылына келіп бір жағынан ұтсаңыздар, екінші жағынан кештеу қалып ұтылып отырсыздар, — деп аудандық өкіл қар суы сіңіп, дегди бастаған жонға көз тастады. Жел қағып кепкен сары қаудан селдірей шайқалып, бүкіл өңір дірілдеп тұр. Әр ойпаңға жиналған жайылма сулар жұмсақ самал өтінде, терең көлдерше толқынданып жатыр. — Қыста ашылған совхоздар осы уақытқа дейін құрылыс материалдарын тасып, тұрғын үйлер салуға біраз әзірленіп алды. Ал сіздер үшін бар науқанның басы бір келіп отыр. Құрылыс жұмысымен қоса, ертелі, бүгін биылғы егістік жерді жыртуға кіріспесеңіздер болмайды.

— Рас, тракторшыларды ертеңнен бастап бригадаға болу керек, — деп биылғы қауырт келген көктем даласына қарап отырған Райхан да жеңіл күрсінді.

Сосын, естеріңізде болсын. Тың даласын көтеруге сіздерден аз да болса бір көйлек бұрын тоздырған тәжірибеміз бар, мына жағдайға көңіл бөліңіздер: жаңа тұрғындар үшін ең қажетті нәрсе — асхана. — Өкіл машинадағылармен қоса езу тарта күлді. — Оны кішігірім нәрсе деп ойламаңыздар. Қазақта «ас — адамның арқауы» деген сөз бар. Көктемдегі қара суықта жастар жағы тоң-теріс боп жүрмесін. Кей адамдардың ши шығатын осал жері сол.

Бұл жерге алғаш сапар шегіп шықпас бұрын-ақ, Федор Васильевич Тың өңірінен құлаққағыс болып, талай нәрсені шет пұшпақтап естіген. Сондықтан да совхозға аттанар алдында ең бірінші ойға алып, келіскен жері де — сауда орны. Қазір артта келе жатқан бір трактордың жүгі де түгелімен сол асхана жабдығы.

Болашақ совхоздың рабкооп бастығы: «Мына адам асхана бастығы. Бұрын үлкен қаланың ресторандарында зал меңгерушісі болып істеген, шаруашылыққа көзі қанық», — деп тығыршықтай дөңгелек, сұлу келіншекті таныстырған.

— Агафия Никаноровна, — деп буындары шұңқырайған сүйріктей аппақ саусағын ұсынған, қырықтарға тақаған көрікті әйел, ұшы қайқиған әдемі кірпіктерін жиі қағып, көзін төңкеріп-төңкеріп тастаған. Егде әйел болғанмен әлі жып-жылтыр бетінде шар тартқан адамға тән әжім сызаты жоқ. Тек бөксе тұсы артық шодырайып, шымырлана толған мүсінінде ғана сәл мосқалдық сезілмесе, қыз күніндегі ойнақы қылығы да, келісті бәдені де таймаған. Есімі құлаққа ерсі естілгені болмаса, бет пердесін келістіре бояған бояуымен, түрпімен көбесін мұқият тазалаған шымқай қызыл тырнағына дейін әлі талай дәмдіден дәмесі бар қала келіншектерінің қалпын аңғартады.

Өзінен мүшел жас үлкен болса да, салған жерден құрдасындай қағыта сөйлеп, көзі буалдырлана тұрып, еміне қараған әйел Федор Васильевичке ұнамай қалды. Салғырт танысып, салқын сөйлесті. Бірақ былай шыға бере осы мінезін өзі де ұнатпай, іштей мінеп, сынға алды. Бір көрген адамның ішіне терең сүңгімей жатып, күстаналай қоюды ағаттық деп есептеді.

Міне, қазірде сөз орайына қарай Агафия Никаноровна Япишкина есіне түскенде, ертең қарамағында жұмыс істейтін адамдардың сан қилы мінезі, тұрмыс жайы, өмір еткелі жұмбақ екені, сол себепті олармен шапшаң араласудың қиындығы ойын мазалап, көсіліп жатқан кең далаға көз тастады.

Федор Васильевич Моргун Тыңға келген совхоз директорларының ішіндегі ең жасы. Сондықтан да оның өмір тарихы онша ұзақ емес. Бұдан он шақты жыл бұрын Тимирязев атындағы Академияны бітірісімен Украина жерінде агроном болып істеді де, кейінгі уақытта сырттан аспирантурада оқып, Киев қаласындағы ауыл шаруашылық министрлігінде жүрген жерінен Қазақстан тыңына аттанды. Бұрын мектепте жүрген кезінен спортпен шұғылданған Федор Академия қабырғасында жүргенде гимнаст-акробат болып, спорт мастері атағын алған. Бертін келе жұмыс басты болып спорттан қол

үзді де, бірер жылдың ішінде талдырмаш денесі толып, семіріп кетті. Әйтсе де бұрын сымдай тартылған иықты, келбетті жігіттің сырт тұлғасы онша бұзылған жоқ. Қайта жасы ұлғайған сайын құлақтың түбінен мойынға қарай жылжитын, көздің құйрығына жұлдыздана сызық тартатын әжімдер толықтықтан білінбей, бұрынғыдан да сұлуланып, жасара түскен секілді. Қырықтарға тақаған Федор Васильевичтің отыздағы жігіттей көрінетіні де содан.

Міне, енді жүйткіген машинамен шыр көбелек айналып жарысқан мидай даланың бір пұшпағы сонау Украина даласында өскен кішкентай сары бала — Федяның жауапкершілігіне берілмекші. Бұрын соқа тілі тимеген, тусырап жатқан құйқалы тың жер Федор Васильевич үшін де қақпағы ашылмаған сыр сандық тәрізді. Бұрын қарыс қадам аттап баспаған жері.

Тың совхозға келетін адамдар да жаңа. Тілі де, салты да бөлек жандар. Тек мақсаты, ізгі арманы ортақ жандар. Ертең жас та, кәрі де, жуас та, тентек те, елгезек те, жалқау адам да кездеседі. Совхозға келетін адамдардың көпшілігі жастар. Бәрінің тілін тауып, ұстай білу үшін үлкен парасаттылық, өнер керек. Ақыл сұрап, сүйеніш табар ең жақын адамы мына қасында отырған Райхан Сұлтановна.

Федор Васильевич бас инженердің өзін анық білмейді. Кеше райком секретарының кабинетінде тұңғыш рет кездесіп, жаңа совхоздың құрылысы, шаруашылығы жайлы екі-үш сағат кеңескен. Ол екі арада оның мінез-құлқы, ішкі сарайы қандай адам екенін тани қою қиын-ау. Бірақ сол аз мерзімнің ішінде Моргунның анық көзі жеткені Райханның екі қасиеті: Ана тілінде қалай сөйлейтінін кім білсін, бас инженер орыс тіліне мейлінше жетік. Акцентсіз Сөйлейтіні оз алдына, логикасы бай, сабырмен отырып, айтатын ойын мәнерлеп жеткізеді. Сөйлей түссе екен, айта түссе екен дерлік. Бұрын Шығыс халқымен көп араласпаған, тарих, қайсыбір әдебиет кітаптары арқылы сырттай ғана білетін Моргун Райхан алғашқы сөйлегенде таңырқап қалды. Шығыс еркектерінің бәрі Федор Васильевич үшін жасында оқыған Хаджи Мұрат секілді өжет, қайсар, ат құлағында ойнайтын батыр тұлғалы адам болып көрінетін де, ал әйелдері өмірі аузының жігін ашып сөйлемейтін бұйығы, тіпті тұрмыс ауыртпалығының бәрі бір өзінің мойнына түсіп езілген, бөтен адамның көзіне тіке қарай алмайтын жасқаншақ болып елестейтін. Бұл бала күнінен бері қалған елес. Ал мына Райхан Сұлтановнаны көргенде, жас директор жаңа бір дүниеге келгендей, байтақ даланың әлі де біле білмейтін мың қақпасының бірін ашып кіргендей болды. Кеше ғана Киев ауыл шаруашылық Академиясында аспирант болып жүргенде, өз елінің тарихын, географиясын бес саусақтай білетін сияқты еді. Сөйтсе, ол — мектеп, институт қабырғасында оқыған көне тарих қана екен. Бүгінгі тарих қандай тез өзгеріп кеткен. Класс қабырғасында ілулі тұратын Совет жерінің картасынан он алты республиканың шекарасын оқушы Федя көз жұмып тұрып айырып беретін. Қай жерде қандай кен — көмір, темір, мұнай шығады — оған мүдірмейтін. Бірақ соның бәрі саяз білім екен. Тау-тасын, экономикалық байлығын білу — адам басындағы байлықты білудің ширегіне келмейді екен. Жалғыз Райханның өзі Моргун үшін шетсіз-шексіз мидай дала өмірінің де терең сыры барын мезгегендей болды.

Бас инженердің тағы бір қасиеті бұл өлкенің сай-саласын, өзен-көлін, ой-шұқырын жатқа білетіндігі өз алдына, жер қыртысына, топырағына дейін бес саусақтай айырады. Кеше егістік жер мен мал жайылымының картасын жасап, қағаз бетіне түсіргенде, райком секретарының өзі оның алдында шәкірт секілді бас изеп отырды. Үш-төрт жыл агроном болған Моргун, жеті қат жер астының топырағына дейін білетіндей көрініп, ендігі жетпейтіні тек ғалымдық атақ қана деп ойлап еді. Енді қараса, мына көсіле жатқан жапан түз аспирант Федор Васильевичке тағы да жаңа кітаптардың бетін ашты. Тұңғыш рет қазақ даласының табалдырығын аттағанда Моргун қиян түкпірде жатқан елге, тусырап жатқан жерге білім таратып, үлгі берем деп, биіктен қарап келіп еді, енді алдынан шыққан ақ шашты ана-Райхан мен ақ селеу жапқан мына жер-ана да жаңа бір ұстаздай көрінді. Енді өзі төменде тұрып, биікке, алысқа көз тастады.

Не деген ұшы-қиырсыз кең-байтақ дала. Тауы да, тоғайы да жоқ тақтайдай кең жазық. Бір қырат пен екінші қырат арасы көз жеткісіз. Анда-санда оң жақ бүйірден, сол жақтан айнадай жарқыраған көлдер көрінеді. Айналасы тұнып тұрған қамыс. Қайсыбірінің орта тұсында ойдым-ойдым ғана жалтыры болмаса, биік қоға басқан қалың қопа.

БІРІНШІ БӨЛІМ

БІРІНШІ ТАРАУ

Күн бесіндіге таяна таңертеңнен бері жапалақтап жауған қардың арты боранға айналды. Мана бір кезде қоп-қою қарлы бұлт бүркенген зеңгір аспан аз уақыт көгілдір түске боянып ысқаяқтана ашылған да, ендігі кезекті арқаның желінен күтіп тым-тырыс монтанси қалған.

Дәл осы мезетті аңдығандай кешеден бері демін ішіне тартқан ызғырық өткір жел де баяу көтеріліп, ұртын томпайта қойды. Алғашқыда сұлық жатқан жалпақ өңірдің ақ көрпесін қай жағынан түрерін

білмей, мың құбылып тұрды да, терістікке қарай біржолата жонын бере бұрылып алған соң, ішін тартып, зор үілге басты. Жаңа түскен ұлпа қар ен даланың бетінде жыланша ирелеңдеп, жер бауырлай тіміскілеп кезіп жүр. Жел гүлеген сайын қарлы жыландар бастарын қайта-қайта көтеріп алып, естері шыға ойнақшып мидай араласа жөнеледі. Көкке шапшып шаншылып, бір-біріне айбат шегіп ысылдап, арбасып тұрады да, жерге сылқ етіп құлап, мың бұратылып, ұмар-жұмар домаланған күйі қайта жоғары шиыршық атылады. Боран көтеріліп кетті.

Қысқа күн етекке қарай жақындап, түтеген ақшандақ боранның арасынан қызыл күлгін түспен көмескі сығалап тұрды да, ұйқыға маужыраған сары мысықша көзі кілбиіп барып, біржола жұмылды.

Сабалақ жүнді жұмсақ терімен қаптаған қайқы бас жеңіл қашабаға жегілген пар ат бұл кезде алғашқы қарқынынан айырылып, бүлкекке түскен. Тәует басын бір жағына бұрып тастап, мойнын садақша иіп жұлынып келе жатқан парайдағы ақбақай тор дөнен, енді қарға жиі омбылап, қабырғасымен жетекті сықыр еткізе қағып, тар жолға таласып келеді. Ортадағы жал-құйрығы төгілген қабырғалы биік қара ат оңай ойыса қоймай, жеңіл лықсытып жіберіп тор дөненді күртікке қайта түсіреді.

Жастайынан жылқы бағумен көзі шығып келе жатқан атшы қысқы жолдың сырына да кәнігі. Жолдағы «Бірлік» колхозынан өткелі қос аттың жүрісін аңдып отырған. Ат құлағы көрінбейтін дүлей боранның ішінде сыралғы тор дөнenniң болдыра бастағанын сезіп, аттарды тоқтатты:

— Тр-р-р!

Қалың қарды таспаша тіліп келе жатқан темір табанның бір қалыпты сырылы төбеге ұрғандай тынды да, жолаушылардың алды-артын орай соққан бұрқасын шананың қуыс-қуысына лап қойды. Көзі бір ашылып, бір жұмылып ұйқы буып маужырап отырған екінші жолаушы селк етіп, басын тұмшалап алған қасқыр ішіктің жағасын ашып жіберді. Салалы сабалақ жүннің ішінде булығып тұрған қапастағы арақ иісі мұңк ете қалып еді, ұйтқыған есірік боран көз ілестірмей қағып әкетті. Жып-жылы жағаның терең қуысынан:

— Келдік пе? — деген қарлыққан үн шықты.

— Жоқ, әлі он-он бес шақырымдай жер бар, — деді атшы шанадан еңсеріле түсе беріп.

Қасқыр ішік солға қарай икемсіз аюша қисайып, шананың алдына қолын созды.

— Ау, әлгілер қайда, салып па ең?

Қос аттың түндікше желпілдеген жылы танауына тұрған сүңгіні алып жатып, атшы селсоқ жауап берді:

— Шананың алдыңғы жағында, кілемнің астында. — Қасқыр ішік кілем астындағы шөпке қолын үңгі тығып жіберіп еді, шыны шөлмектер сыңғыр етті.

Атшы парайдағы тор дөненді түсіріп, шананың артына байлады да, күміс шілиялы қамыт-сайманын шананың алдындағы қуысқа әкеп тықты. Қалың ішіктің салақтаған ұзын жеңінен қолын шығара алмай, қорбандап жатқан әлгі жолаушыдан бөтелкені алып, аузын алақанымен басып тұрып, шоқпардай күсті қолымен түбінен бір қойғанда тығын атып шығып қолына келді...

Бағанадан бері жас дөнен жолдың екі езуіне алма-кезек бұлттындап, титықтатқан омыраулы қара аттың арқасы кеңіп, маңдайынан қарсы соққан өткір желді қайықша сүзіп, жосылтып келеді.

Жалпақ жатқан қазақ даласының терістік жағын мекендеген Қызыл жалау ауданының қысы ежелден қатты. Ақ десең түкірік жерге түспейтін бет жалаған қызыл шұнақ сары аяз бен екі үйдің арасы көрінбес алай-түлей түтеген ақ боран — осы өлкенің еншісі. Екі жүз, үш жүз шақырымға созылған мидай ен далада шашыла қонған ауылдарға қысты күні алыс сапарға шығу жолаушы үшін үлкен әбігер. Бұл жолға көзсіз батырлықтан гөрі киім мен көліктің мықтылығы ғана төтеп береді. Сондықтан да осы жақтың халқы жылқы малын қадірлеп, жақсы ат болса күтімін тауып, бабымен мінуге машықтанған.

Қызыл жалау ауданындағы мақтаулы жылқының бірі осы қара ат. Алып-жұлып бара жатқан ақпа, ұшқырлығы болмаса да, бір қоналқы жерге құлағының түбі де жіпсімей жететін нағыз ұзақ жолдың аты. Оның үстіне көзге түртсе көргісіз айсыз түнде де, түтеген боранда да бір адаспай, көздеген жеріне салып отырып алып баратын жолшыл, сенімді мал.

Осы қасиетіне қанық атшы тор дөненді парайдан алған соң-ақ тізгінді бос қоя беріп, қара атты өз еркіне жіберген. Жол үстіне түскен жал-жал оқапты бұрқыратып, борт-борт желіп келе жатқан тізелі

атқа қарап, «жануарым-ай, бір жігітке серік боларлық малсың-ау» деп іштей риза болып отыр. Тілерсектен келер омбыға малтығып, жолдан мүлт тайып кетсе-ақ, қара ат шоқ басып алғандай орғып түсіп жол табанына қайта шығады.

Бір стаканды тастап алған соң, шанамен бірге шайқатылып манаурап отырған қасқыр ішік, құлаған тамдай жақтауға қисая беріл қалғып кеткен. Тосыннан шәуілдей қалған иттердің даусы құлағына тұншыға жеткенде барып бойын түзеді.

Қара ат үйреншікті биік қақпаға келіп бір-ақ тіреліпті. Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан көл-көсір аранына зәулім бір мая шөп үйілген шатырсыз бөкене жер үйдің маңы алай-түлей. Дала да аппақ, үй де аппақ. Есік алдына тоқтаған шананың сырылына елеңдеп, тарбақ бұтақ қадаға ұйлықтыра қаңтарған үш-төрт жылқы қатарымен оқыранды. Анадай жерде басын кекжиге байлаған шана арыстарының басы ғана қылтияды. Үстінен қар жүріп кеткен. Ішін үңғи алған шөптің жылы қуысында бұйығып жатқан ала мойнақ көрі қаншық бар күшігімен өре түрегеліп, қораның үстін басына көтерді. Күн-түн демей қатынап, ағылып өтіп жататын жолаушыға әбден еті үйренген сары тоқаш мұрын көсе жігіт шілтерлі қол шаммен ырғалып-жырғалып шыққанда барып жым болған ұяластар енді сырттағы жүргіншіде жұмыстары болмай, күнде жылы сорпа, жуынды құятын иесіне дәмелене ұмтылып, алды-артына асылып, кескестеп аяғына оралды. Қара шана ат-матымен кең қораға кіргенде ғана жол соғып тастаған қасқыр ішік өз-өз боп орнынан созалаң тұрып:

— Ау, Дикамысың, мұның не, осыншама бипазданып. Бізді суыққа ұстап сынайын дедің бе... — деп тілге келді.

Сары жігіт ернін бір жалап алып шамын көтере жолаушыға төне қарады да, лез қайта тартып алды. Жауап қатпастан ыржың етті. Не мазақтағаны, не кінәсін мойындап ұялғаны белгісіз. Тек жолаушының тұлыбын алып жатып қана мұрнының астынан естілер-естілмес күбірлеп жүр.

— Мен басқа біреулер ме десем. Қайдан білейін... Бұл үй — осы жапан түзде қалқиған жалғыз қора.

Бұдан бөтен бұл маңда қыбырлаған тіршілік жоқ. Арасы алпыс шақырымдай жырақ жатқан екі колхоз аулының тап ортасында «Малжан ағашы» деп аталатын шоқ ағаштың бауырына салған, жолаушылар ат шалдырып, түнейтін қоналқы бекет. Жергілікті халық мұны «постаял» дейді.

Қора астында үш үй бар. Бірі — Қарасай тұратын үлкен үй де, екіншісі — Қарасайдың үлкен баласы Жәлелдің отауы. Енді бірі қазанаспасын ішіне бірге салған кең бөлме. Қонақ үй. Қазір бұл үйдің іші лық толы адам. Әңгіме шертіп дуылдасып отырған жолаушылар жаңағы сары жігіт бір құшақ аязды ала кіргенде бастарын көтеріп елеңдеп:

— Кім ол келген?

— Қай ауылдың адамы, — десіп, Дикаға қарады. Дика жұрттың сұрағына іле жауап бере қоймай, мұрны пышылдап жүріп қол шамын екі-үш рет үрлеп зорға сөндірді де, беті ойдым-ойдым жіліншік без, тобылғы түстес қақ ашаға қайта ілді. Жолаушылардың аяқ жағын ала әңгіме тыңдап отырған жеріне қайтадан келіп етпелей түсіп жатты да, жымың етіп, төмен бұқты.

— Оу, қарағым-ау, айтсаңшы, кім ол келген, — деп төрде отырған балуан денелі, қалың қабақты адам гүр ете қалғанда барып Дика:

— Нәшәндік, — деп тағы да жымың етті. Жарыққа жасқана қарайтын мысықтың баласынша отырғандардан бетін бұрып әкетеді. Үй ішіндегілер:

— Қосиманов шығар қайындап жүрген, — деді де әңгіме айтып отырған қалың қабаққа бұрылды.

Жасы қырықтарға тақаған алып тұлғалы кесек мұрынның өңі қайтадан жылып сәл езу тартып, әңгімесін жалғай түсті. Былайда шөгендей қара қошқыл түсі желге тотығып, қаракүреңденіп кеткен. Оның үстіне алақандай-алақандай боп үсік шалған шилі беті өңін алып тұр. Өзі жымығанда олар да қоса жиырылып, бір беттің үстінде бірнеше ауыз езу тартқандай болады.

— Содан «Бестерек» колхозынан он-он бес шақырымдай шыға бергенде болу керек, — деп қасындағы жамбастай жатқан шоқша сақал шарқы шалға еңсеріле бұрылды.

— Шамасы сондай болар. Ана бір қалың шіліктің тұсы ғой, — деп шал да орнынан бір қозғалып қойды.

— Көз байлана бастаған кез. Далада алағаншық жаяу борасын ғана бар. Біз көліктерімізді тізбектей тіркеп ілбіп келе жатқанбыз. Бір мезетте артымыздан гүрілдеген дауыс шықты. Машинаның гүріліне ұқсамайды. Жақындай бергенде аңғардық. Трактор екен. Трактор болғанда да біздің ауылдардағы кәдімгі Нәтидің тырылы емес. Бүкіл даланы жаңғыртып келе жатқан жойқын бірдеме.

— Тіпті қара жерді қақ айырғандай. Жер солқ-солқ етеді, — деп шал да әсірелеп қойды.

— Бір кезде ақ түтек боран ішінен жылтыраған оттары да көрінді. Өлгіндей болмай бүкіл жон күндізгідей жап-жарық болып кетті.

— Ине түссе көрінер!..

— Келе жатқан бір трактор емес, адам айтқысыз көп трактор екен.

— Жер қайысады-ау. Осы өмірімде ондай көп машина көрген жоқ шығармын.

— Иә, олар кімдер екен? — деп тыңдаушының бірі естігенше асығып, киіп кетіп еді:

— Асықпасайшы, айтады ғой, — деп өкінішті жолаушы оның аузын қақты.

Дәу қара да оларға көңіл бөлген жоқ, әңгімесін сабақтай берді.

— Қасымызға жақындай бергенде-ақ, біз де шанамыздан түсіп, көліктерді жолдың оң қапталына бұрып тоқтадық. Бір кезде үйдей-үйдей алып тракторлар қайтқан қаздай тізбектеліп өтіп жатыр, өтіп жатыр. Өрқайсысының артында екі-екіден тіркеген дәу шанаға қондырған ағаш үй...

— Үй болғанда қандай дейсің. Оймақтай өтіп жасаған, — деп шоқша сақал сығырайған тышқан көзі жайнап орнынан түрегелді. — Шіркін-ай, ойыншық секілді-ау, ойыншық... Кәдімгі терезесі бар. Төбесінен шығарған темір турбасынан түтін будақ-будақ шығады. Соғып тұрған боранын да елең қылатын емес. Жердің түбіне жіберсең де, қыңқ етіп кәперіне кіріп шығатын түрі жоқ. Жып-жылы үйдің ішінде қыз-қыз қайнап, сырнай-кернейлетіп өтіп жатқандарға аузымыздың суы құрып, суыққа бүрісіп біз тұрмыз.

Осы арада дәу қараның әңгімесін киіп, ағат кеткенін аңғарып шоқша сақал кінәсін мойындағандай сылқ етіп құлай кетті.

— Ендігі сөзді саған бердім, шалым, — деп дәу қара да қалтасынан шылымын алып шегіне берді. Бірақ жүзінде, сөзін бөліп кимелеп отырған бәкене шалға деген реніш ізі жоқ. Қайта, жасы алпыстан асса да көмірдей шашына әлі бір тал ақ кірмеген тоқпақтай осы бір пысық қарттың сәби мінезін қызықтаған нышан бар. Және өздері аңғармай отырған, тек сырт кезге ғана көрінетін екеуіне де тән бір ортақ қасиет сезіледі. Ол — ел ішіне келген қуанышты хабарды ауыл арасына тез жеткізуге деген құштарлық. Өзі тұстас адамдардан сәл бұрын көрген жаңалыққа балаша мақтанатын адал, таза жүректен шыққан ақ жарқын мінез.

Шорт кесілген әңгіменің соңын естігенде үздігіп отырған жолаушылар да «қап» деп өкініп қалды. Өйтсе де енді сөзді қайта тірілтпекші болып, бәрі де жамырай сөйлеп кетті.

— Сонда, үйдің ішіне пеш орнатып алған-ау, тегі.

— Енді ше! Ол кәдуілгі үй ғой.

Сонау облыс орталығынан сельпоның жүгін түйемен тартқанша, әр колхоз сондай бір-бір үй жасап тракторға неге тіркеп алмайды десейші?!

— Қашанда әр нәрсеге кеш қимылдайтын әдетіміз емес пе, — десіп, өткен өкініштерін айтып, жаңағылардың кім екенін тап басып сұрай алмай, әңгімені орағытып кетті.

— Е, ондайды біздің мықтылар біле ме. Өгіз бен түйе болса болады, — деп дәу қара үндемей отыруға шыдай алмай қайта кірісті. Бұл жолы қалың қабағы түйіліп, қияқ қасы тікірейіп кетті.

Бұл — осы постаялдан жиырма бес-отыз шақырым тұратын колхоздың Оспан деген шофері. Ауыл ішінде оны «шопр Оспан, орыс Оспан» деп атайды. Оның себебі бар. Біріншіден, сол колхозда үш Оспан бар. Үшеуін бір-бірінен ажырату үшін олардың мінез-құлқына, қызметіне қарай жеке-жеке ат қойып алған. Колхоз ұйымдасқалы бригадир, полевод болып екі аяғы салақтап үнемі ат үстінен түспей шапқылап жүретін ұзын тұра, қаз мойын Оспанды жұрт кеңірдек Оспан дейді. Кеңірдек десе кеңірдек. Мойнының рабайсыз ұзындығын былай қойғанда, қашан көрсең жұмыстағы адамдармен керісіп қызыл кеңірдек боп қатқаны. Екінші Оспан — маңайдағы колхоздардың тері-терсек, жүн-жұрқасын жинайтын агент. Сондықтан да оны әгінт Оспан дейді. Ал мына Оспанның жөні бір бөлек.

Осы өңірдегі ең бір шаруашылығы да, мәдениеті де төмен колхоз осы Оспан тұратын «Жаңа талап» колхозы. Аты дардай болғанмен колхоз тұрмысы әсте алға жылжып, өсу, өркендеу дегенді білген емес. Атам заманда салынған шым үйлер мен сабан үйлер жылдан-жылға шөгіп, мыжырайып, беті қара-қожалақ, сатпақ-сатпақ болып тұрғаны. Колхоз аулын ертеден басқарып отырған Салық та,

ауыл адамдары да бұған мән бермейді. Тек екі-үш үй ғана әлгі мегежін үйлердің арасында еңселі, биік көрінеді. Солардың бірі — Оспанның үйі. Тырнақтап жиып жүріп, төбесін де қаңылтырлатып алған. Анда-санда ел арасында Оспанның үйі жайлы сөз бола қалса-ақ: «Е, ол пысық неме емес пе», — деп кейбіреулер мақтай сөйлесе, енді бір күншілдер: «Ол секілді қолымда машинам болса, мен де көрер ем», — деп сырттан кіжінеді. Машина дейтіні Оспан жүргізетін колхоздың полуторкасы. Ең алғаш колхозға осы машинаны алған күннен бастап, оның билігі Оспанның қолына тиген. Хат танитын ғана шала сауатты болғанмен, көкірегінде саңылауы бар, әр нәрседен хабардар Оспан көп ұзамай-ақ оны игеріп кеткен. Әлі күнге дейін оның бөлшектерінің атын жарытып білмесе де сынып қала қалғандай жағдайда ешкімнің көмегінсіз-ақ өзі жөндеп ала береді. Тіпті моторының зіркілін тыңдап тұрып, оның қай жерінде ақауы барлығын қолмен қойғандай анық таниды. Сол себепті де әлгі полуторканы үздіксіз жүргізіп келе жатқанына, міне, табаны күректей он бес жыл. Бүкіл аудан бойынша әлгі қаңқасы сүйретіліп жүрген де жалғыз осы полуторка. Ана-мына жеңіл-желпі бөлшектер табылмай қалса, темірден соғып, қайыспен байлап жүргізіп кете барады. Оның «маңдайына жазылған» шопр Оспан дейтін аты осыдан.

Ал орыс Оспан дейтіні мінезіне қарай қойылған болу керек. Көңіліне жақпаған нәрсесін бетің бар, жүзің бар демей жарып салатын тік мінез. Ел арасындағы қысыр әңгіме, қақ-соқта жұмысы жоқ. Өз жұмысын біліп, шаруасын тындырып жүре беретін еңбекшіл бір жан. Жаз шыкса-ақ машинасымен күн-түн демей жолға шығып, үйінде бір күн босқа отырғанын көрмейсің. Ал қыс түсіп, жол жабылысымен колхоз түйелерімен екі жүз, үш жүз шақырым жердегі облыс орталығынан сельпоның жүгін тасиды. Осы жолы да бес-алты күн жол жүріп келе жатқан беті.

Оспан әңгімеге де сараң болатын. Бірақ қазір өз-өзінен серпіліп, көңілді сөйлеп отыр.

Әйтеуір қанағатшыл бір халықпыз ғой. Қолда барға тоқмейілсіп отыра береміз. Өздерің ойлашы, біздің колхоздың қаншама жері пайдаға аспай, жай жатыр.

— Есіл жер-ай. Біздің Салық секілді бастықтарымыз баяғының байларынша жерге тасбақаша жабысып айырылмайды. Іске асыратын басқа көрші колхоздарға бергісі келмейді. Шамасына қарап тон пішу дегенді білмейді.

Оспан шылымын қомағайлана сорып, тұнжырап отырып қалды. Осыдан бірнеше жыл бұрын колхоз жерлерін қайта бөліс болғанда, Сілеті теңізіне қарай жатқан «Жаман түз» алқабын Зерен ауданының мал совхоздарына беру керек деген ұйғарымға келген-ді. Сонда Салық басқарма «жоқ, ол жер өзімізге керек, сасыры мол, татырлы қыраттың қары қашанда жұқа болады. Қысқы тебінге қолайлы» деп маңайлатпаған. Оспан бастаған біраз колхозшының «осы тиесілі жердің тең жарымын іске асырып алсақ та қанағат. Беру керек» дегеніне құлақ аспай, Салық жағы көпшілік дауыс алып, Зерен ауданына болмашы ғана үлес берген. Оспанның айтып отырғаны — осы жер бөліс.

— Енді жерді қалай іске асыруды көрсін біздің Салықтар. Жаңағы келе жатқандардың бәрі де қылшылдаған жастар...

— Пой-пой, бәрі де бір беттерінен қан тамған сүйріктей жігіт пен қыздар, — деп жаңағы бәкене шал Оспанның ендігі айтар сөзін түсініп, тағы да киіп ала жөнелді. Оспан мақұлдамаса да «мақұлдатып» қойып жөнеп берді. — Біз олармен аудан орталығына таяу «Жаңа жолда» кездестік. Тура сол колхоздың Қараой жағы қайда, солай деді білем, Оспан, ә? Иә, сол тұстан жаңа совхоз ашатын көрінеді. Әй, жайнап тұр-ау, жайнап тұр. Қызыл шұнақ аязың түк емес, асыр салып, билеп, жұмыс қайдасың деп жұлынып тұр...

— Келесі жылы... — деп Оспан шалға тағы да ескерте қарады. Ол қайтадан тізесін бауырына алып қисая кетті. —... Біздің ауданның бір өзінде 14 совхоз ашылмақшы. Неше мыңдаған адамдар келіп, тың жатқан жерді көтермекші.

Үйде отырған адамдардың алдында сауаттырақ шопр Оспан болған соң, газет, радиодан хабары аз түкпірде жатып ауыл шалдары жаңалық жөнінен ештеме қосып айта алмады. Тек бастарын шұлғысып:

— Иә, иә.

— Тамаша, тамаша! — деп құптай түсті.

* * *

— Ау, Дика қайда осы, Дика, — деп жастыққа жамбастай түсіп шай ішіп отырған Қосиманов екі-үш қайталағанша болған жоқ, кілбие қарап жымып, Диканың өзі келді.

— Е, жаңа дұрыс болды ғой. Отыр. Көне, Дикаға құйып жіберейін, — деп Қосиманов қазақы дөңгелек столдың шетіндегі ақ мойыннан стаканға толтыра құйды.

Үй ішінде қаймығатын Қарасай болмаған соң, Дика столдың шетіне ұялшақ қыздарша бүгіліп келіп отыра кетті.

— Ал, көне, осы үйдің мал-басының амандығы үшін тартып жіберейік! — Бағанадан бері өзіне серік таба алмай екі беті нарттай қызарып жалғыз ішіп отырған Клейманов қырлы стаканды Диканың қолына ұстата берді.

Тұңғыш рет зорлап отырып Дикаға арақ ішуді үйреткен осы Қосиманов. Содан бері дөнігіп алған Дика, бұл үйге күйеу келді дегенше, мұрны жыбырлай қалатын.

Шүпілдеген бір стаканды тастап алған соң, бұйығы жігіттің басы көтеріліп, қаптың аузы шешілді. Қонақтар көп қинап, қолқа салмай-ақ өзінің күндегі айтып жүретін өлеңдерін мұрнынан тізіп ағыта жөнелді. «Аққұм», «Жайдарманнан» бастап, ауыл арасында айтылып жүретін соғыс жылдары шыққан өлеңдерге дейін тіркеп, соғып отыр. Өлең айтқан сайын даусы ашыла түседі. Алғашқыда өлеңнің нәшіне қарай ырғалып, басын сәл қозғап отыр еді, қыза келе бар денесімен қопарыла теңселіп, изендеп кетті.

— Пәлеу деген. Әй, мына диірменнің құдайы қайтеді-ай. Өзінің даусы дәл қыздың даусындай. Қыз болсаң, оллахи, саған үйленер едім, — деп Қосиманов шай құйып отырған келініне қарады.

— Жезде-ай, бір тойда екі жарлық болушы ма еді. Бір апамызды азсынып, енді Дикаға ауыз салғыңыз келді ме, — деп жас келіншек сылқ-сылқ күлді. Орынды қалжыңға ән тыңдап отырған атшы да, Қосимановтың өзі де қосыла күлісіп, үй іші мәз боп қалды. Әйтсе де бір ауыз тілдеспей жатып сөзден сүрінген Қосиманов, әшейінде жөпшендіге жол бере қоймайтын ауыздықсыз асаулығына басып, тосылып қалуды бойына шақ көрмей дөрекілеу жауап берді.

— Е, Ақбөпе-ау, бір апаңа алдырып қалатын сіңіріне ілігіп өле алмай жүр деймісің. Жезденді сынға салып көр, әлі де болат сындыратын қауқары болмаса, мүрдем кетсін. Ха-ха-ха..

— Өгіздің өзі қартайса да, мұрны қартаймайды деуші еді, әйтеуір мұрныңыздың жақсы иістен қалмағанына да шүкіршілік, — ден келіншек те іле қағып түсті.

Қарқ-қарқ күлген Қосиманов «Ақбөпе секілді тамаша келіншектер үшін көтерейікші!» деп тағы да құйды.

Ақбөпе бұрынғы әдетімен бүгін де біркиер тәуірлерін киген. Қандай қонақ келмесін үй ішін, ыдыс-аяқты кіршіксіз таза ұстап, өзі мұнтаздай боп қарсы алу оның оң жақта отырғанда-ақ алған тәрбиесі. Жапырақ гүлді, көкшіл крепжоржет көйлегі мен басына тартқан ақ жібек орамал ақ маралдай көрікті әйелді одан сайын сұлуландыра түскен. Орамал астынан көрінген қою қалың шаштың бос өрген тоқпақтай бір бұрымы мойынға орала келіп, аққу төсті аймалап, толқынданып тұр. Ақбөпе шай құюға еңкейе берсе-ақ, үлбіреген балапан тамақты қытықтап, сипап қалады.

Дика тағы бір стаканды аударып тастаған соң, жымың-жымың етіп отырды да:

— Енді орысша өлең айтайын ба, — деп үйдегілерге еркелегендей басын көтерместен мұрнын уқалай берді.

— Айт, айт. Шәүпәле! Әй, орысша да үйреніп алған ба өзі? Дика үйренбейтін дүние жүзінде ештеме болмас, шіркін, зерек қой бұл, — деп Қосиманов миығынан күліп кителінің жағасын ағытты.

— Мен қытайша да айта аламын, — деп Дика одан сайын еліріп, биыл боранда екі күн түнеп кеткен орыс жігіттерінің аузынан «қағып алған» өлеңдерін шырқай жөнелді. Үй іші тағы да ду күлкі. Қосиманов шегі түйіліп, жастықты бауырына басып домалап қалды. Атшы жігіттің екі иығы селк-селк етіп, көзінен жасы ақты. Орысша әннің он екіде бір нұсқасы келмейді, анда-санда кейбір сөздердің нобайын әрең аңғарып қалмасаң, басқа түк түсініп болмайды. Бірақ оны сезіп отырған Дика жоқ. Қызып алған.

— Әй, осы Бәйтөбетің нешеге келді екен. Ай, біздің өкшемізді басып жүрген шығар-ау, қашанғы Дика бұл...— деп Қосиманов көсе жігітке қарап ойға кетті. Оның ойында отырған Диканың жас мөлшерін есептеп білу емес еді, онымен қалжыңдасып отырып Ақбөпемен бетін біржола ашып алу болатын. Сол ойына жеткен секілді.

— Дика, осы сен нешедесің?

Жігіт төмен бұғып, жымыңдай береді.

— Әй, айтсаңшы.

— Сиыр жылы туыпсың деп жүретін. Қайдан білейін...

— Жалақ болғаның содан екен ғой. Ха-ха-ха!.. Ал сиырың, қай сиыр? Жә, қойшы соны. Өзің бір 30-40-қа келген шығарсың, ә?

— Келдік қой, — деп Дика байсалдана қалды.

— Ал енді, шыныңды айтшы, осы күнге дейін өзің жігітшілік құрып көрдің бе? Ха-ха-ха!..

Диканың сары табақтай жалпақ беті түгел күліп жаялықтай боп кетті.

Ақбөпе сәл ғана езу тартып:

— Жезде-ай, сіз де сұрамасты сұрайды екенсіз, — деп шай жинай бастады.

— Сұрамағанда қайтейін, өмірдің ең бір шырынын татып көрді ме екен, білейін дегенім ғой. Шіркін, біз де бір күні тұғырдан таямыз-ау, — деп Ақбөпеге қисая жатып қарап сөз тартты. Бірақ бұл жолы жауап болмады.

Қосиманов Ақбөпеге қарап, шын ынтығып жатыр. Көз алдынан кешегі соғыс жылдарындағы оқиғалары да өте шықты. Елде жігіт жоқ. Қыз-келіншек көп. Қырдың қызыл түлкісінше, көрінген жерде көлденеңдеп, кес-кестеп өте береді. Қосиманов өкілдікпен ел аралап жүріп, мұндай түлкілердің талайын-ақ қарға аунатып, ұмар-жұмар соғып алатын. Тіпті ұзақ сонарға түсіп қиналған күні де кемде-кем. Көбінесе «қан сонар» мен «келте сонардан» асырған жері жоқ. Енді, міне, алдында бұлаңдап, тағы бір түлкі отыр. Бұған үлкен айла-қақпан керек. Шошытып алса, түлкіден айырылып қана қоймай, күлкіден айрылуы да хақ.

Ақбөпе осы үйдің келін баласы. Қазір жесір отыр. Күйеуі Жәлел боранда суыққа ұшып өлгелі, міне, табаны күректей бір жыл өтті. Қарасай іштегі құдандалы адамдары мен көрші ауылдарда отырған жақын жұрағаттарының басын қосып, баласының жылын беріп аттандырды. Өшейінде қайда жиын-той болса, тағы бұғыларша елеңдеп отыратын кәрі-құртаң, кемпір-шал қақаған қыстың суығын елемей, жайдақ шанаға таласа-тармаса отырып келді де, асқа сойған көк бестінің еті мен аста-төк тағамға дән ырза боп, елдеріне тарады. Ертең өздерінің де көз жұмары естеріне кіріп шығар емес, қайсыбірі қутың-қутың етіп, өмірі көрмегендей астың етін өлермендене, құныға жеп, кете-кеткенше кәрі езулеріне дамыл берген жоқ.

Бәрінен де пайдалы оралған Тәшім молла болды. Осы маңда өлім-жітім бола қалса-ақ, кәрі құзғынша ұшып жететін молла, осы жолы да өзінің жуас торы биесіріс салт міне салып, сәскеде аттың басын осы үйге кеп бір-ақ тіреген. Көптен бастары қосылмай ындыны кеуіп, «сусап» жүрген кәрілерге күні-түні шариғат айтып, шөлдерін қандырған. Енді аулына қарай ұзай бере-ақ тарамыс қолын қойнына сұғып жіберіп, ішкі қалтасындағы «құдай жолымен» деп тапқан бір бума ақшасының сыртынан сытырлата басып-басып қойды. Үстіне киген қаракөл жағалы әлі міні құрамаған бір қаралық қара көк драп пальтосының етек-жеңіне шүңірек көзін бір жүгіртіп өтіп жымың етті. Қалың қаптал шапанының сыртынан тырсылдата зорлап киіп жатқанда пальтоның қолтығы айырылып, бырт-бырт сәгілген. Анадай жерде көзі жаудырап қарап тұрған Жәлелдің тұңғыш ұлы Болат жүгіріп келіп, аяғына оралып, «ағамның пальтосын шеш, бұл ағамдікі» деп өксіп-өксіп жылап жіберіп еді. Бір жағынан қожалығы да бар Тәшім молла баланың басынан сипап тұрып, «ой азамат, өзі азамат боп қалыпты, жылама, қайтсін, пақыр, — деп жұбата келіп, — тағы бірде әдейі соғып, сүндетке отырғызам өзім», — деп ендігі жылы-жұмсақтың орны боларсың-ау дегендей, сәбидің насыбайына сұғанақ көзімен еміне қарай қалған. Бұрын да ол жөнінен құлаққағыс бала шыр етіп, қайта бұрылып, әжесінің бауырына тығылған.

Кісі аяғы басылған соң, «Малжан ағашының» бауырындағы жалғыз үй бұрынғы кәсібімен күн кешіп, бөз-баяғы қалпында өзгеріссіз тұра берді. Жылы қорада қанатын қағып-қағып алып, тамағы жыртылғанша қосыла шақыратын балапан ақ әтеш, аяғы үсіген шойнақ қызыл әтешпен бірге алакөбеде оянатын осы үйде Дика ғана. Өзінің күндегі әдетімен ауыз үйдегі қақ ашаға ілулі қол шамды жағып алады да, қап-қараңғы ат қораға, содан соң сиыр

қораға барып күн көтерілгенше тықыр-тықыр мал жайлап жүргені.

Абажадай қораның ішіндегі үш-төрт бөлменің бірінде жібі түзу сағат жоқ. Үлкен үйдің қолмен сылаған бұжыр-бұжыр қоңыр қабырғасында жиектерін тот басқан атам заманғы темір сағаттың қаңылшықтай тілі тоқтағалы қашан. Салмағын арттыру үшін винт байлаған сағат тасының шынжыры қарны жарылған қойдың ішегінше шұбатылып тұрғалы, міне, төрт жыл. Жәлелдің қол сағаты болушы еді, бұрнағы жылы отын кесіп жүріп ағашқа соғып алып, бетінің күлпаршасы шыққан. Содан бері еш жөндеусіз, абдыраның түбінде жатыр.

Бірақ сол үйге сол сағаттың тіпті қажеті де жоқ. Бұл үйдегі Дикадан басқа адамдар бастары іскенше ұйықтап тұрады да, жайланып отырып шайға қанып алған соң, әркім өзіне меншікті жұмысымен айналысады. Шай жиналып болысымен Жәміш шешей мен Ақбөпе қазандықтың астына қиды толтыра қалап, кешке дейін семіртіп тұрған соғымдарға жем дайындаумен болады. Сонау Малжан байдың үй мүлкінен қалған ескі көзі, берекелі жұртының құты — дәу тай қазан ертеден қара кешке бұрқ-тарқ қайнап, буы аспанға шығып жатқаны. Дүниеге келгелі төңкерілген мес қарнын жалын жалай қаймыжықтай жұқартып, жылда шұрық-шұрық тесілсе де, Қарасай жылда қайта жаматып оттан бір түсірген емес.

Мал жайлап келген соң Дика өзінің құтты орны — қазандық бөлменің қара көлеңке бұрышындағы темір құрсаулы тас диірменіне отырады. Табиғат қол диірменге лайықтап бергендей доғал біткен қамыт аяғын бауырына ып-ықшам жинап алады да, арпа мен бидайды диірменнің үңгісіне толтыра салып, жарма ғып түсіре береді. Анда-санда тамақ ішуге тұрғаны болмаса, бөлменің ішіне лық толған қою будың ішінде диірменнің әуенімен бірге ыңылдап әнге салып, қас қарайғанша ырғаңдайды да отырады.

Жалғыз үйдің тіршілігі осылайша ақырын мимырт жылжып өте береді. Қазандық басында күйбеңдеп мал қамымен жүрген әйелдер мен Дика күндерінің қалай өткенін де байқамайды. Әйтеуір қас қарая ұшып жығылады. Күн шықса-ақ болды, күн батады» деген сөз осы үйдің кесімді уақыты, өз сағаты секілді.

Жәлел қайтыс болғаннан кейін де жылап-сықтап азынаған қаралы үй қайта сабасына келіп, күн көрісі бірқалыпты өте беріп еді, бірақ күйеуінің жылын берген күннен былай Ақбөпе үшін бұл тұрмыстың арқауы үзілгендей болды.

Ең алғаш қалың ауыл ортасынан шығып, осы жапан түздегі жалғыз үйге келін боп түскенде, Ақбөпе «елсіз-күнсіз жерде бұл үй қалай тұр. Бұл арада іш құса болып жарылып өлетін шығармын» деп іштей толқыған еді. Бірақ күн артынан күн өтіп, уақыт өткен сайын тіпті елін, төркінін сағынуды қойды. Тек Жәлел жолаушылап кеткенде ғана үй ішінде бір нәрсенің орны жоқтай ойсырап, жас көңіл тағат таппай, әлденені аңсап, сағынып қалатын кездері болмаса, ері қасында жүргенде көңіліне титімдей уайым-қайғы келмейтін-ді. Жасынан қазақ ауылында ескі әдет-ғұрыптың кейбір сарқыншағына етене боп өскен қыз, келіншек боп түскен соң да, сол салтты сақтап, қазақ ғұрпының табалдырығын аттап өткен күні болған жоқ. Сондықтан ба, жас келіншек жолдасының жылын күтіп, ел ішінен бата оқи келген адамдар болса, даусын шығармай ғана сыңсып жылап, ерін жоқтағаннан басқа көңіліне бөтен ой алған жоқ-ты. Енді, міне, соңғы кезде өз-өзінен қоңылтақсып, көңілі құлазып, үй ішінде бір бұраудың басын сындырмай, тапжылмастан жатып алатынды шығарды. Бұрын Жәлелдің сүйегін көзі көрсе де өлгеніне көңілі сенбей, әлде бір жаққа жолаушылап кеткендей қимайтын ыстық сезімнің оты сөніп, ерінің жылын берісімен соңғы ақтық үміт біржола үзілді. Жәлелдің бар кескін-кейпі, ыстық жар құшағы әркім бөліп әкеткен киім-кешегімен бірге кетіп, енді келместей, орны суи қалды. Тек қана қабырғада ілулі тұрған Жәлелдің үлкейтілген кәртішкесі ғана қаңыраған үй ішіне мұңая қарап, қыршын кеткен адал достың аянышты кейпін сездіргендей.

* * *

Жығылғанға жұдырық дегендей, бүгінгі Қосимановтың қылығы Ақбөпені одан сайын ойға салды.

Қап-қараңғы бөлме іші тым-тырыс. Тамақ піскенше ұйқы меңдеп қалғып отырған атшы басы жастыққа тиісімен қор етті. Қонақ үйге лық толған жүргіншілердің арасынан шопр Оспан бөлініп, отауға келген. Ақбөпе салып берген төсекте біраз дөңбекшіп жатты да, ол да ұйқыға кірді.

Далада боран күшейе түскен секілді. Ышқына соғып тұр. Қиыршық қар қырау басқан аласа терезені ұрғылап дамылсыз ысылдайды. Тар қуысқа жиналған қар ұйтқи соғып, мұздай тілімен әйнекті жалап-жалап алады. Төбесі жабылмаған пеш мойны іштегі жылуды суыра тартып гуілдеп тұр. Үй ішінде ұйықтамай жатқан екі-ақ адам. Қосиманов пен Ақбөпе ғана.

Аппақ мамық төсекте жатқан Қосиманов қалың атлас көрпені серпіп тастап, жағын таянып, шынтақтай түсіп жатты. Болар-болмас ағараңдап көрінген Ақбөпенің шымылдығынан көзін алмай, оның әрбір дем алысын, тынысын тыңдап, аңға түсетін бүркітше қомданып-қомданып қояды. Дүниедегі бар қызық, бүкіл ләззәтті сол шымылдық ішіне қамап қойғандай жұтына қарайды. Бақандай бір жыл бойы ер адамның ыстық құшағын көрмей жесір отырған келіншектің созыла түсіп жатқан аппақ жұмыр балғын денесі көз алдына елестеп, құлағының түбінен, тамағының астынан мап-майда ыстық лебі шарпып өткендей болады да, өн бойы шым-шым шымырлап, тамыр-тамыры солқ-солқ етеді. Сол мезетте атып тұрып қасына жетіп барғысы келіп ұмтыла береді де, әлдебір алпамсадай қуатты қол екі иінінен басып, шектіріп тастағандай болады. Аздан соң бар ой, ыждаһат тек шымылдықтың ішіне біржола ауып, құс төсектің үстінде тізерлей түсіп, ін аузында кірпік қақпай тышқан аңдыған мысықша шоқиып ұзақ отырып қалды.

Ақбөпе болса Қосиманов елестеткендей алшая түсіп, ашық жатқан жоқ, кішкентай Раузасын бауырына қысып, ұзақ ойда бүк түсіп жатыр. Сыртта ысылдаған, суылдаған ақ боран өзін тұмшалап орап алғандай өне бойы қалтырап, бүрісе түседі. Түтеген боран Жәлелді шыр көбелек айналдырып, дедектетіп ұшырып әкетіп бара жатқандай болады. Екі қолы көкке қарай ербеңдей беріп Жәлел сүрініп құлайды. Ұйтқыған есірік боран тұншықтыра тап беріп үстінен баса береді. Ақыры Жәлелді жермен-жексен етіп көміп, әрмен қарай бірін-бірі қуалай ойнақ салып ұзап кетеді. Жан түршіктірерлік осы бір елес боран болса-ақ Ақбөпенің көз алдынан әсте кетпейді. Жасынан не ішейін, не киейін демей, ерке өскен ашық мінезді, ақ жарқын Ақбөпенің көңілі бұл кезде жаси қалады. Етегінің ашылған, жабылғанын әлі біле қоймаған бүлдіршіндей жас күнінен тұрмысқа шығып, келе екі құрсақ көтеріп, аналық сезімі оянған шағында үлкен бақытсыздыққа кезіккені есіне түсіп, көзіне мөлтілдеп шық үйіріледі. Құдайға не қылығым жақпай осынша бақытсыз бола қалдым деп, өртеніп бара жатқан іштегі дертті. сыртқа шығарып қатты күрсініп қалды: «h-oh».

Сәл сыбысқа елеңдеп жатқан Қосимановтың көзі шырадай жайнап, ұйи бастаған денесін лезде жинап алды.

— Ақбөпеш, әлі ұйықтаған жоқсың ба?! — деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін де аңғармады.

Жас келіншектің ішінен шыққан ащы жалынды, арзан нәпсіні аңсаған ыстық жалын деп ұқты.

Ақбөпе дыбыс бермеді. Өзінің естірте күрсінгеніне қысылып, ыңғайсызданып қалды. Лезде көрпемен басын тұмшалап алып, көзін тарс жұмды.

Бірақ Қосиманов мұны да өзінше жорыды: бұрын ағасындай көріп жүрген үлкен адамға көңілін бірден сездіре қою да оңай болып па. Өлгі белгіден артық не керек.

Ендігі жатыстың реті жоқ. Жасықтық. Реті келген ыңғайлы кезеңді суытып алмау керек.

Түні бойы ішкен арақ одан сайын желіктіріп буындары сырт-сырт етіп орнынан тұрды. Ақбөпенің төсегіне қарай Қосиманов батыл жылжыды.

* * *

Ұйқысы сергек шопр Оспан Ақбөпенің ащырақ шыққан үрейлі даусынан оянып кетті:

— Бұ кім?!

— Мен ғой, Ақбөпеш, айғайлама, — деп сыбыр еткен Қосиманов көрпе сыртынан түртіп, Ақбөпенің денесін тінте бастаған қолын лезде тартып ала қойды.

— Не іздеп жүрсіз?! Есік ана жақта.

— Есік іздеп жүрген жоқпын.

— Енді не керек?

— Ақырын сөйлеші, Ақбөпеш, жұрт оянып кетер. Аяқ жағыңа отырайын ба? — деп Қосиманов төсекке отыра бергенде, Ақбөпе кірпіше жиырылып көрпесін тұмшалап алды.

— Барыңыз.

— Ақбөпеш, бір сөз айтайын деп ем.

— Осы жарым түнде не қылған сөз?

— Енді... енді өзің білесің ғой.

— Мен түкті де білмеймін, барыңыз, ертең айтарсыз.

— Ай, Ақбөпеш-ай, бала емессің, білесің ғой, тым құрымаса білегіңнен ұстайыншы, — деп Қосиманов көрпе астына қолын жүгірте бергенде, Ақбөпе шоршып кетті. Қосиманов «бұл әшейін үйреншікті қарсылық» деп батыл қимылдай беріп еді, жас келіншек төсектен қарғып түсіп, есікке қарай ұмтылды. Қосиманов білегінен шап беріп жібермей тұр.

— Не деген ұятсыз едіңіз, мені кім деп тұрсыз, — деп Ақбөпе қолын жұлып алып ауыз үйге шыққанда, Қосиманов та ілесе кетті.

Шопр Оспан бұдан әрі шыдамады. Орнынан атып тұрып ауыз үйге ұмтылды:

— Бұл не жанжал?!

— Жанжалы несі, — деп мастығы лезде тарқаған Қосиманов төр үйге қарай жылыса берді.

— Ар, ұят қайда? — деп шопр Оспан гүр ете қалғанда көрпенің астына кіріп те кетті. Тар үйдің төрт қабырғасы бірдей жаңғырығып, «ар, ұят қайда!» дегенді шопр Оспан емес, көмейі кең, жалпақ пеш, Жәлелдің үлкен суреті айтып тұрғандай болды.

Айдалада өкшелеп қырғи қуғанда жан дәрменде жолаушы адамның қолтығына жып беріп паналайтын боз торғайша Ақбөпе шопр Оспанды бас салды. Жәлел өлгелі аға-аға тыйылған жас қайтадан сорғалай жөнелді. Ызадан, намыстан шыққан жас.

— Жесір деп басынатын шығар. Жәлел өлген соң, енді мені бөтен санағаны ғой. Не деген мазақ, не деген азап, ері жоқ адамды қорлауға болады дейтін шығар, — деп күйініп жылады.

Дір-дір еткен жас әйелдің ыстық, балғын денесін бауырына басып, жұп-жұмыр иығынан құшақтап, «жаным, жыламашы!» — дегеннен басқа жұбату айта алмай, өне бойы қалш-қалш еткен шопр Оспан қалың шашына ернін тақағанда, бұлшық етті, сом жауырынды, ірі жігіттің лебінен Ақбөпені жалын шарпығандай болды. Шопр Оспанның аузынан еріксіз шыққан «жаным» деген сөз Ақбөпені одан бетер тебіреніп жіберді. Жәлел осылай деуші еді. Ып-ыстық жас, темір төске тамған қорғасындай Оспанның кеудесіне құйыла берді.

* * *

Ертеңіне, алағөбеден тұрған Қосиманов Ақбөпеге көріне алмай, бетінен басып оразасын да ашпастан кете барған. Қайын жұртына қайтып келместей боп, жерге қарап кетті.

Осы түннен кейін Ақбөпе мүлдем өзгерді. Жапандағы жалғыз үй маңайдағы ауыл өмірінен қандай бейхабар жырақ жатса, бұл да осы үй ішіндегі тұрмыстан алшақтанып жеке қалды. Жәлелмен отасқалы жастық қызығын бірге өткізген өзінің отауы салқын тартып, бөтен адамның үйіндей сезіледі. Өзі ертең кететін бір күндік қонақ секілді.

Оның осы халін үй ішіндегі үлкендер де сезе бастаған. Ақбөпемен ашық сөйлеспесе де, оның «бұзылып» жүргенін іштей ұғынып, әркім өз ішіне түйіп, ендігі жайдың сыңайын аңдумен ғана болды. Және ерінің артында бақандай бір жыл тапжылмай отырып шаңырағын ұстап келген жас келіннің ендігі «құбылуын» ешқайсысы ағаттыққа жори алмады. Басу айтып, ақыл берудің де реті жоқ. Оның үстіне, үй ішіне қатал, тымырсық Қарасайдың алдында Жәміш те тайқақсып, Ақбөпе жайлы тіс жарып сөйлесуге батпады.

Өз семьясындағы адамдардың қымс еткенін қас-қабағынан аңғаратын Қарасай да отау үйдегі салқындықты бірден сезген. Әйтсе де, басына қандай ауыртпалық түсіп, көңіліне небір жаман ойлар оралса да, әсте жамағатымен ақылдасып істеуді ер адамның бойындағы ездiк, қасиетсiздiк санайтын ол осы жолы да Жәмішпен ләм деп сөйлескен емес. Тек іштен тынып, күн ұзын түнеріп қана жүретін. Түн болса-ақ қашан көзі іліккенше әлдебір ойлар қамап, жүрегінің қалтарысында бұғып жатқан жасырын бір сыр мазалап шығатын.

Тереңінде жатқан осы бір сыр бүгін суырша бас көтеріп, батыл байламға келетін күн туды. Оған себеп болған Ақбөпенің хаты.

Түнеугі Қосиманов түнеп шыққан күннен бері толқып жүрген Ақбөпе бүгін белін бекем буды. Қолына қалам алып мүдірмей жаза берді.

«Әке, апа, — деп басталған хаттың артынан көңілдегі бар ой бірден ақтарыла кетті. — Тағдыр салған іске ара түсуге болмайды деуші едіңдер. Рас, менің басыма түскен сол тағдыр салмағынан мені ешкім арашалап алып қалуға шамасы келмеді. Жәлелдің артында қалған екі жетімекпен бірге шырылдап мен де қала бердім. Амал не. Міне, содан бері оның орнын жоқтатпайын деп әлі отырмын. Оған ренжімеймін де. Өзі болмаса да, аруағы риза болсын дедім.

Тірі адам тіршілігін жасай береді екен ғой. «Өлмегенге өлі балық» дегендей. ендігі ойым — екі кішкентай бөбектің қамы. Солар адам болса екен, жетім атанып қағажу көрмесе екен деймін. Мұндағы ата-анасы да оларға Жәлелдің орнын сездірмейді. Әйтсе де туған әкедей қайдан болсын. Жәлел кеткелі мен де өзімді осы үйде отырған бөтен адам секілді санаймын. Үй ішінің маған деген көңілінің алалығы болмаса да, тыстағы адам жатсына қарайтын секілді. Тіпті айтуға да ұят, мені жұртта қалған жесірге ғана балайды. Рас, тағдыр салған соң, оны көтеремін де.

Ендігі ойым көзге түскен ноғаладай жапандағы үйде жалғыз отыра бермей, елімді тапсам деймін. Екі қолға бір жұмыс, ел қатарлы түртініп еңбек етіп, кішкентай сәбилерді жеткізсем деймін. Елге барғанның енді айыбы жоқ шығар. Көптен бері қатынамай да қойдыңдар. Осы хатты алысымен, мені көшіріп алыңдар. Елді де, жерді де сағындым. Енді бұл арада отырудың еш реті қалмады. Тез, хат жетісімен келіңдер. Мұнда мал да бар. Тірі адам болған соң оны да ойламай...»

Осы жерде хат шорт үзілді.

— Ақбөпеш-ау, үй іші азынап кетіпті ғой. Балаларды ауыртып аларсың. Қазіргі кез нағыз жаман уақыт, — деп үйге Жәміш кірді.

Расында да таңертеңнен от жағылмаған бөлме іші салқын. Терістік жақтағы кішкене терезеге тұрған жұқа қыраудан ызғар еседі. Төрдегі алаша үстінде ойнап отырған Болаттың нәзік саусақтары қызарып, желке шашы үрпиіп, өңі бозарған.

Ақбөпе пеш мойнын ашуға жер үйдің төбесіне шықты. Ішіне құм толтырып тіккен киіз жастықшаны алып, қалқан қою үшін желдің аңғарын байқады.

Далада үп еткен жел жоқ. Тым-тырыс. Түнеугі қатты бораннан кейін аяздың сағы сынып, күнге жан кіре бастаған. Әбдікей күні қой құмалағы қарға батты, енді қыс ұзақ болмайды десіп, тәжірибелі қарттардың болжау айтқаны шын болды. Бір-бірімен бой таластыра созылған жалжал қыраттар ақ жаулығын жарым-жартылай шешіп тастап, қарайып жатыр. Бұрын қайраңға жақындай алмайтын кемеше алыстан орағытып жылжитын күн енді бері қарай өрмелеп, күміс қарға кірпігін шанша бастапты. Қыстағыдай сезімсіз, салқын қарамайды, реңінде жылы шырай бар. Қазір күн ұясына қарай еңкейіп батуға жақындаса да, бойындағы қызуы кетпеген. Үстінен жаяу борасын арылмайтын сірескен ақ қардың беті қабыршықтанып, әр жері сетінеп, сөгіле бастаған. Анда-санда жерде сояу қурайлар қылтияды.

Ақбөпе Малжан ағашының терістік жағындағы тақия төбенің басына қойған молаға қарады. Қыстай ұйтқи соққан толассыз сапалақ боран ішінде аппақ боп көрінетін төрт құлақты зираттың күнгей беті еріген. Ық жағы қалың қар. Бұл — Жәлелдің бейіті. Үнсіз қалғып тұрған зираттың маңы бір кезде шықылық-шықылық ете қалды. Қалақ құйрығын жыпың-жыпың еткізіп шыға келген ала сауысқан зираттың бір құлағына барып қонады. Жаны шығып безектеп жүр. Бұл неге шыжалақтап жүр деп Ақбөпе көз алмай қарап еді. Өлден уақытта зираттың тасасынан қылт етіп қырдың қызыл түлкісі шықты. Зады ақ тышқан ұстаған болуы керек. Тышқанды қоя береді де, қап-қара сүйір тұмсығын арасына тығып созыла түсіп аңдып жатады. Өбден сілесі қатқан тышқан енді жылжи берем дегенше атылып барып бас салады. Тышқан бүлк етпей есі шығып жатса, аяғымен қақпақылдап одан сайын зықысын шығарады. Тіпті болмаса ұп-ұзын күлте құйрығын өзі тістелеп, айнала шауып асыр салады. Тоңқалаң асып ойнайды. Күнге шағылысқан ақ қардың үстінде аунап-аунап, жүні бұрынғыдан да құлпырып, қайтадан тышқанды әурелейді.

Ен далада емін-еркін жайбарақат жүрген осы түлкі мен уайымсыз ала сауысқаннан бөтен қыбырлаған қара-құра жоқ. Сонау алыстағы «Қыземшек» дөңінің бауырына жеткенше көрініп жататын айдау жолдың үстінде қатынаған бірде-бір жолаушы көрінбейді. Жапан түз сұлық жатыр.

Ақбөпенің көңілі бұрынғыдан да жабырқап, төбеден түсті. Қараңғы қораның бұрышына тақталап үйген кебу қайыңнан бір қолтық алып үйге ене беріп еді, тап алдынан атасы қарсы шықты. Келінінің жүзіне қарамай, тұқырайған бойы өз үйіне барып кірді. Бұрын отауға сирек келетін Қарасайдың мына жүрісінен сезіктеніп, Ақбөпе қолындағы отынын пештің аузына тастай беріп, дөңгелек столға жүгіріп келді. Хат жазған қағаз жерде жатыр.

— Мынаны түсірген сен бе? — деп хатты жерден көтеріп алған Ақбөпе Болатқа бас салды.

Өзімен өзі боп, ойнап отырған жазықсыз баланың көзі жыпылықтап, аузына сөз түспей:

— Жоқ... білмеймін... — деп, онда тұрған не бар дегендей анасына қарады.

— Енді кім, сайтан ба түсірген?!

— Иә деген, сайтан емес, атам оқыған жаңа. Ақбөпенің жүрегі су ете қалды. «Масқара-ай, оқып қойған екен ғой».

Далаға шығарда бір жерге жасырып кетпегенімді қарашы. Ұят болды-ау».

* * *

Қарасай аудан орталығында екі-үш күн жатып, Қосимановтың үйіндегі Халелді үйіне алып қайтты. «Шешең науқастанып жатыр, сені көріп кішкене көңілі көтерілсін» деп, өтірік сылтау айтып, былтыр мектепті бірге бітірген жолдастарымен жоғарғы оқуға дайындалып жүрген баланың аяғын жерге тигізбеді.

Дүние жүзінде Халел үшін бір ыстық жер — құрбыларымен қатар ойнап-күліп, бірге өскен «Қызыл жалау» мен өзінің үйі тұрған «Малжан ағашы». Жазғы демалыс күндерінде өзімен кластас жолдастары кейде сол «Малжан ағашына» бара қалса, бір-екі күннен кейін-ақ зерігіп, кете-кеткенше

асық болатын. Дарияның ортасындағы меңіреу аралда қалғандай аласұрып, жол тосып, жүргінші күтіп әлекке түсер еді. Ал Халел болса жазғы каникулының қалай зымырап өте шыққанын да аңғармай қалады.

Халел сыртта жүргенде әке-шешесін баласы есебінде сағынса, Ақбөпе жеңгесі мен Диканы құрбысы, туысқаны ретінде сағынады. Ақбөпе оның алдында өзін жеңге есебінде ұстамайды да, Халел өзін қайны есебінде ұстамайды. Бір-бірімен жарқылдап ашық ойнап-күліп мәз-мейрам боп алысып-жұлысып жатқаны. Тіпті, кейде бір класта оқитын қатар құрбыларынша жоқ нәрсеге таласып қалып, лезде қайта татуласады. Олардың ашуының басы — алысып жүріп Халелдің қолы батып кетсе, ойнап отырып Ақбөпенің сөзі батып кетеді. Ақ жарқын, ақылды жеңге тілге де ұста, айтыса қалғанда бір сөзбен шоңқитып отырғызып кететін. Ондай жерде сөз көтере алмайтын Халел қызарақтап мұрны қусырыла қалады. Бірақ қайтымы шапшаң ақкөңіл бала артынша-ақ қайта жадырап, өзінің осал жерінен басқан Ақбөпені ренжітіп алдым ба деп, қашан көңілін тапқанша қипыжықтап бітеді.

Ал Дика ше. Халел үйде жүргенде Диканың екі құлағы езуінде. Үй шаруасымен қаншама қажып жүрсе де, Халелге қосыла қалса шаршағанын ұмытып кетеді. Қысты күндері шөптің қуысында, жазды күндері ағаштың бауырында қып-қызыл нарттай болып терлеп, ырс-ырс алысып жүргендері. Қашан үлкендер үстінен шыққанша ұмар-жұмар домалайды да жатады. Бұларды көбінесе аңдып жүретін кәрі әжесі. Диканың ойнап жатқанын көре қалсақ: «Ой есалаң неме, баламен бала болып, жаман түйенің жабуынша жарбаң-жарбаң алысқанша, жұмысыңды істесейші», — деп үйге қуып тығады. Мәз-мейрам боп арсалаңдап жүрген Дика, лезде өзгеріп, қабағына түн орнай қояды. Үнемі мықынынан темен сырғи беретін жамаулы шалбарын бір көтеріп, шаруасына зытып отырады. Ал жақын маңда Қарасай жүрсе, Дикамен ойнамақ түгіл, оны күлдіре де алмайсың. Үй иесінің қабағынан-ақ ығып жүреді. Ондайда Халел қасында тұрса да, оған көз тоқтатып қарамайды. Танымайтын адамындай онымен тілдеспей, митың-митың өз шаруасымен болады.

Екі-үш күннен бері оңтүстік жақтан өкпек жел тұрған. Дала алай-түлей. Қарасұр бұлт жөңки аунап, бауырымен жер сызып, терістікке қарай үдере көшіп жатыр. Аспан аласұрып дөңбекшіген секілді. Жел кеулеген ұлпа қар сығымдалып, шөгіп қалған жұқа жерлеріне су түсіпті.

Қау шөпті көпірте салған жалпақ шананың оң жағында отырған Қарасай терең ойда. Жалбыр тонға ұқсаған аспан астындай іші алай-түлей.

Соңғы бір жыл Қарасай үшін төбеден жай түскендей, құдай тағаланың оңдырмаған жылы болды. Талай жылдан бері шашау шығармай жиған мал, маңдай тер, қыруар еңбегі бір-ақ күнде еш болып, от басы, бүкіл қара орманы аңырап, адыра қалғалы тұр. Бар сүйеніші, шаңырақ иесі екі ұлының бірін сұм ажал тамырымен суырып алып кетті. Соңында қалған екі сәби де ертең бұл үйден мүлде кетпекші. Шешесі олардың біреуін де тастамайды. Арада бір-екі жыл өткен соң-ақ, олардың көңілі суып, жат бауыр болып кететініне күмән жоқ. Бәрінен бұрын Ақбөпе бұл үйден кетті дегенше, оның әкесі Қапыш та жонын сыртқа салып, аулақтай береді дей бер. Бүкіл Омбы ішіндегі ақшаның көзін табатын әйгілі саудагерден айырылған соң, Қарасайдың шаруашылығынан да мән кететініне шөк жоқ. Қапыш — үлкен қалаға баратын өткел. Қарасайдың саудасының ретін келтіретін сол. Қызы бұл үйден кетсе, Қапыш пысқырып та қарамайды. Бәрінен бататыны осы. Оның үстіне Ақбөпе тағы да біреудің етегінен ұстайтын болса (басы жас адам жесір боп отыра берер дейсің бе) балалардан күдерінді біржола үзе бер. Балаларымен кетсе, Ақбөпе оң жаққа түскендегі әкелген өз жасауымен ғана кетпейді. Жәлелге, балаларға тиісті еншісін біржола алып кетеді. Оған айылын да жимайды. Заң орны да ара түседі. Ал ендігі сенетіні мына Халел болса, оның да осы шаңырақтың астында малын малдап, жанын жандап отырар беті көрінбейді. Ендігінің баласына сенім жоқ. Ертең оқуын бітіріп алған соң, үлкен қалалардың біріне білім қуып кете барады. Оны шешесі де қолдайды. Екі жақтап отырып алса, қанша адуын болғанмен Қарасайдан биліктің кететініне имандай сен. Бала уысыңнан бір шығып кетті дегенше, оған сөзің өтіп, дегеніңмен жүргізем деп ойлама. Ертең өз қолы өз аузына жетіп алған соң, өзі секілді оқыған бір тік бақайды алады да, басы ауған жаққа тартып жүре береді. Сонда бүгінгі күні шалқып тұрған Қарасайдың тұрмысы не болмақшы. Жоқ, өл, тіріл, қайткенде де Халелдің аяғына тұсау салу керек. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» деп келіп тұр. Әрі енші алып Ақбөпе кете алмайды, әрі өз бетімен қағусыз Халел кете алмайды. Құда да тыныш, құдағи да тыныш. Қызыл жалауға жүрер түні Жәмішпен күңкілдесіп: «Ақбөпеге сездіріп қой. Тосыннан естісе, шоршып кетер. Құлағына құя бер», — деп кеткен. Бірақ Ақбөпе қарсы болар деймісің. Егер баласы көнбесе ше? Қарасайдың өне бойы қалтырап, мұздап кетті. Тесігі кең, жұқа кертпіш мұрнының ұшы дір-дір етті. Сояуланған сирек қыл басқан жалпақ беті жыбырлап, «шынымен әкенің айтқанынан шығар ма екенсің» дегендей, үлкен отты көзінің қиығымен баласына қарады.

Халелдің көңілі — қамажай.

Ақбөпе жазған хатын еліне жібере алмады. Төркін жағына қарай жүретін жолаушыны күтіп жүргенде, ойламаған жерден әкесі Қапыштың өзі келіп қалды.

Көңілі жарымжан боп, өзін далаға тастаған шіріген жұмыртқаға балап, қайғы жұтып жүрген Ақбөпе бүкіл үй іші көшіп келгендей қуанып, бір жасады. Әсіресе әкесімен ере келген кішкентай бауыры Маратты қайта-қайта құшақтап сүйіп, мауқын баса алмай жүр. Қыз күнінде туыс қадірін білмейтін еді, енді он үш жасар баланы артынан іздеп келген дардай азамат көрді.

Бірақ бұл қуаныш та ұзаққа бармады. Жаңа ғана көз байлана бере пеш мойнын жабуға тысқа шығып, қабырғаға сүйеген ағаш сатыға аяғын салар-салмаста қайта тартып алды. Үй сыртындағы жапырақсыз сидам қайыңдардың ұшар басында қара құзғындар тым-тырыс мүлгіп, құжынап отырған. Кенет дауыл соққандай бәрі ду етіп ұшып, бақ-шақ болып, кешкі даланы басына көтерді. Қара бұлттай қаптап, шыр айналып жүр. Сүйткенше болмай ағаштың бауырынан қылт етіп шаналы жолаушы шыға келді. Төбеге ұрғандай не істерін білмей аңырып тұрып қалған Ақбөпе, үйдің тұсына жете берген ат оқыс пысқырығанда барып бойын жиып, үйге жып беріп еніп кетті. Есіктен шәуілдеп шұбыра шыққан бір қора иттің лезде үндері өшіп, шананың айналасында жарыса секіріп, иесіне арсалаңдап келеді.

Үйден шапшаңдатып Дика да шықты. Халел үстіндегі тұлыбын шешіп үлгірмей, бас салып құшақтап, қалың жағаның ішінен бетін таба алмай аймалап жатыр. Ұяластар да иесін танып, қара тұлыптың өңірін, арқасын тырналап, қайта-қайта асылады.

Қарасай болса қадаға бастарын түйістіре байлаған қос күреңді таныса да, танымаған адамдай тосырқап, кірпік қақпай қадала қалыпты.

— Бұлар кім? — деді әлден уақытта. Дика не дегенін ести алмай, қипыжықтай басып қасына келді. Бірақ қайтарып сұрай алмады.

— Сен, немене, керең болғансың ба өзің?! Аттарды доғар!

Дика бүгежектей басып, тас қып ораған тамақ бауға бір, құлақ бауға бір жүгіреді.

— Әуелі божыны ағыт, көтермені түсір, дүлей. Қашан ұғар екенсің!

— Ағатай, үйге құда келіп жатыр. Бүгін келді. — Қарасай Қапыштың келгенін біліп тұрса да, құда деген сөзді естігенде, кірпідей жиырылып, қойнына бір кесек мұз тастап жібергендей тітіркеніп кетті.

Қатал иесінің алды-артына секіріп еркелеуге бата алмай қашанда құйрығын бұтына тығып мүләйіммен қалатын кәрі қаншық, осы жолы да жол жүріп келген Қарасайдан қаймыққанмен, жаратылысындағы иттігіне бағып, тілерсегі майысып келіп, аяғына оралған. Қарасай әлі қата қоймаған қаз-қатар салбыраған болжыр емшегінің тұсынан теуіп қалып, қаңқ еткізді.

— Өне бір сілімтік кімдікі. Сұлыны сен бердің бе, есуас! — деп үй алдындағы биік қарды шұңқырлап ойып, соған төккен сұлыны күрт-күрт жеп тұрған кебеже қарын, мегежін биеге қарап, зірк етті.

— Жоқ, мен бергем жоқ. Сұлы өзінікі. Тәшім молла ғой, — деп Дика көзі жыпылықтап тұрды да қайта жымыңдады. — Болатты отырғызып қойған.

— Не дейт?! — Қарасайдың өңі өзгеріп сала берді. — Аттарды мықтап байла. Қар жеп қоймасын.

Тыста қабағы қарс жабылған Қарасай үйге жайраңдай енген. Төрде, қалың бөстек үстінде мамық жастыққа шынтақтай жатқан құдасына құшақ жая ұмтылды. Қапыштан төмендеу отырған Тәшім моллаға бас изей салып, құдасынан құшағы ажырасымен ақ шымылдық ұстаған болскей ақ кереуетке барып, Болаттың үстіне түсіп құлындай қалды. Сұп-суық тарамыс қолымен тізесінен басып үстіне мал бауыздайтын қасапшыдай өңмендей төнген қожадан үрейленіп, жүрегі қозғалған бала, екі күннің ішінде қу шүберектей бозара қалыпты. Қанаты қатпай тұрып, терек басындағы ұясынан құлаған қарғаның дәрменсіз сарыауыз балапанынша екі көзі жаудырап жатқан мүсәпір бала атасын көргенде мұңын шағып шыр ете түсті. Тығылып-ақ жатыр екен. Өксіп-өксіп жылайды.

— Өй, қарашығым сол, зекетің кетейін, құрмалдығың болайын. Міне, енді азамат болды деген осы емес пе, — деп асты-үстіне түсіп айналып толғанған Қарасайдың мына қылығына қазандық аузында жүрген Жәміш тіксініп қалды. Әшейінде балаларының маңдайынан да иіскеп, еміренбейтін қатал әкенің жоқ жерде өзеурей кеткені ерсі, оғаш көрінді.

Халел сырт киімін сыпырып тастап, жүгіріп отау үйге кірген. Жеңгесін сағыныпты. Теріс қарап отырған Ақбөпені бара бас салып құшақтады. Бұрынғыдай алыса түспекші еді, бірақ Ақбөпе ту сыртын беріп бұрылмады. Иығын ішіне тартып, жүзін алып қашады. Халел әуелде әдейі істеп тұр

екен деп, жұлмалап жүріп өзіне қаратып еді, мұнды көзін көріп сескеніп қалды. Жүрегі әлденеден секем алып, аузына сөз түспеді. Көптен көрмегендікі ме, Ақбөпенің өңі өзгерген секілді. Сәл жүдеген бе, қалай? Жапырағы ашылып, күліп тұратын қызғалдақша үнемі жайрандап жүретін жеңгенің жүзі жадау. Қарашығы үлкен аялы көзінің астындағы әдемі меңі де суық. Шашырай шыққан күн шапағына малынған көктем даласындай үнемі нұрланып, шуақтанып тұратын өңі, қазір сұлық жатқан бұлыңғыр күз даласындай да, уыз беттің тап ұшындағы қап-қара мең сол далада, көшкен жұртта иесіз қалған төңкерулі ескі қазан секілді.

— Ақбөпе, мен саған бірдеңе әкелдім, көрсетейін бе? — деп Халел қойнына тыққан затты көлегейлей аша беріп, қайта бүркеді. Бұрынғы әдетінше Ақбөпе бас салып, жармаса түседі ғой деп ойлап еді. Ол үндемеді.

— Сенбей тұрмысың. Қарашы өзің. — Ақбөпеде үн жоқ.

Бұдан өрі Халелдің шыдамы таусылып, қойнынан бүктеулі бір затты суырып алды. Ауданнан шығар алдында: «Ақбөпенің көңілі жарым ғой, мынау әйелдердің жақсы көретін матасы, ала бар», — деп әкесі дүкеннен панбархыт әперген. Халел жарқыратып жаза бастады.

Ақбөпенің мұнды көзі жасқа толып, мөлдіреген екі-үш маржан үзіліп-үзіліп түсті.

* * *

Қарасайдың адам тұратын үй санынан мал тұратын қора саны көп. Бір-біріне тіркестіре салған баспа қоралар қоянның жымы секілді. Қуыс-қуысына қараңғыда еніп кеткен бөгде адам бір қалтарысында қалып қойса, таң атқанша тауып шығуы неғайбіл.

Қазір ауыз қораның жуан арқалығына қос тілерсегінен қыл арқанмен асып қойған қара қойдың терісін Тәшім молла жалақтаған ағаш сапты бөкісімен сырылдатып, жұдырығымен іреп түсіріп жатыр.

Жаңа Қарасай:

— Уа, Жәміш, қазаныңдағы иісі шығып жатқан ненің еті? — деп төр үйден дыбыс берген.

— Ненің еті болушы еді. Шошқаның етін әкелген жоқ ең ғой? — деп, еттің иісін сезсе де сезбегендей әдейі қиястанып сұраған Қарасайдың сөзінде бір көкір барын түсіне қалған Жәміш те алдын ала жұмсақ кекесінмен жауап берді. Қашанда ұрыс шығарып, үй ішіндегі адамдарды қуырдақша қуырап алдында, Қарасай осылайша белгілі нәрсені түсінбегендей жорта қазбалап сұрап, соқтығуға қара іздейтін. Бірақ бұл жолы ол Жәміштің сөзін шам көрмеді. Қайта жайрандай күліп:

— Біздің кемпірдің осындай ілмешегі бар. Тілі жай тіл емес, шотаяқ қой, шотаяқ! — деп, құдасының алдында қалжыңға басқан. — Жәміш-ау, қазанға жылқы етін салыпсың. Соғымның сыбағасы өз алдына. Құдаға тартар басың қайда?

— Уа, қойыңыздар. Сыбағадан артық не керек. Әуре болмаңыздар, — деп Қапыш шынымен азар да безер боп шоршып түсіп еді.

— Жоқ, ол болмайды. Біз өзіміз сіздің үйге барғанда май берсеңіз де жей береміз, — деп Қарасай оның сөзін құлағына ілмей, Тәшімді ертіп қораға шыққан.

Қазір сойылған қойдың маңында Қапыш та, үйдегі бір-екі қонақ кемпірлер де тұр. Сабалақ жүн сеңсең қара тері екі жаққа түріліп, қойдың еті жалаңаштана бере, қонақ кемпірдің бірі қызыл көзін шам жарығынан алақанымен көлегейлей түсіп, ине сабақтай алмаған адамша сығырайып кеп үстіне төне қарады да, басын қайта көтеріп алды:

— Түһ, жарықтық-ай, өзі де аппақ қардай болған екен. Бауыздарының өзі май ғой тұрған, — деп арық қолымен бір-екі шымшып қалды.

— Ықылас түзу ғой, ықылас! — деп Қарасай қой қасында енді аялдамай, Қапышты ертіп қол шаммен қораларын аралап кетті. Шым-шытырық қораның асты толған аша. Ара-арасымен келе жатқан екеуі әуелі сиыр қорадан өтті. Өңкей кебеже қарын мама сиырлар сағыз шайнағандай баппен күйіс қайырып, ыңқылдап-гүрсілдеп, қайсыбірі пысылдап, жалпайып-жалпайып жатыр. Қабырғаның ұзына бойына тартып, екі басын қайыс ілмешекке ілген сырғауылда иін тіресіп, қаз-қатар қонақтап тауықтар отыр. Қасына келген адамдарды сезген кейбірі көздерін ашып қырылдап, мойындарын созып-созып қояды. Жып-жылы ұядай қораның іші мұнтаздай. Сиырлар жатқан тақтайдың айналасында бір қиқым шөп жоқ. Тап-тақыр ғып сыпырып тастаған. Әйтсе де, мұқият жиналған шашаусыз дүниеден бір кінәрат таппай қоймайтын әдетіне басып, Қарасай Диканы кінәлап, күстаналай жөнелді.

— Мына қарашы енді, істеп қойғанын. Малдың астындағы көңге шөп жіберме, жіберме деп неше қақсаса да құлағына кірмейді. Сиырлардың астына дейін шөпті көпіртіп салады, әлгі дүлей. Жылда шөптің тең жарымын рәсуә ғып жүрген бір су ми.

— Е, Қареке, сонда да шөбіңіз қашанда мұрты қисаймай артылып қалады. Колхоз аман болсын, — деп Қапыш жымың етті. — Ертең ол тезек болады. Өйтеуір, үйге қайта кіретін кіріс қой.

— Ол рас, — деп арқасына батып, белі қайыспайтын дүниеге қайта оралмай, Қарасай жылқы қорасына беттеді.

Қысқы түгі қалыңдаған атандай жылқылар буы бұрқырап күрт-күрт жем жеп тұр. Тебісіп қалмасын деп әрқайсысын бір-бірінен алшақтап, араларын ағашпен бөлген. Өшейінде адам қасына келсе оқыранатын аттардың әдеті жоқ бұларда. Кісі келді-ау деп мойын да бұрған жоқ. Тоқмейіл.

— Шіркін, жылқы баласы басқа малдан ерекше-ау. Күні-түні ауыздарында дамыл жоқ. Биылғы төгіп алған төрт машина ақ сұлы қазір бітуге тақады. Қисапсыз жейді ғой жылқы малы, — деп Қарасай бір көтеріліп қойды.

— Мына бір тұрған қайсы, мен көргем жоқ білем, — деп Қапыш дөңгеленген семіз байталды нұсқады.

— Е, бұл анада Малтайдан сатып алатын арық көк емес пе.

— Батыр-ау, сол ма?! Қысқа қарай көк тартып құлпыруын қарашы патшағардың.

— Айтқандай, сіз іші қабысқан осы да мал боп кетер ме екен деп күмәнданып едіңіз-ау. Жем шіркін қойсын ба. Және өзі бір түріне қарамай жемқор неме екен. Алдына не төксең де шыдатпайды, нағыз қазанат болып шықты. Бір ішкенде бес-алты шелек суыңды бір-ақ сыңғытады.

— Құда-ау, осының өзін қаншаға алып едіңіз.

— Бір жарым сұрап, мәгерешін айтып, арақтың иісін сездірген соң, бірге түскені қайда. Ащы судың атын естісе кейбіреу от көрген көбелектей жалп етіп уысыңа түсе кетпей ме. Енді, көре қалыңыз. Жұрттың қысқы соғымы азайып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында бұл төрт жарым, бесеуіңе сөз айтқызбайды, — деп Қарасай күректтей алақанын ысқылап-ысқылап алды. — Биыл төрт-бесеуін тоғыттым. Қалғанын жақында орындаймын. Осы жолы келісіп келген жерлерім бар.

— Пай-пай, мына буырыл ат та жарылайын деп тұр екен. — Қапыш өзінің аңғармай сұқтана сөйлегенін сезе қойып, құдасының көңіліне келмесін дегендей, бір-екі түкіріп, бурылдың жалына салды қолды. Атандай биік аттың үстіне қонған маса тайып жығыларлық жұп-жұмыр. Шоқтықтағы бір уысын ғана қалдырып, қалғанын күзеген кереге жал былқ етпейді. Бүкіл мойын етпен тұтасып кеткен. Тастысына қол батпайды. Ұма майы кіндікке тіреліпті.

Қарасай да аттың алдындағы науаға қарап жеусіз тұрған сұлыны керді.

— Кейінгі кезде бұл жемнен де қалды. Сере шығарына күмән жоқ, — деп енді құдасын қой қораға бастады.

Екі құда бірінің үйіне екіншісі келе қалса, байлықтарын көрсетіп, шаруашылығын мақтан ететін әдеттері. Бір-бірінің алдында байлығымен ғана беделді екенін екеуі де іштей ұғынады. Өздерінің өресі, жетер жері осы жиған-терген малының, саудасының төңірегінен аспай жатса да оны мешеулік емес, өткерілген пысықтық, істің ойы-қырын білетін, әр нәрсенің көзін табатын өнерлілік деп түсінеді.

Қой қора — төбесін қолдың саласындай етіп балапан қайыңмен жауып, маямен тіркестіре салған кең албар. Малға шөп салатын жалғыз Дика болғанмен, ішін қуыстай алған маяның әр жерінде ағаш сапты жұлғыштар салбырап тұр. Шөпті мал басын таптамас үшін алдын сырғауылдармен бекіткен. Жиырма шақты қой ұзын жәшіладан оттайды.

Қарасай мен Қапыш төңкерулі жатқан үлкен науаға кеп отырды. Екеуі қашанда осы араға келіп ақыл қосуды ұнататын. Қапыш күзенмен астарлаған қаракөл жағалы пальтоның өңірін айқара түсіп жайғасты. Елүлердің мол ішіндегі оның бетінде осы күнге дейін бір сызат әжім жоқ. Бір кезде Омбы төңірегіне аты мәлім болған қарағайдан қиып салған он екі бөлме үйі бар аты шулы Ғабиболла саудагердің Сәлимә атты сұлу қызынан туған Қапыш та ақ сарының көріктісі, түгел алтындатқан күрек тістері шам сәулесіне жалтылдай түсіп, құдасына күле қарап отыр. Тамағын кенеп алып, әңгімені Қарасай бастады.

— Иә, Омбы ішінде не жаңалық бар?

— Омбы іші бәз-баяғы қалпы. Жақында ғана барып қайттым. «Казачийде» екі күн болдым. Осы соңғы бір жұманың ішінде еттің қаны жерге тимей кетті. Мясокомбинаттың қоры азайыңқыраса керек. Колбасаны көп шығарады да, етті дүкендерге баяғыдай мол түсіре алмайды. Оның үстіне қазір қалаға келушілер көбейіп кетіпті. Тың көтеру үшін Алтайға, Қазақстанға тіленіп шыққан жолаушылардан көзің сүрінеді. Вокзал басы құжынаған халық. Содан болар, мясокомбинаттың еті асханаға, ресторанға түседі де, дүкендердің сөрелеріне жайылған азын-аулақ ет қала халқына шақ келмейді. Түскенін түскенінше бөліп әкетеді.

— Е-е, базардағы еттің көтерілуі де содан екен ғой, — деп Қарасай базар нарқын естігенше асыға түсті.

— Көтерілгенде қандай, күйіп тұр. Семіз қойлардың еті 30-35-тердің үстіне шығып кетті. Сауданың дер кезі. Өттең жол бұзылғалы тұр, әйтпесе, — деп Қапыш басын шайқады.

Жаратылысында кербез, паң Қапыш қазір құдасының алдында өз-өзінен асығыс сөйлеп, тым жайдары күледі.

Көмейіне тығылып, жұмырланып отырған бір сырын бүгіп, шығара алмай отырған адам секілді. Қарасайдың жүзіне көзінің қиығымен ұрлана қарап, сыңайын аңдып отырған қалып бар. Мұндай арбасудың талайын басынан өткерген әккі Қарасай да мұны сезіп, қашан айтар екен деп жүрегі дауаламайды. Оның ойындағы тек Ақбөпе жайы.

Қазақ ғұрпында ерін бір жыл күтіп отыру әйел затына шарт болса, ол сыннан Ақбөпе өтті. Ендігі Қарасайдың күтетіні келінінің рұқсаты болмақ. Мына аласапыран кезде құдасының аяқ астында келе қалуы да тегін емес. От ала келгендей, ертең қайта жүрем деуі де сол болса керек.

Біраз әңгіменің басын шалып, орағытып кеп, ақыры Қапыш құдасы үрейлене күткен сөзге ауысты.

— Ал, Қареке, мен енді амандық болса, ертең жүремін. Өте асығыспын. Сізге үлкен бір қолқа сала келдім, — деп қалтасынан алтын жалатқан жалтыраған жұқа портсигарын алып, шылым тұтатты. Қарасай біреу жұтқыншағын сығып жібергендей, үні шықпай демі бітіп сұрланып отыр. Құдасына айтар сөзді алдын ала дайындаса да, ә дегенде не дерін білмей, әлден уақытта барып тілге келді:

— Иә, рұқсат, айт қолқанды. Әр нәрсенің уақыты бар деген. «Құдай салды, біз көндік». Бірақ біздің де айтар базынамыз бар. Біздің де ойымыз...

— Сіздің базынаңызды көтермеген күніміз бар ма, Қареке. Ал бұл жолы шын салмақ сала келдім. Шын сеніп келіп отырмын. Жағдай былай, — деп Қапыш енді, төңірегін ұстарамен қырғандай мінсіз сұлу қасының ұшын одан сайын шалқайта керіп, әңгімені жай бастады.

Осы күні, қарап отырсаңыз адам баласының дүниедегі бар өнері аз ғана ғұмырын қызықты өткізе білуінде екен ғой. Бұрын жігіттің қанаты ат деп небір жүйрік жылқыларды ұстаушы ек. Қазір машина шықты. Ана бір машинаны алғаннан бері бармаған жерім, баспаған тауым жоқ. Тіпті шаруашылыққа да издесең таптырмайтын дүние. Барам деген жеріңе дыз еткізіп жетіп барасың.

— Туһ. Машинаға не жетсін. Мен де Халеліме біреуін алып берем бе деп жүрмін. Ақбөпеш екеуі сайранды салып жүрер еді, — деп Қарасай Қапыштың тамырын бір басып өтті.

Құда сөз сыңайын аңғармады ма, аңғарса да қолайсыз әңгімені айналып өткісі келді ме, бұған мән бермеді.

— Бірақ, сол машинамыз көне тартып ескіріңкіреп те қалды. Оның үстіне, Қареке, бір істің сәті түсіп тұр, — деп Қапыш бір тоқтады. Шылымын баппен сорып, түтінін сыздықтата шығарды да, сөзін қайта жалғады. — Осы күні машина алу да оңай емес. Омбыда машинаның өшіретіне тұрған адамда қисап жоқ. Былтыр Куломзинодағы Жұмабай інішек екеуміз өшіретке жазылып ек, қазір жетіппіз. Ескі машинаны сатып жіберем. Табан аузында жаңа күніндегі құнына қағып әкетеді. Ондайлар өріп жүр.

Қарасай: «Осының бәрін неге айтып отыр. Ақбөпе жайына көшпей ме», — деп іштей шыдамы таусылып, сөздің артын тағатсыз күтті.

— Ал, енді... Соған... Қареке, бірер айға азбыншы ақша керек. Сол үшін ат сабылтып әдейі келдім, — дегенде барып Қарасайдың жүрегі орнына түсті.

— Қанша керек, — деді ол жұлып алғандай.

— Бір, жиырма мыңдай болса, жетеді. Көп ұзамай қолыңызға қайта салам.

— Өй, ол не дегенің. Екеуміздің арамыздағы ауыс-түйіс құдай жолы емес пе. Қалта түбін қағып көрейік.

— Еһ, бәсе. Ай, Қареке, өлсем аруағым ырза. Сіздей құдасы бар адамның арманы не?

— Илаһи амин! Алла-тағала осы құда деген сөзіңнен жаңылдырмасын. Жәлелім кетсе де, сен дегенде көңілім баяғыдай.

— Ойбай-ау, о не дегеніңіз, құда мың жылдық емес пе.

— Оның рас. Ақбөпе де өзімізге Жәлелден артық болмаса кем емес, іштен шыққан баладай болып кетті ғой.

— Әрине, әрине...

Әдейі келген шаруасы тап осылай жылдам оңға баса қояр деп Қапыш ойлаған жоқ еді. Сөзді алыстан орағытып, қармақты тереңге салып отырғанда, тоқ етерін айтуы мұң екен, Қарасай уысына түсе кетті.

Қарасайдың өз есебі өзінде. Құдайдың дес берісі — Қапыштың өзі келіп қолға қонды. Енді осы арада амал қолданып қалу керек.

Шаруасын тындырып, көңілі жай тапқан соң:

— Ал, енді үйге кірмейміз бе, — деп Қапыш орнынан көтеріле беріп еді, Қарасай етегінен басты.

— Қапыш, сәл бөгелші. Енді сен мені тыңда. Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады дегендей, құдай оңдап, дәл келе қалуыңды кермейсің бе. Өзім әдейілеп барам ғой деп отыр ем. Өз үйімде айтуға тура келді.

Қапыш: «Тағы да сауда жайы болар», — деп басқа ештеме кәперіне келмей шылым тұтатты.

— Құлағым сізде, құда.

— Басқа түссе баспақшы дейді. Пәнде басына не түссе де жұмыр бас көтере береді екен ғой. Былтыр Жәлелім суыққа ұшып өлгенде мен енді ұзақ жасамаспын, сары уайыммен баламның соңынан мен де аяңдайтын шығармын деп ойлап ем. Бірақ «өлгенмен бірге өлу жоқ» деген рас екен.

— Е, қанша қиындық болса да тірі адам тіршілігін жасай береді де. Қаза жолы бір басқа.

— Жәлелімнің өлімінен де, міне, түн жамылып отырмын, бір аллаға аян, маған ауыр тиіп жүрген бір нәрсе бар еді. Ол Ақбөпе жайы болатын. Шыным сол, енді Ақбөпе қайтер екен, бізді тастап кетер ме екен деп ішім удай ашып жүруші еді, көңілім жай тапты.

Қапыштың жіңішке қасы дір етті.

— Үйде жүрміз демесе, кәрілер не біле береміз. Жәміш сезіп маған осыдан бір ай бұрын айтты. Ана кішкентайларды жетімсіретпейік, жат жұрттың қолына қаратып жүдетпейік деген болулары керек, — деп Қарасай әңгімені алыстан орағытып, бықсытып отырды да, әлден уақытта барып лап еткізді. — Балалар бізден де зерек, бізден де ақылды ғой. Өздері қорытса керек. Тек бізге айта алмай жүріпті. Олардың қолын кім қағады. Бақытты болсын дегеннен бөтен не дейік. Халелім де ер жетіп, ақылы толысты. Отау иесі болатын шаққа кәміл жетті. Өмеңгерлік құдай жолын түсінген екен. Айналайын Ақбөпе екеуі, аман болса, елдің алды болатынын өзім сезем. Беттерінен жарылқасын, батаңды бер. Илаһи амин!

Қарасай бетін сипады. Шоқырақтатып сөйлеп сөзінің соңын шала-пұла бітіріп, қолын жайса да Қапыш ишарат жасамады. Іштей қарсы да емес. Әйтсе де Халелден мұндай әрекет шығар деп ойламаған Қапыш тілі күрмеліп не дерін білмеді. Оның үнсіз отырып қалғанынан қысылған Қарасай тағы да жуып-шайып желпелдете түсті.

— Ал енді, жер дегдісімен Мәлике екеуің тез жетіңдер, балаларды қызықтап, тойын тойлайық. Осы кетеріңде оң батаңды бер, Ақбөпе де, Халел де өзіңнен ұялып, не істерін білмей жүр. Естігеніңді білдіріп, ризалығыңды беріп кеткейсің.

Қапыш басын үнсіз изеп, үйге беттеді. Ол кетісімен Қарасай қараңғы қораның түпкіріне, жаңа Қапыш отырған орынға Халелді алып келді.

— Отыр мына араға, — деп шілтерлі қол шамның көмескі жарығының астында қасынан орын ұсынды.

Қатал әке кенже ұлымен бұрын-соңды бұлай жеке отырып, жасырын сөйлесіп көрген жоқ еді. Халел енді өзін тұңғыш рет үлкен азаматқа балап құпия әңгімеге шақырғанын сезіп, байсалды қалыппен құлақ түрді.

— Сен осы мына құданың мезгілсіз уақытта неге келгенін білдің бе?

Халел әңгіменің басы бұлай басталар деп ойламап еді. Оның аяғы қайда сайып, неге тірелерін де түсінбеді.

— Білмедім, көке... Жай әшейін қыдырып келген шығар, — деп Халел сөз төркінін аңдамай салғырт жауап бере салды.

— Жоқ, балам. Жай келмепті ғой. Жәлелім өліп, бір жақ қабырғам түгел сөгіліп отырғанда, жығылғанға жұдырық деп, тағы да осы үйдің орнын ойсырата келіпті...

Қарасай қараңғы қорада түнере түсіп, ауыр күрсінді. Шөп қуысына қарай иілген ірі көлеңкесі маңдайын сүйеп жылап отырған секілденді.

— Ол не, көке, ойсыратқаны қалай?! — деп аңғал баланың көзі шарасынан шығып, үрейленіп қалды.

— Қапыш Ақбөпешті кішкентайларымен қоса осы үйден мүлдем алып кетуге келіпті.

Халелдің төбесінен жай түскендей болды. «Ақбөпешті», «мүлдем» деген сөздер бүкіл өн бойын суық кесірткеше аралап өтті. Бұрын Ақбөпені өзімен бірге туған қыздай көріп бауыр басып, оның жеңге деген атын сарапқа салмаушы еді. Енді аңдаса, Ақбөпе осы жұрттан мүлдем кетуі де мүмкін екен ғой. Халел тұңғыш рет Ақбөпенің қасиетті орнын жаңа сезді. Жапандағы жалғыз үйдің бар қызығы да, қуанышы да осы Ақбөпенің бойында екен-ау. Егер ол болмаса бұл үйде не қасиет, не жақсылық қалмақшы. Бәрі де жайдақ төбедегі сарайған пеш мойнынан шығатын түтінше сұйылып, тап-тұйнақтай жиналған жып-жылы бөлме іші азынап бос қалатындай көрінді. Халелдің көңілі де бір сәт құлазып, жүрегіндегі бар аяулысын біреу алғандай сілейіп отырып қалды.

Иә, Қапыш Ақбөпешті ғана алып кетуге келмепті, осы үйдегі бар қызық, бар жылылықты түп орнымен жұлып әкетуге келіпті. Бірақ оған қарсы тұрар не айла-амал бар? Тағдыр салған іске кім ара тұра алады? Қарасай Халелдің балалық сезіміне осылайша от тастап алды да, енді намысына тие сөйледі.

— Қапыштың ниетін ертеден-ақ сезгем. Былтыр Жәлелдің жамбасы жерге тиер-тиместе, қабірі құрғамай жатып-ақ іштегі жақын жұрағаттары Ақбөпеге құда түсіп қойыпты деп өз құлағыммен естігем. Бірақ сені жүдетпейін деп айтпап едім. Түріне ақылы сай Ақбөпедей адамға кім қызықпайды. Молдабай деген Омбы ішіне аты шулы бір саудагердің жалғыз ұлына береді екен деп жақында ғана біреулер өсектеп жүр еді. Ақыры шын болды. Оны бүгін Қапыштың көмейінен сездім. Ертең Болат пен Раузаны Қапыш өз бауырына салып, Ақбөпені ұзатады да қоя береді... Шіркін-ай, Молдабайдың да тасы өрге домалап тұр-ау, — деп Қарасай қынжыла отырып, шырт түкірді.

— Онда балаларды біз алып қалсақ қайтеді, — деді Халел. Бірақ осыны айтарын айтса да шынымен Ақбөпе мүлдем кетпекші ме, бөтен үйдің келіні атанып, аз күнде жат адам болмақшы ма? — деген ой түскенде көңілі жасып қалды.

— О-ой, қарағым-ай, осы күні балаларын қай әйел тастап кетуші еді. Жәлел болмаған соң, қайын жұрттан гөрі төркін жақын емес пе. Оны атама. Одан да басқа амалын ойластыру керек, — деп Қарасай тағы да шырт түкірді.

— Енді қандай амал бар?.. — Халел шын қынжылды. Ең болмағанда әлі де біраз күнге дейін кетпей, Ақбөпе тұра тұрса екен деп, сол аз күннің өзін медеу көріп қимас көңіл толқи берді. «Шынымен алып қалар амал бар ма, шіркін-ай, табылса ғой, сол амал», — дегендей әкесіне үміттене қарады. Қарасай да Халелдің аузынан осы сөзді күтіп отырған.

— Амал бар. Ол амал сенің қолында. Егер сен бел шешіп кіріссең, Қапыштың аузына өзім-ақ құм құям, — дегенде, Халел:

— Менің қолымда? Менің қолымда не бар, мен не істеймін? — деп таң қалды.

Қайран, мөлдір бұлақтай таза көңіл. Қазір әкесі айтар сұмдыққа оның аузы бармақ түгіл, үш ұйықтаса ойына кірер ме. Әлі қаймағы бұзылмаған адал көңіл ондай ойдан аулақ еді ғой. Егер әке қолында ғана талай қулықты жадына тоқып, басқа таза дүниені көрмей жырынды боп өссе, салған жерден-ақ әке сөзін емеурінінен білер еді-ау.

— Ал, Халелжан, көптен бері көмейімде тіреліп жүрген бір сөзім бар еді. Ол — менің де, ақ сүтін берген анаңның да тілегі, — деп Қарасай етпетінен сүйеулі тырнауышты алып, жер тырнап отырып сөйледі. Жәлелжан біздің баламыз болса, сенің бір құрсақтан, бір шаранадан шыққан бауырың. Ең жақының. Екеуің тел қозыдай бірге өсіп, біріңе-бірің арқа сүйеп өтетін едіңдер. Бірақ сұм ажал дегендеріңе жеткізбеді. Ана кішкентайлары да тірі жетім. Енді оларды біреуге телміртіп, жаутаңдатып қояудың реті болмас. Олай болған күнде Жәлелдің де аруағы ырза емес. Ендігі айтарым, оларға аға ғана емес, Жәлелдің орнына қамқоршы бол. Қанатыңның астына ал. Ақбөпештей бала ілуде кездесер. Атадан қалған мирас бар. Оны да тентіретіп жіберу атымызға лайық емес.

Халелдің денесі мұздап, жүрегі үрейленіп, тоқтап қалғандай болды. Сөздің сыңайын түсінсе де, ондай жамандыққа бұруға дәті шыдамай Халел үнсіз қалды. Аузына лайықты сөз түспеді. Әкесі сояу тіс тырнауышпен жер емес, оның құйқа тамырын тырналап отырғандай болды.

Оның үнсіз қалған қалпын келіскенге жорып, Қарасай енді ашық сөзге көшті.

— Оқимын десең оқы. Оқуыңа Ақбөпеш те, біз де қарсы емеспіз. Тек аяулы жеңгенді жат жұртқа жіберме. Өмір бақи жылаумен өтпесін. Бүгін Қапыш көнсе көнді, көнбесе Ақбөпенің өзіне айтып, алып қалам, бұл үйден жібермеймін. Енді өзің адам ет.

Халел жаңа ғана ұйқысынан оянғандай селт етіп, күрмелген тілден ащы үн атылып шықты:

— Жоқ, жоқ, көке! Мұныңыз масқара ғой. Атамаңыз, не деп отырсыз?

Оқыс шыққан дауыстан елең еткен қойлар да бастарын көтеріп алып, күйістерін доғара қойды. Қараңғы шөп қуысында жұлдызша жылтыраған жап-жасыл көздерін бері бұрып, олар да үрейлене қарады. Тек аздан соң барып, ә жай әшейін екен ғой дегендей сүйір тұмсықтары қайта қисаңдап, бырт-бырт күйіске ауысты.

Бағанадан мәймөңкемен отырған Қарасай да енді даусын көтеріп, баласына зеки сөйледі.

— Масқарасы не? Мен сені жарға итеріп отырғам жоқ. Әке сөзін тастайтын қайдан шықтың. Жәлелдің балаларынан сен безгенде бөтен жұрт не істемейді. Сен түгіл, жер ортасы жасқа келген мосқал адамдар да әйелін тастап, басқа біреудің әйеліне үйленіп жатқан жоқ па. Ондайлар аз ба. Сен немене, солардан әулиемісің?!. Әлде Ақбөпешті қораш көремісің. Әне, ана Молдабайдың өзің сықылды алтын асықтай баласы қыстай Қапышқа сөз салдырып қолы жетпей отырған жоқ па. Қиқаңды қой. Қолда барда алтынның қадірі жоқ. Ақылға сал. Ақбөпеш өз адамың, — деп Қарасай тағы шырт түкіріп, қайтадан жуаси сөйледі. — Тап осы жолы Ақбөпештен айрылудың жөні келмес, балам. Ертең-ақ оқуға кетесің. Егер ұнамаса кейін рұқсат берерсің. Оның ешқандай айып-шамы жоқ. Саған жабысып қалатын талақ емес. Өзірше Жәлелдің орнын жоқтатпа. Оның үйдегі орны да көрдей боп суып, қаңырап бос қалсын демесең, балалықты қой! Кейінгісін көре жатармын. Өзір осы айтқаным болсын. Соңғы тілегім. Ендігісін өзім-ақ жайғастырамын.

Қарасай орнынан ширақ тұрып, талтаңдай басып қараңғыға сүңгіп кетті. Халелдің екі беті дуылдап шөп қуысында қала берді. Не ойлап, не қойғанын өзі де білмейді: жаңа әкесі тастап кеткен тырнауыштың басын басып қалып, сабы маңдайына сақ ете қалғандай мең-зең.

Келесі күні Ақбөпе ерте тұрып, мұздай киініп алды. Шай қойып, түнгі асты жылытып жүрген Жәміш оны көргенде не дерін білмей, шымшуырмен отты қағыстыра берген.

— Апа, — деді Ақбөпе. — Әкем бүгін жүретін шығар.

— Иә, қарғам, қазір тамақ іше салып аттанады. Таңғы қатқақпен кетпесе, кешеден бері даланың қары күрт еріді ғой.

Жәміш одан әрі ештеме демеді. Қазандық қасында үнсіз сілейіп тұрған Ақбөпе:

— Апа, ренжімесеңіз, мен де... — дей бергенде:

— Жаным-ау, не дейсің. Қалай ғана қиып сені жіберем. Шынымен осы үйді тастап кетпекпісің, — деп Жәміштің ерні дірілдеп қоя берді. Белін жазып, орнынан ұшып тұрған Жәміштің қолынан шымшуыры да түсіп кетті. Ұзын бойлы, ақсары еннен бозара қалған өңінде, жасаурай қалған мейірімді қой көзінде қызындай тәрбиелеген аяулы келінін қимас белгі бар. Ақбөпе де анасындай болған Жәмішті өкпелетіп алғандай қипақтап кеп, мойнынан құшақтай алды.

— Апа-ау, қайтып келем ғой. Мені мүлдем кетеді деп тұрмысыз. Ешқайда да кетпеймін. Тек қар кетіп, жер аяғы кеңігенше, біраз елге барып, сергіп қайтсам деймін.

— Өй, қарашығым сол. Бара ғой онда, бара ғой, — деп Жәміш аппақ сазандай Ақбөпенің мөлдіреген көзінен сүйді.

— Онда мына асты қамдай бер. Мен құдағидың қысқы сыбағасын салайын. Қапшық қайда екен, қапшық?

Бәйек болып, шошалаға қарай ұмтылған Жәміштің соңынан Қарасай да шыққан. Жарма есіктің сыртынан келін мен ененің сөзін тындап тұрған Қарасай шошаланың кілтін аша берген Жәміштің білегінен ұстай алып зірк етті:

— Өй, есуас неме! Ми бар ма сенде өзі. Мына басыңда бір шайнам ақыл болса бұйырмасын. Неменеге апың кіріп, күпің шығып аптығып жүрсің. Қайда жібермексің Ақбөпені?

— Қайда жіберуші ем, үйіне барып келеді.

— Ешқайда да бармайды. Отыр әрі, желіктірмей.

— Желіктіргені несі, — деп Жәміш шырт еткізіп кілтті ашып жіберді. — Бір жыл бойы қара жамылып отырғаны да жетер. Барсын. Біраз серпіліп қайтсын.

— Серпілетін не сонша, осы үйде біреу оны қамауда ұстап отыр ма екен. Түнде ғана сен су миға айтпадым ба. Халел екеуін бүгін ғана қосып отырғанда, арасын суытайын деп пе ең. Біраз бауыр басып үйреніп алсын, сосын мейлі.

— Кейін де үйренер. Бірін-бірі ұнатса, өзі де қайтып келеді. Зорлап қосайын деп пе ең.

— Өй, өзің не айтып тұрсың, — деп шошала ішінде күңгірлеп, әйеліне дігірлей жөнелген Қарасай, Қапыш үйден жөтеліп шыққанда барып тына қалды. — Осыдан, Ақбөпеден қол үзіп, Қапыш секілді құдадан айырылайық, сонда болсын саған!..

Қарасай қанша шыжалақтағанмен келінге тосқауыл бола алмады. Кішкентай қызын киіндіріп, шанаға орап отырғызған Ақбөпе төркініне кете барды. Жасынан ерке өскен, бірбет қызына Қапыш та ештеме деуге бата алмады. Тек бір қаға берісте Қарасайға күңк еткен:

— Қареке, Ақбөпе менің қызым болса, сенің де қызың. Құдай қосқан баланы бұл үйден әкетіп, қайда апарады дейсің. Барам десе барсын. Шешесін сағынған шығар. Кейін Халел екеуі бір-бірімен жарасып кетсе, менде бөтен ой жоқ.

— Олай болса, Халел де бірге барсын. Шанаға сыймаса атқа салт мінер. Жер қарайып дегдігенше бірге болып қайтсын. Тойларын кейін жасармыз, — деген еді Қарасай, бірақ ол айтқаны да болмады. Халел орнынан тұрған жоқ. «Ешқайда да барарым жоқ, ауырып жатырмын» депті шешесіне.

Пар ат жеккен жеңіл қашаба үй алдынан жылжып бара жатқанда ғана Халел іш киімімен орнынан атып тұрып, терезеге жабысты. Жұқа қырауды демімен үрлеп, аяулы, ақ жарқын жеңгесі қашан көзден тасаланғанша оймақтай тесіктен сығалап ұзақ қарап қалды.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Қыс бойы түтеген ақ боран көміп тастаған даланың қалың қары биыл күрт еріді. Бір жұма ұдайы соққан өкпек жел қардың өкпесін тесіп, шөгіп жатқан түіе бұйраттарды аз күнде жалаңаштап кеткен.

Тек кешеден бері ғана жел райынан қайтып, аспанда сірескен қорғасын түстес зілдей бұлт ыдырап, күннің көзі жылтырады. Көктемнің алғашқы шуағы бұл. Аз күнде дүр сілкінген Сарыарқа шуаққа маужырап, бусанып тұр. Зәрі сынған ызғарлы қар қыраттардың көлеңкесін паналап, жыралардың қуыс-қуысында бұғып жатыр. Терең сайлардың іші шала ұйыған айрандай ірк-ірк етеді.

Қызыл жалаудан шыққан он шақты трактор жұбын жазбай ауыр жылжып келеді. Жаңа бұзылған лайсаң жолды бауырымен сызып, күн сәскеге көтерілгенше едәуір жерді ұтып тастады. Өрқайсысының соңында тіркеген алып шаналар ауыр табанымен жіби бастаған тоңды көк бауырша тіліп келеді. Шаналардың үстіне жасыл вагондар орнатылған. Алыстан қарағанда үйлерге жан бітіп, қимылдап келе жатқан секілді. Жылан бауыр темір табаны шақыр-шұқыр етіп, жерді солқылдата гүрілдеп, қырқадан көтеріле берген он шақты трактордың арасынан екі «Газ-69» сытылып шықты.

Алдыңғы машинада отырғандар — болашақ жаңа совхоз директоры Моргун, бас инженер Райхан, шофермен қатар отырған өкіл артына бір жамбастай бұрылып, екеуімен сөйлесіп келеді.

— Сіздер Сібірдің қақаған суығына ұрынбай, нағыз көктемде, жыл құсымен бірге келдіңіздер. «Ленинград», «Чернигов» совхоздарының жаңа орныққан кезімен салыстырғанда қазіргі күнді айт

пен тойдай деуге болар еді. Нағыз ақпанның үскірігінде құрылған совхоз адамдары талай көресіні көрді. Суыққа ұшып, үсікке шалынғандар да кездесті. Енді не керек, соның бәрі бір күнгідей болмай ұмыт болды.

— Ол рас, — деп Райхан құптай беріп еді, жаратылысында қалжыңшыл ақ жарқын Федор Васильевич іле сөйлеп кетті.

— Осы көктем бізге әр кезде алдымыздан шығып, салмақ сала бермесе игі еді. Бірақ әлгі өзіңіз айтқан жыл құсын да әмсе ұмытпағайсыз. Жыл құсымен қатар келгенмен арамыз жер мен көктей-ау. Табиғат өзеннің сеңін, көлдің мұзын бұзып, қырдың қарын сөгіп, көгорай шалғынын оларға алдын ала даярлап, дастарқанын жайып отырған жоқ па? Біздің қолымыздағы барымыз мынау ғой, — деп қолынан тастамай отырған бояу қарындашпен қолдан сызылған жаңа совхоз жерінің картасын жая беріп, үшеуі де рахаттана күлісіп алды.

Осы арада, бағанадан бері сөзге араласпай баранкеге жабысып, алға қадала қарап отырған шофердың шегір көзі күлімдеп, арттағыларға бір көз тастады да, ойламаған жерде оқыс сөз тауып, отырғандарды одан бетер күлкіге батырды.

— Федор Васильевич, жыл құсына табиғат көлі мен қамысын дайындағанымен, сүзіп алар балдырын, ұя басар орнын әзірлеп қоймайтынын да әмсе жадыңыздан шығармағайсыз.

— Сөз тапқанға қолқа жоқ, — десіп машинадағылар біраз күлісіп алған соң, енді әңгіменің бетін басқаға бұрды.

— Шынында, сіздер жылына келіп бір жағынан ұтсаңыздар, екінші жағынан кештеу қалып ұтылып отырсыздар, — деп аудандық өкіл қар суы сіңіп, дегди бастаған жонға көз тастады. Жел қағып кепкен сары қаудан селдірей шайқалып, бүкіл өңір дірілдеп тұр. Әр ойпаңға жиналған жайылма сулар жұмсақ самал өтінде, терең көлдерше толқынданып жатыр. — Қыста ашылған совхоздар осы уақытқа дейін құрылыс материалдарын тасып, тұрғын үйлер салуға біраз әзірленіп алды. Ал сіздер үшін бар науқанның басы бір келіп отыр. Құрылыс жұмысымен қоса, ертелі, бүгін биылғы егістік жерді жыртуға кіріспесеңіздер болмайды.

— Рас, тракторшыларды ертеңнен бастап бригадаға болу керек, — деп биылғы қауырт келген көктем даласына қарап отырған Райхан да жеңіл күрсінді.

Сосын, естеріңізде болсын. Тың даласын көтеруге сіздерден аз да болса бір көйлек бұрын тоздырған тәжірибеміз бар, мына жағдайға көңіл бөліңіздер: жаңа тұрғындар үшін ең қажетті нәрсе — асхана. — Өкіл машинадағылармен қоса езу тарта күлді. — Оны кішігірім нәрсе деп ойламаңыздар. Қазақта «ас — адамның арқауы» деген сөз бар. Көктемдегі қара суықта жастар жағы тоң-теріс боп жүрмесін. Кей адамдардың ши шығатын осал жері сол.

Бұл жерге алғаш сапар шегіп шықпас бұрын-ақ, Федор Васильевич Тың өңірінен құлаққағыс болып, талай нәрсені шет пұшпақтап естіген. Сондықтан да совхозға аттанар алдында ең бірінші ойға алып, келіскен жері де — сауда орны. Қазір артта келе жатқан бір трактордың жүгі де түгелімен сол асхана жабдығы.

Болашақ совхоздың рабкооп бастығы: «Мына адам асхана бастығы. Бұрын үлкен қаланың ресторандарында зал меңгерушісі болып істеген, шаруашылыққа көзі қанық», — деп тығыршықтай дөңгелек, сұлу келіншекті таныстырған.

— Агафия Никаноровна, — деп буындары шұңқырайған сүйріктей аппақ саусағын ұсынған, қырықтарға тақаған көрікті әйел, ұшы қайқиған әдемі кірпіктерін жиі қағып, көзін төңкеріп-төңкеріп тастаған. Егде әйел болғанмен әлі жып-жылтыр бетінде шар тартқан адамға тән әжім сызаты жоқ. Тек бөксе тұсы артық шодырайып, шымырлана толған мүсінінде ғана сәл мосқалдық сезілмесе, қыз күніндегі ойнақы қылығы да, келісті бәдені де таймаған. Есімі құлаққа ерсі естілгені болмаса, бет пердесін келістіре бояған бояуымен, түрпімен көбесін мұқият тазалаған шымқай қызыл тырнағына дейін әлі талай дәмдіден дәмесі бар қала келіншектерінің қалпын аңғартады.

Өзінен мүшел жас үлкен болса да, салған жерден құрдасындай қағыта сөйлеп, көзі буалдырлана тұрып, еміне қараған әйел Федор Васильевичке ұнамай қалды. Салғырт танысып, салқын сөйлесті. Бірақ былай шыға бере осы мінезін өзі де ұнатпай, іштей мінеп, сынға алды. Бір көрген адамның ішіне терең сүңгімей жатып, күстаналай қоюды ағаттық деп есептеді.

Міне, қазірде сөз орайына қарай Агафия Никаноровна Япишкина есіне түскенде, ертең қарамағында жұмыс істейтін адамдардың сан қилы мінезі, тұрмыс жайы, өмір еткелі жұмбақ екені, сол себепті олармен шапшаң араласудың қиындығы ойын мазалап, көсіліп жатқан кең далаға көз тастады.

Федор Васильевич Моргун Тыңға келген совхоз директорларының ішіндегі ең жасы. Сондықтан да оның өмір тарихы онша ұзақ емес. Бұдан он шақты жыл бұрын Тимирязев атындағы Академияны бітірісімен Украина жерінде агроном болып істеді де, кейінгі уақытта сырттан аспирантурада оқып, Киев қаласындағы ауыл шаруашылық министрлігінде жүрген жерінен Қазақстан тыңына аттанды. Бұрын мектепте жүрген кезінен спортпен шұғылданған Федор Академия қабырғасында жүргенде гимнаст-акробат болып, спорт мастері атағын алған. Бертін келе жұмыс басты болып спорттан қол үзді де, бірер жылдың ішінде талдырмаш денесі толып, семіріп кетті. Әйтсе де бұрын сымдай тартылған иықты, келбетті жігіттің сырт тұлғасы онша бұзылған жоқ. Қайта жасы ұлғайған сайын құлақтың түбінен мойынға қарай жылжитын, көздің құйрығына жұлдыздана сызық тартатын әжімдер толықтықтан білінбей, бұрынғыдан да сұлуланып, жасара түскен секілді. Қырықтарға тақаған Федор Васильевичтің отыздағы жігіттей көрінетіні де содан.

Міне, енді жүйткіген машинамен шыр көбелек айналып жарысқан мидай даланың бір пұшпағы сонау Украина даласында өскен кішкентай сары бала — Федяның жауапкершілігіне берілмекші. Бұрын соқа тілі тимеген, тусырап жатқан құйқалы тың жер Федор Васильевич үшін де қақпағы ашылмаған сыр сандық тәрізді. Бұрын қарыс қадам аттап баспаған жері.

Тың совхозға келетін адамдар да жаңа. Тілі де, салты да бөлек жандар. Тек мақсаты, ізгі арманы ортақ жандар. Ертең жас та, кәрі де, жуас та, тентек те, елгезек те, жалқау адам да кездеседі. Совхозға келетін адамдардың көпшілігі жастар. Бәрінің тілін тауып, ұстай білу үшін үлкен парасаттылық, өнер керек. Ақыл сұрап, сүйеніш табар ең жақын адамы мына қасында отырған Райхан Сұлтановна.

Федор Васильевич бас инженердің өзін анық білмейді. Кеше райком секретарының кабинетінде тұңғыш рет кездесіп, жаңа совхоздың құрылысы, шаруашылығы жайлы екі-үш сағат кеңескен. Ол екі арада оның мінез-құлқы, ішкі сарайы қандай адам екенін тани қою қиын-ау. Бірақ сол аз мерзімнің ішінде Моргунның анық көзі жеткені Райханның екі қасиеті: Ана тілінде қалай сөйлейтінін кім білсін, бас инженер орыс тіліне мейлінше жетік. Ақцентсіз Сөйлейтіні оз алдына, логикасы бай, сабырмен отырып, айтатын ойын мәнерлеп жеткізеді. Сөйлей түссе екен, айта түссе екен дерлік. Бұрын Шығыс халқымен көп араласпаған, тарих, қайсыбір әдебиет кітаптары арқылы сырттай ғана білетін Моргун Райхан алғашқы сөйлегенде таңырқап қалды. Шығыс еркектерінің бәрі Федор Васильевич үшін жасында оқыған Хаджи Мұрат секілді өжет, қайсар, ат құлағында ойнайтын батыр тұлғалы адам болып көрінетін де, ал әйелдері өмірі аузының жігін ашып сөйлемейтін бұйығы, тіпті тұрмыс ауыртпалығының бәрі бір өзінің мойнына түсіп езілген, бөтен адамның көзіне тіке қарай алмайтын жасқаншақ болып елестейтін. Бұл бала күнінен бері қалған елес. Ал мына Райхан Сұлтановнаны көргенде, жас директор жаңа бір дүниеге келгендей, байтақ даланың әлі де біле білмейтін мың қақпасының бірін ашып кіргендей болды. Кеше ғана Киев ауыл шаруашылық Академиясында аспирант болып жүргенде, өз елінің тарихын, географиясын бес саусақтай білетін сияқты еді. Сөйтсе, ол — мектеп, институт қабырғасында оқыған көне тарих қана екен. Бүгінгі тарих қандай тез өзгеріп кеткен. Класс қабырғасында ілулі тұратын Совет жерінің картасынан он алты республиканың шекарасын оқушы Федя көз жұмып тұрып айырып беретін. Қай жерде қандай кен — көмір, темір, мұнай шығады — оған мүдірмейтін. Бірақ соның бәрі саяз білім екен. Тау-тасын, экономикалық байлығын білу — адам басындағы байлықты білудің ширегіне келмейді екен. Жалғыз Райханның өзі Моргун үшін шетсіз-шексіз мидай дала өмірінің де терең сыры барын мезгегендей болды.

Бас инженердің тағы бір қасиеті бұл өлкенің сай-саласын, өзен-көлін, ой-шұқырын жатқа білетіндігі өз алдына, жер қыртысына, топырағына дейін бес саусақтай айырады. Кеше егістік жер мен мал жайылымының картасын жасап, қағаз бетіне түсіргенде, райком секретарының өзі оның алдында шәкірт секілді бас изеп отырды. Үш-төрт жыл агроном болған Моргун, жеті қат жер астының топырағына дейін білетіндей көрініп, ендігі жетпейтіні тек ғалымдық атақ қана деп ойлап еді. Енді қараса, мына көсіле жатқан жапан түз аспирант Федор Васильевичке тағы да жаңа кітаптардың бетін ашты. Тұңғыш рет қазақ даласының табалдырығын аттағанда Моргун қиян түкпірде жатқан елге, тусырап жатқан жерге білім таратып, үлгі берем деп, биіктен қарап келіп еді, енді алдынан шыққан ақ шашты ана-Райхан мен ақ селеу жапқан мына жер-ана да жаңа бір ұстаздай көрінді. Енді өзі төменде тұрып, биікке, алысқа көз тастады.

Не деген ұшы-қиырсыз кең-байтақ дала. Тауы да, тоғайы да жоқ тақтайдай кең жазық. Бір қырат пен екінші қырат арасы көз жеткісіз. Анда-санда оң жақ бүйірден, сол жақтан айнадай жарқыраған көлдер көрінеді. Айналасы тұнып тұрған қамыс. Қайсыбірінің орта тұсында ойдым-ойдым ғана жалтыры болмаса, биік қоға басқан қалың қопа.

Жол бойы шыр айналған жұмыр жерден көз алмай, терезеге қараған Райхан туып-өскен даласын қатты сағыныпты.

— Ана бір көл «Қамысты көл». Одан әрі жарқыраған үлкен көлді «Саржан» дейді. Баяғы заманда Саржан деген біреудің жайлауы болған екен, — деп Моргунға түсіндіріп қояды. — Сонау бір алыстағы қарайғанға көзіңіз жете ме? Ол екі-үш жерге шашырай өскен шоқ тал. Соның бауырында есіз қыстау бар. Есдәулет қыстауы. Оның оң жағындағы қыраттың төбесінде көрінген Сәлім қыстауы. Сәлім, Мәлім деген ағайынды адамдар болыпты.

Федор Васильевич аудан орталығынан шыққалы санап келеді. Екі-ақ колхозды басып өтті. Ал қыстау саны он екі болды. Колхоз аралары жырақ та, қыстау аралары жақын.

— Райхан Сұлтановна, — деді Моргун Сәлім қыстауының қасынан өте бергенде. — Бұрын ауылдар жиі отырған секілді, кейін сиреп кеткені қалай?

Райхан жеңіл күрсінді.

— Сіз адамдар азайған ба дегіңіз келеді ғой, жоқ, адамдар азаймаған. Рас, революциядан бұрынғы кездерді есептемегенде, отызыншы жылдары, қала берді соғыс кезінде халық саны, ер-азамат саны біраз кеміді. Бұл араның ол тарихына жүре келе қанарсыз. Диалектика, жолдас Моргун, диалектика, — деп Райхан сәл езу тартты. Ернінің бір бұрышы ғана сәл бүлк етті де, көзі күлген жоқ. — Бірақ ауыл араларының сиреу себебі ол емес. Қазақ халқы ежелден көшіп-қонып, кең далада шұрайлы жерді қуалап, қыс қыстауды, жаз жайлауды мекен етіп өскен жұрт. Тек, отызыншы жылдардың басында мойын серікке бірігіп, колхоз ұйымдасқаннан кейін ғана, әр жерде бытырап қонып, өз ошағының басында жеке өмір сүргендер бір араға қоныс теуіп, отырықшылыққа үйренді. Сонау шашырап жатқан қыстаулар сол ескі қоныс, жеке ошақ, жалғыз шаңырақтың белгісі ғана. Жергілікті адамдардың мына жалпақ жондағы ориентірі. «Пәлен қыстау мен пәлен қыстаудың арасы пәлен шақырым, Есдәулет шабындығы, Сәлім шүйгіні», — деп жер танабын, жол жобасын осылай айырады. Федор Васильевич, сіздің де біліп қойғаныңыз артық емес. Алғашқы жылдары олар да бізге ориентир болуы мүмкін. Енді жаттай беруіңізге до болады. Жаңағы Есдәулет қыстауынан былай қарай біздің совхоз жері басталады.

Моргун бұл атауларды кеше де естіген. Райхан мен райком секретары «Қайыңды» совхозының картасын сызғанда көл, сай қыстауларды белгі еткен. Федор Васильевич солардың аттарын екі-үш қайталағанда-ақ қағып алып, тілін сындырып, дұрыс айтып, Райхандарды таң қалдырған еді. Моргун, тегінде лингвистикалық қабілеті де күшті жігіт. Француз, неміс тілін де жақсы сөйлейді. Қазақ тілінің де француз тіліндей топқа жататынын бір естіп алуы мұң екен, қазақ сөздеріне келгенде, маймаңдай ала жөнелген.

Жеңіл машина тар жолдың бойымен құмырсқаша өрмелеп, қоянның бөксесіндей төңкерілген еңселі қырқаға шықты. Көсе адамның иегіне үрке шыққан сирек сақалдай қырбық қаудан бөтен ештеме өспеген жалаңаш тақыр төбеде осы маңның төрт құбыласы алақанға салғандай тегіс көрінеді. Жаңа жолда қалған қыстаулар сағым көтергендей қайта бұлдыраса, бір-бірінен аласа жатқан жалтыр көлдер айдалаға шашып тастаған ірі сөлкебайша күнге шағылысады. Машина радиаторы қайқаң етіп қырқаның басына бір көтерілді де, мойнын ішіне тыққан сүзеген малша тұқырайып, қайтадан төмен сырғанап берді. Қазан тәріздес кең ойпаттың түбіне қарай зулатып келеді.

— Колхоздардың арасы қандай алыс еді. Жолдағы ауылдан шыққалы жобасы отыз километрдей болып қалды білем, — деп Моргун спидометрге қарады. — Анау алда көрінген колхоз болар тегі?

— Ауыл әлі алыста. Ол постоянный двор. «Малжан ағаты» сол. Сіздің резиденцияңыз, Федор Васильевич, — деп өкіл мойнын бұрып жымыып қойды.

Совхоз орнайтын шоқ ағаштың тұсына сәскеде жеткен Райхандар, жалпақ төбелі, шатырсыз жалғыз үйдің қасынан өте шықты. Анадайдан төтелей жарысқан өңкей ақ төс ұяластар машина доңғалағының астына түсіп кетердей тақымдап, біраз жерге дейін шабалана үріп қала берді. «Бәлем, енді жоламайтын болған шығарсың», — деп әжептәуір шаруа тындырғандай жеңіл жортақтап бәрі кейін қайтты.

Болашақ «Қайыңды» совхозының басшылары «Малжан ағашынан» үш жүз метрдей жерге қазық қағып, осы маңды жаяу аралап жүріп ескі жұртқа тірелген. Бұл — Райханның көзіне жас әкелген ескі жұрт. Бұл — Райхан мен Қарасай кездескен жер, бір-біріне тіл қатпай үнсіз тұрып қалған ескі жұрт.

* * *

Иә, Қарасайдың көзі: «Сен өлген жоқ па едің», — деп тұрса, Райханның көзі: «Сен әлі тірі екенсің ғой», — деп тұрды. Үнсіз меңіреу түзде әлденеден үркіп быр-быр етіп ұшқан итала қаздай қос машина дүр етіп алып, қатар түзеп жөнеле берді.

Қашан бір қыр асып, көзден тасаланғанша Қарасай да, қаңтарулы қара бие де айдалада сілейіп, ұзақ тұрып қалды.

Ал Райхан бағанағы әзірде туып-өскен жерін сағынып көргенде көктемнің бүгінгі алғашқы шуағындай жадырап, көңілді отыр еді. Қарасаймен кездескеннен кейін лезде томаға-тұйық, түнеріп алды. Не қалың ойда отырғанын, не ұйқысы келіп бейжай боп отырғанын айыру қиын. Бәрі де үнсіз.

Машина айырық жолға тіреліп тоқтағанда барып алдағы адам тілге келді.

— Ал, енді ертеңге дейін сау-саламат болыңыздар. Мына жол тура «Жаңа талапқа» апарады. Ертең арттағы адамдар «Малжан ағашына» келетін болар. Алдын ала барып, қарсы алғандарыңыз жөн. Мен де көп аялдамаспын. Түске таман соңдарыңыздан жетермін, — деп, құйрық тістесе келе жатқан соңғы өз машинасына отырып, жаңа құрылған «Озерный» совхозына қарай бұрылып кетті.

Бұл жақтың жері қыратты болатын. Маңайдағы ауылдарға түскен қардың астына қызыл су жаңа жүре бастағанда, бұл араның қары елден аққұла бұрын еріп, шаңы шығып жататын әдеті. Жаман түз жақ беті сортаң. Изен мен сасыр кей жеріне миа өскен ащылы, созанды жерде ұзақ қыста бір көлем қар жатпайды. Ызғырық жел бір шөкім қарды жер иіскетпей қопа-қопаға үйіріп тығады. Дала дегдіп, құрғап қапты. Жел қағып судыраған өлі қау шабдар аттың шоқтығындағы бір түп қияқ жалдай желбіреп, бозаң тартқан.

— Федор Васильевич, — деді бағанадан тұнжырап отырған Райхан ауыр ойдың бұлтын серпіп, Моргун да «е, бәсе» дегендей елең етіп, жадырап, Райхан мегзеген жаққа қарады. — Біздің совхоз шекарасы осы тұсқа дейін келеді. Байқайсыз ба, бұл араның қары ежелден ерте кетеді. Тоңы да жібіген. Енді бір жұмада соқа салмаса, құрғап кететін түрі бар. Биылғы жер жыртуды осы арадан бастаған жөн болар. Әрине, жер жайын сіз менен гөрі жақсы білесіз.

— Жоқ, Райхан Сұлтановна, қашан үйреніскенше бұл араның агрономиялық спецификасын сізден сұрауға тура келер.

— Қазіргі келе жатқан «Жаңа талапты» колхозшылардың келісімімен бізге қосатынын да естіген шығарсыз. Көп ұзамай ол да болып қалар. Бірақ есіңізде болсын, бұл колхоздың жері ала-құла. «Жаман түз» деген үлкен ащы көлді картадан көрдіңіз ғой. Ол жаққа қарай соқа салу пайдасыз. Кеше райкомда ол араны да жоспарлап отырған сияقتанды. Кейін көрерміз оны...

* * *

— Райхан келіпті, Райхан келіпті, — деген хабар «Жаңа талап» колхозының тап ортасына түсіп жарылған бомбадай болды. Ауыл адамдары тайлы-таяғына дейін жүгіріп, күн батыс жақ беттегі шатырлы үйге қарай шұбырды. Екі бөлмелі шағын үйдің алдын жиналған жұрт әп-сәтте басып кетті. Қаншама ентелей түсіп, асығып жеткенмен қораның аузынан әрі аса ал май шоғырлана береді. Қалың тақтай қақпаны кең жауырынымен тіреп алған шопр Оспан күжілдеп, ішке жібермей тұр:

— Араның ұясындай болмай тарандар. Ертең де күн бар. Келерсіңдер, амандасарсыңдар. Қазір кіруге болмайды.

Жиналған жұрт кетер емес. Соңын ала жеткендері шопр Оспанның мына ісіне қайран қалып:

— Өй, мынасы несі. Мынауыңа жол болсын. Естімеген елде көп, — деп ентелей басып барса да шопр Оспаннан қаймығып, лезде жуаси сөйлейді. — Қой, мұның жөн емес. Біртіндеп кіріп амандасып шығайық та.

— Сендердің бас-басыңа түсіндірейін бе енді, — деп шопр Оспан кейіп тұр. — Айттым ғой жаңа: кемпір талып жатыр. Өзі дімкәс, әлжуаз адам, жұрт топырлап кірген соң одан сайын тынысы тарылып, жүріп кетпесіне кім кепіл. Енді болды ма?! Ал барыңдар.

Кемпірлер жағы еріндерін сылп еткізіп, бас шұлғысып қалды.

— Қайтсін, байғұс. Ол тұрмақ менің өзім естігенде не болғанымды білмеймін. Тіпті есім шығып, кебісімді теріс киіп келіппін, — деп бірінің тұмсығы шығысқа, екіншісі құбылаға қараған кебісін көрсетті.

— Е, жаны сірі де қайта ол кемпірдің. Мынадай қуаныш үстінде ана-мына адам болса жүрегі жарылып өліп кетуі де ықтимал.

— Әйтсе де өзінің тілегі дұрыс екен. «Райханымды бір көріп өлсем, арманым жоқ. Құлынымның тойын көрмей өлмеймін» деп күдерін үзбеуші еді.

— Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі. Тап Райхан тірі оралады деген кімнің ойына келген. Кіші апа-ау, биыл бар ғой, ұмытпасам қыс іші болу керек, Райханды түсімде көріп, ертеңінде Тәшім моллаға құран оқытып ем. Күн жұма ғой, бірдеме дәмбететін шығар деп, өзімше аруаққа балап жүрмеймін бе. Әй, бірақ содан бар ғой, кіші апа, Райхан кәдімгідей қасыма таяу келіп сөйлесіп еді, ой аллай, — деп алпыстардың ішіндегі кемпір беті қатпар-қатпар мыжырайған еңкіш кемпірге әңгімені соға жөнелді.

Енді біреулері ішке енуден мүлдем күдер үзген соң шопр Оспанды қаумалап Райхан жайын сұрап тұр:

— Әй, өзің анықтап көрдің бе? Қартайған шығар, ә?

— Шіркін-ай, жанып тұрған от еді-ау. Енді не бір сұрқылтайды көрмеді дейсің, жасып қалған шығар.

— О кезде сен жастау едің. Толық білмейсің де ғой. Мына біз ғой қатар құрбы болып өскен. Шашы көмірдей қап-қара, көзі мойылдай, ұзын бойлы, деген аққұбаның сұлуы еді. Сұлу болатын, сұлу...

— Осы күнге дейін хабар-ошарсыз қайда болды екен, білдің бе?

— Е-е, қайда болды дерің бар ма.

Бұл үйге қуаныш пен реніш қоңсы кірді. Қуанышты ала келген Райханды зорға танып, сүріне-қабына құрақ ұшып мойнына асылған кемпір жан дауысымен баж етті. Одан әрі су түбіне шымырлап батып кеткен адамдай үні тұншығып қиралаң етіп құлай берді. Жолаушылар қаумалай кеп, биік темір кереуетке көтеріп салды да, жан дәрменде бетіне су бүркіп, ауылдағы фельдшерге шофер баланы жіберді.

Қыртыс-қыртыс суалған жақ болмашы жыбыр етіп, опырайған ауыз ішке қарай бүрісіп тереңдеп барады. Шүңірек көздің түбі көгеріп, жуан тамырлы тарамыс қолдар қуарып, бозара бергенде ақ селеу шашын сипап тұнжырай қараған Райхан да даусын шығарып жылап жіберді:

— Апа, мама! Ойпырмай, үзіліп барады ғой. Енді қайтейін...

Бұл — Райханның анасы Лиза еді.

Қызының көзінен тамған ыстық жас таңдай-таңдай қатпарланған маңдайына тигенде, жанары тайған көкшіл көзі қайта ашылып, бір сәт тұра қадала қалды. «Райханымбысың, осы шын ба, әлде өтірік пе?» деген өң мен түстің арасындағы бұлдыр көз қарас шүңірек көздің терең түкпірінде «Жаным-ау, қалай қартайып кеткенсің» деген аяныш көлеңкесі бар. Осыны түсінген Райхан да:

— Мен, апа, келдім. Біржола келдім, — деп естілер-естілмес күбірледі. «Рас, өнім екен» дегендей Лиза шешейдің де жүзі қайтадан тірлік нышанын білдіріп, батып кеткен күннің табы қалған күзгі жанарсыз бұлттың бетіндегі сөніп бара жатқан қызыл күлгін түстей сұйық қан жыбырлап шыға берді.

Сонда барып бағанадан бері қызы еншісіне тимей сілейіп тұрып қалған нар адам күркіреген күндей боп Райханды бас салып құшағына алды. Бұл — Райханның әкесі Григорий Матвеевич Федоров. Бойы үйге тіреу, мрамордан сомдап құйғандай бар тұлға ерекше мол біткен. Бүкіл жақ пен шықшытты басқан қою сақалдың жоғарғы жағы қызыл күрең де, етекке қарай жақындаған сайын бурылдана түседі. Дәл ұшы айналдыра күміспен қаптап тастағандай аппақ. Сақалға қарап жетпіске келген қарттығын айырмасаң, мұрт астынан көрінген қып-қызыл ерінге, ұшқын атқан қоңыр қой көзіне қарап жасын тап басып айту киын. Еңгезердей алып қарттың бойында қуат, жүзінде әлі таймаған жалын бар: екі беті шикандай, нұры тамып тұр. Кіре бере көз қиығын тастағанда-ақ «Шіркін, кезінде нағыз болған адамсың-ау» деген ой келген Моргунға. Енді оның алдына басқа бір таңғажайып сұрақ көлденең түсті: «Қалайша бұл Райханның әкесі. Мына талып жатқан кемпір қалайша анасы. Тым құрымаса түстерінде титімдей ұқсастық болса бір сәрі».

— Құлыным менің, жалғызым менің, — деп Григорий Матвеевич таза қазақшалап Райханның қолаң шашынан ұзақ иіскеп, бауырына басты. Жасынан осылай еркелетіп, еміренуші еді. Райхан да баяғы бала күндегісіндей әкесінің кең кеудесіне маңдайын сүйеп тұрып қалды...

Лиза шешей шам жаға ширап, тілге келді. Сүйретіліп жүріп Райханын айналып толғана береді.

— Мені өледі деп қорықтыңдар ма? Жүрегі бар болғыр тарс айрылып жарылып кетсе де енді арман жоқ. Ботам-ай, қарашығым-ай, сені де көретін күн болады екен-ау, — деп біресе иегі дірілдеп кемсендеп, біресе көзінің аясы жасқа толып күле береді.

Бұл күні ауылдың біраз ақсақалдары, жастары жиналып үй ішін думандатып жіберді. Өн айтылып, күй тартылды. Бірақ тірі пәнде батып Райханнан: «Қайда болдың, не көрдің? Қандай қиыншылықтарды басыңнан өткердің, әңгімеңді айтшы» деп қолқалай алмады. Бәрі де түсінікті,

бәрі де белгілі жағдай секілді, мынадай қуаныш үстінде ескі жараның бетін тырнағысы келмеді. Түн ортасына дейін отырып, «жолдан қажып келген шығар, тынықсын» деп өре тұрып, үйлеріне тарасты.

Моргунды мазалаған ой шофер бала Жантасты да қатты ойландырып еді. Бұл жерге биыл ғана келген бөтен елдің баласы мына семья жайына шынымен қайран. Бірақ «әке, апа» деп отырған Райханды олардың қызы емес деуге қимайды да, ауыл адамының бірінен шет жағалап сұраудың да есебін таба алмады. Тек жатар уақытта ғана құпия сыр ашылды.

Григорий Матвеевич пен Жантасқа ауыз бөлмедегі биік нардың үстіне төсек салыныпты. Тыстағы машинаның суын ағызып келіп жайғасқан Жантас шет пұшпақтап сұрауға неде болса бекінді. Бірақ әңгімені неден бастау керек. «Райхан сіздің туған қызыңыз ба?» деп түйеден түскендей тоңқ еткізу ұят. «Е, мені әкесі деуге қомсынып отырмысың» десе не деп жауап қайырмақ.

Шал аяғын шешіп отырған. Жантас келепандай етігіне көзі түскенде таң-тамаша қайран қалды. Қалың былғарыдан долбарлап тіккен саптама қазақы етік өзі көрмесе де жұрттан естіген Петр Біріншінің етігіне ұқсайды. Қара саннан келетін кең қонышын көзбен мөлшерлеп еді, өзі белуарынан түгел сыйып кететіндей көрінді. Григорий Матвеевич екі етікті бірінің үстіне бірін томп еткізіп тастағанда, төс-мөсімен мойнын қоса кесіп алған екі жылқының басы жатқандай болды.

— Григорий Матвеевич, мына етігіңіз не қылған үлкен еді. Размері қанша? — деді Жантас орысшалап.

Григорий Матвеевич көрпенің астына кіре бере, мырс етіп күліп алды.

— Балам, атым Жантас деп пе ең? Екеуміз қазақша сөйлесейік. Сосын, сен мені Григорий Матвеевич демей-ақ, құлағыма таныс үйреншікті атпен ата. Мені осы өңірдің бәрі Күргерей дейді. Жастар жағы Күргерей ата дейді, — деп Жантасқа қарай бір аунап түсті. — Ал, етік жайын сұрасаң, айтайын. Аяқ киім тауқыметін жасымнан тартып келем. Ғұмыр бойы қолдан жасаған етік киім. Дүкенде менің аяғыма шақ киім жоқ. Бес жылдан бері Қарағанды қаласындағы аяқ киім фабрикасы менің заказыммен арнайы тігіп жібереді. Ал, мына жатқан осы ауылдағы бір деген етікші шалдың тіккені. Қалыбын өзім жасап бергем... Енді осы етіктің размері қанша деп ойлайсың? Жобалап көрші.

— 44-45-размер шығар, — деді Жантас одан әрі айтуды ерсі көріп.

— Таппадың, балам, 48-размер. — Жантастың көзі бақшаң етті. — Қазір ештеме емес. Баяғы заманда, тапшылық кезде бұл аяқтың қылмағаны жоқ қой. Екі қой беріп, бір етікті әрең тіктіріп алған күндер болған.

Екеуі де біраз жатты. Апырмай, енді әңгімені неден бастау керек.

— Күргерей ата, сіз қазақшаға судай екенсіз. Тегі, бұл жақта ертеден бері тұрып келе жатырсыз-ау.

— Е-е, балам, мен бұл араға келгенде сенің атың түгіл затың да жоқ. Біздің бастан не өтпеді дейсің. Жақсыны да, жаманды да көрдік. Қазір, міне, мен түгіл, Райханымның өзі егде тартып, жер ортасы жасқа келді...

Тағы да үнсіздік. Білтесін болар-болмас шығарып үлкен орыс пешінің кенересіне қойған ондық шамға қарап Жантас ұзақ жатты. Бүйірлі пияланың мойнына қарай болмашы ирек жолақ түскен. Бірте-бірте сұр жолақ қалыңдап қоңырланып барады. Төр үйден қатты пысылдаған Моргунның демі естіледі. Лиза шешей мен Райхан әлі ұйықтаған жоқ. Сыбыр-сыбыр сөйлесіп жатыр. Ана мен бала мауқын баса алмай жатыр-ау.

Жантас орнынан тұрып бас жағына ілген пенжегінен шылым алып тұтатты. Сыздықтата тартып ұзақ отырды. Күргерей атай да ұйықтамаған екен. Ол да басын көтерді. Ол да қайқы бел қоңыр трубкасын алып, ішіне темекі толтырды да:

— Балам, неге ұйықтамай отырсың, — деп сіріңке тартты.

— Ата, — деді Жантас. Күргерейге бір түрлі жалынышпен қарағандай болды. — Бірдеме сұрасам ренжімейсіз бе?

— Е, сұрай ғой. Неге ренжиін.

— Ата, мен бір нәрсеге түсінбей жатырмын. Райхан апай ауданнан шыққанда өте көңілді еді. Совхоз орнайтын жерде ескі жұртты көріп, бетінде алақандай қалы бар бір адаммен кездесіп жабырқап қалды. Енді мұнда келген соң байқасам, елден кеткелі көп уақыт болған екен. Мұның жайы қалай?

Жантас шын қиылып сұрады. Бірақ «Райхан қалайша қызыңыз» деуге тағы да аузы бармады.

Күргерей қарт терең күрсініп қабырғаға түскен көмескі көлеңкедей түнеріп ұзақ отырды. Содан соң барып:

— Егер ұйқың келмесе, мен саған бәрін айтайын. Бір сөзбен айтып ұғындыру қиын. Ол үшін басынан бастау керек... Е-е, нелер болмады дейсің. Мына жұмыр бас нені көрмеді. Бәрін айта берсең, бір жатқан хикая, таусылмайтын ұзақ жыр, — деп трубкасын қомағайлана сорып-сорып алды.

Талай жылдардан бері айтылмай сөнген оқиға қайта тұтанды. Ұзақ жырдың тиегі ағытылды.

Күргерей қарттың бірінші жыры

— Мен жасымда ұры болғамын. Ұры болғанда да анау-мынау емес, деген баукеспенің өзі едім, — деді еңгезердей Григорий Матвеевич Федоров жастыққа шынтақтай түсіп. — Мына өзіндей қылшылдаған, атжалмандай шұлғыған жас күнім. Омбы қаласында он шақты жігіттің шайқасына қосылдым. Кілең сойталдай-сойталдай жігіттер. Не оқын десе оқу жоқ, істейін десе даяр тұрған жұмыс жоқ, барар жер, басар тау таба алмаған соң, өмірдегі бар жоқшылық зардабын, қайыршылық өшін осы ұрлықтан алатындай, әбден қанына қарайып алған жандар. Ол кезде Омбы ең бір тәртіпсіз қалалардың бірі. Қазіргідей сымдай тартылған сұлу көшелер жоқ. Арнасы кең Ертіс өзенінің бойында шашыла жатқан қала үйлері ығы-жығы. Онан қашқан, мұнан қашқан өңкей жалаңдаған кезбелер үйірлі жылқыдай топтанып жүреміз. Соқтыға кеткенді қан қақсатып, кірген жерге бүйідей тиіп, ұлардай шулатып, ойымызға келгенді істейміз.

Біздің көбінесе торуылдайтын жеріміз базар маңы. Осы күнгі «Казачий базарды» естіген шығарсындар. Ол уақытта қазіргіден үлкен болатын. Келетін адам да көп, маңайдағы кіші-гірім қалалардың купецтері мен қазақ ауылдарының саудагерлері араға күн салмай қатынап сапырылысып жатады. Біз күндіз кімге қанша ақша түскенін сырттай бақылап аламыз да, түн болса-ақ жатқан үйлерін торып, қапысын тауып тонап аламыз. Сәті түспеген кезде, баратын тұрағын жасырын сұрастырып біліп, жол тосып, сымпитып қоя береміз.

Ондай адамдардың хабарын бізге жеткізіп тұратын жансызымыз Халауиддин дейтін татар малайы. Омбыдағы аты шулы бір саудагердің баласы. Өзі мата дүкенін ұстайды. Маңайдағы келімді-кетімді саудагерлердің бәрімен әмпәй, білмейтіні жоқ. Бірақ оның бізбен байланысы барын ешкім сезбейді...

Қыс іші. Сақылдаған қызыл шұнақ аяз. Күн жексенбі еді. Казачий базарға келдік. Аңдыған адамымыз бар.

Базар іші ың-шың. Біз көзге түсіп сезікті болмас үшін мұндай жерде қашанда топтанбай, дара-дара жүретінбіз. Осы жолы да базардың тұс-тұсынан бөлініп кірдік.

Шөгеріп тастаған түйелердің ара-арасымен жылқы сататын жерге қарай аяңдадым. Базардың шет жағындағы қадаларда жал-құйрығы төгілген кілең пар аттар қаңтарулы тұр. Тұлыптарын сүйретіп қазақтар әдеттегіше кезіп жүр. Бір жерде иіріп тастаған жұп-жұмыр семіз қойлар, енді бір арада пышақтарын жалаңдатып қасапшылар жүр.

Базардың ең қызу жері — жылқы саудасы. Жер-жерден келетін қазақ байлары, Омбының орыс-татар саудагерлері ертеден қара кешке сол арадан айналшықтап шықпайды. Көшпелі сығандар неше бір сүліктей арғымақтарын осы араға әкеп сатады. Көзі қызарған желікпе байлар сол жерге қызыл көрген қарғаша үймелейді. Мен солай қарай аяңдадым.

Өңкей қасқыр ішік кигендердің шетіне таяй бергенімде алдымнан жылмың етіп Халауиддин шыға келді. Қасымнан жанамалай өте беріп, көзін қысып қалды. Ол бері жүр дегені. Мен де іркіліп кейін шегіндім. Халауиддинді көзден таса қылмай, соңынан ілесіп келем.

Оның сақ, әккілігіне не берерсің. Базардың екінші жақ түкпіріне жеткенше артына бір қайырылып қараған жоқ. Қарсы кездесіп қалған таныстарына басын сауысқанша шұлғып қалып, жорғалап барады. Базардың қиян бір шетіне үркіте салған үркердей бес-алты дүкен бар-ды. Онда Малтай, Шарбақкөл қалаларының диірменші орыстары үн сататын. Халауиддин соған жетіп бір-ақ тоқтады. Қасы мен кірпігіне дейін ақ айран үн басқан саудагерлер бұл кезде самогон ішіп есіріңкіреп алса керек. Бірі ысқырып, бірі әндетіп, у-шу болып жатыр. Біз де араласып кеттік. Дүкеннің тасасына қарай бұрыла беріп Халауиддин мені күтіп алды. Алтынмен қаптатқан екі қасқыр тісі жылтырап ыржия күлігі тұр.

— Сәті түсетін болды, — деді де, көңілімді бір көтеріп алып, жан-жағына ұрлана қарады. — Қалада Сұлу мұртты қолға түсіру қиын. Маңайында адамдары көп. Бірақ бүгін қайтсем де елге жүрем, бір

жолдасымның қарындасы ертең ұзатылушы еді, соған мата керек деді. Мен: біраздан соң кел, берейін деп уәде еттім. Мүмкіндігінше бөгеймін. Өзі жалғыз жүреді екен. Сендер қазірден бастап адамдарыңды жөнелтіңдер. Жол тоссын. Барар жері Балта аулы.

— Балта-а!

— Иә, Балта. Білетін бе едің?

— Білемін... — Ішім мұздап кетті. «Халауиддин, сенен сұрайтыным болсын, осыны тісіңнен шығармашы», — деп айтуға оқтала беріп, өзімді-өзім қайта тежедім. Үйткені ол сенімсіз жігіт. Күндердің күнінде сатып жіберуіне шек жоқ.

— Ендеше, тіпті жақсы. Жолын біледі екенсің ғой. Ал, мен кеттім. Қабанға тез жеткіз.

Бәрінен қиыны осы болды. Қабан деген біздің атаманымыз. Қабан десе Қабан. Дүние жүзінде адам баласына мейірімсіз ондай нойыс жанды бұл өмірімде көрген емен. Біздер үшін оның ақ дегені алғыс. Шайқада онымен иық теңестіріп, қатар отырып сөйлей алатын мен ғана. Менен сәл қаймығады. Алыса кетсе тең түсетін адамым осы болар деп сезіктенетін секілді. Бірақ шын ерегіссе қапысын тауып кететін қаныпезер.

Сол себепті мен оған әлгі хабарды жеткізбеуге табан тіреп тұра алмадым. Иә, айтқандай, оны неге жасырым келеді. Соны айтайын.

Біздің аңдыған адамымыз жауырыны қақпақтай, екі беті шиқандай, әдемі қияқ мұртты, орта жастарға келген қазақ. Нағыз жігіттің нары. Оны жұрт «Сұлу мұрт» деп атайды. Біз де солай атап кеттік. Оның қарап тұрсаң көз тоймас, суреттей сұлу, әрі жүйрік, жүзін көзінен өткен қос жирен аты бар. Омбыдағы бай купецтердің бәрі осы аттарды көрген сайын сұқтанып, ауыздарының суы құрып, есінен айырылады. Қанша алтын беріп, мал беріп саудаласқанмен, Сұлу мұрт солардың біріне келіскен емес. Тіпті маңына жуытпайды.

Енді осы аттарға біздің Қабан құштар болып алды. Бір сығандармен келісіп, алдын ала мәгерешін де ішкен. Қашан қолына түсірген күні, сығандар ақшаны алақанына санап салып, қос жиренді басқа қалалардың біріне апарып тоғытып жібермекші.

Міне енді, сол Сұлу мұрт Балта аулының болып шықты. Балта аулы үш жерге бытырай қонған қарасы елу шақты үй — кедей ауыл. 1907 жылы жиырма шақты семья Орталық Россиядан көшіп келіп, осы ауылдың маңынан жер алып, деревня салған. Менің өгей әкем Дмитрий Павлович қолының ебі бар, ісмер адам еді. Келе қазақ аулында ұсталық етіп, бос уақытында кедейлердің қара табан балаларын оқытып бүкіл төңірекке аты жайылды. Содан бері біздің үй орыс деревнясында емес, Балта аулында тұрады. Соңғы жылы балалық жасап, өгей әкеммен жоқ нәрсеге тарбиысып, ақыры Омбыға қашып кеткемін. Енді міне, сол ауылдың адамын тонамақшымыз.

Амал не, ұрлықта аяушылық жоқ. Қабанға келіп бар жайды жеткіздім.

Қалың қыртысты бетін сояудай ірі-ірі сирек түк басқан Қабан, бір жақ езуі тыртық, жырық аузынан сарымсақ пен арақ иісі мұңкіп, көзі жайнап кетті. Ұрыларын менсінбей, салып жіберейін деп тұрған адамдай төне түсіп айнала қарап тұрды да, қанталаған зәрлі көзін маған қадады:

— Гриша, бұған сен өзің барасың. Қасыңа мына сұмырайлардың бірін ал!

Мен Василек деген тоқпақтай ықшам денелі, пысық жігітті қасыма ерттім. Сол жерде, екі-үш стакан самогонды тастап алып, Балта аулына қарай жүретін жолаушылардың шанасына сәті түсіп лезде отырып кеттік. Ауылға қарай бұрылатын айырық жолға түс ауа жетіп түстік. Бұл ара тұнып тұрған ну орман. Одан әрі екі-үш шақырымдай жер жаяу жүріп, ит мұрны өтпейтін қалың бір жеріне келіп аялдадық. Жазық далада жүріп жатқан алағаншық сырғыма борасын да бұл арада жоқ. Тым-тырыс, құлаққа ұрған танадай.

Осы арада бой жылыту үшін қойынға тығып алған бір шөлмекті бөліп іштік. Содан соң:

— Василек, пышағың қайда? — дедім.

— Міне, қашанда даяр ғой, — деп Василек жымыңдап қонышынан жарқ еткізіп ұзын селебесін суырып алды. Мен қолынан алдым да, тоғай арасына құлаштап тұрып лақтырып жібердім. Василек аң-таң.

— Василек, біз екі адамбыз. Оны өлтірмей-ақ атын тартып әкетейік. Сен осы арада қал, мен сәл ілгері барып тұрамын. Жолға жалғыз шыққан адам сақ келеді. Жасырынып тұрып, бас салғайсың. Бөгесең болды, мен көмекке келемін. Байқа, қамшылар жағына шықпа, — деп ескерттім де, өзім сәл ғана ілгерірек барып, бой тасаладым. Қамшылар жағына шықпа дегенім, Сұлу мұрт аты шулы

қамшыгер адам деп естігем. Омбыда, бір жиында бәс тігіп, атан өгіздің төрт бүктеулі шикі терісін бір салғанда тіліп түсіпті дегенді көргендер жыр ғып айтатынды.

Уақыт ақырын жылжып өтіп барады. Ақпанның ақырған аязы тұла бойды шымшылай бастады. Өлден уақытта қысқа күн біз тұрған тоғайдың иіліп келген мүйісіне жете беріп жерге қызара құлады. Қарсы беттегі өн бойын ақ қырау көмген ағаштар қанға бояғандай қызарып, қызыл көзденіп тұрды да, күн тасаға еніп көлеңке бойын ұзартқан сайын күреңітіп ара-арасы суық тарта берді.

Орта беліне дейін қарға бөгіп тұрған тоғайдан ала бөтен жеке шыққан бір түп қайың бұтағында отырған сауысқан әлденеден секем алып, шық-шық етіп ұша жөнелді. Жесір ағаш та бұтағына қонған ұлпа қарды гу еткізе сілкіп, селт еткендей болды. Сауысқан қалың тоғайға жып берді. Тоғай жиі-жиі таңдайын қақты да, қайтадан демін ішіне тартып үңірейе қалды.

Сақ құлақ сауысқан бізден бұрын естіген екен. Сонау алыстан шана табанының сырылы келді құлаққа. Сақылдаған шыңылтыр аяздағы кешкі дауыс қандай анық, әлгіндей болмай-ақ құлаққа талып жеткен қар шықыры тап қасымыздан шыққандай, шақырлап кетті.

Көп күткендікі ме, әлде күткен адамымыздың бұрын-соңды кездесіп жүретін мәлпектердей бос белбеу біреу еместігінен бе, әйтеуір тақтайдай жолды сырылдатып келе жатқан темір табан құйқамды шымырлатып, шекемді шағып барады. Жүрегім өз-өзінен алқынып, өкпем аузыма тығылғандай болады. Енді бір кезде аттың әлсін-әлсін пысқырғаны да естілді. Соның артынша-ақ тоғай арасына жыланша сүңгіген қысқы жол бойындағы шаналы көз көрім жердегі ағаш баурынан бұлдырап шыға келді де, туралай салды. Алғашқыда төрт бұрышты қап-қара сандық құйындай ұшып келе жатқан сияқты еді, енді үлкейе-үлкейе пар жеккен ат пен салаң етіп шанасы да көрінді.

Сұлу мұрт. Соның өзі. Қос жирен сілтеп келеді. Өлден уақытта жолдың екі жақ қапталына дейін төніп, тұнып тұрған қалың ағаштың тар қуысына жете бергенде, тосқауылдан аңдып тұрған Василек бір бүйірден жолбарысша атылып, ортадағы аттың шылбырына жармаса кетті.

Тосыннан шыққан адамнан үркіп қалған қос жирен шоқ басқандай жолдың екінші жақ езуіне қарай орғып түсігі, қайта жұла тартқанша болған жоқ, Сұлу мұрт сол жағына жантая беріп, дырау қамшымен салып жіберді. Василек кескен баудай бүктеле құлап жол табанында қала берді.

Алғашқы жүрісінен айырылған қос жирен қайта қарқындағанша менің қасыма да жетіп қалды. Мен де қарсы алдынан қолымды ербеңдетіп жол үстіне атып шықтым, Екпіндей жеткен пар ат ішін тартып осықырып тұра қалғанда, тізгінге де салдым қолды. Еті қызған аттар көкке қарғып, кісінеп жіберді. Қара көлеңкені пайдаланып, аттарды жанамалай келіп, шанаға секірдім. Сұлу мұрт та тұлыбын шешіп үлгірген екен. Ұмар-жұмар алыса кеттік. Божысы бос қалған қос жирен жол бойымен құйындай ағызып, ала қашты.

Шетін терімен қаптаған жеңіл қашабаның ішінде арыстанша арылдасып, екеуміз кете бардық. Алғашқыда сарт-сұрт қол салысып, артынан тіресіп қалдық. Ұстаған жерде қол қарысып, бір-бірімізге көзімізден от шашып жатырмыз. Енді бір кезде, ойламаған жерден, Сұлу мұрт кеңірдектен ала түсті де, жұтқыншағымды бытырлатып жіберді. Жан дәрменде ышқына бұлқынып қалдым. Сұлу мұрт аунап барып, шананың қырына шалқалай құлады. Бірақ, мені де бір жұлқып қасына түсірді. Екеуміз де басымыз төмен салбырап шананың қалдайшасында шалқамыздан жатырмыз. Әйтсе де қарысқан қолдар ажырасар емес. Күш көрсетіп қимылдаса-ақ болды, екеуміздің де шанадан түсіп қалар қаупіміз бар. Бар қаруды тек қолдың күшіне салып, бір-бірімізді мыти бердік. Аттар әлі де құйындай ұшып келеді. Шана табаны сыр-сыр етіп, құлақ түбін кесіп бара жатқан сияқтанады. Делебесі қозған қос жирен тоқтар емес. Сілтей берді, сілтей берді.

Көгілдір аспан қоюланып күңгірт тартқан сайын, шалқалай қарағанда шыр айналып тұрған қалың тоғай шеңбері тарыла-тарыла іңір қараңғылығымен тұтасып кетті. Енді бүкіл дала дөңбекшіп төңкеріліп бара жатқандай, түк көрінбей, айдай әлем бұлдыр тартты. Тар қапаста қалғандай тынысым тарылып, темір құрсау қыса берді. Бір мезетте қарысқан қолдың буын-буынынан әл кетіп, жазыла бергенше болған жоқ, көзім алды жарқ етті, сылқ етіп биік бір құздан құлағандай болдым. Бетім суық қарға тиді. Бағанадан бері сырылдатып кесіп келе жатқан шана табанының үні құлағымды түп орнымен ойып алып кеткендей үзілді де, бар дүние тым-тырыс тына қалды...

Қанша уақыт өткенін білмеймін. Әйтеуір әлдебір кезде ес кіріп, бойыма жылы қан жүгіргендей болды. Жансыз қалған көсеудей аяқ-қолым қимылдай бастады. Сірескен денемді жазып, қозғап көріп ем, он екі мүшем сау секілді. Енді бір сәт көзімді ашып, көтеріле беріп ем, басым шыр көбелек айналып, көзім қарауытып кетті. Аузымда түйір-түйір бірдемелер жүрген секілденді. Түкірейін деп ем, аузым икемге көнбейді. Саусағымды сала беріп, өне бойым қалтырап кетті. Сылдырап бос жүрген тістерім екен. Алдыңғы күрек тістерім қаусап түсіпті...

Ақырын ілбіп жол бойымен ілгері аяңдадым. Дала тымтырыс. Түн бағанадан да қатты суытқан. Шыңылтыр қар аяқ басқан сайын сақыр-сұқыр етеді. Қалың тоғай арасы желсіз, тымық болғанмен бет жалаған қызыл шұнақ аязда пана болар жері жоқ. Түрпідей қырау басқан әр ағашы түксиіп, ызғар шашып, шаңытып тұр. Бұл — айдың өліарасына тақаған кез болатын. Жіңішкеріп тозған жез түстес қылдырықтай жарты ай шалқасынан түсіп тоғайдың етегіне қарай жасырынып, қылмиып батып барады. Ол да мені мазақтап, жапан түзде жалғыз қалдырып кетіп бара жатқан секілді. Сырт киімімнің түймелері үзілген. Алқам-салқам ашылған кеудемді аяз қарып жіберді. Бір жерде аялдап болар емес. Сылбыр аяндап жүріп келем. Бетім Омбы емес, ауыл жақ. Ойым — қос жиренді қайтсем де енді қолға түсіру.

Қанша жүргенімді қайдам, әйтеуір ай батып, үркер иыққа көтерілген түннің бір уағында, артымнан шана сырылы естілді. Аттарын сар желдіріп, суыт жүріп келе жатқан екі-үш шаналы әлгіндей болмай мені қуып жетіп, есік пен төрдей қалғанда ошарылып тұрып қалды. Алдыңғы шанадағылар өзді-өзі күбірлеп сөйлесті де:

— Бүгім-ай! — деп біреу ащы дауыспен үн қатты. Бейуақытта, жапан түзде тұрған жалғыз жаяулы шынында да сезікті. Жол тосып жүрген ұрылардың бірі болмасына кім кепіл. Қасыма таяп келуге бата алмай тұрғандары да содан болар. Артқы шаналардан да үрейлі дауыстар шығып:

— Әй, ояныңдар, тұрындар.

— Балталарың қайда?!

— Мылтықтарыңды алыңдар, — десіп, сес көрсетіп дабырлап кетті. Қарасы үш-төрт адам он шақты адамның үніне салып, дауыстарын мың құбылтады.

— Менмін, — деп қазақша жауап беріп, өздеріне қарай жақындап ем, үндері бөсеңдеп, бір-біріне «тұра тұршылап», бөгеп, жаңағы ащы дауысты тағы да қадалды:

— Менің кім? Не ғып жүрген жансың?

— Мен Гришамын. Митрийдің баласымын.

— Кришаң кім? Қайдағы Митрий?

— Балта аулындағы ұста Митрийдің баласымын.

— Әһ, не дейді. Әй, Митрийдің баласымын дейді ғой. Біліп тұр, — деп енді өзді-өзі сөйлесіп кетті.

— Е-е, Митрийдің баласы алдыңғы жылы үйімен ренжісіп, Омбыға кетті деген.

— Әй, өзі ішіп алғаннан сау ма? Болжырап өрең сөйлеп тұр ғой.

— Мына суықта қайбір жетісіп келеді дейсің. Аузы бозарып икемге келмей тұрған да.

Айтқандай, шешесі Мәриәм қатты науқас деген, соған жаяу-жалпылап келе жатқан ғой, пахыр, қайтсін! — деп мүсіркеп шаналарынан түсті.

Бұлар мені білетін адамдар боп шықты. Бірақ Омбыдағы «кәсібімнен» бейхабар секілді. Өздері бүгінгі базарда болып, үн сатып алып қайтқан беттері екен. Әр жайдақ шанада екі-үш қап теңкиіп жатыр. Екінші шанада бір-ақ адам екен. Мені соған отырғызды. Көнектей аузымды көлегейлеп келіп отырдым, Қараңғыда оны ешкім аңдамады.

— Е-ей, балам-ай, үстің де жұқа екен. Қалай үсімей келесің, — деп, домаланған кішкентай шарқы шал үстіндегі тұлпыбын шешіп беріп, өзі күпісімен қалды. Шал киіп отырғанда тұлпып қанша мол көрінгенмен менің жұқа киімімнің сыртынан тырсылдап зорға сыйды. Алдында алуға дәтім шыдамай тұрып ем, «мә, киіп ал» деп үстіме жаба салған соң амалсыз кидім. Оның үстіне суық та бір жағынан қысып, алмасыма қояр емес. Шолақ та болса, сеңсең қойдың терісінен тігілген тұлпып үстіме тиген соң ене бойым жылынып қоя берді. (Григорий Матвеевич қайқы бел қоңыр трубкасының үңгісін толтыра темекі салып тұтатты да, бір-екі сорып, әңгімесін жалғай түсті.)

Сонымен жолда бір қонып, келесі күні таң сәріде Балта аулына жеттік. Үйдің алдына әкеп түсіріп кетті.

Балта аулының біз тұратын бөлегінде жиырмаға тарта үй бар. Кілең жермен-жексен жер кепе. Бір қораның астында екі үй, үш үйден отыратындары да бар. Өңкей сіңірі шыққан кедей аулы. Біздің үй ауылдың шет жағында. Осы елдегі ең бір жібі тұзу баспана сол. Алғашқы келген жылы осындағы ер-азамат жиылып помыштап көтеріп берген. Қолы іс білетін әкей оның есік, терезесін өзі жасап, бұрыштарын тақтаймен сылап, жұмыртқадай ғып жұтындырып алған.

Ал қазір байқаймын, үй сырты бұрынғыдай емес. Жадау. Қабырға сылаулары жаңбақтай-жаңбақтай боп қопсып түсіпті. Қора, сарай маңында да бұрынғы ықтияттылық жоқ. Шашылған шөп-шалам, көң-қоқыр.

Таң сібірлеп атқанмен, төр үйдің оты сөнбепті, Терезеден көмескі шам жарығы көрінеді. Мен ақырын тықылдатып, әйнек қақтым.

Үйге ене жүрегім су ете қалды. Төр бөлменің оң жақ бұрышындағы ағаш кереуетте сұлық түсіп, жансыз дене жатыр. Қу шүберектей жүдеу өңі төбеге қарап, ішке тереңдей енген шүңет көздің айналасы көкшіл тартып, кірпіктері айқасып қалған. Таң жарығынан қорғалап өлусіреген пеш кенересіндегі сықсима шамдай сөніп бара жатқан менің анам — Мария Федоровна. Үйге кірген бойда қасына келіп, үнсіз қарап тұрмын. Ішім алай-түлей өртеніп барады.

Төрде қисайып жатқан ауыл-үйдің кемпірлері бастарын көтеріп:

— Жаңа ғана көзі ілінді. Өзір оятпа. Әлі жоқ. Сені көріп жылап, тағы шаршап қалар.

— Беті бері қарамай тұр-ау Мариямның. Қайдам... Кішкентай күшіктерінің бақытына қарай адам боп кетсе жарар еді, — деп шүңкілдесіп, менімен тілге келгенше болған жоқ, анамның кірпіктері көтеріліп, көзі кең ашыла беріп, маған тесіле қарады. Аузы жыбырлап, иегі сол дірілдеп, кезерген ерні кемсеңдегендей болды.

— Келдің бе? — деген сыбырлаған үн зорға шықты. Бет әлпетіне қарағанда жылап жатыр-ау дедім, бірақ суалған кезден бір тамшы жас шықпады...

Сол күні мен төргі бұрыштағы темір кереуетке төсек салғызып, күні бойы бүркеніп жатып алдым. Үй ішінің тұрмысы мен үшін әзір жұмбақ. Әкей қайда? Анам қашаннан бері сырқат? Бәрін сұрар ем, сөйлеуге батылым жоқ.

Үй ішіне тағы да түн орнады. Пеш кенересіндегі сықсима шам тағы да мүләйімсіп көзін ашты. Шытыр-шытыр етіп тұрған қысқа білте бір кезде жалп етіп, қайта түзелді. Сол кезде дөңгелек столды жағалай, қағаз қиып ойнап отырған, қарындары жалтыраған кішкентай жетімек інілерім таудан құлаған қойтастай отырған орындарынан есікке қарай домалай жүгірді.

— Сұлтан аға-а!

— Сұлтан ағам келді!

— Алақай!..

Үш інім, он үш жасар қарындасым Дуняша босағасы тар, тапал есіктен еңкейе кірген еңгезердей адамның — бірі мойнына, бірі иығына асылып, аяғына оралып, мәз-мейрам боп қалды, Мен бетімді бүркей қойдым. Үй іші маған бұлай қуанбап еді. Бұл кім болды соншама?

Сұлтан отырысымен шешемнің халін сұрады да, балаларға базарлық үлестірді. Тегі кәмпит болуы керек, «Петушок, петушок» деп жетімектер у-шу болды. Содан кейін Дуняша ішін тартып, қуанғаннан шыңғырып жіберді.

— Мама, мама, маған көйлек... Ой, қандай әдемі... Рахмет, Сұлтан аға!

Қарындасымның қуанған түрін көрейін деп, көрпені саңылаулап аша беріп ем:

— Мына жатқан кім? — деп Султан мен жаққа қарағандай болды.

— Ол Гриша.

— Біздің Гриша ғой.

— Кеше Омбыдан келген, — деп балалар жарыса жауап берді.

— Өһ, Гриша келді ме, ойбай-ау, қуаныш сендерде екен ғой. Қане оятыңдар. Мен оны әлі күнге дейін көрген емен.

Балалар жапа-тармағай келіп, бас салып мені жұпқылай бастады.

— Тұр-тұр, Гриша, Гриша, Сұлтан ағам келді.

Мен жорта ыңыранып, бір аунап түсіп, басымды көтердім. Екі шекесі торсықтай, қасқия қарап отырған жігіттің қаршыға көзі шарасынан шығып, өңі қуарып кетті. Менің де жүрегім солқ етіп төмен түсіп кеткендей, ішім әлем-тапырық болып, сұп-суық жалын он бойымды аралап өткендей болды. Қарсы алдымда отырған — Сұлу мұрт.

Біз үн-түнсіз көзбен арбасып, отырып қалыппыз. Балалар жаутаң-жаутаң екеумізге алма-кезек қарай береді. Бірақ, не түсінсін. Әлден уақытта Сұлтан орнынан тұрып, қып-қызыл қырдың түлкісінен тіккен үш құлақты тымағын киіп:

— Қораға бір қап үн қойып кеттім. Енгізіп аларсыңдар, — деп шығып кетті.

Дуняшада ес жоқ. Нәзік денесі бұрала билеп, секіріп қуанады: көк жапырақты сәтен көйлектің ішінде пейіштің бағында жүрген періштедей бір жасап қалды.

Сол күні анам да тілге келіп, соңғы рет бой жасады. Алғашқы көктем күнінде еріген тау бұлағындай көзінен жас сорғалай отырып ақтық сөзін құлағыма құйды. Қазақ даласында 1905 жылғы революция туралы әңгіме таратып, үгіт жүргізген деп, Омбыдан полиция адамдары келіп әкейді ұстап әкеткелі екінші жылға айналып барады екен.

— Содан бері төсек тартып жатып алдым. Ендігі бар таянышымыз деп үміт еткен сен де ат ізін салмай кеттің. Кедей ауыл болса да барын бөліп беріп, осы елдің бас көтерер ер-азаматтары әйтеуір сақтап отыр. Өмірімде көрмеген жақсылықты әлгі Сұлтан секілді қазақтардан көрдім. Өкенді бәрі де сыйлаушы еді. Бауырмал жанды ел болып бауырына тартып еді. Мына қызыл қарын жас балаға енді сен бас-көз бол. Адам ет, осы елдің бір азаматы болуға тырыс, — деп, хал үстінде жатқан анам сөзін үзіп-үзіп құрап, соңғы ақылын, ақтық тілегін айтты...

Міне, сол күннен бастап ұрлық атаулыдан іргемді аулақ салып, пышақ кескендей тыйылдым. Қазақтың кең сахарасынан, жүдеу, кедей ауылдан тапқан достық, қамқорлық мені түзу жолға түсірді. Содан былай еті тірі Сұлтанмен тізе қоса отырып, Балта аулының жоқшысы болдық.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Түн желкем. Қаз-қатар тігілген шатырлардың алдындағы баған басына ілген лампылар бас шайқап теңселіп тұр. Шам жарығынан үңірейген қараңғы далаға қарай сұлап жатқан абажадай көлеңкелер де бірге теңселіп, жан біткендей қимылдайды. Жер қозғалып, тербеліп тұрған секілді. Жастардың бәрі тыста. У-шу. Алқа-қотан жиналып билеп жүр. Шиырланған тақыр алаңнан жеңіл ғана шаң білінеді. Беті қарғаның жұмыртқасындай тарғыл-тарғыл, шашы өрттей жирен жігіт баянын жыртылғанша созып өзі білетін билерін бірінен соң бірін тізіп дарылдатып отыр.

Жаңа құрылған совхозда қыз жағы әлі аз. Би алаңында етегі көлбең етіп, сұлу балтырлар анда-санда бір жердей жарқ етеді. Қолына қыз тиген жігіттер мұндайда жердей жеті қоян тапқандай, қашан аяғы салдырап қалғанша тоқтамай. самайынан тарам-тарам тер ағып, тоқтаусыз билейді. Ал қыз жетпей қалған жігіттер бірін-бірі ебетейсіз құшақтап, арбаң-арбаң айналып, екі-үш жерден бір-ақ аттап, артымен де, иығымен де кез келгенді қағып-соғып, ана жерден бір, мына жерден бір жылт етіп көрініп қалады. Олар билеушілерден гөрі үлкендердің ара-арасымен бірін-бірі қуып, тақия тастамақ ойнап жүрген балаларға көбірек ұқсайды.

Халел іші пысып, зерігіп, үйге сыймай, шам жаға осында келген. Бұрын Қызыл Жалауда өз таныстарының арасында еркін жүретін бозбала, бөтен адамдардың арасына алғаш кіргенде тосырқап, ешкіммен шүйіркелесе алмай шет қалды. Соңда да жұрттың биіне қарап мәз.

Әлден уақытта бөренеге қондырған вагонның биік баспалдағынан түсіп, 19-20-ға келген қыз осылай қарай беттеді. Жел өтінде теңселген шам жарығынан ба, әйтеуір, иірімге түскен қайықтай дөңгелей билеп келе жатқан тәрізді. Халел қасына келіп тоқтаған қызға ұрлана қарады. Өңі таныс: «Апыр-ау, қайдан көрдім? Аяғына жайпақ табан туфли киген, балтыры оқтаудай сымбатты қыздың қою ақ сары шашы толқынданып иығын жауып тұр. Айнала шеті ішке қарай шиыршықтала көмкерілген шаштың бір талы шашау шықпаған. Өңіріне ирек ақ жолақ салған, ашық жағалы қап-қара күртесінің қынама белі мықынға жабысып, уыздай қос анар сәл бұлтияды. Халел ақ сары шашты ұнатпайтын еді. Тұңғыш рет бұрынғы өз пікіріне іштей қарсы болды. Мына қасында тұрған қыздың шашы басқа түсті болса, мейлі көмірдей қара болсын, мейлі жібектей жылтыраған қоңыр болсын, келіспес еді. Тек қана осы ақ сары шаш қана тал бойына жарасып тұр.

Халелдің тапжылмай қарағанын аңғарып, қыз да қымсынып қалды, көктемдегі Арқаның аспанындай тұп-тұнық мөлдір көзі жалт етіп соған ауды. Кінәлап қараған жоқ, таныс адамдай жылы қарады. Осы кезде топ ішінен балағы далбаңдап, қайратты үрпек шашын бриолинмен баттастыра майлап алған, әлі анасының сүті аузынан арылмаған жап-жас бала жігіт шығып:

— Мадам, прошу Вас! — деп қыздың алдына иіле қалды. Майлаған қысқа шаш әлі шаранасы кеппеген жаңа туған бұзаудың жүніндей жылтырайды.

Бетінен нұр тамып, күлімсірей қараған қыздың жүзі әп-сәтте салқын тартып, айшық қасы дір етті:

— Біріншіден, мен мадам емеспін. Екіншіден, Жора, бұдан былай қыз алдына қанша таныс болсаң да арсалаңдап келуді қой. Бұл сыйластыққа жатпайды. Этика керек. Солай келгенде ғана мен сенімен билеймін.

Анадай жерде қапсағай, ірі жігіт Дерягин тұрған. Майлы басты жұмсаған сол. Сөздің сыңайын аңғарып, алдындағыларын киіп-жарып өзі келді. Ол жақындамас бұрын, алдымен арақ иісі мұңқ ете қалып еді, қыздың қарсы алдында тұрғанда бензин иісі араласып кетті. Үстіндегі жұмыс киімін де ауыстырмапты.

— Қарлығашым, жүр, билейік.

— Жоқ, билемеймін. — Дерягин ұмтыла бергенде, «Жүріңіз, билемейсіз бе» деп әлгі қыз тосыннан Халелді алып, топ арасына сұңгіп кетті.

Халелдің есіне жаңа түсті. Бұл қызды совхоз жерінде алғашқы боразда тартылған күні көрген екен. Құйқалы жерді таспаша тіліп, өрілген шаштай бұйра толқынды шұбалтып бара жатқан тракторшы қыздың соңынан жиналған жұрт шуылдай жүгірген еді. Мына алдындағы аппақ мрамордан құйғандай мінсіз қаз мойынды қаршыға төс сұлу қыз бен үстіне комбинезон киіп, толқынды шашын жұқа орамалмен түйіп, атқа шабатын шабандоздай жинақы тұрған тракторшы қыздың арасы жер мен көктей көрінді Халелге. Ол жолы бұл дала шаруасына ғана лайық жаратылған сом денелі, бөкселі, еркекшора қыз секілді еді. Ал қазіргі кейпі мүлдем басқаша. Үстіне құйған нәзік әтір иісі үлбіреген қып-қызыл ернінен, ып-ыстық лебінен келетін сияқты. Тіпті өзі де үлбіреп тұр. Мидай жонда азынаған дала желі де сымбатты, көрікті қыздың мүсіндей тәнін тотықтыра алмапты.

Халел қашан танысып, араласып кеткенше еш адамға жұғыса алмай, томаға-тұйық үндемей, бұйығы жүреді. Онысы ұяңдығы емес, ұялшақтығы. Ұяң болса — жасық болар еді, ұялшақтығы — ибалылығы. Ал танысып-білісіп алғаннан кейін одан өткен ақ жарқын, жайдары адам жоқ. Биді қанша жақсы білгенмен бөтен адамдардың арасында қазір кібіртіктеп үнсіз жүр.

— Атыңыз кім? — деп бірінші сұраған да қыз.

— Халел. Халел, — деді екінші рет анықтап.

— Халел. Менің атым Тамара.

Осыдан кейін-ақ екеуі баяу билеп жүріп, бір-бірімен шет пұшпақтап танысып, әңгімелесіп кетті. Тамара Ақбөпе секілденген ашық мінезді, ақ жарқын қыз екен. Қайдан келгенін, қазақ жері туралы өзінің бұрынғы естіген-білгендерін айта жөнелді. Бірақ көп ұзамай бұл

...Ой....—бұзылды. Әлдекім айнала беріп иығымен қағып жібергенде, аңдаусыз жүрген Халел мен Тамара мұрттай ұшты. Бишілердің тығыздығынан ғана құламай қалды. Екеуі де ештеме сезбегендей қайтадан дөңгелей беріп еді, жауырын еті дөңкиген, шоқтықты жуан әйелмен билеп жүрген Дерягин екінші бүйірден келіп қақты. Бұл жолы Тамара Халелдің иығынан қолын алып, әдепсіз жігітке тіксіне қарады. Дерягин де мойнын бұрып бөгеліп кекесінмен езу тартты:

— Что уставилась, не узнаешь?!

— Узнаю! — Тамара Халелді қолтығынан алып би алаңынан шыға берді.

— Халел, — деді ол біраз жер жүрген соң, қоштасып тұрып, — сен әлгі жігіттің көргенсіздігіне ренжіп қалған жоқсың ба? Ол өзі сондай әумесерлеу адам. Маған жасап жүрген қыры. Біздің адамдардың бәрі ондай емес, жақсы кісілер көп. Біраз аралассаң білесің...

Шатыр маңындағы бишілердің шуылы, сырнай үні алыстай берді. Халел үңірейген қараңғы түнге тереңдеп, кішкентай терезелерінен шам жарығы сығырайған өз үйіне де жетті.

Есік алдында әлденелер қараңдайды. Үйілген тезек пе деп еді, жоқ, тезек емес — мал. Жүгендері сылдыраған бір үйір жылқы. Қасында құлыншақтары да бар. Көктен түскендей бір түнде келген жылқыларға Халел тосырқай қарап тұр еді, үйден екі адам шықты. Бірі — әкесі Қарасай, екіншісі — қыстың масағы қалғандай, құйрығы бұлттыңдаған қалың тері шалбар, малақай киген біреу. Халел бейтаныс адамға қол беріп амандасып жатудан қашып, үй қабырғасына жабысып тұра қалды. Жарықтан шыққандар оны абайламады, тап қасына келіп күңкілдесіп тұр.

— Ал енді, мен кетемін, Қареке, — деп тері шалбарлы көмейіне келіп қалған сөзін жалғағанша болған жоқ, Қарасай да:

— Жолың болсын, түнделетіп жүрмей-ақ, қона кетсең де болатын еді, елге баратын шығарсың? — деп алдын орап кетті.

— Қареке-ау, қазір жайланып жататын уақыт па?! Жылқы басына барамын.

— Ө, жәрәйді, жәрәйді онда, бөгелме. Жылқы «Жаман тұзда» шығар. Енді сол жақтан басқа қолайлы жайылым да қалмас. Бүкіл ен дала қара жырттынды болып кетіпті ғой.

— Е, әлі де жылқыға жер жетеді. «Жаңа талаптың» маңын онша көп жыртпайтын түрлері бар. Аана Райхан келіп, ел адамдарымен ақылдасып кеткен. Тегі біздің қолхозды мал совхозына айналдырмақ ойлары болса керек, — деп жылқышы байлаулы айғырын шешіп алды. — Шіркін, Сілеті жақ беткей малға жат қой. Райхан да жасынан осы маңда өскен бала. Бәрін біліп отыр.

— Олары дұрыс болған екен, — деп, айғырдың айылын тартып жатқан жылқышыға таянған Қарасай ішкі қалтасынан етектей күмәжнек шығарды. Арасынан шыртылдақ қағаз ақша алды да, жылқышының қойнына сүңгітіп жіберді. — Ал, енді айтып-айтып не керек. Жағдай өзіңе белгілі. Айдалада түртпектеп әйтеуір өлмешінің күнін кешіп жатырмыз. Еңбегіңе рақмет! Әзірше мынаны ала тұр. Кейін ақынды жемеймін. Бір-бірімізді көрмей кететін адамдар емеспіз ғой. Колхозың мал совхозына айналса, мына жылқыларды қайта берем. Өзің бақпағанда менде не қауқар бар дейсің. Күйеу бала да саған ырза.

Жылқышы «ыңқ-ыңқ» етіп, айылды іштен тартқан сайын ыңқылдап, Қарасайдың сөзін салғырт тыңдаған. Тегі мәймөңке сөз құлағына жақпаса керек. Ашумен тұрып айылды ырғап қалғанда, айғыр да жақтырмай, шыбжың етіп, шыр көбелек айналды.

— һай! Ант атқыр! — деп жылқышы да тізгінді жұлқып-жұлқып қалғанда, айғыр оскырып, иесінің алдында жуаси берді. — Ақымақ неме, қайтеді тыпырлап.

Айылды тартып, ер-тұрманын жөндегесін барып жылқышы қойнына қолын салды да, жаңа Қарасай тыққан екі жапырақ қағаз ақшаны алды. Аузына сөз түспегендей қиналып, ақшаға біраз қарап тұрды да, Қарасайға қайтып берді:

— Қареке, мен күн көре алмай қайыр сұрап жүрген тіленші емеспін. Құдайға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, ішіп-жемім жетеді. Құдай біреуге күнімді салдырмасын!

— О не дегенің. Аллам сақтасын.

— Бірақ сізден ақ адал еңбегімді сұрап тұрмын. Бес жыл бойы малыңызды бағып, шашау шығарған жоқпын. Жылда көбейтіп, буазын аман құлындатып, көтеремін аяғынан тік тұрғызып бердім. Менің еш жазығым жоқ шығар.

— Алда разы болсын!

— Өйтсе де, айтқан уағдаңыз бар еді, күні бүгінге дейін сүйретпеге салып келесіз. Мынаны өзіңіз алыңыз, бес жыл түгіл, бес күн боранда ұйқысыз жүрген еңбегіме татымайтын дүниені алғаннан алмағаным жақсы. Рақмет! — деп, тері шалбармен қорбаңдаған жылқышы үзеңгіге аяғын сала бере ауыздығымен алысып ойнақшыған айғырдың үстіне тәп ете қалды. Қарасай тағы да күректей жүз теңгелікті қосып ұсына беріп еді, қараған да жоқ.

— Қареке, енді жылқыңызды совхоз малына қосам десеңіз жаңа бастықпен сөйлесерсіз. Ендігі билік Райханда, қос дейді екен, қосамын. Бірақ, енді сізден ақы алармын деп иегім қышымас, — деп жылқышы Райханның атын әдейі атап, атының басын бұра беріп еді, Қарасай шыр түкіріп зілдене қалды.

— Мейлің. Шақырғанға келмесең, шақыруға зар боларсың демекші, беріп тұрғанда алмадың. Мұның бәрі менің маңдайыма басқан мал дедің бе. Ана күйеу баланың, бастықтардың соғымы. Өзің біл.

Жылқышы тізгінін оқыс тартып қалғанда, астындағы ат та шыр айналып, аяғымен жер тарпыды.

— Қареке, Қосимановпен иманымызды ұшырып болдың ғой. Бар онда, қиратып ал. Қолынан бір келсе, екі қылсын. Қожа бір кескен, — деді де желе шоқытып кете барды. Жерге сүйреткен құрығымен жерді солқылдатқан ат тұяғының дүбірі де: «қолыңнан келсе қиратып ал!» деп дүңкілдеп бара жатты.

— Қап, мына иттің құтыруын-ай, — деп зығыры қайнап қала берген Қарасай қасына таянған Халелді жаңа аңғарды. — Халелмісің. Түн ортасына дейін қайда жүрсің?

— Жәй, ана жаққа барып, — деп Халел күмілжіп, үйге беттей беріп еді, әкесі тоқтатып алды:

— Тоқта. Бері жүр, ақылдасатын шаруа бар.

Қарасай мен Халел жылқылардың ту сыртынан келіп, белдігінен шойырылған жарымжан радуанға отырды.

— Өлгі жаман неменің танауын көтеріп, әлдеқандай болып кеткенін көрдің бе? Иттің қиы дәрі болса, дарияға... — деп Қарасай алақанына салып сығымдаған насыбайын ерніне тығып, шырт түкірді де, қабағы түксиіп, Халелге тіксіне қарады. Баласы оның жүзін көре алмаса да күжірейіп отырысынан, қарлыға шыққан даусынан-ақ ашулы екенін аңғарып, ыңғайына көше берді. — Сен де бала емессің енді. Бозбалалық құратын шақтан кеттің. Отау иесісің. Ана тарқылдақтардың арасына бас жеймін деп барамысың. Не бар осы уақытқа дейін салпақтайтын.

— Көке, мына жылқылар кімдікі? — деп Халел әңгіме бетін аударып еді, Қарасай райынан қайтпады.

Бос жүрген құлынның бірі жақындауға бата алмай тұрған. Айналышықтап жүріп, ақыры Қарасайдың иығын иіскеледі. Қарасай үркітіп алмайын деп баяу көтерген қолын жалына апарып түбіттей үлпілдеген жүнін сипап, ақырын қасығанда, бар ашуы сыпырылып түскендей болды.

— Мал — көздің құрты деген рас-ау, жарықтық! — деп жирен қасқа тайдың мойнын, алқымын қасып отырып, жуаси сөйледі. — Халел, енді алды-артыңа қарап, жақсы-жаманды айыратын мезгілің болды. Байқаймысың, заман өзгеріп барады. Мына целина келмей жатып өрісімізді тарылта бастады. Тарылтқан емей немене, пәлен жылдан бері колхоз табынында жүрген жылқыларымызды түгел айдап әкеп тастады. Өлі де совхоз малының ішінде жүре берсе, ешкімнің төбесін оймас еді. Бірақ не керек... Оның үстіне шолақ байталша шолтандап Райхан деген пәле тағы келіпті. Ол әу баста-ақ оңбаған адам еді. Менімен жұлдызы қарсы.

— Оны бұрын да білетін бе едіңіз, көке?

— Білем, білем, — дей салды Қарасай. — Ал енді «заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген үлкендер. Біз де құр жатпайық, балам. Сен енді күзге дейін жылқыларды осы маңда бақ. Қой, сиырларға Дика бар ғой. Сосын жата-жастана «Жаңа та лап» мал совхозына айналса, сен жылқышы болып орналасарсың. Әйтеуір санатта жүрсен болды ғой. Саған кім бақтырып қояр дейсің. Жылқышы қанша малын табынға қосса да ешкімнің шаруасы болмайды.

— Көке, сіз маған жылқышы бол деп отырмысыз?!

— Еһ, болса несі бар. Өзер болса бір-екі жыл жүрерсің. Мына жылқыларыңды тоғытып, біраз жолдас-жора тауып алған соң, басқа жұмысқа ауысарсың.

— Мұның бәрін қалай ұстап тұрмақпыз, көке. Бір-екі қара жетпей ме. Сол үшін өмір-бақи жылқы бағып көрмеген мен қалай жылқышы болам, одан да совхозда машина жүргізгенім жақсы емес пе.

— Не дейт... — Бұл Қарасайдың ашу шақыра бастағандағы сөзі. — Мені асырайтын да, адам санатына қосатын да осы жылқы. Қолыңа күрек алмай, осы күнге дейін сенің еркіңмен жүргенің де осылардың арқасы. Қыр елінің жылқысыз күні жоқ. Жылқы — ақша, жылқы — соғым. Ана келіп жатқан желөкпелерге елігіп желігуіңнің алды-арты осы болсын. Ондай ақымақтықты таста. Істің өнімді жағына жүгін, — деп Қарасай орнынан тұрды.

* * *

Май айының орта тұсы. Мақпал түн. Он төрт жаңасына ілініп, алтын табақтай толған ай шырқау биікте баяу жүзіп барады. Жаздың жеңіл бұлтты шудалана жылжып кеп, бетін бүркесе, тығылмақ ойнағандай жасырынып, біраз ұрланып тұрады да, енді бір сәт бұйра бұлттың арасынан қылмия шығып, маңдайын көрсетеді. Көрсетеді де, суға батқан қалытқыдай қайта сүңгіп, домалай жөнеледі. Түтілген түбіт түстес торғын бұлтқа кезіге қалса, шәйі перденің ішіндегі аппақ арудай, нұры көрініп, күліп бара жатқан секілденеді. Наздана ма, қайтеді?

Халел бес құлынды биені Қыземшектің бауырына әкеп кең шалғынға тұсап жіберген. Күн ұзақ ағаш ішіндегі желіде жатып іштері пысқан құлыншақтар асыр салып ойнап, күлте құйрықтарын көкке шаншып, енелерінің қасында шапқылап жүр. Табынға үйренген семіз үйірсек биелер, қасына құлындары ерген соң мына жерді өгейсіп, үйірін іздеп, жерге басын анда-санда салып, жиі кісінеп, секіре оттап барады. Аяқтарындағы тұсамыс сақиналары сылдырап, ай астында қара-құра тартып ұзап кетті.

Халел жабағы күпіні жамбасына төсеп, әуеде жусаған аспандағы жұлдыздарға қарап ойда жатыр. Аспанның терістік жақ етегіне таққан маржандай жылтыраған жеті қарақшы шалқасынан түскен саптыаяқ секілді. Құс жолындағы жыпырлаған сансыз жұлдыз қалың елге ұқсайды. Бәрінде бір ғажайып сырлы өмір бар. Халел бала күнінде, үй төбесінде жатып ұйықтар алдында түпсіз тұңғиық аспанға қарап ұзақ қиялдайтын-ды. Сәби қиял еді. Салқын самал тұрып, таң ағара бере жиі аққан

жұлдыздарға қарап, «менің жұлдызым жоғары» деп қайта-қайта қайталап жатып жылы көрпенің астында бұйыға түсіп ұйықтап кететін. Тәтті бір алаңсыз ұйқы еді-ау!

Қазіргі қиялы одан бөлек. Көзі жұлдыздарда болғанмен ойы Қыземшек дөңінің ар жақ бауырындағы кең жазықта жылтыраған он шақты отта. Бәрінен де оған ең бергі шетіндегі жалғыз от ыстық. Ол Тамара жүргізіп жүргем трактор оты.

Тамара Халелге ешбір емеурін білдірмесе де, өзінің ашық жайдары мінезімен жақындық тапты. Аңада ең алғаш би алаңында кездескенде-ақ таныс құрбысындай жылы сөйлесіп, бірден үйіріліп кеткен. Бірақ ол қанша ашық сөйлесіп, жарқын мінез көрсетсе де, Халел өз-өзінен бұйығып, сөз таба алмай қысылыс тапқан. Неге олай екенін өзі де білмейді. Тек сұлу қыздың алдындағы жас жігітте болатын әдеттегі ыңғайсыздық деп ұғынған. Әйтпесе бөтен ой келген жоқ.

Бірақ сол кездесуден бері, неге екенін кім білсін, Халелдің Тамараны көргісі келеді де тұрады. Жүрек ынтықтығы емес, әшейін сұлу суретке құмар, нәзіктікке құштар адамның әуресі секілденеді.

Қазір де Халел сол Тамараға барып жүз көрісіп қайтқысы келіп жатыр. Бірақ онысы өзіне ерсі көрініп, не істерін білмей іштей өзімен-өзі арбасқан белгісіз толқу бар.

Әлден уақытта Халел орнынан тұрды. Ширатыла созылған тәтті қиялдың ұшығына жете алмай, маужырап жатып, уақыттың да қалай зымырап өткенін білмей қалды. Айнала жым-жырт. Кең дала тым-тырыс мүлгіп, аспан қалғып тұр. Тек Қыземшек жақтан тр-тр еткен трактор үні алыстан әлсіз естіледі. Аудан жолынан көрінген машина оттары бірде шақырая қалып, бір орнынан тапжылмай ұзақ тұрып алса, енді бір кезде жыпылық етіп жоғалып кетеді. Лезде ғайып болып, әлден уақытта тағы сол арадан шығады. Әлдекіммен ойнап тұрған секілді. Батыс жақ беттен көтерілген жазғы торы ала бұлттың арасына сүңгіген ай алтын табақша бар салмағымен терең батып кетіпті.

Бағана тұсамыстары сылдырап оттап жүрген жылқылар қазір көрінбейді.

Халел жылқылар кеткен жаққа қарай аяндай басып келе жатыр. Қолына топтай ұстаған жүгендердің ауыздығы мен сағалдырық айылбасы сылдырап, аңда-санда алдыңғы жаққа бұқпантайлап еңкейіп-еңкейіп сүзіле қарайды. Әудем жерде қараңдаған бірдемелер көрінгенге оттап жүрген жылқылар екен деп жақындай келсе, онысы шоқ-шоқ өскен тобылғы болып шығады.

Қою түнге сүңгіп алыстаған сайын Халелдің жүрегіне әлдебір суық ой кіре бастады. «Апырай, соншама ұзақ жатып қалғаным ба? Әлде, жылқылар тұсамысын үзіп, бос кетті ме? Қой, бар жылқы тайлы-тұяғына дейін тұсамысын үзуі мүмкін емес. Әйтеуір, ит-құстан аман болса жарар еді. Әлде мен қисық кеттім бе?» — деп күмәнданған Халел Қыземшекке қарай бұрылды.

Бағанағыдай емес, түн қараңғылығы бірте-бірте қоюлана түскен. Шығыс жақ беттегі жұлдыздар жоғалып, көкжиектен ауыр қара бұлттың ірі тұлғасы көрінді. Әлден уақытта алыстан күн күркіреді де, нажағай оты әлсіз ғана жарқ етті. Халел ентелей басып жүріп келеді. Жабағы қаудың арасында бұғып жатқан боз торғай тап үстіне адам кеп қалғанда үркіп, пыр етіп ұшады. Халел селк етіп, қалшиып тұрып қалады да, аз уақыт тың тыңдап, тағы да әрмен қарай жүре береді.

Айыр өркешті Қыземшек жақындаған сайын зорайып, түн қараңғылығында бұрынғыдан бетер состиып биіктей берді. Жауын бұлтты оның иығына жасырынды. Биік шоқының тұсына іліп қойған қап-қара құрым киіз тәрізді. Әлдекім шақпақ тас жарқылдатқандай Қыземшектің ершігінде әлсін-әлсін от ойнайды. Ол кезде қос арнаға біткендей діріл қағады.

Аздан соң түн ішінде бозамық тартып жатқан бетегелі жер түнеріп, бері жылжыған қою бұлтпен астасып, тұтасып кетті. Қалың жыртындыға тірелген Халел тұра қалып тың тыңдады. Арғы беттен талып естілген трактор үнінен басқа ештеме құлаққа шалынбайды. Оң жақ бүйірдегі бір түп көденің түбінен жалғыз бөдене «бытпылдык, бытпылдык» деп екі-үш рет тақылдады да, тым-тырыс тына қалды. Алыста күн жарқылдады.

Жүгендері сылдырап Халел тағы да алға аттай беріп еді, тап сол жағынан оқыс шыңғырған дауыстан іші қалтырап кетті. Ышқына шыққан әйел үні түн тыныштығын бұзып бір-ақ рет шыңғырып қалды да, сүйекке қақалғандай тұншығып, булығып барып үзілді. Бір шоқ ерменнің тасасында көзі бақшиып, мойнын екі иініне тығып қасынан аңдамай өтіп бара жатқан адамға бажырая қарап отырған жапалақ, тосын шыққан дауыстан үркіп, Халелдің тап алдынан жарбаң етті. Халел дауыс шыққан жаққа қарай жүгіріп келеді.

* * *

Сол түн. Айлы түн. Күн ұзақ дауылдатып соғатын сібірдің асау желі күн батар алдында басылады да, осынау жатқан жалпақ өңір түн тыныштығына бөленеді. Дамылсыз үрлеген жел өтінде қалбаң ойнап, діріл қағатын өсімдік атаулы бұл кезде жерге мойны салбырап, маужырап ұйқыға кетеді.

Бірақ аспан асты биылғы көктем басталғалы көз іліп ұйықтаған емес. Шұбатылған шымыр қара жолдың бойында күні-түні жосылып, зымыраған автомашиналар, қырда қыбырлаған трактор атаулы қара жерді солқылдатып, түн тыныштығына маза берген күні жоқ.

Кузов жақтауынан асыра шофер артқан «ЗИС» осы жарым түнде тақтайдай жолмен «Қайыңды» совхозына қарай безілдетіп келеді. Жазық даланың жолы қанша тегіс дегенмен, анда-санда жерде доңғалақ ойып кеткен шұқанақтар да жоқ емес. Әйтсе де машинаны жұлындай ұшырып келеді.

Жолай асханаға кіріп, ұйқыдан сергу үшін екі стаканды қатарымен тастап алған Дерягиннің қалың қабағы түйіліп, екі көзі қанталап, қызарған. Аузындағы шылымын екі езуіне дамылсыз жүгіртеді. Отырғанда да еңгезердей шоқтықты жігіт, кабина төбесіне тиер-тимес басын терезеге қарай ие түсіп, аспанға ұшуға бейімделген буркаше алға қарай қомданып алған. Саусағының ұшына дейін қалың түк басқан, білекті қолы машинамен бірге дірілдеп, баранкеге қатып қалыпты.

Вася Дерягин жоқ нәрсеге шырт ете қалатын қызба жігіт. Оның мінезін тыңға бірге келген жолдастарының бәрі біледі. Өткен өмір жолы оларға бес саусағындай. Сондықтан да алғашқы кезде ең жақын досы Володя Котеноктан басқалары бұдан өзін аулақ ұстайтын. Бұл да ешкімге араласпай өзімен-өзі жүреді. Бірақ күн өткен сайын Дерягиннің беделі шоферлердің арасында көтеріліп, күн-түн демей тоқтаусыз рейсте жүретін қажырлы жігіттің жұмысы совхоз басшыларына да ұнай бастаған. Оның үстіне машинасына да әлі еш ақау түскен жоқ. Адаммен салқын сөйлесіп, қатал тұратын завгар Морозовтың өзі тәжірибелі жігітті іштей жақсы кереді. Тек өркөкірек, менмен мінезін жақтырмайды. Оны Дерягиннің өзі де сезеді. Бірақ өзіне ұнамаған, ойлаған жерінен шықпаған адамды күшпен жеңіп алам деу — оның жаратылысына сіңген мінез-ді.

«Малжан ағашының» бауырына совхоз алғаш орнаған түні-ақ Дерягин өзінің жайсыз мінезін жолдастарына көрсетіп алған. Оқиға былай болды.

Он шақты жігіт бір вагонның ішінде тұрады. Басқа вагондағылар, палаткадағылар ұйықтаған мезгіл. Бұлар болса вагонның тап ортасына төңкеріп қойған жәшіктің айналасында төрт-бесеуі карта ойнап, қалғандары төне түсіп олардың қызығына қарап отыр. Кілең он сегіз, он тоғыздағы бүлдіршіндей жас жігіттер. Ішіндегі ересегі Дерягин мен Котенок. Бәрінің қалтасы сықырлаған ақша. Ойынды шығарған Дерягин. Қазір карта таратып отырған да сол. Дерягин сусылдаған атлас картаны араластырып жіберіп:

— Стук. Кон 400 сом, — деп, жәшіктің үстінде қампиып жатқан бір төбе ақшаның үстінен нығарлап басып қойды.

— Отыз сомына.

— Қырық сомына.

— Жүз сомына, — деп жағалай отырған үш жігіт қатарымен күйіп шықты.

Ең соңында қалған, беті секпіл-секпіл үрпек бас жирен бала, мұрнын қайта-қайта тартқыштай, отырғандарға бір, картасына бір қарай береді. Дауылда жаншылған өлең шөп құсап икемге көнбей шекесіне қарай селтиген қайратты шашын сипалап, қасындағы жолдасымен ақылдасты. Қолында тұз отыр. Ақылшысы да не дерін білмей:

— Давай, бәріне бар, — деп елеурей көтеріледі де, — бірақ өзің білесің, — деп лезде райынан қайтады.

— Барсаң бар. Үшеуіміз де қатарымызбен күйдік, сенің алатын кезегің.

— Бас! — десіп басқалары да шыдай алмай кетті. Түні бойы сымпитып ұтып алған Дерягинде еселері кетіп, зығыры қайнап отыр.

— Әкел бәріне де, — деп үрпек бас та қайратына мінді. Танауының қуысы дем алуға тарлық еткендей аузын ашып жіберіп, қоп-қою түтін аралас бөлменің ауасын кеудесін кере жұтып, оқыс күрсініп алды. Бұрын карта ойнамағандығы көрініп тұр. Қолындағы тұзын маңайындағылардан қызғыштай қорып, қолы дірілдеп бауырына басып алған. Маңдайынан маржандай тер бұршақтай ағып, тұздай көзімен Дерягиннің қолындағы картаға ежірейіп, тесіле қалыпты.

Дерягиннің берген картасын ала бере тағы бір күрсінді. Жүрегі тайдай тулап, лүп-лүп етеді. Екі картаны бірінің сыртына бірін қосарлап алып, шетінен сығалап аша бастады. Тоғыздық — жиырма.

— Ізде! — деді жұлып алғандай.

Дерягин алдындағы картасын секірте лақтыра беріп, көз ілестірмей бір картаны суырып тастады. Екі ондық — жиырма. Үрпек бас бала астына кірпі тастай бергендей селк етіп, көзі шарасынан шықты.

— Тоқта, қай жерден суырып алдың! — деп Дерягиннің қимылын аңдып отырған сырттағы бір жігіт баж ете қалды.

— Иди ты... соп-ляк! — Дерягин гүр етіп, артында тұрған қырлы стаканды бір-ақ атты. Әккі бөденеше бұға қойған кінәлі жігіттің төбесінен стакан жалап өтіп, тақтай қабырғаға соғылып күлпаршасы шықты. Қанын ішіне тарта қойған ашулы Дерягиннің сондағы түрі атылып келе жатқан ала шұбар жолбарысқа ұқсайды. Әр жерінен қылғындыра буа-буа салған тырсылдаған бүйендей бұлшық еттері бұлтыңдап, ұшып тұрғанда, ашық көйлегінен көрінген кеудесіндегі ұйысқан қос уыс сабалақ жүн де тікірейіп, бастарын көтеріп, селдірей қалды. «Төбелес қайдасың» деп елеңдеп тұрған секілді. Бірақ ешкім оған жағының жігін ашқан жоқ. Жап-жалпақ кеуде түндікше желпілдеп барып, желі шыққан керікше баяу басыла берді.

Карта ойыны осымен тынды. Жәшік үстіндегі бар ақша Дерягиннің қалтасына түсті. Бірақ ол оған қуанбады. Қайта артынан қынжылды. Отырған жігіттер ләм демей, үнсіз шешініп нарға шығып ұйқыға кетті. Ал, Дерягин болса не шешінерін білмей, не тысқа шығып желпінерін білмей, жалғыз шоқиып отырып қалды. Бәрінен батқаны жасынан бірге өскен, бірге оқыған момын жолдасы Котенок та бір ауыз сөз айтпады. Көзілдірігінің үстінен бір қарады да, бүркеніп жата кетті. Жақтырмай қарағаны да, жұғымсыз мінезіне іші ашып, аяй қарағаны да белгісіз. Әйтеуір салқын қарағаны аян.

Дерягин қашанда бірдемені ашу үстінде бүлдіріп алып, артынан түсінетін әдеті. Талай күндер бойы оған іштей қиналып, дел-сал болып жүреді. Осы жолы да ол май шамның астында жападан-жалғыз отырып, басы салбырап ауыр ойға қалды. Өз кінәсін мойындады. Бірақ артынан жолдастарының алдынан өтіп, кешірім сұрау оның табиғатына жазбаған нәрсе.

Міне, Дерягиннің жолдас-жораларынан аулақтап, алыстай беретіні де осы мінезі. Оны өзі жақсы біледі. Бірақ не керек, арада бірнеше күн өтпей-ақ, тағы да осындай өкінішті іске тап болады.

Дерягин қазір жол үстінде келе жатып осы мінезін ойлап отырған. Бір кезде тап алдынан жүз метрдей жерде ағараңдаған бірдемені көзі шалып қалды. Жарыққа қамалып, көзі шарасынан шығып шоқиып отырған дала қояны. Машина жақындай бергенде шолақ құйрығы шолтаң етіп зыта жөнелді. Бұл кезде ай да жұқа бұлтқа еніп, дала қараңғыланған. Қоян жарықтан шыға алмай тақтақ жолмен жан ұшырып зымырап барады. Дерягин де газды басты. Алғашқыда құлағын жымырып алып оқтай атылған қоян көп ұзамай-ақ болдырып қалды. Буаз қоян екен. Жолдың екі бетіне алма-кезек бұлталаңдап, тоңқаңдап келеді. Бір кезде машина төніп келгенде, Дерягин сигналды басып-басып қалып еді, қоян ышқына секіріп жолдан шығып кетті. Дерягин де машинаны бұрып алып қалың көденің үстімен бастырмалатып қуа берді. Қоян ышқынып ытқып-ытқып қашады. Машина жарығынан шығып кетсе, әлгіндей болмай қайта қамалады. Дерягин бұлтартатын емес. Үстіне төніп келді. Қоян жалт бұрылып бір түп шидің түбіне бұғып жата қалғанда машина үстінен өте шықты. Доңғалақ арасында аман қалған қоян қайда барарын білмей сасқалақтап қашқанша болмады, кері бұрылған машинаның жарығына тағы түсті. Әбден титықтап болдырған қоян жиі бұғып, екі бүйірін соғып жатып қалады. Машина өте шығады. Осылайша он шақты рет қайталады. Бір кезде Дерягин қалың көдеде бұғып жатқан қояннан көз жазып қалды. Шыр көбелек айналып шимайды салып шарлап жүр. Әлден уақытта барып, қоян қылт етіп тағы да көзіне түсті. Сәл дем алып, әлденіп алған екен, басын оқыс көтеріп алып зыта жөнелді. Дерягин де тақымдап қояр емес. Қоян біразға дейін жеткізбеді. Алысқа түсетін машина отының жарығында ағараңдап ұзап кетіп еді, Дерягин құйындай ұшырып, жолсыз көдемен салдыр-гүлдір тағы бастырмалатты. Бір кезде әбден зорығып шаршаған қоянды ұстап алатындай халге келтіргенде алдынан кең қара жыртынды кездесіп, айырылып қала берді. Қара бұрымдай өріліп, кең көсілген жыртынды бетінде бір-екі рет омақаса құлап, қайта тұрып шоқырақтай қашқан қоян лезде көзден ғайып болды.

Дала тым-тырыс. Қалың ұйқыда. Желсіз түндегі жарық ай да бұл кезде қалың бұлтқа еніп, батып кетті. Жер жыртық тракторлар да сиреген. Бір-бірінен жырақ-қашықтап анадай жерден оттары жылтырап, жалқы жүр.

Дауыстары да бәсең секілді. Олар да түн ортасы ауған шақта қалжырап, ұйқы меңдегендей самарқау тырылдайды. Үні құлаққа талып жетеді.

Дерягин қоянның әлегімен қай жаққа шығып кеткенін аңғармай, маңайына көз тастады. Сонау етекте жатқан совхоз үйлерінің тұсынан баған басындағы өлі сөнбеген екі-үш от көрінеді. Тегі Қыземшектің тұсы болса керек. Совхозға тура кетуге жол жоқ. Машина қалың жыртындыға тіреліпті.

Ғасырлар бойы тың жатқан жердің қалың қыртысы айырылған иен даладан дымқыл иіс білінеді. Дала дем алып қозғалып жатқан тәрізді. Жер иісінде, неше түрлі шым тамырының иісінде үлкен бір тірлік бар. Дала ұйықтаған жоқ екен. Дала ояу. Жалпақ жон кеудесін ашып тастап адамша дем алады.

Дерягин қара жыртындыны бойлап жүріп кетті. Кейде адамға ойламаған жерде оқыс оқиғаның кездесетіні болады. Бүгін, тап осы жарым түнде Тамарамен кездесем деген ой Дерягиннің үш ұйықтаса түсіне енбеген еді.

Жыртындының орта тұсына жеткенде жалғыз трактордың үстінен шықты. Шамын сөндірген. Артына тіркелген соқа тілін де жерден көтермепті. Жыртып келген бойында тоқтаған.

Дерягин машина жарығын жыпылықтатып бір жағып, бір сөндіріп тақай бергенде, алдынан әлдекім жүгіре шықты. Тамара. Жападан-жалғыз.

Трактор соляркасы таусылып тоқтағалы жарты сағаттай уақыт өтіпті. Соқадағы жігіт алыста қалған бригада басына кетсе керек. Жалғызсырап отырған Тамара алғашқыда машинаны керіп қуаныш еді. Бірақ онысы ұзаққа бармады.

Машинасын сөндірген Дерягин қасына келіп бірден ескі әңгімені қозғады.

— Тамара, мен саған әдейілеп келдім. Еркін отырып бір сөйлесейікші.

— Бекер түнделетіп келгенсің. Күндіз де уақыт табуға болатын еді ғой. Тіпті осы әңгіменің керегі не. Біздің сөзіміз баяғыда-ақ таусылмап па еді, — деп Тамара қайтадан тракторына беттей беріп еді, Дерягин білегінен шап беріп ұстай алды. Комбинезонын шынтағына дейін түрініп алған қоңырқай білек дір етіп, қалтырап кетті.

— Жоқ, Тамара. Әңгіме енді басталады. Сен менен ешқайда кетпейсің. Сенен еш уақытта айырылмаймын. Басымды ажалға тігуге бармын.

— Қой, Вася. Басынды мен үшін арзандатып қайтесің. Совхозда менен басқа да қыздар бар емес пе, Маған маза бер.

— Жоқ, жоқ, Тамара. Мен осы Тыңға тек сен үшін келгемін. Сенсіз маған енді өмір жоқ. Тыңдашы.

Жұлқына тартқан Тамараны Дерягин қапсыра құшақтап кеудесіне басты.

— Кешір мені, Тамара. Ағаттық ісімді кешір. Мен өмірімде ешкімнен кешірім сұраған жан емеспін. Өзің білесің ғой.

— Оның несіне мақтанасың, Вася. Ол жақсы қасиет деймісің. Жібер енді, жібер деймін.

— Жоқ жібермеймін. Сен енді менің адамымсың. Менікісің. Енді бірге өмір сүреміз. Бірге. Түсінемісің. Мен қазір жынданудың аз-ақ алдында жүрмін. Бер тілегімді. Не айтсаң да орындайын. Енді сенің қолыңдамын.

— Жоқ, Вася. Адам жүрегіне зорлық жүрмейді. Мен сені сүймеймін. Сүймеймін. Өтірік айта алмаймын. Жіберші өзің.

— Ө, солай ма?! Онда сен бәрін ұмытқан екенсің. Мен қайта басамын бұрынғыма. Егер көнбейді екенсің, осы далада өлігің қалады, — Дерягин Тамараны айқара қысқан күйі шық түскен бозға құлай кетті.

— Жібер деймін. Қорқытып көндіре алмайсың. Жібер, босат, — деп Тамара жан даусымен шыңғырып жіберді.

Жылқыларын іздеп келе жатқан Халел осы дауысты естіген. Жан ұшырып жүгірген бойы, жерде домалап жатқан екеуінің үстінен шықты. Дерягиннің тегеурінінен босаған Тамара атып тұрып Халелді құшақтай алды. Қалтырап, дірілдеп тұр.

Дерягин орнынан созалаңдау тұрып, Халелге қарай жақындап еді, анау қолындағы жүгендерін топтай ұстап үрейлі айқай салды.

— Жақындама.

— Жақындаса не болады екен. Жұқпалы ауруың бар ма еді, — деп Дерягин тістеніп қасына келді. Қараңғыда біраз сүзіле қарап тұрып, иегінен көтере беріп еді, Тамара Халелдің алдынан кес-кестеп:

— Тарт қолыңды. Жаңа ғана: «Адам болдым. Кешір» деп жалынғаның қайда, — деп араға түсті.

— Менің адам болғанымда, сайтан болғанымда сенің енді шаруаң болмасын. Түні бойы жер жырытып жүреді екен десем, мидай далада мына біреумен кездесіп сауық құрады екенсің ғой.

— Мұнда жұмысың болмасын. Мұқатсаң мені мұқат.

— Көрсетермін әлі мұқатқанды. Әй, боқмұрын, кездесерміз тағы да. Өзің батыр неме екенсің. Қолыма бір түсерсің. Сау бол.

— Жарайды, қорқытпай-ақ қой, бұл да сен секілді жігіт, байқа.

— Ө, солай ма, онда көрерміз.

Дерягин ойлы-қырлы жолсыз көдемен машинасын құйындай ұшырып кете барды. Халел жүрегі лүп-лүп соғып ұзап кеткен машинаға бір, Тамараға бір қарай береді. Өне бойын суық үрей аралап, тізесі сәл қалтырағандай болды.

* * *

Екеуден-екеу қалған соң Тамараның алғаш сұрағаны мынау болды:

— Сен қайдан келе қалдың? Көктен түстің бе? «Көктен түстің бесі» естір құлаққа тұрпайылау болса да, бұл арада қуаныштан туған таңырқау еді. Оның үстіне «Сен» деген Халелге өзімсінген адамның жақын тартар сөзіндей естілді. Халел жауап беру орнына жай ғана жымып еді, Тамара шын білгісі келіп тағы сұрады:

— Рас айтам, түн ортасында бұл жақта не істеп жүрсің?

— Жылқы бағып жүрмін.

— Жылқы? Қайдағы жылқы?

— А-й, әшейін, өзіміздің жылқы, — дей салды Халел.

— Жүр, Халел, ана жерге барып отырайық, әлгі прицепил келмей, неғып жатыр, — деп Тамара шөптесінге етпетінен түсіп жатты. Халел де жүгендерін сылдыратып қасына кеп отырды.

— Халел, жылқыларың көп пе? — деп, Тамара басқа не жайында әңгімелесерін білмей тағы да жылқы жайын сұрады.

— Көп.

— Нешеу?

— Он шақты болар, құлындарын қоспағанда...

Тамара қау шөптің бір талын жұлып алып тістеп жатқан, басын оқыс көтеріп алды:

— Не деген көп. Бәрі өздеріңдікі ме?

— Өрине, өзіміздікі. Бұрын колхозда болатын.

— Ал енді, оларды сен жалғыз бағып жүрсің бе? Түнде байлап тастамайсыңдар ма?

— Жоқ, байлауға болмайды. Жылқы малы түні бойы оттайды. Күндіз күн ыстықта ағаш арасында саялап тұрады, — деп Халел түсіндіре бастады да, алысқа еңкейе бір қарап қойды. — Түнде қасында жүріп жаймаса, ұзап кетеді. Және, кім біледі, далада қасқыр да болады.

— Да, Халел, айтқандай жақында мен қасқыр көрдім. Өмірімде бірінші көруім. Біздің трактористер төрт күшігін ұстап алыпты. Әдемі-ақ, тура овчарканың күшіктері секілді.

Қасқыр жайы айтылғанда Халел тықырши бастады. Өлсін-өлсін далаға көз сүзіп қояды.

— Жалғыз өзің айдалада жүріп қорықпайсың ба, ішің пыспай ма, Халел?

— Енді қайтесің, амал жоқ, — деп қалды да, Халел өз жауабынан өзі қысылып қарсы сұрақ қойды.

— А, сенің ішің пыспай ма? Сен де күні-түні жалғызсың ғой.

— О, о, Халел, сен тракторист болып көрсең егер, — деп Тамара әлдебір романтикаға берілгендей екі тізесін құшақтап тас төбеге жақындаған қара құрым бұлтқа шалқая қарады. Дәл осы мезетті күткендей алғашқы ірі тамшы да сырт етіп Тамараның маңдайына тиіп, одан соң қау шөптің арасына тырс-тырс тама бастады. — Алағебеде торғайлармен бірге тұрып, шық басқан даланы трактор үнімен дүр сілкіндірген кезді ойласаң. Жалпақ жонды тіліп алға қарай ұмтыла бересің,

ұмтыла бересің. Артында толқындай болып қара қыртыс қала береді. Көбейген сайын жырта түскің келеді, молайған сайын тоқтағың келмейді. Тіпті кейде тамақ ішуге уақыт өткізгің келмейді. Рас айтамын.

Әбден көзіңе ұйқы тығылғанда барып бір-ақ тоқтайсың. Кейде осы айдалада ұйықтап қалам. Күні бойы тырылдаған мотор үні кілт сөнгенде, бүкіл әлем тым-тырыс болып, төңкерілген аспан, қалықтаған құс, алыстағы қыраттар, төбелер маужырап, бәрі саған қарағандай болады. Сен айналаңа көз тастап, сал-сал болған өне бойыңды жазып, қалың шөпке фуфайкеңді төсеп кетесің. Содан кейінгі ой қандай тәтті.

Тамара маңдайын тізесіне қойып сәл отырып қалды да, тағы бір ой оралғандай қайта көтеріп алып тағы сөйледі:

— Халел, кейде мен ойлаймын. Адам баласы ғой өз өмірін әр түрлі өткізеді. Мен колхозда да, қалада да өстім.

Міне, қазір бір сәт қала өмірін ойлашы. Тап осы кезде талай жерде жастар әлі танцплощадкада жүр. Ұйықтамастан би билеп жүр. Оның ішінде демалу үшін жүргендері де, өзіне таныс пар іздеушілер де бар. Ал қайсыбірі құр босқа секектеп жүр. Оларға би тебу әшейін әдет болып кеткен. Таң ата үйлеріне оралып, бірдеме тындырып келгендей мамасы пісірген асты жылытып, не суықтай апаш-құпаш ішеді де, жата кетеді. Ертеңгі өмірі тағы сол. Не өзіне, не жұртқа бес тиын пайдасы жоқ. Мен жасы кәмелетке келген адамдар туралы айтып отырмын. Солар жатар алдында: «Неге шаршады, неге күн ұзақ қажыды, не үшін ұйықтайды» — оған есеп бермейді. Халел, сен ойлап қалма, мен әлдекімдердің бейғам өмірін күндеп отыр екен деп. Шынын айтам, мен әр ұйықтаған сайын көз алдымда жыртылған жер. ертең жыртар тың жер елестеп жатады. Мүмкін біреуге бұл ойым наивно көрінер. Әйтеуір, бір іс тындырсам, жеңіл, тәтті ұйықтаймын. Тіпті ондай кезде жауып тұрған жауын астында да тамаша демалып тұрамын.

— Сонда жер жыртыпаған адамдар қалай ұйықтайды, — деді Халел. Ол өзінің сұрағының қиястау екенін аңғарып, іле түзеп жіберді. — Жоқ... Тамара, мысалы, оқушы, студент дейік. Олар...

— Ол да сондай, — деді Тамара. — Сеніңше олар бездельник пе? Мен механизация мектебінде оқығанда кітапханаға көп барушы ем. Кешке билейміз, қыдырамыз, сауық құрамыз. Түнде талып ұйықтағанда көз алдыма би де, сауық та келмейді, оқыған кітаптарымның беттері келеді. Көп оқыған күні рақаттанып, өз-өзімнен қуанып жатам. Оқымаған күні уақыттың зая кеткеніне өкініп жатамын. Жо-оқ, рас айтамын, — деп Тамара біреу онымен таласып отырғандай. — Мысалы, мына сені алайық. Мектепті қашан бітірдің?

— Былтыр...

— Былтыр... Содан бері не істеп жүрсің... — Тамара таңдана қарады да, қайта жалғады сөзін. — Ал мейлі, оны өзін білесің. Сен ғой күнде жатарда келесі күннің жоспарын ойлап жатасың. Ертеңінде соны орындай алмасаң, қандай өкінесің. Солай емес пе?

Халел не дерін білмей күле берді. Шынында да онда пәлендей жоспар болмайтын.

Жауын тамшылары жиілей бастады. Алыстағы отқа тесіле қараған Тамара:

— Ох, прицеппі бала келе жатыр, — деп орнынан тұрды. — Жүр, Халел, жауын астында қалатын түріміз бар. Кабинаға кіріп отырайық...

* * *

Таңға қарай әлсін-әлсін өткінші жауын құйып өткен. Дала тынысы кеңіп, ауадан дымқыл жер иісі білінеді.

Қызыл күн қылт етіп кеудесін көтергенде, Қарасай да ақ дамбалымен қылаң етіп төбеге шыққан. Жан-жаққа көз тастады. Бұл уақытта құлын-тайын ертіп үйге келетін жылқы да, жылқы соңындағы Халел де жоқ. Қыземшектің етегіндегі жазық жонда кең дастарқанда шашыла жатқан он шақты бауырсақша домаланған тракторлар жер жыртып жүр.

Қарасай тас-түйін киініп, ағаш бауырында тар тұсамыспен ұзай алмай жүрген атын ерттеп мінді де, Халелді іздеп шықты. Көңілінде еш қауіп жоқ, тоқ атты жай аяңдатып ойда келеді: «Апыр-ай, мына целина келмей жатып бүкіл жапан-түзді ғана асты-үстіне аударып тастамай, жалғыз үйдің де шаруашылығын шайқал, қопандатып аудара бастады-ау. Ертең бұл маңдағы жыртылмаған бос жерге совхоз малы жайылса, Қарасайдың көп жылқысы, сиыр, қойы көзге шыққан сүйелдей көрінеді-ау. Ертеңгі күні Халел жылқышы болса да, осынша көп малды тоғытып жіберу енді оңайға түспес. Одан да біразын ақша қылып алу керек... Бірақ жаз ортасында есіл малды текке күйдіруге

де болмайды. Ұсақ малдың жөні бір басқа: қой-ешкі уақыт талғамайды. Олар қыстан гөрі, қайта қазір өтімді. Өттең Халел әлі ысылмаған. Сауданың ретін білмейді... Әйтсе де бір-екі рет жалғыз өзін базарға жіберіп, төселдіріп алу керек. Ақбөпе де келмеді-ау. Келінді де биыл мықтап жекпесе болмас. Әйтеуір көп малды орнын тауып жұмсау қажет. Одан арғысы тағы бірдеме бола жатар. Енді малдан гөрі басқа шаруашылықтың көзін таппай болмайды. «Заманың түлкі болса...»

Қара жыртындыға тірелген ат жарға киліккендей осырып шегіншектей беріп еді, Қарасай аттан бетер осырып, бетіндегі қара қал жыбыр етті. «Апырмай, мына ескі жерді де қайта жырттып тастапты-ау. Бұл баяғы уақытта Сұлу мұрт пен Күргерей егін еккен орын ңой. Балта аулы қайтып бұл жерге аттап баспап еді, меселі қайтып, тауы шағылғаны қайда. О, заман-ай, заман!»

Жалпақ жыртындыны жағалаған Қарасайдың есіне өткен өмір түсті. Мына алдында жатқан қара жыртынды ойына Сұлу мұрт пен Күргерейді салды. Жер тырмалап егін еккен кедей ауылды салды.

Ол оқиганы Күргерей де Жантасқа жыр ғып айтып берген еді.

Күргерей қарттың екінші жыры

Шіркін Сұлтан жігіттің сұлтаны еді ғой. Сырт келбетіне көркі де сай, маңдайы кере қарыс, қаршыға кез, екі иығына екі кісі мінгендей, әулиемен деген адамды пысы басып тұратын деген жігіттің сырттаны еді. Үнемі ұстарамен бастырып жүретін қап-қара көмірдей сұлу мұрты аққұба өңіне жарасып, маржандай аппақ ірі тістері ақсиып домбырамен ән шырқап отырған кездері әлі көз алдымда.

Мен оны Омбыда қойып алған атпен Сұлу мұрт деп кеттім. Келе-келе ел ішіндегі құрдастары да солай атап кетті. Жауына қатал, досына кексіз еді. Екеуміз танысып, достасып кеткенше, жолдағы оқиганы аузына бір алған жоқ. Тек кейін келе бір-ақ рет «адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген, анада ғой бір-бірімізді білмей, боқ басында мерт бола жаздадық. Өмірімде сендей алмауытты бірінші көргенім шығар, қатты қорқыттың» деп, қарқ-қарқ күлгені бар. Сосын қайтып оны әңгіме еткен жоқ.

Бірақ осындай сырбаз жігіт тағдырға ренішті еді. Кедейлігі өз алдына, атадан жалғыз, ағайын-туысқансыз жалқы жігіт, оның үстіне өмірде оған бала құтаймады. Ер бала көрсе, бір жас, екі жасқа келіп өле береді. Тек маңдайына басқан жалғыз қызы ғана тұрып, ер жетті. Ол осы біздің Райхан...

Жамағаты Алтыния да жасынан екі көзінен бірдей дімкәстанып, бертін келе су қараңғы соқыр болды. Бірақ осының бәріне де Сұлтан қажымайтын, ауыртпалыққа мойымайтын қажырлы, қайратты. Қолындағы барын жетім-жесірге бөліп беретін қамқор әрі жомарт, жиырма шақты үйі бар Балта аулының бас көтерер азаматы осы.

Көөтем шығып, мал төлдеп, елге қауқар кіре бастаған кез. Бірақ жылан жылы деп аталатын сол жылы кедей ауыл көктемге тұрмыстан тұралап, соқтығып әрең жетті. Қайсыбірі қолдағы бір таянышы, қарап отырған жалғыз қарасын қыста сойып алып, состиып құр қара басы шықты.

Бұл ауылдың ер-азаматының көбі Малжан байдың малын бағады. Әйелдері соның отымен кіріп, күлімен шығып, жаз бойы малайлықта жүреді.

Бір күні Сұлтан менімен ақыл қосып, шаруашылық жайын ұзақ әңгіме етті. Ел ақсақалдарын, жастарды жиып алып алқа-қотан отырып өзімізше мәжіліс құрдық.

— Ағайын, сендерге бір пайдалы кеңес айтпақпын, — деп Сұлтан ұзақ әңгіменің ұзын-ырғасын қысқаша жеткізді. — Міне, көктем болса келді. Тірі адам бұған да жеттік. Бірақ қалай жеттік. Өздеріңе аян, қолдарындағы арық-тұрақ бір-екі малың қыстың соңғы күндері қораның шымын кеміріп, балаларың қап түбіндегі ірімшік, құрттың соңғы үгіндісін талғажау ғып өлмешінің күнімен, жуаның созылып, жіңішкең үзіліп жеттің. Санап отырсам, биылғы жылдың өзінде осы жиырма шақты үйден көрілік жеңіп, ажалы жетіп қайтыс болған кәрі-құртанды есептемегенде, оннан аса жас нәресте өлген екен. Оның бәрі аурудан өлген жоқ. Бәріне келген жаппай апат бар. Одан ғұмыр бойы құтылмай келеміз. Ол апат — аштық апаты. Ол апаттан құтылмай үрім-бұтақ өспейді. Қыс өтісімен осыны ұмытып кетесіңдер. Міне, тағы да бай аулына жалданып кетіп барасыздар.

— Енді кетпегенде кәйтейік. Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады дегендей, құр күпсінгенмен бола ма, екі қолға бір жұмыс, неміз күйе кетіп барады, — деп тесігі тебеннің жасуындай мұрны үнемі шуылдап отыратын, танауы қусырылған Боташ деген созуарлау мылжың шал басындағы жалбыр тымағын шешіп, құлағын жымқырып қайта киді. — Жұтқан жұтамайды. Малжанның көп малының ағынан күзге дейін ауыз тисек те қайда жатыр. Ішін ұрайынды, жаудың малын жауша шап деген, дұшпаннан түк тартсаң да олжа емес пе.

— Иә, қарап отырып өлеміз бе, — деп орта тұстан тағы бір шал қисық таяғымен жерді түртіп, қозғала түсті.

— Сонда қарап отырып өлеміз бе деп бар тапқандарың бай малының сүмесі ме? Ол қаншаға жетеді. Ертең қылышын сүйретіп қыс келгенде жылқы бағуға жарайтындарың қаласыңдар да, қалғаның ауылға келіп, таз кепеңді қайта киесің, — деп Сұлтан әлгі екеуіне қарап сөйледі.

— Енді кәйт дейсің? — Мұрнының астынан мыңқылдап былжыраған тағы әлгі Боташ.

— Кәйт-мәйт деп, онда бар ендеше, Малжанның астына кір. О несі-ей. Еркек емессіңдер. Битін сығып, қанын жалағаннан басқа сендерден не күтуге болады. Өңшең өңез, — деп Сұлтан ашудан қуарып шүймуген арық көксау жігітке қарады. Бағанадан бері күн шуаққа жаны кіріп, тері шалбарының белін шешіп жіберіп қышынып отырған жігіт көзі жыпылықтап, ышқырын етегімен жаба салды. — Суыр екеш суыр да жаз бойы шөп тамырын жиып, қыс бойы қоңын бермей шығады. Сендер болсандар бай отының басына, жер ошағының бұтына телміріп қарайсыңдар да отырасыңдар. Омбыдан әкелген бір қап, жарты қап ұн қайсыңның артынды жабады. Биыл ұнға айырбастар малдарың да қалмады. Қашанғы мөлііп кісі қолына қараймыз. Ал ерсеңдер, ана жылы Митрийдің барында жыртқан жерді қайта тырмалап егін егейік. Ерінбей еңбек етсек, бала аш, қатын жалаңаш болмас. Бірігейік.

— Е, қарағым-ай, айтқаныңның бәрі жөн-ау, — деп Жүсіп деген шал жерге тесіле қарап отырып, күрсіне түсіп сөзге араласты.

— Митрий жыртқан жерге бидай жарықтық қаулапақ өсіп еді. Бірақ не керек, Малжанның жұт тигір малы бір-ақ түнде тапап кеткен жоқ па. Құмырсқаша құжынаған малдың қайсысының аяғын аңдырсың. Тағы да соққыға жығылғаннан басқа опа табар ма екеміз. Қайдам...

— Ештеме қорқатыны жоқ. Жаз бойы күзет қойып аңдып шықсақ та, амалын табармыз. Қаскөйлік жасаса, ел емеспіз бе?..

— Солайы солай-ау. Ал енді, соқа-сайман, көлік жағы қалай болады? — деп Жүсіп икемге көне бастады.

Осы тұста Сұлтан маған қарады. Мен о л кезде қазақ сөзінің бәрін ұқсам да, сөйлеуге орашалақтау едім, бірдеме деуге батылым бармай, Сұлтанға өзің айтсаңшы деген ишарат білдірдім. Ол да түсініп, мен үшін жауап берді.

— Міне, мына отырған өздеріңе белгілі Митрийдің баласы Күргерей. Орыс баласының қолы ісмер. Оның үстіне әкесінің қасында біраз уақыт болған, көзі қанық. Соқа-сайманды өзі соғамын деп отыр. Мен де көмектесемін. Тірі жан емеспіз бе.

— Әй, қайдам. Бір қарты келмеген күні тағы да қиқайып қалаңа «айт-шу!» деп тартып отырмаса.

— Жоқ, — деп мен де шыдай алмай шала қазақшалап сөйлеп бердім. — Сен ақсақал дұрыс сөйлемейді. Сен уледі, мен уледі. Қол бар, жұмыс бар. Беспокоится керек жоқ.

Отырғандар ду күліп, бір серпіліп қалды.

— Әй, өзі, дегенмен пәле. Тіпті қазақша әжептәуір үйреніп қалыпты.

— Конечно. Кулак бар. Тил бар. Уйренеді, — деп тағы да бір күлдіріп қойдым.

— Ал енді сайман жағын Күргерей екеуміз жатпай-тұрмай қолға аламыз, көз қорқақ, қол батыр. Көліктен де қорғаншақтайтын ештеме жоқ. Ат жетпесе, сиыр бар. Жегеміз. Ештемесі жоқ, — деп еді Сұлтан, Боташтың көзі бақшаң етіп, тағы да міңгірлей жөнелді.

— Ойбой, оны атама. Бар баламыз қарап отырған жалғыз сиырымызды желінін салақтатып соқаға салғанша, өзіміз жегілгеніміз артық емес пе?

— Жегілсе, несі бар, жегілеміз, — деп Жүсіп: «ал енді әңгіме тамамдалды» дегендей орнынан тұра бастады.

Сол жылғы көктемдегі жұмыста қисап жоқ. Түн ұйқыны төрт бөліп, барымызды салдық. Бірақ Балта аулы түгел еруге жүрексінді. Боташ бастаған бес-алты үй байға жалданып, жайлауға кетті.

Көлік аз. Қыстан зорға шыққан арық-тұрақ жылқы үш-төрт күн қатарымен соқаға жегілсе, көтерем боп тұралап қалады. Оның үстіне шайнамасы жоқ, құр аққа қарап отырған егіншілер үшін Сұлтан екі-үш адамды атпен «Жаман тұздың» тұзына жіберіп, қалаға кіре тартқызды. Одан бір-екі қап қара бидайдың ұнын айырбастап әкелген, ол да болса сеп.

Аз күнде Сұлтанның қос жирені де титықтап қалды. Ара-тұра сиыр да жеге бастадық. Бас білмейтін жаңа бұзаулаған сиырлардың көндігуі қиын екен. Екі-үш күнде-ақ желіні тартылып, қайсыбірі суалып кетті.

Сонда да егіншілер сыр берер емес. Әйтеуір мойындаған соң, аш болса да ши шығармай көніп жүр. Бірақ көнбегенде қайда барсын. Малжанның итаршылары келіп, «бәлем ендігері бай ағамның босағасын аттап көріңдерші. Жаман немелер, жал бітейін деген екен. Ертең-ақ беттерің ісіп отырғанда көрерміз к...» деп кетіп еді, ертеңінде Малжанның баласы Қарабет бір топ жігітімен келіп лаңды салды.

— Тұра тұрыңыз, ол қай Қарабет, ана жалғыз үйде тұратын бекетші емес пе?

— Тап соның өзі. Шын аты Қарасай. Ана бетіндегі қара қалына қарап ел іші Қарабет дейді. Осы күнге дейін солай атайды. Қарасай деген аты мүлдем ұмытылған.

— Ол Малжан байдың баласы ма? Фамилиясы басқа секілді еді ғой.

— Ол шындығында Малжанның баласы емес. Малжанның өзімен бірге туған тетелес інісі Талжанның баласы. Өзінің үйелмелі-сүйелмелі қызыл қарын жас баласы көп болатын. Өле-өлгенше ағасына малай боп өтті. Ақыры жылқы соңында жүріп ұшып өлген. Ол кезде Қарабеттің он алты, он жетілердегі кезі. Суырдың айғырындай шақылдап:

— Түсіріңдер көліктеріңді. Бұл ара біздің жер. Өңшең қайыршы немелер. Қара өздерін, шабындықты бүлдіруін, — деп соқадағы көлік біткенді басқа-көзге төпелеп, қамшының астына алмасы бар ма. Соқа соңында жүрген Сұлтан Қарабетті аттың үстінен жұлып алып, бауырынан жараған айғырға қарғып мінді де, дырау қамшысын көтеріп, жолдастарын тым-тырақай қуды. Қарусыз келген бозбалалар шілдің қиындай быт-шыт болып бет-бетіне қашты. Сұлтан қайтып оралып Қарабеттің қасына келіп түскенде, бұла боп өскен адуын бала қол қамшымен Сұлтанның бетінен осып жібермесі бар ма. Сұлтан екінші ұруға келтірмей Қарабетті допша атты. Мен арашаға түспегенде жазым болатын еді. Жан ұшырып жеттім. Сұлтан баланы құнт қамшының білектей өрімімен буындырып «сен иттің күшігін ат құйрығына салып өлтірейін» деп дырылдатып барады. Қарабеттің тілі салақтап, боп-боз болып кетіпті. Сұлтанды әрең тоқтаттым. Атын бір салып қоя беріп, баланы жаяу жібердік. «Қырамын, жоямын» деп ботадай боздап еліне беттеген Қарабетті бай аулы жағынан шауып шыққан бір топ атты адам алып кетті. Бізге келмеді. Бата алмады білем. Өбден кәріне мінген Сұлтан тап сол жерде қолына түскенін мерт қылуы айдан анық еді. Менің де делебем қозып тұрған.

Содан қайтып мазамызды ешкім алмады.

Әкейдің барында егін еккен жер қанша айтқанмен жаңа жердей емес, әжептәуір жұмсақ екен. Біз көресіні тың жерді айырғанда көрдік. Ағаш соқаның тілі қыртысқа батпай, әлегімізді шығарды. Оның үстіне сиыр малы қандай қырсық, бұлтындап жөнге көнбейді. Екі соқаның басында жүрген Сұлтан екеуміз. Анда-санда басқаға берсек, соқаны терең батыра алмай, қаншама жердің берекесін алады.

Не керек, жер жыртып, бидай сепкенше бел шешіп, дұрыс ұйықтай алған жоқпыз. Ойылған алақан сыздап, түн баласына бар сүйек қақсап шығады. Қыстағыдай емес, кәдімгідей жүдеп, ысылдық. Дегенмен, істі тындырып, дегенімізге жеткендей болдық-ау.

Майдың ортасынан ауа, қыс бойы алтындай сақтап келген тұқым бидайды жерге сіңіріп, қалған жарты қабын он шақты үйге қылдай етіп бөлдік. Сол күнгі ауыл балаларының қуанышын көрсең. Үлкен сырлы аяқпен бірдіні бидай алған әр үй бар баласына қуырып беріпті. Қалтасына маржандай басып, екі-үш күн үнемдеп жеген өңкей қара табандар қауға-қауға етіп бір жасап қалды. Үлкендер жағы тісімізге бір дәнін де баспай, солардың жегеніне масайрап, шіркін ертең астық жинап алғанда бұлар қайтеді екен деп өзімізше мәз боп жүреміз. Сиыры суалып, ешкі сүтіне қамалған үйлердің қабағы ашылып, қара жыртындыға қарап: «О, жасаған, бізді де жылата бермей, бір жарылқайтын күнің болсайшы, бар нұрыңды төге көр, тәңірім» деп аспанға қарап жалбарынады.

Егін егіп болғаннан кейін екі-үш күннен соң-ақ жауын басталды. Аспанға әлсін-әлсін қара бұлт үйіріліп, әдейілеп тартқандай егін үстіне төніп келеді де көктемнің өткінші жауыны құя-құя салады. Жалғыз-жарым биесінің, сиырының бауырында отырған әйелдер шелектерін қоя салып со лай қарай емірене қарап, «ой, айналайын құдайдан, бұл алланың нұры ғой жауып тұрған, көп тілеуі көл деген, кішкентай күшіктеріміздің ризығы бар шығар, ризығы, жарылқай гөр, жасаған!» деп көздеріне жас алады.

Сол жылғы нөсер қисапсыз болды. Жер жыртып жүргенде бір де тамбап еді, жұмыс біткеннен кейін басталған қалың жауын қатарымен бір айға дейін тынбады. Ара-арасында шағырмақ ыстық күн болады да, қайтадан жел тұрып бұлт жиналып, төпеп құя жөнеледі.

Бір күні Сұлтан екеуміз қыстай әлектеніп жасаған радуанның доңғалағын тартып жатқанбыз, қасымызда Жүсіп қарт пен екі-үш ауыл шалы да бар. Егін жақта ойнап жүрген балалар топырлаған бойы жүгіріп, айғайлап үйді-үйіне қойып кетті. Әлгіндей болмай әр жаппадан шыққан қатын-қалаш етектерін түрініп алып, егістікке қарай далбақтап «егін-егін» деп жапа-тармағай шуласып ұшып барады. «Батыр-ау, не боп қалды» деп біз де елеңдеп, лезде байлаулы атқа қона-қона салып, сондарынан жеттік. Ауыл сыртындағы екі шақырым егістікке өкпелері ұшқанша жүгірген әйелдерде ес жоқ. Мәз-мейрам.

Сүйтсек, біркелкі көгеріп, егін қылтиыпты. Бір-ақ күнде бұрқ етіп тебіндеген егістік беті барқыт кілем түгіндей көкпеңбек. Әр сабағы қылдырықтай нәзік болғанмен қыр қазағы күнде көріп жүретін дала шөбіндей емес, өзгеше қадірлі, қасиетті. Өз қолымен егіп шығарған еңбек — әр адамға өз баласындай аяулы ыстық. Жиналған жұрт егістікті бойлай жүгіріп, ұзақ уақыт балғын қылтанаққа тоймай қарасады. Өңгіме, күлкі жарасып кешке қарай үйлеріне бір-ақ оралды.

Сол күннен былай ауыл адамдары егістік басына күнде барып тамашалайды. Пәледен сақтай гөр, көз тимесе екен деп түкірініп, көптің бар тілеуі соның үстінде. Жас егін өлең шөптей қаулап өсіп, күннен-күнге көтеріле берді.

Мен сол жылы қыстың басында осы күнгі Лиза кемпіріме үйленгенмін. Шешей қайтыс болғаннан кейін, бір жылдай балаларға бас-көз боп, қазан-ошақпен араласып күн көрдік. Бірақ әйелі жоқ үйде не күй болушы еді. Көрші-қолаң кір-қоңыңды, аяқ-табағыңды жуып дегендей, көмек еткен болады. Бірақ үй ішінен жұлынып шығар әйел жынысы жоқ жерде, береке де болмайды екен. Амалсыз үйленуге тура келді. Ел ішінен қыз алу қиын. Қанша іш тартып, Күргерей, Күргерей деп ауыл адамдары өз баласындай жақсы көргенмен, ешқайсысы қызын беріп, дін жолынан аттап өте алмады. Балта аулының жоқшысы, өзі де, сөзі де өтімді елдің қадірлі адамы Сұлтан да бұл жағынан мысы құрып, біреуге билік айтуға шамасы келмеді. Оны мен де кінәлай алмадым. «Қайтейік, бала жақсы. Қазақтың ортан қолдай жігіттерінің бірінен кем емес. Өнерлі десең өнерлі, сымбатты десең сымбатты, әттең орыс баласы» дегенді өз құлағыммен талай естідім. Әрине ол уақытта ондай буынсыз жерге ешкім де пышақ ұра алмас еді. Ақыры Сұлтан екеуміз ақылдаса келіп, Шарбақ көлде тұратын ертеде әкейлермен Орталық Ресейден осы жаққа бірге көшіп келген бір шалдың қызына үйлендім. Көп жүріп, көк табан да болғам жоқ. Лиза екеуміз бір-бірімізге лезде үйлесе кеттік. Антұрған ол да жігіт қайдасың деп, жұтынып, пісіп тұрған шағы екен. Шалғы тиген балауса көк құрақтай құлай кетті.

Иә, балам, қалжың айтам. Есік көргенді алма, бесік көргенді ал дейді. Жасынан ауыр тұрмысты көріп өскен Лиза үйімізге құт болды. Балалар да бір күнде киіктің асығындай жұтынып, жырттық-тесігі бүтінделіп, құлыншақтай ойнап шыға келді.

Міне, сол жылы ауылға біздің атай Иван Максимович келді. Ертеңінде-ақ Сұлтан екеуміз шалды егістікке апардық. Атым орыс болғанмен мен де егін егудің бабын онша біле бермейді екем ғой. Иван Максимович қалың көк бидайды аралап жүріп қайта-қайта таңдайын қаға берді. Сұлтан екеуміз кінәлі адамдай бір-бірімізге жалтақтап қараймыз, Ештеме түсінгеміз жоқ. Ақыры шал ескі егістік жер мен тың жердің түйіскен жеріне келіп тоқтады да:

— Қараңдаршы, мына екі беткей, сөлкебайдың екі жақ бетіндей, — деді. Сосын таңдайын тағы қақты. — Ай-айяй! Өлі егін жайын білмейсіңдер. Шіркін қазақ жері ұлан-асыр кең байтақ қой. Түгін тартсаң майы шығады. Әттең бағалай білсе. Мына жаңа жердің егіні ғой тап-таза. Бірақ сирек, ала-құла. Оның мәні — сендер дұрыстап жырта алмағансыңдар. Жыртқан жердің топырағын да малалай алмағансыңдар. Ал мына беткейді қарашы. Қалың шыққан, бірақ бір тұтас емес. Кей жері биік, кей жері аласа. Ана бір тұстағы жаппай шыққан сары гүлді көремісіңдер. Міне, сол гүлдер егінді шығармайды. Оны сондықтан да гүл емес, арам шоп дейді. Сендер гүл жейсіңдер ме, бидай жейсіңдер ме? Өңірлеріңе тағуға өсірдіңдер ме бұл гүлдерді.

Атай біздің қаққанда қанымызды, сыққанда сөлімізді алды.

— Әттең, жер жомарт қой, жер жомарт. Әйтпесе сендердей көзсіз бедняктарды тағы да қысып-қысып алса. Жұрттың сиырына дейін суалтып, еккен егіндеріңе қарамайсыңдар, сонда немене, жұлдыз санап жүрдіңдер ме, әлде үйде шалқадан түсіп төбеге түкіріп жаттыңдар ма? Ай-айяй! Есіл жер, құйқалы жер, — деп басын шайқап біраз тұрды да, ауыр күрсінді. — Эх, осындай жерді халық қолына алып, осынау байтақ даланы, көл-көсір жерді емін-еркін билейтін де күн туар ма екен!.. Ал балалар, мен сендерге ақыл айтайын. «На бога надейся, а сам не плошай» дейді. Аздап күнін өткізіп алыпсыңдар. Но, оқасы жоқ. Ертеңнен бастап, ауылдың бала-шағасын түгел әкеп, жабыңдар. Мына жердің арам шөбін жұпсын. Егін-тамырына зақым келтірмей, байқап жүріп, алып тастауға болады. Сонда бидайларың, дай бог, шаш етекпен келеді. Ана сары гүлдерді жұлып алып, шаштарыңа, маңдайларыңа тағыңдар.

Ертеңінде-ақ ауылдағыларға айтуымыз мұң екен, он бес қоралы үй тайлы-тұяғына дейін келіп жабылып, егіннің шетінен түсе-түсе кетті. Аппақ сақалы желкілдеп Жүсіп қартқа дейін еңкейіп жүріп, барын салды. Бәрі де балақтарын түріп, жалаң аяқтанып алған. Әйелдер жағы балаларына зекіп:

— Әй, көгала, бір орында тұрма деймін. Жылжи бер. Егінді таптап тастайсың...

— Ой, ойының осылғыр, алаңғасарланбай көзіңе қара. Мына аяғыңның астындағы нан, білемісің? Қара сиырдың шөбі деп тұрмысың, — деп жаны шығып шыжалақтап жүр.

Енді бір әйел егіннің шетіне түспей жатып-ақ баласын ұрып, еңіретіп қойды.

— Жеңеше, баланы несіне ұрасыз. Кішкентай емес пе, не біледі, оның келгенінің өзі неге тұрады, — деп тостағанын жуып алған баланың басынан сипап, Сұлтан кейіп еді.

— Ойбай-ау, бұл жүгірмекте сана жоқ, сана. Түсіндіргенім жаңа ғана. Бұл ақпа құлақтың құлағында сөз тұра ма. Мына қарашы, мынаны. Обал-ай, — деп екі-үш түп бидайдың сабағын көтерді. Тегі, баласы байқамай арам шөппен қоса бидайды жұлып алса керек.

Қайтсін, ғұмыры егін егіп, нанға жарымаған кедей-кепшік аядай жерін қызғышша қориды, бар тілеуі соның үстінде.

Соған қарай күзге таман егін де адам айтқысыз биік, бітік болып қаулап шықты. Теңіздей толқыған қалың егін аттың омырауынан келеді. Әр бидай баданадай болып, сүті шығып жарылардай торсиып піскен кезде дамылсыз құйған жауын да басылып, күн шыжып кетті. Мизамда аспан шайдай ашылып, ми қайнаған ыстыққа сап-сары болып піскен бидай сабағы басын көтере алмай бір-біріне жығылып, шүлен қойдың жабағысындай ұйысып қалды. Сырт қарағанда суы тартылған қоғалы қалың қопа секілді.

Балта аулында ес жоқ. Ішерге тамағы болмай, дастарқанының жемі таусылып жұтап отырса да, ертеңгі күнге үміттеніп қарап, аштығын сездірмейді. Көңіл тоқ. Таңның атуы, күннің батуы бала біткен егін басында. Бейсауат жүрген малды түсірмек түгіл бір торғай келіп қонса, жаны шығып, балшықпен атып үркітіп тыным көрмейді. Сол жылы сарышұнақ та бықырлап көбейіп кетті. Қарақұртша қайнайды. Балалар да індеріне шелектеп су құйып, қақпан құрып, қырудай-ақ қырды. Не керек, қашан жинап, теріп алғанша, аядай кедей аулында ұйқы жоқ.

Егін оранда елге бас-көз боп, бұрын айналыспаған шаруашылықты үйретіп жүретін адам керек болған соң, мизамның орта кезінде Иван Максимовичті шақыртып алдым. Ол келген күннің ертеңінде оңтүстік беттен бір ыстық жел шығып, аңызақ соқты. Ұдайымен үш-төрт күн тұрған аптап егінді қуырып, қуарта бастады. Енді бөгелуге болмайды. Бидай қауызынан жарылып, түсейін деп тұр.

Ертең ораққа шығамыз деген күні Балта аулының жасы бар, кәрісі бар, Сұлтан үйіне жиналып бас қостық. Жүсіп шал қоярда-қоймай отырып, үлкен бір ту қойды құрбандыққа шалдырып өзімізше серне жасадық. Сұлтан екеуміз соққан орақтарды алып, біздің атай түні бойы егін орудың әдісін түсіндірумен болды. Қызықты әңгіме шертіліп, ән де айтылды. Бәрі көңілді. Қашан таң атып, білек сыбанып егін орағына кіріскенше жүрек лүп-лүп алып ұшады. Сол түні Иван Максимович те жата-жатқанша:

— Мына ыстық жел күндегідей емес, бүгін төтенше. Тіпті түні бойы соғып тұр. Пеш аузынан үрлеген ыстық жалын секілді. Бидай бүгін түннен аман қалса, жарар еді. Тым төтенше екен, тым төтенше! — деп тықыршып, бұрын-соңды болмаған мына аңызақты сөз қылды.

— Ештеме етпейді, Иван Максимович, — деп шалды жұбатып, мен де жатып қалдым. Бірақ көп уақытқа дейін, неге екенін білмеймін, жүрегім өз-өзінен дүрсілдеп, көзім ілінбеді.

Ақыры талып ұйықтап кетсем керек. О, жасаған, сол бір түнгідей өмірімде ел қайғысына еңіреп, егіліп көрген жоқ шығармын. Адам баласының бір-біріне мұндай қаскөйлігін де көрген жоқ шығармын. Ұры болып жүріп те мұндай жайды білмейді екем. Елмен, жұртпен отырып көптің ауыр халін, көрген тауқыметін бірге тартсаң ғана тебіренудің не екенін біледі екенсің.

Мен шошып ояндым. Есім шығып, не болғанымды білмеймін. Аңызақ соққалы түнде есік біткен алық-тұлық ашық жататын. Далаға ата шықтым. Көшеде ұлардай шулаған бала-шаға, азан-қазан. Аспан қып-қызыл жалын. Жұрт жалаң аяқ, жалаң бас, егінге қарай ботадай боздап жүгіріп барады. Аза бойың қаза болып, төбе шашың тік тұратын аянышты үн.

Қалың егін жанып жатыр. Сендей соғылып жеткен Балта аулының кәрі-жасы көздерінен жас парлап, отқа қойып кетті. Жалақтаған қызыл жалынның үйдей-үйдей тілі сумаңдап, әп-сәтте тажал өрт келгендерді орап алды. Шырт ұйқыдан тұрған қарусыз адамдар айтпай келген апатқа не айла

жасасын, бірі көйлегін, бірі шапанын сермеп тілсіз жаумен айқасып мидай араласып кетті. Аузынан от шашқан дәу айдаһарлар мың бұралып, ысылдап, гүрілдеп, жолындағыны жайпап, таптап жылжып келеді. Жоқ, жылжып емес, құйындай ұшып атой сап келеді. Шытыр-шытыр жанып лапылдаған егін арасымен су жыланша жүгірген от, жалын алдынан озып, лақ етіп төгілген су тармағындай жан-жағына бытырай тарап, айналасын асыға жалмап барады. Өрт арасынан әлдекімдердің:

— Су әкеліңдер.

— Қарғаша салыңдар.

— Кигіз әкеп соғыңдар, — деген далбаса дауыстары шығады. Бірақ оның бәрі жай есірік. Құрап тұрған қалың егінге тиген от бір көлдің суы болмаса тыңдасын ба, гүрілдеп жанып, егістіктің орта тұсынан асып кетіпті. Тынымсыз соққан ыстық жел де оттың артынан түсіп алып, өкшелей қуып жалынды жалынға қосады. Бірді бір ажыратып болар емес. Бір үйлі жанның өзі бет-бетімен бытырай түсіп, кімнің қайда қалғанын айыру қиын. Жанып жатқан егін бе, адам ба, оны аңғарып болмайды.

Бір сәт қолымдағы шалбармен отты өршелене соғып жүріп байқап қалдым, бір кішкентай бала оқыс бақырған бойы, үсті-басы лаулап жанып, егін арасымен кейін қашты. Бала емес, шырылдап жылап бара жатқан бір құшақ қызыл жалын секілді. Жүгірген жолы ирелеңдеп жанып барады. Отты шегіне ұрған адамдармен қосыла баланың соңынан мен де жеттім. Бала лапылдап жанған киімін шеше алмай жанталасып жерде домалап жатыр...

Алас-күлесте естері шығып құр қол, қарусыз келген жұрт алапатқа қарсы төтеп бере алмады. Қарғаша салып та үлгермеді, қалың егін ортасында қарғаша салу да оңай емес-ау. Бар болғаны, бәрі жабылып, айналдыра соғып жүріп, екі-үш үйдің орнындай жерді ғана аман алып қалды. Айналасы бір сүт пісірім уақытта етегін ыстық өткір жел көтерген өрт егінді тып-типыл етіп, бозға түскен соң бойы кішірейіп, алысқа ұзап кете барды. Жұрт оған енді бөгет болмады. Қап-қара күлі шыққан егін орнына қарап мұңайып, қайсыбірі егіліп жылап тұрды.

Қас, кірпігін от шалмаған пенде жоқ. Сұлтанның бір жақ мұрты түгел күйіп кетіпті. Жалын жалап, түтігіп кеткен адамдар, әлдебір аяулы адамды арулап қойып қайтқан азалы жандардай екі иіні түсіп үн-түнсіз бет-бетімен аяңдап елге оралды. Тілсіз жаудың адам қолынан келген қаскөйлік екенін жұрт іштей сезді. Бірақ ол түні ешкім ол туралы тіс жарып ештеме демеді.

Бәрінен де отқа күйген баланың халін айтсаңшы. Сұлтан екеуміз сол үйге келдік. Күйеуі бұдан екі-үш жыл бұрын өлген Қалима деген жесір әйел екен сорлап қалған. Маңдайына басып, үміт еткен алты жасар жалғыз ұлы ұзақ уақыт безектеп тыпырлап жатты. Өн бойында от шалмаған жер жоқ. Қып-қызыл қызыл шақа болып, үлдіреп тұр. Құлындағы даусы құраққа шығып шырылдап, таң ата әлсіреп даусы семді. Сорлы бала әлі құрып, талып ұйықтап кетті. Анда-санда шошып оянып, аузын қисаңдатып қиналады. Жылағаны ол. Бірақ даусы шықпайды. Тек бірақ рет тілге келді. Сыбырлап жатып, үзіп-үзіп «н-н-ан» деді. Соны айтып көзін аша алмастан жүріп кетті.

Шешесі зарлап отырып: «Құлыным-ай, тым құрыса соңғы тілегінді де орындай алмадым-ау. Күнде жатарда нан сұраушы едің. Күнде ертең жейсің, егін пісті, енді ертең жейсің. Шыдашы, құлыным деп жұбатушы ем, тым құрымаса соңғы тілегінді орындай алмадым-ау, о, көзсіз құдай, ал енді, мені ал!» — деп шашын жұлып баласының аяғын құшып есі ауып құлап түсті.

(Сол бір түнгі оқиға қайта көз алдына келгендей тұнжырап, Күргерей қарт біраз отырып қалды да, қайта жалғады әңгімесін.)

Осы жалпақ жонның ұлтарақтай бір бұрышын тырмалап егін еккен елдің есіл еңбегі осылайша далаға кетіп еді. Жер емшегін емгісі келген алғашқы арманды осылайша өрт алған... Бірақ өрт салған жылан осы күнге дейін аяғын көрсеткен жоқ. Тек бай аулы жағынан келген қаскөйлік екенінде ешкімнің күмәні болмады.

* * *

«Иә, ешкім күмәнданған жоқ. Бірақ бас салып тірі пендені жазғыра да алмады. Жазғыратындай кедей аулында шама да бар ма еді ол кезде».

Қарасай осыны ойлап келеді. Со жылғы егінді өртеп жіберген жазықты жанды Қарасай ғана біледі. Ол — өзі. «Мына сіңірі шыққан жамандар құтырайын деген екен. Ана бір жылғы прселен орыс үйретіп бергелі егін салуды түсініп алып, жерге тас кенеше жабысатын болыпты. Бидайы тістің суындай екен. Соны көрген собалақ малайлар да құтырып, қашанғы Малжанның малын баға береміз, ендігі жылы біз де қосылып егін егеміз дейтінді шығарыпты» деп бай аулы ытырынып

жүрген. Бірақ өткендегідей көп жылқыны топырлатып айдауға болмады... Бәрінің есебін тапқан Қарасай. Сұлу мұртқа кектеніп алған он бестегі бала жігіт бірнеше түн теңбілкөк жорғаны тайпалтып, аңдып жүрді де, ақыры қапысын тауып өрт қойды. Өрт қойған — жалғыз өзі, өртеген — жалғыз шаппақ тасқа тұтанған білте. Міне, күні бүгінге дейін оны ешкім білмейді. Қарасай оны Малжанға да айтқан жоқ. Сол күннен былай не қылмыс істесе де Қарасай оны тісінен шығармақ түгіл сездірген де емес.

«Шіркін-ай, он үште отау иесі деген рас-ау. Сол он бесімізде жапанды жалғыз жортып, бір ауылдың егінін қорықпай-үрікпей өртеп жібердік. Жүректің түгі бар ма, немене. Ендігінің балалары да жүнжіп барады. Сойталдай Халел әлі күнге дейін ештеменің қыбын білмейді».

Қарасай бала кезіндегі қаныпезерлігіне масаттанып, Халелдің дымды түсінбейтін мәлпектігіне ыза боп келе жатқанда, оны осы жыртындының үстінде, баяғы өзі өртеп жіберетін егін үстінде кездестіріп, одан сайын зығыры қайнады. Жерді солқылдатқан трактор жақындай бере кілт тоқтаған. Ішінен арсалаңдап Халел түсті. Ойында дөнеме жоқ. «Халел, келіп тұр, әңгімелесейік, бәрібір боссың ғой, не бітіресің» деген сары шашты қызға «жарайды, келемін, сау бол!» деп қоштасып, әкесіне таянды.

Қара күреңденіп түтігіп кеткен Қарасай:

— Не бітіріп жүрсің мұнда, адам бола ма десем, күннен-күнге кері шегініп, не боп барасың! Жылқылар қайда? Сенсіз совхоз жері жыртылмай қалатын ба еді! — деп баласына зекіп, біраз жерге дейін төмен тұқырайып, түнеріп келді де, аттан түсті. — Бар, үйге бар да, үш аяғыңа мініп кел. Сен түні бойы шаң арасында, сайтан-сабалақпен жүргенде жылқылар да ендігі үйіріне жеткен шығар... Аман болса жарар әлі. Бар, тез орал!

* * *

Қыземшектің құбыла жағы қалың қопа. Айналасы ат шаптырымдай. Қопаның оң жақ бүйіріндегі қалың тобылғы арасында ескі апан бар. Бұл апанды таншадай көкжал арлан қаншығымен талай жылдан бері мекендеп келеді. Қысқа салым қасқырлар түлеген сайын маңайындағы тобылғының басына уыс-уыс байланған жүн қар суымен соқталанып, жабағы тартып ұйысып қалған. Ат тұяғы баспаған бұл маңды қос бөрі қаннен-қаперсіз жайбарақат мекендеп, алаңсыз тұра берді.

Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы желді түнде көк арлан алыс жолға шығып олжалы қайтты. Қалың шіліктің бауырында лағымен жатқан еліктің ық жағынан келіп, жер соқтырды да, көздері жасаурап қайда қашарын білмей, құлақтары жыбырлап, елеңдеген қызыл шақа лақтарының жаңа шеміршектенген омыртқаларын бытырлата үзіп жіберіп, қомағай бөрі жас етке кенелген. Еліктің өзін арқалап әкеп, жақында күшіктеген қаншығы екеуі санын сан, бұтын бұт етіп боршалап, апан ішін қан сасытты. Мелдегінен шыға тоя жеген етке кекіріп жатып, көзі кілбиіп ұйқыға кеткен.

Күн арқан бойы көтеріле, қасқырлар әлдебір дүбірден шошып оянды. Көрі тарлан ар етіп, құлағын қайшылай атып тұрғанда, жамбасына басын сүйеп сілекейі шұбырып елжіреп жатқан қаншығы да азуы сақ етіп өре түрегелді. Салақтаған қаз-қатар жылы болбыр емшекке тұмсығын тығып бұйығып жатқан күшіктері аяқ астында шашылып қалды.

Алыстан гүрлдеген жойқын үн қара жерді солқылдата жақындай түсті. Шақырлаған темір азулар ірі малта тастармен шайнасып, топырақша үгіп келе жатқан секілденді. Таянған сайын кең апанның бүйірі қалтырап, дір-дір етеді. Бауырын жаңа көтере бастаған кілегей көз күшіктер қыңсылап бір бұрышқа ұйлықты. Қаншық қасқыр тілерсегі дірілдеп, құйрығын шабына тығып қабырғаға жабыса түсті. Тек арлан ғана көрдей қараңғы ін түбінде өткір көзі қанталап, аңға секіретіндегі әдетінше шиыршық атып бүгіліп барады. Бір-бірімен шайнасқан болат темір апан тұсынан баяу жылжып, шақырлап өтіп кетті. Ұзаған сайын әр түгі тікірейіп, селдірей қалған арланның күдірейген желке тұсындағы қара қылдар да баяу жығыла берді.

Бірақ бұл хал көпке бармады. Ұзап кеткен жойқын үн бәсеңси бере қайта бұрылып, тағы да бері жылжыды. Бұл жолы әлгіден де таяу жерден солқылдата өтті. Тағы да бұрылды... Енді біраздан соң осы төңіректі түгел шимайлап, апанды тіміскілеп іздеп жүргендей қайта-қайта шарлады да, әлден уақытта көзі шалып қалғандай тобылғылы төмпешікке тұп-тура төніп келді. Ескі апанның төбесінен әуелі гу етіп топырақ түсіп еді, шүпірлеп жатқан күшіктер ін аузына қарай қыңсылай ұмтылды. Алып темір шақыр-шұқыр етіп төмпешіктің тап үстінен зілдей боп басқанда, бағанадан бері екі көзінен от шашып қайрат қылып жатқан көкжал арлан, түнде ғана шеміршек бұғанасы бытыр-бытыр сынған дәрменсіз жас лақтың мүшкіл халіне келіп, белі қайысып, мықшия берді де, ар етіп барып ін аузында тырбаңдап жатқан күшіктердің біреуін жұмсақ желкесінен қауып алып тысқа ата шықты. Қаншық та бір күшігін салақтата тістеп, арлан соңынан зыта жөнелді.

Екеуі өкпе тұстағы қопаға жете бергенде барып, артынан айғай шықты. Адам даусы. Жан дәрменде қопаның қорысына қойып кеткен екі қасқыр күшіктерін борпылдақ шірік қоғаның үстіне тастай бере артына бұрылды. Емшегі салақтаған қаншық ін аузында қалған төрт күшігіне қайта ұмтылғанша болған жоқ, көкжал қасқыр тымақша ұшырды. Желкесіне ащы тіс кірші ете қалған қаншық мүлөйісіп, күшіктерін бауырына ала қиралаң етті.

Қамыс арасында жатқан ызалы сырттан тыстағы адамдардан зәрлі көзін айырмады. Соңына жалтыраған азулары бар тарбиған бірдемелерді тіркеген болат үй тоқтап тұр. Табанынан омырауына дейін істік-істік салпыншақ темірлерді тізіп байлап алған. Жүрегі тарс-тарс соғып, танауынан қою түтін бұрқ-бұрқ етеді. Көкжал екі көзі тасырайған мұндай үйлерді даланы кезіп жүріп бұрын да талай көрген-ді. Бірақ алыстан көретін. Және бірен-саран ғана кездесетін еді. Енді қараса, жалпақ түзде бұл сияқты үйлер тырнадай тізіліп қаптап жүр. Кеше ғана кей тұсында изені мен жусаны аралас қалың қау басқан жалпақ жон, бүгін асты-үстіне келіп аударылып қалыпты. Жер беті қап-қара.

Үй жанында екі адам тұр. Күшіктердің төртеуін де ұстап алған. Құлағынан, желкесінен көтерген күшіктер қыңқ етпейді. Аяқтарын тырбаңдатып апарып, үйдің есігінен ішке лақтырып жіберді де, екі адамның бірі ішке енді. Екіншісі артқы темірлерге отырды. Алып үй танауы қатты тарсылдап, салдыр-гүлдір алға жылжи берді. Артындағы күнмен шағылысқан аппақ азулар қара жерді терең қауып алып, тағы да апан іздеп, қара қыртысты аударып барады.

Енді бұл жерді мекендеуге болмайды. Ертең қопаның да тас-талқанын шығару қауіпі бар. Қас қарайғанша мидай даланы шарлап, таспаша тіліп жүрген темір үйлерге қаскөйлікпен қарап жатқан қасқырлар сәл сиреген уақытта ғана амалын тауып, күшіктерін тістелеген бойы қара түнді жамылып қашып кетті.

Қос бері түні бойы тынымсыз шоқырақтап, Сілеті теңізінің бергі қолтығындағы «Жаман тұзға» асты. Сасыры, изені мол ащылы жерге келіп, бір төмпешіктің бауырынан таң атқанша тырналап апан қазды.

Бұл маңда кезқұйрықтан бөтен қыбыр еткен тіршілік жоқ. Құлазыған ен дала иесіз. Тек бүрі мол кәрі құрайлар ғана самалға жалқау ырғалып, тіршілік нышанын сездіргендей. Күшігін алдырған ызалы қасқырлар мөлдір аспанда шолғыншылап қанат қақпай баяу қалықтап жүрген жалғыз кезқұйрыққа қарап жатып сілекейі шұбырды. Кешегі тоқтық тарқап, аш өзек өртеніп барады.

Қаншығын күшіктерімен қалдырып, күн еңкейе арлан қасқыр жортуылға шықты. Бірақ түні бойы жел өтіне мұрнын төсеп жапанды кезіп шарқ ұрғанмен аузына ілігер ештеме кездеспеді. Тек таң ата бере бір шоқ шидің түбінде көзі бақырайып отырған жапалақты бұқпантайлап келіп бас салған. Жүні бұрқ еткен соқыр құстың бір жақ бұтын жалпақ тай табанымен басып тұрып дар айырған да, жүн-жүнімен арық етті екі-ақ асап қылғытқан. Жұдырықтай сасық ет жұмырына жұқ болмады. Қайта, тойымсыз аранды одан сайын аша түсті.

Көкжал құла түзді екі күн шарлады. Кейбір ауыл тұсына да таяп барды. Бірақ бейсауат жүрген ештеме жоқ. Қайда барса да қараңғы түнде екі көзі өңменнен өтердей жалтырап от шашып кешегі темір үйлер алдынан шыға берді. Тіпті күндізгіден түндегі түсі суық.

Екі күн аласұрып сай-саланы тіміскіп сүзіп шыққан арлан қарны қабысып, бұралып, апанға ашулы оралды. Күшіктерінен айрылып запыс болған қаншық іннен алыс ұзамай төңіректен, тышқаншылап жүрген. Аңадайдан арланын көріп, алдынан шоқырақтай шығып еді, арқасына бөктерген олжасы болмаған соң тауы шағылып тұрып қалды. Тоқ жүргенде қаншығын иіскелеп, кейде тістеп, асыр салып ойнайтын көкжал да қанталаған көрлі көзімен бір қарады да, қайырылмастан іннің аузында, шабына басын салып иіріліп жата кетті.

Жаңа қазған іннен шыққан сары ала топырақтың күнгей жағында шуақтап жатқан екі күшік орындарынан домалай тұрып, анасының аяғына оралды. Бұрын алты күшік жапырлай жабысып созғылайтын қаз-қатар уыз емшек екі күннен бері емін-еркін тиген соң, екеуі де бұрынғыдан лезде ширап, қоңданып қалған. Жарғақ құлақтарының түбі қатайып, елең-елең етіп қимылдап қояды. Анасының алды-артын орап, бірін-бірі қуып, сүрініп-қабынып домаландап жүрген қос күшік, енді бір кезде соры қайнап ашулы сырттанның үстіне жабысты. Тырбаңдап арқасына шыға алмай, сырғып түсе берген соң, бірі құйрығымен, екіншісі құлағымен ойнады. Көкжал бір рет ар етіп жактырмай қалса да, оны елеген олар жоқ. Қайта-қайта мазасын алып, тартқылай берді. Бір кезде қызыл көз арлан жүні тікелей орнынан атып тұрды да, мойнынан домалап түскен күшіктің біреуін аузы ақсыяп кеп бас салып, бел омыртқасын бытыр-бытыр еткізді. Жайбарақат жатқан қаншық жан ұшырып үстіне құлай түсіп еді, арлан тұмсығынан қауып алып сылқ еткізді. Өлсіз қаншық аңадай жерге барып белі күдірейіп айбат шегіп аз тұрды да, енді жақындауға бата алмай, тірі қалған соңғы күшігін

желкесінен тістелеп алып, ін түбіне қойып кетті. Кешке дейін жалғыз күшікті бауырына алып, тысқа шықпай жатып алды.

Тек үшінші аштық түні таңға қарай ауып, аспандағы ай бозамық тартқан бейуақта екі қасқыр қатар түзеп жортуылға шықты.

Бұрын түн қараңғылығында жем іздеп тауып, күні бойы салқын апанда тілі салақтап жатып алатын бөрілерден ұйқы қашқан.

Бұл өңірде не көп — көл көп. Қаптаған көл, жайылма сулар бір-біріне жалғасқан алқа тәрізді. Күн көтеріле бере өңірдегі алқаның әр теңгесі жалтырап көз ұялтып, анадайдан мен мұңдалап тұрады.

Қазір көл атаулы ұйқысынан оянып, таңғы салқын жел күн жылына жазғы самалға ауысқан. Әр құрақ, әр қамыс желге сыбдырлап жатқан секілді. Қаңқылдаған қаз, қиқулаған аққу, барылдаған үйрек үні. Әріректе тынымсыз тырылдаған темір үйлердің даусы — бөрі көктем базарын тойлап жатыр.

Қос бөрі «Түйекеткен» көлінің ығын өрлеп, құрт тескен қаңылшақ ескі мал тезегінен басқа түк кездестіре алмай келе жатқанда алыстан бір жылы иіс білінді. Арлан мен қаншық қайта-қайта тұмсықтарын желге төсеп бастарын көтерісіп тұрды да, сілекейі шұбырып тұра шапты. Жерді дүңк-дүңк еткізіп алға түскен арлан келесі қырды аса бере, кең шалғында жүре оттап бара жатқан бес-алты қараны көзі шалып қалды. Маңайында адам көрінбейді. Бірақ ашынған қасқырлар болса да елер емес. Шалғынға қарай иіле түсіп жатқан кең өзенің ішімен тасырлата шауып, шошаң етіп жылқылардың тап жанынан шыға келді. Алғашқыда бұларды көзі шалып қалған екі-үш қарлығаш шиқ-шиқ етіп, құлақтарының түбінен сыпылдай ұшып, қала бергенше болмады, ық жағынан келіп қалған бөрілерді жаңа көрген қаннен-қаперсіз жылқылар ішін тартып осықырынып бастарын көтеріп, құлақтарын қайшылай қойды. Бұл кезде шетте ойнақшып жүрген жирен қасқа құлынды арлан жарып та үлгерген еді. Қаншық та аузын арандай ашып, келесі біріне ұмтылды. Аш қасқыр құлынды жайратып тастап, бір жерге үйіріле қалған жылқыларды тым-тырақай қуды. Күрең бие жан ұшырып көкке қарғығанда тұсамысы шарт үзіліп айдаламен дүрсілдете шауып кете барған. Арлан былқ-былқ еткен кебеже қарын семіз қара биеге екі-үш рет ұмтылып, сыртын бере қырындап шыр айнала берген саба биенің ақыры алдынан келді. Бие тұсаулы аяғымен шоқандап секіре бергенде, айлалы қасқыр тұмсыққа қарғып, қос еріннен бірдей ала түсті де, табандап тұра қалды. Бұл ежелгі әдісі. Жұқа ерін удай ашыған қара бие шалқая тартқан кезде, табандап тұрған қасқыр да оқыс жіберіп қалып еді. Бие мұрттай ұшты. Ар етіп барып мысықша жабыса кеткен арлан алмастай өткір тісімен ішін жарып жіберді. Жып-жылы қанға тұмсығын тығып қорқ-қорқ еткен көкжал қара биенің үлпершек майынан кесек-кесек жұлып алып, қылғыта берді. Қаншық қасқыр да бұлтыңдаған семіз ала тайды алып ұрып жәукемдеп жатқан.

«Малжан ағашы» жағынан қылт етіп үш аяқты мотоцикл көрінді. Үстіндегі екі адам сонау қырдан түсе бере жан-жаққа бытырай қашқан жылқыларды көзі шалысымен бір сұмдықтың болғанын іштері сезіп, жолсыз кәдемен құйындай ұшты.

Аш қасқырлар мотоцикл есік пен төрдей қалғанша бастарын көтермей жылы етке құнығып, табандарын тірей өлермендене жұлқып шоңқаң-шоңқаң етеді.

Қос бөрі жылғаға түсіп, артына қарайлай қашып бара жатқан кезде:

— Ой, атаңа нәлет! — деп тісін қайрап қалған Қарасай қан жоса боп жатқан малдарын көріп, көзінен жасы ыршып кетті. — Құдай-ай, енді келіп, дала бөрісіне жем қылғаның ба. Менен аяған нең қалды!

Шап еті жалбырап тұрған жирен құлын адамды көргенде мұңын шаққандай көзі мөлтілдеп ілби басып келді де, екеуінің алдына құлай кетті. Халелдің де іші аяп, тура қарай алмай сырт айналды.

Қарасай аһ ұрып, ағаш сапты, жез мойын бәкісімен қара биенің тамағынан қинала тұрып орып жіберді. Қоп-қою күрең қызыл қан сыр етіп шыға беріп, тыйыла қалды. Қара бие одан бұрын жан тәсілім қылған еді.

* * *

Қарасай ұйқыдан оянгандай сергіп, ойына жаңа бір ақыл түсті. Іле ізін суытпай совхоз асханасына барып, Агафия Япишкинаны үйіне ертіп әкелді.

Түнеугүні бұл әйел Қарасайдың үйіне келіп:

— Хозяин, өзім ежелден нәзік жаралған жан едім, мына нәсердің астында шатырда тұру мен үшін тамұқпен тең. Тымау ма, жөтел ме, әйтеуір осы жердің бүкіл заразасы айналдырып алды. Бір-екі айға бір бөлмеңізді рахым етіңіз, ақысын төлер ем, — деп есігі бөлек қонақ үйді сұраған.

Семіз байталдай жұп-жұмыр келіншектің нәзік жан едім дегеніне кекесінмен мырс етіп, бұрын-сонды қазақ аулында пәтер жалдауды көрмеген Қарасай оның ақысын төлеймін деп құнға тұрмайтын пайданың шетін көрсеткеніне шамданып қалды. Және тың көтеруге жер-жерден жиналған адамдарды онша сұханы сүйе қоймайтын. Үйге еркінсі кіріп, сыпсылдай қалған мына әйелді де жақтырмады.

— Бұл үйді біреу үшін салған жоқпыз, маржа. Және атам қазақ пәтер жалдап күн көрген жоқ. Бұл үй үшін шығынданбай-ақ қойыңыз, — деп тоқ етерін бір-ақ айтып, үйден аластап салған.

Бүгін Қарасай сол райынан қайтып, күрт өзгерді.

— Жолдас Япишкина, түнеугүні өзім ренжіңкіреп жүр едім. Тегі сізге ауыр тиетін сөздер айттым білем. Оны кешіріңіз! — деп жылы сөйлеп, дөңгелете жөнелді. Өзі де шыр көбелек дөңгелеп, судағы балықтай уысында сусып тұрған Агафия Япишкина:

— О, о не дегеніңіз. Уақасы жоқ, ондай-ондай бола береді, мен жаратылысымда кексіз адаммын, — деп көзін төңкеріп, сықылықтай күлді.

— Оныңыз жақсы қасиет екен. Менің және бір мінезім — бетің бар, жүзің бар демеі бірдемені қойып қалам да, артынан, апырмай, ренжітіп алдым ба деп, үнемі өкініп жүрем. Бүгін сол өкінішімді жуайын деп сізге әдейі бардым. Және шаң-тозаң астында жатқаныңды ойлағанда, шынымен жаным ашып кетті. Енді мына бөлмені алыңыз, ақы сұрамаймын. Бір-бірімізбен сыйласып тұрсақ, арамыздағы ауыс-түйісті есептеспеспіз, — деп Қарасай сөздің аяғын сылқ еткізді. Сөздің сыңайын аңғарып қалған Агафия Япишкина да аппақ бұғағын көрсете бұртиып:

— О, хозяин, бұл заманның өзі ауыс-түйістің заманы емес пе, есеп-қисаптың бар жайын сауда қызметкерлері жақсы түсінеміз, ол жағынан мен коллега бола аламын, — деп наздана қылымсыды.

Сол күні асхана меңгерушісі Япишкина екі-үш аспазшы әйелді әкеп, Қарасайдың қонақ үйін ақпен сылатып, еденін жуғызып, ол-пұл дүниесімен көшіп алды.

Сол күні қасқыр тартып өлтірген шабдар аттың көкежасық еті базар нарқымен колхоз асханасының албарына кірді.

Сол бір күннің ішінде-ақ Япишкина мен Қарасай бір-біріне қажет адам екендерін жақсы түсінді. Бірақ тап осы сәтте екеуінің арасында болар келешек үлкен оқиғаны олар білмеді. Ондай ойдан осы қораның астындағы басқа адамдар да мақрұм еді.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Түске таман күн ысып, қайнап кетті.

Бүгін жексенбі. Қызыл жалау селосының орта тұсындағы шағын базардың маңында сапырылысқан халық. Бұрын маңайдағы деревнялардан бірен-саран шал, кемпірлер арбаға тиеген қапшықтарымен келіп, жергілікті адамдардың жеңсігі — шемішке, қияр, сәбіз сияқты жемістерді сатып отыратын. Қазір тың жерге келген адамдар осы аудан орталығының үстімен күнде лек-легімен өтіп жатады. Жолға азық алатын ондай жүргіншілер дүкендерді аралай өтіп, осы базарға да соға кетеді. Келімді-кетімді кісі көбейгеннен бері қоңылтақсып тұратын базар сөрелері де бұрынғыдан молыққан. Тіпті бүйірлеріне ақау түскен Алматының апорты да бір-екі жерден енші алыпты. Қала шығып келген адамдардан жылына бір ауыз тиетін арқаның балалары соның маңында шүпірлеп айналшықтап жүр.

Тумысында тұңғыш рет сауда жасай келген Халел дәу қара сабамен қымыз сатып отырған кемиек шарқы шалдың қасынан орын алған. Алдында борша-борша бөлінген аппақ қардай семіз қойдың еті. Үстінде қара көк костюм, ақ көйлектің жағасын сыртына шығарған. Базардағы адамдарға жасқаншақ қарап, ұялыққырап, сасқалақтай береді.

— Ей, балақай...

— Әй, Халел, етіңнің бағасы қанша? — деп алушы сұрағанда барып селк етіп, е, мен ет сатып тұр екем ғой дегендей есіне түседі де, еттің нарқын мұрнының астынан ғана естілер-естілмес айтып, күбір етеді.

Бұрын сырттай қарағанда ет сатудың онша қиындығы да, өрескелдігі де жоқ секілді көрінуші еді. Халел бұл кәсіптің қиямет-қайым екенін бірінші рет көрді. Аудан ішіндегі таныс адамдары келсе, маңдайынан шып-шып тер шығып, шашы дудырап берекесі қашады.

Оның үстіне көлеңкеге жиналған бір топ шалдар да қызара бөртіп отырып:

— Әй, Мәшрәп, сенің қай атаң қымыз сатып күнін көріп еді. Көктемдегі уыз қымызды базарға сатып не күн түсті басыңа.

— Адал асты саудаға салмай, құй, көне.

— Байиын деген екенсің,

— Төріңнен көрің жуық отырып, қайдан таптың бұл кәсіпті, — деп, қымызшы шалды ортаға алып, ойынды-шынды тілін батырып, керіп әкетті.

— Енді кәйтейін... кәйтейін, кемпіріме қант-шайлық бірдеме болсын деп... — дегеннен басқа кемиек шал сөз таба алмай, он тал шоқша сақалы шолтандап құрдастарына қымызынан құя берді.

Сары қымызды сапыра отырып ішіп, біраз желігіп алған шалдар әлден уақытта Халелге тиісті.

— Әй, қарағым, сен Қарабеттің баласымысың, осы?

— Иә.

— Қарабет Омбының базарын түгесіп, енді Қызыл жалаудың базарына да салды ма ауызды.

— Еһ, бұл жаһаннамдағы мөрі бар ақша Қарабеттің қалтасынан құтылған ба.

— Үйлеріңде кемінде бір сандық ақша бар шығар, ә, балам? О бар болғырды шірітесіңдер ме, қайтесіңдер жинай беріп.

Халел не дерін білмей бетіне қаны теуіп, көзіне жас кеп қалды. Сандық дегенде үйдегі сары жез белбеулі сандықша есіне түсіп, шалдар тап сол сандық туралы айтып отырғандай өне бойы шымырлап қоя берді. Бұдан әрі ақсақалдар өзді-өзі сөйлесіп кетті де, Халел тек сырттай тыңдап, мұрнының үстіне меруерттей мөлдіреп тер шықты.

Әкесі туралы айтылған сөздер жүрегіне мірдің оғындай қадала берді.

— Қарабеттің ақшасында қисап жоқ. Ол көззап шылқыған бай емес пе? Қора толған мал. Шытырлатып сатат та жатады.

— Қанша сатқанмен тап мынадай шілдеде базарға ет шығармаушы еді, соған да бір тықыр тақалған-ау, сірә?

— Е, мың тасқанға да бір тосқын демей ме. Қазір «Малжан ағашына» совхоз орнап жатқан көрінеді. «Жаңа талап» колхозын да совхозға айналдырыпты. Малың жайып салып отыра алмайтын шығар енді.

Шалдар Қарабетте өші бар адамдай, тістерін қайрай түсіп сөйлеп отыр. Халел кірерге жер таба алмады.

Дүниеде өз ата-анасын жек көрер бала бар ма? Халел де өз әкесін жанындай сүйеді. Оның мінез-құлқын өмірі сарапқа салып көрген емес. Халелдің ойынша ол бүкіл ел сыйлайтын қадірменді адамдардың біріндей көрінуші еді. Ал қазір алғаш рет сол әкенің атына айтылып жатқан жиіркенішті сөздерді өз құлағымен естіді. Қарабет деген ел қойып алған атын айтқанда шын қара бет адамды атағандай сезілді. Шалдардың сөзін қанша ұнатпағанмен азамат боп ер жетіп қалған Халелдің алдында жасырын, тұйық жатқан бір сырдың беті ашылғандай болды.

Халел бұдан әрі базарда көп тұра алмады. Түс ауа сөредегі етінің бетін жапты да, қымызшы шалға тапсырып, шашлықханаға келді.

Бұл өңірдің халқы бұрын-соңды шашлықтың атын естігенмен, өзін көрген емес. Биылғы көктемде ғана осы базардың бір түкпіріне шашлықхана орнады.

Бұл бұрын көркем әдебиет кітаптары мен мектеп балаларының оқу құралдарын сататын саманнан салған жайдақ төбелі бөкене үй болатын. Қазір жаңадан үлкен кітап дүкені ашылды да, бұл үйдің маңдайшасына екі тілде «Шашлықхана», «Шашлычная» деген бадырайған жарнама ілінді. Қазір мұның іші адамға лық толған. Өткен-кеткен адамдардың бәрі шашлықты таңсық көріп, бұл араны соқпай кетпейді. Оның үстіне дәу ағаш бөшекелермен сонау Армения колхоздарынан келген арзан

шараптар бокалдармен сатылады. Ақ халатты екі армян жігіті жалынға қызара бөртіп, қас қарайғанша тынымсыз сауда жасайды.

Халел көпшіліктің арасымен сығылысып алға таман өтпекші болып еді, бірақ тұрғандар жуыр маңда жібере қоймады.

— Ей, жігітім, қайда барасың кимелеп?!

— Мұрындықсыз өгіз құсамай кезекке тұр, — деп кейбірі дөкірлеу үнмен иығынан жұлқып тастаған соң, шашлықхананың сыртқы есігіне барды.

Бағана дүкенші армян бір қағаберісте ет сатушыларға келіп, айналдырып кеткен.

— Мына күн ыстықта еттерің бүлініп кетеді, одан да маған сатыңдар, тік көтере алам, — деп төрт қойдың етін әкелген Халелге өз бағасын айтып біраз дөңгелеткен. Ол жолы көнбеген Халел, енді өзі іздеп келіп тұр.

Ашық есіктен сығалаған Халелді көрсе де көрмегендей болып біраз уақыт саудасынан бас көтермеген қырықтардың ішіндегі армянин әлден уақытта барып бүкіл алтын тісін ақсита бұрылды:

— Кел, кел, балақай. Отыр мына бөшкенің үстіне. Шөлдеген шығарсың, мә, тартып жібер, — деп Халелге бір бокал шарап берді. — Ал, ал, ақысын сұрамаймын. Етіңді де алмаймын, қорықпай-ақ қой, ал, мә!

Жеме-жемге коймай қолына ұстата салған тобылғы түсті шарапты қалай алғанын да аңдамай қалды. Енді бокалды қайда қоярын білмей жан-жағына жалтақтай қарағанша болған жоқ, иісі бұрқыраған шашлықтың да бір талын ұстата салды.

— Ішіп жібер, жұртқа бокал керек, тез босат, — деп үсті-үстіне жеппелетіп, Халелдің аузын аштырмады. Сатушының сөзін құптағандай, кезекте тұрғандар да:

— Жолдастар, ыдыстарыңды тез босатыңдар.

— Ырғалып-жырғалып тұратын бұл ресторан емес.

— Өңгімені кейін сөйлесесіңдер. Қане, тездетіңдер, ай, анау жақтағылар... — десіп, шулап кетті.

Халел өмірінде бір-ақ рет, мектепті бітірген жылы тойда отырып бір стакандай шарап ішкені бар. Онда мас болмақ түгіл титімдей де сезген жоқ-ты. Содан былай «егер мен ішсем, тегі көп көтеретін болармын» деп жүретін. Бірақ ішімдікке әсте тәбеті шаппайтын. Ал, осы жолы бұлай отырып қалуды лайықсыз көріп, қолындағы шарапты сыздықтата жұтып, бүйірлі бокалды бір-ақ төңкерді.

Осында келіп жүретін адамдардың талайының аузынан: «Ой, шарабының шарап сияғы жоқ, құр су», — дегендерін талай естіген. Халел ішіп салып ернін жалады. Қант салған шәй секілді тәтті дәм мен сәл кермек дәмінен басқа ештеме сезбей, «расында да осал екен, әлде бар шараптың ашуы осындай бола ма?» деп ойға қалды...

Ол осыны ішкен сайын ойлады. Қолы саудадан босамаған армян жігіті, Халелмен сөйлесуге мұрсаты келмей, анда-санда шарап берумен болды. Жүзі ақ жарқын сатушының қонақжай бауырмал ниетіне риза болып, салқын күбінің үстінде бойы балқып, маужыраған Халел ұзақ күннің қалай батқанын білмей қалды. Бүгінгі саудасын аяқтаған сатушы, үйдің ішкі тиегін іліп алып бір қоржын ақшасын санауға кіріскенде де Халелді қуған жоқ. Қызғылттау алтын тістерін бағанағыдай ақсита күліп, оған өзінің бір жақын адамындай қарады. Тек Халелге ғана бұл жолы оның тістері ерекше жарқырап, құбылып, бір бетінде бірнеше ауыз өзіне қарап ақсигандай көрінді. Халел бұған ішек-сілесі қатып күлді. Ол енді мына кісінің аузы өмірі жабылмайтын шығар деп те ойлады. Расында да ол қабақ шытып ренжуді білмейтін адам екен. Халел сөзін әрең құрап, өзінің неге келгенін айтқанда да, аузын жиған жоқ. Азу тістеріне дейін жарқылдай күлді.

— Дорогой, сен кешігіп қалдың. Бағана айтқанда неге бермедің. Енді ала алмаймын, ренжіме. Бір адамның затына келісіп қойдым. Дорогой, ғапу ет! — деп, тағы бір бокал ұсынды. — Мына күн ыстықта көп алуға болмайды. Сақтайтын жерім де жоқ. Оған ренжіме... Ішіп жібер, Кавказ шарабы...

Халел ақырлап келгенде жыларманға келді. «Мына базарда тұрар жайым жоқ, қанша берсеңіз де алыңыз», — деп жалынды.

Ақыры, сол түні шашлықхананың иесі Халелдің бүгінгі қалған еті мен үйіндегі екі қойын түгел алды.

— Дорогой, өзің бір жақсы жігіт екенсің. Сені ұнатқандықтан ғана қол ұшын беріп тұрмын. Ал, кейінде де көрісеміз ғой. Бұдан былай дос болайық. Тек бар сұрарым, малыңды маған сатқаныңды

тісіңнен шығарма. Үйіңе де білдірме. Үйткені қолдан алуға хақым жоқ, потребсоюз білсе... — деп, бағанағы күлкісінен жазбай қала берді.

Бар қойын жарты бағасына тастап, Халел көшеде ыңырсып өлең айтып, өмірінде тұңғыш рет қисалаңдай басып аудандық клубқа беттеді.

* * *

Халел өстіп жүргенде төркініне кеткен Ақбөпе жалғыз үйге қайта оралып, Қарасайдың көңілі сабасына түскендей болып еді. Бірақ сол күннің кешіне жетпей, қайта арнасынан асып, дауыл соққандай бұлқан-талқан болды.

Жауын астында Қарасайдың кезбеген жері жоқ. Маңайдағы көлдер мен қопаларды тегіс сүзіп шықты.

Таңертеңгі ашықта үй маңында жайылып жүрген бір топ қойы ұшты-күйді жоғалды. Жер жұтқандай жым-жылас. Қой соңында жүретін Дика да жоқ. Қойларды алысқа ұзатпай күн ұзақ қайыра жайып кешке таман үйге әкелуші еді, бүгін өзі түгіл ізі көрінбейді. Қарасай үй маңында біраз айғайлап жүрді де, Дикадан еш дыбыс білінбеген соң, шыдамы таусылып атқа қонды.

Малжан ағашынан ұзаған сайын жүрегі әлденеден секем алып, өз-өзінен үрейленіп атын тебіне түсті. Бірақ қанша шоқырақтап, асыққанмен ымырт үйіріліп көз байлана берді.

Дика шаруамен айналысып жүріп, анда-санда зыр қағып үй маңынан ұзап кеткен қойларды ағаштың бауырына иіріп тастайтын. Бүгін өз-өзінен желігіп, ақ тастан салынып жатқан қаз-қатар үйлерге беттеді. «Райхан тапқан ақ тасты қазір Айсарының іргесіндегі Тұғыржаптан бар совхоз тартып жатыр. Бұрын қалай білмегенбіз. Бірақ алыс қой, оны тасуға көліктің күші қайдан жетсін. Өзі саманнан да жеңіл екен. Шіркін құрылысқа дәйт», — деп жұрт шулап, аузының суы құрып жүретін ақ тасты көруге Дика да құмар еді.

Әлі сырты сыланбаған, төбесі ашық он шақты тас үйдің орта тұсындағы жартылап қаланған ұзын барактың іргесінде үйілген ақ тас. Үй қабырғасын көтеріп жүрген жұмыскерлерге Дика қараған жоқ. Келе үлкендігі диірмендей тастарды қозғап көріп еді, жеп-жеңіл. Дика үюлі тастарды шетінен көтерді. Бәрі жеңіл. Тіпті ең үлкендерін де онша қиналмай қақпақылдай атуға болады. Жоқ. Ана бір жатқан үлкендігі құнан қойдай тасты көтеру оңай емес шығар. Дика енді соны көтергісі келді. Жақпар тастың астына қолын сұғып жіберіп күшене тартып еді, ауыр екен. Бар күшін салып тізесіне дейін апарды да, салмақтап тұрып тастай берді.

— Әй, джигит, тал түсте тас ұрлайын деп жүрмісің?! — Дика дауыс шыққан жаққа жалт қарап еді, қолында қалағы бар, мұрны қолағаштай, қасы қап-қалың, құс тұмсық жігіт екен.

Кедір-бұдыр тастардың қиюын келтіріп түп-түзу қалаған қабырғаға атша мініп алыпты. Дика сөздің сыңайы қалжың екенін түсінсе де не дерін білмей сасып қалды. Шала орысшасымен:

— Жоқ, жай әшейін, — деп жымың етіп, ернін бір жалады.

— Әлде күшің тасып тұр ма? Онда ана бір тасты әперіп жіберші. Толик, сен демала тұр. Мына дала джигитінің күшін сынайық, — деп әлгі дөң мұрын ішкі жақта тас әперіп жүрген жолдасына көзін қысып, жіп-жіңішке ғып бастырған әдемі қияқ мұртын үлкен қолғабымен сипап қойды. — Ал, кәне.

Дика қуақы жігіттің қалжыңын шын көріп, оның нұсқаған тасын әперді. Кесек мұрын — армян жігіті:

— Әй, джигит, асықпа, шаршап қаласың. Бір-екі әперіп кете қоям деп тұрған шығарсың. Енді кету жоқ. Кешке дейін сені жібермейміз. Күшінді үнемде, сарқып алма, — деп күліп қояды.

Дикада үн жоқ. Ақ тасты биікке әперіп, жүгіріп жүр.

— Атың кім сенің?

— Дика.

— Дика? Дик десейші одан да. Атың қандай әдемі еді. Ал, Дик, мына шелекті алып, ана жерден лай әперіп жібер... Өне-өне, алдында, науаның ішінде... Тым толтырма, көтере алмайсың.

Дик құм араластырған қоймалжың цементті шелектің аузы-мұрнынан шығара шүпілдетіп, Радиктің қолына ұстата берді. Цемент емес, бір шелек мақта көтергендей биікке лып еткізеді.

— Дик, сен өзін шынында да мықты екенсің. Бірақ ана шалбарыңды көтере бермей, жақсылап байлап ал. Семіз қыздардай мықының жоқ қой өзіңнің.

Дика қас қарайғанша жұмыс істеді. Кешке қарай қатты нөсер басталғанда, құрылысшылар төбесі жабылған үйлерге жүрген. Әйтеуір жұмыс тоқталған жоқ. Енді жабық үйдің ішін майлап жүр.

Бір бригадалағы тоғыз жігіттің тоғызы да Диканың қарулылығына қайран қалды. Алғашқыда:

— Әй, бұл бірінші күн істеген соң күшті болып тұр ғой. Екінші күні көрер ем...

— Таза ауада әбден шиыршық атып жүрген екен. Күшін де үнемдеуді білмейді.

— Өзі шылым да тартпайды, алқынбайтыны содан ғой, — десіп, маңдайы да жіпсімеген Диканың келесі күні бұлай қимылдайтынына күмәнданған. Бірақ жауырыны жап-жалпақ, кесек денелі жігіттің алып күштің иесі екеніне соңынан көздері жетті.

Бәрі үзіліс жасап, демалып отырғанда бригадир Котенок Диканың қасына отырды да, сөз бастады.

— Дик, сен ана жалғыз үйде тұрамысың?

— Иә.

— Кәсібің не? Не жұмыс істейсің?

— Не жұмыс істесін. Постоялый двор емес пе. Жолаушылардың көлігін күтіп ақша алатын шығар. Жалғыз үйде басқа не шаруа болушы еді, — деп армян жігіті Дикаға бұрылды. — Әйелің бар ма?

Дика тұнжырап төмен қарады.

— Өне, айттым ғой. Бұл не істеуші еді. Қыз аулайтын бұл маңда қыз да жоқ.

— Қалжыңды қоя тұршы. — Котенок шын сөзге ауысты. — Жолдастар, осы жігітті біз бригадалауға қоссақ қайтеді?

— Пожалуйста. Үнемі бүгінгідей жұмыс істесе, осы совхоздағы ең алдыңғы қатарлы боларында дау жоқ.

— Ал, Дик, — деді Котенок. — Сен жұмысқа тұрғың келе ме? Бүгінгі істеген жұмысыңа елу сом ақша жазам. Киімің де жудеулеу екен. Егер бізбен бірге болсаң, айына кемінде екі мың, үш мыңнан айналдыратынына сөз жоқ. Ойланшы.

— Ойланатын несі бар. Үйінің іргесінде тұрған жұмысқа ерінер деймісің, — деп тағы бірі кие жөнелді.

Бірақ Дика үндеген жоқ. «Осылар шын айтып отыр ма» дегендей ернін бір жалап алып, маңайындағыларға көзінің астымен сүзіле қарап өтті...

Дика шам жаға үйіне қуанып оралды. Жәміш апасына жеткенше асығып келеді. «Апа, мен ертеңнен бастап жұмысқа тұрсам қайтеді. Аянбай жұмыс істесең көп ақша табуға болады екен. Ай сайын өзіңнің қолыңа әкеп берер ем. Өмірінде бірінші рет еңбек ақы алу деген қандай жақсы еді, апа. Бүгін жарты күннің ішінде елу сом ақша таптым. Жігіттердің бәрі мені көкке көтере мақтады. Бар күшінді салып еңбек еткенде мақтап, арқаңа қаққанда көңілің көкке жеткендей болады екен, апа. Шіркін-ай, ғұмыр бойы осылай жұмыс істер ме ем. Апа, мені ертең жібересіз бе? Үй шаруасын да арасында істеп тастар ем. Бәріне де үлгерем. Әрине, сен қарсы емессің, апа, білем! Бірақ, Қарасай ағатайым ше?!»

Үсті-басынан жауын сорғалап суға малшынса да, қуанышы қойнына сыймай келе жатқан Диканың көңілі қораның табалдырығын аттай бере су сепкендей басылды.

Қорада аспа шам тұр. Қарасай қой бауыздап жатыр. Жауында ығып кеткен қойларына қасқыр шауып, жан-жаққа бөліп әкеткен. Атпен шапқылап жүріп зорға дегенде жинап алып еді. Екі қара қойды таба алмай қойды. Қалғандарының өзі өлім халінде. Құйрықтарын қасқыр тартып, дала-даласын шығарған. Дірдектеп қан ағып тұр.

Қарасайдың жауатын бұлттай түнеріп, тұлданып отырғанынан сескеніп, Дика отау үйдің есігіне қарай жылыстай беріп еді.

— Өһ, келдің бе, әкеңнің... қу жетім, — деп Қарасай пышағын қан жылым терінің үстіне тастай беріп, ашада ілулі бишігін ала ұмтылды. — Тойынайын деген екенсің. Мәһ саған, мәһ саған!

Өзі іріп тұрған жұқа көйлек қамшы астында тілім-тілім айырылып кетті. Төрт қырлы сегіз өрім бишік ұшындағы май сіңіп шираған өткір таспа мойнына шып етіп оралып, оң жақ көзіне тигенде Дика өкірген бойы, бетін басып етпетінен құлап түсті. Қамшыға айызы қанбағандай Қарасай Диканы тепкінің астына алды. Басын қорғаштап, бүк түсе құлаған Дика «ағатай-ай, ағатай!» дегенде,

құлындағы даусы құраққа шығады. «Мә, саған ағатай, ана екі қоймен бірге сені де өлтіремін, иттің бал асы!» деп Қарасай одан сайын өршеленеді. Неше жылғы қатқан тулақты тепкендей, бұзау тіс етік Диканың арқасына, белдемесіне сарт-сарт етеді. Бағанадан бері сойылған қойдың қанынан дөметіп отырған ұяластар да, өздеріне соққы тигендей белі қайысып қыңсылап, құйрықтарын бұттарына тығып мал қораға жып етіп қойып кетті. Иесінің қаһарынан шошып, қайтып көрінбей қойды.

Отау үйден жан ұшырып Ақбөпе шыққан. Жүгірген бойы бар екпінімен келіп, атасын қағып жіберді. Қолынан бишігі ұшып түскен Қарасай сүрініп барып қайта еңсесін көтергенде Дика да жан дәрменде қорадан ата шығып, бас сауғалап зытып отырды.

* * *

Дика «Малжан ағашының» қараңғы бір түкпіріне барып жуан қайыңға арқасын тіреп бүрісіп отыра кетті. Жауын құйып тұр. Ағаш арасы шылқылдаған су. Тек қалың бұтақты қайыңның бауыры ғана сәл паналау. Анда-санда жапырақтардан тамған тамшы мұп-мұздай болып мойнына құйылса да Дика елер емес. Солқылдап жылап отыр. Қамшы тиген көз көнектей боп ісіп шыға келді. Кілбиген жарымжан көз одан сайын жұмылып, ыстық темір басқандай қыздырып-жандырып барады. Отыз-отыз бестерге келген дардай жігіттің жылағаны тосыннан көрген адамға қандай ерсі. Бірақ қазір Дика ересек адамша емес, сәби балаша көзінің жасын төге берді. Қаршадайынан көрген азабы, тартқан мехнаты есіне түсіп, егіліп отыр.

Диканың шын аты — Тұрсын. Ата-анасы зарығып көрген ұл екен. Балалары тұрмай бірінен соң бірі өле беріп, ақыры осы баланы көріпті. Енді осы жалғызым тұрса екен деп, әкесі азан шақырып, атын Тұрсын қойыпты. Бірақ көп ұзамай жалғыз ұлының тілеуін тілеп жүрген әкесі мен шешесі бір жылдың ішінде дүние салып, Тұрсын екі жасында жетім қалған. Жетімнің күні қараң. Ауылдағы жекжат, туыстары үйіне алып, қанша асырағанмен ата-анадай қайдан болсын. Бұрын жарғақ құлағы жастыққа тимей, желге, күнге тигізбей мәпелеп, алақанға салып өсірген бала бір жылдан кейін-ақ қайтадан құйрығын басып отырып қалады. Бес-алты жасқа дейін мешел болып, ақыры жансебіл бала адам болып жүріп кетеді. Екі аяғының арасынан ел көшкендей қамыт аяқ болуы да содан болса керек...

Тұрсын мектеп жүзін он-он бір жасында көрді. Соған орай оқуға деген құмарлығы да онша болмады. Тұрмыстың жайсыздығынан ба, әлде жасынан аурулы болып кісі қолына қарап жасқаншақ тартқаны ма, әйтеуір жасық. Тіпті ынжықтау болып, сабақты үлгере алмады. Бір класта екі жыл, кейде үш жыл отырып әрең көшеді. Ол кезде ауыл ішінде оқу ағарту жұмысындағы ондай-ондай сорақылықтарға онша мән бере қоймайтын. Ақыры төрт класты өлдім-талдым деп жүріп бітіріп, Тұрсын мектептен мүлдем қол үзді. Оған себеп болған, біріншіден, жиырмааларға таяп қалған жігіттің кішкентай балалардың арасында дөңкиіп отыруы өрескел көрінсе, екіншіден, оның мұндай «еркелігін» көтере беретін туысқандары да болмады. Оның үстіне сәл миында да зақым бар еді. Сонымен ауыл ішінде әр жұмыстың басын шалып, жүре берді. Өстіп жүргенде соғыс басталды. Ел азаматтары кетіп жатты. Жасында екі көзі бірдей қарығып шала көретін Тұрсынды военкомат та керек етпеді. Ел іші тарыға келе, елу-алпыс үйлі шағын ауылға да масыл бола бастады. Ақыры ол бір жолаушыға еріп, халқы көбірек аудан орталығына келген. Қызыл жалауда соғыстан бұрын кішігірім от диірмен болатын. Соғыстың алғашқы жылы-ақ бұзылып, көп ұзамай қаңырап бос қалды. Бірер жылдан соң ғана Саратовтан бір неміс келіп, село сыртына қараторғайдың ұясындай кішкентай жел диірмен орнатты. Оның да тастары шақырлап, шайнасып, жиі науқастанып, желсіз күндері мүлдем былқ етпей төрт қалағы селтиіп тұрып алады. Содан үй басы тастан, ағаштан жасаған қол диірменге ауысқан.

Аудан орталығына келген күннен бастап Тұрсынның кәсібі диірмен тарту болды. Үй-үйді ақтап жүріп, екі-үш күн бір жерде изең-изең тас айналдырып, ас-суына ортақ болады. Аз күнде Тұрсынның аты диірменші бала атанды.

Жасынан жетімдігіне қоса мешел болып, әркімнің қасы мен қабағына жаутаңдап өскен Тұрсынның мінезі де жуас. Басынан қанша сөз асырып ұрсып, зекіп жатса да, аузының жігін ашпай тұқыраңдап төмен қарай беретін жасқаншақ. Жаратылысынан мүләйім. Осы мінезімен ол жүрген жерінде жағып, көрген адам оны аяп, мүсіркейді. Оның үстіне тәп-тәуір сызылған даусы бар. Ертеден қара кешке диірменнің ырғағына қосып баяулатып өлең айтып отырғаны. Бұрын сабаққа зеректігі болмағанмен, өлең, әнге ұғымтал-ақ. Ел арасында айтылатын ескі әндер мен әскерге кеткен адамдарға шығарған өлеңдерді қағып алып, келесі күні-ақ айтып отырады. Сөзінің көбін тура айта алмағанмен, кей жерін өз жанынан қосып, әйтеуір сүйегін бұзбайды. Бірінің баласы, бірінің ері кеткен елдегі көңілі жарым қатын-қалаш қазандық аузында жүріп Тұрсынның мұңлы өлеңдеріне көз жасын сығып-сығып алады.

Жаңа өспірім бозбалалар жинала қалған жерде Тұрсынды айналдырып, ортаға алып, қалжыңдап, мөз-мейрам болып жатқаны. Ондай жерде диірменші баланың орысша, қытайша айтқан өлеңдері-ақ ішек-сілеңді қатырады. Он екіде бір нұсқасы келмейтін өлеңдер кімді күлдірмесін. Табиғатында бет-аузы жып-жылмағай бала төрізді көсе жігіт бір жағы ел арасындағы шут секілді. Соғыс ауыртпалығынан еңсесі түсіп жүрген жас та, кәрі де онымен құрдасындай ойнап, көңілдерін көтереді. Бірде бір топ жыртақай бозбалалар өзін кеу-кеулеп ортаға алып, қатты қалжыңдағаны бар.

— Әй, Тұрсын, осы сен неге үйленбейсің?

— Саған ана Сәруар да, Меңсұлу да ғашық. Солардың бірін неге қағып түспейсің.

— Ой, бұл әлі сәби емес пе, әйелді мұрты шыққасын алады да.

— Ха-ха-ха!

— Әй, мұның мұрты шыққанша, әйелдердің отыз екі тісі түгел түсіп болмай ма?

— Ха-ха-ха!

— Әй, шынында Тұрсынға неге мұрт шықпайды, осы қызтекеден сау ма, жығып салып көретін екен. Ха-ха!

— Қойшы, мұрт шықса, диірменнің қасында қырынып отыру қандай жараспас еді.

— Еһ, оның несі бар, алпамсадай жігітке неге жараспасын.

Ойын-күлкіге масығып, қызып алған бозбалалар енді оның мүсініне жабысты.

— Шынында осы Тұрсын сеп-семіз-ай, тіпті өзінде мықын жоқ, шалбарының белдігі әсте ұстамайды. Үнемі құйрығының жықпылы жылтыңдап жүргені...

— Ха-ха-ха!

— Осы тегінде уайымдау дегенді де білмейді ғой деймін. Уайымсыз адам өмірі қоңын бере ме?

— Еһ, уайымдайтын мұның несі күйе кетіп жүр. Құлағы, лепілі түзу, шыңдалған диірмен болса болды, басқа нені ойласын. Жүрген бір дикий жан емес пе?

— Иә, бұл бір дикий адам ғой.

Ақыры біраз жерге шауып тоқтаған бозбалалардың қайсыбірі соңғы сөзді ауыр алып қалды ма деп, іштей аяп:

— Әй, Тұрсын, сен біздің айтқанымызға ренжіп қалма, әшейін қалжың ғой, — десіп тарасқан.

Сол күннен бастап кейбір адамдар, «әлгі дикий бала қайда?» «дикий баланы шақырып, өлең айтқызатын екен» дейтін болды. Оны құлағы шалып қалған кемпірлер тілі келмейтін сөздің тамырына түсінбей, Тұрсынды өзіне «Диқай бала», «Диқай» деп ат қойып алды. Келе-келе Тұрсын — Дика атанып кетті.

Дика диірмен тартумен күнелтіп, әр үйді сағалап жүріп, соғыс жылының да қалай өткенін білмей қалды.

Соғыс аяқталып, елге ер-азаматтың көбі қайта оралып, белі шойырылған тұрмыс біртіндеп еңсесін қайта көтере бастады. Бұрын диірмен тартуға шақыратын үйлердің саны да азая берді. Енді Дика кейбір шақырмаған жерге өзі барып ол-пұл жұмысына көмектесіп, кейде шоп басын сындырмаса да бірер күн қонып кетіп жүреді. Аудан ішіне әбден бауыр басып алған жарымжан мүсәпір жігітті ешкім ауырсынбайды. Қайта соқа басты жетімді мүсіркеп, бәрі іш тартады. Қай үйге барса да, кішкентай балаларға дейін еркелеп, өзімсініп мойнына асылып, жатар уақытқа дейін қасынан шықпайды. Дика да оларды аймалап, түйе, ат болып, арқасына мінгізіп, асыр салады. Оның үстіне тағы жұғымдылығы — Диканың тазалығы. Қайда барса да төс қалтасынан сынық айна, жан қалтасынан сабынның таусыншығы түспейді. Мезгіл-мезгіл жуынып жатқан Диканы көресің. Қай үй болмасын оған төсек орнын аямайтыны да содан.

Осы мінезінің бәрін сырттай бақылап, шаруаға қажымайтын күшіне қызығып жүретін Қарабет бір күні оған «құда түсті». Дика ол күні Қосимановтың үйінде болатын. Шам жаға қазандық аузында Кәмел мен ауыл үйдің келіншектерінің арасында әңгіме дүкенін құрып отырған. Келіншектер онымен қалжыңдасып, ән салғызып мәре-сәре боп жатқан кезде, тор үйге Қарабет шақыртып алды.

Төр үйде біраз адам, іңірден бері баппен бүлкілдеп қайнаған қазандағы қой етін күтіп, көздеріне ұйқы тығылып, маужырап отыр екен. Бәрі де Дика келісімен көздері шырадай жайнап, гуілдеп кетті.

— Ау, осы сен келіншектердің арасынан шықпайсың, үйленейін деп жүргеннен саумысың.

— Е, үйленсе несі бар. Мұндай жігітке кім қызын бермейді. Өзі әнші, өзі шаруақор, деген бір сырлы, сегіз қырлының өзі емес пе?!

— Рас, үйлендіріп жіберу керек.

— Әй, Дика, өзің айтшы, кімнен ойың бар? Осы сен бастықтардың әйелінің бірін қағып кетуден саумысың. Ана Күміс, Шәрипа, Зылихалардың үйінен шықпайсың, — деп Қосиманов өзінің құрдастарының әйелін тізе жөнелді. — Сен қу біреуімізді тақырға отырғызып тотитып кетіп жүрме. Байқа, көзіңді жылтыратып қаматқызып қоям!

Дика жымың-жымың етіп төмен қарап күле береді.

— Әй, осының күлкісі жаман, шынында да осында бір көкір бар.

— Әй, қойыңдар. Дика оларды менсіне ме. Бүлдіршіндей жас қыздар тұрғанда, көрі-құртаңды қайтсін.

Бағанадан жастыққа шынтақтай жатқан Қарасай орнынан тұрып әңгімеге араласты. Қалжыңсыз, күлкісіз отырып, Дикадан көзін алмай жанашыр адамдай, байсалды сөйледі.

— Сендер не десеңдер, о деңдер. Шынымды айтайын, өзім осы Диканы жақсы көрем. Байқаймын, өттең бағы ашылмай жүрген бала. Өзіне бір шүйке бас алып берсең, үй болып кетейін деп-ақ тұр. Диканы мен өзіме әрі бала, әрі іні етіп алсам ба деймін.

Көздері күлімдеп, жетім жігітпен ойнап отырғандар тыйыла қалды. Бәрі де шын сөзге ауысып:

— Қареке-ау, мынауыңыз табылған ақыл екен. Жалғызілікті жігіттің бір-ақ күнде маңдайы ашылар еді ғой.

— Алыңыз, Қареке, бала қылып алыңыз. Сіздей қамқор адам тапса Дикаға одан артық не керек.

— Ой, Дика, бағың ашылсын, бағың!

Диканың да іші жылып кетті. Қанша бауыр басып үйренгенмен көрінген үйде тентіреп жүру де қолайсыз-ау. Өз үйіңе, өз қара лашығыңның болғанына не жетсін. «Осылар шын айтып отыр ма» дегендей, Дика айнала көзінің қиығын тастап, үнсіз томсара қалды.

— Міне, мен бүгін Дикаға дүкеннен әдейі киім алдым. Үсті де жыртыла бастаған екен пақырдың, — деп Қарасай төсек астынан бір бума қағазды алып ашты. Ішінен бوماзидан жасаған арзан шалбар мен қызыл сәтен көйлек алып, Диканың алдына тастай берді. — Мә, киіп ал, жарқыным.

Дика бір қызарып, бір қуарып не істерін білмей қибыжықтай берді. Ине-жіптен жаңа шыққан киімді соғыс жылдарынан бері бірінші көріп отырғаны. Онша да мұнша жүріп, тап Қарасайдай мейірімді адамды бұрын-соңды көрмегендей, Диканың өне бойын ып-ыстық қан аралап, көзіне жас іркіліп қалды. Жарым көңілі босап кетті.

Отырғандар да жамырай сөйлеп:

— Киіп ал, ки! Ана үстіндегі шоқпыттарыңды таста! — десіп қоярда-қоймай, көз алдында жаңа киімді кигізді.

Көк бوماзи шалбар мен оттай қызыл сәтен көйлектің ішінде Дика әп-сәтте жұтынып шыға келді. Тек шалбардың белі кеңдеу екен. Өшейінде шалбардың ышқырлығын ұстамайтын беліне шүберек белбеуін қайта байлап жатыр еді, Қосиманов:

— Таста оны, бүтінделген соң, түгел бүтіндел, — деп орнынан атып тұрып, қатардағы есікке кіріп кетті де, әр жері сынған, көнетоз офицер белбеуі мен ескі фуражкасын әкеп берді. — Мә!

Дика әскер киіміне өлгенше құмар болатын. Аяқ астынан қарық болып, жалпақ төбесіне батпайтын тар фуражкені қоқита киіп, жымың-жымың етті.

— Ойбай-ау, өзің қабығын аршыған жұмыртқадай жылтырап шыға келдің ғой. Енді сені көрген қыз-қырқын талып түсетін болды, — деп қонақтың бірі ішін тартты.

— Жұмыртқадай жұтынғанды әлі көрерсіңдер. Өзім Диканы жеке отау етіп шығарам. Кім бұған оң жақта отырған қызын бермес екен. Құдайға шүкір, бір жігіттің қалың малына қыңқ етпеймін. Ондық дәулетім жетеді, — деп Қарасай Диканы мүлдем мас қып, алды-артын орап алды.

Бірақ не керек, ол сөздің бәрі жүре-жүре ұмыт болып, Дика бұрынғы таз қалпына қайта түсті. Малжан ағашының бауырындағы жалғыз үйге келген алғашқы кезде әжептәуір көңілі өсіп, шынымен қатарға қосылып үй болам ба деп үміткер болып жүруші еді, келе-келе оның бәрі келемежге айналды.

Содан бері талай жыл зымырап өте берді. Мал соңында салпақтап, осы үйдің отымен кіріп, күлімен шыққан Дика, сағымдай бұлдыраған алдамшы үміттен мүлдем күдерін үзді.

Олай-бұлай өткен адамдар бұрынғы әдетпен Диканы ортаға алып, әйел жайын сөйлесе қалса, Қарасай олардың бетін қайырып тастайтынды шығарды: — Сендер де еріккен екенсіңдер. Бұл дүлейге не қылған тегін жатқан қатын. Өзі аяғын әрең алып шұбатылып жүрген бұл кешені, шалық болмаса, есі дұрыс адам қайтсін, — деп Диканы мүлдем іске алғысыз етіп, жерлеп тастайды. Дика да келе-келе «қатын түгіл бас қайғы» деген қамытты біржола киді. Бірақ оны сыпырып тастар дәрмен жоқ. Барар жер, басар тау табу оның ниетіне де келмеген нәрсе. Әйтеуір ас суы мол үйде түйтпектеп тіршілік ете берді.

Қазір осы өмір жолын көз алдынан өткізіп, таусыла егіліп отыр. Мына қара жауын астында саясыз қалған Дика, өмірде де еш панасыз екенін ойлағанда іші одан сайын қалтырайды.

Нөсер бағанағыдан да қатты. Ағаш іші енді алаңқы жердей тасырлап кетті. Омырыла құлаған құз-жартастай төніп келген қошқыл бұлт арасынан құлақты жарып жіберердей шатыр-шұтыр етіл от жарқылдайды. Аспанды тіліп өткен жай оғы оң жақ бүйірдегі жылғаға барып түсті. Малжан ағашының іші де күндізгідей жарқ еткенде, қалбандап келе жатқан әлдекімнің тұлғасы көрінді. Үрейлі адам ащы үнмен:

— Дика, қайдасың, Дика, — деп қалды. Әйел даусы.

Бұл Ақбөпе еді. Диканың ұзай қоймайтынын білетін Ақбөпе ауыз үйде ілулі тұрған шекпенді қарына іле салып іздеп шыққан. Бар ағаш түбін үнсіз тінтіп келе жатқан Ақбөпе, күн жарқ еткенде барып даусын шығарды.

Жауын астында қара түнді жамылып, жалғыздықтан құлазыған Дика артынан іздеп шыққан Ақбөпені көргенде, мұңын шаққан сәби балаша кемсеңдеп, мүлдем босап кетті. Өрім-өрім көйлекпен ғана отырған Диканың үстіне шекпен жауып, Ақбөпе де онымен қоса егілді.

— Екеуміз де құдай аямаған сорлы екенбіз, бағымыз ашылмаған сормандай екенбіз, — деп, Диканы өзінің туған ағасындай құшақтап, іштегі жалынды көз жасымен шығарды...

— Қайтейін, менің қолымнан не келеді?! Мен секілді алды-артыңа қарайтын, аяғыңа оралғы болар ешкімің жоқ. Кет бұл үйден. Ана шал отырған жерде бұл үйден енді еш опа таба алмайсың.

Ақбөпе тұңғыш рет ашына сөйледі.

* * *

Халел жауынға малшынып, лайсаң жолда титықтап үйіне зорға жетті. Үш аяқты мотоциклін биік қақпаға мұрнын сүздіре тақалтты да, фар үстіндегі кілтін алып, қораға итеріп кіргізді. Үш доңғалаққа бірдей сірескен құм батпақ доңғалақ түбінде шайнасып, шықыр-шықыр етеді. Зілдей ауыр машинаны есіктің қалтарысына апарып қойғанша Халелдің маңдайынан ащы тер бұрқ ете қалды. Ас үйдің табалдырығынан аттай бергенде алдынан безектей шыққан шешесі Жәміш қана. От көсеп отырған шімшуірін тастай беріп, баласына ұмтылды:

— Құлыным-ай, аман жеттің бе?! Мына құдайдың күні де бүгін селдетіп кетті ғой. Бір жерде құлап қалып, жазым болды ма деп зәрем ұшып отыр ем. Ой, құлыным сол. Шешінші тез. Жаным-ай, су өтіп кетті-ау. Құрғақ киімдеріңді ауыстырып киші. Айтқандай, Ақбөпе де келген.

— Әһ, Ақбөпе? — деп әуелі ащы дауыстап қалған Халел лезде суып, қолындағы қоржынын ұсынды. — Апа, саған цейлон әкелдім.

— Сейлоның не, қарағым-ау? Ондай да бар ма еді?

— Ауданда жұрт жабыла алып жатыр екен. Индийскийден де артық дейді.

— Ой, қарашығым сол.

— Балалар қайда, анау үйде отыр ма? Оларға алма алдым.

— Алма!

— Иә, андағы қоржынның ішінде. Қызыл жалауға жәшік-жәшігімен келіпті. Жұрт талап алып жатыр.

— Ие-е; енді бәрі болады ғой бас аман болса. Мына Слина келгеннен бері, тіпті, адамның жанынан басқаның бәрі түсетін болыпты ғой, — деп Жәміш қоржынды шеше бастады.

— Апа, әкем қайда? Үйде ме?

Қоржынға қолын сұға берген Жәміш: — ойбай үндеме, — деп астыңғы ернін тістеді. Қолымен ымдап, Халелді қасына шақырып алып, сыбырлай сөйледі. — Әкең ана төр жақта жұлын тұтып жатыр. Осы үйді бүгін алапатымен көшіріп жібере жаздады.

— Иә, не боп қалды?!

— Сұрама. Осы бір малы бар болғырдың жүрген жері бізге сор болып тиген жоқ па. Қойлар жауында ығып кетіп, бес-алтауын қасқыр тартыпты. Құйрықтары жалбырап пішенде тұр. Екеуі жоқ. Өлгі Дика байғұс соры қайнап таяқ жеп қалды. Үйден қашып кетті.

— Қайда кетті?! — Халелдің даусы ащы шықты.

— Қайда кетсін, о сорлы. Үй маңында төңіректен жүрген шығар.

— Іздеу керек қой. Мына жауын астында қайда барып паналайды, — деп жүресінен отырған Халел ұшып тұра келді.

— Іздемей-ақ қой, жаным. Ақбөпе әкелген болу керек. Сонда тығылып жатқан шығар. Келінге де бүгін шалдың тілі тиді. О жалған, десейші, бұл шал бәріміздің түбімізге жетер әлі, — Жәміштің есіне Жәлел түсіп, көзіне жас іркіліп қалды. Халелге сездірмейін деп, қазандық астындағы отты үрлеген болып күйбеңдеп бетін бұрып әкетті.

Қарасай көрпе-жастығы мол биік кереуеттің үстіне етігін де шешпестен құлапты. Үстіне қара тұлып жамылып, теріс қарап жатыр екен. Халел кірген соң басын көтеріп, бұзау тұмсық етігінің жұлығына қарап, түнере түсіп отырды. Халелге көпке дейін мойын бұрған жоқ, біреу ұрып-ұрып тастағандай мең-зең.

Өлден уақытта барып қалтасынан мүйіз шақшасын алды. Өкшесін бір-екі рет тықылдатып ұрды да:

— Әй, түкіргішім қайда?! — деп ауыз үйдегі Жәмішке айғай салды. Бетіндегі қара қалдай етіп алақанына салған бұйра насыбайдан бір шымшып алып, үстіңгі ерніне танаулата тықты да, Халелмен тілге келді. — Иә, мал базарлы болды ма? Сауда қалай?

«Сауда» дегенде кешегі базардағы шалдар көз алдына қайта келіп Халел үндемеді. «Саудан құрысын» дегісі келіп еді, бірақ қара түндей түнеріп отырған әкесінен қаймықты.

Қарасай да қайтып сұрамады. Биік төсектен ауыр денесімен еңсеріле сырғып түсті де, терезе түбіндегі үлкен абдыраға барды. Құлпы дызың етіп, қақпағы көтеріліп, ар жағынан ырсиған тістері көрінгенде арандай аузын ашқан айдаһарды көргендей болды Халел. Қарасай түбіне дейін қолын сұғып жіберіп, кішкене сандықшаны алып шықты.

Сары жезбен құрсаулаған жылтыр сандық, тура ертегідегі сиқырлы сандық тәрізді. Аузын ашса-ақ ішінен көк ала түтін бұрқ етіп шығатын сияқты. Халел ондай ертегіден қорқатын шақтан кеткен. Бірақ осы сандықты көрген сайын тітіркейді. Оның есіне ағасы Жәлел түседі.

Әкесі сандықты алып жатқанда, Халел төс қалтасындағы бір уыс он сомдықтарды стол үстіне тастаған.

Қарасай саусағына түкіріп, сан қолдан өтіп ескі шүберекше босаған бір топ ақшаны майыстырып, асықпай санады. Ең соңғысын қайырғанда бетіне қан теуіп, қалы жыбыр етті. Тағы санады. Беті тағы бүлк етіп, басын оқыс көтеріп алды:

— Қалғаны қайда?!

Халел үндемеді.

— Қалғаны қайда деймін?!

— Бары осы.

— Не дейт... Есің дұрыс па?!

— Апама біраз шай алдым, балаларға алма алдым.

— Мен сені соған жіберіп пе едім?

— Базарда ет арзан екен. Ыстықта саситын болған соң, арзанға бердім.

— Не дейт... Ақ адал малдың етін арзан бердім дегенше, менің етімді арзанға бердім десейші. Енді сен қалып ең бұл үйде менің етімді жемеген. Шық үйден. Шық деген соң шық! Батыр қараңды.

Жармалы есіктен сығалап тұрған Жәміш төрге жүгіре кіріп, баласына ұмтылды.

— Жетті, жетті. Бала емес пе. Сауданың жайын қайдан білсін.

— Кет әрмен сандалмай, — деп ақырған Қарасай әйеліне түкіргішті бір-ақ атты. Даңғыр етіп домалап, ауыз үйге шыққан консерві қаңылтыры қисалаңдап барып жарты шеңбер дөңгеледі де, етпетінен түсті. — Сенен мән сұраған кім бар. «Бала емес пе?» Тапқан екенсің баланы. Не қылған бала. Он үште отау иесі. Иегіне сақал шыққанша, миына ақыл дарымаған кеше. Сенің тәрбиен. Қаздың балапанындай үлпілдетесің келіп. Жұрттың мұндай ұлы ойдағыны орап, қырдағыны қырады. Мен болмасам көрер едім күндеріңді. Ауыздарыңнан ақ май ағызып отырған соң көкіріктерің азған екен.

— Жәрәйді, жәрәйді. Бүкіл ғаламда үйін асырап отырған еркек сен ғана ма екенсің.

— Әй, не тантип тұрсың. — Қарасай атып тұрып, босағада ілулі тұрған қамшыға ұмтылды. Қалш-қалш етеді. Шашақтатып өрген тобылғы сапты бишікпен Жәмішке төніп келді. Жәміштің көзі жасаурап баласының ығына тығылды. Дене бітімі нәзік болғанмен сұңғақ бойлы, сирақты Халел бірінші рет анасының алдына қалқан болып тұра қалды. Әкесінің жағасынан ала түспесе де, шешесіне қол салғызар түрі жоқ. «Түкке қауқары жоқ дімкәс анамды зәбірлегенше мені ұр!» дегендей қасқиып, кірпігін сирек қағып жасқанбай тұр. Қызыл шырайлы, бәденді Жәміштен айнымаған, сойып қаптағандай Халелдің көзіне көзі түскенде Қарасайдың жүні жығылып, тауы шағылып қалды. Сонда да көмейіне келген сөзден аянған жоқ. — Құтырайын деген екенсіңдер. Көрер ем ана басқалардың тұрмысын сендерге берсе... Жатырға тартқан жігіт оңбас. Жатырың жаман ғой, жатырың. Нағашы жұртыңнан бір жібі тұзу адам шыққан жоқ. Сен қайда барып оңарым дейсің. Жәлелімнің ширегіне татымайтын шірік неме. Болар бала боғынан. Әу баста-ақ білгем сенің адам болмасыңды. Ата балаға сыншы...

Жәміш пен Халел сөздің артын естіген жоқ. Ауыз үйге жылысып шығып кеткен. Төргі бөлмеде жападан-жалғыз Қарасай қалды.

Ерніндегі сағыздалып қалған насыбайды саусағымен сыпырып алып, есікке қарай атты. Төсек үстіне шығып иығы құнысып, түнеріп отыр.

Ұрыс шыққан үйдің қазіргі түсі де Қарасайдың өңіндей қара көлеңке тартқан. Сәукелесінің бір жақ бүйірін қара ала күйе басқан аспа шамның жарығы да көмескі. Терезе шынысына сырт-сырт тиіп, төмен сорғалаған жауын тамшылары да Қарасайдың ұнжырғасын түсіріп екі иінін басып барады.

Сырт қарағанда Жәміш көп нәрсенің жетесіне жетіп түсіне бермейтін, ашуының алды бар, арты жоқ, әшейін бір парықсыз жан секілді. Қарасаймен қазір сөзге келіп қалса, енді бір айналғанша соның бәрін ұмытып, қашан ерінің көңілін тапқанша бәйек болып, соның қасы мен қабағына қарап жүргені. Бірақ, сырт қараған көзге ғана осылай. Ал, шындап келгенде ол мүлдем басқаша: Жәміш ұзақ жыл отасқан Қарасайдың бар мінезін, бар қасиетін бес саусақтай біледі. Оның талайға жасаған зәбіріне де, жұртқа деген арам пиғылына да кәнігі. Әйтсе де соның бәрін сыртқа шығармай, ішке түйеді. «Маңдайға жазған, құдай қосқан қосағым, енді қартайғанда одан кетіп қайда барам» деп, бірнеше баланың анасы болған әйел, ендігі жерде от басы, ошақ басының бүтіндігін ойлайды. Қарасайдың бар қылығын кешіретіні де осыдан.

Ауыз үйге шығып, кең ағаш табаққа ет түсіріп жатқан Жәміш, қазандық астында жанған қи отына су шалбарын кептіріп отырған Халелге ақыл айтып жүр:

— Балам, өз әкең ғой. Ренжіме. О байғұс та қайтсін. Оған да кінә жоқ. Қайтіп сендерді жеткізем деп біреумен ұрсысып, біреумен жұлысып күн кешіп келе жатқан жоқ па. Бүгін өзі қатты кейіп отыр. Кейімегенде қайтсін. Биылдыққа осы қораның астына құдай тағала көрін аямай-ақ төгіп тұр. Жәлелім кеткеннен бері бір оңбай қойдық. Бізге дегенде жасағанның желі де үнемі терісінен шығып тұр ғой. Бүгін әне, бар қойды қасқыр тартып кеткені. Әкең тауып алмаса, түгел айырылады екенбіз... Саған ұрысса, балам деп ұрсады, үйренсін, ысылсын деп ұрсады. Кім баласын жек көреді дейсің.

Қайтымы шапшаң Халел анасының сөзінен соң үнемі жадырап, әлденеге ашулана қалса артынша-ақ ұмытып кететін. Бұл жолы қанша жұбатса да, үй ішіне найзағай түскендей ойран-топан болған жаңағы жай көз алдынан кетпей, томсырая берді. Балқыған темірдей қып-қызыл қи шоғына тесіле қарап, ұзақ ойға түсті.

Тамаққа да томсырайып келіп отырды. Стол басында үш-ақ адам. Үйеме табақ семіз қой етін қылпылдаған ұстара бәкімен жартылай турап болған соң, Қарасай Жәміштің жүзіне қарамай күңк етті:

— Осы үйдің басқа жанын жер жұтқан ба?

— Ақбөпе басы ауырып, жатайын деп жатыр. Балалар ұйықтап қапты. Жаңа ет апарып келдім, — деді Жәміш бір шара сорпаны суытып отырып.

— Дика қайда? — деді Халел.

Жәміш Қарасайға көз қиығын тастады да, үн-түнсіз сорпа сапыра берді. Халел де қайтып сұрамады. Қарасай да ләм деген жоқ, қолын табаққа салды.

Үшеуі де осылай ұзақ үнсіз отырып, ет жеді. Халел мен Жәміш қолының ұшымен анда-санда бір жапырақ етті шымшып алады да, ұзақ толғап, зорға жұтады. Табақтағы еттің жартысын еңсеріп барып Қарасай тағы да күңк етті:

— Машинаң қалай, жақсы жүре ме екен?

Халел өзіне қойылған сұраққа бірден жауап бере қоймай, әкесі іш тартып жібіген соң барып басын самарқау изей салды. Әңгіме басы жылы басталғанына Жәміш іштей қуанып, әке мен баланы табыстыруға асығып, әңгіме жібін үзіліп қалмаса екен деп жалғай түсті.

— Неше жылдан бері «мотосеклет, мотосеклет» деп қоймай жүруші ең, ақыры алып тындың ғой. Өзі де машина-ақ екен. Тіпті жүргенде көз ілеспейді. Мен ылғи, қашан көзден таса болғанша жығылып қала ма, қайтеді деп, зәреқұтым қалмай артыңнан қарайлап тұрам. Халелжан-ау, байқап жүрсеңші. Кім біледі, сенім жоқ. Тайып кетіп, жазым боп жүрме. Былтыр Себкрай жақта бір жігіт мотосекілден құлап өліпті. Алла оның бетін аулақ қылсын.

Халел үндемеді. Қарасай кемпірінің жайма-шуақ сөзіне іштей риза боп, ендігі сөзді ол сабақтады.

— Сөзіңнің жаны бар. Бұл ана бір екі аяқты мотоциклден гөрі орнықты болғанымен, бұдан да құлап қалуға болады екен. Қобди жағы жолдың қырына килігіп қалса, аударылып кететін көрінеді. Байқап жүру керек дегенің жөн. Күзге дейін аман-есен тебе тұр. Оқуыңа барарсың. Бармасаң денің сау болса, күзде бір машина алып берем.

Қай адамның болмасын әдеті емес пе, мұндай сөз айтқанда жымың-жымың етіп, іштей мақұлдап, қуанып отыратын. Халел қуанған жоқ. Әп-сәтте өзгере қалған әке мінезіне таңырқап, көзінің астымен ұрлана қарады. Бұрын-сонды әкесінен мұндай сырды көрмеп еді. Неге бүйтіп отыр?

Халел көп ойланып, бас қатырған жоқ. Әкесінің өзі-ақ бұл сырдың жұмбағын шешіп берді.

— Ал енді, Жәміш, дастарқаныңды тезірек жинап, төсек сал. Халел ұйқысын қандырып алсын. Ертең алағөбеден тұрып жолға шығамыз. Ана қойларды сойып, үйтіп-бүйткенше де біраз уақыт өтер.

Халел басын көтеріп алып, әкесіне таңдана қарады. Бірақ, «қайда барамыз?» деп сұраған жоқ. Оны да Қарасайдың өзі айтты:

— Қазір қара жолдың үсті әрлі-берлі жүріп жатқан құжынаған машина болса да, бірінен пайда жоқ. Бір жерге барайын десең, шоферлер қиқайып, аяғын қия баспайды. Оның көбінен не пайда, — деп тоқтады. — Ана мотоциклдің қобдиына төрт-бес қойдың стәгі сыятын шығар. Ертең, амандық болса таң сәріде шығып кетсек, Омбыдағы ет базарының дәл қызған кезінде жетіп қалармыз, ө?

— Құдай сәтін салса де! — деп Жәміш тәңіріне бір жалбарынып қойды.

— Иә, өзім де айтып отырмын ғой. Қызыл жалауға Халелді бекер-ақ жіберіппін. Есіл мал текке ит жемеде кеткен жоқ па. Омбыға барсақ, иншалла, ақшаны күреп аламыз. Сауданың да көзін үйретейін бір. Кейін өзің-ақ барып орындап қайтатын боласың. Қашанғы сақалым сапсиып жүгіре берем. Айтқандай, Жәміш, алжапқыш, майлық-сулықтарыңды жуған шығарсың. Ұмытып кетпейік. Қазірден бастап буып-түйіп қой.

— Көке, мен енді базарға бармаймын, — деді Халел тосыннан.

— Не дейт! — беттегі қара қал дір етті. Екі көзі бірдей қанталап, бүйі шағып алғандай Қарасай ыршып түсті. Бірақ «не дейт» дегеннен бөтен ештеме айтпады. Бұрқ етіп тасыған ашу әп-сәтте қайта сабасына келді. Орнынан тұрып ауыз үйге беттеген Халелді бөгеді. Үнінде зіл жоқ. — Халел, тұра тұр. Бері кел... Отыршы мына араға... Мен саған әке боп бір ақыл айтайын. Тыңда.

Жәміш те иегімен ымдап, «отыр» деген ишарат білдірді.

— Иә, не айтасыз?

— Сен ғой, енді базарға бармаймын деп ат-тоныңды ала қашып тұрсың. Сөзіңнің төркініне түсінемін. Алғашқыда сен түгіл мына мен — әкең де көндіге алмағанмын. Тұқымымда бұл кәсіппен айналысқан адам болмаған соң мен де тосырқап жүретінмін. Бірақ маңдайға жазған кәсіп жоқ. Қазіргі заман ақша заманы. Кімнің қалтасы қалың, сол беделді, сол өтімді. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді қазақ. Бұрынғылар білмей айтпаған. Ендеше ақшаның көзін табатын жігіт базардан безбес болар. Ағаң Жәлел тірі болғанда, қайда барам десең де ерікті өзіңе беретін едім. Басың ауған жаққа тарта берер ең. Жас болса келіп қалды, осы қара орман енді саған қалмағанда кімге қалады. Мен өз қарақан басымның, мына Жәміштің қамын ойлап жүргем жоқ. Ойлайтыным, түсіне білсең, сенің қамың. Шаңыраққа ие болар шаққа жеттің.

— Базарсыз-ақ үйді асырауға болады ғой. Сауда жасамағандар да аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқ. Бүкіл ел болып, абыр-сабыр жұмыс соңында жүргенде, мен осы үйдің шаруасымен ғана жүрмекпін бе, Былтыр мектепті бірге бітірген балалардың бәрі қазір совхоздарда жұмысқа орналасыпты. Тың көтеруге келіп жатқан жастар анау. Тіпті ұят өзі, — деп Халел қабақ шытты.

Қарасай оның сөзін салғырт тыңдап, жымыып отырған. Шыдай алмай мырс етті. Күлкісінде ыза бар.

— Халел, сен өзің әуелі осы үйдің ішіне көзінді салшы, — деп төрт қабырғадан ине шаншар жер қалдырмай ұстаған қызыл ала, көк ала батсайы, масаты кілемдерді қолымен айнала көрсетті. — Құдайға шүкір, бұл байлық ешкімнің үйінде жоқ. Жаңағы айтқан балаларыңды білем. Оларды қайбір жетіскеннен жұмысқа беріп отыр. Тумысында ішсе асқа, кесе киімге жарымаған, сіңірі шыққан немелер қаршадай балаларының көзінен сорасын ағызып қара жұмысқа салып қойыпты. Өйтпесе қайда барып күн көреді. Ал сенің ішкенің алдында, ішпегенің артында, олар саған тең бе. Теңінді тауып сөйле. Целина деп келіп жатқандарды да көріп жүрміз. Олар да қайбір қимасы қышып келді дейсің. Бәрі әйтеуір бір құлқынның қамы. Қарасай «сен де мақұлдап, бірдеме десеңші» дегендей Жәмішке оқты көзімен бір қарап қойып еді, ол да жалма-жан қосыла кетті:

— Иә, балам, қолға күрек ұстадың не, сауда жасадың не, бәрі бір көмейдің қамы.

— Апа, — деді Халел. Енді ол әкесіне батып айта алмай отырған көңіліндегі ойын шешесіне жайып салды. Еркін сөйледі. — Мен де бала емеспін, түсініп отырмын. Бәрі күн көрістің қамы дейсің. Егер құр ішкен ас, киген киімге мәз болып өзімізбен өзіміз бола берсек, онда адамдық қасиеттен не пайда.

— Сеніңше адамдық қасиет неде сонда? — деді Қарасай. Жай, сабырмен отырып сұрады. Халел әкесіне қараған жоқ. Жәмішпен ғана жеке әңгімелесіп отырған секілді, содан көзін алмай сөйлей берді.

— Апа, мен алдың күні айдалада балоным жарылып ұзақ отырып қалдым. Жолдан шығып, доңғалаққа мантировка деген болады, соны жасай алмай отыр ем, «Жаңа талаптағы» шопр Оспан машинасымен келе қалмасы бар ма. Екеулеп отырып лезде жөнделдік. Оспан шылым тартып отырып, мотоциклдегі етті көріп қалды. «Е, ет сатуға барады екенсің ғой. Жәлел өлгесін, енді Қарекең сені баули бастаған екен. Шіркін-ай, сен де қор болмасаң игі еді» деп мені қолға алды. Мен не дерімді білмей сасып қалдым.

— Е, не сасатыны бар. Ондайларға: «сенің шаруаң қанша» деп сазайын бермейсің бе. Ол бір жүрген қарамай шелек. Көре алмаса, тұз жаласын! — Қарасайдың зығыры қайнап, көзі шатынап кетті.

— Содан, — деді Халел тағы да шешесіне, — маған көп ақыл айтты. Сендердей күнімізде осы колхозды құрып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, кешегі соғыста да талай қиыншылықты бастан кешірдік. Ал сен болсаң дардай жігітсің. Бір жылдай құр салпақтап жүрдің. Еліңе, жұртыңа тигізер пайдаң жоқ. Бұл қалай? — деп өзімді қатты ұялтты.

Қарасай төмен қарап үндемеді. Өңі өрт сөндіргендей түтігіп барады. Тістеніп отырса керек, жақ сүйегі бүлк-бүлк етеді.

Сол далада отырып Оспан: «Ананы көремісің», — деп Халелге жыртынды түбінде жүрген саршұнақты көрсетті: «Таңның атуы, күннің батуы онда дамыл жоқ. Қарашы өзін, қазір де ол шөп тамырын жинап жүр. Ертең егін шыққанда бидайды ұртына салып тасып, қысқы азығын үйіп алады да, қыс бойы інінде жем жеп, жазға қоңын бермей шығады. Оның азығынан, істеген еңбегінен басқа хайуанатты былай қойғанда, өзінің көршілеріне титімдей пайдасы жоқ. Нағыз паразиттер. Сен совет мектебінен оқыған баласың, ойлашы өзің. Сіздің үй де осы саршұнақтың ініне ұқсамай ма? Ойлан.

Халқына пайда келтіретін азамат болуды ойла!» — деп, машинасын мініп жүріп кетті. Бірақ қазір мұны Халел айтқан жоқ. Үнсіз ойлап отырды да:

— Шынында да шопр Оспан ақыл иесі адам, — деді үлкен кісіше.

— Қысқарт енді, — Қарасай бұдан әрі тыңдауға шыдай алмай ақырып жіберді. — Үйіне жетпей жатып төбетше маңқылдауын мұның. Мұның білгішіне не бересің. Ақылшыны тапқан екенсің. Ғұмыр бойы маңынан бензин иісі аңқып жүретін Оспаннан өнеге алғанша, жібі түзу біреу аузыңа түспегені ғой. Жауыр атқа қотыр ат үйір. Жаман шопр Оспан ақылшы болған соң, заманның азғаны да. Былшылды доғар да, ұйықта. Ертең жолға жүреміз.

— Жоқ, мен енді бармаймын, көке.

— Бармасаң бұл үйдің де қарасын көрме! Кет онда бұл үйден.

* * *

Отау үйде ондық шам сөнбепті, білтесі төмен түсіп сығырайып тұр. Бұрыштағы никельді кереуетіне қисайған Халел шамды үрлейін деп қайтадан орнынан тұрып еді:

— Сөндірмей-ақ қой, тұра берсін, — деді Ақбөпе. Әлі ұйықтамапты. Әр жері қопсып түскен төбе сылауына тесіле қараған қалпы ұзақ жатты. Не ойлап жатыр екен? Атасымен бүгінгі түс шайысып қалғаны есінен шықпай жатыр ма? Әлде төркінінде көп аялдамай қайта оралғанда Халелдің келе кіріп-шықпағанына ренжіп жатыр ма? Арасына шылау тұра бастаған төбе сырғауылдарымен өзінен әлдебір ұқсастық тапқандай қарап, қара көлеңке бөлме ішіндей көңілі күңгірттеніп жатыр-ау. Халел осыны ойлап ұйықтай алмады. Ақбөпені біресе аяйды, біресе әке қосқан қосағынан жас бала қысылады. Не істеу керек?

— Халел! — деді бір кезде Ақбөпе. Халел өз атын тұңғыш рет естігендей тосырқап, сұмдық бірдеменің аты аталғандай үндемеді. — Әлі ұйықтаған жоқсың ба?

— Жоқ... Ұйықтай алмай жатырмын...

— Мен де.

Халел енді Ақбөпе кінәласатын шығар деп ойлады.

— Халел, сен бүгін осы үйде не болғанын білдің бе?

— Білдім. Мен де біраз сөз естідім. Көкем біртүрлі боп кетіпті. Аузына базардан басқа сөз түспейді.

Ақбөпе күрсінді.

— Көкем ғана емес, менің әкем де... Екеуін де бір қалыппен соққандай.

Тағы да үнсіздік. Жер майы азайған шам өлусіреп, мысықтың көзіндей жылтырайды. Ақбөпе төсек үстінен қолын созып, білтесін шығарды.

— Иә, саған не қылмайсың дейді.

— Сауданың қыбын білмейсің, нашар, ынжықсың дейді. Онысының жаны бар. Шынында да базарға қырым жоқ. Ертең Омбыға барамыз деп отыр.

— Сен барасың ба?

— Жоқ. Бармаймын дедім. Сол үшін ғой ұрысқаны. Бармасаң, кет бұл үйден дейді.

— Кеткенде қайда барасың?

Халел үндемеді. «Аспан асты кең ғой» деуді лайықсыз көрді.

— Өзің біл, Халел. Кісі ақылымен бай болғаннан, өз ақылыңмен жарлы болғаның артық. Маған салсаң айтарым: кешегі Жәлелдей қор боп өткенше, көпшілікпен бірге берекелі бір жұмыстың басын шалғаның дұрыс. Бала емессің. Келешегіңді ойла. — Ақбөпе тағы күрсінді. Ұзын іш көйлегінің етегінен толық ақ балтыры жалтырап төсегінен түсті де, шамды үрледі. Жата беріп тағы күңк етті. — Аяғыңа... оралғы болар деп ойлама. Есінде болсын. Ендігісін өзің біл.

* * *

Халел алагөбеден оянып, киініп алды. Кеш тұратын үйінің таңертеңгі асына да қарамай, тура совхоз директорының кеңсесіне беттеді.

Бұл кезде совхоз басшыларының төрт көзі түгел екен. Бәрі де Моргунның столын қоршап, әлдебір жоспар жайын сөйлесіп отыр.

Есік қағып, сыпайы басып кірген Халелді көріп, басын көтерген директор:

— А, наш заготовитель, біз қазір мәжіліс құрып отыр ек. Асхана бастығымен барып сөйлес. Ет мәселесін сол адам шешеді, — деді де, қайта қағазына үңілді.

Халелдің беті ду етіп, есікті тарс жауып шыға жөнелгісі келді. Директор оны мазақ еткендей көрінді. Шынында да «заготовитель» деген сөздің астары жаман, кекесін сөз еді. Өйтсе де, жұқа танауын кеулеп келе қалған ашуын тежеп, Халел үнсіз тұра берді. Тығылып, булығып тұр.

Отырғандар оның шыққан, шықпағанын байқаған жоқ. Құрылыс материалдарының жетіспеуі туралы, Тұғыржаптан ашылған карьерден ақ тас тарту жөнінде ұзақ әңгімеге кірісіп кетті. Өлден уақытта барып шыдамы таусылған Халел, өзін «менсінбей», көзіне де ілмей отырған бастыққа ащы тіл қатты.

— Мен де адаммын ғой. Бір минут уақытыңызды неге бөлмейсіз?!

Ашына сөйлеген балаға бәрі де жалт қарады. Бірақ мұрнынан шаншылып, әр минутын бір сағатқа балап жүрген директор онымен сөйлесіп отыруға уақыты жоқтығын. сездіріп тағы да қысқа жауап берді.

— Қымбаттым, мен саған айттым-ау деймін. Асханаға бар да...

— Асханаңыздың маған қажеті жоқ.

— Енді не керек? Мясокомбинат ашайын ба?

Халел жылап жібере жаздады. Намысқа булығып көзіне жас үйіріліп, аузына сөз түспеді. Сонда ғана Моргун өзінің ағат кеткенін түсініп, енді жұмсақ сөзге көшті.

— Иә, айта ғой, не туралы келіп едің?

Халел бөгеліп тұрып, зорға дегенде жөнін айтты.

— Сізден қызмет сұрай келдім.

Отырғандар бір-біріне таңырқай қарасты.

— Сен Қарабеттің баласымысың? — деп Райхан, бас изеген Халелдің тұла бойын бір сүзіп өтті. Бойы биік болғанмен сүйегі нәзік, қызыл шырайлы Халелдің түсіне қарағанда қыз мінезді, жуас әрі сабырлы екені көрініп тұр. Тек кішірек келген қалың кірпікті көзінің түкпіріндегі ұшқындаған от қана томаға-тұйық іште жатқан жігер барын сездіргендей. «Өңің Жәмішке тартқан екен» деді іштей.

— Иә, бізге адам керек. Не қызмет істегің келеді? Сен секілді жас жігіттерге зәруміз.

— Өзім де білмеймін, қандай жұмыс істерімді. Егер шоферлік жұмыс болса...

— Правоң бар ма еді?

— Жо-жоқ, — деп Халел күмілжіп қалды. — Былтыр мектепке машина жүргізу үйірмесіне қатысып ем.

— Шынында да, бізге шоферлер жетіспейді. Жақында тағы жиырма шақты жаңа машина аламыз. Тегі біздің совхоздан авторота ашылмақшы. Егер осы секілді жастарды жедел оқытып жіберіп шоферлер дайындамасақ болмайды, — деп Райханға қарады Моргун.

— Ендеше бұл баланы бір-екі ай тәжірибелі шоферге қосу керек, егер талабы болса, ар жағында өзі жеке машина алып, жүргізіп кетпей ме, — деп Райхан қолына қағаз алып жаза бастады. — Бұйрықты директор кейін шығарар. Қазір мына қағазды Морозов деген завгарға апар. Өзірше көмекші болып істейсің, жарты еңбекақы аласың. Қалай, оған разымысың?

— Өрине, — деп Халел көзі күлімдеп, қуанып кетті. Тап бұлай тез орындалар деп ойламап еді.

Кеңседен шығысымен тұра жүгіріп Тамараға барып, қуанышын жеткізгісі келіп тұрды да, жоқ, кейін айтармын деп гаражға тартты.

Морозов көзілдірікті, қасқа бас, тапал адам. Көзілдірігінің үстінен қағазға бір, Халелге бір тесіле қарап сәл ойланып тұрды да:

— Сырттағы машиналардың ішінен Дерягин деген жігітті шақырып әкел, әлі рейске кете қоймаған болар, — деді.

Қаз-қатар тұрған су жаңа машиналардың қасында шоферлердің бірі су құйып, бірі от алдырып жанталасып жүр. Жолға шығар алдындағы әдеттегі әбігер. Халел әрқайсысына бір барып, Дерягинді іздеп жүр. «Ана жақта, 13-номер» деген сілтеумен машиналардың арасына кіріп кетті. Бір гараждың машиналарының алғашқы номері көбінесе бірдей болып келетіндіктен, шоферлердің тек соңғы номерін ғана айтатынын Халел білетін. Енді сол «чертова дюжинаны» іздеп тапты. Үлкен темір кузовының сыртына 10—13 деп жазылған ЗИЛ машинасының радиатор қақпағы ашық, шофері астында шалқасынан түсіп жатыр. Тәрізі еңгезердей жігіт екен, келепандай аяғы сыртта салаңдап, винт бұрағанда бірге қимылдайды. Халел жүрелей отырын, еңкейіп қарап еді. Әуелі көрікше көтерілген өр кеудесіндегі бұйраланған сабалақ жүнге көзі түсті. Майкешен жігіттің білегінің бұлшық еті бұлтың-бұлтың ойнақшиды. Халел атын атай беріп, жүзіне көзі түскенде тілін тістей қойды. Жүрегі мұздап кетті. Түнеугі жолы трактор қасында кездескен жігіт. Тап соның өзі. «Сен боқмұрын қолыма бір түсерсің» деп кіжінгені әлі құлағында тұр. Қазір көрсе машинаның астынан гүр етіп арыстанша едірейіп шыға келетін секілді. Халелдің манадан бергі қуанышы әп-сәтте су сепкендей басылды.

Еркін жұмыс істеп, ел қатарлы жүрем деген ойын мына жатқан аюдай жігіттің сұсы басып кетті.

Халел бойын жазып, кері шегініп кетпекші болып, ойға қалды. Бірақ сол түні Тамараның айтқаны да есінде: «Сен олай қорқытпа, бұл да сен секілді жігіт, байқа!» деп Халелді оның алдында көтере сөйлегені қайда.

— Сенің фамилияң Дерягин ба? — деп, ол тістене тұрып шофердің аяғынан түртіп еді:

— Дерягин болса ше?! — деп машина астындағы жігіт гүр ете қалды.

— Сені Морозов шақырып жатыр.

— Е, мені сағынып отыр ма екен? Өзі неге келмейді, немене, сен курьермісің? — деп машина астынан созалаң тұра берді.

Халел іштей: «бармасаң, бармай-ақ қой» деп оның жүзін көргісі келмей, сырт айналып жүре берді. Тезірек барып басқа адамның қасына қос деп Морозовтан өтінбекші. Бірақ, артынан ерген Дерягин:

— Әй, тоқтай тұр! — деп бөгеді. Қолының майын шүберекпен сүртіп, қатарласа бере Халелді көргенде бажырайып, көзі жыпылық атты.

— Көгершінім, мен сені бір жерде көрген секілдімін, ұмытпасам...

— Көрсек көрген шығармыз...

Морозовтың сөзін естігенде Дерягин көзін сығырайта, сүзіле қарап, миығынан күлді:

— Вот тебе на, сюрприз! Немене мен жалғыз өзім бір машинаға жетпеймін бе? Бұл кім, маған көмекке келген адам ба?! Бұл не мазақ? Мен надзирательсіз-ақ жұмыс істей алам.

— Вася, мен сені тәжірибелі шофер деп әдейі қасыңа қосып отырмын. Бір-ақ ай үйретесің. Содан соң өзі жеке машина алып жүргізіп кетеді, — деп Морозов көзілдірігінің үстінен салқын қарап, бір жағы өтініш етіп сұраса, екінші жағынан әмір ете сөйледі. Кіші қолтоқпақтай болса да, тілді, сұсты адамның алдында шоферлер ығып жүретін. Қанша бір езу болғанмен Вася Дерягин да енді қарсы дау айта алмады.

Өзінің иығынан ғана келетін Халелдің басынан аяғына дейін өткір көзімен жаратпай бір шолып өтті де:

— Жүр! — деп қоңқ ете қалды.

Мойны құрықтай, кесек денелі, жауырынды Васяның соңынан мәстектің қасындағы тай құсап Халел ерді. Бойында сәл үрей бар. Бірақ онысын сездіргісі келмей кең адымдап, еркін басып, қабақ шытпай жайраңдаған болады.

Вася машинаның қасына келісімен кабинадағы кішкентай қобдишадан путевка алып, Халелге бұрылды:

— Ана отырғыштың астында шприц бар, заправщикке барып май толтырып ал да, машинаны түгел майла, — деп дүңк етіп, диспетчер бөлмесіне қарай аяңдады.

Халел машина майлауды білмеуші еді, шприцке май толтырып алған соң машина қасында дағдарып тұрып қалды. Мотоцикл рулі мен артқы ершік астындағы амортизацияларға, доңғалаққа май жіберуді білгенмен, машинаның жөні бір бөлек. Бірақ Вася өзі біліп түсіндірмеген соң, одан сұрауға намыстанып үнсіз қалған. Қазір таудай ЗИЛ-дің асты-үстіне шығып, моторына басын тығып, маңдайынан шып-шып тер білінді.

Дерягин қайта оралғанда үсті-басы май-май болып, машина астынан еңбектеп шыққан. Пенжегінің сыртына шығарған ақ жағалы көйлегінде сау-тамтық жоқ. Бет, мұрын, маңдайына салидолды әдейілеп жаққандай айғыз-айғыз, екі көзі ғана жылтырайды. Сонда да сыр бермей тұр. Вася да оны сезбеген қалып білдірді. Машинаны қалай майладың деп те сұраған жоқ, кузов жақтауына ілген бүйірі майысқан қаңылтыр шелекті алып Халелдің алдына даңғыр еткізіп лақтырып жіберді.

— Бар, су алып кел. Радиаторға су құй.

Халел жүгіріп барып жаңа қазған құдықтан су әкеп, радиатордың тұрбасына лықылдата құйды. Жарты шелек құймай жатып аузы-мұрнынан шығып шүпілдеген су турбадан асып кетті.

Дерягин Халелдің нәзік білегінен шап беріп ұстай алып:

— Арақ ішіп көріп пе едің? — деді бетіне зәрлене қарап.

— Жоқ, иә... — Халел оны неге сұрағанын түсінбей қалды.

— Егер ішсең, аузыңа лықылдатып құя бересің бе, әлде жұтасың ба?

Халел не деп жауап берерін білмеді.

— Радиатордың тұрбасы да сенің ана көмекейің секілді. Сауылдатып құя берсең шашалып қалады, сыздықтатып құй, — деді Вася кабинаға кіре беріп.

Шынында да тұрбадағы кеңірдектен толған су бір-екі бүлк-бүлк етіп сақиналана беріп, ішке қарай қорылдай жөнелді. Халел енді шелектің майысқан жағымен сыздықтата құйып еді, радиатордың кеңірдегі тарсылдап жұта берді.

Бір шелек суды бір-ақ сімірді.

Дерягин Халелге қайда баратын жөнін де айтқан жоқ. Қасына салып алып, тартып отырды. Халел таңертең оразасын да ашпаған, бірақ оны айтқысы келмеді.

Сүйтіп, тұңғыш рет рейске шықты. Осының бәрі ойламаған жерде аяқ астынан болғаны сонша, Халел тіпті жұмысқа орналасқанына сенер-сенбесін білмей, үйіне бас сұғып кіруге де мұршасы келмей жолға шығып кете барды.

Тұғыржаптың жалаңаш бұйраттары гүрс-гүрс жарылып жатыр. Динамит қойған жер астынан ақ тастар кесек-кесек атылып, аспанға бұрқ етіп шашудай шашылады. Тұс-тұстан ағылған «Қызыл жалау» совхоздарының машиналары сары бауыр қырқалардың үстін шимайлап, айқыш-ұйқыш жол тартып тастапты.

Дерягин мен Халел карьерден бір машина таспен қоса, табыт ала қайтты. Табыт ішінде адамның қураған сүйегі.

Жапан түздегі жалғыз моланы аршып, лақатсыз тік қазған тайыз көрден терісі ағып кеткен ақ қаңқаны қапқа орап салған Күргерей. Аудан орталығына баратын Моргунның машинасын бұрып әдейі келген қарт, ауыр табытты жалғыз өзі иығына көтеріп Дерягиннің ЗИЛ-іне салды. Өзі кабинаға отырған.

— Иә, балам, сен қай жердікісің? — деді жолға шыққан соң Халелге бұрылып.

— Күргерей ата, мен Қарасайдың баласымын ғой.

— Ә-ә, — деп жол бойына қараған Күргерейдің жүзі салқындай қалды. — Қарабеттің баласымын де! Жәлелден кейінгісін бе?

— Иә.

— Жәміш шешең аман шығар? Не бұл? Совхозға жұмысқа тұрғаның ба? Әлде мына карьерді қызықтап, көруге келдің бе?

— Жұмысқа тұрдым. Бүгін орналастым. Тас тасимыз.

— Солай де.

— Ата, табыттағы кімнің сүйегі, бұл маңда неғып жалғыз жерленген адам, — деді Халел.

— Е-е, балам, қай жердің суы тартса, сол жерде қала бермек адам баласы. Бұл менің бір туысым еді. Талай жылдан бері қазақшылықпен ала алмай келіп ек. Енді мен де қанша жасар дейсің. Тым құрыса екеуіміздің зиратымыз бір жерде болсын деп әкеле жатырмын, — деп Күргерей қарт жеңіл күрсінді. Туысының кім екенін Халелге айтпады. — Карьер ашылғаннан бері Тұғыржаптың жерін шұрық-шұрық тесіп жатқан көрінеді. Байқамай таспен бірге моланы да қопарып жіберуі мүмкін ғой. Содан қорқып жүруші ем, бүгін сәті түсіп әдейі келдім.

Бұдан әрі Күргерей қарт үндемеді. Жол бойында ағылып жатқан машиналарға қарап отырып осы далада сонау бір жылдардағы жанын шүберекке түйген кезі, табыттағы адам өмірі көз алдына келді. Түнеугүні оны да Жантасқа жыр ғып айтып еді.

Күргерей қарттың үшінші жыры

Егін өртеніп кеткен жыл Балта аулына аса бір ауыр жыл болды. Ел қатты тарықты. Соқада ыңыршағы айналған кедей аулының біразы Сұлу мұрттан іргесін аулақ салып, енді қайтып оның ырқымен жүрмейтін болды.

Өрттің Малжан аулынан келген суық қолдан шыққаны айдан анық еді. Бірақ көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң не дейсің. Іштен тынғаннан басқа шара жоқ.

Сол жылы Сұлу мұрт та амалсыздан айлаға көшті. Зәредей өкпе, кегі жоқ адамша Малжанды сағалап, қысты күні жылқышы болып алған. Біраз жүріп сеніміне кірген соң, жұма сайын көп жылқының ішінен ең семіз деген екі-үшеуін ұрлап, түнделетіп жеткізіп тастайды. Мен жирен атқа қосақтап алып бір түннің ішінде Шарбақкөл, Молтайға апарып, астық, ол-пұлға айырбастап тоғытып жіберемін. Тағы да ұры болып алдық. Малжаннан осылай кек ала бастап ек, мұнымыз да ұзаққа бармады, сезікті боп қалдық. Ақыры, бір қатты боранда Сұлу мұрт бір үйірлі жылқымен ығып кетіп, бір жұмадан соң табылды. Жылқысы жоқ. Текенің сорына түсіп кетіпті. Сұлу мұрттың бұл соңғы амалы екен. Бір көлдің қамысына матап кеткен жылқыларды екі-үш әкеп, сол түннің ішінде жайратып сойып тастадық. Әр үй мүшелеп бөліп алып, жерге көміп, терілерін өртеп жіберді. Бұл да болса талғажау. Жазға шығуға сеп.

Малының төлеуін ала алмай кіжініп, ізінен адасқан Малжанға келесі жаз іздегенге сұрағандай болды. Атақты июнь жарлығы бұрқ ете қалған, у-шу боп баласынан айрылған аз ауылда не қауқар бар, еш қарсылық көрсете алмады. Ызалы Малжан ең бірінші тізімге Сұлу мұртты іліктіріп қоя берді.

— Енді елге сен бас-көз бол. Райханжанымды саған тапсырдым. Хат танып қалып еді. Шамаң келсе қаладағы оқуынан қалдырма, — деп ол кезде онға келіп қалған Райханды маған тапсырды. Сұлу мұрт кете барды. Содан хабар-ошарсыз кетті.

Күргерей қарт терең күрсінді. Әлдебір ауыр оқиға есіне түсіп, жалпақ жауырыны гүдірейіп үнсіз отыр. Тағы да трубкасын алып темекі тартты.

Енді саған Сұлу мұртпен соңғы кездесуімді айтайын.

Уақыт жылжып өте берді: патша тақтан тайды, уақытша үкімет құлады, большевиктер келді үкімет басына. Азамат соғысы басталды. Осының бәрі мойны алыс жатқан Балта аулына алыстағы әуілдек үніндей талып, талмаурап жетеді.

Он сегізінші жылдың қара суық күзі еді. Бір күні Омбы жақтан сау етіп бір топ солдат жетті. Бір тықырдың таянғанын іш сезеді. Бірақ кімнен сұрарсың. Тіпті ақ жақсы ма, қызыл жақсы ма, қараңғы елге айыру қиын. Келген солдаттардан шет пұшпақтап сұрайын десең, олардың өзі көзге көп түсе бермейді.

Аз әскер бай аулында жатыр.

Бір күні мені сол ауылға шақыртты. Екі солдатпен Қарабет келді. Ол кезде он сегіз-он тоғыздардағы Қарабет әкесіне үлкен ұлық қонаққа кеп жатқандай тыраштанып, маң-маң басады. Паң. Басына ақтың фуражкесін қоқырайтып, беліне қылыш асынып алған. Сарайда іс соғып жатыр ем, елеурей кірді:

— Әй, Күргерей, таста андағыларыңды. Офицердің өзі шақырады. Тез жетсін. Әйтпесе желкесін қырқып басын әкеліндер деп жіберді, — деп ыржың етіп қасындағы солдаттарды арқаланып қоқиланып қояды.

Малжан аулына қарай келе жатып қасындағы солдаттардан сұраймын:

— Сендер кімсіңдер? Қайдан келген солдаттарсыңдар?

— Біз белогвардеецтерміз, — дейді біреуі масаттанып. — Колчактың солдаттарымыз. Большевиктерді құртып, орыс империясын қайтадан қалпына келтіреміз.

Тегі жаттап алған сөздері болуы керек, аузы-аузына жұқпай асқақ сөйлеп келеді. Маған бәрі қараңғы. Тек «орыс империясын қайтадан қалпына келтіреміз» дегеніне таңмын. «Қалпына келтіргені» қалай?

Малжанның жер үйіне жете бергенде әлгі солдат Қарабеттің беліндегі қылышын өзі алып:

— Сені офицер Куропаткин шақырған. Осы үйде отыр, — деп сыртта қала берді.

Төргі үйге кірдім. Жер столдың қасында астына екі жастық салып отырған таудай офицер мені көргенде, орнынан ұшып кете жаздады. Менің де тұла бойым түршігіп кетті. Самогонды қымызбен араластырып ішіп көзі қанталап отырған тыртық бет Кабан.

— Кабан?

— Иә, баяғы Омбыдағы ұрылардың атаманы Кабан. Баяғыда із-түзсіз кеткенімді ұмытқан адам секілді. Ол туралы ештеме қозғаған жоқ.

— Ой, Гриша, сен екенсің ғой. Отыр мына жерге, — деп қасынан орын ұсынды. Мені көзіне де ілмей, сәлемімді де керек етпей ерніне насыбай сала берген Малжан бай қолы жез мұртына жабысып қалғандай кірпік қақпай маған тесірейіп барады.

— Күргерей, сен мына бастықты біледі екенсің ғой, — деп маған лезде жылы ұшырап, Кабанға қарап жымыңдай бастады. — Он наш ауылный шалабек. Қароши мұжық, қароши!

— Гриша, сен ұста көрінесің, — деп Кабан енді түсін суыта сөйледі. — Сенен жасыратын не бар. Біз большевиктермен қарсы соғысамыз. Осы бай ауылда, сен туған ауылда киргиз жігіттері көп көрінеді. Ертеңгі күні оларды да бір-бір атқа мінгізіп соғысқа саламыз. Соларға сен бүгіннен бастап қылыш соғуың керек.

— Мен өмірімде қылыш соғып көрген емен.

— Гриша, ондай бос сөзге қазір уақыт та тар. Мына бай айтып отыр: былтыр батрактарға орақ соғыпсың. Солай долбарлай салсаң болады... Жоқ, басқа сөздің қажеті жоқ, — деп, аузымды қағып, енді қалтасынан жарқ еткізіп алтын білезік алды. Маған қарай бір жамбастап қисайып, сыбырлап отыр. — Мынаны кердің бе, киргиздер мұның қадірін біле бермейді. Осы үйдің шымылдығынан алдым жаңа. Алтыны бар үйді айт. Сақина, жүзіктерді түгел сыпырып алу керек. Сен де үлестен қалмассың.

«Е, — дедім ішімнен. — Колчактің офицері мына ұры Кабан болса, солдаттары да қайбір жетіскен адамдар дейсің. Ақтардың сыры белгілі болды».

Осы кезде тыстан бір солдат жүгіріп кірді. «Келіп қалды, келіп қалды» деуі мұң екен, Кабан атып тұрып тысқа ұмтылды. Мен де шықтым тысқа. Салт атты солдаттар қоршаған қара бәуескеден жарқ-жұрқ етіп мұртты біреу түсіп жатыр. Кабан етігін сарт еткізіп қолын шекесіне апарды:

— Ваше превосходительство, господин полковник, бұл жерде большевиктерден еш сыбыс жоқ. Жергілікті киргиздарды дайындап жатырмыз. Ат жеткілікті.

Мен өз жайыма қалған соң, ақырын жылысып көлігіме міндім де, ауылға қарай аяңдап жүре бердім.

Сол күні ештемеге зауқым соқпай, үйде аласұрып біраз жүрдім де, ақыры сарайдағы күндегі жұмысыма кірістім. Сарай толған кедей ауылдың ескі-құсқы дүниелері. Құлағы түскен самауыр, тесік шелек, мойны сынған көпкір, ожау. Соларды жөндеп отырғанда, есік сықыр етіп ашылды. Көзі жаудырап, еппен басып кірген Райхан. Келе бас салатын қызым, жасқаншақтанып, аузына сөз түспей үрейленіп тұр. Жан-жағына ұрлана қарап, құлағыма сыбырлады:

— Аға, Жүсіп атамның үйіне жүріңіз. Шақырады.

— Кім?

— Әкем келген, әкем шақырады.

— Не дейсің, Сұлу мұрт па? Рас па? Қашан келді?

Сұлу мұрт Жүсіп шалдың үйінде отыр екен. Қасында екі-үш ауыл адамы. Орнынан құшақ жая тұрды.

Сұлу мұрт бұрынғыдан гөрі таралып ысылған. Үстінде әскери киім. Шинелінің өңіріне бастырған екі жапырақ Қызыл шүберек оның қызыл әскер екенін айтпай-ақ танытып тұр.

— Күргерей, әңгімені кейін шерте жатармыз, қазір әңгіменің уақыты емес, — деп Сұлу мұрт отырғандарға қарады. — Мен елге аңдамай келіп қалдым. Бұл ауылға ақтар жете қоймаған шығар деп ойлап ем. Енді түн жамылып отрядыма қайта кетуге тура келіп тұр.

Сұлу мұрт ішкі қалтасынан шиыршықталған газет алды.

— Мынау большевиктердің газеті, — деді маған ұсынып, алдында тұрған Райханның шашынан сипап, маңдайынан иіскеді, — кейін Райхан жаным оқып берер. Ал ендігі айтарым мынау: Омбы жақта отырған іш қазағы әлі көп нәрседен хабарсыз. Ақ пен қызылдың өзін айыра білмейтіндер көп. Естерінде болсын, кедейге теңдік әперіп жатқан қызылдар. Ақтар бұрынғы тәртіпті қайта орнатқысы келеді. Қазірден бастап әрқайсың жан-жақтағы ауылға барып, жансыз хабар салыңдар. Ер-азамат қадар, халінше ақтарға бөгет жасауға тырыссын. Қызылдар алыс емес. Колчак бандаларын құртқан соң...

Сөз шорт үзілді. Сыртта қарауыл қарап тұрған жігіт үйге жүгіріп кірді:

— Ойбай, келіп қалды... Осылай қарай... — деп сасқалақтап, көзі шарасынан шығып барады.

Біз бірден ұқтық. Өйткені қауіп біреу-ақ. Жалма-жан Сұлтанды жасырып, басқамыз алдымызға шай жасата беріп ек, тысқа шығып кеткен Жүсіп қарт келіп қайтадан аяғымыздан тік тұрғызды.

— Султан қарағым, енді қайттік? Күргерей-ай, не де болса алыспай беріспелік. Мүмкін таба алмас та, Сұлтанды шошалаға тығу керек, — деп Жүсіп қарттың да өңі қуарып кетті. — Ауыл үйдің шетінен тінтіп, сүзіп келеді. Тегі біреу жеткізген ғой. Және өздері қақ жарылып ауылдың екі жақ басынан түсіпті.

«Масқара-ай, енді не істедік? Талай қырғыннан елге аман оралғанда ажал аузына өзі кеп түскендей болды-ау.

Ақтар ұстаса, Сұлу мұртты сөз жоқ табан аузында атып тастайды».

Сұлу мұрт жасырынып жатқан орнынан шықты.

— Ата, атыңыз ерттеулі ғой, бұлай қолға түсіп қор болғанша атысып өлейін. Не де болса қашып көремін. Өз атым ұзақ жерден келген, жарамайды, — дегенше, маған тосыннан бір ақыл түсе кетті:

— Сұлтан, шеш шинелінді, мә, мынаны ки, — деп үстімдегі түйе жүн шекпенді тастай бердім де, басындағы шлемін киіп алдым. — Тез, тез, уақыт тығыз.

Сұлу мұрт түсінген жоқ. Шекпенді киіп алды. Мен оның шинелін киіп, есікке ұмтыла бергенімде ғана, иығымнан ұстап жібермей тұр:

— Қайда барасың, таста киімдерінді. Мен өзім-ақ көрейін, не көрсем де.

— Жоқ, сен шықсаң, бәрібір олар тексермей жібермейді, біліп қояды. Одан да мен қазір ауылдың шығысына қарай қашамын. Бәрі соңыма түсіп қуғанда, сен екінші жаққа тартып отыр, — дедім де Сұлу мұрттың сөзін де тыңдамадым, қорада байлаулы, сүмектей атты алып шығып жөнеле бердім. Қысылшаңда тапқан әдісіме қуаныштымын.

Үйлерді тінтіп келе жатқан солдаттар екен. Жүсіп үйіне дейінгі аралықта екі-үш-ақ үй қалған. Қарасы он шақты солдат мені алғашқыда байқамады. Желе шоқытып екі жүз метрдей ұзай бергенімде айғай, оның артынан іле гүрс етіп мылтық даусы шықты. Мен де атты тебініп қалдым. Қанша қажығанмен жорықта оқ даусына үйренген ат ышқынып, шаба жөнелді. Соңыма бір рет көз тастадым, солдаттардың бәрі тырақайлап қуып келеді. Аттары қарқындағанша әжептәуір жер сытылып шығып ем, тағы да гүрс-гүрс мылтық атылғанша болған жоқ, астымдағы ат мұрттай ұшты.

«Қап, тым құрымаса ұзай алмадым-ау» деген өкінішті ала құлады. Одан арғысы өң мен түстей: ет қызумен атып тұра бергенімде екпіндей жеткен бір ат омырауымен қағып өтті...

Көзім саңылауланып ашыла беруі мұң екен, әлдекімдер дедектете жөнелді. Аяғым анда-санда жерге бір тиіп сүйретіліп келемін. Қолымнан, қолтығымнан тартып, сүйреткен төрт жігіт жер үйге алып кірді. Таныдым: үй — Қарабеттің отауы. Таңертең пәуескемен келген полковник отыр. Қасында Қабан, Қарабет. Стол үсті самогон құйған бөтелкелер мен туралған етке сыңсып тұр. Мезгілі түн екен. Бестік шам ақтардан жасқанғандай мүләйімсіп сығырайып, анда-санда ықылық атады. Көзімнің астымен Сұлу мұртты іздедім. Жоқ.

— Аулыңа келген қызыл большевик кім? — болды полковниктің алғашқы сұрағы.

Денем қозғалтпайды, аузым да икемге көнбейді

— Қайдағы... большевик, — дедім сөзімді зорға құрап.

— Андағы үстіңдегі шинельдің иесін айтамын, — деп өрім-өрім шинельге жеркене қарады.

— Өзімдікі. Түнеугүні бір жолаушыдан сатып алғам.

— Ө... — деп Кабан орнынан атып тұрды. Қолында қылыш, тізерлей отырған менің қасыма келіп төніп тұр. — Сені таңертең аман-сау жіберіп ем. Енді құтыла алмайсың. Қызыләскер неге келіпті? Басқалары қай ауылда жатыр?

— Білмеймін.

— Қызыл большевиктің өзін алып келіңдер, — деп еді төрдегі полковник.

— Жолдас полковник, әуелі мұның өзінен сұрап алайық, — деп Кабан қайта төнді.

«Эх, құрыған екеміз. Сұлу мұртты да ұстап алған екен ғой. Ендігі амал — үндемеу».

Мен жағымның жігін ашпай қасарып отырып алдым.

Талай сұрақ қойды. Былқиып үндемедім. Бір кезде ашу қысқан Кабан темірдей қолының қырымен желкемнен тартып жібергенде етпелей беріп қайта басымды көтергенімше сарт еткізіп иегімнің астынан теуіп қалды. Құлап түстім. Бірақ есімнен танғам жоқ. Тамақ тасып жүрген Қарабеттің келіншегі Жәміш: «Өлтірді-ау мыналар, не деген хайуандар!» деп шыр ете қалып еді, «Кет, бар ана үйге, сенің шаруаң қанша, өлсе өрем қапсын!» — деген Қарабеттің даусынан соң жым болды. Басыңа екіталай күн туғанда жанашыр жылы сөз жүйкеңді де босатады, әл, қуат та береді. Жәміштің бір ауыз сөзінен кейін бар күшімді жиып тістеніп жатыр ем, Кабан еденді дүңк-дүңк еткізіп мені бір айналып өтті де, шинельдің жағасынан бұре тартып жұлқыды.

— Жарайды, қайтесің. Таң атқанша ойлансын. Соған дейін айтпаса атып тастаңдар, — деген полковниктің үні шыққанда мен де орнымнан лып етіп тұра беріп Кабанды баспен ұрдым. Шалқалай барып столға кескен ағаштай құлады. Үй іші опыр-топыр. Ұрысып жүріп есікке қарай ұмтылдым. Бірақ жете алмай мұрттай ұштым. Дәл шекемнен тиген ащы соққыдан есім ауып кетті.

Мені басқа бөлмеге апарып тастапты. Еденіне шөп төсеген жер үйде қаз-қатар сұлап, сөреге жайған қазақ ауылының сықпа құртындай тізіліп, киімшең солдаттар ұйықтап жатыр. Мылтық құшақтаған біреу менің қасымда қалғып-мүлгіп отыр. Дене шымырлатар неше түрлі қорылдан жер үй дірілдегендей болады.

Артыма қайырып тас қып байлаған қолым бір кезде босай беріп еді, қалғыған солдат көзін ашып алды. Ұйқылы-ояу мәңгіріп меңіреу адамша мен жаққа тесіліп отырды да, баж етіп мылтығына жармасты. Бірақ кезей алмай қалды. Менің артымда қисайып жатып қолымдағы қыл арқанды шешкен адам менен асып түсіп, көзді ашып-жұмғанша күзетші солдаттың төбесінен қойып жіберді. Бақ еткен солдаттың дымы өшті. Бірақ басқалары оянып қалды.

— Тұр, кеттік, — деп еңгезердей адам есікке ұмтылды. Түгел шешілмеген қайырулы қолмен мен де тысқа аттым. Абыр-дабыр оянған солдаттар сүрініп-қабынып шыққанша атқа қарғып мінген әлгі адам мені алдына өңгеріп алып шаба жөнелді. Төрт-бес аттылы айдалаға бытырай қаштық. Гүрс-гүрс мылтық атылды. Шапқан бойда білегімді қиған қыл арқанның соңғы ұшын ағытып жіберген адам бір сәт шалқая беріп ер үстінен ауып кете жаздады да, шоқтықта етпелей жатқан маған шынтақтай құлады.

— Ал, тізгіннен айырылма, — деп шылбырдың бір жақ ұшын ұмсына берген құтқарушының Сұлу мұрт екенін сонда білдім.

Өзі құтылғанмен қолға түскен мені өлтіріп тастар деп қорқып, ауыл маңынан ұзамапты. Елден төрт-бес жігіттің басын құрап, бай аулын торуылдап жүріл, ақыры мені аман алып шыққандары осы болды.

Ақтар қараңғыда бізден көз жазып қалды. Шамасы отыз шақырымдай жердегі Тұғыржапқа суыт жеткенде Сұлу мұрт атқа отыра алмады. Қараңғыда жобалап атқан ақтың оғы белдемеден тиген екен. Тегі жұлынын үзіп жіберсе керек. Бұл жерге жеткенде ат та зорығып, алпамсадай екі адамға шыдамай төбеге ұрғандай тұрып қалған. Белінен шойырылып қансыраған Сұлу мұрт келесі кешке дейін жатып, қас қарая бере мәңгі көзін жұмды.

Өле-өлгенше қабақ шытқан жоқ, аспанда жыпырлаған жұлдыздарға қарап сөйлей берді. Арманшыл, қиялшыл адам екенін тұңғыш рет, соңғы рет білдім.

«Шіркін-ай, ерте кетіп барамын. Дүние жаңа түзеліп, көзімді жаңа ашқанымда кетіп барамын. Тым құрымаса, бір-екі жыл тұра тұрсам етті. Жаумен көзбе-көз ұстасып өлмей, әлдебіреудің қаңғыған оғынан жер жастанатын болдым-ау... Күргерей, тыңда, саған айтар бір-ақ тілегім бар: ендігі арманымның сабағы Райханымның қолында. Шамаң келсе, оқыт. Мына түн куә болсын, сен әкесі бол. Жетімсіретпе. Менің орныма әке бол... Райханым, жаным, жалғызым...» — деп қашан көз жұмғанша аузынан тастамады.

Мен Сұлу мұрттан жапан түзде айырылып, жалғыз қалдым. Сол түні жаңа заманның жаршысындай алыстан қызылдар атқан зеңбірек үні естілді. Сол түні ауыл жақтан бұрқ етіп, өрт шықты. Қызыл жалынға оранған Балта аулы еді. Ақтар өртеп кетті. Қазір Малжан ағашының тұсында ескі жұрт жатыр. Сол түні күлі ғана қалған Балта аулының жұрты. Адам баласының бір-біріне деген қаскөйлігінің ізі.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Көз байлана бере батқан машина түн ортасы ауғанша ырылдап қақпанға түскен андай тырмысып, біресе артқа шегініп, біресе алға ұмтылып жанталасқанмен төрт доңғалаққа желімдей жабысқан ми батпақ адымын аштырмады. Уақыт озған сайын еңселі ЗИЛ шөккен нардай ащылы жерге бата берді.

Дерягин мен Халел күрек алып, алды-артына жүгіріп, жолдың қыртысын қырып, қара суға түсті. Маңайда колға ілігер дәнеме жоқ. Екеулеп жүріп жол жиегіндегі қалың қауды жалаңаш қолымен жұлып, доңғалақ астына салады. Бір орында зыр айналған доңғалақ тікенек қауды көзді ашып-жұмғанша сазбен жентектеп, үгіп жібереді. Екеуі тағы жұлып әкеп салады. Бірақ одан да ештеме шықпайды.

Осы арпалыста жүргенде бір рет машина доңғалағы батпақтан сынық сүйем босап, қатты жерге табан тірегендей болып еді. Дерягин газдан аяғын босатпай жанталасып баса түсті. Машина да жақтауына дейін дір-дір қалтырап, ойбайын салып төрт тағандай тырмысқанмен болмады, артқы доңғалақтың бірі тағы шыр айналып, алдын оя бастады. Дерягин да машинаны сөндірместен астына салып жүретін май-май фуфайкесін жұлып алып табанына басып тұрып, екі өңірін дар-дар айырды да, доңғалақ астына күректің басымен нығарлап тұрып тықты. Машина тағы да жаны шыға ойбайлап, алға ұмтылды. Болар-болмас кедергіге тиген доңғалақ, тал қармағандай сөл әлденіп, алға жылжи беріп, енді шығам, енді шығам деп тұрғанда ми батпақ екі өңірді бірдей қылғып, жұтып жіберді. Доңғалақ тағы да бір орында зыр қақты. Алға ұмтылған машинамен бірге изендеген Дерягиннің кең кеудесі желі шыққан көрікше басылып, сылқ етіп отырып қалды. Доңғалаққа еңкейе қарап «иә сәт, иә сәт!» деп, бір қарыс жылжыса қуанып, маңдайынан шып-шып тер шығып тұрған Халелдің де еңсесі түсіп кетті. Енді құтылармыз-ау деген үмітті қоймалжың батпақ фуфайкемен бірге жұтып жіберді.

Дала көзге түртсе көргісіз. Жауын сабалап құйып тұр. Моторы сөнген машина қайранда қалған кемедей дәрменсіз. Бағанадан бері тырмысып-тырмысып қорыстан шыға алмай титықтаған малдай сауырын жауынға тосып, бүрісіп ұйықтап кеткен секілді.

Әшейінде ағылып жататын машина атаулының бүгін бірі жоқ. Әдейі қырсыққандай, алдынан да, соңынан да ешқайсысы кездеспеді. Ашу үстінде отырған Дерягин темекіні бірінен соң бірін тұтатады. Тар кабинаның іші қара ала түтін. Халел болса, үн-түнсіз ол отыр. Осы сәтсіздікке жалғыз өзін кінәлап, ләм деп аузының жігін ашуға батылы бармайды.

Дерягин мен Халелдің бел шешпей рейсте дамылсыз жүргеніне бүгін қатарымен бесінші күн болатын. Бұл уақытқа дейін Халел де машина жүргізуді игеріп, әжептәуір төселіп қалған. Қазір Дерягин екеуі рульге алма-кезек отырып, бірі жүргізсе, екіншісі жол бойы мызғып алады. Сөйтіп, күні-түні Тұғыржаптағы карьерден тас тасып, машинаны бір күн гаражға қойған емес.

Бағана, күн батар алдында, совхозға таяна бергенде трактор бригадасына тамақ таситын арбадан комбinezон киген біреу түсіп қол көтерді. Рульде отырған Халел машинаның қасына келіп тоқтатқанда бір-ақ таныды:

— Тамара!

— Халел! — Тамара өз көзіне өзі сенбеген адамдай тесіле қарап басқышқа секіріп шықты. Бұйрасы тарқай бастаған қою шашынан су сорғалап тұр. — Поздравляю!

— Рахмет! — Оның рульде отырғанын Тамараның бірінші көруі. Халел баранкені құшақтай ұстап, тәжірибелі шоферлерше маңғаздана қарап, шынтағымен сигналды басып қалды. — Отыр. Довезу!

Алпамсадай денесімен бір жағына жамбастай құлап, ұйықтап отырған Дерягин басын жұлып алды. Алғашқыда қайда тұрғанын білмей, терезедегі сорғалап аққан жауын бүршіктеріне қарап ұйқысын аша алмай отырды да, Тамараға көзі түскенде ез-ез боп, ұйып қалған денесін бірден жинап алды.

— Ә, көгершінім! Отырыңыз. Халел, валяй давай! Қызға орын бер. Енді өзім...

Халел ыңғайсызданып:

— Иә, иә, Тамара, ішке отыр, — деп кабинадан ата шығып кузовтегі тастардың үстіне барып отырды.

Дерягин Халелдің орнына жайғасты да, екінші жағындағы есікті шалқасынан ашып жіберді:

— Прошу, қарлығашым!

Бірақ Тамара ойламаған жерден Халелді таң қалдырды. Машинаның үстіне секіріп шығып, оның қолтығынан ала иық тақастырып үнсіз отыра кетті. Бұл не?

Дерягин есі ауып қалған адамша мең-зең боп, біраз отырды да, шыдай алмай, басқышқа шығып, кузовке көз тастады. Желкесін бере, жауын астында қолтықтаса қалған екеуді көргенде іштегі асау арыстан аласұрды. Аузына жаңа салған папиросын тұтатпастан жерге түкіріп, сарт еткізіп кабинаның есігін жауып алды. Жұлқа тартқан машина совхоз көшесіне кіргенше, ойлы-қырлы жермен құйындай ұшқан.

Халел бүгін бір кең көсіліп жатып демалармыз деп ойлап еді, бірақ ол ойы орындалмады. Сол кеште, сол ашу үстінде Дерягин тағы да жолға алып шықты. Халел оған қарсы сөйлеуді өзіне намыс көреді. Үйіне барып апыл-құпыл шай ішті де, қайта аттанды.

Бұл жолғы ұйықтау кезегі Халелдікі болатын. Совхоздан шыға бере, бұйыға түсіп қалғи бастап еді, Дерягин тағы бір өнер бастады. Жәшікшеден көк мойынды шығарып, қырлы стаканға толтыра құйып қағып алды да:

— Ал, мен ұйықтаймын. Карьерге жеткен соң бір-ақ оят, — деп еңсеріле түсіп қисая кетті.

Дерягиннің қыр көрсете сөйлегенін сезіп, Халел де үнсіз келісті. Және оның үстіне Дерягиннің:

— Егер жүргізуге әлің келмесе, жолдан шығып тоқтатарсың, торғайым! — дегені батып кетті.

Жол бағанағыдай емес, үсті-үстіне төпеп жауған жауыннан езіліп, кей жеріне қақ тұрған. Жүксіз ЗИЛ бас білмейтін асау тайдай бұлтақтап, жолдың екі езуіне алма-кезек соғылып келеді. Бұрын-соңды сазды жермен жүріп көрмеген Халелдің арқасынан шып-шып тер шықты. Әшейінде тақтай жолға салып қойсаң, гуілдеп зымырай беретін машина енді жалтыр мұздың үстіндегі қол шанадай тайғанап, әлсін-әлсін ауып кетеді. Талай күннен бері шала ұйқы боп, қажып жүрген Халелдің қары талып, біраздан соң бойынан әл кете бастады. Толқын аударған қайықтағы адамша дәрменсіз халге түсті. Әйтсе де анда-санда көзіне тығылған ұйқыны сергіп тастап, жауынды күнге тесіле қарап, бар күшін жинап, ыңылдап ән айтып, сергіп те алады. Бірақ онысы ұзаққа бармайды.

Өстіп келе жатқанда, Халел жолдың бір бұрылысында аңдамай ескі сүрлеуге түсіп кеткен. Сүрлеу жол көп ұзамай-ақ үй орнындай ащыға әкеп бір-ақ түсірді. Табаны жылбысқы май балшыққа тиген машина шыр көбелек айналып барып, төбеге ұрғандай бір орында ызындап тұрып қалды. Бұдан арғы әрекеттен түк шықпады. Алпамсадай «ЗИЛ» екі-үш рет ышқынып, жұлқып-жұлқып қалды да, үні өшті.

Ұйқысынан оянған Дерягин Халелдің орнына отырып көріп еді, ештеме шықпады. Одан кейінгі әрекеттері жаңағы. Ақыры амалы таусылып, міне, үнсіз отыр. Халелдің өзін кінәлі адамдай санау себебі де осы. Егер Тамара кездеспесе, бүгін бұл халге ұшырамас еді.

Бағанадан түнеріп отырған Дерягин дәл осы ойдың тұсында Халелдің ішіндегі сырын тап басқандай, орнынан ызбарлы көтеріле берді.

— Тұр орныңнан, — деп қысқа ғана әмір етті де, отырғыштың астында жататын ақ балтаны суырып алды. Қайың сапты балтаны алқымынан сығымдап ұстап, төне қарағанда, Халел жасқанып қалды.

— Соңғы рет ескертемін, — Дерягин Халелге тесіле қарады, — Тамара екеуміздің арамызға араласуыңның алды-арты осы болсын. Ол менің әйелім. Егер басыңнан айрылғың келмесе, онда шаруаң болмасын.

Дерягин кабинаның есігін сарт еткізіп жапқанда барып Халел бір-ақ есін жиды. Ұйқысы шайдай ашылып, терезеден тысқа қарап еді, ештеме көре алмады. Түпсіз қараңғы түн Дерягинді жұтып қойғандай үңірейіп тұр. Тек кабина қаңылтырына тиген жүз мың тамшы ғана тысыр-тысыр етіп Халелдің жиі соққан жүрегіндей билейді.

Халел жалма-жан тысқа атып шықты. Машинаны бір айналып түсіп, асты-үстіне үңіле қарады. Машина алқымына тығылған қоймалжың батпақтан басқа ештеме көрінбейді.

— Вася, Василий! — Халел екі-үш рет ышқына айқай салды. Бірақ ешкім оған қайырып үн қатпады. Тағы да айқайлады: «Вася, Васи-и-лий!» Жел аралас қара жауын даусын тұншықтырып, машинадан өрі асырмайды. Бағанадан бері тері басылып, бойы тоңазыған Халел жауын астында біраз айқайлап тұрды да, денесі суық жауыннан тітіркеніп қайтадан кабинаға кірді.

Далаға қарағанда кабина іші жып-жылы, Халел аздан соң маужырап, буын-буыны талып қалғи бастады. Бірақ ұйықтай алмады. Оның құлағынан жаңағы Дерягин айтып кеткен сөз шықпай қойды. «Тамара менің әйелім». Түсіндің бе? Онда шаруаң болмасын! Қалайша? Шынымен Тамара Дерягиннің әйелі ме? Онда неге бірге тұрмайды? Әлде айрылысқан ба? Егер олай болса, Тамара неге ол туралы айтпайды? Неге жасырады? Әлде өткен істі жаңғыртқысы келмей ме? Жоқ, мүмкін емес. Тамара әйел адамға мүлдем ұқсамайды. Бірақ... бірақ әйел адамға неге ұқсамайды деймін. Әйелдің маңдайына басқан таңбасы бола ма, мүмкін әйел шығар. Жоқ, жоқ, мүмкін емес. Ал, солай болған күнде менің не кінәм бар. Бар жазығым Тамарамен сырлас, ең жақын жолдасы болып жүргенім бе. Иә, мен бар болғаны жолдасымын ғой. Әлде жігіт пен қыздың жолдастығы сырт адамға ерсі көріне ме екен. Ө, мейлі, жұрт не десе, о десін, өз көңілімнің ақтығы өзіме аян. Ай, әйтсе де мен аңғармай жүрген шығармын. Шынында да Тамара сүйеге де, өмірлік жолдас болуға да жарайтын қыз. Адамды еріксіз баурап әкететін ғажап бір күш бар өзінде. Күш. Бірақ сиқыр емес. Мен өзім қыз баласының қасиетін осы Тамарамен танысқаннан бері біле бастадым. Өйткені ол ақ жарқын ғой. Өтірік қылымсу не тәлімсу жоқ. Тіпті өзің біле бермейтін кейбір жайларды әңгіме еткенде бүкпесіз ашық мінезіне іштей ырза болып отырасың. Сынай сөйлемейді, шынын айтып ақтарыла сөйлейді. Бірақ олай болса, Дерягин туралы маған неге айтпады екен?..

Ұйқы мендеп бұйығып отырған Халел осы ойдың тұсында елегізіп басын көтеріп алды. Құлағына алыстан тоқылдаған дыбыс келді. Жауын астында еміс-еміс естіледі. Бұл не болды екен? Балта үні — мынау Василий ғой. Ол не шауып жатыр? Бұл маңда не бар еді?

Халел тысқа шықты. Жауын әлі құйып тұр. Бұл қай түс? Шамасы сабалақ қопаның тұсы болу керек...

— Маскара... Қап!.. Халел балта дыбысы шыққан жаққа қарай жан ұшыра жүгіре жөнелді. «Василий! Вася» деп ұшып келеді. Жүгірген сайын «сен жеткенше мен де шаруасын бітірем» дегендей балта шыңылдап, өршелене түседі. Халелдің жүрегі ме, аяғы ма, балта ма, әйтеуір бүкіл дүние дүңкілдеп кетті.

«Сабалақ қопаның» бергі қырында атам заманнан бері тұрған қартайған жалғыз қайың болатын. Жергілікті халық мұны: «Киелі ағаш, пышақ тигізсең қан шығады, кескен адамның үрім-бұтағы құриды, өспейді», — деп аңыз ететін. Содан ба, әйтеуір жапан түздегі осы жалғыз ағаш қыз бетіндегі жалғыз меңдей жолаушыға нысана, белгі болып тұра беретін. Енді, міне, сол ағашты Дерягин құлатайын деп жатыр.

Халелге жалғыз ағаш кейінгі жылдары өте ыстық көрінеді. Осы арамен өткен сайын алыстан мұнартқан ақ қайың көзіне оттай басылып, оның селдір бұтақтарының арасында ағасы Жәлел отырғандай сезіледі. Халел дәйім Жәлелді есіне түсіретін-ді. Енді, міне...

Дерягин тыңға келгелі көресіні осы бір «боқмұрын» Халелден көрді. Тамара екеуі кездесе қалса-ақ ертегідегі ғашықтардай сағынып табысады. Тым құрымаса иық теңестіруге жарайтын өзіндей еңгезердей, қомақты жігіт болса бір сәрі. Былай қарағанда тартысуға да тұрмайтын көзге қораш баланың мысы басып кеткеніне Дерягиннің қаны қайнайды. Кейде оған шынын айтып, ағынан жарылайын деп оқталса да, шынашақтай баланың алдында мүләйімсуге намыстанады. Бірақ одан да ештеме шығатын емес. Тамараның бүгінгі қылығы жүрегіне қара пышақ сұғып алғандай мүлдем түңілдірді.

Осы уақытқа дейін Халелге қыз жайлы сөз етудің өзін артық көруші еді. Бірақ ол шыдамы да таусылып, жаңа барын айтып салды. Шынында да Дерягиннің өне бойы қалтырап, дірілдеп кеткен. Егер Халел сол арада қарсылық білдіріп аузының жігін ашса, бір сойқанның болатынына шәк жоқ еді. Бірақ қарсы адамның үндемегенінің де жанға бататыны бар. Шымырлап қайнаған ашу сыртқа шықпай, ішті өртейді.

Міне, жауын астында жалғыз ағашты тауып алған Дерягин бойындағы бар ашуын кәрі қайыңнан алды. Ниеті — жалғыз ағашты құлатып, машинаны батпақтан шығарып алу болса да, ұрынуға қара таба алмай тұрған жігітке бұл да демеу болды. Жапанда жалғыз өзі әлденемен айқасқандай сілтей берді. Әлі қайралмаған жаңа балта шақ-шақ етіп, қақ ағашқа бойлай алмаса да, ашулы жігіт бар пәрменімен шауып, жуан қайыңның бір бүйірін үңгіп барады. Тоқтаусыз шаба берді...

Жүрегі аузына тығылып, алқына жеткен Халел сөзге келместен көтеріле берген балтаға жармаса кетті. Алғашқыда сасып қалған Дерягин бұл ісін басқаға жорып, балтаны ағаштың түбіне тастай берді де, баланың алқымынан ала түсті. Бұрын қарсылық көрсетпеген адамға қол көтерудің ретін таба алмай жүрген Дерягин енді аянбады. Халелдің жағасынан бүрістіре ұстап, өзіне қарай жұлқи тартты да:

— Сен боқмұрын, қыз сүю ғана емес, төбелесуді біледі екенсің ғой, — деп қақ шоқпардай жұдырығымен Халелдің жағынан сарт еткізді.

Незік бала шылқылдаған қалың қауға мұрттай ұшты. Бірақ ет қызумен тәлтіректей басып қайта тұрды да, балтаға қарай ұмтылды. Ойы балтаны құлашы жеткен жерге дейін лақтыру еді. Бірақ Дерягин мұны да басқаша ұқты. Халелді балтаға жеткізбей ұстап, тағы да ұрып құлатты. Бұл жолы Халел қайтып тұра алмады. Еңгезердей жігіт оның өңменінен басып тұрып:

— Сен мені балтамен өлтіргің келеді, ә, көгершінім. Еше нос недорос! — деп мытып жіберді.

— Вася, ағашты шаппашы, — деді Халел тілі күрмеліп. Бұдан әрі басы зеңіп, ештеме айта алмады.

— Ағаш түгіл, сенің басыңды шабу аз әлі. Енді сен менен даланың ағашын да аяйын дедің бе?

Дерягин тістенген күйі балтаны алып, жуан қайыңның екі жағын алма-кезек кертіп, сілтей берді. Халел бұдан әрі ештеме естімеді. Соңғы сөзінен кейін көзінің алды қарауытып, бүкіл жер айналып, дыңылдап кетті. Тек жалғыз ағаш қана мұңын шағып, сыбырлағандай болды.

Иә, оның көңілінде жапандағы жалғыз қайың сөйлеп, сыбырлап тұрды. Халел көзінен жасы сорғалап, тыңдап жатты:

«Халел, сен мені көрген сайын көзіңе жас аласың. Білемін. Туыс жолы бір бөлек. Бірақ тумaq бар да, өлмек бар. Біреудің өлімі оттан, біреудікі судан. Бүгін, міне, маған да ажал жетті. Өкінбеймін. Әлі де бір кәдеге жарасам, сол жетеді. Сен мені арашалап алып қалмай-ақ қой. Тек тыңдай бер, Жәлелдің жайын мен саған түгел айтып кетейін. Тыңдай бер.

Сол жылғы март айы — боранды ай болды. Бұл өңірде март айында ұдайы боран соғып, көзді аштырмай алай-түлей түтеп тұратын ежелгі әдеті ғой. Әйтсе де сол жылғы боранның ұсқыны бөлек, төтенше еді.

Қас қарайған мезгіл болатын. Түс ауа басталған жаяу борасын бұл кезде көтеріліп, жапанды кезіп ысылдап құтырынып алды. Менің селеу тартқан селдір шашымды өткір жел қайта-қайта жұлқылап дудыратып жіберді. Кәрі арқамды қайыстырып, теңсеп-теңсеп қояды. Сонда да бораннан еңсем биік еді. Осынау жалпақ өңірге ақ тозаңның үстінен қарап тұрғам...

О, жасаған, сол бір түнді есіме алсам-ақ бүкіл тамыр-тамырым солқылдайды. Мені әлдилеп, тамырыма нәр беріп өсірген аяулы жер де менімен қоса тебіреніп, солқылдап жылағандай болады. Құндақтағы сәбидей мен де егілем. Қазір менің қартайған шағым. Көктем шыға екі бұтағым ғана көгеріп, жапырақ жаяды. Сол жапырақтарым әлгі бір сұмдық түнді есіме алған күні, ертеңінде сарғайып үзіліп түседі. Енді мен сол түнді саған түгелдей айтайын. Саған ауыр тиетінін білем. Бірақ айтып кетуге қарыздармын. Себебі, ол жайында осы жалпақ жонда менен басқа білетін ешкім жоқ. Иә, қас қарайып, ел орынға отырған мезгіл еді. Сонау алыстағы ауылдардың оты болмашы жылтырап тұрған. Біраздан соң олар да біртіндеп көздерін жұмып, жапан түз қайтадан үңірейіп, есіз тартты. Бүкіл ен даланы, сай-сала, қойнау-қойнауы кезіп, ұйтқыған боран ғана емін-еркін асыр салып ойнақтайды. Бір мезетте ақ түтек боран астында Сабалақ қопаның бауырынан бері қыбырлап шыққан шаналы біреу көрінді. Жалғыз жолаушы. Түн қатып келе жатқан ол сенің ағаң Жәлел-ді. Бетке сабалап соққан желге қарсы жүрісі шабан. Болдырған ат аяғын санай басып, ілбіп келеді. Алдамшы боран кейде сәл толастағанда, шана үстіндегі адам да анық көрінеді. Тіпті шана соңында келе жатқан иттері де бар.

Иә, мен алғашқыда осылай жаңылдым. Бақсам, ит дегенім дала бөрісі екен. Қысқа жүндері түлеп, жонданып алған азулы қасқырлар жалғыз атты жолаушыны басынып алды-артын орай бастады. Боранмен бірге асыр сап, бірде шананы жанай өтсе, бірде тұп-тура ағып келеді де, жолаушының қамшысынан сескеніп кілт бұрылып, омбы қарға омақаса құлайды. Бірақ соның бәрі олар үшін ойын секілді.

Енді бірде екі қасқыр қатарымен ойқастай шауып аттың алдынан шығып шегіншектеп тұрды да, тайдың тұяғындай жалпақ табандарымен қарды бұрқыратып шаша бастады. Қар емес, жолаушыға ажал шашып тұрғандай. Бағанадан қыбырлап келе жатқан ат та төбеге ұрғандай мелшиіп тұрып қалды. Боран ішіндегі шаналы адам әп-сәтте түк көрінбей, аппақ құйынның арасында жоқ боп кетті. Одан арғысын көп уақытқа дейін байқай алмадым. Ішін тарта үілдеген асау жел тағы да ышқына көтеріліп, мидай даланы да сапалақ қарға көміп жіберді. Қолға түскен жалғыз адамды тәлкекке салып, бүркеп тастаған есірік боран біраз уақытқа дейін жасырып, көзден тасалап тұрды да, ал енді көре ғой дегендей әр жерінен бой-бой боп сөгіліп аздан соң жыртиып тағы ашылды. Мен буын-буындарымды ұстай алмай, теңселіп кеттім. Жалғыз адамның тағдырына қарап тебіреніп, бас шайқап егіліп тұрдым. Лағнет жауғыр дала тағысы болдырған дәрменсіз жануардың төрт аяғын көктен келтіріп, қарнын ақтарып сапты, үйірлі қасқыр аш кенедей жабысып, жылы етті қомағайлана асап жатыр. Ал Жәлел болса, қалың қарды омбылап, бір жығылып, бір тұрып, маған қарай ұшып келеді. Артына да қайырылып қарауға мұршасы жоқ, тек алдында қарайған менен пана іздеп, жанталасады. Осы бір қарға адым жер оған үлкен бір өмір өткеліндей. Қазір, міне қазір сол өткелдің омыртқасы үзіліп, терең бір тұңғиық құзға құлап кететіндей, екі қолы ербеңдеп, адымдай түседі. Міне жеттім, енді жеттім дей бергенде, тұмсығын жылы қанға тыққан қасқырлардың бірі басын көтеріп алып, осылай қарай оқша атылды. Тағы бірі шықты соңынан. Ақ боранның ішінде кебінін сүйреткен тажалдай азуын ақситып әлгіндей болмай жетіп қалды.

Мен өз дәрменсіздігіме бірінші рет күйіндім. Өттең, аяғым жоқ. Менен пана іздеп келе жатқан адам баласына қарай жүгірер едім. Тезірек қол ұшын берер ем. Қағып алып иығыма қондырар ем. Өттең, аяғым жоқ. Ал жолаушы болса, екі қолы ербеңдеп, барын салып, жанталасты. Мен бұтағымды созып иіліп, құшағымды жайдым. «Жүгір, жүгіре түс, енді бір-екі аттасаң, жетесің», — деп бар бұтағым соған қарай ұмтылып, жел өтінде шулап тұрды.

Жоқ, шулап тұрған жоқ, аянышты үнмен жылап тұрды. Сонау ойдағы ордалы қасқыр әлгіндей болмай аттың орнын жып-жылмағай етіп, бері қарай өре шапқанын көргенде Жәлелдің ендігі тағдыры да сол аттың халіндей елестеп кетті.

Жоқ, адам қолы ілікті бұтағыма. Бірақ қан сорпа боп шаршап-шалдығып жеткен адам қолы бұдан екі-үш жыл бұрын бойынан жан кетіп құраған қу бұтаққа ілігіпті. Қанша ауырлағанмен мықшия көтеріп бағып ем, болмады, сықыр-сықыр етіп барып кәрі бұтақ шорт үзілді. Адам құлап түсті. Жан дәрменде атып тұрып тағы да созылып еді, бұл жолы биік бұтаққа қолы өрең жетті. Қайта-қайта тартылды. Бірақ өз денесін өзі көтеруге мұрша жоқ. Салбырап тұр. Неге ғана бұтақтарым төмен болмады екен деп күйіндім.

Тап осы кезде дәу арлан да жеткен. Қанша дәрменсіз болғанмен адам баласын келе бас салуға батылы жетпей, ағып өтіп қайта бұрылды. Екінші жолы желкесі күдірейіп, аузын арандай ашып тұра шауып еді, бағанадан бері есі шығып шешуге де мұршасы болмай келе жатқан Жәлел үстіндегі қара тұлыбын сыпырып тастап, ақтық күшімен көтерілгенде, кеудесі тиді бұтаққа. Осы мезетте қаптап жеткен ақ кебінді бөрілер тұс-тұстан арылдап кеп, төменде жатқан тұлыпты бас салды. Дар-дар айрылған жұмсақ тері жапырақ-жапырақ бөлініп, өр ауызда кете барған.

Бірақ қасқырлар бір атқа қанағаттанып, ұзай қоймады. Қайта ажал аузынан құтылған адамға ызалана түскен секілді. Биікке шалқая қарап аласұрды. Бір орында тағаттамай, үйіріле соққан долы боранмен бірге шыр көбелек айналады. Қайсыбірі іші күйгендей айнала шауып келеді де, дәл түбіме тұрып алып, аяғымен қар боратады. Енді бірі өшімді былай алайын деп мазақтағандай, аяғын көтеріп тұрып, балтырыма сарып кетеді. Кейбіреуі анадай жерге барып шоңқиып отырады да, тұмсығын аспанға көтеріп, ішін тартып ұзақ ұлиды. Анда-санда алыстағы төбелердің бауырынан дала бөрілері бұған әлсіз үілдеп үн қатады. Тек бәрін бастап жүрген кәрі тарлан ғана қалың қардың үстінде сұлай түсіп, басын екі аяғының арасына тығып қанталаған қызыл көзінің қиығымен аңдып жатыр. Тырп етпейді. Жәлел болса қымтана түсіп отыр. Тым болмаса, тұлыбын да ала алмай қалды. Үілдеген жел өтінде пана таба алмай бұтаққа жабыса түседі. Қырауытып шаңытқан бұтақ не пана болушы еді.

Иә, жапырақ демекші, менің есіме өткен бір оқиға түсті.

Бұдан бес-алты жыл бұрын, Халел, есінде ме, Жәлел, Ақбөпе үшеуің шілдеде арбамен жидек тердіңдер ғой. Сен онда кішкентай бала едің. Ақбөпе де әлі аузынан мәйегі шыққан бүлдіршіндей жас қыз болатын. Сен жидектің қызығына түсіп қалың шөптің арасында жатып ап, біресе аузыңа, біресе тобатайыңа салып жүргенде, Жәлел мен Ақбөпе бірін-бірі қуып ойнап, маған қарай жүгірген. Ақбөпе Жәлелден бұрын жетіп, бұтақтан бұтаққа тиінше секіріп, жоғары қарай көтеріле берді. Анда-санда төмен қарап, соңынан келе жатқан Жәлелге: «Тез-тез бассаңшы аяғыңды, өзің шабан екенсің ғой», — деп аппақ маржандай тістері ақсиып сықылықтап күледі. Жәлел болса, шалқалай қарап: «Жетеді енді, тоқта, басың айналады», — деп өрлеп келеді. Бір кезде «ой!» деп Ақбөпе жуан

бұтақтың біріне отыра кетті. «Не болды» деп көзі шарасынан шыққан Жәлел жан ұшырып Ақбөпеге жетті. Ал Ақбөпе болса, жас балаша бұртиып «өзің кісіні асықтырасың» деп тізесін сипап отыр. Мап-майда мінсіз тізенің үстін бірдеме сызып кетіпті. Болмашы ғана қан көрінеді. Жәлел «байқасаң етті» деп еңкейе берді де, аппақ тізені қайта-қайта сүйді. Тап сол кезде сен де келіп, төменнен қарап тұрғаның қайда, Халел. Онда мен қазіргіден биік ем. Қалың жапырақтарымды жерге қарай төгіп жіберіп, осынау өңірге сылана қарап тұратын аппақ сұлу қайыңның өзі едім. Әсіресе, ең биікке шығып екі жас құшақтасып отырғанда мені сырттан қарасаң. Менің кемеліме келіп арудай бой түзегеннен бергі ең сұлу, көрікті кезім сол бір шақ болу керек.

Енді, міне, сидыған тарбақ бұтақ жылусыз селтиіп, Жәлелді бір түн сақтауға жарай алмай тұр. Жәлел көпке дейін аяқ-қолын қозғап, қалайда үсімеудің шарасын көздеп отыр еді, біраздан соң одан да қалды. Жалпақ белдігімен өзін-өзі маған байлап, айыр бұтаққа атша мініп отырған қалпы қалғып кетті. Анда-санда шошып оянады. Оянады да, далаға қарап қайта қалғиды.

Қыс түні қандай ұзақ. Әсіресе асыға күткенде түн көрпесін қалың бүркеніп, томсырайып түнеріп тұратын әдеті емес пе. Ұзақ түн міз бақпай жатып алды.

Әлден уақытта барып түн көрпесі де түріліп шығыс жақтан ала сәуле көрінді. Осы кезде ысылдай соққан боран да толастап басылған. Таң сәулесі бірте-бірте биіктеп аспанға мол жайылып келеді. Алағаншық жаяу сырғыма да түні бойы тынымсыз соққан ақ сапалақ боран орнын сылап-сипап, шетсіз-шексіз ұзын жыландарша қатар түзеп, батысқа қарай ирелеңдей шұбатылып кетіп жатыр. Көшіп жатыр. Алыстан ауыл иттері жылы қораның ішінен бір-екі рет маңқ етіп тұншыға үрді. Біз де ояндық деп хабар бергендей. Сонау сай жиегінде қалқиған үйлердің төбесінен жіптіктей сұйық түтін көрініп, лезде қоюлана түсті. Уақыт өткен сайын ауыл маңында адам, мал даусы шығып, шыңылтыр қар сықырлай бастады. Ел орнынан тұрды. Шығыс жақ аспан беті қара қошқыл сәуледен күреңітіп барып, әлден уақытта қызыл арайға малынды. Қылт етіп отты күннің маңдайы да көрінді.

Сонда ғана торуылдап жатқан салбөксе қасқырлар кебіндерін сүйретіп, жылысып кете бастады. Әуелі аяңдай басып еріншек жылжыған дала бөрілері бір қыр асқан соң ғана сөлендеп жеңіл жортаққа ауысып, қаралары өшті.

Сол таңда қып-қызыл боп арайлап шығып келе жатқан алтын табақ күн де маған бұрынғыдан ерекше көрінген. Бар бұтағыммен иіліп, оған тәжім етіп тұрдым. Қуанышым қойныма сыймай: «Тұр, Жәлел, тұр. Оян. Мен сені бөрілердің азуынан сақтап қалдым. Әттең оларды қуа алмадым. Оларды қуған күн. Қарашы әне, күн шығып келеді. Қандай әдемі. Ауыл да оянды. Тұр енді, Жәлел, әне ауылың да тиіп тұр. Үйіңе бар. Тұр»,— деймін. Бірақ, Жәлел оянбады. Ол мәңгі ұйықтап кетіпті».

Су қауданда жатқан Халел басын оқыс көтеріп алды. Кәрі қайың ащы сықыр етіп, бір жамбасына қарай дүңк етіп құлады. Мең-зең болып, ағасының өлімін еске алып жатқан Халелге жалғыз ағаштың басында отырған Жәлел де қазір бірге сылқ етіп құлағандай сезілді. Бірақ оны Дерягин қайдан білсін, қарт қайыңның бұтақтарын балтамен отап түсірді де, қолтығына сыйғанша алып, дырылдата жөнелді.

Тек машинаға жете бергенде ғана Халел маған «ағашты шаппа» дегендей болып еді. «Онысы несі» деді іштей. Бірақ қайтып оған оралған жоқ.

Ал Халел болса көзінен жас парлап келеді. Олай-бұлай машинамен өтіп жүргенде алыстан бұлдырап көрінетін жетім ағаштың ұшар басына қарап: «Жәлел, мені көрдің бе, мен шофермін, жұмыс істеп жүрмін»,— деп іштей үн қатушы еді. Ағаш басында дәйім Жәлел отырғандай көрінетін. Енді қу бұтақты сүйретіп келе жатқанда күнде алыстан көретін Жәлелімен біржола қоштасқандай болды. Енді ол жоқ.

* * *

Таң сәріде келген Халел күн көтерілгенше тұяқ серіппей қатып ұйықтап жатыр еді, бетіне мұздай су тигендей тітіркеніп көзін ашып алды. Басында Ақбөпе отыр. Қолында суға малған мол шайы орамал, қалың қою шашы бір жақ иығына төгіліп, үлкен бота көзі мөлдіреп, аянышпен қарап отыр. Халелдің көзінің алдындағы ісікті орамалмен қайта басты да:

— Тұр, Халел, жұмысқа баратын уақытың болды, — деп естілер-естілмес сыбырлады.

Халел басын көтерді. Ісіктен бе, ұйқыдан ба — көзі жұмыла береді. Күн сәулесі құйылған тапал терезеге қарап еді, түнгі жауын ашылып, дала сергіп қалған екен. Аспандағы ала бұлт жарықтан қорғалаған тарақандай тым-тырақай қашып, жөңкіліп барады.

Өкшесін қадай басып үйге Қарасай кірді. Түксиіп есік алдынан бері аттамай тұр. Үнсіз қалған Халелге бір, Ақбөпеге бір қарады да, аузынан жіп шұбатып тастағандай сыр еткізіп пешке қарай сыздықтата түкірді. Халел де көзінің астымен арбасып, «құлағым сенде» дегендей түнеріп отыр.

— Өзіңді өлімші ғып сойған екен, бәлем саған сол керек, — деп Қарасай көзін тайдырып әкетіп, қалтасынан шақшасын алды да, ерніне жарты уыс насыбайды сала беріп, «жас отаудың» отына май құя салды. — Ана бір шашы жалбыраған сары сайтанмен әмпәйлығың ұнамап еді, ақыры осыған әкеп соққан екен. Бұл аз әлі. Әлі далада өлігің қалады сенің.

Ақбөпенің айшық қасы дір етіп орнынан тұрып кетті. Халел үнсіз. «Апырау, Дерягиннің ұрғанын қайдан естіп қойды?»

— Өлетін бала молаға қарай қашады демекші, тұзшының итіндей ілесіп, бір машинаға таласып, жабысып жүрсің. Сондағы бір айлық табысың бір базардан түскен түсімге жетпейді. Ата тегінде сендей намыссыз ешкім жоқ еді, кімге тартып қор боп тудың. Айтпайын деп-ақ жүр ем. Түнеугүні бар малды қасқырға жегізіп, айдалада жалбыр шаш періқауыммен есің шығып жүргеннен-ақ сезгем. Ақыры сол үшін совхозға жұмысқа кірдің. Ақбөпе кімнен кем.

Көзім тірі тұрғанда бұлай басындырмаймын. Сен керексіз етті деп, біз керексіз ете алмаймыз. Тұрады екенсің — совхозға баруыңның алды-арты осы болсын. Барады екенсің — бір жола кет. Ақбөпеге де рұқсат бер.

Қарасай жұлын тұтып шығып кетті.

Халел бетінен басып отыр. Ақбөпенің алдында не деп ақталарын, немен арыларын білмейді. Бірақ ақталудың қажеті қандай? Өттең, Ақбөпе Халелдің Жәлел үшін таяқ жегенін білсе?.. Не істеу керек? Бәрін тастап оқуға кету керек пе? Сонда құлағы тыныш болар еді. Халел Ақбөпенің жүзіне қарай алмай, жасқаншақтай беріп еді, жеңгенің өзі тілге келді.

— Халел, тұр, жуынбайсың ба. Тамағыңды іш. — Тіпті даусы да өзгерген жоқ. Сыңғырлаған қалпы.

Халел тамақ ішіп отырып күңк етті:

— Енді жұмысқа бармаймын, — мұнысы әлгілерді жуып-шаю еді.

Ақбөпе күліп жіберді:

— Ол не деген сөз. Бетіңдегі таңбадан ұялып отырсың ба? Ештеме етпейді. Ертең-ақ басылады. Қане тездет. Жұмысыңа бар, — деді де бір шыны сүт, май, нан орап салған ескі портфельді есік алдына қоя берді. — Тағы да тас тасисыңдар ма?

— Иә, күзгі егінге дейін тас тасимыз, — деп арқасы кеңіп орнынан лып етіп тұрған Халел жолдағы портфельді іліп алып тысқа шықты.

Орайы келді деп, Халелдің ұрылғанын жебеу етіп Қарасай совхоз кеңсесіне дігірді сала кірген:

— Жолдас Моргун, бұл не бассыздық?! Кімді басынасыңдар? Баламды жұмысқа берсем, таяқ жесін деп бергем жоқ. Көгала қойдай ғып сабайтындай оның жазығы не?! Бүгіннен бастап Халелді босатыңдар.

Моргун түсінбей қалды.

— Ол не, ақсақал? Не жөнінде айтып тұрсыз? Түсіндіріңізші, дұрыстап.

— Қарамағыңдағы адамдарыңды білмейсің. Оның не түсінетіні бар. Халел соққыға жығылып үйде жатыр. Таңертең не болса да ана қасындағы жігіттен келді. Мейлі оны түтіп жесеңдер де өздерің біліңдер. Менің айтарым, енді Халел жұмысқа шықпайды, шаруаларың болмасын, — деп Қарасай шыға бергенде Райхан кірді ішке. Қарсы келген Райханды киіп-жарып өте алмай кейін қағылған Қарасай алғашқы қарқынынан айрылып кібіртіктеп қалды.

— Бұл не айғай! — деп Райхан орнына барып отырғанда ғана күмілжіп тілге келді.

— Совхоз, совхоз деп Халел үйде отыра алмай жұмысқа тұрып еді. Совхоздарың мынау болса, жетіседі екенбіз. Бір ай болмай жатып көрінгеннен таяқ жесе, ертеңгі күні бір шұңқырда өліп қалмасына кім кепіл.

Райхан салқын жүзбен сызданып отырды да:

— Сіз совхоздың болашағы үшін қам жемей-ақ қойыңыз. Балаңызды жұмыстан алғыңыз келсе ешкім қолыңызды қақпайды. Ал енді оның кімнен таяқ жеп, соққы көріп жүргенін білейік. Алдын ала

апшыңыз қуырылмасын. Бізде одан басқа да жұмыс жоқ емес. Бара беріңіз, — деп кеңседе отырған бір жұмысшыға бұрылды.

Бұл кезде Халел кешегі жауында салтақ-сұлтақ батпақ болған гараждағы машинасын жуып жүрген. Путевка толтырып шыққан Дерягин оның ту сыртынан келді, бір жақ шекесін шүберекпен байлап алған — жаралы Халелден іштей ұялса да, бағана Қарасайдың келіп кеткені есіне түскенде зығыры қайнады:

— Сен немене үйіңе шағым етіп жүргенің. Қиратарсың. Сендейлердің талайын көргеміз, — деп қасынан күжірейіп өте берді. Халел «шағым етіпсің» деген жалаға намыстанып өртеніп кете жаздады. Бірақ ештеме демеді. Кешегі соққыдан тамыры қызарып қанталаған зәрлі көзімен ызалана қарады. «Әттең кішкентаймын, әлім жетпейді. Шіркін-ай!» деп іші қазандай қайнайды. — Ал, көгершінім, менімен жүру бұдан былай тіпті қауіпті болуы мүмкін. Кім біледі. Ертерек жылы орын тауып алғаның дұрыс болар.

Халел бар өшін машина капотынан алардай, су шүберекпен ысқылап жүр. «Көрерміз кезінде».

— Дерягин, Талжанов, — деді жаңа Райхан жіберген жұмысшы келіп, — сендерді кеңсеге шақырып жатыр.

— Кім ол? — деп Дерягин кабинадан басын шығарды.

— Моргун, Райхан Сұлтановна. Сендерге не жетпей жүр? Төбелескенсіңдер ме, немене? — деп әлгі жұмысшы кетіп қалды. — Ал тез келіңдер!

— А-а, сен бастықтарға да арыз еткен екенсің ғой. Мә, — деп Дерягин тұлданып кабинадағы Халелдің фуфайкасын, тамақ салған портфелін есіктен лақтырып жіберді. — Бар, айт. Мен келмейді де. Бәрін айт. Мені ұрды, енді бірге барсам тағы ұрады де.

Дерягин машинасын гүр еткізіп, кете барды. Халел намыстан жарылып кете жаздап келеді. Жалғыз қалған соң амалсыздан кеңсеге беттеді.

— Дерягин қайда? — Моргун көзінің алды көкпеңбек Халелге қарап, бұған кінәлі кім екенін салған жердей білді.

— Қайдан білейін... Мені неге шақырдыңыздар?

— Бетіңе не болған, Талжанов? — Райхан аянышпен қарағандай болды. — Кіммен төбелесіп жүрсің?

— Ешкіммен де төбелескен жоқпын. Машинаға соғып алғам... Басқа сұрақтарыңыз жоқ па?!

Ашына сөйлеген баланың мінезіне Моргун күліп жіберді.

— Сен өзің біз ұрғандай болып тұрсың ғой. Машинаға соққан бет ондай болмайды, мынау ғой, — Моргун балғадай жұдырығын көрсетті. Бұрын боксшы болған директорға Халелдің бетіндегі әр таңбаның қалай түскені, қалай соғылғаны бес саусағындай. — Ештеме етпейді, тойға дейін жазылады. Бірақ сендерге не жетпей жүр? Дерягин ішіп алған жоқ па еді? Ол өзі ондайды ұнататын көрінеді.

— Ештеңесін білмеймін... Маған енді кетуге бола ма?

— Жоқ, әуелі тыңдап ал, сосын бір жола кетерсің мүмкін, — деп Райхан әдейі сынай қарады. — Сенің совхозда жұмыс істеуіңе туғандарың қарсы көрінеді...

— Меніңше онжылдықты бітірген адамның өз еркі өзінде шығар. Жұмыс істеймін бе, істемеймін бе, оны өзім шешуге праволы болармын, — деп Халел әкесінің бүлдіргенін түсіне қойды.

— Солай болса, біз сендерді бір машинаның ішінде төбелестіріп қойып отыра алмаймыз. Не үшін Дерягин сені ұрды?

— Оны несіне сұрайсыздар. Менің жұмыс істеуіме оның қандай қатысы бар. Мен сіздерге шағым еткен жоқпын ғой. Таяқ жеген мен екенмін, онда жұрттың шаруасы қандай?!

Райхан да, Моргун де Халелдің мінезіне іштей күліп отыр. Әйтсе де енді оларды шиеленістіре беруге болмайды.

— Жарайды, — деді Райхан, — егер жұмыс істегің келсе, Морозовқа бар да айт. Мастерскойға ауыстырсын.

Халел шоршып түсті:

— Райхан апай, мен Дерягинмен бірге істеймін. Неге одан айырасыз. Менің кінәм не? Райхан апай, Федор Васильевич, — деп қанталаған қызыл көзі жасаурап екеуіне алма-кезек қарады. — Тым құрымаса біраз істейін де.

— Жоқ, Халел! Сен түсінбей тұрсың. Мастерскойға баруың өте қажет. Сынған машиналарға ремонт жасауды үйренбей тұрып, жақсы шофер болуға болмайды. Тіп ал... бар енді... Онда көзің қанады, өзіңе жақсы... Ал, Дерягинмен кейін сөйлесейік...

— Райхан апай, мен үшін сөйлеспей-ақ қойыңыздар...

«Қап, Дерягин енді Мені қорықты дейді-ау», — деп Халел іштей намыстанып гаражға қарай аяндады.

* * *

Қарасай Райханның шақыртуымен совхоз кеңсесіне қарай келе жатыр. Ол осы шақыртуды «Жаңа талап» колхозы совхоз бөлімшесіне айналып, партия ұйымы осы орталыққа көшкеннен бері күткен еді. Сондықтан да алдын ала дайындап жүретін сөздерін тағы да саралап, іштей пысықтап келеді.

Бас инженердің шағын бөлмесінде төрт-бес адам отыр. Бәрі орыс. Қарасай ауыл қазағының дәстүрімен есікті қақтап ішке енді де, табалдырықтан аттар, аттамаста:

— Ассалаумағалайкө-ө-м, — деп даусын көтере шығарып, босағада тұрып қалды.

Төртегі жұпыны стол басында отырған Райхан күнде араласып жүретін адамынша Қарасайға самарқау ғана басын изеп:

— Здравствуйте, присаживайтесь, — деп қатардағы орындықтардың бірін иегімен нұсқады. Қарасай ойлағандай Райханның өңі еш құбылмады да, өзгермеді де. Салқын қалпынан ауған жоқ.

Оның орысша амандасқанын Қарасай «менімен орысша сөйлесіп, мына адамдардың алдында біраз алқындырып алайын деп отыр екен» деп жорыды. Жиі-жиі қала шығып, сауда жасаумен жүріп, орыс тілін әжептәуір игергенмен, Райханның алдында шешіле сөйлеуге өзінің орысшасын қораш санады. Енді көкірегінде сайрап тұрған талайдан бері жиналған сөздерін іштей орысшаға аударып, үнсіз отырып қалды.

Бірақ Райхан тағы да ойлағанынан шықпады. Қасындағы адамдардың бас-басына жеке тапсырыс беріп, қоштасты да, жеке қалған Қарасаймен қазақша сөйлесті.

— Ал, сізді шақыртқан себебім мынау, — деп, Райхан орнынан тұрып терезе алдына барды. Бұдан арғы сөзі «енді совхозда сен тұрасың не мен тұрамын» дейтіндей көрінді Қарасайға. Бірақ ол сөз айтылмады. Жасынан орыс мінезді боп өскен Райхан бұрынғы еткендерді кек алмайтын да шығар. Оны уақытқа байланысты нәрсе деп ұмытып та кеткен болар. Кім білсін? Әйтеуір, ескі жараның аузын ашқан жоқ. Тек, Қарасайдың бүгінгі тұрмысының төңірегінде байсалды сөйлесіп отырып, енді менің шеңгелімдесің дегенді сездіргендей болды.

— Өзіңіз көріп отырсыз, тың даласына еліміздің бар түкпірінен, жер-жерден адамдар келіп, үлкен іске үлес қосып жатыр. Ал, «Жаңа талап» колхозы осы совхоздың бөлімшесіне айналғалы біраз уақыт болды. Содан бері сіз секілді жергілікті адамның қол қусырып отыруын қалай көреміз?!

— Мен, енді...

— Ия, сіз қол қусырып та отырған жоқсыз. Қолыңыздағы малыңыздың төңірегінен шыға алмай жүрсіз. Оны қалай деуге болады?

Осы бір сұрақ қойылар деп келген Қарасай бұған дайындаған жауабын осы арада іркілмей айтты.

— Сол малы бар болғырдың өзі бір-ақ күнде көбейді ғой. Колхоздың жылда еңбеккүнге берген малын алмаушы едім. Табында жүріп көбейе беріпті. Колхоз тарағанда малды ақшаға шағындар деп ем, правление оған келіспеді. Енді өзі де итке-құсқа жем боп таусылды. Тіпті содан құтылғаным да мың да бір тәубе айтып отырмын, — деп рабайсыз күлді. Қанша дайындалған сөз болғанмен, жатық шықпағанын өзі де сезді. Райхан да сараң ғана езу тартты.

— Малыңызды шаш, итке-құсқа жем ет деп отырған мен де жоқ. Бірақ қоғам жұмысына, халық қызметіне араласу ең басты міндетіміз емес пе.

— Әрине, о не дегеніңіз. Бірақ... бірақ... — деп, Қарасай көмейіне тірелген сөзін айта алмай қалды.

— Иә, айтыңыз, айтыңыз. Онша удачный болмаса да: «ауызға келген сөз түкірік, жұтып қойса мөкүрік» деуші ме еді, қалай...

— Басқа пәле тілден, — дейтін де мақал бар ғой.

— Сіз сөзден тартынбаңыз. Кейін өз сөзім өзіме жау боп шығар деген ойдан аулақ болсаңыз қайтеді.

Қарасайдың көңіліндегі де осы қауіп еді. Тіксініп қалды. Бірақ енді жалтарарға жол таба алмай, ойындағысын аңдаусыз айтып салды:

— Бұрын совхоз жерінде қызмет етіп көрмеген басым қорқа берем. Аудан орталығына көшіп барып, ендігі қалған өмірімді қолымнан келетін бір кішігірім қызмет істеп, ондағы балаларыммен де бір жерде отырсам ба деген ойым бар еді.

— Сонда қалай, — Райхан Қарасайға сәл қабағын шыта қарады. Қарасай тіке қарай алмай көзін алып қашты. — Бұрын жалғыз үй отырғанда ол туралы ойламай, совхоз орнаған соң ат-тоныңызды ала қашпақшымысыз? Аудан орталығынан табылған жұмыс совхоздан табылмайды деп қорқамысыз?

— Райхан, сен әлі де маған өкпелейді екенсің ғой... Әрине оның орынды. Бірақ сөзді осылай бұрмалауға бола ма? Мен адал, шын көңілімді ағымнан жарылып айтып отырмын. Егер қолымнан ауыр жұмыс келмесе қайтем. Қартайған шағымызда құр шабуылдай бергенмен бола ма? Кеше соғыс жылдары, елде ер-азамат жоқ кезде атқардық. Ал қазір...

— Қазір де атқара аласыз. Көңіл жүйрік, жүрек таза болса бәрін де істей аласыз. Қолыңыздан келетін жұмысты береміз. Істейсіз. Ойланыңыз. Енді бұлай жүрудің орны жоқ. — Райхан білегіндегі сағатына қарады. — Ал ғапу етіңіз, бригада басына барушы ем. Есіңізде болсын, әлгіндей өкпе, бауыр дегенді бұдан былай жаңғыртпайтын болайық.

Сөз осымен тамамдалды.

Қарасай бір асылын жоғалтып, іздеген кісідей үнемі жерге қарап жүретін адам. Қазір де кеңседен шығысымен басын төмен тұқыртып, күдірейген жауырынды иығы құнысып ойға түсті. Өзін кінәлап келеді: «Апыр-ай, мен осы бекер үрейленіп жүрмін-ау. Өлгінің алдында тым жасықтық көрсеткен жоқпын ба? Неге екі иінім төмен түсіп кетті? Қайта бетінде шіркеуі бар ол жасқанын. Басқа жерге көшем деп несіне ағымнан жарылдым. Ол тіпті бұрынғыны ойлайтын түрі жоқ қой. Өлде талайды көріп, жырынды болып келген әккі әйел сайқалсып отыр ма? Ол да мүмкін-ау. Бауырға кіріп алып іштен шалғысы келетін шығар. Жоқ, оның болмас. Аш белден мен бұрынырақ алармын».

«Шіркін-ай, — деді үйіне жете бере тістеніп, — баяғыда ғой, осы қатынның орайы келмеді. Өттең, не керек, шолақ байталдай шолтаңдатпай, и ғып жіберетін едім. Әуселеңді сонда көретін ем».

Бұл — Райханның бүлдіршіндей жас кезіндегі оқиға еді.

Күргерей қарттың төртінші жыры

Иә, Райханның бүлдіршіндей жас кезі, жаңа бой жеткен шағы еді. Сұлу мұрт қайтқан жылдың қысында Шарбақ көлдегі атай Иван Максимовичтің үйіне апарып орыс школасына бергем. Соны тамамдап келген кезі. Ауылда Сұлу мұрттың алыс бір ағайыны болатын. Сол енді «Райханды өз қолымыздан ұзатамыз, сыртта тентіреп жүргені жетеді» деп қазақшылықпен көзі зағип шешесі екеуін қолына кіргізіп алған. Содан бері Райханға тыныштық жоқ. Маңайдағы ауыл адамдарының құда түсуге келмегені кемде-кем. Бірақ Райханның өзі еш жерді қаламады.

Ұлы кәнпеске болатын жылдың басы еді. Қаңтар өтіп, ақырған ақпан келді. Апталап соғатын қалың боран ашылып, шытынаған аязды ай басталған. Күн көтеріле бере екі жерінен құлақтанып, қырауытып шаңытып тұрады. Бетті жалап тұрған ғаламат бір күн. Балта аулының кедей-кепшіктері қолда бар соғымын сойып алып, жаз шыққанша талғажау ғып, тіршілік етіп жатыр. Далада шыңылтыр аяз қанша көрін төксе де, ертең шығар көктемнің қамын жасап, көлік-саймандарын жөндеп, келер күнге зор үмітпен, тілекпен қарайды.

Байлар жағы тоң-теріс. Биылғы аяз арқаларын қарып жіберді. Ол — кәнпескенің аязы. Айлы түні тынымсыз жортатын аш қасқырдай, байлар жағы, әсіресе Малжан тұқым-жұрағат, зәу-зәтін іздеп ауыл-ауылды кезіп, жан ұшырды. Бұрын шашау шығармай жиып, малайына бір түгін қимай келген малын жеті атадан қосылатын жақыны болса тыққыштап, жалынып-жалпайып жүріп қорасына кіргізіп, жасыра бастады. Сүйте жүріп мүләйім емес, қайта көлденеңге ашулы, ызбарлы. Күшігін алдырған қасқырдай аласұрып, жатақтарға қанды көзімен қарайды. Қолынан келген айуандығы болса, барын салып, аянып қалары жоқ. Өлім алдындағы сараңдай, дүниедегі не асылдың бәрін артында қалдырмай қылғып жұтып, жайпап кетпек ниеттері. Бірақ қанша өршеленіп арылдаса да, Балта аулының кедейлері айылын жиған жоқ. Бар айла-амалын қолданып екі жүзді қу түлкіше құйрығымен алдаса, жатақ жаққа сыртын беріп, миығынан күлді. Әйтеуір бай аулы күнде әбігер де,

кедей аулы тыныш. Осындай тыныш, бейбіт күннің бірі болатын. Түн ортасы ауып, нағыз шырт ұйқыда жатқан кезіміз.

Терезе кәсегі дүрс ете қалды. Шошып ояным. Пеш үстінде жатқан Лиза да:

— Күргерей-ау, бұл кім болды? — деп шашы жалбырап атып тұрды.

Қора ішіндегі ит те шабаланып үріп, біресе үлкен қақпаға барып, біресе үйдің есігін тырналап шапқылап жүр.

Терезе түбінен әлдекімнің ыңырсыған даусы шығады. Қырау басқан жамаулы шыныны үрлеп, сығалап ем, терезе қуысына бүк түсе құлаған біреуді көрдім. Ай жарығында ағараңдап жатыр. Әйел адам. Бірдеме деп сөйлейді, бірақ даусы әлсіз, естілер емес. Сырт киімімді де үстіме ілуге мұршам келмей, дамбалшаң тысқа ата шықтым. Жылмың етіп шыққан қара ит терезе түбіндегі адамға да менен бұрын жетті. Қабаған ит бөтен адамды жарып тастар ма екен деп, зәре-құтым қалмай:

— Кет, әй, кет! — деп зекіп, айғай салып келем. Бірақ қара ит терезе алдында бүрісіп жатқан көйлекшең адамды бара иіскеп, құйрығын былғандатып тұр. Мен жете бергенде алдымнан шығып, секіріп «аяғыңды бассаңшы» дегендей бір-екі рет абалап, қайта жүгірді. Қыңсылап, шыр көбелек айналады.

Жалаң аяқ, жалаң бас, жалғыз іш көйлегімен дірдектеп жатқан Райхан екен. Үсті пара-пара.

— Жаным-ау, не боп қалды? — деп көтеріп алдым. Бір түйір жас көзімнен ыршып кетті. Райханның кезерген ерні икемге келмейді. Өне бойы қалтырап, «үйге, үйге, тез» деген ишарат білдірді. Қақпаның аузына жете бергенімде шыңылтыр қарды сақыр-сұқыр еткізіп шаналы, салт атты адамдар екінші жақтан құйындай ұшып келіп қалды. Жүрістері суыт. Мен де жан дәрменде қораға жып беріп, иығыммен қақпаны тіреп, есіктің жуан қалжуырын өткізе қойдым. Сыртта қалған қара ит арс ете түсті де, лезде қаңқ етіп дыбысы өшті. Соның артынша-ақ аттан түсе-түсе ұмтылған адамдар қамшының сабымен, сойылмен қақпаны ұрғылап, айғай-сүрең салды.

Мен әлі де не болғанын түсінбей, Райханды жылы төсекке салып, жалаңаш денеге тонды қоңылтақ кие-мие қораға қайта шықтым. Босағада тұрған ломды білеулей ұстап, есікке келсем, қақпаның екі-үш тақтайы сынып үңірейіп қалыпты.

— Тоқтаңдар, не керек сендерге, — деп іштен айқай салып ем, тыстағылар бәсеңсіп:

— Аш есікті, сен ол қызды жасырып отыра алмайсың, — деп сес көрсетіп, тілге келді.

— Сендер кімсіңдер өзі, әуелі соны айтыңдаршы?! — деймін іштен.

— Кім екенінде не әкеңнің құны бар, аш есікті!..

Өмірі адам баласынан боқтық естіп көрмеген басым, не болғанымды білмеймін. Өне бойым қалтырап, көзім қанға толып етті. Қақпаның көлденең ағашын суырып тастап, тысқа ата шықтым. Есік алдына үймелеген үш-төрт адам кейін лықсып, анадай жерде тұрған шананың қасына ошарылып тұрып қалды. Тап қақпаның түбінде сұлап қара ит жатыр. Ай жарығында тұмсығынан дірдектеп аққан қара қанын да көрдім. Иттің үстінен аттап өтіп, ұзын, жуан сүйменді ұршықша үйіріп:

— Ал, келе қойыңдар. Тура мына қара иттің жолын құштырайын. Ал, қане, ер екенсіңдер, — деп аузыма да жөнді сөз түспеді. Ешқайсысы батып жақындай алмады. Мен де орталарына түспейін деп, есік алдынан ілгерілемей тұрмын. Олар енді жай орағытып, ара-арасында мысқыл сөзбен кекете бастады. Дауыстарын сездірмеу үшін мыңқылдап сөйлейді.

— Әй, көк көз орыс, саған не жоқ?! Қыз алып қашу ата-бабамыздың салты. Сен, немене, ара түсейін деп пе ең?

— Өлде өзің қатын үстіне қатын етіп алайын деп пе ең?

Зығырым қайнап, өне бойым қалш-қалш етеді. Амал не?

— Әй, хайуандар, осы сөзді не беттеріңмен айтып тұрсыңдар. Әкесіз қызды басынайын деген екенсіңдер. Көзімнің тірісінде еш пендеге Сұлтанның аруағын аттатпаспын, — дегеннен басқа дәрмен жоқ. Бірлі-жарым адам болса жайратып-ақ салар ем. Олар көп. Оның үстіне көлденеңдей ұстаған бір-екі сойылы да бар.

— Мұның қамқоршылына не берерсің. Қаңғыған сары орыс енді билік айтуға жараған екен. Мойның ырғайдай, битің торғайдай болып келіп ең баяғыда. Тойынайын деген екенсің.

— Не десендер о дендер. Мен қызымды сендердің мазағыңа бергенше, осы босағада мына қара иттің қасында қалармын, түсіндіңдер ме?!

— Қызым дейді-ай.

— Масқара-ай, мұсылманға кәпір әке болыпты дегенді қайдан естіп едіңдер. Заманның мүлдем бүлінгені-ау.

— Ал енді заман-маман деп оттамай табандарыңды жалтыратыңдар, — деп ұмтыла түстім. Қаным қайнап кетті.

— Әй, мынау не дейді? Қоршандар, жігіттер! — деп біреуі ащы дауыстап қалып еді, салт аттылар да атын тебіне түсті. Ыза қысқанда мыңқылдап отырған шанадағы адам да даусын өзгерте алмай қалды. Таныс дауыс. Кімнің даусы еді, батыр-ау. Бірақ ойлануға мұрша жоқ. Оң жақ бүйірден таяна берген аттылы сойылын сілтей берді. Бұға беріп сүйменді мен де қарсы сермеп қалдым. Қақ сойыл сатыр етіп, шорт үзіліп, жұмыр басы көкке ұшты. Екінші бірі сол жағымнан атын ойнақтатып келіп, қамшымен ұрып өте шықты.

Сүйткенше болмай, ауыл үйдің адамдары да оянып қалды. Анадайдан айғай-сүрең салып, жүгіріп келеді. Көше бойы абыр-дабыр.

Аттылар алас-күлес тұра жөнелді. Салт аттының бірі сынған сойылын еңкейіп кеп іліп әкетем дегенде, аттың сирағын ала сүйменмен тартып жібердім. Қиралаң етіп, ышқына секірген ат ет қызумен шоңқаңдай басып кете барды.

— Не болды?

— Бұл не сұмдық?! — деп жеңіл киімдерімен жеткен адамдар, үрпиісіп, сынық сойылдың басын алып үйге енді. Райхан құрғақта қалған балықтай бұратылып, жанын қоярға жер таппай, домалап жатыр. Оң жақ аяғының башайлары боп-боз, үсіп кетіпті. Қанша уқаласақ та жан кірер емес. Лиза құрақ ұшып біресе жермай жағып, біресе қаздың майын тартып не істерін білмей жылап жүр.

Райхан ыңырсып жатып:

— Апам қайда, апам? Апамды әкеліңдер, — дей береді. Көршінің бірі жүгіріп Сұлтанның үйіне кетті.

Райханның аяғын жылы орап оқиғаның шет жағасын түсінгендей болдық. Денесі бір күйіп, бір жанып аласұрған Райхан тістеніп жатып, әрең айтты. Жағдай былай болған екен.

Түн ортасында біреу келіп, «есік ашыңдар, жолаушымын» деп терезе қағады. Бейқам үй мынадай сұмдық жай боларын қайдан білсін. Алаштың азаматы ғой, суықта жаурап тұр-ау деп Райхан аяғына кебісін іле салып қораға шығады да, сыртқы есіктің тиегін ашып жібереді. Сол-ақ екен, ар жағында анталап тұрған бір топ адам баса-көктеп сау ете түседі. Мезгілсіз келген суық жүрісті адамдардан секем алған Райхан жалт беріп қараңғы қораның бір түкпіріне жасырына қойыпты. Үйге енген адамдардың сұмдық ойына көзі жеткен Райхан мал қораға еніп, артынан дабыр естілген соң жан дәрменде төбедегі тесікке ұмтылып, көйлегін жырта-мырта тысқа шығады. Кебісі де қорада қала береді. Содан үйді-үйді тасалап, қашып отырып біздің үйге жетіпті. «Апырау, бұлар кім болды екен? Не де болса алыстан келген жоқ. Малжан аулының адамдары ғой», — деп долбарлап отырғанда, Жәкудә деген бір шал қақ сойылдың басын олай-былай айналдыра қарап, таңдайын қақты:

— Мынаны мен танып отырмын. Дәу де болса, осы Қарабеттің сойылы. Малжанның жеті атасынан бері келе жатқан сойыл деп, қойдың құйрығымен майлап отырғанын бір көргенім бар еді. Қылтадағы жез білезік те, түйенің құмалағындай мына бір-екі қара бөз де көз алдымда қалыпты. Көз тиеді деп тірі жанға көрсетпейді екен. Мен тосыннан барып қалып көріп ем.

Отырғандар толқып кетті. Қызбалау бір жас жігіт боп-боз қуарып, қалшылдай түрегелді.

— Бұл не масқара?! Мынау кешегі Сұлтан ағаның ғана аруағын қорлаған емес, бүкіл Балта аулын мазақ қылғаны ғой. Қашанғы бұлар төбемізге әңгір таяқ ойнатып, басынады. Бостандық, теңдік дейміз, мына байлар тұқымымен құрымай тұрып бізге күн жоқ. Ой, үрім-бұтақ, зәузетінді...

Осы кезде бағана Райхан үйіне кеткен адам қайта кірді. Өң жоқ, түр жоқ, сұп-сұр.

— Оу, тағы не боп қалды? Апай қайда, неге алып келмедің? — деп үйдегілер жамырай тұрды.

— Апайды таба алмадым.

— Ой, таба алмағаны несі?!

— Үйіне бармадың ба?

— Бардым.

— Ал, иә?

— Ой, өзің аузыңнан сөзің түсіп не былжырап тұрсың? Айтсаңшы.

— Ойпырмай, айтады ғой. Асықпасаңдаршы. Өзің отыршы мына жерге.

— Барып ем... есік алық-тұлық ашық жатыр. Көрпе-жастық шашылған.

— Не дейді, жаным-ау. Тағы не сұмдықты бастап келесің?

— Сұмдығы несі. Өзеуремей тұра тұршы. Иә, сосын.

— Үй ішін қарамаған жерім жоқ.

— Ой, ол аядай жерде жасырынып жататын сайтан дедің бе, қораны неге қарамадың? Қызының соңынан шығам деп, көзі жоқ сорлы бір қалтарыста адасып қалған ғой.

— Сен де жоқ сөзді айтады екенсің. Өз қорасы түгіл бүкіл ауыл үйді жалғыз аралап шығатын адам адасушы ма еді.

— Ех, мындайда көзі жоқ адам тұрмақ, екі көзі шырағандай адамыңнан да ес қалмас, — деп жұрт кимелей жөнелді.

— Таяғы да үйде, мәсісі де төсағаштың алдында жатыр.

— Ойбой, онда құрыған екенбіз.

Беріміз орнымыздан өре тұрып, Сұлтан үйіне қарай жүгірдік. Жаңа ғана аз тыныстап, ұйықтаған Райхан ғана бейхабар, үйде қала берді. Естісе де ілесіп шығар дәрмен жоқ.

Бұл уақытта ай да батқан екен. Таң қараңғысымен бүкіл ауыл боп Алтыния жеңгейді іздедік.

Жығылғанға жұдырық дегендей, сол түнде Алтыния да дүние салды. Қызының соңынан жан дәрменде далаға шыққан марқұм үйден ұзап кеткен екен. Қайтып үйді таба алмай, адасып ауыл сыртына шығып, желбегей қалпында қақаған суықта ұшып өліпті. Суық мәйітті таң сәріде тауып алдық...

Алтыния жеңгей қайтыс болған күні-ақ ел іші шулап: «Адамшылықтан безген иттерге құдай тағаланың да бір зауалы бар», — деп, кәрілер жағы Малжан аулын қарғап-сілесе, жастар жағы кінәлі адамды тауып алып, жазалау керек деп аяғынан тік тұрып аттан салды. Райханды алып қашуға келген адамдар Қарабеттер екен деген сөз көп ұзамай-ақ дүңк-дүңк етіп, ел арасына тарап кетті. Алтынияның жетісін берісімен, бір топ жігітті ертіп Малжан аулына келдім.

Бұрынғыдай емес, теңдік тигеннен бері кедей жастары да ширығып, бай аулының адамдарынан жасқанбай, именбей, иық теңестіре отырып сөйлесетін. Бұл жолы да тура Малжанның өз үйіне баса-көктеп енген жігіттер әй-түйге қарамай, байдың жағасынан ала түсті. «Бұл не басынғандық», «түнделетіп келіп қыз алып қашу қалған», «әйел адамға бостандық, өз қалағанына барады», «Алтыния шешейдің өліміне құн сұрай келдік, Қарабеттен басқа ешкім емес мұны істеген. Қанға қан. Балаңды қолымызға бересің», — деп қиғылықты салып алдық. Қарабет те үйінде екен. Зәре жоқ. Жұқаяқтың қуысына тығылып алған, көзі жасаурап, Малжанға қарай береді.

Малжан байдың жаны мұрнының ұшына келді.

— Қарақтарым, дәт, дәт. Әуелі тілге келейікші. Отырыңдар, қонақ болыңдар, — деп жылы сөйлеп, ішке еніп барады. Бұрынғыдай көзі қанталап, арс ете түсу жоқ, орнынан ұшып тұрып бәйек болып жатыр. Жігіттер босағадан аттаған бойы тізе де бүкпестен, сес көрсетіп, тапжылмады. Қамшыларын екі бүктеп, білемдей ұстаған.

— Айналайындар-ау, қазақ емессіңдер ме, тым құрымаса құйрықтарыңды жер иіскетсеңдерші, бұларың қалай, — деп Малжан жігіттерді отырғыза алмаған соң, маған бұрылды. — Шырағым Күргерей, сенің кішкене есің бар ғой. Мына жастар балалық қылып тұр. Төрлетші өзің, сөйлесейік.

Есік жақтан сығалаған Малжанның бәйбішесі де жігіттерге қарап:

— Балаларым-ау, бұл тұрыстарыңа жөн болсын. Мыналарың ырымға жаман екен. Сиыр желіндеп тұрғанда, бұларың келіспейді, қарақтарым. Мал түрегеп тұрып бұзаулайды, — деп ойынға жеңдіріп, күлген болады.

— Жоқ, біз қонаққа келген жоқпыз. Бізге Қарабет керек. Қане, жүр! Шығамысың, жоқ па, — деп жігіттер Қарабетке ұмтылып-ұмтылып қояды. Бірақ көзбен көрмеген соң, оны тарпа бас салудың ешқайсымыз ретін таба алмай тұрмыз.

Сөйтіп тұрғанда бай ауылдың да жігіттері жиналып қалды. Бір сойқанның болуы аян. Біз не де болса дайынбыз.

Сырттан келген қамқор адамдарының бойын көрісімен Қарабет те бағанадағыдай емес, батылданып, өз ұяластарының арасында тұрған төбеттей қайқайып шыға келді.

— Сендер кімді басынасыңдар? Кеше ғана босағадан сығалай алмайтын қу кедейлер, енді қоң бітіп, құтырайын деген екенсіңдер. Кәне үйді босатыңдар. Кінәлі адамдарыңды тауып алыңдар, сандалмай, — деп даусы да шыға бастап еді, Малжан зекіп тастады:

— Қой әрмен, кергімей. Сенің де тілің ащы-ау. Бір ауылдың қадірлі адамы өліп жатса, бұлар ашынбағанда кім ашынады. Істің ақ, қарасына жетіп алмай, буынсыз жерге пышақ қоятын бұлар да бала дедің бе? Одан да жоғын бірге жоқтасатын сен де бір елдің азаматы емессің бе! Бетіңмен шаптықпай, жайыңа отыр! Ал, шырақтарым, от ала келген жоқ шығарсыңдар, отырыңдар, сөйлесейік. Бәрің де бір үйдің иесісіңдер, жата-жастана бір малдың басын жеп кетіңдер. Егер Қарабет кінәлі болса, міне, қолдарыңда, қайда кетер дейсің. Осы күні заң бар емес пе?!

Қанша зығырданымыз қайнап келгенмен, тап басып айтар дәлеліміз болмаған соң, біз амалсыздан отыра бастадық.

Малжан маған қарап сөз бастады. Шоқша сақалын тістелеп, байыппен сөйлеп отыр.

— Күргерей айналайын. Сұлтанның үй ішінің мынадай күйге ұшырап қалғаны бәрінен де саған бататыны аян. Естігеннен бері менің де белім қайысып отыр. Бір кездерде қанша араздасып жүргенмен ағайын емеспіз бе. Бара алмай да жатырмын. Ал, енді өзің затың орыс болғанмен, қазақтай болып кеткен сен де бір ағайынның баласысың. Мына бір жайды ойыңа салып көрші: Қарабеттің он жыл отасқан әйелі, балалары бар. Қатын үстіне қатын алатын бұрынғы заман жоқ. Ендеше сол түні Сұлтанның қызына Қарабет барды деудің реті келмейді-ау деймін. Лайығы жоқ әңгіме. Ауылдағының аузы сасық дейді. Әшейін бір алып қашпа өсек болар. Байыбына жетейік. Осы маңда басқа ауыл да, басқа жігіттер де бар. Қарабет деудің қисыны келер ме екен.

— Ой, ол әшейін сандырақ қой! — деп Қарабет тағы шап ете қалды.

— Қысқарт, саған деген сөз жоқ. — Малжан баласының бетін тағы қайтарып тастады.

Жігіттер тықыршып, маған қарай береді. Ендігі сөзді мен сөйледім. Бойымды ашу кернеп отырған. Мүләймси сөйлеген Малжан байға кәрімді төгіп, тілімді сұға бастадым.

— Ағайынбыз дейсің. Бай аулы қашан біздің ағайынымыз болып еді. Қашан жел тұрып көтерілсе сендер жақтан, өрт шықса сендер жақтан шықпаушы ма еді. Қай күні бізді көздеріңе іліп, адам екен деп қатар отырып сөйлесіп едіңдер. Енді міне, ештеме көрмеген мысықтай мүләйім болып отырсың.

— Әй, тіліңді тартып ұста. Сен өзің бай ағамды сіз деуден де қалыпсың ғой, көргенсіз, — деп Қарабет араласа түсіп еді, Малжан тағы да бетін қайырып тастады.

— Тоқтат, әрі. Иесіз үйдің қатыны басшы. Үлкен отырып кіші сөйлегеннен без. Күргерей «сен» дегеннен хандығымнан түсер дедің бе. Сен деп сөйлесе, орыс баласы. Бұлар сіз дегенді ежелден білмейді, ата-бұтасына жазбаған сый-сияпатты Күргерейден сұрайын деп пе ең? Онда тұрған не бар, сөйлей бер, — деп шымшып алды.

— Ақсақал, орыс баласы деп, олай астарламай-ақ қойыңыз. Күргерей биязылықты бәрімізден артық біледі. Бірақ сіздің ел алдындағы қадіріңізге, құныңызға қарай сөйлеп отырған болар, — деп біздің жігіттердің бірі де іліп түсті.

Осы тұста отырғандар тағы да екі ұдай болып, шулап кетті. Қамшыларын көтерісіп, орындарынан ұшып-ұшып тұрды. Бірақ Малжан үндеген жоқ. Төмен тұқырайған қалпы «е, заман десейші, заман» деп терең күрсініп жерден басын көтермеді. Ақыры мен:

— Ал, ақсақал, істің байыбына заң жетер. Егер осының шындығы ашылса, аянар деме. Қолда қалған Қарабеттің сойылы-ақ бізге жетеді. Енді біз бұрынғыдай басындырып отыра алмаймыз. Мойындар ма деп келіп едік. Алтынияның өшін алмай тынбаймыз, — деп жігіттерді ертіп шығып кеттім.

Содан былай ел ішінде Алтыния адасып, үсіп елетін түн туралы әңгіме естілсе-ақ құлақ түріп жүрдік. Бірақ, ауыл арасындағы өсек қырық саққа жүгіріп, біреулер Райханды алып қашуға бөтен бір ауылдың жігіттері келіпті деп сырттан тон пішіп долбарласа, сойыл Қарабеттікі емес, өз басымен әлек болып жүрген адам қызды қайтсін деген де жанашырлар шықты. Сүйте-сүйте әңгіме арты сұйылып, суи бастап еді, оған ілесе ұлы көнпеске жүріп, мүлдем ұмыт болды. Жарты жылдай төсек тартып жатқан Райхан да жазылып, қайта қатарға қосылды. Қалада оқыған Райхан бұл уақытта орысшаға жетік еді. Біз көбінесе орысша сөйлейтінбіз. Балта аулындағы өзі қатарлы қыздардай бұйығы емес, ашық, ақ жарқын болып өскен өндірдей Райхан әкесіне тартқан көрікті. Маңайдағы ауыл жастарының аузының суы құриды. Әйтсе де сөз айтып, көңіл білдірсе де өздерін қораш санайды. Шынында да сол кездегі оқыған, көзі ашық Райханның кімнен болмасын еңсесі биік еді. Жазғы демалысқа келгенде ауыл балаларын жиып алып ел арасына бұрын-соңды тарамаған жаңа әңгімелер айтып, әріп үйретіп, сауаттарын ашуға да талпынатын. Аяғы үсіп жатқаннан бері ешкіммен ашылып сөйлеспейтін бұйығы, тұйық болып алды.

Жаз шыққанша үйде жатып жазылған Райханды бір күні жеке алып шығып, ұзақ әңгімелестім.

— Райханжан, Сұлу мұрт екеуміз ағайынды-інілі адамдаймыз. Оны түсіндірудің қажеті жоқ. Сұлу мұрттың бар тілегі сенің үстінде болып кетіп еді. Райханымды шамаң келсе оқыт, бар аманатым, достық тілегім сол деп менен өтінген. Мен ақтық демім қалғанша сол арызын орындаймын. Бер тілегімді. Бүгіннен бастап мен саған әке орнына әке болайын. Сен әкесіз жетіммін деме, мен баласыз қу баспын демейін. Мен енді әкеңмін, сен қызымсың, — дегенде Райхан маған ұзақ қадалып тұрды да, мойнымнан құшақтай алды. Үнсіз тұрып, ұзақ жылады.

Міне, сол күннен бастап, мен оның әкесі болдым.

Ұлы көнпеске күрт келді. Байлардың малын шетінен шыртылдатып алып, бөліске сала бастады. Малайлықта жүрген жалшы-жақыбайлар бай малының мұрнынан тізіп жетелеп, қарық болып қалды. Ұзыннан кегі, қысқадан өші бар кедейлер бай малына құрықты аямай-ақ салды.

Малжан көнпескеге еш қарсылық жасамай, малын алып жатқанда сыр бермей жүр еді, іш пікірі ішінде екен. Көп ұзамай, бір түнде қыруар малымен қашып кетті. Қарабет те кетті. Малжан кіші тоқалын ғана алып, қалған екі әйеліне сездірмепті де. Бірақ жай кеткен жоқ, артынан шыққан қарусыз қуғыншылармен ұрыс салып, екі адамды мылтықпен ауыр жаралап кетті. Біз де бармағымызды тістеп қала бердік.

Сол жылы ел тұрмысы түзеліп, жұрт қоңайып қалды. Балта аулының үй басы соғымды бірінен соң бірі сойып, етті қан сасытты. Көрші ауылдар болса, оның үстіне мойын серікке бірігіп, егін салып, нанға да жарыды. Бұрын талай рет егіннен аузы күйген біздің Балта ол жылы мойын серікке біріге қойған жоқ. Өзді-өзімен болып, алған малдың етіне тоқмейілсіп жата берді. Бірақ бұрын мұншама мал ұстап көрмеген кедей ауыл бірден мол байлыққа күп етіп түсе қалған соң, оның ретін тауып та жұмсай алмады. Суат ойып жүріп, төбесіне сыймайтын жарғақ тымағын бір құлағынан екінші құлағына қарай қисайта бастырып, үнемі суықта бүрісіп жүретін Боташтың бір өзі сол қыста алты мал алған. Бос сөзден басқаға қыры жоқ, шаруаға ұқыпсыз сол Боташ: «жаудың малын жауша шап деген, биыл бір, ішін ұрайын, бүйірді шығаратын шығармыз» деп жүріп бар малын қырып, сойып алыпты. Көктемге жалғыз арық бурыл атпен шықты. Мұндайлар жалғыз Боташ емес.

Көктемде ел тағы да тарыға бастады. Күзде азбыншы астық жинап алған көрші ауылдардың тұрмысы мүлдем бөлек. Осыны көріп отырып біз де енді тырбана бастадық. Тағы да ел ақсақалдарын жиып бас қосып, ақыры мойын серікке біріктік.

Иә, айта берсек әңгіме көп. Сол жылы Райхан да қаладағы оқуын тамамдады. Келе ауыл жастарын басқарып, жұмысқа бел шеше кірісті. Өзі комсомол қатарына кірген. Жүзіктің көзінен өткен жас балалар, жігіттер жаздай үлкендермен қатар жұмыс істеп, тағы да егін ектік. Ел қанша жүдеу болғанмен, көрші ауылдардан ауыс-түйіс жасап, әйтеуір күзгі бидайға жеттік-ау.

Бір күні ауыл іші шу ете қалды. Мен ұста дүкенінде көрік басып, темір соғып жатқанмын. «Малжанды ұстап әкепті, Қарабет те бар, ауылнайдың кеңсесіне әкетті» деп жұрт жүргірген соң, мен де жұмысымды тастай беріп, солай қарай келдім.

Ауылнайдың кеңсесі Байбосын деген шалдың бір жақ бөлмесінде болатын. Үй маңы ығы-жығы толған бала-шаға, қатын-қалаш. Бәрі де тірідей қасқыр ұстап әкелгендей қызықтап, Малжан байды көруге ынтығып, үйге кіруге жол тимей, ескі көзінде үйме-жүйме болып тұр. Албардың қасында тоқыма қорабын терімен қаптаған жеңіл ләкшеңкеге жегілген пар ат тұр. Сүмектей. Қамыт, шілиясының асты ақ көбік. Тегі қашқынды осы арбамен әкелген болуы керек. Арба ішінде кішкентай қызын алдына алып, бетінен басып Жәміш отыр. Сыртта тұрған әйелдер:

— Батыр-ау, қалай ұстап әкелген, Қытай асып кетті деп жүргендері қайда?

— Тегі жолда ұсталған ғой.

— Қарағым-ау, осы күні милиция тескен тау өтіп кетсе де таппай қояр ма?!

— Жерге кіріп кетсе де суырып алар.

— Әй, өзі қандай болды екен? Жүдеген шығар ә, қашып жүру оңай дейсің бе?

— Жүдейтіндей оған не көрініпті. Біреу арқасына жүк салды дейсің бе? Суыр інде жатқан сайын семірмей ме, — десіп, ішке кіре алмай дабырласып жатыр.

Мен әйелдердің ара-арасымен үйге сыналап кірдім. Босағадан аттай бере, қара көлеңке бөлме ішінде отырған адамдарды көргенде өз көзіме өзім сенбей тұрып қалдым. Дөкірлеу жасалған биік, сом столдың қасындағы сәкіде ауылнай Жарылқаппен қатар Қарабет отыр.

— Oh, Күргерей де келді. Аман ба, Күргерей, үй іші, бала-шаға... — деп маған күлімсірей отырып сәлем берді.

Үлкен бір іс тындырғандай шірене түсіп, жеткірінеді. Жүзінде қысылу, қымтырылу дегеннен белгі жоқ. Тек бетіндегі жалпақ қара қал ғана түксіп, анда-санда жыбыр етеді. Еденін қи араласқан сары балшықпен сылаған бөлменің бір бұрышында томардай боп тізерлеп Малжан отыр. Екі қолын артына байлаған. Қып-қызыл нарттай бетінде қазір қан, сөл жоқ. Екі ұшы ширатылып тұратын әдемі жез мұрты топшысы сынған шымшықтың қанатындай салбырап аузына түскен. Жүзінде ауыр кейістік бар. Торсықтай томпайып тұратын қарны ортайыпты. Торға түскен құстай басын екі иініне тығып, жерге қарай береді. Менен бұрын отырған екі-үш ақсақалмен ақылдасқан болуы керек, ауылнай орнынан тұрды.

— Ал, енді бұл адамды бүгін аудан орталығына жеткізу керек, ауылдан ат дайындаңдар, милицияның қолына табыс етейік, — деп еді, Қарабет те орнынан тұрып:

— Ат тапсаңдар болды. Мұны мен өзім-ақ апарамын. Неше күн бойы ұйқы-күлкі көрмей жеткіздім. Енді қалған бір күнге шыдармын, — деп міз бағар емес. Малжан талаураған қанды көзімен бір қарады да, сырт түкірді.

Соған дейін мен бұл жайға түсінген жоқ ем.

— Бұл қалай өзі. Мына бай болса байлаулы. Қарабет болса «өзім апарам» деп дікің-дікің етеді. Түсінсем бұйырмасын, — деп ауылнайға қарадым.

Менің сөзім өзіне онша қолайлы болмаса да, Қарабет сыр бермеді. Бұрынғыдай беттен ала түсетін мінез жоқ. Сұлу сыпайы күліп, маған жауап берді.

— Әрине түсінбейсің, Күргерей. Менің ұстап әкелгеніме таңғалып тұрған шығарсың. Мен де өздеріндей ішіме қан қатып амалым құрып жүрген жан едім. Ақыры, міне, өмір бойы малайлықта салпақтап, осының малы үшін боранда ығып өлген марқұм әкемнің кегін қайтардым. Оның несіне таңданасың...

— Олай болса неге бірге қашып кеттің? — дедім зығырым қайнап.

— Ә-әһ, бұл сұрағыңның жөні басқа. Әуелде менің тегіме, затыма, әкем марқұмның жалшылығына қарамай бөрің күстана қылдың. Байдың баласы, жаттың баласы, табы басқа деп, бөрің соңыма түскен жоқсыңдар ма. Содан кейін ел басылсын, ақылға келсін, ет қызуда біреудің қолынан жазықсыз мерт боп кетермін деп бас сауғаладым. Ақыры бүкіл малымен бөтен елге өтіп кетем деген түні, не де болса еліме қайтып оралып, ақталайын, шынымды айтып, арылайын, ел-жұртымның алдынан өтейін деп, қапысын тауып мынаны әкелдім. Содан Керекудің ар жағынан қайттым. Одан әрі күткенімде бұл өтіп те кететін еді. Ал енді, мені не істесеңдер де қолыңдамын, ағайын. Талжан әкемнің кедей екені, жалшы екені бәріңе аян. Бұл — шындық заманы. Ақ адалына хүкімет жететін шығар, — деп, Қарабет көсіле жөнелді. Талайдан бері жаттап алған сөз секілді, сайрап тұр. Малжан үндеген жоқ.

Үй иесі Байбосын араласты сөзге.

— Әй, Қарабет, біз қазір сенің ақ адалдығыңды сарапқа салып отырғанымыз жоқ. Оны ертең-ақ жоғарғы жерде шешер. Бір ғана айтарым бар. Арттарыңнан шыққан қуғыншыға мылтық атқанда, жүрегің таза болса, неғып қарап тұрдың?

— Бәке-ау, менің қолымда мылтық болды ма, мына қара жүрек, өз ағасын аямаған, мені де атып кетпес пе еді.

— Ө, қорыққан екенсің ғой. Ол жөн. Бас сауғалағаның дұрыс болған.

— Оһ, көпірістан. Бердеңке сенің қолыңда еді ғой, — деп Малжан оқты көзімен Қарабетке тесіле қалғанда, Қарабет те түксіп төне берді.

Шыдай алмадым, иығынан қапсыра алып, лақтырдым.

Қарабет маған ләм деп аузының жігін ашқан жоқ.

— Жала, жала. Қарашы енді, тісінің қанын маған жаққысы келеді. Хүкімет әділдігіне жетер. Оған айылымды да жимаймын, — деп Малжанға сөйлей түрегелді.

Сол күні ауылнай екі жігітті қасына қосып, Малжан мен Қарабетті ауданға жөнелтті.

Артынан естідік, Малжанды жер аударыпты. Ал, Қарабет екі-үш ай абақтыда отырып, жоғарғы жаққа шағым жазып, өзінің кедей, жалшы Талжанның баласы екендігін айтып ақталыпты. Бірақ көп уақытқа дейін ел жаққа келмеді. Тек қар жауып, із басылғаннан кейін ғана оралды.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Шегін суырып алғандай ішін тартып шыңғырып жылаған ащы дауыстан шырты ұйқыда жатқан Жәміш оянып кетті. Қасында Қарасай жоқ, әлі келмепті. Үй іші тастай қараңғы. Терезе тұсында тұрып, ойбайын салып бақырған мысықтардың даусы құйқа тамырын шымырлатып барады. Біресе бір-біріне айбат шегіп ырылдайды, біресе оқыс шар ете қалып, қайтадан ыңырсыды. Жәміш орнынан тұрды, кәрі буындары сырт-сырт етіп, қараңғы терезеге барып сіңірлі арық қолымен кәсекті ұрғылады:

— Пріс, кет былай, лағнет! Қайдан ғана қаптап кеткен бұл мұндар? Балаларды шошытар ма екен. Өлгі біздің ала мысық та жүр-ау ішінде.

Даладағы мысықтар Жәміштің терезені тоқпақтағанын да, ұрсып, зекігенін де елеген жоқ. Неше түрлі жан түршіктірер үнге басып бақырып, шарылдай берді. Мауыққан мысық нені тыңдасын.

Жәміш тысқа шықты. Үйді айналып терезе түбінде жүрген мысықтарды қуалап:

— Осы малғұндардың даусы-ақ жаман. Пріс, пріс былай, — деп үйдің алдында сәл бөгеліп аспанға қарады. — Батыр-ау жұлдыздар сиреп қалыпты. Таң атуға жақын-ау. Өлгі біздің үйдегі қайда жүр екен. Бұлай бөгелмеуші еді. Қайда болды екен?

Жәміш күбірлей жүріп, сыртқы есіктің тиегін іліп, кебісін сүйрете басып үйге енді. Таң сібірлеп, бөлмеге жарық кіргенше көзі ілінбей ұзақ ойда жатты.

Қарасай алысқа ұзаған жоқ. Осы қораның астында еді. Күн бата қоймадағы жұмысынан оралып, Агафия Япишкинаның үйіне кірген. Қолындағы біраз малын осы әйел арқылы асханаға өткізіп, әбден ым-жымы біріккен Агафияға кейінгі кезде шаруашылық жайымен жиі келеді. Оның үстіне күндіз бір кездескенде Япишкина көзін ойнақшыта қарап:

— Дядя Қарапет, поздравляю, жаңа қызметіңізбен. Қойманың кілтін жумайсыз ба енді, — деп совхоздың құрылыс қоймасына меңгеруші боп орналасқан Қарасайды құттықтаған. — Көптен мұрным қышып жүр еді. Оның үстіне бүгін менің туған күнім.

— Солай ма? — деп Қарасай да Агафияға емірене қарады. Бірақ туған күнімен құттықтаған жоқ. Ондай әдетті білмейтін-ді. — Сонда жасыңыз нешеге келді?

— Әйелдің жасын сұрамас болар, дядя Қарапет. Кәртайып тұрғамыз жоқ, әлі де жас қызға бергісіз емеспіз бе? — деп Агафия сықылықтап күлді.

— Әрине, әрине. Өңгіме жаста емес, көңілде ғой. Қазақта мынандай мақал бар, қалай аударуға болар екен. Ім, иә, «бык сам стареет, но морда не стареет», — деп Қарасай «өгіздің өзі қартайса да, мұрны қартаймайды» дегенді долбарлай аударды.

— Тамаша мақал екен. Ал бүгін біздің үйге келіңіз, бас қосайық. Бір-екі дос-жар әйелдерден басқа бөтен ешкім болмайды. Кемпіріңізден қорықпасаңыз келіңіз, подарканы да молырақ әкелерсіз, әйел заты дүниеге жақын ғой, — деп Агафия сыңси күлді.

Бұрын әйелдің туған күнін тойлап көрмеген Қарасай оған не алатынын да білмеді. Бірақ оның тігісін жатқызып, тауып кетті.

Кешқұрым бір қораның астында тұратын Япишкинанын үйіне қаға берісте жылт ете қалған Қарасай жасаулы столдың үстінен шыққан. Аспазшы боп істейтін бір-екі жесір әйелден бөтен ешкім жоқ. Қарасай келе қалтасынан етектей жүз сомдықтың екеуін суырып тастады:

— Япишкина жолдас, мынау менің подаркам. Қазақта той-томалақ болған жерге әйел адам ғана ырымын жасайды. Оны «шашу» дейді. Но, енді, былай... орысшалағанда подарка ғой. Мен әйел болмасам да, сен үшін...

— Рақмет, рақмет! — деп, Япишкина Қарасайға бетін тақай берді. Бірақ құттықтай тұрып, әйелдің не қолына, не бетіне ернін тигізуді Қарасай қайдан білсін. Тіпті Ағашқаға сый тартқанда да көңілінде бөтен ой болған жоқ. Өзінше, талай септігі тиген асхана бастығына бармақ астынан кіші-гірім пара бердім деп түсінді.

— Қазақта мынандай да мақал бар: «ім... платок не за шуба пригодитца, а за дорогу пригодитца».

Екі келіншек дым ұқпай мырс етіп күліп жіберіп еді, Агафия Япишкина оларды ала көзімен атып:

— Дұрыс, дядя Карапет! Орынды айттыңыз. В знак уважения, в знак внимания деген сөзге келеді ғой. Түсінікті, несі бар, өте дұрыс, — деп, әккі әйел сөздің сыңайын бірден ұғып, жолдастарының өрескел қылығын жуып-шайып, стаканға арақты сылқылдата құйды.

Бұл үйде көк мойын шынылар жәшігімен тұрады. Түн қатып өтіп жататын жолаушылар үшін бұл үй — жабылмайтын дүкен. Әрине, бейуақыттағы товар бағасы да сәл қымбаттау болады.

Біраз қызып алған соң Қарасай қалтасынан тағы бір жүз сомдықты суырып тастады:

— Япишкина жолдас, мұның өзі саған тегін құйылып жатқан құдық суы емес. Мә, мынаны алып қой.

— Қойыңыз, дядя Карапет.

— Жоқ, жоқ, болмайды. Ал. Әйтпесе ренжимін, — деп Қарасайдың тілі күрмеле берді.

Әйелдер әлден уақытта үйді басына көтере әндетіп, біраз барылдап отырды да, түн жарымда үйлеріне қайтты. Бұл кезде Қарасай да, Агафия Япишкина да көздері бұлдырап, әбден кемеліне келген. Көптен бері бұлай көп ішпеген Қарасай төлтіректеп, отырған орнында қылжалақтап қалды. Қалтасынан бір топ кілтті суырып алып:

— Құй, Ағайша. Өмір қайтып келмейді. Дүние бізді таппайды, біз дүниені табамыз. Қолдан мал кеткенмен, бақ кеткен жоқ. Мынау емес пе бақыт деген, Ағайша! — деп сылдыратып стол үстіне бір топ кілтті бір соқты. Япишкина Карапет деп отырғанда, оны Ағайша деп қазақша атағанына өзі мәз боп күліп жатыр.

— Гр-р-равильно, ком-пон... компонион! — Агафия тілі күрмеле сұқ қолын шошайтып, стаканға тағы құйды. — Складқа тұр деп мен ақыл беріп ем ғой. Мені тыңдасаң өлмейсің. Совхоздың бар тетігі екеуміздің қолымызда. Ақша болса, бәрі болады. Сол үшін.

Стакандар сыңғыр етті. Япишкина төлтіректей басып, Қарасайдың тізесіне отыра кетті де, мойнына асылды. Қарасайдың бүкіл өне бойы шымырлап, бұғақты әйелдің жұп-жұмсақ тамағына мұрнын тығып жіберді. Өтір аралас жас иіске бойы балқып, ерніне қалампыр араластырып үккен мол насыбай салғандай елтіп, қимылдауға мұршасы жоқ. Тақыр басын жұмсақ алақанымен сипаған Агафияның:

— Шашың қандай қайратты еді. Өзің де қайратты боларсың. Мен шығыс джигиттерін қатты ұнатамын, — деп сыбырлағанын зорға естіді. Жүні түбіттей үлпілдеген сап-сары уыз балапанды алақанына салып үлбіреткендей, бауырына қысқан жұп-жұмыр әйелді босатар емес.

Әлден уақытта Агафия темірдей қысқан өлермен құшақты баяу ажыратып орнынан тұрды.

— Ал мен халатымды киейін, сен қарама, — деп төсек басында ілулі гүлді халатын алып шешіне бастады. — Ай, мейлі, қарай бер. Жасыратын не бар.

Бұрын-сонды кездестірмеген көк атлас лифчикпен ғана тұрған әйелдің аппақ тәні жалт еткенде, пейіштің иран бағындағы хордың қызын көргендей көзі тұнып, Қарасай ұмтыла берді...

Таң ата көзі ілініп барады екен. Жәміш шошып оянды. Бағана қуып жіберген мысықтар терезе түбінен тағы шар ете қалды. «Қап, мына малғұндардың ызасын-ай, балалардың зәресін алатын болды-ау».

Мауыққан мысықтардың ащы даусы Жәмішті түршіктіргенмен, Қарасай мен Ағашканың көңіл күйіне үн қосқандай, құлақтарына жағымды естіліп жатты.

Осыдан көп ұзамай-ақ Япишкинаның үйінде түнеп қалуды жиілеткен Қарасайдың суық жүрісін Жәміш біліп қалды. Ішіне мұз тастап жібергендей жүрегі қата қалса да, балаларына сездіргісі келмей, «үй шырқын бұзбайын, нендей ауыртпалық болсын өзім жеке көтерейін» деп жүрген. Ақыры отыз жыл отасқан ерімен екі арасын қосқан арқанның түте-түтесі шығып, соңғы тал жібі үзіліп кетті.

Көйлек-көншегін кішкентай қол чемоданға, бір асым сүр етті қоржынға салып, енді шығайын деп жатқанда Қарасай келген.

— Еһ, қайда барасың, буынып-түйініп, — деп, басына ақ жібек шалы салып, қара ала кавказдатқан күміс қапсырмалы қара ши барқыт камзолдың сыртынан жасыл қималы шапанын желбегей тастаған денесі тік, ұзын бойлы, ақ сары әйеліне тура қарай алмай зірк етті.

— Қайда барушы ем, тойға барам, — деп жеңіл кекесінмен жауап берген Жәміш, еріне тұңғыш рет шаншыла қарап, іште жиналған бар запыранды ақтара салды: — Мені үйде ұстап, торға қамап қояйын деп пе ең. Отыз жыл қамалғаным да жетер. Енді менде шаруаң болмасын. Үйдегіңді түзге білдірмей, түздегіңді үйге сездірмей, іштен тынып, жаманыңды жасырып өттім. Көмелімнің де, Халелімнің де өз аузы өзіне жетті. Тым құрымаса солар дардай азамат болып, жақсы-жаманды айырған шағында қымсынып, бетің бір бүлк етпейді. Бетіндегі қара қал емес, харам қал. Ата сақалың аузыңа біткенше желігіп, ғұмыр бойы адамға ойлаған арамзалығыңнан танбай келесің. Бетің ғана қара емес, ішің де қара, ойлағаның бір қара басыңның қамы...

— Кергіме олай. Не қылған қара бастың қамы. Осы үйдің босағасын аттағаннан бері әкеңнің ризығын жеп келе жатқан шығарсың. Шалқып-толқып отырып сандырақтауын мұның, — деп алдында Агафия туралы айтып қалар деп үндей алмаған Қарасай енді түтігіп кетті. Жәміш те тайсалған жоқ. Бірақ Япишкинаны аузына да алмады. Оны сөз қылуды өз бойына шақ көрмеді. Оған қорсынды.

— Қит етсе сенің «шалқып-толқып...» Одан басқа білерің бар ма? Шалқып-толқытындай қай адал асыңды алдыма тартып ең. Өңкей арамнан жиналған малыңды айтамысың. Ғұмыр бойы ішкенім ірің, жегенім желім...

— Жарайды, онда жылы-жұмсағын тосып отырған жеріңе бара ғой.

— Оны сенен сұрамаймын. Жұмысың болмасын. Ана Халел мен Ақбөпеде де енді шаруаң болмасын. Бірге туған балалардай боп өскен ол екеуін де ит пен мысықтай етуге аз-ақ қалдың. Бұл қораның астында қалдырмаймын оларды да. Аспан асты кең.

— Бар, оларды да алып кет. Бәрің кет! — деп Қарасай беті долырып, әйелінің өңменінен нұқып, есікке қарай итере бергенде, Жәміш қолын қағып жіберіп, чемоданы мен қоржынын алды да шыға берді. Есік алдына ере шыққан Қарасай:

— Төсек-орныңды ала кетпейсің бе? — деп мысқылдап еді:

— Өзің-ақ жарылқап дүниеңмен. Бір сабақ жібіңнің керегі жоқ, сенен құтылғанымда құдая тәубә! Алда риза бол сын! — деп шоқ ағаштың бауырына қарай ұзай берді. Анадй жерде ойнап жүрген немерелері соңынан жүгіріп, етегіне оралған. Беттерінен сүйіп, «мен қазір қайтып келем, барыңдар, ойнаңдар, құлыншақтарым» деп мөлтілдей қалған көз жасын көрсетпей ширақ адымдап, жүріп кетті. Жәміштің қоржынына қарай берген Қарасайдың қара қалы жыбыр еткен. Үйге жан ұшырып кірді. Жалма-жан үлкен абдыраны «дызың» еткізіп ашып жіберіп, жаннаттан, күзеннен, түлкіден астарлап тіккен, нафталин сіңген ішіктердің арасына сұққан қолына сандық іліккенде барып жүрегі орнына түсті. Ұрлыққа, жамандыққа ғана жаралғандай қуыстанып, қарашығы бір арада тұрақтамай, өлденеден қуыстанғандай үнемі жүгіріп тұратын ұры көзін сығырайта түсіп отырды да, жалма-жан қол сандықты бауырына қысып, ең түпкі қораның бұрышына келді. Төбедегі шелектің аузындай кішкентай тесіктен басқа сәуле түсер жері жоқ, қора іші ала көлеңке. Күн түспеген соң базданып, иісі шыға бастаған сыз жерді екі күрек бойы терлеп-тепшіп, ырсылдап жүріп қазды да, жез белбеу қол сандықтың ішін ашып отырып қалды. Қақпағымен біріңді өңкей шытырлаған жүз сомдықтарға көзі жайнап қайта-қайта қарай береді. Өлден уақытта сандықты қайта жауып, қаппен орады. Мойны былқылдаған жаңа туған нәрестені ұстағандай үлбірете көтеріп, шұңқырға салды да, бетін топырақпен жауып, бұзау бас былғары етігінің өкшесімен нығарлап тепкілей бастады.

Сиыр қорадағы жуан қақ ашаға сүйене қалған Япишкина қараңғы бұрышта қарны салақтап билеп тұрған Қарасайға қарап, іштей мырс етті де, аяғының ұшымен басып, өз үйіне жып берді. Соңын ала Қарасай кіргенде оң босағаны жаңа аттаған, әлі беті ашылмаған жас келіншектей көзінің үстімен ұялшақтана қарап, бұрала басып, еркелеп келді де, сырты күнге күйіп қызара бастаған толық, ақ білегін әжімді, жуан мойынға арта салды. Қапсыра құшақтаған Қарасай да лезде жадырап, ақ тамақтан борпылдатып сүйіп жатыр еді, Япишкинаның жып-жылы демі құлағына тиіп,

сыбыр еткенде сілейіп тұрып қалды: қуаныштан ба, әлде күтпеген жерде тосын естігендіктен бе, не дерін білмей есеңгіреп тұр. «Ка-ра-пе-ет, ащы бірдеме жегім келеді, «мее-тис!» деп сыбырлаған Япишкина өз сөзінен өзі қысылған адамның мінезін танытып, төсекке етпелей түсіп құлай кетті...

Ауданға қарай шыққан жолаушы машинаға отырған Жәміш артта қалып бара жатқан үйіне жалтақтап күрсінеді. «Өттең бауырымда Кәмелім мен Жәлелім болмағанда, сенің етегіңнен ұстамайтын ем. Басың лаңға түсіп, екіталай күн туғанда қасыңа еріп, ащы-тұщыны бірге тартып жалғызсыратпап едім. Енді менің бұл күнде керегім болмады ғой. Өттең не керек, бөрі кеш» деген миқата өкініш ішінде кетті.

Сол бір жылдардағы екіталай күнді ауданға жеткенше ойлады. Ол оқиғаны да Күргерей қарт Жантасқа жыр ғып айтып еді.

Күргерей қарттың бесінші жыры

Отыз бірінші жылдың басында он үй, он бес үйден әр жерде жеке-жеке мойын серікке бірігіп, шашылып жатқан ауыл бір жерге басымызды қостық. «Жаңа талап» деген жаңа артель құрдық. Осы отырғанымыз — сол колхоз.

Рас, артель құру оп-оңай бола қойған жоқ. О кездегі талай-талай оқиғалардың шет жағасын өзің де естіген боларсың. Ол да бір қызық заман еді-ау. Сонау ата-бұтасынан бері өз бетімен тіршілік етіп, өз қазан-ошағының бұтында түртпектеп өмір сүрген жұртқа колхоз деген ат алғашқыда біртүрлі жат естілді.

Ел ішіндегі оқыған, сауатты жастардың ішінен Райхан бар, осы күнгі Оспан бар, аудан орталығында бір айдай жүріп колхоз жайымен танысып келгеннен кейін, бір күні үш-төрт ауылдың ақсақалдарының басын қосты. Тұңғыш рет мұндай жиынға кемпірлер мен жас келіншектер де қатысты.

Ауданнан келген өкіл колхоз жайлы ұзақ сөйлеп, қазір оның еліміздің барлық түкпір-түкпірінде күн сайын көбейгенін, мұның өзі партиямыздың үлкен жеңісі екенін, кешегі революциядан кейінгі биік бір белес екенін түсіндіріп жатыр. Отырған жұрт оның сөзінің жартысына түсініп, жартысына түсінбей бірінен-бірі сұрайды. Ақыры өкіл сөйлеп болған соң, адам аяғы баспаған меңіреу бір жынысқа кезіккендей дағдарып отырғандар тұс-тұстан жамырап қоя берді.

— Қарағым, әуелі колхоз деген сөзіңді түсіндірші.

— Иә, ол кімнің аты?

— Ой, кімнің аты болушы еді, бір болшейбектің аты шығар.

— Оу, ағайын, — деп өкіл, — сендердің бет-бетіңмен сөйлейтін құдалығың емес. Тәртіп керек. Біртіндеп сұраңдар. Қане, ақсақал, сіз не сұрадыңыз?

Өкіл Жүсіп қартқа қарады. Жүсіп ол кезде тоқсанға таяған, әбден қартайған шағы еді. Сонда да жиыннан қалмай, елмен бірге келген. Таяғына таянып, орнынан тұрды.

— Балам, айтқаныңның нобайына түсініп отырмын. Бірігіп еңбек етейік деген сөзің көкейіме қонды. Құлаққа жылы естіледі. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Бұрынғылар да қол ұстасып, тізе қосып ел болуды көп аңсайтын. Оныңның бәріне түсініп отырмын. Әйтсе де, мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл деген. Қолқоз дегенің кім ол?

— Ө, отырыңыз, ақсақал. Орынды сұрақ, — деп өкіл бір жөткірініп алды. — Колхоз — орыс сөзі, ешкімнің аты емес. Коллективный хозяйства деген сөз. Енді, былай, әртелнай хозяйства дейді.

Өкілдің өзі орысша орашалақтау екен, жымиып күлген қасындағы Райханға қарап, қымсынып қалды.

— Жүсіп ата, — деді Райхан орнынан тұрып, — колхоз деген екі сөз: коллективное хозяйство. Яғни біріккен, ұымдасқан көпшіліктің шаруашылығы. Жаңа өкіл ағай айтып кетті, қолда бар мал-мүлік бір орталыққа жиналады. Ол сіздің де, менің де меншігім емес, бәріміздің ортақ дүниеміз болады. Біз соны өзіміздің қажетімізге жаратамыз. Колхоз деген біріккен шаруашылық, мал-мүлік.

— Сонда қалай? — деп орта тұстан біреу тұрды. — Мәселенки, мен қолқозға түскен малдың биыл екеуін соғымға сойғым келеді дейік. Ал, енді біреу, мәселенки, он қараны жұмсағысы келеді екен. Оның арты дау-шарға айналмай ма?

— Мұның жөні бола қояр ма екен?

— Ай, қайдам. Бұл бір шатақ нәрсе екен.

— Қазақ баласының қолы емес-ау. Ортаға түскен малды ертең кім күтіп, кім бағады? Қиын, қиын, — десіп тағы шуласып кетті.

Сол күні біз түні бойы айтысып, әңгіменің ұзын-ырғасын түсінгенше бақ-шақ болып отырдық. Ақыры Райхан айтқан сөзге бәріміз ұйып, түсінгендей болдық-ау.

— Сіздер орталықтың мал-мүлкін кім қарайды дедіңіздер, — деді Райхан. — Колхоз шаруашылығының бар тетігі осында. Малды бағып-қағатын адамның колхоздан алатын табысы да көп болады. Яғни, әр күнгі жұмысыңызға ертең астықтай, майдай, сүттей үлес аласыздар. Кімде-кім бұрынғы замандағыдай қашан күн тас төбеге келгенше ұйқысынан тұрмай бей-берекет жатса, оның табысы да болмайды. Колхоз ондай масылдарға ештеме бермейді. Ұлы көсеміміз Ленин айтқан: «кімде-кім еңбек етпесе, ол ішіп-жемейді». Яғни. қолы қимылдағанның, аузы қимылдайды. Ал, со л қимылдайтын қол неғұрлым көп болса, колхоз шаруашылығы да жақсы, әрқайсымыздың тұрмысымыз да жақсы болмақ.

Сол түні көпшілік алдында бірінші рет ұзақ сөйлеп, Балта аулын колхозға тұңғыш үгіттеп тартқан Райхан. Бәрі соның аузына қарап, білмегеніне намыстанбай, қайта-қайта ежіктеп сұрап отырды. Райхан ортада тұрып алып сөйлеген сайын, жиналған жұрт күбірлесіп:

— Айналайын-ай, заты әйел демесең, еркекке бергісіз-ау.

— Айнымаған әкесі.

— Шіркін-ай, Сұлтан көре алмай кетті-ау.

— Қарғам-ай, болайын деп-ақ тұрған бала. Еркек болса, бір елді ұстап отыратын-ақ бала.

— Жасынан жұлынып орыс оқуын оқып еді. Әй, болар бала жасынан деген ып-ырас, — десіп, ауыздарының суы құриды.

Менің де мерейім өсіп, айта түссе екен деп отырмын. Ақыры ел ақсақалы, үлкеніміз Жүсіп сөз алды.

— Ағайын жұртым, — деді айнала қарап, күміс сақалын күсті алақанымен сипап. — Мен төрімнен көрім жуық адаммын. Осы шағыма дейін жақсыны да, жаманды да, жоқшылық, таршылықты да көріп, кедейлік тауқыметін тартып өстім. Әйтеуір, алла берген ризыққа ырза болып, асарымды асап, жасарымды жасадым. Соның бәрі қиындықпен өтті. Сол қиын тұрмыс мен секілді шалмен кетсін. Ендігі қалған өмір сендердікі. Бұл дүниеден алып кетер ештеме жоқ. Бойымдағы бар еншім ауруым мен өзімнің кедейлігімді ғана алып кетсем болады. Ал, енді мына қолқоз дегенің маған ұнап тұр. Әйтеуір бәрің біріксеңдер, етек-жеңің мол, іргелерің берік болатынына имандай сенемін. «Көп түкірсе көл» деген. Жақсы лебіз жарым ырыс. Мына лебізге өзім тойып отырмын. Жақсы ишара. Бірігіңдер. Иншалла беттерің түзеледі. Қадамдарың құтты болсын. Илаһи амин!

Жүсіп сақалын сипап, бата берді.

Сол-ақ екен, сірескен мұздың іргесі сөгіліп сең бұзылғандай, отырған жұрт шуласып:

— Бірігіміз, несі бар.

— Екі қолға бір жұмыс. Біз де елміз, жұртпыз. Басымызды қосамыз.

— Дұрыс-дұрыс, — деп мақұлдай жөнеліп еді, мұрны шуылдап Боташ тұрды орнынан.

— Қарағым, бір нәрсе сұрауға бола ма, — деді өкілге қарап.

— Сұраңыз, сұраңыз.

— Колхозға қосылмаймын деген адамға ерік пе? Әлде...

— Оу, ақсақал, дүйім жұрт ұйымдасамыз деп жатқанда, елден ала бөтен шығатын адам табыла қояр ма екен. Оны несіне сұрадыңыз?

Боташ қибыжықтап, басындағы жыртық тымағын бір шешіп, бір киеді. Мұрнының астынан міңгірлеп тағы сөйлеп тұр:

— Жас болса келіп қалды. Ертең көптің шаңына ере алмай жүрсек ұят болар. Үкіметіме ризамын. Алдыма он шақты қара салып берді. Ендігі қалған өмірімде әйтеуір сол азбыншы малды керек етсем, маған ешкім ештеме демейтін шығар. Өзім дімкәспін.

Өкіл не дерін білмей, қайта-қайта жөткірініп жұртқа қарап еді, отырғандар Боташты кекетіп ала жөнелді.

— Мұның ежелгі әдеті. Кежегесі кейін тартып, қашанда кері сөйлемесе, іші ауырады.

— Ой, қосылмаса, қосылусыз қалсын.

— Кешегі алған байдың он қарасын жүз қара біткендей көріп отыр ғой. Мейлі...

— Осыған қосыл деген кім бар.

Жүсіп қарт Боташқа оқты көзімен қарап, атып жібере жаздады.

— Өзің бір сақалың сапсиып алып, атан түйеше кері шаптыратын неме екенсің. Жақсыға бастай ма десең, әркімнің теперішінде жүріп бір езу болған кәрі мәстекше үнемі қыңырайып бұра тартасың да отырасың.

— Ағайын, шуламаңыздар, — деді өкіл. — Колхозға бірігу, бірікпеу әркімнің еркінде, оған зорлық жоқ. Бірақ...

— Е, бәсе. Кедейге теңдік емес пе. Қарағым, мыналарға солай дұрысын айтшы.

— Дұрысын айтса, ол былай, — деді Райхан. Жұрт тына қалды. — Ертең колхоз ұйымдасқан соң, жердің бәрі — егістік, шабындық жер сол колхоздікі болады. Ал оған қосылмаған адам жерден ешқандай үлес ала алмайды. Егер, бұл арадан мүлдем іргеңізді аулақ салам десеңіз, басқаны лайламаңыз.

— Қарағым Райхан-ай, — деп Боташ мысқылдай күлді. — Кеше ғана өзіміз өсірген жалаң аяқ, жалаң бас қаршадай бала едің. Бүгінде әкеңмен тұстас адамның бетінен алып, қалай болса солай сөйлейсің. Әйел бала деген сыпайы болушы еді.

— Әй, Боташ, тіліңді тарта сөйле.

— Сұлтанның садағасы кет.

— Тұстас болмай кет, — деп жұрт тарпа бас салып еді, Райхан тоқтаңыздар деген ишарат білдірді.

— Ата, — деді ол. — Мен сіздің үлкендігіңізді әрқашан сыйлаймын. Бірақ есіңізде болсын, иә, бәріңіздің естеріңізге салайын. Әйел бала, ер бала деп бөлулеріңіздің алды-арты осы болсын. Әйелдерге теңдікті сіз әперген жоқсыз. Ленин атамыз әперді. Ендеше олай тіліңізді тигізбеңіз.

— Астапыралла! — деп Боташ шоршып түсті. — Қарағым-ай, жала жаппа! Ленинге бір ауыз сөз айттым ба?! Жұртым-ау, айтшы.

— Мейлі, сіз не десеңіз, ол деңіз. Әйелдер енді сол теңдігіне ешкімнің қолын тигізбейді. Ел ішінде іріткі салып, кейін тартатын адам болса, осы бастан аластаймыз. Колхозға қосылмасаңыз қосылмаңыз. Бірақ ендігері «байтал шауып бәйге алмас» деген пасықтықты доғарайық.

Сол түні отырған жұрттың көпшілігі мақұлдап, Райханды колхозға басқарма сайлады. Кейбіреулер:

— Апырмай, жастау болмай ма?

— Қанша оқыды дегенмен әйел адам, ертең бала басты болған соң қиын болмай ма? — десіп жан аши сөйлесе, қайсыбірі:

— Е-е, елді әйел басқаратын болды ғой енді.

— Жұртты ұстап тұруға бұл секілді әлі етегінің ашылған-жабылғанын білмейтін қыздың шамасы келер ме екен, — деп күңкілдесті де.

Бірақ ондай көлденең сөз өз бетіне қалып, жиырма бір жасында менің қызым Райхан қазақ тұрмысында әйел затынан тұңғыш рет ел тізгінін қолына алды.

Сүйтіп, сол жылы Балта, Асығат, Қанай ауылдары басымызды қосып, «Жаңа талап» артелін құрдық.

Алпысқа тарта үйі бар колхозда, ұмытпасам, қырық-елу ат, жиырма шақты өгіз, он-он бес сиыр, отыз шақты қой-ешкі бар. Бәрі арық-тұрақ, қайсыбірі қыстан әрең шыққан көтерем.

Көктем шығысымен егін салуға кірістік. Бүкіл колхозда үш ағаш соқа бар. Өгізге салатын мойынағаш, аттың қамыт-сайманы жоқтың қасы. Үш ауылдан шыққаны төрт радуан, екі трашпенке, бір-екі арба. Айтқандай, Малжанның қара пәуескесі бар. Оның да құр қаңқасы қалған, доңғалақ шабақтарынан сау-тамтық жоқ, быт-шыт.

Райхан екеуіміз көрші «Вишневка» деревнясына барып, тамыр-таныстардан қамыт, мойынағаш, арба жасайтын ағаш, құрал әкелдік. Мен құтты орным — ұстаханада отырып алып, ертеден қара кешке күрек, айыр, ол-пұл керек-жарақтарды соғумен боламын.

Сол жылы егін салуда жастардың септігі мол тиді. Жаңа ғана комсомол қатарына кірген жұтынған жас жігіттер, қыздар жұмысқа құлшына тиіскенде, апай таптырмайды. Бәрі де жұмыс қайдасың деп жайнап тұр. Бұрын өз үйінің қазан-ошағынан аса алмайтын қыз-келіншектер де енді бірігіп еңбек еткен соң, бұрынғыдай ұяң емес, ерлермен қатар түсіп, алдына берген жұмысыңды тасқаяқша қағады.

Ауыл қотаны да бұрынғыдан көңілді. Таң сәріден көздерін тырнай ашып тұратын өндірдей жастар қашан күн батқанша егін даласында жер жыртып келсе, түні бойы ауыл сыртындағы киіз үйде сауық құрады. Қажу, шаршау жоқ. Ойындары да ескі ойынға ұқсамайды. Жаңа. Ел ақсақалдарын, кемпір-кепшіктерді жинап алып, ара-тұра ән салып, би билеп ойын көрсетеді.

Сүйтіп Райхан басқарған колхоз жаңа бір өмірді бастап жүре берді.

Иә, айта берсе әңгіме көп. Сол жылы пішен де шабылды, егін де жиналды. Рас, жаз бойы құрғақшылық болып, астық онша мол шықпады. Әйтсе де колхоз мүшелері тұқымдық астықтан қалғанын қылдай ғып бөліп алып, жаңа нанға ауыздары тиді. Бәрі де алғаш құрылған артельге дән ырза. Тұңғыш рет осынау жатқан кең даланың, құйқалы жердің иесі өздері екенін сезіп көңілдері толып, ел сабасына түсті.

Бірақ... Тағы да бірақ деймін-ау, көп ұзамай сол көңілдің шырқы тағы бұзылды. Мықтап бұзылды.

Қара суық күз. Таң атысымен азынаған ызғырық жел бетегені тамырымен суырардай үілдеп, тынымсыз соғады. Қашан қар жауғанша ұзақ сапарға жолаушылап кеткендей күннің көзі бір жылтырап шыққан емес. Аспан бетінде торы ала түтіндей кезген бұлт не жаумайды, не тарқамайды, дөңбекшіп, аунап, тынымсыз көшіп жатады. Шеті де, шегі де жоқ.

Осы бұлтпен қатар келіп, ел ішіне қара суық желдей мазасыз тиген салық басталды. Бір салық емес, көп салық. Аудан орталығынан келген өкіл атаулы, ауыл адамының апшысын қуыра береді. Үй-үйді аралап жүріп, табақтай кінегесін жайнамаз құсатып алдына жайып салады да, есеп шотын бір қағып:

— Сіздің үйге пәлен пұт ет түсті. Қане, қазір кірге салып өлшейміз. Қандай малмен құтыласың, — деп ет салығын жинайтын әгінт бір-екі қарасын бас жібінен сүйретіп жөнеле береді.

«Ет салығынан» құтылдым ба, құтылмадым ба деп отырғанда, ізін суытпай тағы бір әгінт есіктен кіреді. Ол «жүн салығын» жинайтын адам. Бар ешкісі мен қойын қырқып, енді құтылған шығармын деп отырғанда, тағы бірі келеді. Ол — «май салығы». Не керек, күз аспанының көшпелі сабалақ бұлтындай бірі кетсе, екіншісі келеді. «Өзара салық», «астық салығы», «тері-терсек салығы», «орын салығы», «түтін салығы» — әйтеуір қаптаған салық.

Аудан жақтағы қара жолмен шандатып біреу-міреу келе жатқанда-ақ ел ішінің апшысы қуырылып, аза бойы қаза болып, тік тұрады. Бәрінен де ел Қосимановтан қаймығады. Ауылда оны милиция Қосиманов дейді.

— Тұра тұрыңыз, ол қай Қосиманов?

— Осы күнгі аудандық милицияның бастығы!

Со кезде, жас шамасы жиырманың ішінде болар. Бұл күнгідей бой түзеп, жұрт алдында керімсал боп отыру жоқ, басындағы қоқырайған фуражкесінің шетінен түлеген қара ешкінің жүніндей сирек шашы тал-тал шығып тұратын, қырма таздың өзі. Ел ол кезде милиция десе, жаны түршігіп, құбыжық көргендей қорқады. Соны пайдаланып Қосиманов қараңғы елді қуырдақша қуырады.

Аз күнде ел іші жүнін жұлған тауықтай сидиып шыға келді. Әйтеуір қоймайды екен деп, үй басы қолында қалған бірер малын қар түспей жатып сойып алып, еттігіне тұздап, жерге көміп, тып-типыл етті. Сонда да салық тоқталған жоқ. Қайта көбейе түсті.

Жаңа қар жауған мезгіл болатын. Бір күні ауыл адамдары жапа-тармағай жүгіріп, Жаңыл дейтін жесір әйелдің үйіне жиналды. Бәрі у-шу. Райхан екеуіміз де сонда келдік. Кішкене жаппаның асты толған адам. Жаңыл өз бетін өзі тырнап, дауыс қылып отыр. Беті дала-дала. Тырнақ осып кеткен жерден қан судай ағып, иегінен тамады. Ауданнан үш өкіл келіпті. Бірі — Қарабет, екіншісі — Қосиманов. Қарабет сол кезде аудандық ақша бөлімінде налоговой агент болып істейтін. Қосиманов қай үйге кірмесін, әуелі жайғасып, алдына дөңгелек столды алып, тізесін соғып салақтап жүретін қамшының өріміндей бауынан мылтығын шығарады. Быт-шыт қып бөлшектеп, қалта

орамалмен әр жерін сүрте бастайды. Бұл жолы да сол әдетінен айнымапты. Жесір әйелдің зары кәперіне де кірмей, мылтығын тазалап отыр. Жұрт басу айтып Жаңылды әрең қойғызды. Жаңыл ықылық атып әрең сөйлейді.

— Жұртым-ау, өздерің айтыңдаршы. Қолдағы жалғыз қара сиырды бір әкетті. Үш қойды қозысымен қосақтап екі әкетті. Енді міне, мына жаңа апыл-тапыл аяғын басып жүрген баламның керегінен айырмақшы. Осы қораның мал дегеннен сауып отырған жалғыз ешкі қалып еді, енді соны етке аламыз деп отыр. — Жаңыл тағы ағыл-тегіл жылады.

Жұрт не десін. Бәрі күрсініп:

— Апырмай, бұл бір ғаламат болды ғой.

— Бәріміздің де күніміз осы. Қайтейік, — дегеннен басқа ештеме айта алмайды. Бөтен сөзбен қарсы келуге ешкімнің батылы жетпейді.

Өлден уақытта Қосиманов жиналған жұртты жаңа көргендей, басын көтеріп, едірейе қалды.

— Ой, сендерге жол болсын. Немене, бұл үйде бас асып қойып па?! Қане тараңдар. Өлде мені көрмей жүр ме едіңдер?! Қойғандарың суып бара жатса, қазір бәріңе де барам. Дайындай беріңдер. Ал, қане шығыңдар! — деп ақырып қалды. Босағадан бері аттай алмай тұрғандар жасқанып, жылыса бастады.

Осы кезде бағанадан бері қабырғаға сүйеніп, түнеріп тұрған Райхан жайлап сөз бастап:

— Жолдас Қосиманов, осы елдің жайы өзіңізге белгілі емес пе?! Алар малы алынды. Тігерге тұяқ қалмады десе де болады. Енді қыса бергенмен не шығады? Аудан басшыларына осы сөзді неге жеткізбейсіз, — дей беріп еді, қыздың алдында лезде жұмсарып Қосиманов ыржың етті.

— Бикеш, сіз түсінігіңіз бар адамсыз. Мына сөзіңізді басқа айтса бір рауа. Сізге ұят емес пе?! Контрдың сөзін сөйлеп тұрсыз. Бұл елді мен бес саусағымдай білем. Өлі де тығулы мал көп. Бірақ Қосиманов тірі болса, көрдегіні тірілтіп алады.

Жаңыл Райханның сөзін арқаланды ма, бетінің қанын етегімен сүрте салып, көйлегінің өңірін дар айырды:

— Ал, ендеше, мә ал, ана сәбиді жалғыз ешкінің желінінен айырғанша, кесіп ал мына шандырды. — Келіншек тамыры білеуленген болбыр емшегін салақтатып шығарғанда төбе шашым тік тұрды. Қарттар бетін басты. Бірақ Қосиманов міз баққан жоқ.

— Ол ешкімен құтылсаң құдайыңа құлдық айтарсың. Өлі де мойныңда үш пұт ет бар. Жерден қазсаң да табасың. Жиырма қадақ жүнді де төлеген жоқ қой? — деп жүн жинаушы Қарабетке қарады.

Жаңыл жынданып кетті ме деп ем: сол-ақ екен, өз-өзінен сақылдай ала жөнелді. Көзінен жас аққанша күліп, орнынан ұшып тұрды да:

— Немене, ол жүнді қай қажетіңе тығын қыласың?! Ана таз басыңа жапсырасың ба? — деп жүгіріп барып Қосимановтың бас киімін жұлып алмасы бар ма. Қосиманов та мылтығын ала ұмтылып:

— Аһ, оңбаған неме! Мен сені үйретейін. Көзіңді жылтыратып қамап қоймасам атым өшсін, — деп дірілдеп-қалшылдап әйелді бас салды. Үй іші ойран-топан.

— Араша, араша!

— Қой, қарағым, есің бар емес пе?! —

— Қайтсін енді, әбден ашынған ғой, — десіп жұрт ара түсті.

— Жолдас Қосиманов, әйел адамға қол салмаңыз. Бұрынғының күні бар деп тұрмысыз. Бұл не бассыздық?! Тоқтаңыз, — деп Райханның даусы ащы шыққан соң барып басылды Қосиманов.

Жаңыл үйінде болған хикая лезде бар үйге тарады. Сол күні жұрт бұрынғыдан ширығып, алғаш рет есіктерін тас түйін бекітіп, Қосимановтарды енгізбей қойды.

Бірақ жағдай онымен түзелмеді. Кешінде-ақ артельдің белді-белді адамдарын жиып, Қосиманов жиналыс өткізді. Бәрін айтып жатпайын. Оның ұзын-ырғасы былай болды.

Ең әуелі сөз бастаған Қарабет. Жаялықтай кінегесін ақтарып тұрып, төтеше жазылған тізімді оқыды:

— Міне, көріп тұрсыңдар. «Жаңа талап» колхозына түскен салықтың үштен бірі ғана төленді. Сендер мына милиция баланы күстаналайсыңдар. Текке жазғырасыңдар. Бұл өзі қалтасына басып, бұдан бір пайда көрейін деп жүр дейсіңдер ме? Гәләшөкін мырзаның өзі айтыпты: «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын», — деп, бірге отырған адамдай, естіген сөздің жөн-жосығын түсінбесе де, өзінше көп білетін кісіше мардымси қалды.

Ол кездегі ауылнайымыз Шәлтік деген тәштиген, қу жақ, сары көсе болатын. Ауылнайлыққа сайланбай тұрып-ақ көрінген жерде тілі мен жағына сүйеніп сары масаша ызындаған нағыз заржақ шолақ белсендінің өзі еді. Қолына тізгін тиісімен-ақ қалтасындағы мөріне масаттанып, жұрттың апшысын қуырды. Бірақ жұрт өзін сырттай мазақ етеді. Бірде Қызыл жалаудан келе жатып жолдағы он үйлі Қондыбай аулына түспекші болыпты. Күн алай-түлей боран екен. Сипалап жүріп, әр үйдің есігін қағады. «Қондыбай» аулы нағыз аты шулы сараң ауыл. Айлы-күннің аمانында жолаушыға есік ашып, қара су татырып көрмеген Шығайбайлар ақ боранда қайдан мейірімі түссін. Бірі есігін ашпайды. Сонда, бар дүниенің кілті өзімнің қолымда деп ойлайтын Шәлтік біреудің терезесіне келіп, «аш есікті, мен ауылнаймын, Шәлтік ауылнаймын» деп, мөрін алып, қырау әйнегіне баса берсе керек. Жұрт бертінге дейін күліп жүрді. Осындай қожанасырлығы да бар сол Шәлтік қақ ағашы жарыла бастаған неше жылғы шоқпар сияқты, ойдым-ойдым қос жұдырықтай басы қалтақтап, шегір көзі шатынап суырылды-ай келіп:

— Жолдастар, өкімет сендердің алдарыңа мал салып, бастарыңды қосып, теңдік әперді. Байларда кеткен еселеріңді алып берді. Енді бүгінде өткендегі күндеріңді ұмытып, күпіршілік жасап отырсыңдар. Өкімет ет бер дейді екен, бересің, май бер дейді екен, бересің. Мен өзім айналайын өкіметімнен жанымды да аямаймын, керек десе қоң етімді кесіп беремін. Салығын өтемей отырған адам контр. Ондайдың ініне су құю керек.

Колхозшылар мардымды ештеме айта алмады. «Бар болса, аянып қаларымыз жоқ. Бірақ титықтап біттік. Енді немізді берейік», — дегеннен басқа не десін.

Райхан өткір ғой. Сол ғана орынды сөз айтты:

— Біз, мына Қосимановтарды неге кінәлаймыз? Сендер елдің апшысын қуыра келесіңдер. Жоқ нәрсені табан астынан қазып тап деп, дігірді саласыңдар. Егер елім-ау, жұртым-ау десеңдер, көрген-білгендеріңді аудан орталығындағы басшы адамдарға неге мөлдіретіп айтпайсыңдар? Одан қалса, неге жоғарғы жерге жазбайсыңдар? Бірақ сендерге кінә да жоқ. Не сөйлеп, не қойғанын білмей жүрген сендер секілді қараңғы белсенділерге не дауа?! Шолақ сай тез тасиды. Шолақ ойлы адамдар да сол сай секілді, бар қаруы ашуында. Елді қорқытпаңдар. Көп қорқытады, терең батырады.

Жиналыс даумен тарқады. Ертеңінде-ақ Қарабеттердің соңын ала Райхан да аудан орталығына жүріп кетті. Бірақ жеңген жоқ. Жеңіліп қайтты. Тауы шағылып қайтты. Өкіл Қарабет пен Қосиманов: «Елде жасырын мал әлі көп. Қораларына тығып бермей отыр. Бәріне жел беріп ұйтқытып отырған Райхан», — деп бар кінәні менің қызыма жауыпты. Аудан «Райхан Сұлтанова — оңшыл. Колхоз басқаруға енді қақың жоқ», — деп орнынан алып жіберіпті. «Тұқыл ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты» десіп, Қарабеттер мазақтап, табаласа керек. Райханжанның адал жүрегін түсінуге олардың өресі қайдан жетсін.

Міне, жұмыр бас нені көрмеді?! Жаңа жетілдім бе, үстегі жалбыр тон түсіп, аузымыз аққа, астымыз атқа енді тиді ме деп отырған жұрт осындай сұрқылтайды да көрген. Бірақ тап ол кезде мұның перегиб пәле екенін қараңғы ел қайдан білсін. Оны бертін ғана аңғардық қой. Ешкінің құйрығынша шолтандаған шолақ белсенділер шаш ал десе, бас алған жоқ па?!

Ел іші қыс бойы жерге көміп, шошаланың бұрышына тығып қымқырып қалған азбыншы етін керек етіп, көктемге жетті. Бірақ қар еріп, сай-сала тасыған уақытта ауыл қотанында тігерге тұяқ қалмады. Аштық шындап келді. Таң саз бере орнынан тұрған адамдар, сүйектен өтер жел өтінде дірілдеп, былтырғы егістік орнында қара құртша қаптайды. Жал-жал боп шабылмай тірі қалған бидайды жұлып, масақ теріп, өлмес қамын жасайды. Қар астында қалып үсік шалған шірік бидай қанша керек болсын. Ол да ұзаққа жетпей таусылды. Қайсыбір пысықшалар жан-жақтағы ауылдарға жаяу-жалпылап шұбырып, бала-шағасының тісіне басар бірдеме іздеп аласұрады. Бірақ бізден озып, оңып жатқан жер жоқ. Қайта бертін келе естідік, басқа аудандарға қарағанда Қызыл жалаудың халі, оның ішінде біздің колхоздың халі біршама жақсы болды. Оған екі себеп бар. Бірі — біз тұрған жер Омбы облысына, орыс деревняларына жақын жатқан жер ғой. Әркім тамыр-таныстарын сағалап, картоп, ол-пұл жеміс алып, үзіп-жұлып дегендей біразға дейін талшық етті. Екіншіден, бұл ара бықыған көл, өзен. Бір «Жаңа талаптың» маңындағы өзен, көл, жайылма қара суларды қосқанда отызға тартады екен. Жер дегдіп, күн қыза келе жұрт су бойын қуалап, балық, құс аулай бастады. Жеті жасар балаға дейін тыным көрмей тұзақ құрып, борық тартып әлек. Жер жарықтық

еңбек етсең барын аяған ба. Қара топырағы май емес пе. Шіркін, жұмыр жер, қасиетті жер, қалай қастерлеп, қалай аялауыңа тұрады ғой.

Со жылы жазда Райхан Омбы қаласына кетті. Екеуіміз жаяу үш күн жүрдік. Қолтығыма қысқан кішкене дорбада екі уыс малта, азбыншы ірімшік бар. Тамағы тоймаған аш-арық адамда әл де болмайды екен. Жүрісіміз өндімейді. Жол бойы кездескен көл жиегінде жиі тыныстап, қолдағы тобатайға су қайнатып ішіп, әлденген боламыз. Ақыры, Ресейге қарай тереңдеген сайын деревнялар көбейіп, картоп жарықтыққа біршама кенеліп қалдық.

Мен Райханды Шарбақкөлге дейін ұзатып салдым. Ол қоштасып тұрып, бала да болса байсалды сөздер айтып, жұбатып кетті.

— Әке, «ел тарыққан уақытта мұнысы несі» деп іштей разы емес шығарсың. Оны өзім де түсінемін. Түсіне тұра кетіп барамын. Бірақ елден, ауыр тұрмыстан қашып, жеңіл өмір іздеп бара жатқаным жоқ. Ана жылдары қос әкем екеуің бірлесе жүріп, елдің қамқоры болдыңдар. Білек жұмсап, қарсы тұрып бай аулына да еселеріңді жібермей жүрдіңдер. Ендігі заман күштің, білектің заманы емес, білімнің заманы. Мен білім қуып барамын. Сұлтан әкем өсиет етіп кетіп еді деп, мені шамаңнан келгенше оқыттың. Бірақ ол оқуым әлі аз. Кешегі ел ішіне келген қысылшанда арашаға түсуге білімім де, өрем де жетпеді. Бұл күнде тонын айналдырып киіп алған бай баласы Қарабеттердің де тізесін бүктіре алмадым. Қайта олар мені сүріндіріп кетті. Егер менен басқа бір еркек кіндік ағам, інім болса, әлі де көптің арасында тырбанып жүріп, соны оқытар ем. Бірақ сенің менен басқа кімің бар, — дегенде Райханның даусы жарықшақтанып шықты. Менің де сай-сүйегім шымырлап, жүйкем босап кетті. Қолаң шашынан сипап, маңдайын төсіме басып, қызымның аядарынан иіскей бердім. Шуақты дала сілтідей тынып, түймедей бұлты жоқ кіршіксіз көк аспан да жапан түзде жол жиегінде отырған әке мен балаға мейірлене қарап тұрған секілді. Тас төбеге шығып ап, қанатының ұшы жыбырлап ән салған бозторғай да әке мен баланың құшағына қызыққандай, тас бұршақтай көзін жаудыратып бір арада тапжылмай іліне қапты. Райханымнан менің де айырылғым келмейді. Күнге күйіп судырлаған құрғақ қалың шашынан иіскеген сайын кешегі жан аямас досым Сұлтанның иісі, өз иісім келеді мұрныма. Адам баласы түгіл, бар хайуанатқа дейін баласынан ыстық не бар?! Райхан басын көтерді. Жыламапты. Бір сәт келе қалған көз жасы үлкен көзінің шарасынан төгілмей, мөлтілдеп тұр. Ер адамның қолына ұқсап көкшіл тамырлары білеулене бастаған қолының сыртымен көзін сүртіп тастап еді, әр жағынан тағы да жылт етіп от ұшқындады. — Әке, ал енді мен тұрайын. Сен екеуің мені ойлап жүдемеңдер. Егер оқуға түсе алсам, жылда елге бір келіп тұрамын.

— Жарайды, жаным. Жолың болсын. Біз де жылда биылғыдай тарыға бермеспіз. Көлік тауып, өзім де барамын. Тірі болсам, сені арқама салып оқытсам да, оқытамын. Тек хабарыңды тез жеткіз. Ана Лиза шешең өзі ілбиіп, сүрініп жүрген арық неме, сенен хабар келмесе сары уайымға түсіп, өліп қалады. Есінде болсын.

— Жарайды, әке. Хабарласамын.

— Хош бол! Ұзақ жүрме. Қоналқы жерге жиі түсіп отыр. Шаршап қаласың, — деп соңынан айқайлап қала бердім.

Ол кезде, жиырмадағы ел қыздарының танымайтын үлкен кентке Райхан секілді жаяу-жалпылап оқу іздеп кетпек түгіл, екі ауылдың арасына да жападан-жалғыз жүріп, адаспай жол табуы неғайбіл. Омбы жаққа беттеген қызымның артынан, алыстағы тоғай тасасына кіргенше көз айырмай мақтанышпен қарасам: «Апырмай, алдынан не кездесер екен, маңдайы ашылып, бағы жанар ма екен, пәле-жаладан аман болса екен», — деп бір жағы жүрегім алып-ұшып, кеудеме сыймайды. Әр соғысында бір қуаныш, бір қорқыныш тұрды.

Ақ жұлық болған көнетоз етігі қолтығында, кішкентай кенеп дорба арқасында, қара жолдың ыстық топырағын жалаң аяғымен басып Райханым ұзай берді. Артына қарайлап барады. Алыстаған сайын үстіндегі көкшіл көнетоз көйлекті қызым әлі бүршігін жармаған, бояуы ашылмаған жас гүлдей баяу ырғалып, көзден тасаланып барады.

Қос бұрымындай қатарласа ұшқан қос қарлығаш уыз жасты алыс сапарға жетелеп, қос қанатымен екі жағынан алма-кезек сипай өтіп, серігіндей бірге кетті.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БІРІНШІ ТАРАУ

Елу төртінші жылдың күзінде қазақ даласы сары алтынға малынды. Ұшы-қиыры жоқ бай өлкенің бір пұшпағы — Қызыл жалаудың жалпақ жоны, төбе-төбелердің арасы жайқалған сары балақ егінге тұнып тұр.

Орақ басталды. Мөлдір аспан астында айнаға қараған арудай сыланған жер дүр сілкінді. Күні-түні жосылған машина, қаздай жүзген комбайннан көз сүрінеді. Күн сайын топ-тобымен Москва, Ленинград, Киев секілді алыс қалалардан келіп жатқан завод, фабрика жұмысшылары, қызметкерлер, студенттер.

Халел егін орап алдында аудан орталығында шоферлік курсқа емтихан тапсырып, право алған. Соның артынша-ақ көп ұзамай совхоз жеке машина берді. Содан бері бригада басында. Күні-түні комбайннан қырманға астық тасиды. Елгезек бала астына су жаңа машина тиісімен тынымсыз жүріп, аз күнде совхоз адамдарының көзіне түсе бастады. Кеңсе алдындағы құрмет тақтасынан озат шоферлермен қатар мұның да аты жазылып, Морозов көрген жерде оның арқасынан қағады. Бір жыл болмай жатып кәдімгідей ысылған шофер болып алды.

Бірақ осындай ұлы дүбірде жүрсе де Халелдің көңілі жабыңқы. Жұмыс басты бала қанша ұмытайын десе де, жол бойында жалғыз келе жатып, есіне үйінің жайы түсе береді. Ескілігі ұстап жиі ауыра беретін шешесі Жәміш жаздан бері Қызыл жалаудағы Кәмелдің үйінде. Қазір науқастанып ауруханада жатыр. Бұрын сырттан келгенде алысып ойнайтын құрбысындай Дика үйде жоқ. Біржола кеткен. Құрылыс басында. Ақбөпе болса, жат адамдай аралары суыған. Сонда да Халел ұзақ уақыт көрмесе, кәдімгідей сағынып қалады. Бірақ үйге келгенде, оның жүзіне қарай алмай, сырт айналып үн-түнсіз кете барады.

Ақбөпе де Халелдің тамағын беріп, өзін осы үйде жүрген масыл адамдай санап ләм деп тіл қатпайды. Онысы қабағынан-ақ аңғарылады. Шопр Оспан айтқандай ағаш бауырындағы өз үйі қазір суырдың ініне ұқсайды. Есік алдында анда-санда көрініп, қайта жып беретін Япишкина суыр сияқты. Совхоз асханасынан қуылғаннан бері жұрттың көзіне түспейді. Күні бойы ұйықтайтын болса керек. Тек түнгі мезгілін ұйқысыз өткізеді. Халел сырттай естіген, «жалғыз үйде тұратын Агафия Япишкина қолдан сыра ашытатын көрінеді. Қайсыбір жолаушылар түнделетіп сол үйден сусындайды» дейді. Осындай әңгімелерді естігенде бетінен басып, өз үйіне жолағысы келмейді. Әйтсе де бармасқа амал жоқ. Ақбөпені аяйды. Екі баласымен отырған жеңгесіне тапқан табысын апарып береді. Бүгін еңбек ақысын алған.

Халел машинасын үйдің алдына тоқтатып, кабинадан енжар түсті. Күн сәскеден ауып бара жатқан мезгіл еді. Үй маңы тым-тырыс. Әншейінде алдынан жүгіріп шығып, «аға, машинаңа мінем» деп аяғына оралатын Болат пен Рауза да көрінбейді. Тегі бір жаққа ойнап кеткен-ау. Төбеде жатқан ұяластар да басын енжар көтеріп қарады да, иесін танып самарқау жата берді. Дыбыс беріп үрген де жоқ, құйрықтарын бұлғап алдынан да шықпады.

Халел жай басып үйге енді. Алдымен үлкен үйге кіріп еді, жан жоқ, тым-тырыс. Үй іші бәз-баяғы қалпы. Тек қабырға сағаттың шынжыры шұбатылып, тасы жерде домалап жатыр. Масаның да ызыңы естілмейді. Халел жүгіріп шығып, отауға барды.

Кіріп келгенде жүрегі су ете түсті. Үй іші қаңырап бос тұр. Тірі пенде жоқ. Өзі жататын кереуеттен басқа ештеме қалмапты. Төсек үстіндегі үлкен жастықтардың бұрыш-бұрышы делдиіп, «өх, келдің бе?» дегендей, құлақтары елеңдей қалған әлдебір мақұлыққа ұқсап кетті. Ақбөпенің дүниесі жоқ. Қабырғада ілулі Жәлелдің үлкен суретінің шегелері сорайып тұр. Халел көшкен жұртта қалғандай көңілі құлазып, өне бойы қалтырап қоя берді. Ақбөпе қайда?

Халел қораға шықты. Не істерін білмей мең-зең боп тұрғанда әлдекімнің күмістей сыңғырлаған күлкісі келді құлағына. Жер астынан шыққандай алыстан еміс-еміс естіледі. Халел құлағын түріп, тағы тыңдады. Жоқ, алыста емес. Мал қора жақтан естіледі.

Ең түпкі шағын қораның сыртқы албар жағында үлкен қақпа бар. Ені екі метрдей биік қақпаға арба түгіл, машина да еркін сыйып кетерлік. Бұл — ана-мына жолаушы ғана емес, жақын адамдары біле бермейтін Қарасайдың жасырын есігі. Қыста албар жағына бір мая шөп үйілетін де, қашан көктем шыққанша ол есік қайтып ашылмайтын.

Халел ат қора, сиыр қора, тауық қорадан етіп, қақпалы қораға келді. Орта бойлы адамның өзі еңкейіп тапал есіктің тұтқасын ұстай бере, арасы ырсыып ашылған жұқа тақтай саңылауынан көзі ішке түскенде сілейіп тұрып қалды. Бұтында бір жапырақ труси мен арқасында қаз-қатар түймелі көк атлас лифчиктен басқа жері жап-жалаңаш Ағашка Япишкина қабығы жаңа аршыған жұп-жұмыр кескен қайыңдай етпетінен түсіп жатыр. Тас төбеден ауған күн сәулесі кең қақпаның маңдайшасынан әйелге тура құйылып тұр.

Халелдің көзі әйел астындағы төрт бүктеулі текеметке түсті. Шешесі Жәміштің ағаш төсегінде жататын оюлы ақ текемет. Жәлелдің сүйегін орап шығаратын текемет.

Халел шыдай алмай тұтқаға қолды сала беріп тағы бөгелді. Әкесінің даусы көрден шыққандай тап қасынан күңгірлейді. Батыр-ау, қайда сөйлеп жүр? Ол да осында ма? Онда мына әйел ұялмай неғып шалжиып жатыр?

Бұрыш жақта кең ұра қазылған. Тау-теңіз сары балшықтың бауырында үлкен науа тұр. Науа ішінде сумен араластырған қоймалжың цемент.

— Ағайша, Айша! — деп ұраның ішінен әуелі салтақ-салтақ әкесінің басы, одан соң жап-жалаңаш иығы көрінді. Ұраның жиегінен ұстап, мықшындап шыға алмай жатыр. — Ағайша, қолыңды бер. Тарт.

Япишкина қолын беру орнына сүмбідей аяқтарын қайшыландыра көтеріп, ішек-сілесі қата күледі.

— Тартыл, тартыл. Шық өзің. Қарның тіреп тұр ғой, кішкене ортаяр ма екен, тартыла түс. Хи-хи-хи!

Қарасай ұра ішіндегі күрекке қолын тіреп, зорға дегенде көлбақаша тырбаңдап сыртқа шықты. Оның да бұтында кара трусидан басқа лыпа жоқ. Ішке кіріп кеткен резеңкелі ышқырлық мүлдем көрінбейді. Шартыған мес қарын буылтықтанып екіге бөлінген. Ортасынан бұған ат қоржын секілді. Өгіздің сауырындағы қамшының ізіндей бадырайып мықынның тұсына теңбіл-теңбіл қызыл жолақ дақ түсіпті. Тегі буындырып қысқан резеңкені әлсін-әлсін бір жоғары, бір төмен ауыстыра берсе керек. Ғұмырында ұзын дамбалдан басқа мынадай киім киіп көрмеген әкесінің қартайғанда желіккеніне Халел қайран қалды. Және де бұлай жалаңаш жүргенін де, кара жұмыспен айналысқанын да бірінші көруі. Бұл екеуі неғып бір-бірінен қымсынбай жүр? Ұра неге керек? Халелдің ойына әлі де бөтен жамандық келген жоқ. Әжімді мойнынан, іркілдеген қос емшектің ортасынан тер сорғалаған әкесі талтаңдай басып, Ағашканың қасына сылқ етіп отыра кеткенде ғана Халел жалт бұрылды. Жүгіріп келе жатып қараңғы қорадағы ашаға маңдайын тарс еткізіп соғып, бір түкірді де тысқа ата шықты.

* * *

Төбесін тольмен, қабырғасын руберойдпен жапқан үйдің алды бықыған адам, жыпырлаған машина. Машиналардың беті адам көргісіз: ақ айран шаң. Маңындағы шоферлердің үсті-басы да сондай. Киімінің кез келген жерінен шертіп қалсаң, шаң бұрқ етейін деп тұр. Қайсыбірінің сақал, шаштары өскен. Көздері қызарған, қимылдары ұяң. Аяқтарын зорға басады. Екі-үшеуі келе кабиналарында қисайған. Ыстықта быршып, самайларынан топырақ аралас кара тер ағып, шаштарының түбіне дейін шып-шып, ұйықтап отыр. Бұлар сонау қияндағы Украина жерінен өз машинасымен күн-түн қатып көмекке жеткен механизаторлар.

Қара үй — машина саймандарының қоймасы. Халел кешеден бері қолы тимей, стоп сигналының сынған шынысын ауыстырып алуға келе алмай жүрген. Бүгін жолай соқты. Он шақты адамның арасымен жылжып алға ұмтылды. Алда тұрған еңгезердей біреу керек заттарының тізімін оқып тұр. Артындағылары шешесінің етегінен тартып қыңқылдайтын балаларша әлгі адамға қайта-қайта өз мұқтаждарын айтып қояды:

— Терентий Трофимович, маған вентилятордың ремені керек, ременім қырық құрау, үзілейін деп тұр.

— Терентий Трофимович, мұнда балондар бар көрінеді, менің протекторымнан дым қалған жоқ, жап-жалтыр.

— Терентий Трофимович, чашаның иісі шығады, менің тормозым ұстамай жүргенін білесіз ғой, — деп үшінші біреуі кимелей ұмтылып, маңындағыларға көзін қысып еді, қағаз жазып отырған қыз:

— Тормозға құясың ба, әлде көмейіңе құясың ба? — деп саңқ ете қалды. Тұрғандар ду күлді.

Халел күлген жоқ. Тұпа бойы дір етті: «Батыр-ау, таныс дауыс. Бұл кім болды? Бұрынғы складшы өзгерген ғой, тегі». Халел алға ұмтыла түсті. Склад іші кара көлеңке. Сығырайған кішкентай терезелерден сығалаған болмашы сәуленің өз төңірегінен әрі асар дәрмені жоқ.

Оның үстіне тар қоймаға үйілген дәу жәшіктер, құрсаулы бөшекелер жарық өткізер емес. Төбесінен күннің табы қыздырған тынысы тар қойманың іші олиф, сыр, солидол араласқан ащы иіс. Ө дегенде қараңғыға көзі үйренбей жыпылықтаған Халел:

— Маған стоп сигналдың шынысын беріңізші, өте асығыспын, — деп анадайдан айғай салып еді.

— Асықсаңыз жолыңыз болсын. Сізден басқалар да қойын жайып, қолын қусырып отырған жоқ, — деп қыз басын көтеріп алғанда, Халел сілейіп тұрып қалды: Ақбөпе. Жаңа көрді: склад ішінде

темір-терсекпен ойнап отырған Болат пен Рауза да орындарынан атып тұрып: «Әтәй, әтәйлап» Халелге қарай жүгірді.

Сүйткенше болған жоқ, арт жақтан киіп-жарып, жолдағыларын қағып-соғып біреу келді. Дерягин. Аздап тастап алған. Күн ыстықта сүмектей терлеген Васяның аузынан жуа аралас арақ иісі бұрқырайды. Бұл өңірге жаңа келген бейтаныс жігіттер бетіне қаны тамған өңшең әлеуетті ірі болғанмен, Дерягинге қарсы келмей әдеп сақтап қағыла берді.

— Дорогуша, ласточка моя! Қане, ана тұрған аккумуляторлардың біріне қол жалғап жібер, — деп Дерягин Ақбөпенің алдына шынтақтай қисайды. Ақбөпе тіксініп қалды. Дерягиннің мына оғаштығын ерсі көріп, кішкентай балалардың да көздері шығып, тесіп барады.

— Жолдас водитель, бұл ара қалжақтайтын орын емес біріншіден, екіншіден, мен саған қарлығаш та емеспін, аққу да емеспін, қызмет орнымдағы адаммын. Еңсеңізді көтеріп, адам сияқты тұрыңыз, — дегенде Ақбөпенің сұлу, жіңішке қасы дірілдеп, қалың кірпікті әдемі қарақат көзі жарқ етті.

— Құп болады, — деп Дерягин аяғын тарс еткізіп, қолын шекесіне апарды. — Ал ендеше, красавица, сенің алдыңда мен кешке дейін осылай тұруға бармын, тек аккумулятор берсең болады.

— Қағазыңыз бар ма?

— Қол қоямын, пожалуыста.

— Жоқ, қол қою жетпейді. Үлкен заттарға бас инженердің не Морозовтың рұқсаты керек.

— Не, не?! Гражданка, өзің сүп-сүйкімді қызсың. Суф десе, ішке жылп ететін жүзім секілдісің, — деп Дерягин үш саусағын сүйіп алды. — Жігіттермен айтысып, көңілін қалдырма, саған жараспайды. Қане бере ғой.

— Сізбен көп сөйлесуге уақытым жоқ. Айтылды, маза беріңіз.

— Сен өзің шын айтып тұрмысың? Қай ақымақ мұндай заң шығарып жүрген? Немене, мен аккумуляторды өзімнің артыма қояды деймісің, — деп Дерягин тұрпайы сөйлеп, өрескел кетті. Бірақ Ақбөпе қысылған жоқ:

— Қайда қойсаңыз онда қойыңыз. Мейлі ана делдиген танауыңызға қойсаңыз да, оны бас инженерден сұраңыз... Әне, өзі де келді.

«Бас инженер» дегенде жаңа келген жігіттердің бәрі елең етіп тысқа шықты. Бурыл, сұйық шашын желкесіне түйген, үстінде желбегей кеудеше, аяғында жайпақ табанды жұпыны бөтенке, қоңыр шұлық, қабағы кірбің, бірақ көзі отты мосқал әйелдің алдына Дерягин бұрын жеткен. Жолын кес-кестеп тұра қалды. Сау күнінде Райханның қаһарынан ығып, өзі де тік мінез Дерягин онымен оп-оңай сөзге келіп қалатынын сезіп, алдына жоламайтын. Қазір бір стакан арақтың екі стакан желігі көтеріп, суырылып қоя берді. Билеп тұр:

— Жолдас бас инженер, мархабатты мейіріміңізбен мына мен секілді күндіз қарақұсша, түнде жапалақша тынымсыз жарбаңдап ұшып жүрген пақырыңызға көз қырыңызды сала көріңіз. Титімдей зарядка аяқ, қолын матап, сіздің алдыңызға бас игізіп тұр. Маған жаңа аккумулятор керек.

— Зарядка, зарядка! Зарядкамен тойып алыпсың ғой. Саған аккумулятор емес, машинаның кілтін беруге болмайды. — Райхан қабағын шытып, кейіп сөйледі. Бірақ қанша ішіп жүрсе де жұмысты апай таптырмай істеп, кунтуш тынымсыз астық тартатын алдыңғы қатарлы шоферге бұдан артық ауыр сөз айтпады. — Аккумулятор берілмейді. Ал қазір машинаны гаражға қой да, тынық. Ертең ертемен маған кел. — Райхан жүре беріп еді, Дерягин көзі қызарып алдында тұрып алды. Даусын құбылтып, әдейі шаңқылдап сөйледі.

— Сізге неге барамын, жолдас бас инженер. Сізбен ғашықтық жырын шертуге барам ба? Мен әлі жас емеспін бе? — Машина маңында тұрған бөтен жігіттер ду күлді. Дерягинге не Райханға күлгені белгісіз.

Дерягин одан сайын желігіп, көтеріле түсті.

— Жолдас бас инженер, әлде сіздің қызыңыз бар ма? Айттырайын деп пе едіңіз?

Жігіттер тағы ду күлді. Райхан үнсіз, тапжылмай, Дерягинге тіксіне қарап тұр.

— О-о, жолдас бас инженер. Айтқандай сіздің қызыңыз жоқ екен ғой, ғапу етіңіз, я оказывается забыл, что вы старая де-е-ва!

Жігіттер бұл жолы мырс-мырс етті. Райханның көзі қарауытып, мөлтілдеген жас іркіле беріп қайтты. Бір жігіттің «старая дева» деп күңк еткенін де құлағы шалып қалды.

— Сіз өзі үндемейсіз ғой, маған шын ғашық болып қалдыңыз ба? — Жігіттер тағы да күлді. Оларға бұл екеуі қалжыңдасып тұрғандай көрінді. Дерягин одан бетер қызып, бұралаңдап, аузын қисаңдатып не істеп, не қойғанын білмеді. Енді Райханға бетін тосып тұр. — Олай болса, рұқсат, сүйіңіз. Бірақ бір сүйгеніңізге бір аккумулятор.

Жігіттер тағы да ду ете беріп, жым болды. Дерягиннің бетіне шарт етіп алақан тиді. Бәрі ұйқысынан ояңғандай көздері шарасынан шықты. Ыстық темірмен қарып алғандай дуылдаған бетін басып, Дерягин қалшиып тұрып қалды. Әп-сәтте мастығынан айықты. Қайта бойын жиып, денесін тік ұстаған қалпы Райхан үнсіз жүре берді. Бір колонна машинаны басқарып келген Петухов ыңғайсызданып, қыбыжықтап келіп, өзін таныстырғанда ғана:

— Райхан Сұлтановна, — деді де Петуховтың қолындағы тізімді алды. Екі қағаздың бірінде механизаторлардың тізімі, екіншісінде оларға қажет машина тетіктерінің тізімі. Райхан машиналарының түбінде үрпиісе қалған жас жігіттерге қарап сөйледі:

— Жарайсыңдар, жігіттер! Сонау жерден жұптарыңды жазбай тез жеткендеріңізге қуаныштымыз. Сіздердің бастарыңызды қосып енді қайтып сөйлесуге мұрша жоқ. Орақ уақыты. Науқан. Түсінесіздер. Ал, енді бұл араға қонаққа келмегендеріңізді естеріңізден шығармаңыздар. Абұйырлы келіп, абұйырлы қайтуларыңызға тілектеспін.

Қазір асханада тамақ әзір. Бірақ мына түрлеріңізбен баруға болмайды. Осы арадан екі километр жерде, ана бір тұста, — деп Райхан қолымен нұсқады, — көл бар. Сонда барып сақал-мұрттарыңызды алып, машиналарыңызды жуып, тап-тұйнақтай болып келіңіздер. Бүгін тынығып, ертең жұмысқа шығасыздар. Бригада-бригадаға бөлеміз. Тамақ, киім, тағы басқа қажетті нәрселерден мұқтажықтыңыз болса, мына басшыларыңызға хабарлаңыздар. Петухов жолдас, кешкі сағат тоғызда тізімдеріңізбен кеңсеге келіңіз. Директор да болады. Ал қазір барыңыздар.

Бірде-бір адам көлденең сұрақ қойған жоқ. Бір топ машина бірінің соңынан бірі тізіліп, көлге қарай кете барды.

Орақ басталғалы Райханда ұйқы жоқ. Совхоздағы жүзге жуық машинаны әр бригадаға бөлгелі баратын жерлерінің арасы алшақтап кетті. «Жаңа талап» колхозы совхоздың бөлімшесіне айналғаннан кейін, егістік жер де кеңіп, машинамен сырғытып өте шыққанның өзінде бар бригаданы айналып түсуге бір күн жетпейді. Ол ғана ма. Егіс даласындағы техника қайда?! Жүзге тарта комбайнның біреуі науқан кезінде тоқтап қалса, совхоз шаруашылығындағы қан тамырдың біреуі тоқтағанмен барабар. Оларды тікелей басқаратын бригадирлер де бар. Бірақ басы-қасында болып, үнемі бақылап отырмаса тағы болмайды.

Ала көлеңкеде тұрған Райхан қас қарайғанша егін аралады. Кезектесіп істейтін комбайндардың басында да болып, талай адамдармен сөйлесті. Райханды көрсе, жас та, кәрі де өз жұмысының жайын айтып, балаша мақтанып қалады. Бәрі де Райханды ана тұтады. Тіпті, елулердің ішіндегі кексе адамдар оның алдында өзін кішісініп, інісіндей ұстайды.

Қазір Райхан ұйқы меңдеп, шаршап, қажып оралды. Үйі әлі «Жаңа талап» бөлімшесінде. «Совхоз орталығына көшсек қайтеді» дегенде, әкесі Күргерей: «Қызым, осы күні машинаға жер алыс па, өзін келіп тұрарсың. Колхозымыз совхозға айналмай жатып жасымнан біте қайнасқан ел адамдарының арасынан қалай жырылып кетем, кейінірек көрерміз. Саған тым қиын болып бара жатса, бір амалын жасармыз. Өзірше тұрайық, бұл да бір совхоздың жері ғой», — деген.

Райхан үйіне тура бармай, жолда шопр Оспанның үйіне бұрылды. Оспанның шешесі Кәміш Сұлтанмен түйдей құрдас. Балта аулындағы Жүсіп шалдың қызы. Райхан бала күнінде талай рет бұл үйге келетін. Кәміш оны өз қызындай бауырына басып, басқа балалардың ішінен ала бөтен жақын тартушы еді. Енді, реті келгенде, амандасып шығуды өзіне парыз көрді.

Райхан жеңіл машинасын шатырлы үйдің ығына қойып, ішке енді.

Оспанның үш баласы бар. Екі ұл, бір қыз. Балаларының алды он үштегі Күләй. Әйелі бұдан екі жыл бұрын ұзақ науқастан қайтыс болған, содан бері жетім балаларына өз анасындай қамқор, орнықты, жайлы адамның реті келмей жүр.

Үй сырты тап-тұйнақтай, ықтиятты көрінгенмен, ішкі ауызғы бөлме қара көлеңке, ыбырсып жатыр. Қазан аспадан шыққан қою бу бөлме ішінде булығып, тұнып тұр. Қара сабынның иісі шығады. Үлкен легенді алдына алып кір жуып отырған Күләй екен. Райхан кіргенде қолындағы бұзаушығын үюлі жатқан киімдердің үстіне тастай беріп басын көтеріп алды. Жер столдың айналасында қағаз қиып

ойнап отырған екі бала есік ашылғанда «папам келді» деп орындарынан өре түрегеліп, басында орамалы жоқ, қысқа бұйра шаш бөтен әйелді көрісімен, тосырқап, тұрып қалды.

— Амансыңдар ма, балақайлар, — дегенде барып, жарма пештің қалтарысында қалың көрпе жуып отырған Кәміш кемпір бері шығып, көзін көлегейлей қарады:

— Иә, аман ба, шырағым.

— Тәуір, тиышсыз ба, апа!

— Шүкір! Қай баласың, қарағым. Танымадым ба? Төрлет. — Кірлерді аттап өте алмай тұрған Райхан Кәмішке бір түрлі аянышпен қарады. Отырғанда бес биенің сабасындай, мол денелі, көрікті Кәміш, қазір тіссіз аузы ішке омырайған, қатқан қара сұр кемпір. Райханның үні дірілдеп шықты.

— Апа, танымадыңыз ба, мен Райханмын ғой.

— Не дейт. Бауыр-ым-ау, құлы-ным, — деп Кәміш дауыс қылып, қолының суын да сұртпестен кеп Райханды бас салды. «Сені де көретін күн болады екен» деп, өткен-кеткенді айтып, ұзақ уақыт жібермей көрісті. Райхан да мауқын бассын, ішіндегі шерін тарқатсын деп құшақтаған күйі жылай берді. Оның көз алдынан да баяғы күндері, ел жайы тізбектеліп, шын босап кетті. Анасы қайтқанда көріскен адамдарды өріп қорқып қалған екі-үш жасар ер бала манадан бері көзі мөлтілдеп, тұрып-тұрып, шыр етіп жылағанда барып екеуі ажырасты.

Райхан амандық сұрап, Кәміштің келініне көңіл айтты. Осы тұста ауыр бір күрсінген Кәміш:

— О, дүние жалған десейші, — деп қалды. — Тірі адам тіршілігін жасай береді. Әйтеуір алла деп отырмыз. Енді мына қарғаларым аман болсын. Күләйім де, міне, ер жетіп қалды. Үйді ұстап отырған осы ботам. О, дүние жалған десейші. Кеше ғана құлыншақтай секірген бала едіңдер. Міне, бүгін сендер де біздің өкшемізді басып, қуып жетіп қалдыңдар.

Райхан қағазға оралған кәмпітті балаларға ұстатып, шаштарынан сипап жүргенде, Кәміш оның бас-аяғынан көзін алмай ұзақ қарады. Ел басқарып, бар жұмысты ер азаматша тасқаяқтай қағып жүрген Райханның тұла бойына сүйсіне түсіп, бурыл тарта бастаған шашына, жасына лайық келісті, жарасымды киіміне қарай берді.

— Айналайын, әйтеуір, аман оралдың ғой. «Ауылдағының аузы сасық» дегендей, біреулердің пәле-жаласынан талай азапты тарттың-ау, құлыным. Келгелі естіп жатырмыз, бар орыс-қазағы бар, сені мақтап ауыздарының суы құриды. Соның өзіне төбеміз көкке жеткендей қуанып отырамыз. Мерейің үстем бола берсін, лайым! Биыл қыс аяғында Зерендідегі төркін жұртқа кетіп ем. Сол жақта науқастанып жатып қалдым. Жақында келдім. Сені көре алмай жатқаным да сол, жаным. Үйде болсам, өлейін деп жатсам да кеудемді сүйретіп жетпеймін бе.

— Рахмет, апа, рахмет! — деп, Райхан пенжегін шешіп тастап, жеңін түрінді де, Күләйдің қасына жүресінен отыра кетті. — Көне, Күләйжан, мен көмектесейін. Сен суыңды молырақ ысыт. Бар, кірді әкел.

Талдырмаш келген, екі көзі ботаның көзіндей сүйкімді қыз, не дерін білмей әжесіне қарай берді. Кәміш безектеп:

— Қой, балам. Киіміңді былғайсың. Қайтейін деп ең. Өзіміз де бірдеңе етіп жуамыз. Күләйжан, Райхан тәтең қонақ қой. Жай қонақ емес, ел ұстап, ел басқарып жүрген үлкен нәшәндік, ұят болады, одан да самауырға от сал. Дәм ауыз тисін, — деп Райханды кірге жуытқысы келмеді.

Бірақ Райхан көнбеді.

— Ештеме етпейді, апа. Қолға жұғып қалмайды. Көне, Күләй, бүгін бір үйді тәртіпке келтірейік, — деп кірісіп кетті.

Райханның ұйқысы шайдай ашылды. Кешке дейін отырып, Оспанның май-май киімдеріне дейін түгел жуды. Бәрінен де кішкентай балалардың іш киімдерін аппақ шағаладай ашып, өздерін жуындырып жүріп, тағдыр салмағынан талай жыл бойы еркекшора болып кеткен Райханның алғаш рет аналық сезімі оянғандай болды.

Бағана қырдан төмен түсіп келе жатқан Райханның машинасын танып, Лиза шешей есік алдында күтіп тұрған. Бірақ машина Оспан үйіне бұрылған соң, «жанымау, Райханым ба десем, бөтен біреу болды ма», — деп үй шаруасымен айналысып, ұзақ жүрді де, ақыры шыдай алмай осы үйге беттеді. «Райханым болса игі еді», — деп қашан суық хабарды естірткенше асығып, жүгіре басып келеді.

Шопр Оспанды бригада басына түскі тамаққа жиналған жұрт ортаға алып қаумалап кеп, хан көтеріп аспанға лақтырды. Денесі сом, иықты, кесек адам допша атылып, аяқ-қолы тырбандап, қарқ-қарқ күледі. Жел қағып, күнге күйген өңшең жас жігіт ұзақ уақыт жерге түсірмей әуелете лақтырып, қақпақылдай берді.

Аяғы жерге тигенде басы айналып, тәлтіректеп қалған Оспан жұрттың бұл ойынының мәнісіне түсінбей, әркімге бір жалтақтап қарай береді. Төбесін брезентпен жапқан жан-жағы ашық дала асханасының астындағы столдың маңы толған адам. Орта тұста директор Моргун да отыр екен. Ол орнынан тұра бергенде, шулаған көпшілік су сепкендей тына қалды. Моргунның қолында газет.

— Жолдастар! — деді Моргун. — Сіздердің бастарыңызды қосып жиналыс шақыруға қазір өздеріңе аян, уақыт жоқ. Сондықтан, осы ашық аспан астында бір-екі сөз айтуға рұқсат етіңіздер. Егін орағын бастағалы бір айдан астам уақыт өтті. Өзір қарқынымыз жаман емес. Астық жинауда бар совхоздың алдымыз. — Жұрт осы арада «браво!» деп шу ете қалды. — Бірақ, «балапандарды күзде санайды» дегендей, әлі көп жұмыс алда. Қазір бір айдан бері ауа райы да жақсы. Жауын жоқ. Ал енді, ертең-ақ жаңбырдың басталып, күз айының бүлінбесіне кім кепіл. Сондықтан бәріңіз де мына Оспандай еңбек етсеңіздер, бір түйір дәнді далада қалдырмаймыз. Міне, өздеріңіз көрдіңіздер, облыстық газет жиырма жылға жуық машина жүргізген коммунист шофер Оспан Жылқайдаровты бүкіл тың жердегілерге үлгі етіп жазыпты. Тұңғыш рет бес прицеппен астық тасыған жерлесімізді құттықтап, қолын алуға рұқсат етіңіздер.

Жұрт тағы да гуілдей жөнелді. Моргун Оспанның кеспелтек қолын құшырлана сілікті. Моргуннан соң тұрғандардың бәрі Оспанның қолын алып құттықтады. Қырғызстанның авторотасынан өз машиналарымен келген жігіттер де:

— Туышқан жерлеш, мәртәбегіз Алатоодай биік болшын! — деп құшақтап жатыр.

Оспанның қолына газет жаңа тиді. «Көкшетау правдасының» бірінші бетіне қарап, бір қуарып, бір қызарады. Дөңгелек суретте күліп түскен — өзі. Оның астында бес прицеп тіркелген «ЗИЛ» машинасы. Шынында да автопоезд десе дегендей. Өзін де, машинасын да Оспанның суреттен бірінші көруі.

Сол күні кешқұрым совхоздағы кассир әйел ток басына келіп жұмысшылардың еңбекақысын таратқан. Кезекке тұрып шүпірлеген халық шопр Оспан келе жатқанда қақ жарылып жол берді:

— Дядя Успан, кезекке тұрмай-ақ қойыңыз, алыңыз. Келіңіз, келіңіз, — десіп жастар құрмет көрсетіп жатыр. «Бөліп-жарып қайтем, бір айдың ақшасын бір-ақ алармын» деп жүретін Оспан күректтей қолымен жіп-жіңішке ағаш сап қаламды икемсіз ұстап, қол қойып еңбекақысын алғанда жұрт шу ете қалды:

— Вот, это зарплата.

— Вот я понимаю.

— Министр де мұндай алмас.

— Е, несі бар, күні-түні Успан ғұсап бес прицеппен жүрсең, сен де аласың.

— Охо, ол айтуға ғана жеңіл. Бесеуді былай қойып, екі прицепті дұрыс алып жүргізсек те жаман болмас.

— Оның өзі сондай қиын болушы ма еді, — деді машина жайын білмейтін біреуі.

— Қиын болғанда қандай. Оған үлкен тәжірибе керек. Түнеугүні біраз шоферлер жүргізіп көрем деп, орнынан қозғай алмады.

— Сен де айтады екенсің. Немене, орнынан қозғай алмағанда оларды Успан өзі сүйреп жүр дейсің бе, — деп көлденеңнен екінші бірі қосылды.

— Мәселе сүйреуде ме екен. Орнынан баяу қозғап бір скоросқа ауыстырғанда машина моторын сөндіріп алмай, жұлқымай, бір қалыпты жүру сен сияқтылардың қолынан келе бермейді. Машина жайын білмеген соң тыншыңа тұрсайшы, — деп жас шофер ананың аузын қақты.

Оспан шынында да ғұмыры мұндай еңбекақы алып көрген емес. Қазір етектей-етектей сықырлаған жүз теңгеліктерден бес мың сомды қалтасына бүктеп салып, тасымалды дүкенге беттеді.

Қызыл ала автобус — дүкен. Шофері де, дүкенші де татар жігіті. Автобус іші лық толған дүние — аузы-мұрнынан шығады. Жаннан өзгенің бәрі бар. Осыншама дүниенің арасынан дүкеншінің екі шекесі, қушиған маңдайы, іп-істік мұрны, тұздай көзі, шикі сары секпіл беті ғана жылтырайды. Екі бүйірден қысып, төбеде басқан тар қапаста тұрса да дүкенші жігіт шотын сарт-сұрт қағып, қутың-қутың етеді. Не нәрсе сұрасаң да қалай табатынын білмейсің, айнала беріп суырып алады.

Оспанның алмаған заты жоқ. Кәміш шешесіне қимал шапандық көк жібек барқыт, қамзалдық ши барқыттан бастап, балалардың басынан аяғына дейін киінетін дүние алды. Бәрін машинаға салып, өз бригадасындағы шоферлерге: «Ертең алағөбеде тұрамыз. Сағат төртте бәрің қырман басында дайын болыңдар. Прицептеріңді қараңдар. Ал қазір тынығыңдар. Келесі жұмаға дейін қайтып отгул жоқ. Күні-түні тасимыз. Қыздарыңды да бір жұма бойы қайтып көру жоқ. Оған дейін алаңдап, сағынып жүрмесін, айтып кетіңдер. Әлі уақыт табылады. Енді бір айға жарылып кетпессіңдер. Байқандар, егер жол бойы есінеп, қалғып-шұлығып отырсаңдар ренжісеміз», — деп жас жігіттерге қалжыңдап, ауылға қарай беттеді.

Оспан кабинада көңілді. Шаңы шыққан айдау жолда зырылдаған төрт доңғалақ өз көңілі секілді. Бір апта бойы рейсте жүрген қарамағындағы шофер жігіттер құрбыларын, қыздарын сағынып, совхозға алақтап тұрса, Оспан ауылға қарай алақтайды: анасыз жетім — үш қозысын сағынып, көңілі де босап кететіні бар.

Міне, қазір сол үшеуі көз алдында тұр. Ойында емес, тап көзінің алдында. Жас жігіттердің кабинасын қарасаң, сұлу актрисалардың журналдардан қиып алған суретін көресің. Қайсыбірі кеудесін жарқыратып, жаңа түйіншектенген тастай қос анардың әдемі жықпылына дейін ашып тастаған, енді бірі қылымси қарап, аппақ балтырын көрсетіп, шаштарын арқасына жайып жіберген өңкей мойны құрықтай, көздері тостағандай қыздар. Оспан алғашқыда мұндай жеңілтек жігіттерді ұнатпай: «Мыналарды алып таста, қызға қарағанша, жолға қара, бақшада отырған жоқсың, жұмыста отырсың, қызға қырындаймын деп, жолдан қырындасаң, маслихат сонда болады», — деп ұрсып тастайтын. Келе-келе жастарға ерік берді. Әлгі қыздар жігіттерге бөгет емес, қанаттандыратын періштедей көрініп, тіпті өзі де солардың әуенімен кеткенін аңдамай қалды. Өзі де періштелерінің суретін іліп қойды. Бірақ Оспанның періштелері басқа. Кабина маңдайшаларына қадап қойған үш баласының суреті. Көздері жаудырап, бәрі әкесіне қарап, күліп отыр.

Оспан оларды бір сүзіп өтіп: «Әй, құлыншақтарым сол!» — деп енді жол бойы балаларымен іштей сөйлесіп отыр. — Бүгін сендер көрдіңдер ме, әкелеріңді облыстық газет жазыпты. Маңдай терін төгіп еңбек еткенде, елің, халқың сүйінсе, одан асқан абырой, атақ жоқ, құлыншақтарым. Естерінде болсын. Жадыңа мықтап тоқыңдар: әкең — қызметі үлкен адам емес. Бірақ дәрежесі жоғары. Мына быржыған келепандай күсті қол машинаның баранкасына жабысқалы жиырма жылға тақады. Құр қаңқасы қалған полуторканың моторын қайыспен байлап, сына қағып, темірден соғып жүргізіп, қалың жауындарда белшесінен батып, борандарда қар астында қалған күндері де болған әкелеріңнің. Бірақ бар тәнімен, жанымен сүйген жұмысын тастаған жоқ. Міне енді, жұлындай ұшқан су жаңа ЗИЛ-де отыр әкелерің. Осыдан артық дәреже, осыдан артық бақыт тілемеймін. Қашан қуатым кемігенше мына қол осы баранкадан айрылмаса, еңбегімнен танбасам болғаны. Бәрі сендер үшін, боталарым. Бар тілегім — ертең ер жеткенде әкелеріңнің осы адал еңбегі, маңдай тері сендерге мирас болсын, құлыншақтарым. Сендер білесіңдер ме, жұмыс бабында бәрі, бәрі кездеседі. Кейде жапанның сары даласында келе жатқанда қапырық кабина ішінде барлығып, ыстықтап маужырап, қалғып кетесің. Ондайда машинаның асау тайдай бұлтыңдай жолдан мұлт тайып кететіні бар. Алдыңнан кездескен бөтен машинамен қақтығыспай шаң арасымен жылт етіп аман өткенінді көргенде «ух» деп, маңдайыңнан суық тер бұрқ ете қалады. Сонда жалма-жан сендерге қараймын. Үшеуің бірдей қарғаның балапанынша үрпиісіп, көздерің жаудырап, үрейлене қаласыңдар. Ұйқым шайдай ашылып, көзім шырағдандай жайнайды. Кейде, қалың батпаққа машын күпшегіне дейін батып, үсті-басың малмандай су болып, бір түсіп, бір шығып қатты кейісің. Газды басқан сайын аузыңнан бейпіл сөздер де еріксіз шығып кетеді. Сонда жалма-жан сендерге қараймын. Үшеуің бірдей бұртиып, бас шайқап «папа, мұның не, қабағыңды шытпашы, қане күлші» дейсіңдер. Мен салтақ-салтақ батпақтан көзім ғана жылтырап отырып, мырс етіп күліп жіберемін. Сосын қайтып кейімеймін де, шаршамаймын да. Сендер маған қуат, әл бересіңдер. Міне осылай, құлындарым! Сендер қашан көзім жұмылғанша қасымдасыңдар, біргесіңдер. Көз алдымда осылай тізіліп отырасыңдар. Мен машинамен жүйткіп келе жатқанда, сендерді, құлындарым, алысқа, биікке сүйреп зымыратып әкеле жатқандай боламын. Дені сау болса, сендерді жетелеуге әкелерің шаршамайды, қажымайды, қозыларым!»

Көңілі тасып, төбесі көкке жеткендей шалқып, масаттанып жеткен Оспан Лиза шешейдің хабарын естігенде көңілі ортайып қалды.

Лиза шешей Оспанмен бірге кірген. Сөйлей енді:

— Қарашығым-ау, сен мұнда отыр екенсің ғой. Бүгін екі көзім төрт боп сенің жолыңа қараумен болдым, — деп кебісін босағаға асығыс шеше салып, сүрініп-қабынып кеп Райханның маңдайынан сүйді. Қобыраған самай шашын шаршы орамалының астына қарай тығып, сөйлеп жүр. — Бәсе, бағана анау қырдан түскен сені жазбай танып ем. Бүгін келмесең, бір машинға отырып іздеп барам ғой деп, үйде тағатым таусылып жүр ем, өзіңнің келгенің мұндай оңды болар ма, жаным!

Райхан шешесінің қабағындағы кірбінді байқап қалды.

— О не, апа? Мені жай іздедіңдер ме?

— Жай болушы ма еді, ботам. Аузы күйген үріп ішеді демекші, кешеден бері ана әкең нәр татудан қалды. Тағы бір арам пиғылды біреулер сенің соңыңа жарық алып түсіп жүр екен деп, ұзақты күн зығырданы қайнап, үйде аласұрды. Жаңа ғана мал басына кетті. У-uh! Қартайғанда жаңа көрдік пе, көрмедік пе деп жүрек дауаламай, ішкен ас батпай жүргенде, тағы көпсінгені ме. Құдай-ай, әйтеуір, қара жүрек залымдардан қашан айығар екеміз, — деп тоқтады. Қолын қазақы камзолының терең қалтасына сүңгітіп, сылдыраған бір топ кілттің арасынан бүктелген қағазды алған Лиза шешейдің қуқыл тартқан реңінен көз алмай, сөзінің артын баққан Оспан мен Райхан түсініксіз жайды бір жапырақ қағаздан іздеді. Шынында да қағазда бәрі жазылған. Райхан көзін жүгіртіп оқыған сайын тынысы тарылғандай демін алқына алып, қабағын түйгенде, кең жазық маңдайға түскен әжім сызықтары жазыла берді. Оспан алыстан көз тастап, ұсақ әріптерді еркін жүргізе алмай, қашан қолына тигенше асығып отыр. Райхан оқып болды да, әлденені есіне түсіргендей ойланып қалды. Шешесінің тереңде жатқан көкшіл шүңірек көздері үрейленіп, тапжылмай қадала қарағанда барып мырс етіп күлді.

— Апа түк емес, ит үреді, керуен көшеді, — деп анасын жұбатқанмен жүзіндегі кейістік, түйіле қалған қабақтағы күйініш ізі тарқамады. Қолындағы қағазға қайта үңіліп, түнеугі бір жайды есіне алды.

Егін орудың жаңа қызған кезі еді. Белоруссиядан жиырма шақты семья көшіп келген.

Қызыл іңір. Жел жоқ. Тас төбеге шығып алып, титімдей болмашы бұлт сіркіреп жауып тұр. Өшейін шаң басар ғана.

Моргун мен Райхан совхоз сыртына тіккен жаңа палаткаларды көруге келген. Төсек-орын, ол-пұл, көр-жер, ыдыс-аяқтарымен көшіп келген адамдар түгел тысқа шығып, совхоз басшыларымен танысып жатыр. Араларында басы жерге жеткендей иіліп бүккендеген кемпірлер де бар. Жасы алпыстарға таянған ұзын тұра қарт, ең ақсақалы болар, араларында көп сөйлеп жүрген сол.

— Бәріміз бір колхоздың адамдарымыз. Тыңға келіп қалдық, ендігі бұйрықты сіздерден күтеміз. Ертеңнен бастап жұмысқа бөлсеңіздер дұрыс болар еді, — деп Моргунға қарап, Райханның басынан аяғына дейін көзімен бір шолып өтті.

Райханның құлағы бағанадан бері шеткі шатырда. Іңгөлап жылаған жас нәрестенің үні әлсіз. Барлыққан, әлсіреген. Сонда да даусы бір семген жоқ.

— Ертеңнен бастап дейсіздер ме? Ертең емес, бүгін түнде кеңседе отырып бөлуге де болады. Адамдарыңыздың тізімі қолда. Жастар жағы түгел механизатор екен. Өте жақсы, — деп Моргун сабырмен сөйлеп, жылаған баланың шатырына қарай аяңдай берді. — Ал, енді үй жағына келгенде түгелдей қарық қылып тастаймыз деп айта алмаймын. Қарттары, кішкентай балалары бар семьяға әзірше бір бөлмеден тауып берерміз. Қалғандарыңыз шатырда уақытша баспаналай тұрасыздар. Сосын қандай мұқтаждығыңыз бар, айтыңыздар.

— Ешқандай мұқтаждығымыз жоқ, бәрі жеткілікті, — деді егде адам.

Сөзге Райхан араласты:

— Емшектегі балалар да бар екен. Мына бала жолда ауырып қалған-ау, сірә, уанбай жылауын қараңызшы. Бізде дәрігер бар, қажет уақытта күн-түн демей шақыртып алуға болады.

— Жоқ, ол ауырған бала емес. Дені сау. Алты айлық бала ғой. Біздің Алеша Новик деген жігітіміздің тұңғышы. Өзі бір алпамсадай ірі туған қомағай неме. Шешесінің сүтіне жарымай, түні бойы сілесі қатқанша жылайды, — деп еді, төрт бұрышты жуан кемпір киіп кетті:

— Жол бойы сүт те жоқ екен. Емізікпен құр қара шай ішсе, жыламағанда қайтсін о сорлы бала.

Бұл әңгіме Райханның көңілінде ертеден бері жүрген бір ойына түрткі болды. Сол күні кеңседе отырып совхоз басшыларымен мәжіліс құрып, өз пікірін ортаға салды.

— Менімше, жаңа келген семьялы адамдарға мемлекет бағасымен сиыр беру керек. Еңбекақысынан ұстап отырса, бір жылда-ақ төлеп болады. Қашан мал шаруашылығын дұрыстап жолға қойғанша, күнде сүтпен қамтамасыз етіп тұру қиын. Қалай қарайсыздар?

Бұл пікірді бәрі қолдады.

Ертеңінде-ақ сиыр алам деушілер көбейді. Отызға тарта бұзаулы сиырды «Жаңа талап» бөлімшесінен әкеліп, таратып берді...

Райханның қолындағы қағаз сол туралы райкомға жазылған шағым екен. Қағазды Оспан алып оқыды:

«Біз, — деп басталыпты арыздың ұзын-ырғасы. — «Жаңа талап» колхозының совхозға айналғанын түгелдей құптадық... Бірақ, қазір, бір нәрсеге өте реніштіміз. Отызыншы жылдары он шақты қараның басын құрап орталыққа там-тұмдап жинап, жылда туған төлін пайдаланбастан мәпелеп баламыздай өсіріп, ақыры колхозды мыңғырған малға айналдырдық. Отыз алтыншы, отыз жетінші жылдар әлі көз алдымызда: колхозда бір тал шөп болмай, бүкіл мал аспанға қарап азынағанда, төбе шашымызды жұлғандай үй төбесінің ескі шөбіне дейін бұзып, малдың алдына тосып, әйтеуір аман алып қалып ек. Енді міне, колхозымыз совхозға айналмай жатып, сол малды совхоздың кейбір басшылары өз қолы билеп, талан-таражға салып жүр. Кейбір дейтініміз — Райхан Сұлтанқызы. Жаңа туған әр төлге ат қойып, баладай мәпелеп өсірген малымыз көзге ыстық. Маңдай термен келген еңбегіміздің сетігеніне наразымыз. Райхан Сұлтанқызының бұлай талан-таражға салғанына қарсымыз.

Совхоз еңбекшілері», — деп аяғына бір адам төтеше қол қойыпты. Тәшім молланың қолы.

— Мұны жазғызып отырған дәу де болса Қарабет, — деді Оспан қағаздан басын көтеріп. — Одан басқа ешкімнің қолынан мұндай арамзалық келмейді.

— Кім болса ол болсын. Шынында да «Жаңа талаптың» адамдарының басын қосып түсіндіру керек еді. Ол қателік бізден. Рас, ол малдың орны ертең-ақ толады. Осы күзде Латвиядан асыл тұқымды екі жүз ұрғашы тайынша алмақпыз. Соның бәрі осы бөлімшеге келеді. Бұл жер келешекте мал совхозына айналатынына шөк жоқ. Бірақ, жұртты ұғындыру керек еді, — деп Райхан ойланып қалды.

— Жұртты ұғындыратын дәнеме жоқ, Райхан. Ертең-ақ басымызды қосып, бәріміз қарсы арыз жазайық. Қарабеттің лаңы жететіндей болды ғой. Енді оның көзін құртқаннан басқа не қалды. Сіз де оны еркінсітіп қоя бердіңіз. Оған қызмет бергіздіргенше, сіздің орныңызда мен болсам... — деген Оспанның сөзін Райхан бөліп жіберді.

— Ештеме етпейді. Жиналып, ұйымдаспай-ақ қойыңдар. Ондай нәрсе ұят болады. Тек көпшілік түсінсе болғаны. Ал, мына секілді айырқұйрық арыздардан енді қорқатын заман кеткен. Қазір басқа уақыт. Қарабеттер қазір жапандағы үйдей біреу-ақ. Ондай үйлерге босқа қара тер болып күш жұмсаудың қажеті жоқ. Жаңа салынған таза үйлерге қоңсы отыра алмай өз-өзінен-ақ құриды.

Оспан астарлы сөзге қарсы астарлы дау айтты.

— Қашан өз-өзінен құрығанша, маңын ластап бітеді ғой. Ондайларды бульдозермен көшіріп тастау керек, — деп мырс етіп еді, Райхан да қоса жымыды.

— Оныңа қосылуға болар еді, бірақ қазір бульдозермен ескі үйді құртуға кетірген уақыттан гөрі, құрылысқа кетіретін уақыт қымбат. Кейін көрерміз.

Тұспалды сөзге аса түсіне алмай екеуіне алма-кезек жаутаңдаған Лиза шешей бұдан әрі шыдамады:

— Қарғам-ау, осы елде сенің айтқаныңнан шығатын тірі пәнде жоқ. Оспанның сөзінің жаны бар. Жұрттың қолтығына су бүркіп, ушықтырып отырған сол залым. Әкең де, басқалар да сүйдеп отыр. Ешкім мына қағазға қол қойған жоқ, — деп киіп кетті.

— «Колхозда бір шөп болмай, бүкіл мал аспанға қарап азынағанда, төбе шашымызды жұлғандай үй төбесінің ескі шөбіне дейін бұзып, малдың алдына тосып, әйтеуір аман алып қалып ек», — деп Оспан даусын шығара ежелеп қайта оқыды.

— Не деген арыз еді. — Оспанның шөген түстес реңі бұзылып, тістеніп отыр. — Тәшім мен Қарабеттің жүздері жанбай осы сөзді айтады-ау, ә. Тәшім ол кезде ел ақтап, өліктердің жаназасынан күн көріп, Қарабет тірілерге көр қазып жүргенін біздер ұмытты дейді-ау, ә!

Оспан, Райхандардың көз алдына сол бір ауыр жыл келді.

Күргерей қарттың алтыншы жыры

Отыз жетінші жылы қар сұрапыл қалың түсті. Өшейінде қыс бойы тынымсыз соғатын үскірік жел өтіндегі қыраттардың әр жері жалаңаштанып қырбық қар ғана жататын, енді ол арада да қылтиған бір курайдың төбесі көрінбейді. Ақ мамыққа бөгіп қалған.

Апрельдің бас кезінде колхоздың бір тал шөбі қалмай таусылды. Төбесін бұзып, шірік шөбіне дейін алған мал қора аңғал-саңғал. Үңірейген тесіктерден өткір өкпек жел соғады. Қыс бойы қорада тұрған қара мал мен қой, ешкі жәшлені кеміріп азынап тұр. Даланың қары сөгіліп, көк салпақ лайсаң басталғанмен, әлі жер қарайған жоқ.

Біз — бес-алты адам үш-төрт шанаға өгіз жегіп күні-түні жазғы шабындық орнын тіміскілеп, қар астында қалып жатаған күпәналарды түртіп жүріп тауып аламыз да, қасықтап жинағандай малға тасимыз.

Сондай күннің бірі. Таң сәріде шыққан адамдар түс ауа елге зорға оралдық. Қопаның бауырын кезіп әр жерде шашыла жатқан шошақты тауып алып, үстінен жүріп кеткен қарын аршыдық. Сол күні түн де шағырмақ еді. Еріген қармен соқталанған ұзын өлең шөпті босату қандай азап. Бір еріп, бір қатқан қар суы шөпті жентектеп тастайды. Мұздақ шөпке айырынды кірш еткізіп қадап, тізеге қайырасың. Қайың саптың белі қайысып барып шытыр етеді. Одан әрі күш жұмсасаң морт сынып кетеді. Айырды тастай беріп, шөп арасына темір жұлғышты сүңгітіп жібересің. Мықшия тартып жұлып қалғанда, құстың омырау жүнін шымшып алғандай бір-ақ уыс шөп қобырап шыға келеді. Әйтеуір, жан ұшырып қимылдап, жұла бересің, жұла бересің. Сондағы бір орыннан алатының үлкен он айыр шөп. Не керек, қанша өнімсіз болса да, еңбегің зая кетпейді. Қар астын шұқылап жүріп, қысқа күн етекке еңкейе бере шанаңды толтырып елге ораласың. Бірақ онда да оңай оралу жоқ. Таң сәріден бері адам азаптанса, енді жол табанына шыққанша көліктің азабы басталады.

Астына қызыл су жүрген қалың күртік қар өгіздердің омырауынан келеді. Төрт аяғынан бірдей батқан өгіз бауырымен қар сызып, шананы мықшия тартады. Су шөп қандай ауыр. Теңките шөп артқан жайдақ шана қорғасыннан құйып, қара көмір тастаған зілдей сандық тәрізді. Бір адым жылжыса алқымына қар тығылып, сіресіп тұрып қалады. Мал жарықтықта жазық бар ма. Желімдей жабысқан зіл батпанды тізесі бүгілгенше мықшия тартып, аузынан ақ көбігі ағады. Тағы да тарта түс дегендей шанадағы екі адамның бірі өгіздің бас жібінен сүйресек, екіншіміз шөптің артынан итеріп дегенге боламыз. Өгіз тағы да барын салып етпелей беріп құлайды. Ондайда қалай екенін өзің де аңғармай қаласың. Қолың қамшыға жүгіреді. Ұзын биік қыр арқасы шодырайған көтерем өгіздің сауырына, қабырғасына шатыр-шұтыр жауып кетеді. Арық тілерсегі дірілдеп тұра берген өгіз бір-екі рет жұлқып қалып, тағы құлайды. Бұл жолы бадырайған үлкен көзі шарасынан шыға қанталап, өзіңе қарайды. Өттең, тілі жоқ. Сонда да түсінесің. «Менде не жазық бар, ыржыңдаған арық арқамды қамшымен тілгілей бергенше, шөптің жарымын неге түсіріп тастамайсыңдар. Менде не әл бар, қайтейін», — деп жалбарынған тәрізді. Бірақ бізде де басқа амал жоқ қой. Бір арқа шөпті шанаға шөкпите салып аларсаң, шетінен топалаң тигендей қырылып жатқан малдың қайсының аузынан тауып аласың. Тым құрымаса бір қарбытып асауға келмеген соң, оған азаптанып керегі не. Иә, біз де өгіз жайын түсінеміз. Түсінеміз де, «жарайды, кішкене дем ал», — деп екі бүйірі солқылдап жатқан өгізді аяп, өкпек желде теріміз қатқанша тұрамыз.

Не керек, қашан жолға шыққанша қарға адым жер бір күншілік жердей болып, өгіздің тілі құлаштай салақтап, қан-сорпасы шығады. Сол күні менің қасымда он жеті, он сегіздерге келген бала бар. Қашанда бір шанаға бір әлді, бір әлсіз адам қосылатын әдеті ғой. Басқа шанада Оспан секілді тегеуірінді жігіттер.

Біз жолға шығып, ауылға қарай тізіле бет түзедік. Бар азап шымыр жолға шығысымен ұмыт болып, өнімсіз қыбырлаған өгізбен қатарласа аяндап, күндегі ойға түстім. Жақында Райханнан хат алғанбыз. Омбыдағы ауыл шаруашылық институтын тамамдап, ауданға келіпті. Колхоз жұмысымен жүріп алдынан шығуға да мұрша келмеді. Күнде өне келеді, міне келеді деп ауданның жолына қарап төрт көз болып жүрміз. Біреулер: «Енді Райхан мұнда келуші ме еді. Мына шым үйлері жапырайған «Жаңа талаптан» не алсын», — десе, енді біреулер: «Ойбой, Райхан үлкен төре болыпты. Алматыға барады дейді. Оқыған адамның қолы сол ара ғой. Бүкіл Қазақстанды басқарады енді. Күргерей, сен де қалаға көшетін шығарсың», — деп қырық саққа жүгіртеді. Не болса да, аман болсын. Әйтеуір, үйге бір келіп кететініне күмән жоқ.

Иә, сол күні ақ түйенің қарны жарылды. Екі қырдан аспай жатып құлаққа әлдебір тырылдаған үн келді. Бұрын-соңды мұндайды естімеген шөпшілер елең етіп, бір-бірімізді тосып алып, шоғырлана қалдық.

— Бұл ненің үні?

— Өзі алыстан естіледі. Тегі ауыл маңында болса керек.

— Дәу де болса, — деді Оспан желге құлағын түре түсіп, — бұл — машин (Қызыл жалау ауданының адамдары осы күнге дейін машинаны «машын» дейді).

— Қой, қайдағы машин? Осындай қалың қарда ол қалай жүреді?

Біз қотанға кіргенше не екенін білмей дал болдық. Алыстан талып естілген үн жақындаған сайын күшейіп, елдің шетіне жеткенде тарылдап кетті. Бүкіл аспан астын көшіріп жібере жаздайды.

Мал қора — ұзын баз ауылға кіре берісте болатын. Алдына тақай бергенде-ақ, анадайдан бір топ бала айғай-сүрең салып бізге қарай жарысып келеді. Арасында жаулығы ағараңдаған бір-екі ширақ кемпір бар. Келе мені бас салды.

— Сүйінші, Күргерей, сүйінші!

— Күргерей ағай, сүйінші менікі.

— Райхан келді!

— Трактр әкелді!

— Райхан.

— Трактр.

— Трактр... Райхан!

Есім шығып, көзімнен жас ытқып кетті. Балалардың алдына түсіп алып, өкпем өшкенше жүгіріппін. Бағана шаршап салдырап қалған денеде қажыған белгі жоқ. Құр аттай ойнақтап, бала күнгідей секіре бердім.

Райхан да менің келетін уақытымды тағатсыз күтіп, есік алдында құжынаған көптің арасында тұр екен. Үстінде шетін ақ шүлен қойдың терісімен көмкерген қысқа қара тон. Аяғында көмірдей пима, басында түбіт шалы, жұрттың арасынан сытылып шығып, құшақ жая ұмтылды. Маржандай тісі ақсиып, жүгіріп, бала күнгісіндей мойнымнан қапсыра құшақтай алды. «Ертең бүкіл Қазақстанды басқарады» деп жұрт шулап, келмей жатып аты көпке тарап кеткен қадірлі ел ағасы қазір бетін қара қожалақ үсік шалған жаман шалды қайта-қайта сүйеді. Суы сорғалаған қауға сақалдан да жиренбейді. Балам ғой. Мен қызымды бауырыма басып тұрып, тұңғыш рет жыладым. Әрине қуаныштан жыладым. Бір сәт менің көз алдыма Сұлу мұрт елестеп кетті. Мен өзімді осы арада екі адамдай сезіндім. Сұлу мұрт — Күргерей, Күргерей — Сұлу мұрт. Шіркін, дүниеде достан артық, қоң етінді кесіп берер жолдастан артық не бар?! Денеме соққы тисе намыстанып, шиыршық атушы едім. Көзімнен жас орнына от ұшқындар еді. Ал бұл арада көзден аққан ыстық жас ырық бермеді. Бір жағынан Лиза кемпірім де шығып, Райханды өзіне тартып: «Жетеді енді, жетеді, маған да қалдыр», — деп қызын аймалап жүр. Ол байғұс та қайтсін. Тіпті басқа былай тұрсын, Райханды қызғанады. Жалғыз өзінің маңдайына басқан баласындай иемденеді.

Мен, үнемі бұйраланып, сәл қобырап шығып тұратын Райханның балапан шашынан, ортасынан екі жарып бөлген қолаң шашынан сүйіп ем, тұңғыш рет қызымның бойынан бұрынғы кішкентай сәби иісі емес, есейген адамның иісін сездім. Осы өңірге алғаш рет трактор жүргізіп келген қызымның шашынан болар-болмас жермай иісі шығып тұрды. Осынау өңірге, ауаға бірінші рет жаңалық иісін алып келген менің қызым — Райхан. Менің Райханым. Мына қауға сақал Күргерейдің, Сұлу мұрттың Райханы.

Үй алдында тұрған жұрттың бәрі сол арада маған, Райхандай қызы бар бақытты адамға қызғана қарайтын секілді. Қалтқысыз, зілсіз қызғаныш. Іш тарлық емес, қуаныштан, риясыз көңілден шыққан достық қызғаныш.

Танауы тарсылдап, тақ-тақ етіп түтін шыққан трактор маңында шүпірлеген балаларға дейін көздерінде ұшқын бар. Болашақ трактористер. Менің Райханымның жолын басатын желкілдеген қырмызы ғой олар.

Жұрт арасында менің бойым ғана емес, көңілім де биік тұрды. Сәбише мақтанып тұрдым.

Сол кеште қорада тұрған былқылдаған семіз байталды қолма-қол жарқыратып сойып тастадық. Райхан: «Қайтесіз, соймаңыз, той жасап керегі не», — деп еді, ауыл ақсақалдары қойсын ба, өзім де тойға ертеден-ақ қамданып жүретінмін.

Мал сойылып жатқанда Райхан мені жекерек алып шығып:

— Өке, ел тұрмысы жаман көрінбейді. Бірақ колхоз малы жұтқа ұшырап қалыпты ғой. Базға барып қайтсақ қайтеді, — деді. Әлгідегі қуаныш, желге тотыққан жүзіндегі күлкі жоқ, ел тағдырына деген күйзеліс бар. Байыпты, сабырлы адамның жүзіндегі кейістік. Мен соны көріп тұрып: «қарғам, бүгін демалсаңшы. Алыс жолдан қажып келдің, ертең аралармыз», — деген көмейіме тірелген сөзді айта алмадым. Қасымызға екі-үш адамды ертіп, базға қарай аяңдадық. Үй алдындағы тракторды да түгел көріп болмадым, жұрт әлі жеңсігі басылмай, балалармен қосыла соның маңында әр жерін шұқылап қала берді.

Жаңа Райханмен амандасып қайтқан Оспандар төрт шана шөпті жүзге тарта малдың алдына қылдай бөліп жүр екен. Біз келгенде қол шаммен жарық қылып, бір арада шоғырланып тұр. Қарасақ, орталарында қара ала сиыр. Мойнын соза құлаған күйі серейіп жатыр. Бірі басын көтеріп, бірі құйымшағынан демегенмен қыр арқасы шодырайған буаз сиыр орнынан тұра алмады. Тұмсығына тақай тастаған бір қолтық шөпке дәрменсіз сиыр тілін созып жыбырлатқан болады. Орап алып аузына апаруға әлі жоқ. Шөпті көрдім, енді «армансызбын» дегендей көзі алайып, басы сылқ етті. Маңындағылар:

— Пышақ әкеліңдер, пышақ!

— Бауыздаңдар, тым құрымаса адал өлсін, — дегенше болған жоқ, қызылы тарқаған боп-боз тілі бір жақ езуінен қисая шыққан қалпы азу тістерінің арасына қыстырыла қалды. Ала сиыр керіле беріп, әлсіз ғана тұяқ серіпті. Малды түгел аралап шықтық. Бәрінің қалы мүшкіл. Төбесінің шөбі алынған қораның аңғал-саңғал тесігінен аққан су кей жерде тізеден келеді. Жамбас сүйегі сорайған, қабырғасы арса-арса көтерем сиырлар сыздың үстінен тұра алмай, алдына салған дәмсіз, нәрсіз шөптен оттап қау жаң-қау жаң етеді. Басқаларынан қоңы түзулеу бір-екі өгіз өз үлесін лезде тақырлай тауысып, бас жібін үзе-мүзе әлсіз тайыншалардың арасына кіріп кетіпті. Шаңырақтай мүйіздерімен жасқап сүзгілеп, әлімжеттікпен қысастық жасап жүр. Қысқа жақын туып, өспей қалған мегежін қызыл торпақ жәшіленің бауырына кептетіле құлапты. Үйелеп тұра алмай жатыр.

Қойлардың халі тіпті нашар. Мойны ырғайдай саулықтар күрк-күрк жөтеледі. Көпшілігі қотыр. Анадайдан Карелии иісі мұңкиді. Соңғы күндері бүкіл колхоз қойының жартысы қырылып қалған. Енді бір-екі күнде бәрі өлмесіне кім кепіл. Иә, кепілдік берудің қажеті жоқ. Оларға тек шөп қана керек. Аман алып қалатын шөп. Қара жерге тұяғы ілінсе-ақ, бәрі ширап жүре берер еді.

Біздің етіміз өліп алған ба, әлде қолдан келер айла-амалдың жоқтығы ма, әйтеуір күнде бір талдап жиып әкелетін үш-төрт шана шөпке тоқмейілсіп, басқа қаракет жасамаймыз. Шынында да не істейік. Сол үш-төрт шанаға жегетін тың көліктің өзі өрең шығады.

Райхан баздан қамығып қайтты. Тотыққан жүзі одан сайын күреңітіп, үйге келгенше ләм деп тіл қатқан жоқ. Түнде үш бөлме адамға лық толды. Екі-ақ көшелі, шағын ауылдың адамдары әп-сәтте Райханмен тайлы-тұяғына дейін амандасып үлгерді. Жастар жағы ойын бастаған. Домбыраны гүжілдетіп, ән салып думандатып жатыр. Төргі үйде колхоздың бригадирі, есепші, ферма бастықтары — өңкей активтер жиналған. Колхоздың бетке ұстар ығай мен сығайы осылар. Гу-гу әңгіме. Мұндайда, әдетте, қысыр сөзден басқа татымды ештеме айтылмайтыны белгілі. Бірақ Райхан әңгіменің бетін шаруашылыққа бұрды. Қашан ет пісіп келгенше, алқа-қотан отырғандардың қасына келіп сөз бастады.

— Колхоз жайының шет жағасын жолда естіп ем. Жаңа көзіммен көрдім. Өте ауыр екен. Өздеріңіздің тұрмыстарыңыз жаман болса, ал малдың тұрмысы адам төзгісіз. Шапқан шөптеріңізді уақытында жинап ала алмаған соң, қыс ішіндегі әбігерден береке шамалы ғой, — деп Райхан отырғандарға сынап қарады.

— Жөн сөз, жөн сөз.

— Шынында да жаз бойы бар шабындықты шауып, жиып алсақ, мұндай халге ұшырамас ек, — десіп жатыр активтер. — Біздің қашанда кеш қимылдайтын әдетіміз ғой.

— Енді өкініштен не пайда, — деді Райхан. — Мен сіздерге бір нәрсенің жайын айтпақпын... Күнде әкелетін үш-төрт шана шөп қыруар малға жұқ та болмайды.

— Өрине, қарағым.

— Ол әшейін өлмешінің күні ғой.

— Ал ендеше, — деді тағы да Райхан, — біз былай жасайық. Екі-үш күн ұйқыдан ешқайсымыз да өлмейміз. Араларыңызда ағаш шеберлері бар, менің әкем бар, қазір тамақ ішіп болысымен, жабылып жіберіп үлкен шана жасаңыздар. Ана тракторға тіркеген керосин артып келген шана бар ғой, содан үш есе үлкен болсын.

— Иә, иә, — деп жұрттың көзі жайнай түсті.

— Шана бітісімен тракторға тіркеп қар астында қалған бар шөпті жинаймыз. Ол үшін Оспан секілді он шақты жігітті алдын ала шабындық орнына жібереміз. Олар дайындай береді.

— Мынау табылған ақыл екен.

— Батыр-ау, трактор қанша тартады?

— Трактордан қам жеменіздер. Бір мая шөп болса да тартып әкелеміз.

— Пой-пой-ой. Мынауың өзі, Райханжан-ау, тажал болды ғой онда, — деп шалдар жағы таңдайын қақты.

— Бірақ, Райхан-ау, әлгі дәу шанаға табан темірді қайдан табамыз? Күргерей оны қанша уақытта соғады?

— Сол да сөз боп па, қай шанаң табан темірмен жүр еді?

— Сөз емес сөзді айтады екенсің, — деп табан жайлы айтқан адамды сөгіп те жатыр.

— Ал, бастырық жайы қалай болады.

— Одан қам жемендер, — дедім мен де араласып, — екі-үш бастырықты біріктіріп жамаймыз. Оның жарасы жеңіл.

— Дұрыс, дұрыс!

— Қарағым Райхан, — деді бағанадан әңгімеге араласпай жұрт сөзінің артын бағып отырған жасы алпыстардан асқан төртбақ шымыр адам. Бұл екі жыл бойы осы колхозды басқарып келген кісі. Соңғы кезде белінен шойырылмалы болып, үйінде отырып қалған. Таяққа сүйеніп қана жүретін мүгедек, — айтқаныңның бәрі көкейге қонып тұр. Трактормен шөп тасимын деуің тамаша нәрсе. Бірақ менің бір қаупім бар. Далада қалған шөптің өзі бір әкелуге жетер ме екен. Азаптанғандарыңа қарай шаналарың толса жарайды ғой.

— Оу, ағайын, о не дегеніңіз. Ана «Қамыстыкөлдің» күнбатыс жақ баурайына барсаңыз, былтырғы күпаналар бықып жатыр. Не керек, тасып үлгере алмай жүрген жоқпыз ба, — деп шопр Оспан мол шөптің шетін аңғартты.

— Тінекеңнің сөзінің жаны бар. — Бәріміз тағы да Райханның аузына қарадық. — Қанша көп дегенмен қар астындағы қалдық малға жұқ та болмайды. Биыл қыс ұзақ. Әлі де боранның болмасына кім кепіл. Мен аудан орталығында мына көрші неміс колхозы «Тельманның» басқармасымен кездестім. Райкомның кеңсесінде отырып сөйлестік. Оларда әлі шөп мол екен.

— Ойбой, оның несін айтасың. Әй, неміс халқы шаруаның қыбын біледі-ау. Жазда адам айтқысыз шөп шауып, мая-мая ғып үйіп алған жоқ па. Біздей дейсің бе олар малынып жүретін, — деп біреу әңгімені ащы ішекше шұбатып бара жатыр еді, жұрт аузын қақты:

— Түһ, сен де малтаңды езе беруге құмар екенсің.

— Олардың шаруаға ықтияттылығын бүгін білдің бе?! Одан да сөз тыңдасаңшы.

— Иә, — деді Райхан, — басқармасы Пфеев деген адам екен ғой. Ол бізге қарызға біраз шөп беретін болды. Оны да осы бүгін-ертең жатпай-тұрмай тасып аламыз. Енді бірде-бір малды шығындатпаудың қарасын көздейік. Жазда шөбін қайтарып берерміз.

— Ойбай-ау, берсінші әуелі. Екі есе етіп қайтараық өзін.

— Сен де бөседі екенсің. Екі есе болмай-ақ, берген шөбін сұратпай уақытында шауып берсек те жаман болмас.

— Ештемесі жоқ, тіпті апарып үйіп берер ек.

— Әй, осы күшің жазда қайда қалған, — деп бір-екі адам біріне-бірі мұқатып, шартпа-шұрт дауласа кетіп еді, Райханның үлкен көзі жарқ етіп тесіле қарағанда, қаймығып жым болды. Жасы егде тартып, бұрынғыдан гөрі сәл тола бастаған Райханның жүзі шынында да суық. Жасынан бос сөзді ұнатпайтын қызымның қасы ондайда қарлығаштың қанатынша дір етіп, керіле қалатын. Сол бір кезі тура Сұлу мұртты елестетуші еді.

— Түкке тұрғысыз сөзге бола қызыл май боп таласу әлі қалмапты ғой, — деді де орнынан тұрды. — Ал, енді тамақ ішейік те, жұмысқа кірісейік. Маған деген ілтипаттарыңызға рахмет! Той деген әлі де талай бола жатар. Қазіргі той — мал басын аман алып қалуда тұр.

Сол түні ауылдағы ағаш шабуға ебі бар төрт-бес адам таң атқанша дәу шананы жасап шығардық. Осы күнгі тыңдағы вагон орнатқан шаналардай әдемі болмағанмен, асығыста добалдай салған шана үлкен ілдебайға жарады. Ертемен ауыл қотанын трактордың үнімен дүрілдетіп, он шақты адам жадағай шанаға шоқиып отырып кете бардық. Ұйқыда жатқан ел оянып, әр үйден бала-шаға, әйелдер шығып бізге қарайды. Қайсыбір ересек балалар әлі де таңсық көріп қатарласа жүгіріп, ауыл иттері бұрын көрмеген ғаламатқа жақындай алмай анадайдан шәуілдеп бір қыр асырып салды.

Сол жолы кешегі шағырмақ болмады. Апрель айында күннің бір жағы киіз, бір жағы мүйіз боп жататын әдеті емес пе. Біз көлдің тұсына жете бергенде-ақ күн бұзылып, қыламық қар жауа бастады. Таң сәріде салт кеткен жиырма шақты жігіт саршұнақ аулаған балалардай әр жерде екі-екіден қылтиып, күпаналарды аршып жүр. Біз де трактордан түсіп, жан-жаққа бытырадық. Кешке дейін түртінектеп жүріп, даланың қарын қарасанның дағындай шұрқ-шұрқ тестік. Шынында да шөп онша көп қалмапты. Теріп жүріп дәу шананы әрең толтырдық. Әйтсе де бұрын-соңды көрмеген адам айтқысыз шөп болды. Анадайдан қарағанда кішігірім мая көшіп жатқандай.

Қанша дегенмен трактор да қазіргі күнгідей әлді трактор емес. Жол табанына шыққанша көліктердей малтығып қалады. Біз түсе-түсе қалып жолын аршимыз. Райханның да зықысы шықты. Оның үстіне кешке таман күн де суытып, ызғырып, дәл қарсы беттен қиыршық қар сабалап кетті. Бетті осып жібере жаздайды. Қар емес, күлдей ине жауып тұрған секілді. Ер адамша киініп, шалбарланып, белін тарта буып алған Райхан желдің өтіне тура қарсы отыр. Бұрылуға дәрмен жоқ. Борап тұрған қардың астында тар жолдың бойымен әрең жүргізіп келеді.

Сол күні Райханның екі беті бірдей қып-қызыл алмадай домбығып, екі ұшын аздап үсік шалыпты. Оған қараған Райхан жоқ. Ертеңінде-ақ он шақты адаммен «Тельман» колхозына екі рет барып, тағы шөп әкелді.

Сүйтіп, өлмешінің күнімен жинап алған шөбімізді үнемдеп беріп, малды аман алып қалдық. Бірақ аман алып қалу тек шөпке ғана байланысты болған жоқ. Малдың басқа күтіміне де қыруар еңбек жұмсалды.

Көктем шыға ашық-тесік қорада тұрған малдар бірінен соң бірі төлдей бастады. Сыз жерде туған бұзау, қозылар суықта аяқтана алмай, бір-екеуі шаранасымен бірге қатып қалып, қайсыбірінің тоңғағы түспей алғашқыда өлгендері де болды. Шыны керек, колхоз өміріне аса көндікпеген ауыл адамдары ортақтың малын жаттың малындай көріп, сол өлім-жітімге ешкімнің бөлі аса қайыспайды. «Қап, әттеген-ай, есіл» деп мүсіркегеннен басқа, бел шешіп кірісетін адам жоқ. Мұндайда басшы адамның еңбегі керек-ақ екен. Сол басшымыз Райхан болды. Тағы да колхозшылардың басын қосып мәжіліс құрдық.

— Жолдастар, колхоз малы өздеріңнің малың емес пе? Мына мал төлдеп жатқанда қалайша ұйқы, күлкі көріп жатасындар. Баздың түрі анау, азынап тұрған. Жас төлдің өкпесіне тиер суық қалайша сендердің көперіңе кіріп шықпайды, — деп Райхан ауыл адамдарының тізімін жасады. — Бүгін түнде Оспан, Шәмшиден, Жарылғап, біздің үй — төрт үй күзетте боламыз. Бүгінгі төлдеген мал біздің қарамағымызда. Ертең тағы төрт үй күзетеді.

Жас төлдеген малды күзеттегі үйлер үйге әкеп, жылы бөлмеде, су жылытып беріп күтуге тиісті болды.

— Өз алған төлін ертең жаз шыққанша күту — әр үйдің міндеті. Жауапкершілігі сонда. Егер кімде-кім колхоз малынан бас тартса, қазір айтсын. Қане, ондай адам бар ма? — деп Райхан отырғандарға жағалай қарап еді, қарсы шығар ешкім болмады. Бәрі де Райханның ұсынысын құптады. Ерінен қашып, төркініне бір барып, бір келетін әйелдерше колхозға бір кіріп, бір шығып жүретін Боташқа дейін мақұлдады.

Бірақ келесі күні-ақ Қарабет іріткі салып, көп үй қайта безіп шыға келді. Қозылаған екі қой, бұзаулы сиырды соның үйіне апарған бір колхозшыны қуып шығыпты: «Әкет әрмән, өз малым да сыймай жатыр. Қимасы қышыса ана Райханыңның өзі бақсын. Алдына алған баласы, қойнында байы жоқ... Еріккен екен», — деп, аузына ақ ит кіріп, қара ит шығыпты. Алдында көнерін көнсе де, амалы құрып отырған қайсыбір үйлердің отына май құйылып, олар да колхоз малынан безді. Бір шара қолданбай тоқтар емес.

Сол күні колхоз активтері тағы жиналып, Қарабетті шақырып алдық.

— Қарабет, — дедім мен әуелі сөз бастап, — кеше колхозға келгенде алдында айдаған бір ешкің де жоқ еді. Екі-үш жылдың ішінде малды болдың. Сиырың да, жылқың да бар. Ал, мына істеп отырғаның не?! Жұрттан әулиемісің? Бір айға шегің шығып кетпейді.

— Күргерей аға, — деп Оспан киіп кетті. — Мәймөңке не керек. Қарабет, сен өзің осы ауылдың ортасында отырғың келе ме, жоқ па?! Отырсаң ана төлдерді бақ, отырмайды екенсің, бұл колхоздан табаныңды жалтырат.

Басқа ешкім ештеме дей алмады. Қарабеттен жасқана ма, алдында кіжініп отырғандар үндемей, тұқыраңдай береді.

— Менімше айтылар сөз айтылды ғой деймін, қане, Қарабет, не дейсің бұған, — деп Райхан кіріскенде, безеріп отырған көк бет мысқылмен мырс етті.

— Егер колхоз өз малын баға алмайды екен, онда колхозға ұйымдасып тыраштанудың не керегі бар еді. Үй ішіне шуын шұбатып мал кіргізер жайым жоқ. Айтарым осы, деп орнынан тұра бергенде Райхан да сөзді бір-ақ кесті.

— Жолдастар, мұндай адамды колхозда ұстап тұруға болмайды. Колхоз мүшелігінен шығару керек. Қане, шықсын дегендерің қолдарыңды көтеріңдер.

Қайсыбір қолдар лып етіп, енді бірі самарқау көтерілді.

— Жарайды, мен-ақ кетейін бұл арадан. Өзімнің де ауданға көшкім келіп жүрген, колхозның к... көрдік, — деп Қарабет таңқылдап тұрып күлді. — Менің орныма егін егіңдер. Бірақ сонымен жетіскендеріңді көрермін. Ал, Райхан, жасырмаймын, қас дұспаным сенсің. Өлсем екі қолым жағаңда. — Колхоздан шықтым-ау деген Қарабеттің көперіне де кірер емес. Талтаңдай басып жөнеле берді. Мұқатып барады.

Осының артынша-ақ жағдай қайта түзелді.

Аз күнде колхозшылардың ауыз бөлмесі жас төлге толып кетті. Қай үйге барсаң, у-шу болып жатқан қозы-лақ, жас бұзау.

Міне, со жылы малға келген жұттан да, Қарабеттен де осылай құтылды. Әуелі Райхан, екінші, ауылға келген трактордың себебінен құтылды. Жұт дегенің аспаннан қар боп жауып, жел боп соғады, боран болып азынайды. Егер отын-су, қора-қопсыңды бүтіндеп алсаң, тынымсыз еңбек етсең, жұт дегенің ызғырық емес, самалдай желпіп қана өте шығады. Жұт жұмсарып жүре береді екен.

Көп ұзамай колхозшылар Райханды тағы да колхоз басқармалығына сайлады. Бұрынғы бастығымыз Есіркеп іс ген басқа жерден келген адам еді. Колхоз малының өлім-жітімі көбейе бастағанда-ақ, бұдан бір ай бұрын орнынан алынып, үй ішімен көшіп кеткен. Іздегенге сұраған дегендей, Райхан дер кезінде келді.

Көктем шығып тоң жібісімен трактордың қызығын көрдік. Осы күнгі «Түйе кеткен» көлінің қырқасына салған соқа аз күнде құйқалы жерді қара құрымдай аударып, жосылтып тастады. Маңайдағы трактор көрмеген ауыл шамдары күнде сабылып, шұбап келіп жатады. Салмағымен қара жерді солқылдатып, үнімен аспан астын күңіретіп көліксіз жылтыраған темір арбаны көрген аттар құлағын қайшылап, көзі алайып, анадайдан-ақ тау текедей едірейіп, оскырып тұрады да, оқыс жалт беріп, ала қашады. Үстінде аңдаусыз отырған қайсыбір салтты адам бұлттың етіп ұшып түседі. Ерін бауырына алып, шылбырын шұбатып, айдаламен құйындай ағызып, безіп бара жатқан атына да қарамай, шөп тамырын бытырлата кесіп, қара қыртысты таспадай тілген соқа тіліне қызықтай түсіп, қатарласа жүгіреді. Анда-санда трактор тоқтаған кезді аңдып жүріп, Райханның маңына құмырсқаша үймелеген адамдар.

— Қарағым, біздің колхозға да келіп бір күн соқа салып бермейсің бе?

— Жақсыдан шарапат деген. Бізге де қолғабысыңды тигізе көр, — деп жалынады. Райхан жымиып қана күліп:

— Көп ұзамай бәріңіз де трактор аласыздар. Асықпаңыздар. Бір трактор қайсыңызға жетеді? Одан да трактор жүргізетін адамдарыңызды табыңыздар. Келсін, үйренсін, — деп жұбатады.

Шынында да трактор жүргізетін маман керек-ау. Райханның аузынан шығуы мұң екен, көрші ауылдың жастары қаптап кетті. Бірінен соң бірі Райханның қасына отырып, үйренуге құштар. Ондайда біздің елдің жастары жалғыз тракторды қызғышша қориды.

— Әй, тайып тұрыңдар. Әуелі өзіміз үйреніп алайық, — деп маңайлатқысы келмейді.

Бұрын жалғыз шыбыққа аттай мініп алып шапқылап жүретін ауылдың қара табан балаларына дейін енді ауыздарымен трактордың үніне салып, күн ұзақ тырылдап «Райхан тәтемдей тракторшы боламын» деп жүргендері. Расында да, осы Қызыл жалау ауданында ең алғаш біздің механизатор ауылдан механизаторлар шыға бастады.

Көп ұзамай Райханның орнына тракторге осы күнгі шопр Оспан отырды. Оның артынан тағы бірі, екіншісі шықты. Сүйтіп Райхан колхоздың басқа жұмысымен айналып, Оспандар кезек-кезек трактор айдап, бір күн тоқтатқан жоқ.

Күзге дейін «Жаңа талап» колхозшылары алғаш рет саман соғып, бұрынғы шымнан қалаған, төрт бұрышына мал сүйкене-сүйкене ішке қарай мыжырайып құлаған баздың орнына жаңа баз тұрғызды. Сиыр қора, қой қора, құс қорасы бөлек-бөлек. Колхоз кеңсесі, шағын төрт жылдық мектеп үйі салынды. Үш-төрт адамға жұрт помыштап саманнан үй қалап берді.

Не керек, күзге дейін колхоз көшесінің өзі бір қалыпқа келіп, кәдімгідей жөнделді.

Жұмыс соңында жүріп сары ала күздің де қалай тез жеткенін аңғармай қалыппыз. Шабындық жер жүнін қырыққан сарық қойдың терісіндей сарғыш тартқан. Соңғы шуаққа көтерілген сағым қыраттардың үстінде сәскеге дейін ғана бұлдырап толқып жатады да, кешкі самал шығысымен жер жұтқандай жоғалып кетеді. Жауын жоқ. Сілтідей тынған аспан астында әлі де болса жазғы ақ бұлттар шөгіп, ақ омырау қаздардай мамырлап жатыр. Күз жазға бергісіз. «Түйе кеткеннен» әрі қарай колхоздың ұшан-теңіз егістігі. Ана жылғы өртеніп кететін егіндей биыл да мол, бітік шыққан. Тұқымын таңдап еккен баданадай кубан бидайының масағын сабағы көтере алмай, майысып, самал желге баппен ырғалады. Арасына көміле кіріп, бір сот тыңдай қалсаң судыр-судыр етіп сыр шерткен тәрізденеді. Молшылық сыры. Кешқұрым самалға бетінді төсеп, батысқа қарасаң батаре күннің астында бетегенің үстімен қалықтап бара жатқан жібектей созылған ұзын ақ жіптерді көресің. Мизам. Молшылық хабаршысындай қаз-қатар тізіле ұшқан нәзік мизам алыстағы егінжайға қарай шұбала көшіп, сары балақ бидайдың сабағын құшақтай құлайды. Қандай әдемі еді күз даласы. Қандай әсем еді егінжай. Сонау қырдан құлаған мама сиырлар да ыңырана басып, жай қозғалады. Тұяқтары сыртылдап, анда-санда семіз сауырына қонған масаны қағып, құйрығымен шып еткізеді. Қыстағы қысылшаң жай ұмыт болған. Тоқмейіл. Айырылып кетердей тырсылдаған желіні бұтына сыймай шатқаяқтап, талтаңдай басып, баздың алдында шудаланған қою түтіннің ығына келіп күйіс қайырады. Бауырына отырған сауыншылар уыс толар емшекті күшпен тартып ақ бұлақты бор-бор ағызады. Сүт бұлағы. Ферма маңында әндеткен сүт машинасы. Қас қарайғанша қоңырауы шыңылдап, ернінен бал татыған қаймақ ағызып тұрған жаңа машиналар. Күбі-күбі сүт, шелек-шелек қаймақ. Ит басына іркіт төгілген, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман.

Шіркін, өмір бақи заман осы егінжайдай тербеліп, бейбіт ауылдың көркіндей сұлу қалпында неге ғана тұра бермейді екен.

Аз уақытта-ақ аспан асты алай-түлей болды. Сары бауыр жапырақ қалбаң ойнап, безек қақты. Еш жерден тиянақ таба алмай, пана іздеп, қара құйынның ішінде жанталасты. Үзіліп түскен менің көңілімнің жапырақтары еді, құйын ішінде безек қаққан менің қызым, ел қызы Райхан еді.

Иә, дүние жалған десеңші. Дауыл басталды. Егін орағы кезінде ауылға алыстан бүлдіршіндей бір жас жігіт келді. Алматыдан келді. Қою шашын желкесіне қайырған, жиегі қоңыр мүйізді көзілдірік киген, ақ құба жігіт. Ұзын бойлы, сымбатты. Қыз мінезді, сабырлы. Қарты келіп сөйлеп кетсе, арнасынан шығып тасыған өзендей сөз тасқынын лақылдата құя жөнеледі. Ақын екен, тапқыр екен. Айтатыны өлең, тілінен бал, аузынан нәр тамып тұр. Үндемесе момақан, сөйлеп кетсе жалын. Бұл менің болашақ күйеу балам екен. Қызым Омбыда оқу бітіргенде, ол Мәскеудің оқуын тамамдапты. Тегі ертерек танысқан болу керек. Райхан екеуі қатар отыра қалғанда егіз қозыдай. Сөзі де, көркі де жарасты, бір-біріне тең құрбылар.

Адам баласы тіршіліктегі бар хайуаннан қызғаншақ қой. Мен Райханды қатты қызғандым. Шынымен Райханым кете ме алыс жерге. Жоқ, қызым мені жеке жерде мойнымнан құшақтап, қалың түк басқан бетімнен аймалап сүйеді. Мен бетімді алып қашам. Іштегі қызғаныш көзімнен тамшы болып шығады. Бақсам, қызғаныш емес екен, қуаныш екен.

— Өке, мен сені еш уақытта тастамаймын. Бірге боламыз. Енді ғұмыр бақи біргеміз, — дейді Райханым.

— Жәрәйді, жәрәйді, қызым. Осы уақытқа дейін айтпай келіп ең, жасырып жүріпсің ғой, — деймін. Одан басқа аузыма сөз түспейді. Жасырмағанда менен сүйінші сұрамақ па.

— Өке-ау, енді қашанғы отыра берем. Жұрт мені әлден қартайып кеттің деп жүрген жоқ па. Өлде монашка болайын ба, — деп қалжыңдап күледі.

— Ойнап айтам, құлыным. Рұқсат, рұқсат, қызым. Енді сенің сол қызығыңды көрсем арман жоқ, — деймін.

Бірақ сол қызықты көруге тағдыр жазбапты. Күйеу балам мерзімді күнін айтып, қысқа таман келем деп кетісімен, төбемнен жай түсті. Құла түзде жалғыз жатқан қу томардай құлазып қалдым. Жай оғы жүрегімді жұлып әкетті, құр тұлдырым қалды.

Ел орнына отырған кешкі мезгіл еді. Егін орағының тұсы болатын. Далада жауын. Ай қорғалаған өлараның тұсы. Ақ жауын сылбыр жауып тұр. Көңілде титімдей түйткіл жоқ. Райхан, Лиза кемпірім үшеуіміз күндегідей мәз-мейрам болып, жылы үйде жайбарақат шам жағып, кешкі асты жаңа ғана алдымызға ала бергенімізде екі-үш адам сау ете қалды. Сыртқы есік сарт-сұрт. Дүңк-дүңк еткен етік дыбысы төбені ойып жіберердей басып, ішкі үйге бір-ақ кірді. Сары ала киімді Қосиманов. Қасында екі милиция адамы. Қолдарында мылтық. Жүрістері суыт. Қабақтары түюлі. Өңі өрт сөндіргендей. Жүрегім су ете түсті. Әдеттегі «төрлетіндер» дегенді де айта алмай аңырып отырып қалыппын. Олар да сәлемдескен жоқ. Қосиманов Райханға орысшалап ақырып жіберді:

— Встать, вы арестованы!

Бұл сөзден кейінгі жағдай белгілі ғой. Лиза кемпірім ойбайын салып жылап, қарақұсқа бермей, балапанын қаматының астына басатын тауықша Райханның үстіне шұрқырай құлады. Шүңірек көкшіл көзі шарасынан шығып барады. Үрейленгені ме, жалбарынғаны ма — айырып болмайды. Милиционердің бірі Лизаны жұлып алып итеріп тастады. Арық кемпір қалбаң ұшты.

Көзді ашып-жұмғанша үйдің іші ұйпа-тұйпа. Шабадан, сандық ішіндегі дүниелер төгіліп-шашылып қалды. Тінтіп жатыр. Райханның бір топ кітабын ортаға үйіп тастап, Қосиманов арасынан біреуін суырып алған. Тесіле қарап отырды да, Райханның бетіне тақады:

— Мынаны оқып жүрген сен бе?

Бір сойқанның болатынын алдын ала сезіп жүрді ме, әлде өзінің ақтығына көзі жете ме, Райхан сасқан жоқ, сабырлы тұрып сұрағына қарай сұрақпен жауап берді.

— Бұл не, допрос па?

Кітап — Майлиннің орысша шыққан «Дочь казаха» деген кітабы болатын. Жақында ғана Райхан біраз жерін маған дауыстап оқып берген-ді.

Қосиманов қайтарып сұрамады. Көзі алара бір қарады да, кекесінмен мырс етті:

— Шал, қуанып жүрген шығарсың, оқыған, ғалым күйеуім болады деп. Ол қазір түрмеде. Алыста, Алматының түрмесінде.

Мен не дерімді білмей, Райханға қарадым. Қызымның жүзі сол қалпы, ол да мысқылдай күлді:

— Шалғай жатсаңыз да көп нәрседен хабарыңыз бар екен. Үлкенді табалап қайтесіз. Мен де тәлкегіңізге жараймын ғой. Тақияңызға тар кеп тұрмын ба?

Қосиманов тістеніп, сөз таба алмай қалды. Кітаптарды буып жатқан милиционерге ақырды:

— Ал ана төрдегі суретті. Бұл үйде қалдыруға болмайды.

Қабырғада ілулі тұрған Лениннің портреті еді. Кішірек қой көздері күлімдеп, үнемі адамның ішкі пікірін жазбай танығандай, жайдары, жылы қарап отыратын көсемнің суреті.

Райхан алдына келген кешкі астан да дом тата алмады. Елге-жұртқа сездірмей ұрлап әкеткендей Қосимановтар Райханды жеңіл трашпенкеге салып, қара түнді жамылып кете барды. Лиза екеуіміз өлік шыққан қаралы үйдің адамындай қу тізені құшақтап екі жерде шоқиып қала бердік. Стол үстіндегі тағам да, жетілік шам да таң атқанша орнынан қозғалған жоқ. Пеш түбіне бүк түсе құлаған кемпірім ұзақ таңды көзімен атырып, солқ-солқ жылап жатыр. Бәрі ашуын тырнадан алады дегендей, күн шыға, даусы бір сембеген Лизаға тарпа бас салдым:

— Доғар енді, қайдағы сұмдықты бастамай. Не боп қалды соншама?! Ертең-ақ қайтып келеді. Жазықсыз адамға не істер дейсің?! Жетті енді.

Бұл сөзді Лизаға басу айту үшін айтқам жоқ, шын көңілім солай еді. Ел іші де ертеңінде у-шу болды. Тұтқиыл келген жайға аң-таң. Бәрі де ертең-ақ қайтып келеді, не болар дейсің деп өзін-өзі жұбатқан болады.

Сол, келеді, келедімен екі-үш күн күттік. Бірақ Райханнан еш хабар болмады. Колхозда шоп басын сындырмай ішқұста болып суға кетіп жүрдім де, бір күні ол-пұл азық алып Қызыл жалауға келдім.

Бірден аудан орталығындағы Қарабеттің үйіне түсейін деп бір ойланып тұрдым да, ақыры аттың басын басқа таныстың үйіне тіредім. Қарабеттің үйіне барайын дегенім, ол кезде аудандық милиция начальнигі Қосиманов оның күйеу баласы болған. Сол арқылы Райханның жайын анықтайын, мүмкін қылмысын тезірек тексертіп, ақ адалына жетіп, босатар, қызымды жазықсыз жүдетіп көп ұстамай елге тез қайтаруына себепкер болар деп дәмеленгем. Бірақ атам заманнан бері ұстасып келген, суханым сүймейтін Қарабеттің аяғына жығылуды намыс көрдім.

Арқамда Райханға әкелген тағам бар, ертеңінде селоның шет жағындағы тас түрмеге келсем, күзетші өзімнің ескі тамырым Қарғажан деген етікшінің баласы екен. Аты Атайбек пе еді, Атайхан ба еді, әйтеуір соған ұқсас. О баланы көйлегін арқасына түйіп алып, мұрнының сорасы ағып жалаң бұт шауып жүрген кезінен білем.

— Ой, айналайын, аман ба? Өзің бастық болып кетіпсің ғой. Жаман әкең аман ба? — деп алдымнан танысым шыққанға «жолым болар» деп қуана кетіп ем, әлгі бала мені танымағандай, сәлемімді салғырт алды.

— Сен мені танымай тұрсың ба? Мен Күргерей емеспін бе? Ай, балалар-ай, бұларың жарамайды. Үлкен адамға қашанда кішірейе салу керек. Оған түгің кетпейді. Әкеңдей адамға орныңнан тұрып сәлем бермейсің бе, — деп өзімше үлкендігімді сатып, міндетсіп жатырмын.

— Сізге кім керек, — деді әлгі боқмұрын. Сь түскендей. Жамбасындағы тапаншасын жөндеп \ ГТостыца тұрған адамға көп сөйлесуге болмайды. Айтатыныңызды тезірек айтыңыз.

«Қап, мына жылпысқыны қайтейін». Басыңа күні түскенде бәрін де көтереді екенсің. Әйтсе де алғашқы қарқын ғой, баламен мен де енді қатты кеттім.

— Постыда тұрсаң қайтейін. Әкеңнің малын бағып тұрған жоқсың, келген адамға жөніңді айтпайсың ба. Жамбасыңа салақтатып жілік байлағанға мұрныңды көкке көтересің бе?!

— Байқап сөйлеңіз. Мына сөзіңізбен подсот кетесіз, — деді Атайбек міз бақпай.

Расында да, баламен бала боп, тым өрескел кеткенімді сонда аңғардым.

— Қарғам, осында қызым Райхан түсіп еді. Соған тағам әкелдім. Өзіне қалай жолығар екем, — деп лезде жұмсардым.

— Қосимановтың рұқсатынсыз ондай преступниктерге ештеме беруге болмайды. — «Преступник!» Өне бойым мұздап қоя берді. Одан да сұмдық сөзді еститінімді қайдан білейін. Баламен тағы да біраз тәжікелесіп, ақырлап келгенде жөн сөзге көштік-ау.

— Күргерей ағай, бұл арада көп тұруға болмайды, — деп Атайбек жан-жағына ұрлана қарады. — Осында облыстан Бахалов деген бастық келіп жатыр. Соған жүгініңіз, басқа көмегім жоқ. Мен айтты деменіз. Ал енді барыңыз.

Қосимановтан да зор адам келгеніне ішім жылып жүре берді. Бәрі Бахалов, Бахалов деп аяқтарының ұшымен басып жандары шығып жүр. Бұл адамды құдай айдап келген шығар. Жұмысым оңғарылып, сәті түсер. Үлкен адамның алдынан өтіп, кедейлік өмірді түгел алдына жайып салайын. Шіркін-ай, Райханды ертең босатып алып, үйге барсам, кемпірім ұл тапқандай қуанар еді, — деймін ішімнен. Таң атса милицияның есігін босатпай үш-төрт күн әркіммен жағаласып жүріп, өлдім-талдым дегенде амалын тауып Бахаловпен жолықтым-ау.

Айнала былғарымен қапталған кресло қойылған, терезелеріне шашасына дейін төгілген аттың құйрығындай шеті шашақты қалың перде ұсталған қара көлеңке бөлмеге оң аяғыммен аттай бере, сирағы бұрандалы емен столдың ығында отырған кескен томардай мықырайған біреуге көзім түсті. Бөлме ішіне екі аяқты бәйтерек кіріп келгендей, бұғып отырған жапалақша әлгі мықыр маған қарады. Ішінде қарамығы көп, тарының иі қанбаған сарғыш қамырынан долбарлай салған іркілдеген беттің үстінде екі көз жылтырайды. Сары мысықтың көзіндей өткір. Екі иық шүйделі мойнымен қосылып кеткен. Құйқасынан шыпшып май шыққан домаланған жалтыр басты былш еткізіп жұмсақ мүсінге қондыра салған секілді. Тырсылдаған жасыл кительдің жағасы супыны ағытылған аттың қамытындай екі жағына талтиып, шықшытқа тереңдей енген түйме құлақтың шұрқылтайын басып тұр. Қазақы қойдың құйрығындай бұлтиған рабайсыз бөксе кең ағаш кресло шабағын шертіп шыққан. Екі-үш адам табан тірей тартып, жұлып алмаса, отырған орнынан қайтып шықпайтындай кептетіле қалыпты. Бахалов осы екен.

Қолапайсыз адамның түріне қарап түңілдім. Алғашқыда бұл адам маған мақау секілді. Сәлеміме жауап бермеді.

Жоқ, тілі бар екен.

— Ну, не шаруамен келдің, мужик, — деді. Апырмай, даусы да бір жосын. Арқасынан дем шығатын тесігі бар резеңке ойыншықты қысып-қысып қалғандай пих-пих етті.

— Осында қызым бар еді. Соған тағам әкеліп, алмайды...

— Аты кім?

— Райхан.

Бахалов ших етіп күлді. Таңырқаған жоқ, тегі алдын ала біліп алған болу керек. Әдейі қиястықпен тәлкектеп сұраған екен.

— Ей, мужик. Сен орыспысың, фамилияң кім?

— Федоров.

— Онда қалайша сенің қызың болады?

— Ол менің Сұлтан деген төс тақасқан, тағдыр қосқан кедей досымның қызы еді. Ол... — деп түсіндіре бастап ем:

— Жетеді. Керек емес. Ондай жалған достықтың маған қажеті жоқ, — деп сөзімді үзіп тастады.

«Жалған достық». Не деген ұятсыздық. Беті бүлк етпестен, шімірікпей айтты-ау.

— Жолдас Бахалов, оның жазығы жоқ, нақақ күйдірмеңіздер.

— Оны тексеретін сен емес. Ал енді, бүгіннен кейін бұл маңнан сенің көлеңкеңді көрмейтін болайын. Табаныңды жалтыратып тайып тұр. Егер жаудың әкесі болғың келсе, түрменің іші кең, сыясың.

«Жау!» Құлағым түбі шыңылдап кетті. Бахалов стол үстіндегі кішкентай қоңыраудың төбесінен басқан екен. Ілкі милиционер кіріп келді. Мен созалаң тұрып тысқа шықтым. Бахалов қоңырауды құлағымның ішіне салып жібергендей аспан асты шыңылдап тұр. Бөтен ештемені естімеймін.

Ең сыртқы табалдырықтан аттай бергенде кезім бұлдырап әрең көрдім. Тап алдымнан Қарабет шыға келді. Намыс өз жөніне қалып, екі иығынан қапсыра құшақтаппын.

Мұңымды кімге шағарымды білмей құлазып тұрғанда, ол маған жақын адамдай көрінді.

— Қарасай-ау, күйеу балаңа айтып түсіндірсеңші, Райханымның күні енді не болғаны, — дегенімді білемін.

— Не болсын, ит жеккенге айдалады да, — деп Қарабет ыржың етіп жүре берді. Табалап кетті. Өттең, не керек, тап сол жерде Райханым нақақтан жала жауып көрсеткен осы Қарабеттің өзі екенін білмедім. Әйтпесе, сол арада-ақ буындырып өлтіретін ем. Әлгі сөзінен соң аспан шыр көбелек айналып, жер төңкеріліп, үйлер аунап барады. Буынымды ұстай алмай құлап түстім.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Биылғы күз жазға бергісіз. Орақ басталғалы жауын бір тамған жоқ. Қоп-қою егін жапқан ұшы-қиырсыз сары атыраптың шеті түріліп, әр жері кетиіп, күннен-күнге кеміп келеді. Сонау көкжиектен қызыл шар күн төбесі көріне бере маужырап жатқан егістік дала да ұйқысынан ояңғандай сергіп, таңғы самалға баяу тербеліп, ауыр теңселген бидай сабағы төжім еткендей болады. Күн арқан бойы көтерілгенде баданадай масақтың мысық мұртына түскен жақұт тасындай мөлдір шық домалай үзіліп тырс-тырс тамады. Балтыры кеуіп, еңсесін көтерген бидай сабағы енді ширақ билеп, судыр-судыр әнге басады. Әр жері иірім-иірім болып, мың құбылып толқыған алтын теңіз тәрізді. Шымырлап қайнаған мыс дариясындай.

Бұдан әрі машиналардың әні басталды. Шықтың кебу ін ғана күтіп отырған комбайндар ағылып, алтын теңіздің тұс-тұсынан алып кемеше қалқып жүре береді. Әлгіде ғана тым-тырыс маужыраған көк күмбезі астында енді гу-гу мотор үні естіледі.

Төртінші бригада басындағы қызыл вагонда жататын Халел де осы кезде жұмысқа шығады. Ас ішетін мерзімнен басқа уақытта тыным жоқ. Шық кепкеннен түнгі шық түскенге дейін комбайннан қырманға астық тасиды. Сәл бөгелсе-ақ болғаны бункері толған комбайн тағатсыз күтіп, бір орында тапжылмай тоқтап қалады. Ондайда әдейі шемішке шағып, көзінің қиығымен үнсіз қарап, тосып отырған Тамараның алдында не деп ақталарын білмей Халелдің мұрнының ұшы тершитіні бар. Сонда да Тамараның тұп-тұнық көгілдір көзі ұрыспай, зекімей, қамқор адамындай жайдары қарағанда, арқасы кеңіп, астықты артып алады да, құйындай ұшады.

Кешкі мезгіл еді. Халел үлкен қара жолға егістік үстімен қиғаштай тартқан. Балқыған темірдей қызарып бата берген күн жақтан ұзын көлеңке ұшып келеді. Қолын көтеріп ербеңдеткенде, көлеңкесі машинаға дейін созылып, жақтауынан ұстап тартқандай болады. Ырс-ырс етіп жеткен Дика. Халелді көрмегелі жарты айдай болған. Сары табақтай тершіген бетін қалта орамалымен сүртіп, бас салды. Құшақтап, шаң-шаң бетінен сүйіп жатыр. Халел Диканың он бойына көз жүгіртіп өтті. Үсті мұнтаздай. Су жаңа қоңыр костюм жауырыны жап-жалпақ шымыр денесіне қона қалыпты.

— Отыр машинаға, кеттік.

Ток басындағы тау-теңіз астыққа жеткенше Дика асығып-үсігіп бар қуанышын айтып келеді.

— Халел, сені искайт етпеген жерім жоқ. Үш бригаданы аралап шықтым.

— Е, сонша неге іздедің?

— Ой, Халелжан, не керек, бүгінгі қуанышты сұрама! Совхоз маған квартал береді.

— Қойшы.

— Екі комнаталы. Саңғырап тұр. Жақында ғана біздің бригады бітірген. Котенок деген бригадирді білесің ғой. Сол бар, жұмысшылар бар. Бәрі Моргун мен рабочкомға барып отырып алды. Холостяк строитілдердің бірі үй алған жоқ, общитада. Дика ең алдыңғы қатарлы передовой строитл, осыған үй беріндер деп қоярда-қоймай...

— Е, сен де салт басты емессің бе. Әлде... үйленейін деп жүргеннен саумысың?!

Дика жымың-жымың етіп төмен қарады.

— Өй, айтсаңшы. Қызың бар ма?

— Жоқ... бар... Бірақ, әлі белгісіз. Мен үйді Ақбөпе үшін алдым.

— Ақбөпе?

— Иә. Ана Болат пен Раузаға да трудно болып жүр ғой. Котенокқа: «Туысым бар. Осында совхозда істейді. Әйелдердің общитасында екі баласымен қысылып-қымтырылып әрең жатыр» деп құлаққағыс қылып ем, ертеңінде бүкіл бригады болып поддержайт етті. Рабочком да, Моргун да Ақбөпені айтып, түсіндірген соң против болмады.

— Ой, мұнауың, тамаша болған екен. Ал сосын?.. — Орыс өлеңін нобайлап соққанына мәз боп қуанатын Диканың қазір орыс сөзін араластырып, тілін шұбарлап отырғанын қызықтап Халел жымып қойды. Бірер айдың ішінде әжептәуір өзгерген. Бұрынғыдан сөзі де пысық. Кәдімгідей ширап төселіп қалыпты.

— Міне ключі, — Дика іш қалтасынан алып бір сүйем кілтті көрсетті. — Бағана көшіп кірдік. Бүгін кішкентай ғана обнимать жасамақ едік. Бригадыдағы товарищтарды пригласить еттім. Түнде, шам жаға келеді. Ақбөпе сені шақырып әкел деді. Өзі үйге барып сенің кірлеріңді әкеп, жуып қойды. Ауыстырып кетсін деді.

Дика осы сөзден соң Халелдің киіміне көзінің қиығын тастады. Халел жағасы бес елі кір көйлегінен қымсынып, бұрын ұялмайтын Диканың алдында өз-өзінен қызарып, тазды баса түсті.

Шық түсіп, комбайн тоқтасымен Тамараны қоярда-қоймай машинасына мінгізіп, Халел совхозға тартты.

Совхоз таянған сайын екі түрлі ой мазалап келеді. Бірі: «Не деп барасың, Ақбөпемен әкең сырттай қосқаннан бері араларың суып, бір-біріңе жат бауыр боп кетіп едіңдер. Ақбөпе киімге жұққан қарағай шырышынан жаман басыңа қара қан жауып, тіс жарып сөйлеспей қойып ең. Оның не жазығы бар еді. Енді үй алғанда не бетіңмен көрінесің» десе, екінші ой: «Қой, онда тұрған не бар. Өзіңнің туған жеңгең емес пе. Ана шиеттей балалар бауырларың емес пе. Олар мәре-сәре боп жатқанда, қуаныштарына ортақ болмайтын орның жоқ. Айтқандай, аузының суы құрып жүрген түнеугі антұрған студенттердің бірі жылмиып, сенен бұрын үйде отырған шығар». Осы ойдың тұсына келгенде, тақтайдай жолмен зымыраған машина емес, өкпесін қолына алып ұшып келе жатқан Халелдің өзі сияқты болды.

Ойы дәл келді. Үй іші толған адам. Котеноктың бригадасы — Дикамен бірге істейтін құрылысшы жігіттер. Тап орталарында Оспан. Оның қасында завгар Морозов та отыр. Бұл — Ақбөпе жақтан келген адам. «Ал мына бір есік жақтағысы кім? Ой, түнеугі жігіт емес пе? Ақбөпеге сырттай ғашық,

«көрсеқызар» таңқы мұрын студент емес пе? Тап өзі. Мұны кім шақырды екен. Қояр ма еді жалпайта кеп мұрыннан». Бірақ Халелге ондай «өнерді» кім берсін.

Сырттан жайдары енген Халел мына студентті көргенде өңі өзгеріп, жүзі салқын тартты. «Түнеугүні ыңдының құрып, сілекейің шұбырып еді. Қармаққа оңай іліне салатын шабақ балық деп отырсың ғой, жігітім! Әуре болма!» — деген қызғаныш бетіне теуіп шыға келді. Тек Ақбөпе ұшып келіп құшақтағанда барып, сасқанынан құлағына дейін қызарды. Енді күле береді. Ақбөпе именген жоқ. Бұрынғы әдетінше қайнын бауырына қатты қысып, бетінен сүйіп алды. Кеудедегі қос анар тығыз боп қадалғанда, Халел әлденеден дір етті. Ана бір жылдардан туыстай ойнап-күліп, алысып-жұлысып жүрген кезде сезбеген жаңа бір сиқыр сезім. Бетіне тиген лебі де ыстық. Бұрын Ақбөпенің он бойынан білінбеген уыз жастың желпіп өткен лебі сияқты. Апырау, Халел бұрын қалай аңдамаған. Сонау қыстан бері жеңгесі екеуінің бірінші рет жақын келіп, құшақ қосқаны. Ұзақ уақыттан бері бірін-бірі жат санап кеткендіктен бе екен былай көрінуі. Ақбөпе шын сағыныпты. Бұрынғыдан сүйегі кәдімгідей іріленіп, денесі толып, сомдана бастаған көрікті, әрі сүйкімді Халелді бұл да іштей қызғанады екен. Алғашқыда ешкімге қарамастан бас салса, енді онымен бірге келген ақ сары шашы арқасына төгілген Тамараға көз қиығы түскенде, жайдары қарақат көзінің түкпірінде, алыста, қара бұлт арасынан көрінген нажағай отындай өткір ұшқын жылт етті де ғайып болды. Соны сездіргісі келмеді ме, қонақтардан қысылып, Тамараның да бетінен қалай сүйгенін өзі аңдамай қалды. Тамара да мұны күтпеген еді. Екі беті өрттей болып кетті.

Отырған жігіттер орындарынан тік тұрып, Тамараны қаумалап араларынан орын ұсынып жатыр. Бірақ Тамара Халелдің қасына отырды.

Бұрын қырман басында кездескенде тіл қатып илікпейтін студент енді Халелді Ақбөпенің туысы боларсың-ау деп, асты-үстіне түсіп, жампандай қалыпты. Халел ошаған көргендей тыжырынып, бойын аулақ салды. Енді үй ішінің жасауын көзімен бір шолып өтіп, таңданып отыр. Дәл бұрышта биік айна — жұпыны болса да, жүзі жарқыраған биік, су жаңа трюмо. Екінші қабырғада шағын шифоньер. Үстіне жаңа көрпе-жастық салынған жалтыраған никельді кереует. Ортадағы жазылмалы кең столдың үсті сыңсып тұр. Неше түрлі тағам мен коньяк, шампан, шарап бөтелкелері. Сыңғыраған жаңа бөлме мұнтаздай. Жылына бір қағылатын ылғи күрең қызыл ауыр кілемдер мен сандық, абдыра, чемодан сықылды бұйымдардан айналып жүруге болмайтын төбесі басыңқы, іші қара көлеңке өз үйі есіне түскенде, қазір еңселі зәулім үйде, көңіл көтеретін таза үйде, жастарға лайық, жаңалыққа бейім осы бөлмеде отырғанын ойлағанда, ішкі сарайы да кеңігендей болды. «Апырау, мынаның бәрі бір күннің ішінде қайдан келген жиһаз?! Шынымен Диканікі ме?»

Халелдің ойын Котеноктың үні бөліп жіберді. Қолында бокал, орнынан тұрып сөйлеп тұр. Көзілдірік астынан көрінген ойлы көз жігіттерді бір шолып өтіп, Дикаға тірелді.

— Жолдастар, — деді. Даусы жіңішке, ашық. Әр сөйлеген сөзін нақпа-нақ қазықша қағып, шегеше қадайды. — Тыңға келгелі, міне, біраз уақыт өтіп барады. Кеше ғана ағаш бауырындағы жалғыз үйден басқа көзге ілігер қарайған қарасыны жоқ, мидай далаға бүгін қараңдаршы. Жалпақ өңір жайқалған астық, қаз-қатар тізілген үйлер. Бәрі де мына күсті алақанның күшімен келді. Мұның иесі осы отырған сендер. Соның бірі мына Дика. — Қолы босаса-ақ төсегінде теріс қарап жатып алып, бас көтерместен кітап оқитын бұйығы, тұйық жігіт қазір асқақ сөйлеп тұр. Онысы мына мәжілісте жарасымды да. — Кезінде қалай қойғанын қайдам, Дика деген ат дикий деген сөзден алыныпты. Келе-келе байқасам: Дикада мына тусырап жатқан дала қасиеті бар екен. Қазақтың кең сахарасындай мінезі кең, жерін жыртып, кенін қазбасаң біле бермейтін, бар алтынын ішке сақтайтын, ғажайып бай жердей, мақтаншақтығы жоқ тұйық, самал желіндей, баяу тербелген көліндей жуас, бұлтсыз мөлдіреген кіршіксіз аспанындай жүрегі таза, ақ көңіл. Қазақ даласын келіп көрмей, сырттай еститіндер оның осы байлығын біле бермейді. Не орманы, тауы жоқ бұл жер оларға ұшы-қиырсыз жазылып жатқан қу мекиен мидай дала боп көрінеді.

Дика да сол секілді бір қарағанда көзге түсе бермейтін, тек жүре-жүре іштегі бар асыл қазынасы көрінетін қарапайым адам. Еңбекқор адам. Жолдастар, мен осы тосты мінезі де, өзі де тың даласындай Дика үшін, Дикаға өз бойындағы қасиетін дарытқан тың дала үшін көтеремін.

— Браво!

— Хай вично живэ!..

Халел жұрт тараған соң естіді. Бүкіл бір бригаданың адамы келіскен екен: кімде-кім өз араларынан жаңа үй алса, үйленсе, орталарынан қаражат шығарып, соның жасауын жасап бермек. Үйдегі мына су жаңа мебельдерді совхоз машинасымен Омбы қаласынан алған екен. Бәрі енді Диканың дүниесі.

Бірақ Дика соның бәрін менің дүнием, мына үй менің үйім деп бауырына басып иемденіп отырған жоқ. Екі езуі екі құлағына жетіп, күле береді. Халелге қайта-қайта таянып, бірдеме дегісі келіп еді, ақыры айтты.

— Халелжан, — деді. Жүзінде «ұнатпай қалар ма екен» деген жасқаншақтық бар. — Ақбөпе екеуіміз таңертеңнен айтып жүрміз. Апам болса, ауданда сырқаттанып жатыр. Сен болсаң, жаз бойы далада жұмыс соңындасың. Анда-санда үйге келгенде кір-қоңыңды жуып, тамақ істеп беретін де ешкім жоқ. Апам сауығып келгенше, осында тұрмайсың ба. Екеуімізге мына бөлме жетеді. Ақбөпелерге ана бөлме... Денсаулық болса, тағы да кварталді кеңіте жатармыз. Биылғы жылы строителдер жүзге жуық үй салмақпыз. Бәрін ақ тастан қалаймыз. Райхан апай тапқан бұл тас үлкен береке, құт екен. Тек екі қол қимылдаса болды. Мен қазір, Халел, айына үш жарым мыңға айналдырамын. Әлгі Котенок деген бастығымыз мені передовой строител деп кетті ғой. Бас аман болса, диірмен тартудан қиын болып па. Халел, сені де мақтап жүр ғой, Оспаннан кейінгі шопр деп.

— Оспанға жету қайдан келсін. Одан кейін де талай үздік шоферлер бар. Дерягинді қайда қоясың?! Бірақ ол...

— Дерягиннің әлгі сенімен жүретін шопр ма? Өзі маскүнем дейді ғой. Қалайша передовой болады?

— Өттең, ішкіш. Әйтпесе Оспаннан кем шофер емес.

Халел Дерягиннің еңбекқорлығын, оның машина жүргізу шеберлігін ұзақ айтып мақтады. Бірақ осы түннің ішінде одан түңілерін езі де білген жоқ.

Түнеугі жолы әкесі мен Агафия Япишкинаны көрісімен үйінен мүлдем безіп, көңілі құлазып, далада қалғандай жалғызсырап жүретін Халел Дика мен Ақбөпенің айтқанына келісті.

— Бірақ, — деді, — «мен жоқта үйден кеттің» деп, апам ренжіп жүрмесін. Өзірше төсек-орнымды әкеп жатып жүрейін. Егер апам көнсе, біржолата шығармын.

Халел мен Дика Малжан ағашына келгенде, нағыз ұрлықтың үстінен шықты.

* * *

Бұл кезде Дерягин Қарасайдың үйінде еді. Қарасай, Агашка үшеуі стол басында қолдан ашытқан сыра ішіп отыр. Албар жақтан бидай артқан машинасын шегіндіріп әкеп іші цементтелген терең ұраға тура тақап қойған. Артқы жақтауын ашып жіберсе-ақ тістің суындай қызыл бидай су етіп, ұраға төгілмек.

— Ал, қане, мына соңғы стаканыңды көтеріп қой, сосын бидайды төгіп, бетін жауып алайық. Бұдан былай күнде тегін ішіп тұрарсың, өзіміздің баладай болдың ғой. Кунтун демей келе бер, — ден еді Қарасай, Япишкина оның сөзін ойынды-шынды қалжыңға бұрды.

— Бір машина астықтың құнын екі-үш күнде ішіп қояр Вася. Ол кезде тағы әкеледі ғой.

— Ө, солай ма? Сендер маған сатып беріп отыр екенсіңдер ғой, — деп Дерягин алдындағы сырасын қағып салып, көзі жарқ етіп орнынан тұрды. — Беретін сыраларыңды бұлдамай-ақ беріңдер.

Орнынан шириғып ашулы тұрған Дерягиннің бір машина астық түгіл, бір түйір бидайды бұл үйде қалдырар гүрі жоқ екенін сезіп, «жарайды, осыған да рақмет! Қанағат», — деп Қарасай жуып-шайған болып алдын орап жүр. — Ретіне қарай көрер. Зорлауға бола ма?

Қорада әлдекімнің аяқ тықыры естілді. Іштегілер үрпиісе қалды. Сыртқы есіктің тиегі жабық болатын, бұл кім? Ойлануға да мұрша келмеді, үйге Халел кірді. Түсі суық. Жаңа тебіндей бастаған сары түбіт мұрт селдірей қалған. Танауы қусырылып, жағы бүлкілдеп, отырғандарды үнсіз шолып өтті. Қарасай мен Дерягинде үн жоқ. Япишкина ғана түлкіше бұраңдап алдынан шықты.

— Халелчик, проходи. Отыр, — деп бәйек болып жатыр.

— Албардағы машина сенікі ме, Вася? — деді Халел бері аттамай сызданып.

— Д-да, менікі.

— Қазір алып кет. Ұраны неге қазды десем, ұрлық үшін қазған екенсіңдер ғой. Ұр-рылар!

— Кім ұры?! — деп ішіңкіреп алған Дерягин атып тұрып Халелге төніп келді. Жұдырығы түюлі. — Байқап сөйле, көгершінім!

Халел жасқанған жоқ:

— Вася, баяғы жалғыз ағаш түбіндегі енді болмас. Қазір бес минуттың ішінде осы арадан кетпесең, тура Моргунның алдында жауап бересің. Қане, тайып тур, — деді де төсек-орнын алуға шығып жүре берді.

— Мен өзім де кетемін, сенен сұрамаймын. — Күмілжіп бірге шыққан Дерягиннің алдын Қарасай кес-кестеп жүр:

— Ой, Вася, сол Халелден қорыққаның ба? Төге бер, өзім жайғастырамын.

Екінші бөлмеден көрпе-жастығын алып жатқан Халелге келіп, Қарасай зеки бастады:

— Ой, адам болмайтын неме. Мені асырап, көсегемді көгерте ме деп жүрсем, енді үйге келген ризықтан айырғың келді ме?!

— Ұрлық та ризық болып па?!

— Ризық емей, немене! Ертең қыста ақ нанды аяғыңмен теуіп отырсаң, одан артық не керек?!

— Бұл үйде отырып нан жемей-ақ қояйын. Ана Япишкина екеуіңіз жесеңіздер болар. — Халел Япишкинаны аузына алуын алса да, ызадан ба, ұяттан ба, әйтеуір екі беті ду ете қалды. Бірақ Қарасай баласының алдында ұялғаны былай тұрсын, беті бүлк етпестен:

— Ағайшада жұмысың болмасын. Сандалма олай, — деп зірк етті.

Халел әкесіне жалт етіп қарады да, жастықпен қаға-маға тысқа шықты. Дерягин де машинасын албардан шығарып, алды-артына қарамай зытып барады. Есік ашылған соң Дика да Халелмен бірге үйге еніп, төсек-орынды көтеріп, машинаға салыса бастады.

Жуан белдігі мен құрсаусыз доңғалағы ғана қалған, ыстыққа қаңсыған көк арбада екі-үш сиыр бұзауымен байлаулы жатыр еді. Халел холмогор тұқымды дәу қара ала сиырдың бас жібін шешіп Дикаға ұстата берді. Бұлармен ере шыққан Қарасай алғашқыда түсіне алмай тұрып қалған. Ұзай бергенде талтандай жүгіріп, сиырдың бас жібіне жармасты.

— Мұны қайда апарасың? Ой, ақымақ неме, сен де тірілейін деген екенсің, — деп Диканы кеудеден нұқып қалған. Бұрын бетіне тура қарай алмайтын Дика енді елеген де жоқ. Төртбақ ауыр денесі былқ етпей сиырды жетектеп барады.

— Сиырда жұмысыңыз болмасын. Ана Жәлелдің балаларынікі бұл, — деп Халел сиырдың сауырынан алақанымен салып-салып жібергенде, тұяқтары сыртылдап марғау аяндаған үйдей сиыр жақтырмай сулы танауы қатты пысылдап, басын шайқап-шайқап қалды. Мүйізге жармасып Қарасай мұрттай ұшты. Ерте туған, тайыншадай қара бұзау сиырдың құйрығына байлаулы болатын. Екі жаққа бұлттыңдап, жұлқып қалғанда, енесінің құйыршық ұшын жұлып алды. Орнынан қайта тұрған Қарасай бұзаудың сүйретілген бас жібіне ұмтылған. Бас жіптен ұстай бергенде мөңкі жөнелген бұзау енесінің алдына ойнақтап бір-ақ шықты. Қарасайдың қолында басынан дірдектеп қан аққан үзік құйыршық қана қала берді.

* * *

Келесі күні Дерягин жұмыстан шықты.

Халел кешегі көргенін егін басында жүріп бір қаға берісте Тамараға айтып еді, Тамара өзіне бас салды:

— Сонда сен жасырып қалмақсың ба? Одан асқан қылмыс бар ма? Сен үстінен шықпасаң ғой, ол бір машина астықты төгіп кетпекші. Жоқ, ертеңгі күні ол ашылса көре-тұра жасырған адам да олармен бірдей жауап береді.

— Бәрібір ол бидайды қайтадан алып кетті ғой, — деп Халел аңдамай айтып қалғанын Дерягинге өштікпен айтқандай көріп, іштей өкініп еді, Тамара ырық бермеді. Ақыры егін аралап жүрген Моргунға жеткізген.

Моргун өмірінде мұндай күйінбеген шығар: Дерягинді қолма-қол таптыртып алып жер-жебіріне жетті. — Ұят қайда? Ар бар ма өзінде? Қазір бір машина астық түгіл бір дәнді далада қалдырған адам мемлекет алдында, халық алдында жауап береді. Ол үшін кімнің маңдай тері төгілді? Неге оны аяққа басасың?

— Мен не істеппін?

— Не істемедің?! Бір машина астықпен түн ортасында қайда тентіреп жүрсің?!

— Кім айтты оны?

— Кім айтқанын қайтесің, қане қазір кілтті мына Морозовқа тапсыр. Енді саған сеніп астық тасытуға қақым і,оқ. Биыл Райхан Сұлтановнаның сөзі үшін қалдырып едім. Жетеді енді.

Дерягин қарсыласуға оқтала беріп еді, Моргун орнынан атып тұрды:

— Сенімен дауласып тұратын уақыт жоқ. Жолдас Морозов, мұның машинасын басқа адамға бер. Ал сен, Дерягин, қатенді мойындап, ендігәрі ондай қылмысқа бармаймын десең соңғы рет ескертемін, басқа жұмысқа тұр. Ток басында, диспетчерлікте не бензоколонкада істеуіңе болады.

— Рахмет! — деп машина кілтін стол үстіне лақтырып тастаған Дерягин кеңседен шығып жүре берді. «Ох, Халел, халера, тұра тұр. Кегімді алдым деп жүрген шығарсың. Көерміз!» — ден тістенген бойы Қарасайдың үйіне беттеді.

* * *

Түн ортасында совхозға бір шақырымдай жерден от шықты. Лап еткен тілсіз жау әлгіндей болмай көк тіреген бағанадай созылып ұзара қалды. Аспанға тік шапшыған қызыл жалын тілі маңынан ештеме таба алмағандай жалмаңдап қызыл ауаны жалап-жалап алды. Төңірек жап-жарық. Бригада басындағы мен қырмандағы жұмысшылардың ояуы аттан салып жаяу-жалпылай жүгірді. Жол-жөнекей астық тасыған машиналар бұрылып алып, қайсыбірі төтелер түсіп, енді бірі кері айналып, өрт шыққан жаққа қарай құйындай ұшты. Абыр-дабыр. Совхоз іші де лезде хабарланды. Сырт киімдерін іле сала, жалаң бас жеткендері де бар. Райхан «Жаңа талап» жақтағы алыс бригада басында болатын. Жиырма шақырым жерден көріп, алғашқыда жай әшейін біреулер жағып отырған от шығар, бір орнынан тапжылмайды ғой деп, жайбарақат жүр еді, жалын үдей соққанда барып, мынау егінге тиген өрт болмаса игі деп, жүрегі алып-ұшып жалма-жан машинаға мінді. Бірақ үлгерген жоқ. Жол алыстық етті. От жалыны басылып, үңірейген түндей қара түтін бықсып жатқанда жетті. Анадайдан аптабы бетті күйдіріп, көк ала, қызыл жалын сумаңдап тұрғанда жеткен Моргун. Одан бұрын келгендер отты сабалап жүр. От одан сайын өршеленеді. Моргун енді жақындай бергенде әлдене гүрс ете қалды да, қаңғыр етіп сандықтай зат аспанға атты. Қара түтін аралас үйдей от бұрқ-бұрқ көкке шапшып шашудай шашылып, әуеден жалын жауды. Қара жолға жарқ етіп от төгілді. Әу дескендей төрт рет қатарымен тарс-тұрс мылтық атылды да, жанып жатқан алып машина ыңқ етіп шөгіп қалды. Қаңғырлап аспанға атқан — машина бүйіріндегі бензин құйған артық бак екен де, мылтықша атылған — отқа күйіп жарылған балондар екен.

Машинаны айнала қоршап алған адамдардың бірінің есіне келмепті, Моргун:

— Шофер қайда? Кімнің машинасы, — дегенде ғана екі-үш жігіт кабинаға ұмтылды.

Лап беріп жанған от лып етіп сөнді. Машинаның құр темірлері, қаңқасы ғана қалған. Аңғал-саңғал сидіған рама — жұртта қалған ескі жадағай арба секілді. Екі бүйіріне қақ жарыла төгілген бидай қап-қара. Табаға май құймай қуырғандай шытырлап, бетіндегі бидайлар шегірткеше шырт-шырт секіреді.

Екі есігі аңқиып кабина бос қалды. Шоферді іздегендер отырғыштың балқыған қошқармүйіз пружиналарын ғана сипалады. Шофер жоқ. Жым-жылас. Тым құрыса жанған сүйегі не бір жапырақ киімі көрінбейді. Кабина ішінен мақта күлінен басқа, бөтен күл табылмады.

— Тоқтандар, — деген әйел даусы саңқ етті. Бас инженер Райханның даусы. — Маңынан аулақ тұрыңдар. Жанар машина жанған екен. Енді ештемесіне тиіспендер. Автоинспекциядан адам келгенше, рама осы жерде тұрсын. Басқа машиналар айналып өтетіндей екі жағына белгі қояйық. Ал енді тараңыздар.

Машина жанған жер — үлкен қара жол. Жолдың екі жақ қапталы қалың боз. Егін бұл тұста жоқ. Бозға секіріп түскен отты келгендер лезде сөндірген. Аумағы екі метрдей қаудың күлі ғана жатыр. «От қалай шықты, бұл кімнің машинасы, шофері қайда?»

Моргун қалта шамын жағып, бетін қара қожалақ күйе басқан ыстық қаңылтырды жеңімен бір сүрткенде, машина номері иесін айтып тұрды. Қайтып ол жерге ешкім жолай алмады. Моргун Райханға күбір етті:

— Халелдің машинасы екен. Талжанов.

— Халел Талжанов.

* * *

Түн жарымда бүкіл совхоз адамдары жанған машина дүрбелеңінде жүргенде тек Малжан ағашының бауырындағы жалғыз үй ғана бұдан бейхабар еді. Өрт сөнер-сөнбесте олар да естіді. Әуелі ала мойнақтар шабалана үріп, үйді айнала жүгірді де, лезде дауыстары семді. Тегі таныс біреу болса керек. Ағашканың тып-тығыз майлы жонына мұрын тірей қорылдаған Қарасай оянып, басын көтерместен тың тыңдағанша болған жоқ, терезе дүрсілдеді.

Ағашқа үшеуі ішкен сыранның ақшасын Васядан санап алуды ұмытпаса, Қарасай — қара шұбар жыландай іште иіріле түсіп жатқан сұмдығын ұмытпады: «Дерягин мен Халел арасындағы жаздағы төбелеске Райхан мән бермеп еді. Ақыр аяғы не боп шықты? Мен ескерткенмін. Елемеді. Міне, басшылықтың нашарлығы қайда? Мұны жоғарғы жаққа жеткізу керек», — деп беттегі қара қал мейірімсіз жыбыр етті. «Әзірше ешкімге сездірмеу керек. Әйтпесе ұрланған астықтың кесірі тиіп кетуі де мүмкін».

— Ендеше, Вася, сен қорықпай-ақ қой. Дәнеме де болмайды.

— Қалайша дәнеме болмайды? Біреудің машинасын жандырып жіберген адамға дәнеме болмаушы ма еді?

— Ол рас, — деді Қарасай Дерягиннің бұйра шашын уыстай тартып. — Бірақ сен екенін қайдан біледі?

— Не деп отырсың өзің? Менің бетімдегі күйікті қайда жасырасың?

— Күйік қана емес, сенің өзіңді де түгел жасыра аламын.

— Жарайды, жұбатпай-ақ қой. — Алпамсадай денелі, мінезі ұрда-жық адуын жігіттің еңсесі түскен, мүләйім. Қанша ішсе де серпілер түрі жоқ.

— Ешқандай жұбату емес. Егер басым аман қалсын десек, менің ақылымды ал... Тұра тұр... тыңдасаңшы әуелі: сен мына түріңмен біреудің көзіне түссең, машинаны жандырған сен екенің бесенеден белгілі болады. Сондықтан сен ана бір қорадағы бөлмеде қашан күйігің жазылғанша жат. Соңынан бір түнде жым-жылас кетіп қаларсың. Қосимановтың атасының үйіне бейсауат адам келмейді де, ешкім тінтпейді де.

Дерягиннің ұйқысы ашылғандай, лезде сергіп, Қарасайға бажырая қарады:

— Сонда оған Халел жауапты болмай ма?

— Немене? Халел?.. Вася, егер бұл ақыл көкейіңе қонбайды екен, маған сенің өлген-тірілгеніңнен келер, кетер ештеме жоқ. Бар онда, жарқыным! Жөніңді тап. Маған бәрібір... Ал осыған көнеді екенсің, — деді Қарасай, — сені іздеп, сұрастырған біреу болса, совхозбен есеп айырып кетіп қалған дейміз. Ол үшін былай істе: «Райхан Сұлтановна инженер боп тұрғанда, шоферлік жұмыс істеуіме болмады, менің кетуіме себеп осы», — деп ауданға жазып жібер. Бұл сенің кеткендігіңнің шын айғағы болады. Сонда сені ешкім іздемейді. Түнеугі складтағы уақиғадан кейін Райханды жазғырсаң, өтінішің сенімді болады.

Дерягиннің көз алдына Райхан келді. Жалын шарпыған күйік беті ысып-жанып күйдіріп барады. Тап қазір де Райхан жағынан тартып жіберген секілді.

— Жақсы, дядя Карапет! Мен солай деуге бекіндім.

— Мен өзің үшін айтамын. Бірақ есінде болсын, жігіт болмай кейін бір пәлесін маған аударса салатын су жүрек болсаң, осы бастан менен аулақ.

Дерягиннің көзі жарқ етті. Қажып, талып қанталаған өткір көзде мағынасыз намыс оты бар:

— Мен ғұмырымда ешкімді ала өлген емеспін.

— Ендеше, Ағайша, құй қане! Васяның аман қалуы үшін!

Бірақ үшеуі үш түрлі тілекпен ішті, Дерягин: «Осыдан аман қалсам, ендігері аузыма ұрттап алмаспын. Осы ақыры болсын», — деп ішті. Япишкина: «Дерягиндер көбейіп, табысым молая берсін», — деп ішті, Қарасай: «Ұйып отырған семьямды быт-шыт қылып ең келмей жатып. Саған мысқалдай болса да сөз ере берсін, жамандық жамала берсін», — деп Райханға іштей қарғыс айтып ішті.

* * *

Тап осы түні Халел бірге туған апасындай аяулы Ақбөпеден айырылатынына анық көзі жетпесе де, көңіл шіркін әлденені сезгендей тықыршып жүрегі аузына тығылып, ұйықтай алмады. Ақбөпе мана

шопр Оспанды аттандырып салуға тысқа ере шыққан. Содан қайтып оралмады. Қою мақпал түннің бояуы сұйылып барады. Ала көлеңке тарта бастаған ақтандақ таң бозарып, жаңа үйдің биік терезесінен ішке үңілді. Халел басын қымтай түсіп, етпетінен жатып еді, жеңгесі есінен шықпай қойды. Қызғаныш па? Балалық па? Әлде қалтқысыз жастық сезімнің шын оянып, бас көтере бастағаны ма? Тыста өзара сөйлескен Оспан мен Ақбөпенің әңгімесі де бұл кезде Халелге тірелген-ді. Бұрын кездескенде көзбен ғана ұғысып, тағдырларының ұқсастығын іштей сезіп, бір-біріне лайық жандар екенін үнсіз ғана түсінсетін бұл екеуі бүгін бүкпесіз ашық сырласты. Ұяң қыздардай ретсіз қылымсуды бойына шақ көрмейтін Ақбөпе Оспанмен шын сырласты.

— Рас, — деді ол әңгіме Халел жайына ауғанда, — өзім де қорқа бастадым. Бұрын бір үйдің баласындай болып ойнап-күліп жүретін Халел кейінгі кезде маған басқаша көрінеді. Тіпті айтуға аузым бармайды. Іні секілді емес, енді шынында да бір үйдің азаматы, қызға сөз салатын жігітіндей көрініп, әлденеден сезіктене беремін.

— Әрине, адам жаратылысы солай ғой, Ақбөпе. Қанша туыстай болғанмен, келе-келе... — дей бергенде Ақбөпе шопр Оспанның аузын тағы қақты.

— Жоқ, атамаңыз. Оған Халелдің титтей де кінәсі жоқ.

— Кінәлі болса ше?... Ол үшін айыптауға бола ма?

— Оныңыз рас. Бірақ, Халел ондай бөтен ойдан аулақ. Сәбидей адал бала. Екеумізді атай сырттай атастырғанда Халелдің не болғанын көрсеңіз. Сол күннен былай сөйлеспей қойды. Бүгін ғана шын ашылғаны. Және байқайсыз ба, бүгін маған біртүрлі бөтен адамдай қарайтын секілді.

Ақбөпе тосылып қалды. Оспан да не дерін білмей аз тұрды да, сөзді қайта жалғады.

— Ақбөпе, сен Халелді шын жақсы көресің бе?

— Е, ол сұрамай-ақ...

— Жо-оқ, бар адамнан дегенім ғой.

— Иә, бар адамнан артық көрем, — деп Ақбөпе қараңғыда Оспанның жаси қалған көзіне үңілді. — Сол себепті де оның өзіне тең адам табуын туған апасындай тілеймін. Ал сіз ше?

Оспан өзінің орынсыз сұрағынан, орынсыз қызғанышынан қысылып не дерін білмей тосыла берді де, енді бір сәт Ақбөпені бауырына қысты:

— Мен де жақсы көрем, мен де інімдей көрін өтер ем, — деп құшағына қарсылықсыз ене берген Ақбөпені ұзақ уақыт босатпай тұрды. Бұдан арғы үнсіздік те ұзаққа созылды. Сонау алыстағы жұлдыздар да үнсіз жымындап, қайсыбірі қуанғандай секіріп, ағып жатты. Тек шоқ ағаштың бауырындағы жалғыз үйден әтештер ғана дағдылы әдетіне басып шақыра бастады.

Халел тысқа шыққысы келсе де, өзін тежеп жатыр еді, ақыры шыдай алмады.

Үй маңында Ақбөпелер жоқ. Батыр-ау, қайда кеткен? Е, ана машина ішінде болмаса игі еді.

Халел шопр Оспанның машинасына жақындай алмай, ұзақ тұрды. Қасына барса, ішінен Ақбөпелер шыға келіп, «не іздеп жүрсің, саған не жоқ» дейтіндей көрініп, бата алмады. Жоқ, ақыры туған жеңгеге деген қызғаныш оты шыдатпады. Машинаға келді, таянды. Кабина ішіне мойнын созып қарай бере, өне бойы қалтырап кетті. Жаңа ғана қылт етіп маңдайы көрінген отты күннің кірпігі кабина ішіне түскен: балшықтан құйғандай бітімі сом шопр Оспан қызыл күнмен бірге қызарып, алысқа қарап күлімсіреп отыр. Түні бойы көз ілмеген адамдай емес, сергек. Үлкен қуаныш бар жүзінде. Терезеден үңілген адамды да сезген жоқ. Сезсе де мойын бұрып қарар емес. Ақбөпенің ұйқысын бұзар түрі жоқ. Оның кең кеудесіне басын сүйеп, жас баладай ұйықтаған Ақбөпенің жүзі де мына шығып келе жатқан күндей еді.

Бір сәт тулай қалған қан бірте-бірте басылып, Халел шегіне берді. Қызғаныш оты ішін өртеп, жүрегі елжіреп Ақбөпесін, Жәлелінің Ақбөпесін қимай үнсіз жылағысы да келді. Бірақ бір-біріне сүйеніп, тәтті сезім құшағында үнсіз маужыраған Ақбөпе мен Оспанның мазасын алмайын дегендей аяғының ұшымен басып, алыстай бергенін өзі де аңғармады.

Оның жүрегінде қызғанышпен қоса ең аяулы адамына деген таза, ең жақсы тілектің де ұшқыны бар еді.

ҮШІНШІ ТАРАУ

«Малжан ағашының» бауырындағы жалғыз үйде Дерягиннің жасырынып жатқанына біраз күн болып қалды. Бетті шарпыған жалын орны жазылды. Мойындағы Қызыл шақа күлдіреген күйік көкежасық ешкінің сан етіндегі кілегей қыртысша тыртып біткен. Тек оң жақ қолының алақаны сәл тыртысып, жаздырмайды. Енді бір-екі күннің ішінде көзге түспей, Омбы арқылы бір түнде жеріне кетпек.

Ауруы жанына соншама батпаса да, аз күнде Дерягин қатты жүдеді. Астан қалмаған дені сау адамға бір орында тапжылмай жата беруден асқан азап бар ма? Оның үстіне ой қажытып барады. Тас төбеге шығып алған күн бір араға іліп қойған консерві қақпағындай тапжылмайды. Таң атса, күн батпайды.

Бірақ осы аз күнде совхоз өмірінің календары қарша борап, дала реңі тез өзгеріп кетті. Отау үйдің терезесінен қарап отыратын Дерягиннің көз алдында қаланған үйлер қатар түзеп, көше боп тартылып, ұзап барады. Сап-сары егістік дала, шаңы шыққан құба жон күз көрпесін жамылып бозаң тарта берді. Қыраттардың арқасында сәскеге дейін дірілдеп, толқып жататын сағым тартылған көл суындай суалып кетті. Айдау жолмен ағылып жатқан машиналардың капотының екі жақ қанатын алқам-салқам ашып тастап, көйлекшең отыратын шоферлер енді басына малақай, үстіне жылы фуфайке киіп алыпты. Машина радиаторынан кішкентай ғана көз қалдырып, қалған жерін жылы сырмақпен тұмшалап алған. Терезе түбіне қонып, шырқ-шырқ шиқылдап отыратын торғайлар да жоқ.

Алыста аспан жиегінде шудалана түсіп жататын қаз омырау ақша бұлттар егістік даласындағы бықырлаған комбайннан, мың сан машина жолынан ұшқан шаңнан кірлегендей бозарып, күннен-күнге сабалақ тартып, тұтаса келе күн көзін бүркеп тастады. Көп ұзамай қара суық жел тұрып, күз жаңбыры басталып еді, міне енді алғашқы қар түскелі бір жұма. Бүгін жапалақтап жауған қар үсті-үстіне төпелеп, аспаннан құйылып тұр. Жер де, аспан да аппақ.

Дерягин кейінгі кезде Қарабеттің тілін алып, бұлай жасырынып жатқанына қатты күйінетін болды.

Тордағы арыстанша бөлме ішінде аласұрған Дерягин: «Бұдан да қамалып жатқанның өзі артық. Не деген су жүрек едім», — деп көзі қанталап Япишкина жататын қонақ үйге жүгірді.

Мұнда бұрынғы тіршілік. Есік-терезені қымтап алған Япишкина екі адамға сыра беріп, қалталарын қағып отырған. Олар Дерягинді көргенде өре түрегелді. Япишкина да жаңа көргендей амандасып, сыр білдірмеді.

— Ой, Вася, қайтып келгенсің бе? Бәсе... Совхозда машина жетеді. Тіпті менің машинамызды алшы, на ходу! Мен елге кетем, тыңды көтердік, жетеді енді, — деп біреуі дүниенің бәрін тындырғандай күпсініп еді, екіншісі:

— Сенің өшіңді де жіберіп жатқамыз жоқ. Сұлтановнаны қуатын шығармыз. Ол кетпей тұрып, мен ешқайда бармаймын, әуелі ол, сосын мен, — деп, аузы болжырап, сілекейі ағып отыр. Бұл екеуі де осы совхоздағы ең жалқау шоферлер. Тапқаны таянғанына жетпейтін ішкіштер. Алған еңбекақылары Япишкинаға берер қарызына зорға жетеді.

— Ағашка, әнеуі хаттың к-копиясы қайда, к-копиясы, Әперші. Оқысын В-Вася. Әперші. Сұлтановнаның аяғы көктен келеді. М-Моргун да сосын бізбен байқап, байқап сөйлесер. Отыр, Вася.

— Жоқ, отырмаймын. Карапет қайда?

— Дядя Карапет пе, — бірінші шофер аузынан түкірігі шашырап, сұқ қолын шошайтты. — Дядя Карапет, адам ғой. Сен білесің бе? Конечно, сен білмейсің. Сен ренжіме! Рас айтамын, білмейсің. Ол адам ғой. Сен дегенде жаны бөлек. Ол үлкен адам. Бәрін біледі. Сені аяп, бізге өтініш жаздырды. Ағашка, Аға... әкелші к-копиясын.

Япишкина ырғала басып, түтігіп тұрған Дерягиннің қасына келді:

— Вась. Васенька, отыршы. Мен сені сырамен сыйлайын.

— Ішпеймін, ақшам жоқ, — деді Дерягин кекесінмен.

— Вась, мен саған сенем ғой, осындағы адамсың, кейін бір есебі болар, отыр, сұп-суық бражка, хмелі аз.

— Жоқ, мен қойғанмын. Врачтар қоспайды, — дей салды Дерягин.

— Ай, врачтар былшылдай береді, өзіміз талай рет автобус ішкеміз, — деп екінші шофер қосылды.

— Ахашка, әлгі хатты әкелші.

— Ол не хат? — деді Дерягин.

— Қайда қалғанын білмеймін, ауызша айтсаңдаршы.

— Ендеше мен айтайын.

— Тұра тур, мен айтайын, — деп екі шофер жарыса сөйледі.

— Райкомға жаздық.

— Дядя К-Карапет тура р-райкомға жолдаңдар деді.

— Совхоздың ең алдыңғы қатарлы...

— Аға, ең передовой...

— Шоферін үнемі қысымға алып бас инженер Сұлтановна ақыры директор Моргун екеуі, да, Моргун екеуі ауыз біріктіріп, нақақтан-нақақ жұмыстан шығарды. Жұмыссыз қалған Дерягин амалсыздан совхоздан біржола кетті.

— Бүйте берсе, с-совхозда бір адам қалмайды.

— Правильно, бір адам қалмайды.

— Не Сұлтановна тұрсын, не біз тұрайық, — деп мәселені қатты қойдық.

— Аяғына, совхоз шофер л ары деп өз атымызды тіркедік.

— Дядя Карапет қол қойған жоқ. Үйткені ол шофер емес қой. Бірақ молодец, саған жаны ашып жаздырған сол. Правда сол адам. Біз мақтанбаймыз. Егер ол болмаса біз вообще ни рыба, ни мясо!

Дерягин тістеніп, ызаланып тұрған. Үй ішіндегілер байқаған жоқ. Япишкина қағазды тауып алыпты.

— Міне копиясы, — деп Дерягинге беріп еді, ызадан булығып тұрған жігіт қағазға көзін де салған жоқ, ортасынан дар айырып, лақтырып жіберді.

— Ва-Вася.

— Мұның не?!

— Карапет қайда?! — деп ақырды Дерягин.

— Бір жаққа кеткен. Өзір келмейді. Оны қайтесің?

— Өлтіремін. Буындырып өлтіремін! — деп Дерягин өне бойы қалтырап, үйден ата шықты.

Япишкина бір тықырдың шындап тақағанын сезіп, үйдегілерді асықтыра бастады.

Дерягин көп ойланбады, сәті түсіп, ауданға картоп әкетіп бара жатқан Халелдің машинасына отырып кете барды.

* * *

Москваның халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне жолдама алған Тамара Рубцова өзімен бірге жүретін шопр Оспанның машинасында келе жатыр еді, жолда Володя Котенокты көрген соң, жерге секіріп түсті. Тап қазір киім киісіне, түс-әлпетіне қарап қырда трактормен жер жыртқан, комбайнмен егін орған қыз деп ешкім айтпас. Үстінде жағасы алтайы қара түлкі, қиылған мықынмен мықын пальто. Сәнді тігілген түкті бөрікше де ұнасып тұр. Бетіне опа жағып, ұп-ұзын қайқы кірпіктерін, ернін бояған сүйріктей қыздың өңін аша түскен. Егер бір сәт кірпік қақпай, көгілдір аспандай үлкен көзін алысқа қадап, жұқа қара былғары киген қолдарын екі жағына жайып, қимылсыз қатып тұра қалса, тура мұқият жасалған манекен деп қаларлық.

— О, Тамара, қашан жүресіңдер, подарканы көбірек әкел, — деп Котенок бас салды. — Сен бізге айтпай қалайын деп жүрмісің? Ол болмайды.

— Неге? Сен өзің қазір ұмытпай тұрғанда айтып қойшы. Саған не әкелейін, Котенок, кішкентай тышқан ойыншықтар әкелсем бола ма? — Тамара қалжыңдап күліп еді, Котенок та қоса күлді.

— Мейлің, не әкелсең де бәрібір.

Осы кезде бұлардың тұсынан Халел өте берген. Кілт тоқтады да, әуелі шопр Оспанды, сосын Тамараны құттықтады:

— Құттықтаймын, Тамара, жолың болсын!

— Рақмет! Өзің асығып қайда барасың?

— Ауданға. Біз қазір картошник болдық қой. Ал, көріскенше сау бол! Жолың болсын! — деді тағы да.

Бір машина картоп тиеген Халел жапалақтап жауған қар астында ұзай бергенде өкпе тұстан біреу қол көтере жүгіріп тоқтатты да, мініп кетті.

— Ау, анау Дерягин емес пе? О л кеткен жоқ па еді, — деп кабина ішінде отырған шопр Оспан орнынан ұшып кете жаздады. Қарсы беттен келе жатқан біреу сол машинаға қарай ұмтыла беріп құлады. Машинадағылар аңғарған жоқ. Ұзап кетті.

Тамара да таңырқап қалды.

— Ол шыққан! Бағана шығыпты. — Көзілдірігіне түскен қарды сүртіп, сүзіле қараған Котенок алыстан Дерягинді тани алмады. — Сол болуы да мүмкін.

— Қандай бақытсыз жігіт еді. Сен оны кейінгі кетер кезінде көрсең, қандай жүдеген. Киімі де тозған.

— Күнде ішіп жүрсе қай адамда құн болушы еді. Оны біреу зорлап па?

— Әрине оны құртқан осы ішімдік қой. — Тамара мен Котенок машина тасасына қарай ықтап еді.

Шопр Оспан сигналды басып қалды:

— Тамара, тездет, жолға әзірлену керек. Мен әлі үйіме де барғам жоқ.

— Казр-казр, дядя Успан, бир минут, — деп келгелі Халелден үйренген бір-екі сөзімен қазақшалап, Тамара қайтадан түсін суыта қарады Котенокқа.

— Несі аянышты? Өз қара басын алып жүре алмаған жігітке не аяушылық керек? Осы совхозда дядя Успаннан кейінгі үздік шофер сол еді. Айына қанша табыс тауып тұрды: үш мың, төрт мыңнан айналдырған жоқ па. Бірақ не керек, соның бәрі араққа кетті. Жібi түзу киінген де жоқ. Не шешесіне пайдасы жоқ. Ақыры мастықтың салдарынан қылмыс жасай жаздап, жұмыстан шықты.

Котенок ауыр бір күрсінді де, көзілдірігін қол орамалымен сүртіп қайта киді:

— Тамара, бәріміз тыңға бір келдік. Бәріміз бір кезде жақсы жолдастар ек. Бірақ осында келгелі Васяны қамқорымызға алып, қол ұшын бере алмадық.

— Дардай еркекке не қылған қамқорлық!

— Жоқ, Тамара. Олай емес. Менің айтайын дегенім де осы еді. Оның осынша көп ішіп кеткенін білемісің? Ол сенің күйігіңнен ішіп жүр. Сені сүйгендіктен ішіп жүр.

Тамара сықылықтап күліп жіберді де, лезде күлкісін тыя қойды.

— Володя, сен де қызықсың.

Шынында да Котенок емес, нағыз котеноксың. Біреуді сүйген адам маскүнем болады дегенді қайдан естіп жүрсің? Арақтан өш алған адамды көрдің бе?

— Эх, қыздар! Сендер жігіттердің кем-кетігін көріп, мінеуге, сынауға шеберсіңдер. Бірақ солардың жақсылық қасиетін іздеуді, ішке терең үңілуді ойлайсыңдар ма? Басына күн түскенде: махаббат отына күйгенде не қорлық көргенде — әр жігіт әр түрлі өмір кешеді. Біреулер таусыла қайғырып, сары уайымға түсіп басын көтере алмайтын көрі мысықша жүнжіп кетеді. Енді біреулер ашынып, ойына келгенін істеп, аласұрады. Сырты май жаққан тоқаштай жылтырайды, іші көгеріп, шіри береді. Ал тағы біреулер бар: оған қиындық та, қуаныш та үйреніскен көршісі. Бір қалыптан айнымайды. Дүниеде не болып, не қойып жатқанына есеп те бермейді. Толқын айдаған тығындай тарта береді.

— Бұл жағын ойламаппыз, — деп Тамараның көзі күлімдеді. — Ал, сонда Вася қайсысына жатады, көрі мысық па, іші көгерген майлы тоқаш па, қалқыған тығын ба?

Котенок өз сөзіне мырс етіп күліп жіберді:

— Менің теңеуім онша сәтті болып шықпады-ау деймін.

— Жоқ, жоқ...

— Әйтсе де, Вася тоқашқа келеді.

Екеуі тағы күлді.

— Олай дейтінім, — деп, Котенок өз сөзін жандандыра түсті. — Вася сырттай қарағанда ештемені ойламайтын, алдың-дұлдың парықсыз жан сияқты. Бірақ бәрі ішінде. Ол сенен айрылып қалғанына кейін өкініп жүр. Өмір бойы өкінеді. Ал сен болсаң тым құрымаса онымен жөндеп бір ауыз тіл қатқың келмейді. Жоқ, Тамара, олай болмайды. Сенің көңілің біржола суыған шығар. Сонда да, ол адам ғой. Жолдас қой. Дұрыс жолдан тайдырмау біздің міндетіміз. Жо-жоқ... сен қарсы дау айтпа. Менің бар сұрарым сол: Тамара, жаңағы Вася болса сен онымен кетпей тұрып сөйлес. Бар шындығыңды айт. Көзін аш. Ол да өмірдегі өз жолын тапсын.

Жол үстінде құлаған адам тәлтіректей басып орнынан тұрған. Осылай қарай қалбандап келеді. Мастығын сездірмейін деп, жылдам жүріп кеткенде, еңсесін ұстай алмай, аяқтары шатқаяқтап қалады да, бір-біріне шалынып, қайтадан гүрс етіп құлайды. Қайта тұрады. Ақыры жетті. Қалт тұра қалып, теріс киіп алған малақайының миығына қолын апарып, честь берді:

— Товарищ, степной генерал, ақсақал! — деп, енді ширақ қимылдап кабина ішіндегі шопр Оспанға қол ұсынды. Анау сәлемін алмады, тыжырынып отыр. — Ничего! Бывают. Бүгін ең соңғы рет. Сосын вот! — алақанының қырымен тамағын кесті. — Ей, богу, ақсақал! Бүгіннен соң аузыма да алмаймын. Келесі жылы сіздің бригадада істеймін. Қолыңызды беріңіз. Уағда!..

Бұл — Япишкинадан — Қарасай үйінен шыққан жігіт. Бағана Дерягин кіргенде отырған екеудің бірі.

— Жаңа жолдағы машинаға отырып кеткен кім? — деді Котенок оны шопр Оспаннан бұрып алғысы келіп.

— А-а, ол ма? Ол Дерягин, -деп ыржың етті. — Ол қайда кетті білемісің? Дядя Карапетті вот! — деп өз кеңірдегін өзі қылғындыра қысты.

Мастың сөзіне мон бергісі келмесе де Тамара еріксіз араласты:

— Ол Карапеттің баласы Халел емес пе? Ондағы шаруасы қандай?

— Мейлі, баласы болса да вот!

Тамараның өне бойы мұздап кетті.

— Сен өзің не деп тұрсың?! Дұрыстап айтшы.

— Не дұрысы керек. Бағана өзі айтқан. Буындырып өлтірем деген. Карапетті де, бәрін де...

Котеноктың де көзі шарасынан шықты. Бірақ Дерягин тап ондай іске барар деп ойлаған жоқ. Тамара болса, бұрыннан Халелді жазғырып жүрген Дерягиннің сөзінің сыңайынан қорқып, шопр Оспанды қоярда-қоймай жолға алып шықты.

— Қой, оның Халелде не шаруасы бар, — деп шопр Оспан алғашқыда көнбеп еді.

— Жаңа тағы да ішіп алса керек. Ішкен кезде ол жыңды адамнан жаман. Кім біледі, мерт қып жүрмесін, қуайықшы соңынан, — деген Тамараның үрейлі жүзін көріп шошыды...

Халелдер кеткелі не заман. Қарасыны да көрінбейді.

Оның үстіне қар да үдей түсті.

* * *

Оспандар ауданға қарай үш-төрт шақырым жер жүргенде, жолдың оң жағындағы егін орнынан бір қарайған ноқатты Тамараның көзі шалып қалды. Қанша алыс болғанмен аппақ қардың үстінде ақша беттің ұшындағы қара меңдей анық көрінеді.

— Дядя Успан, анау дәу де болса машина. Халелдер болмаса игі еді, — деп Тамара өңі қуарып, тесіле қарап келеді.

— Қой, жолдан шығып кетуші ме еді, — деп шопр Оспан дүдәмал жауап берсе де, «кім біледі, егер шын қысастық ойласа, айдалаға апарып тастауы да мүмкін» деп түйткілдене бергенше болған жоқ, солай қарай бұрылған ізге тап болды. Қар басса да, әлі өше қоймаған жаңа із. Шопр Оспан машинаны жалт бұрып ізге түсті. Егістік жерге шығысымен машина тоңқылдап, күпшегі түскен арбаша қиралаңдап, шоқалақтап қалды. Кузов жақтауы сықырлағанда өзінің бүкіл бел омыртқасы майысқандай аяп, машинаны баппен, асықпай жүргізетін шопр Оспанда қазір ол әдет жоқ. Салдыр-гүлдір зымыратып келеді. Жаңа Тамарадан: «Олардың араларында не бар еді, Халелде

қандай өші бар», — деп сұрағанда, қысылшаңға келгенде бар сырын бүкпесіз айтып салған. «Вася мені қызғанады. Биыл жаздың басынан бері Халелге тісін қайрап жүр. Бірақ біздің арамызда қызғанарлық ештеме жоқ. Халел ақ көңіл, адал бала. Шынында да әлі бала ғой. Екеуміз құрбы сияқтымыз. Арамызда ешқандай жасырын сыр жоқ. Ол қуанса да, ренжісе де маған келіп айтады. Мен де сондаймын. Тіпті кейінгі кезде бір үйдің баласындай болып кеттік. Екеуміз жасты болғанмен, мен оның апасы, ол менің інім секілді. Вася оны түсінбейді. Оған менің айтқым келмейді. Айту былай тұрсын, сөйлескім келмейді». Шопр Оспан бұл әңгімені «е, әшейін балалық екен ғой» деп еді, енді қазір «кім біледі, жастар от басып алғанша білмейтін ойнақтаған тайлақ сияқты емес пе» деп, алда қараңдаған машинаға жеткенше асықты. Шынында да машина екен. Жақындаған сайын анық көріне бастады. Бір құпана сабанның дәл бауырында тұр. Қыбыр етпейді. Маңында да ешкім жоқ. Қуғыншылардың тамағы кебірсіп, тыныстары тарылып келеді.

Енді бір кезде, бұлар жарты шақырымдай қалғанда, машина жылжып жүре берді. Бірден ор қояндай орғып, ар жағындағы жыртылған зябьқа қарай тартып отырды. Зытып барады. Солар екеніне енді күмән жоқ. Сабан түбінде Оспандар сәл аялдап қалды. Жерге түскен жоқ. Машинада отырып көз тастады. Үлкен бір құпана сабанның жарым-жартысы бұзылған. Ту-талақай шашылып жатыр. Бір үйір қасқыр үстіне шығып ойнақтаған секілді. Бұл арада енді бөгелудің реті жоқ, қуу керек. Халел аман болса олар қашпас еді. Сонда оны жазым еткені ме?! О лай деуге көңіл қимайды да, сенбейді де.

Алда кеткендер ұзап, жыртындының орта тұсына барып қалған. Шопр Оспан кузовтегі Котенокқа «мықтап отыр» деп ескертті де, машинаны ытқыта жөнелді. Зябь жыртысымен күзгі қара жауын соғып, көп ұзамай қыс қауырт келіп еді. Қойдың басындай ірі түйіршік балшықтар суыққа қатып, тастай боп қалыпты. Аударып тастай жаздайды. Селк-селк секеңдеп, бар жақтауы дірілдеп, қалтыраған машина зябьтан шығып күзде айырылған тың жыртындыға шыққанда бұрынғыдан бетер кібіртіктеп қалды. Жылдамдықты екіншіге қойып ойбайлатып келеді. Күшене тартқан алдағы машина да ұзай алмай, жыртындыдан шыққан соң ғана бауыры жазыла жөнелді. Әп-сәтте ақ құйын қарға сүңгіп жоғалып кетті. Тек ізі ұлпа қарда сайрап жатыр. Доңғалағы жазық жерге тиісімен Оспандар да құйындай ұшты. Бірақ қадала қараған ізден анда-санда көз жазып қалып, бір-екі айналып қайта табады. Не керек, жапанның сары даласындағы бірі қашқан, бірі қуған машина шимайды салып, іңірге дейін қоян мен тазыдай жүйткіді де жүрді. Көз байланса-ақ болды, Дерягиннен де көз жаздым дей бер. Не де болса іңір қараңғысына дейін тез жету керек.

— Дядя Успан, жылдамырақ, жылдамырақ, — деп Тамара да алға қарай еңкейіп-еңкейіп қояды.

Дерягин түлкіше бұлтақтап жолсыз даламен олай да, бұлай да қиғашқа салып бағып еді. Оспан да өкшелеп қоймайтынын сезген соң, аралары алшақтаған бір кезде ауданның жолына түсіп алып зарпатты. Сырт қарағанда жер бауырлап ұшқан самолет секілді.

Шопр Оспан да басты. Жолға табаны тиісімен жеңілдеп, даусы да жұмсарып жүре берген машина уақыт өткен сайын бастырмалатып, таяна берді. Аралары жақындап келеді... Жақындап келеді...

Ақыры құйрық тістесе жеткенде ымырт үйіріліп, қас қарая берді. Шақырайған фара алдыңғы машинаға түсті. Анадайдан көзге бірден көрінген — кузовте теңкиіп жатқан үйме-жүйме қаптар.

— Халелдің машинасында қап бар ма еді? — деді Тамара.

— Білмедім. Бағана қарамаппын да ғой. Бұрын картопты шөппен қымтап, бос салатын. Осы жолы қайдан білейін. Менімше қаппен тасуға тиіс емес сияқты еді.

— Тым құрымаса номері де көрінбейді-ау, — деп Тамара да ақ қар сылап тастаған кузов жақтауына тесіле қарағанша болған жоқ, бір оңтайлы жер келгенде Оспанның машинасы алдыңғыны сүйкей-мүйкей өтіп, тап алдына кесе-көлденең тұра қалды. Ана машина да тормозды беріп үлгерді. Қос машина бастары түйісіп, мүйіздері бір-біріне айқасып қалған киіктерше кілт тоқтады. Моторлар да, шамдар да лып етіп сөнді. Бағанадан бері құлақ түбінде гүрілдеген, зуылдаған, шарылдаған дауыс та жоқ. Дала тымтырыс.

Қарысқан күректей алақанын жазған шопр Оспан қолын аяқ астында жатқан қайқы бел сом кілтке апара берді де, қайта тартып алды. Бүкіл бұлшық еттері жиырылып, пружинадай секіріп тысқа шықты. Котенок та топ етіп жерге секіріп түскен.

* * *

Халел мен Дерягин совхоздан шыққанда жапалақтап жауған қар барған сайын қоюланып, аспан мен жер тұтасып кетті. Айдалада гүжілдеген жалғыз машина жеңіл ақ пердені тұмсығымен сүзіп келеді.

Дерягин көнетоз қара пальтосының жағасын көтеріп алды. Басында лыпа жоқ, жалаң бас. Шалқайта қайырған толқынды қалың шаштың желке тұсы бұп-бұйра. Сұлу шаштың сиқын бұзар дей ме, Дерягин сақылдаған сары аяздардың өзінде басына киім киіп көрген емес. Қалың ернін одан сайын дүрдите түсіп, ойда отыр.

Халел де үнсіз. Машина шынысына жабысқан қарды екі жаққа дамылсыз сырған тазалағыштың астынан жол бойына тесіле қарап келеді. Екеуі осылай отырып кештің қалай түскенін білмей қалды. Қаншама ұзақ жүргенде жолдағы ауылдардың біріне жететіндей уақыт болғанын да аңғармапты. Алдарынан кесе-көлденең кең ақ жолақ жол кездескенде барып Халел машинаны тоқтатып, тысқа шықты.

Қар жауа борап тұр. Бағанағыдай емес, жапалақтамайды, ұсақ түйіршік желге ұйтқи бастаған. Демінде әлсіз ысыл бар. Кәдімгі қыс бораны. Жол үстінің қары қызыл асықтан келеді.

Халел қайта отырды да, машинаны шұғыл бұрып көлденең жолға түсті.

— Адасыппыз. Карьердің жолына түсіп кетіппіз.

Дерягин үндеген жоқ. Машина бір шақырымдай жүріп, төбеге ұрғандай тоқтағанда барып аласұрды. Халел стартерді қайта-қайта жанталаса басады. Ауыр жылжыған вентилятор сыр-сыр етіп батпаққа батқан арба күпшегіндей айналмайды. Мотордың от алар түрі жоқ.

— Бензиніңді қарашы, — деді Дерягин.

Халел кілтін қайта бұрап еді, дөңгелек шкаладағы кесірткенің тіліндей нәзік дір етіп, нольге барып тоқтады.

— Бензин таусылыпты.

Бензин таусылғаннан кейін шоферлердің амалы да таусылады. Машинаның әр жерін түрткілеуді де қояды. Түк қайран қыла алмайды. Алдынан не артынан келер жолаушы машиналардың көмегін күтіп тым-тырыс сарылғаннан басқа шара жоқ.

Түн тастай қараңғы. Машина шынысына жабысқан қар бірте-бірте қалыңдай берді де, іш жағының қырауы бір елі болды. Жүріп келе жатқанда жып-жылы кабина іші енді ызғар шашады, темір атаулы қол тигізбейді, қарып жібереді. Башпайдан басталған суық арқаға, белдемеге қарай жылжып, Дерягин мен Халел қалтырай бастады. Үстегі киім жиіркеніш тартып, уақыт өткен сайын суық ішке кіріп, дене мұздай берді.

Дерягин бұрқыратып тартып отырған шылымын тастай беріп, керзі етігімен жыланның басын жанышқандай қайта-қайта езгіледі де:

— Ну, чорт побери, бүгін қайткен күнде де ауданға жету керек еді, — деп, бар өшін екі құлағынан алғандай, жалпақ алақанымен отын шығара ысқылап-ысқылап жіберді.

— Вася, сен осы совхоздан кетейін деп жүрмісің? — Халел Дерягиннің жүзіне қараған жоқ, қырын отырып қойды сұрақты.

— Кетейін деп жүргем жоқ. Кеттім, біржола кеттім.

— Сонда қайда бармақсың, еліңе барасың ба?

Дерягин ызбарлы мырс етті:

— Жоқ, түрмеге барам!

Халел бұл сөзді қияс жауап деп ұқты. Ел қатарлы жұмыс істегелі біраз ысылып, өткеріліп, бұрынғыдан гөрі әйтеуір пысыған бала жігіт енді қаймықпады. Қармыжысын табан аузында қайтарды:

— Түрме түгіл, одан әрі кетсең де мейлің. Сен кімге керексің?!

Мына сөзге намыстанып Дерягиннің тұла бойы қалтырап кетті.

— Ешкімге керек емес шығармын, әрине. Бірақ кетсем де тегін кетпеспін. Ала кетермін.

— Қайда, кімді?

— Қорықпай-ақ қой. Тамара қалады. Қидым саған, — осы сөзді айтарын айтса да Дерягиннің кезерген ерні дірілдеп етті. — Бірақ оның орнына сенің әкеңді әкетемін.

Халел «осы не деп отыр» дегендей оның бетіне қарады. Дерягиннің жүзінен қалжың ізі білінбеді.

— Қайда әкетесің? Өзің не айтып отырсың?

Дерягин ауыр күрсінді. Енді әлгіндей емес, жуаси сөйледі.

— Сенбей отырмысың? Жаңа айттым ғой. Түрмеге. Өзім барып түсем. — Дерягин қайтадан шылым алып тұтатты.

— Түсінсем бұйырмасын, — Халел иығын қиқаң еткізіп, екі аяғын бір-біріне соға бастады. Бір қабат шұлғаумен киген тар етіктің сырты қырауытып, бірте-бірте шаңытып келеді. Тас боп қатқан мұздай аяқтан жан кетіп, башпайлар қозғауға келмей қалды.

Халел Дерягиннің неге келе жатқанын да білмейді. Бағана совхоз кешесінде қол көтеріп тоқтатқанда оны машинаға қалай отырғызғанын өзі де андамай қалған. Совхоздан ұзай бергенде сәл үрейленіп, қорқып та отыр еді, бірақ сездірмеуге тырысты. Тек Дерягин қашан сөз бастар екен деп жол бойы күтіп еді, ақыры, міне, айдалада тоқтағасын бір-ақ бастады.

— Саған қалайша машинаны сеніп беріп қойған, — деді Дерягин шылымын терезе қырауына басып.

— Е, мен қашан сенімнен шығып ем?! Оспан директорға дейін барып машина алып берді. Жандырсаң тағы әперем дейді, — деп Халел қиястанып күліп жіберді.

— Охо, тағы да жандыру ниетінде бар екен ғой.

— Жандырсам, сен төлемей-ақ қой, — деп Халел Дерягинге тіксіне қалды. — Оспанның бригадасындағы шоферлер ол машинаны өз қаражаттарымен қайта құрмақшы. Рамасы бар. Кабинасының сырты бүтін, мотор орнатып, кузовты қондырсақ болып жатыр.

— Халел, — деді Дерягин тағы да.

— Иә, мен — Халел.

— Сенің әкең не деген қара жүрек адам еді. Баласына да мейірімсіз мұндай жанды бірінші көруім.

— Оны қайдан білесің?

— Сенің машинанды жандырған адамды біле тұра айтпаса, оны қалай дер ең?!

— Әкем қайдан білсін оны?

— Білгенде қандай. Оны жандырған мен!

Халел Дерягинге жалт қарады. Машинаны жандырған осы екенін іштей сезіп, түйткілденіп жүрсе де, тап өзі мойындар деп ойламап еді, таңданып отыр.

— Несіне бажыраясың? Мен жандырған. Әкеңе бидай әкеп берем деп жандырдым. Сенбей отырмысың, несіне тесірейе қалдың?

Халел ащы мырс етті.

— Сенемін. Өзі дардай болса да, жүрегі қоянның жүрегіндей, арсыз адамдардың жүзі қандай болады екен деп қарап отырмын.

— Кім, мен бе? — Дерягин не деп отырғанын өзі де аңғармады.

Сөз осымен тынды. Дерягиннің мойнына су кетіп, қайтып аузының жігін ашқан жоқ...

Халел терең ойда. Әкесін ойлап отыр. Ақшаның жолына түсіп кеткен әке мінезіне түсіне алмай, «неден мұндай болды екен» деп қайран қалады. Әйтеуір, әкесінің бар арманы байыған үстіне баю, ана бір қол сандықты сықап толтыру екеніне көзі жеткен.

Ұзақ үнсіз отырған Халел қалғып, маужырай бастап еді, өң мен түстің арасында көз алдына сол қол сандық келді. Жәлел суыққа үсіп өлетін жылғы оқиға: күн сәске түс боп қалған мезгіл. Халел азан-қазан шудан шошып оянған. Сырттағы сақылдаған сары аяз лық етіп үйге кірді. Есік ашылған екен, қайтып жабылған жоқ. Сықырлай басқан қалың киімді бір топ адам арыстай ғып көтеріп, Жәлелді алып кірді. Өкіре құлаған анасы Жәміш, Ақбөпелер даусы шыға бере Жәлелді құшақтап талып түсті. Дауыстан үрейленген екі бала төсағаш астына жып беріп еніп кетіпті. Серейіп жатқан Жәлелде өң жоқ. Үсік шалған өне бойы жылы үйге кірісімен долырып, тұлыптай болды. Халел де іш

киімімен барып басын құшақтай құлады. Бірақ ғұмыры мұндай ауыр қаза көріп босамаған, қиындық көріп жасымаған Халелдің көзінен ә дегенше жас шықпады.

Қыс бойы Омбы мен екі ортада саудамен жүретін Жәлел боранда ұсып өлді. Жүргіншілер далада шашылған қамыт-сайманын жиып, өзін жалғыз ағаш басында қатып отырған жерінен түсіріп алыпты.

Тірі адамның көзі қандай қайғыда болса да көруінен жазған ба?! Халел аңтарып қалды: әкесі Қарасай қорадан кіре Жәлелінің өңіне бір рет тесіле қарап, маңдайынан сипай бере, қойнына салды қолды. Бір бума ақшаны төс қалтасынан будырата шығарып, бүкшендей жүріп санап, абдыра ішіндегі қол сандыққа апарып тықты. Тек содан соң барып көзіне жас алды. Бірақ көп жылаған жоқ. Басқаға басу айтып, сол күні кешке Жәлелді апаш-құпаш жерледі. Ол жолы Халел әкесін «ер адам ғой, әйелдей бос емес. Көп жылағанмен не бітеді? Өлген адам қайтып тірілмейді» деп көз көрген сұмдығын жуып-шайып еді. Бірақ Жәлелдің қойнынан бір бума ақшаны суырып алып тыққан әкесінің кейпі көз алдында мәңгі қалып қойған. Енді бір кез Халелдің өңіндегі ойы түске айналып кетті. Сол үйдің іші. Ортада арыстай сұлап Жәлел жатыр. Еден телегей-теңіз қан. Жәлел жайрап жатыр. Кеуде сүйегі қақ айырылған. Әкесінің қолында жалақтаған пышақ. Оң қолын Жәлелдің төс сүйегіне сүңгітіп жіберді де, жүрегін суырып алды. Анадй жерде қол сандық тұрған. Жез белдеуі жарқылдаған қол сандық бір кезде сары жылан болып кетті. Ысылдап келіп аузын ашқанда, әкесі Жәлелдің жүрегін бопалақтап апарып оның қып-қызыл аузына көмейлете тастап жіберді. Сары жылан енді тап беріп Халелге ұмтылды. Халел қаша беріп етпетінен құлады. Үстінен әлдене баса берді. Жан даусы шығып шошып оянды. Екі иығынан жұлқылап Дерягин оятқан екен. Көзін ашып мең-зең боп отыр — боранды дала қып-қызыл жалын.

— Тұр, Халел, жерге түс. Ұйықтама, үсіп өлесің. От жағып қойдым, жылынайық, — дейді Дерягин.

Халел жалма-жан тысқа шықты. Аяғын зорға басады. Екі аяқтан жан кетіп қатып қалыпты. Жол жиегінде от лаулап жатыр.

— Вася, мына шөпті машинадан алғансың ба? — деп аузы икемге келмей, сөзін әрең құрап отқа қақтана түсті. — Картоп үсіп кетпей ме?

— Ештеме етпейді. Көп алған жоқпын. Біздің үсігеніміз қалай, картоптың үсігені қалай?!

Маздап жанған от лезде өне бойын қыздырып, Халел етігін де отқа көміп-көміп алды. Жалынның үстіне ұстағанда етікке тұрған қырау шыжылдап, су боп тамшылайды.

От шоқтанып, қара күлдене бастағанда Дерягин тапап сөндірді де:

— Ал енді отырмайық, — деді. — Біраз жылынып алдық. Жүрсек тоңбаймыз. Машина кездессе кездесті, кездеспесе жолдағы ауылдың біріне жетерміз, аяңдай берейік...

Суық, үскірік боран қойны-қоныштарына кіріп, бойы жылынған жігіттерді лезде тоңдыра бастады. Жел дәл қарсы беттен шығып, үілдеп тұр. Бетті қарып жібере жаздайды. Қырындай түсіп, Дерягиннің ығында келе жатқан Халелдің отқа ұстаған су етігі жүрген сайын суыққа қатып, құрыса берді.

* * *

Оспандар Қарасайды тура аудандық милицияға алып келді. Отыздардың ішіндегі капитан жиырма қап астық тиелген машинаны көріп келісімен қолма-қол жауап алды. Оспанға жылы ұшырай отырып сұрақ қойды да, өзі жаза бастады.

— Бұл адамдарды қалай ұстадыңыздар?

— Совхоздан шыға беріп ек, шабылған егін ортасындағы бір мая сабанның бауырынан қараңдаған бірдемені мына Тамара көріп қалыпты. Жас адамның көзі қырағы ғой. Біз солай қарай бұрылды. Қашан қасына таяп келгенше, орнынан тапжылған жоқ. Шынында да машина болып шықты. Айдалап тұр екен. Жақындай бергенде-ақ әккі борсықтай жыртындыға қарай жылысып тарта берді. «Бейуақта айдалада кім жүруші еді, бұл біздің іздеп шыққан адамдарымыз болды», — деп ізіне түсті. Машина құйындай ұшып зытып барады. Жеткізер емес. Біз де қуып бердік. Жеңіл машина жүк артқан машинаны құтқарушы ма еді. Біраз қуған соң жетіп-ақ қалдық. Бірақ олар боранда адастырмақ болып бұлтаққа сала бастады. Не керек, әйтеуір өлдік-талдық дегенде алдына кесе-көлденең шығып тоқтаттық-ау. Қарасақ біз іздеген адамдар емес, Қарабет. Машина толған бидай. Түбінде бір кәкір барын сезе қойдық та, қарсылығына қарамай, осында алып келдік. Бары осы.

— Сіз олардың астық артқан жерін ұмытпайсыз ба? Ертең тауып бере аласыз ба?

— Тапқанда қандай. Совхоздан үш-төрт шақырымдай жердегі қара шілік қайда, содан тура оң жақ қолда, шамасы үш жүз-төрт жүз метрдей болар. Солай емес пе, Тамара?

Тамара басын изеді.

— Сабан астына тыққан астық екенінде күмән жоқ. Айтпады деме, мұның ұрлағанының алды-арты бұл емес.

Тексересіңдер ғой. Көресіңдер. Мен білетін Қарабет болса, бұған дейін талай машина астықты үктіріп, тоғытып та жіберген шығар-ау.

— Ол жағын көрерміз. Ал енді, Тамара Рубцова, сіз мына жерге отырып түсінік хат жазыңыз. Содан кейін боссыздар. Бара берулеріңізге болады.

Қарасайдың милицияға түскенін естіп, қызы Кәміш жан ұшырып жеткен. Қосиманов кабинетінен шықпай, екі шекесін алақанымен солқылдата қысып, бетінен басып отыр еді, Кәміш баса-көктеп кіріп келді. Әкесінің тура аузынан түскендей беті быттиған толық әйелдің өңі өрт сөндіргендей. Үстіне іле салған жағасы, жеңі қырқылған күзгі пальто тырс-тырс етеді. Ербеңдеген екі қолды қозғап қалса-ақ қолтығы дар-дар сөгіліп кеткелі тұр. Беліне байлаған алжапқышын да шешпепті. Екі қолы баттасқан қамыр.

— Көкем қайда, — деп біреу жасырып қойғандай алақтаған көзімен стол астын, кабинеттің бұрыш-бұрышын тінтіп өтті. — Көкем қайда деймін. Әй, сен кереңбісің?!

— Жетті, жетті, елеуреме. О, несі ей! Әкенді бір жерге тығып қойды деп отырмысың. — Қосиманов әйелінің жүзіне қарауға жасқанғандай, басын жерден алмады.

— Осында алып кепті дегені рас па? Сен үйге тлифон соғып неге айтпадың?

— Немене, сүйінші сұрайын ба?

— Әй, өзің басыңа қан шауып тұлданып отырсың ғой.

— Қайны атаң қылмыс жасаса, тұлданбақ түгіл өртеніп кетерсің.

— Қылмысы несі? Не қылған қылмыс?

— Жарайды. Мені енді сен тексерейін деген екенсің. Доғар, жетті.

Кәміш ботадай боздап отыра кетті. Әйел адамның көз жасы крандағы судай жақын тұратын әдеті ғой. Кәміштің көзінен тарам-тарам жас саулап бетін жуып, кірпігіндегі қара бояу жібіп иегіне қарай сорғалай жөнелді. Соңғы екі жылдан бері Қызыл жалау ауданындағы бастықтардың әйелі қас, кірпігін, ернін бояуды үйреніп алған. Алақанының сыртымен езуіне қарай аққан жасты сүртем дегенде, бет-аузы қызыл жоса болып шыға келді. Қара бояу мен қызыл бояу араласқан айғыз-айғыз бетке көзі түскенде Қосиманов шыдай алмай сақылдап тұрып күлді. Кәміш одан сайын өкіріп жылады.

— Неменеге жетісіп күлесің? Көкемді қазір үйге алып жүр. Сенің бастық болғаныңнан не пайда, бір әкенді арашалап алып қала алмасаң, — деп сөйлеп-сөйлеп жылайды.

Дүниеде әйел заты бір қасарыспасын. Қасарысып тұрып алса азуы алты қарыс еркегінің өзі ақпандағы арық текеше қалтырап, оның ығына қалай түскенін байқамай қалады. Кәміш бүкіл конторды басына көтеретін болған соң, Қосиманов не істерін білмей сасқалақтап, әйелінің алды-артына шығып:

— Қой енді, мынауың масқара екен. Мекеменің адамдарынан ұят болды-ау. Қой деймін... Жарайды, әкейді түрмеге жаптырмаймын. Кепілдікке алайын. Баршы енді үйге. Тамағыңды әзірлей бер. Қазір алып барам, — деп зорға у атып, кеңседен шығарды.

* * *

Қосимановтың үй іші бүгін қара жамылғандай бір-біріне тіл қатпады, кешкі астың шетіне түнере отырып, бір табақ етті шымшылап қана жеп, ерте жатып қалды.

Ішінде арыстан ойнағандай мазасызданып Қарасай дөңбекши береді. Бүгінгі өкініш ішін өртеп барады. Астық орылғаннан бері төрт машина бидай үктіріп, себкрайдағы құдасы Қапыш арқылы Омбының базарына өткізіп, ақшаны күреп алып еді. Мынадай қырсық килігеді деп үш ұйықтаса түсіне кіріп пе? Боранды күні Оспандарды қай құдай айдап шыға қалды екен? Не іздеп шықты? Қарасайдың сорына қарай шыққан ғой. Және де басқа адам болса бір сәрі. Осы өлкеде Күргерей мен Оспанның аузына іліксе, одан аман құтылар ма. Бөтен біреу болса, өйтіп-бүйтіп бас сауғалар

ма еді. Сол бар болғыр бидайды кейінірек алса да болатын еді ғой. Бірақ совхоз пысықсып даладағы сабан атаулыны трос салып трактормен тартқыза бастамады ма. Егер ана бидайдың үстінен шықса, текке итжемеде кететін еді. Шіркін, қып-қызыл есіл ақша. Қойшы, үйдегі сандық та жетер. Қанағат. Мына пәледен құтылса, ар жағы тағы да бірдеме болар. Бірақ бұдан құтылу үшін де біраз шығындалуға тура келеді-ау. Қап, кім көрінгеннің аузын майлап, көмейін тығындайтын болды-ау. Құтылу, ақша. Ақша, құтылу. Осы екі сөздің маңында басы қатып жатқанда, төргі бөлмеден күңкілдеген дыбыс келді. Әуелі сыбырлап сөйлесіп еді, келе-келе ағаш үйді басына көтеріп самбырлап кетті. Күйеу баласы мен қызы.

Қарасай аяғының ұшымен басып, жармалы есіктің босағасына таяп, тың тыңдады. Күйеу баласының бірінші сөзін құлағы шалғанда-ақ Қарасайдың іші мұздап қоя берді:

— Сенің әкең деп-ақ өлетін болдым. Былай да таяуда орнымнан түсемін. Енді ұрыны қолдаймын деп сотталып кетер жайым жоқ.

— Сонда сен көкемді айдатып жіберіп, үйде шалжиып жатпақпысың?

— Айдалмақ түгіл, одан әрмен кетсін!

— Е-е, солай де. Сенің екі иығыңа пагон тағып, қарағұсша қомданып құр күпсінгеніңнен не пайда, бір әкеңді сақтап қала алмасаң, — деп қызы намысына тие сөйледі.

— Немене, мен пагон тақсам, сенің әкеңнің қылмысын жасыру үшін тағыппын ба? Жетеді, осы күнге дейін қанатымның астына алып, бүркеп келгенім. — Қосиманов кереуетті сықыр еткізіп бір жамбасына аунап түсті.

— Несін бүркедің? Көкем не бүлдіріпті?

— Нені бүлдірмепті? — Қосиманов қайта аунады. Жана теріс қарап жатса керек. Енді қызына бетін бұрған сияқты. Даусы ащы шығып қыза сөйледі. — Сен не білесің? Қазан-ошақтың басынан басқа не көрдің? Сенімен отасқаннан бері. мені шатастырып, үнемі жарға итеріп келе жатқан сенің әкең емес пе? Не бетіммен жер басып күн көріп жүрмін?! Сонау колхоз құрылғаннан бері алысып келеді. Ана жылы нақақтан-нақақ жала жауып, талайды айдатып жіберді. Оған қараңғы, надан мен де сендім. Соғыс жылдары партияға амалдап өтіп алып, колхозшыларға қылмағанды қылды. Онда да мені арқаланды. Постоялда отырып алып та колхозды сүліктей сорып келді. Оған да менің беделімді салды. Үнемі сыртымнан сатады да жүреді. Жылда он бес-жиырма қара семіртіп тоғытады. Жем тегін. Колхоздікі.

— Еһ, жылқы семіртсе, сен үшін семіртеді. Ана бала-шағаң жылда қай соғымыңның етін жейді? Несіне мысық бола қалдың?

— Мен алсам, ақшама алам. Қай уақытта ақша алмай, тегін беріп еді. Енді сен мені араластырайын дедің бе?

— Менсіз-ақ араласып жүрсің ғой.

— Жетті, доғар. — Қосиманов біраз үнсіз жатты да, қайта сөйледі. — Рас айтасың, Кәміш. Мен шынында әбден былығып болдым. Шіркін-ай, әу баста-ақ әкеңнің бетін тойтарып тастауым керек еді. Бірақ не керек, бәрі кеш. Қалайша қара басып соның дегенімен жүргенімді білмеймін.

— Ештеме жоқ, бүлініп-жарылатын. Соншама таусылатындай не боп қалды?

— Не боп қалды... Әй сен өзің әлі беріде жүрсің ғой. Ертең көрерсің не болғанын. Совхоз астығын — халықтың маңдай терін ұрлаған ұры шалқасынан түсіп шалжиып жататын шығар... Жетті енді, ұйықта.

Тым-тырыс. Қарасай босағаға жабысып тұр. Не болса да енді ұйықтағандарын күтті. Тастай қараңғы бөлме ішінде қызыл-жасыл көбелектер ұшып жүргендей, көзінің алды бұлдырап, басы айналып барады. Қарасай тізесін бүгіп, жүресінен отырды да, көзін тарс жұмды. Өлден уақытта төргі бөлме тағы күңгір ете қалды. Қызының даусы. «Уһ!» — деп кеудесі қарсы айырылардай күрсініп, сұрағандағысы бір-ақ қауіп:

— Сонда көкемді шынымен соттай ма?

Қарасай елең етіп басын көтеріп алды.

— Соттамағанда курортқа жіберер деймісің. Бүкіл елдің бар түпкірінен, бар ұлттан кәрі де, жас та келіп еңбек етіп, халық игілігі үшін жұмыс істеп тырбанып жатқанда, өзінің қарақан қара басын ойлап, солардың маңдай терін ұрлап, ақшаға айырбастаған адамға қандай аяушылық болмақ. Не

жетпеді?! Пиғылының жамандығынан ана Халелді, Ақбөпені, Диканы да қуып жіберді. Олардың дәнемесі кеткен жоқ. Өз қолы өз аузына жетіп адам болды. Солардың табысы-ақ шаш етектен еді ғой. Сенің әкең ылғи арамдықпен ғана баюды ойлайшы. Жалғыз астық қана емес, ертең қорасын тінткенде көрерсің: «Ана бір әйел екеуі үй саламыз деп құрылыс материалдарын жинап жүр», — деген сигнал бар. Оны қайдан алады, ұрламағанда?! — Қарасайдың басы зеңгіп кетті. Көз алдындағы қызыл-жасыл домалақтар құжынап, жыбырлап, тамағы құрғақсып, тынысы тарыла берді. — Егер соның бәрі шықса, кемінде он не жиырма жыл арқалап кете барады.

— Енді сен де әкеден безген соң, басқа кім аясын?! О, сорлы көкем! Сор маңдай болдың ғой, — деп Кәміш солқылдап жылады.

— Менен енді еш қайырым жоқ. Бар жақсылығым сол — қашан ісі тексеріліп сотталғанша, үйде кепілдікте ұстай тұрам. Ол үшін араға түсіп шыжылдайтын жайым жоқ. Қайта, партия алдында бұрынғының бәрін айтып, кешірім сұраймын. Ақталамын. Кешсе — одан басқа тілегім де, арманым да жоқ.

Қосиманов ауыр дөңбекшіп, екінші қырына ауысып жатты. Қайтып үндеген жоқ. Жылап-жылап, Кәміштің де үні өшті.

Қарасай тапжылмай ұзақ отырды. Түн ортасы болды-ау дегенде барып күйеу баласы мен қызы талып ұйықтап кетті. Қосиманов қатты қор ете қалып басылды да, біраздан соң, от алған машинадай, қайтадан қорылдап, тәтті ұйқыға кірді. Осы бір сәтті күткен Қарасай да лып етіп орнынан көтерілді. Лезде буынып-түйініп алды да, есікті еппен ашып, тысқа шықты.

Дала борасын. Ызғырық жел секілді қиыршық өткір қарды ұйтқытып, борап тұр. Бетке инеше қадалады. Көшеде баяу ысылдап, суылдаған бораннан бөтен бейсауат үрген иттің даусы да естілмейді. Қызыл жалау қалың ұйқыда. Қосиманов үйінің батысындағы түрме ауласының биік қақпасы ғана желге қозғалып, миды шағардай сақыр-сақыр етеді. Қарасайдың денесі түршігіп, қалтырап кетті. Енді көп. ойлануға уақыт жоқ. Қара түнді жамылып, боран астында ұрланып, жөнеле берді. Қашып кетті.

* * *

Таң сібірлеп атып келеді. Дала бозамық тартып, ақтаңдақтана бастады. Аспан жалтыр, ашық болатын түрі бар. Ұйтқи борап, ышқына соққан кешегі үскірік боран толастаған. Жол сорабына түскен күртік қар қатайып, шыңылтырланып қалыпты. Таңдайланған жал-жал оқаптың ара-арасымен ирелеңдеп, жаяу сырғыма жүріп жатыр. Қызыл жалаудан шыққан жалғыз із шұбатылып ұзап барады. Машина ізі. Кабина ішіндегі екеу — совхоз шаруасымен келіп қайтқан жолаушылар. Сыртта, қаз-қатар қойған қағаз қобдишалардың арасында бұғып отырған жалғыз: қашқын — Қарасай.

Жан-жағынан гуілдей соққан ызғырық жел өне бойын қалтыратып, қобдишалардың ығына бұқтыра түседі. Бәрінен де іштің қалтырағаны жаман екен. Шыңылтыр қарды аспанға атып зымыраған машина жүрісі Қарасайға өгіз аяңындай көрініп, әлсін-әлсін арт жаққа жалтақтап қарай береді. Сонау артта қалған белеңнен, көлденең жатқан қырқадан белдігінде қызыл жолағы бар жеңіл машина қылт етіп шыға келетіндей зәре жоқ. Күйеу баланың түндегі сөзінің төркіні жаман. Қаматпай тынар емес. Қазір жолда жетіп ұстаса, мүрдем кететінінде дау жоқ.

«Апырмай, — деді Қарасай іштей күйзеліп, — шынымен өлімге қиғаны ма?! Мүмкін «айырылып қалдым, іздендер» деп ертеңдер ғана жоқтау салар. Оған дейін мен де құтылып кетер ем. Күйеу баланың беделіне қарап, ешкім мені іздемес те. Ана жылы да әупірімдеп қалып ем».

Қарасайдың есіне өткен бір жылдардағы оқиға түсті.

Күргерей қарт, Жантас сұрап қолқалаған соң, ол оқиғаны да жыр ғып айтып берген.

Күргерей қарттың соңғы жыры

— Ал, балам, бірін айтқан соң, бәрін айт дедің ғой. Ойнасақ та біраз жерге шаптық дегендей, мен езі, өткен өмір зауалын біраз әңгімелеп бердім-ау деймін. Біздің елде баяғыда бір ұрыншақ, төбелесқой жігіт: «Бастан қан шыққан соң, не тұрыс бар, іздегенім бата оқыр», — деп қайда жанжал, қайда төбелеске қойып кетуші еді. Ел арасында сол сөз бертін мәтел боп кетті. Сол айтпақшы, бір бастаған соң енді түгел айтайын, сен Қарабет жайын сұрадың ғой. Мен соңғы жылдарда болған бір уақиғаны жыр ғып берейін.

(Күргерей қарт қайқы бел трубкасына мүкті басып-басып салды, баппен тұтатып, аузын толтыра сорады. Сосын барып қайтадан әңгімесіне кірісті.)

Райхан ұсталып кеткеннен кейін менің халім мүшкілге айналды. Ауданнан адамдар келіп, талай рет тексеріс жүргізіп, әлек-шәлегімді шығарды. Бірақ мен ол уақытта ештеме деп қарсы сөзге келе алмадым. Не дейін? Шынын айтқанда, өзім де ол кезде толқып, көңілімде екі түрлі дүдәмал ой алысып, басым даңғаз болды. Бірі: «Апырай, өмір бойы кедейлікпен өткен, жатақтан шыққан Сұлтанның жалғыз шынымен осындай жаман атқа ілінгені ме?! Шынымен өзі өскен алтын ұясын тепкені ме» деген түйткіл болса, екіншісі: «Қой, Райханым ондай емес, олай болуы мүмкін емес» деген көңіл сергітер ой еді. Бірақ екеуіне де табан тіреп, нық басып тұра алмайтынмын. Ол кездегі жағдайдың өзі солай еді-ау.

Әбден көзге шыққан сүйелдей қыр соңымнан қалмай, артымнан жазықты сиырдай қуалай берген соң, бір күні Омбы жаққа көшіп кетпекші болдым. Менің жағдайымды естіп осы күнгі шопр Оспан бір күні түнде үйге келіпті. Қасында екі-үш ақсақал бар. Оспан баяғы өзіміздің Балта аулының жігіті. Өттең оқымай қалды демесе өткірлігіне ақылы сай, жасынан-ақ пысық, өткерілген жігіттің бірі ғой.

— Күргерей аға, — деді ол, ақсақалдарға қарап, сендердің де атыңнан сөйлеп отырмын дегендей ишарат білдіріп. — Сізге әдейі келіп отырмыз. Жағдайыңызды көріп те, естіп те жүрміз. Оңай емес. Кішкентайынан бауырыңызға салып, қамқорыңызға алған Райхан жайы сізге ғана емес, бәрімізге де батады. Оның қалай алжасқанын кім білсін, әйтеуір жүз ойланып, мың толғанып өз басым түсіне алмай-ақ қойдым. Бірақ, ол үшін кінәласа жалғыз сізді ғана емес, бәрімізді де кінәласын. Кейбір адамдардың сіздің қыр соңыңыздан қалмай, «отырса опак, тұрса сопақ» дегендей мазаңызды алып жүргенін де білеміз. Бірақ битке өкпелеп, тоныңызды отқа салмаңыз. Кеше талай ауыр жылдарда Сұлтан екеуіңіз бүкіл ауылды арқамен көтеріп, кеудемен тартып, ел қатарына қостыңыздар. Ал бүгінде сіз сол елден кетсеңіз, ана Сұлтанның аруағы риза емес, біз де риза емеспіз. Елдігіміз қайда? Басқа ауыртпалық түскенде, енді керегің жоқ деп арқаға бір салып қоя берсек, елдік қасиеттен не пайда? Райхан үшін жазалауы мүмкін емес, егер олай бола қалған күнде, қайда барып паналамақсыз? Қашқан адамға жер ұлтарақтай. Одан да, не көрсеңіз де еліңіздің ортасында отырып көріңіз.

Ақылды сөзге арсыз да тоқтайды. Мен райымнан қайттым. Бірге өсіп біте қайнасқан елден ажырауға өзім де іштей қиналып, көңілім ортайып жүруші ем, әлгі сөзден кейін қайта ширықтым. Не көрсем де артымда елім бар екен ғой, азға өкпелеп, көпке топырақ шашпайын деп, елде қала бердім.

Келе-келе қаңқу сөз де ұмыт бола бастады. Менімен жақындасып сөйлесуге қорқып, үркіп жүретін кейбір су жүректерге дейін бұрынғыша араласып, ауыл-үй қонып кетті. Бірақ көресіні Қарабеттен көрдім.

Кешегі соғыс жылдары елден ер-азамат кетіп, колхоз шаруашылығы кеміп, төрт құбыламыз түгел сөгіліп ойсырап қалған кез. Аяқ астынан «Жаңа талапқа» Қарабет басқарма бола кетті. Бұрынғы қияпатын бес саусақтай білетін ел іші дүрлігіп, наразылық білдіріп, оны жолатқысы келмеп еді, ол қарқыны ұзаққа бармады. Колхоз ішінен суырылып шығар жігіт жоқ, бәрі армияда, ақыры жұрттың амалы құрыды. Көптің ұйғарғаны да, қалауы да мен едім. Бірақ ол тілектері де қабыл болмады. Оған басты себеп, менің қара тани білмейтін сауатсыздығым болса, қала берді Райхан жайы алдымнан кесе-көлденең шығып, бетіме шіркеу бола берді.

Қарабет басқармалық таққа отырысымен ара-тұра жұмыс бабын сылтауратып қиғылықты салып, басыма әңгір таяқ орната бастады. Бетпе-бет жеке кездесе қалған жерде: «Баяғыны ұмыттың ба, Райханның әкесі? Көзіңе шыбын үймелетермін әлі», — деп, Қосимановты аузына алып, қоқан-лоқы жасайды. Біреуге барып шағым жасауға намыстанам. Кейбір колхоз жиналыстарында көп атынан артель шаруашылығын нашар басқарып жүргенін, қымыз ішіп, пар атпен ел ақтаудан басқа бітіріп жүргені шамалы екенін айтқаннан әрі аса алмаймын. Райханның тұсында тауым шағылып қалған, ұрының арты қуыс дегендей өз-өзімнен қуыстанып, тісімді қайрағаннан басқа амалым жоқ. Өстіп мысым құрып жүргенде, еңбек армиясына алындым...

Ақыры соғыс бітіп елге оралдық. «Жаңа талаптан» кеткен жігіттердің жартысынан көбі келмеді. Кейбір тірі қалғандары көп уақытқа дейін әскер қатарынан босамады. Балалары қайтпай, соғыс ауыртпалығынан күйзелген елдің шаруашылығы да төмендеп, жүдеушілік кіріпті. Таңның атуы, күннің батуы соқа соңында, мал соңында салпақтап жүрген қатын-қалаш, бала-шаға тамақтан да, киімнен де тарығып титықтап қалған. Тіпті, айта берсең, қант, шай, сабын, сіріңке деген күнделікті тұрмысқа қажет дүниелердің өзі тапшы. Бәріне ділгір, бәрі қат.

Жігіттердің ішінен он екі мүшесі сау оралған шопр Оспан. Ол келісімен, колхоз қорасында тот басып іске алғысыз болып жатқан полуторкасын далаға сүйреп, үш айдай жатпай-тұрмай жөндеп, Қарабетпен алысып жүріп, керекті саймандарын сатып алып, жөндеп шығарды. Бірақ қыс болса, қақалып-шашалып, қарға малтығып, жүре алмайды.

Біздің колхоз түгіл, аудан орталығының өзі темір жолдан үш жүз шақырымдай алыс. Ол-пұл шыға бастаған дүниелер айлап-жылдап әрең жетеді. Оспан екеуіміз қасымызға екі-үш адам алып, қыс бойы түйемен сельпоның жүгін тартатын болдық.

Сондай қыс күнінің бірі еді. Біз арада сегіз қонып, түтеген ақ боранда колхозға зорға жеттік. Төрт шанаға бөліп салған дүниеміз бар. Бетімізді үсік шалған, дала-дала. Күртік қарлы жолда ауыр аяңдаймыз. Әбден қажып, сенделіп құр сұлдеріміз жетіп, ауыл қотанына күн бата ене бергенімізде, күнде жол қарап аңдып жүрген әйел, кемпір атаулы жан-жақтан анталап, сельпоның қорасына дейін шұбырып келді.

— Шай әкелдіңдер ме, шай?!

— Қант бар ма?

— Сабын бар ма, сабын?

— Сабынды айтады ғой. Әуелі шай бар ма, соны айтсайшы!

— Ой, көсегелерің көгергір, құр ақ су ішіп, шайдан кеуіп, өлейік деп отыр ек, — десіп, біз жолдан келген сайын айтатын мұқтаждарын қайталап, даурыға сөйледі. Қарғаның балапандары секілді.

Қашан сельпо қоймасына өткізгенше жүктің үстіне түсіп, үймелеп кетпеді. Үскірігінді тыңдар емес. Қайсыбір айпара кемпірлер дүкенші баланың жағасынан алып:

— Әй, қағынғыр, ертеңге дейін біздің суымызды сарғайтпай, бүгін-ақ сатсаңшы.

— Ана сарайыңдағы қаптесерлер таң атқанша дымын қалдырмайды, — деп асығып тұр. Дүкенші:

— Апайлар-ау, қойсандаршы. Осы екі кештің арасында апақ-сапақта қалай сат дейсіздер. Ертеңге дейін шыдаңыздар. Қазір принимайттап алайын. Сосын ертең сағат тоғызда ашамын. Тәртіп керек емес пе, — десе:

— Үйбай-ай, бұ неменің тәртіпшілдігіне не бересің. Ай, атаң қазақ қай уақытта сағатпен жүріп, күн көріп еді?

— Әй, өзің тәштиіп-ап, кісімсінуді қайдан шығарғансың осы, кешегі жаман Боташтың баласы емес пе едің, — деп кемпірлердің одан сайын зығыры қайнай түседі. Дүкенші баланың да даусы ащы шықты.

— Әкемде жұмыстарыңыз болмасын. Тиіспеңіз. Қане албардан шығыңыздар. Мұнда кіруге запрешаетца. О несі-ай...

— Айналайын-ау, енді біздің ақшамызды аяйын деп пе едің? Алсақ ақшамызға аламыз, — деп олар да тыртысып болар емес.

Дүниесін фактурамен дұрыстап алғанша көзі алақтап жүрген баланың екі аяғын бір етікке тығып, тақымдап қоймаған соң, Оспан кірісті.

— Оу, жамағат. Бұларың не, дым көрмегендей. Шыдасандаршы ертеңге дейін. Аласыңдар ғой. Бәрі сендерге келген дүние. Ешкім жеп кетпейді. Тараңыздар.

Әйелдер бәсеңсіп қалды. Сонда да, кеткісі келмеген біреуі:

— Енді көргеніміз үшін де көзақы ала ма, — деп соңғы шанадағы жүктің сыртынан шымшылап көріп еді, бәрі сонда үймелеп буулы теңнің бір бұрышын жыртып жіберді. Қолын сұғып, ораулы матаны жұлқылап шығарған біреуі:

— Кездеме, кездеме, — деп ішін тартып еді, сол-ақ екен, енді оларды тоқтатуға болмай қалды.

— Мына қара, сиса әкепті, сиса.

— Мына бірі ләстік.

— Кимешегім тозып жүр еді, мына бір ақ дәйт екен.

— Әй, тұра тұр, жыртасың.

— Қарағым-ау, мына бірі терідей қалың екен, бомази ме, сөкне ме, — деп, қолдары жеткен матаның сүйегін ұстап тамсанса, арасынан ете алмай сыртта қалғандары мойнын созып:

— Әй, былай тұрыңдар. Болды ғой. Енді біз де көрейік.

— Ши барқыт бар ма?

— Барқыт бар ма екен?

— Өй, өзің бір барқытта басың қалғыр кемпір екенсің. Екі бірдей камзолың бар ғой. Бір басыңа жетпей ме?!

— Кет әрмен, сандалмай. Қайдағы екі камзолды айтады. Атам заманда тозған камзолды айтамысың, — деп шақшұқ етіп, ақыры теңкиген теңнің бір жағын түгел бөксеріп тастап көңілдері тынды.

О жалған, кешегі соғыс зардабы да адам баласын бар жағынан зақымдап кетті ғой! Адам баласы итжанды деген ып-ырас. Алай-түлей боранда үш жүз елу шақырым жер жүргенде көлік соңынан қалың қарда малтығып, шанаға бір рет те аяқ артпаймыз. Таң атқанға дейін түйемен бірге салп-салп аяндайсың. Ұзақ жолға көндігіп, шаршағаныңды да білмейді екенсің. Тек арамызда екі шал ғана осы жолы алдырып қалды. Соңғы күні көздерінен жас парлап, сақалынан су ағып, жиі құлап жүре алмаған соң, тұлыпқа орап отырғызып қойдық. Әйтеуір, үнемі қалмай шығып жүретін Оспан екеуміз. Бірақ қанша сыр бермегенмен ауыл қотанына кіріп, жылы үйге жеткенде төсекке ұшып жығыласың.

Жастыққа басым тиісімен өлген адамдай қатып қалыппын. Біреу жұлқып-жұлқып қалды. Аунай түсіп, тағы жансыз ұйқыға кеттім. Тағы жұлқылады. — Тұр, тұр. Күргерей, тұр, — деп безектеген Лизаның даусы алыстан талып шыққандай еміс-еміс естіледі. Түсім ғой деп, ұйқымды аша алмаймын. Өлгі дауыс тағы безектейді. Тарамыс қол сілкілеп-сілкілеп қалды. Жоқ, түсім емес, өңім екен. Ояна келсем, Лиза тұр басымда.

— Оу, не боп қалды? Қай уақыт?

— Тұр, күн тал түс. Сұмдық болып жатыр, сұмдық.

Ұйқым шайдай ашылды.

— Сұмдығы несі? О не сұмдық, — деп, соғыстан зәрәзәп боп қалған басым, орнымнан ұшып тұрдым. Тұтқиылдан тағы бірдеңе болып қалды ма деп зәрем жоқ. Сүйтсем, қатындардың даңғазасы екен.

— Елдегі әйел біткен дүкенде. Кешегі сендер әкелген шайдан бір қайнатым да қалмапты. Кездемеден де түк жоқ. Бәрін тік көтере әкетіпті. Қатындар шулап тұр. Жаңа еркектер де келді. Тұр, бол, — деп Лиза кемпірімнің аузы-аузына жұқпайды.

— Ее-е, сол ма еді, — деп тағы қисая беріп ем, кемпірім шын ашуға басты.

— Тұр деймін енді. Жұрт сені де іздеп жатыр. Оспан да сонда. Қанша жер әлектеніп әкелген дүниелеріңнен түк те жоқ. Сен үйде шалқаңнан жатқанда, бәрін тып-типыл етіпті.

— Жарайды. Сендік бірдеме қалған шығар. Жетпесе, жұрттан қарызға аларсың. Соншама не боп қалды аптығатын?

Мен шын кейідім. «Осыншама іш тарлықтың не керегі бар? Кешегі соғыс жылында да өлгеміз жоқ. Енді дүниенің шеті көріне бастады. Бөліп-жарып ала бермей ме». Жоқ, кемпірімнің сөз сыңайы бөлек.

— Күргерей-ау, қарызға аларсың дейсің. Тіпті ешкім ештеме ала алмай қалды десе, түсінемісің?! Дүкенде тұлдыр жоқ.

— Ой, өзің не айтып тұрсың, есің дұрыс па?! Сонау таршылық уақытта ел ішінде біреудің біреу ала жібін аттап өтпейтін. Енді не боп қалды? Дүкен ұрланған ғой. «Масқара-ай, мұндайды да көреді екеміз-ау», — деп алас-күлес киініп, жуынуға мұршам келмей дүкенге жеттім. Шынында да, ауыл адамдары дүкен маңында иін тіреседі. Дүкеннің терезесінде темір құрсау болмайтын. Тіпті күзетші де жоқ. Қазақ аулы зәуде ондайды көрген бе?! Мен анадайдан үлкен терезеге қарап келем. Аңғал-саңғал. Сынған шығар деп ішім удай ашиды. Жоқ, терезе бүтін. Со қалпы.

Енді не боп қалды? Бақсам, жағдай мынадай екен. Былай да кеш жататын ауыл іші түні бойы ұйықтамай әйелдер жағы таңның атуын асыға күтеді. Қуығы ұстамай түнде далаға дамыл-дамыл кіріп-шығып жүретін бір кәрі кемпір түн ортасы ауған кезде дүкен жақтан жылтыраған шам көріпті. Алдында шайтанның оты ма деп, жасаурай беретін көзін сүртіп, қайта қарайды да, іштей аят оқып үйге енеді. Бірақ жарық сөнбепті. Қайта бір шыққанда тағы көреді. Содан үйдегі адамдарға айтыпты. Олар да жүгіріп далаға шығады. Көршілерін оятып, дүкенге қарай келсе, склад жақтан күбірлеген адам даусы естіледі. Ұры дейін десе, артынша-ақ албардан шаналы ат шығып, тура

басқарма Қарабеттің үйінің алдына барып тоқтайды. Шілтерлі қол шамы бар пркәшік баланың өзі де іштен шығып, қара құлыпты бекітеді де, үйіне беттейді. Түндегі оқиға осы.

Ертеңінде дүкен тас-түйін ашылмапты. Пркәшік Тотайға келсе:

— Ашпаймын. Түнде ауданнан хабар келді. Ашылмасын, құлыпқа блombs салынсын депті. Менің енді правом жоқ, — деп маңайлатпапты.

Көпшілік қойсын ба, ақыры «складыңды ашпасаң ашпа, дүкеніңді ашамысың, сіріңке, ол-пұл аламыз», — деп қоярда-қоймай алып келіпті.

Дүкен іші бұрынғыдан қоңылтақсып қалған. Сөреде жататын ұсақ-түйек бұйымдар жоқ. Кейінгі кезде үш-төрт қалайыдан жасалған шелек, леген, көпкір, ожау секілді керек-жарақтарды әкелгенбіз. Колхозшылар алдында талапайлап алып еді, соңынан бос қалды. Солар босағада үюлі тұратын. Енді қарасақ бірі жоқ. Жылан жалағандай.

Тотайдың көзі алақ-жұлақ етіп, шуылдаған әйелдерді дүкеннен шығара алмай:

— Ал, енді көрдіңдер ғой. Шайды түсіргеміз жоқ. Складты ашуға болмайды. Шығыңыздар, дүкенді жабамын, — деп есіктің аузында тұр.

Оспан да сонда екен. Жұртты дүкеннен шығарып, «Ай, осының түбінде бір кәкір бар-ау», — деп Тотайды жеке ортаға алып қыстық.

— Жұртта не жазық бар? Қаншама жерден арып-талып әкелген дүниені неге сатпайсың? Қазір складыңды ашып, шай, кездемені түсір. Әкеңнің малы емес. Үкіметтің дүниесі. Жұрт алса, ақшасына алады. Тәлкекті қойып, аш.

Ауданнан хабар келді деп сылтауратпа, әшейінде бір ашсаң, бес күн жабық тұрады дүкенің. Сені қуу керек олай болса, — деп жан алқымға алып ек, баланың көзі жасаурап, шынын айтты.

— Ағатайлар-ау, менде не жазық бар? Түнде сельпоның бастығы мен Қарекеңнің өзі келіп, жаптырды. Ешкімге айтпа деп еді. Енді мені өлтіреді ғой.

— Немене, сені өлтіретін қасқыр деймісің олар. Одан да бұлтақтатпай дұрыстап айт. Қане, не деді олар, — деп шопр Оспан мен кеңірдек Оспан Тотайды қыса түсті.

— Ал енді, мен айтайын. Бірақ сіздер тістеріңізден шығара көрмеңіздер. Осы жерде қалсын.

— Ал жарайды, шығармайық. Осы арада қалсын.

— Түнде Тасқайыр ағай мен басқарма ұйықтап жатқан жерімнен оятып алып, складқа әкелді. Қарекеңнің ақшасы мұндай көп болар ма, кішкентай қол сандығы аузы-мұрнынан шығады. Тасқайыр ағайда онша көп емес екен. Екі түйенің жүгін екеуі тік көтере сатып алды. Ақшаларын дүкендегі жәшікке салдырды. Складта бір-ақ түйенің жүгі қалды. Оны жұртқа бөліп сатарсың деп тимеді. Ондағының көбі шай, кездеме жоқ. Қарекең қалған ақшасына бүкіл шелек, легендерді түгел сатып алды. Сосын Тасқайыр ағай, енді есікке блombs сал, ауданнан бүгін келдім, қашан хабар болғанша дүкен ашылмасын деді петребсоюз. «Ал енді мұны ешкімге тісіңнен шығарма, басың кетеді», — деп өзі көрші колхозға жүріп кетті.

Біз аң-таңбыз.

— Мұнысы несі?! Бұлар жынданған шығар, — деп дал болдық.

— Жоқ, олар жынданған жоқ. Қарабет Жәлел деген баласына әперуге Омбы жақта бір саудагердің қызына құда түсіп жүр деген. Дәу де болса мына дүниелерді сонда тоғытып, қымбат бағамен сатқызады әлі, көр де тұр, айтқаның келді дерсіңдер, — деп кеңірдек Оспан, сала құлаш мойнын созып, көзін сығырайта қарады.

— Мына сөзіңнің жаны бар екен. Расында да осы Қарабет кейінгі кезде себкрайға көп барғыштап жүр. Жасырын жүріп сауда да жасайды деуші еді.

— Қой, онда шай мен матаны алса да, ана темірлерді даңғыратып қайтеді, ірбіт жаба ма? — дейді шопр Оспан.

— Әй, расында да онысы қалай? Өзі қанша леген, қанша шелек алды, — деп Тотайға қарадық.

— Қаншасы не керек? Әйтеуір, Қарабет ең соңғы тиынына дейін салып, босағадағы үюлі тұрған шелектерді түгел алды ғой.

— Соңғы ақшасына деймісің? Ай, айтса да, ақшалы екен-ау өзі. Шанаға теңкитте артқан матаға жетіп жүрген бұл бай болды.

— Байлығы тұрыпты ғой. Ана темірлерді қайтеді деймін.

Біз осылайша басымыз қатып, жұмбақтың түйінін шеше алмадық.

— Енді не де болса артын күтейік. Әйтеуір осының түбі шикі, бір көкір бар, — десіп Тотайды арқаға қағып, үйді-үйімізге тарадық.

Араға күн салмай-ақ жұмбақ шешілді.

Ел ішінде гу-гу әңгіме. Өсек жата ма?! Газет, радио болмаса да, аудандағы хабар өкіл келмей-ақ сарт ете қалды. «Ақша өзгеріпті, ақша. Жаңа ақша шығыпты», — десіп бала-шағаға дейін шуласып кетті. Артынша өкіл де жетті. Бәрі рас: өзгеріпті.

Склад бір жұмадай жабық тұрды. Ауыл адамдары басқарма үйінің есігін босатпайды. Дүниенің бәрі осы үйде, «біз қаңсып отырғанда, сендерге қою шай қалай батады», — деп Қарабеттің әйелі Жәміштің құлағының етін жейді. О байғұс қайтсін. Көрші-колаңына әшмүшкелеп шай ұстатып шығаратын көрінеді. Қарабет шу басылғанша жым-жылас қашып кетіпті.

Бірақ, қашанғы қашып жүрсін. «Ұрының құйрығы бірақ тұтам» демекші, көп ұзамай қайтып келді.

Артынша зерт жүрді. Соры қайнап сельпоның бастығы Тасқайыр төрт жылды арқалап кете барды. Тотай бала да алты ай қара жұмыс алып, тотып қалды. Қарабеттің мұрты да қисайған жоқ. Сот алдында тұрып: «Мен қайдан білейін, Тасқайыр алып қал деген соң, талай жылдан бері жинап жүрген маңдай теріммен тапқан ақ адал ақшамды түгел салдым. Онда да көбін өзі алды», — деп, сельпо бастығының мойнына «мөлдіретіп» салып, міз бақпайды. Тегі күйеу баласының күшімен де қалған болуы керек.

Бірақ ол «Жаңа талапта» қала алмады. Бұрыннан-ақ зығырданы қайнап жүрген колхозшылар көп ұзамай орнынан түсірді. Қарабет жай өлген бе?! Бір түннің ішінде ауылдан көшіп, «Малжан ағашының» бауырына барып, бекетші болды. «Постоялый двор» колхоздікі. Қарабет болса колхозда мүше. Жолаушылардың көлігіне колхоз шоп шауып, үйіп береді. Малың малдап, жаның жандап, саудасың жасап, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ жата берді.

* * *

Иә, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ жата беріп еді. Тап мынадай аласапыран болар деген ой үш ұйықтаса түсіне енген бе? Адамның екі көзі — бірде дос, бірде жау. Кең дүниені шырағандай жарық етіп, алысты да, жақынды да көрсететін екі көз. Жиған-терген мүлкінді алдыңа әкеп, енді соған тойымсыз ететін де сол екі көз. Көзсіз соқыр да тойымсыз бола ма екен? Әй, олардың да тойымсызы болар-ау. Сонда тойымсыз — көз емес, нәпсі болар. Иә, нәпсі. Нәпсіді қанағат жоқ. Қанағатсыз нәпсі — іштегі жегі құрт. Ішті үңгі-үңгі үлкейіп, ақыры сол жегі құрт бүгін сыртқа тесіп шығып, енді қара басын жалмайын деп тур. О, фәни жалған дүние бірде бетін...

Қарасайдың ойын қарлыға шыққан адам даусы бөліп жіберді. Терең апаннан шыққандай өлусіреп естіледі. Бұл кезде таң сүттей ағарып, қалың қарға бөккен мидай дала алақанға салғандай тегіс көрінетін. Дауыс алыстан емес, жақыннан шыққан екен. Жолдың оң жағында мықырайған мегежін қырқа бар еді. Машина өте бергенде, қырқаны асып түскен тар жолдың бойымен еңгезердей адам көтерілді. Арқасында тағы бір адам. Бетегеден биік жалғыз құрай көрінсе зәре-құты қалмай, кіреге жер таба алмай отырған Қарасайдың көзі шарасынан шықты. Тап қазір жағасынан шап беріп ұстап алардай мықшиып, қобдидың бауырына кіріп барады.

Бірақ қырқаға өлусіреп шыққан адамда әл жоқ. Қарлыға айқайлап, қолын бір-екі ербеңдетті де, арқасындағы адамын жерге түсіре салып, жан дәрменде жолды қиғаштай кесіп жүгірді. Қайбір жүгіріс? Екі-үш аттап омбы қарға етпетінен түсіп, қала берді.

Кабинадағылар жапандағы пақырлардың даусын да естімеді, өздерін де көрмейді. Машина қатқақ қарды сықырлатып зулап келеді. Көз көрім жерге ұзағанда барып, алыста бұлдырап қалған екі нокаттан көзін алмай, Қарасай «уһ» деді. Ол әлгі адамның Дерягин екенін жазбай таныған еді. Тек арқасындағы адамның Халел екенін танымады.

Бірақ, таныса да Қарасайдың шоферге белгі берер түрі жоқ. Халел түгіл, әкесі тіріліп келіп: «өліп барам» десе, қайырылып барып су тамызбасы хақ. Бар арманы — жалғыз үйге тез жету. Ендігі қалған өміріндегі қызық та, қара аспандай басқан зілдей ауыр тағдырдан айығар ем де сол қол сандықтың ішінде. Оған дейін аман жетсе, ар жағы оңай. Табан астында зым-зия жоқ болу. Қол

сандық — Қарасайды ұшыратын да, астына алып жасыратын да сиқырлы қанат. «Одан басқа туыс та, жақын-жұрағат та, жанашыр жолдас та жоқ.

Ә, Ағайша ше? Таста оны, жан мұрнының ұшына келгенде ондай аяққа оралғы масылдың бұты бес тиын... Бірақ оның да жинаған қыруар дүниесі бар емес пе? Амалын тауып оны да қымқыра кетсе!..»

Қарасай көп үйге бұрылар жолдың мүйісінде түсіп қалды. «Малжан ағашының» бауырын жиектеп үйіне төтелей тартты. Толассыз соққан кешегі боран омбы қарды үйіріп әкеп шоқ ағаштың алқымына тығып тастапты. Кей жерінің беті тобарсып, кей тұсы әлі қата қоймаған қалың қар ақсақ ойылып келеді. Артынан аңшы қуған арланша жалтақтап жүрегі алып ұшқан Қарасайдың қазіргі ойы да ақсақ ойылып келеді. Бір ой: «Бұл уақытта Ағайша шырты ұйқыда жатыр. Есік қағып оятқанша, албар жақтағы саңылаудан жылт ете қал да, қораның бұрышындағы көмулі сандықты алып, зым-зия зытып отыр. Сенің мұнда келгеніңді де, қайда кеткеніңді де ешкім сезбей, қуғыншы болса ізіңнен адасады. Оның үстіне, оятамын деп жүргенде, сыра-пыра іздеген әлдебіреу отырса, өзіңді-өзің ұстап бергенің ғой», — десе, екінші ой: «Қой, Ағайша аз күн болса да дәмдес болды. Балтыры бесіктей ұл не ақ маралдай қыз бүйірін түртіп іште жатқанда оған білдірмей кеткен қалай болар екен. Және ол Жәміш емес, көрбала боп өскен. Ертең кім біледі, себкрайға сыймаса, қырым мен қытайға кетуге тура келер. Сонда Ағайшадай әйелдер масыл емес, асыл, серік қана емес, жолшың, басшың болады. «Жалғыздың аты шықпас, жаяудың шаңы шықпас» — мұндайда ақыл қосар қасыңда біреу болғанға не жетсін». Қарасай осы екінші ойға тіреліп тоқтағандай болып еді, үйге жете бере қайта айныды. «Осы мен не деп келем? Әбден есімнен алжасқан шығармын. Қайдағы бір жолдан қосылған жолдаяқтың ішіндегі баланы ойлағаным не? Ол өсіп көсегемді көгерте ме? Ол түгіл сырықтай азамат Халелдің өзі не істеп кетті? «Байтал шауып бәйге алмас». Ғұмыр бойы біреу арқасына салып асырағандай осы қатынға қарағаным не? Оған салған күнді итке тастаса болмай ма? Одан да амалын тауып оның дүниесін де қолға түсірейін. Ақша артықтық етпейді» деген жолдағы пиғылына қайта ауды.

Бірақ үйіне таяна бергенде бастағы ой іріген бөздей жыртылып, быт-шыты шықты. Биік қақпа аңқиып ашық жатыр. Есік алдында бейсауат із жоқ. «А, Ағайша оянып қалған екен. Енді не де болса сыр білдірмеу керек», — деп есіктің табалдырығын асып үйілген қалың қарды аттай бергенде, қабырғасын боран сылап тастаған меңіреу тапал үй дүр сілкінгендей болды. Аяқ сықырын естіп, қызыл қасқа сиыр тайыншасымен қосыла меңіреп жіберді. Ашыққан малдың үні. Қарасай кіргенде бас жібін сүйреткен сиыр шаңырақ мүйізі делдііп, көзі шарасынан шығып, үріккен киіктей алдынан шыға келді. Қарасайдың жүрегі суылдап, өз-өзінен үрейленіп, үлкен үйдің босағасына басын сұққанда көзінің алды қарауытып кетті. Үй іші қаңыраған бос. Кереует, жүкаяқтардан басқа тұлдыр жоқ. Бөлме іші азынап, ұлып тұр. Терезе қырауы екі елі. Үй ішінде алай-түлей боран соғып, бүкіл асыл заттармен қоса Ағашканы құйындай тік көтеріп, уілдеп тұрған жабусыз пеш мойнынан суырып алып кеткен сияқты.

Қарасай атып шығып қораға жүгірді. Қабырғаға сүйеулі үшкір күректі жолда іліп алып, түкпірдегі бұрышқа келді. Тура тапты. Топырағы босап қалған сияқты. Қарасай жынданған азбанша көзі қанталап, топырақты карта боратты. Түбіне жете бергенде төрт бүктеулі қағаз ілікті қолына. Одан басқа дым да жоқ.

Қарасай қораның сызына шоңқиып тізерлей кетті. Жер таянып отыр. Көзінде жас. Ашудан, ызадан, күйініштен шыққан ащы жас. Ес біліп, есейгелі тұңғыш рет ішін өртеп ағыл-тегіл аққан мол жас. Маңдайына басқан Жәлелі жардан құлағанда шықпаған безер жас. Біресе қос жұдырығымен екі шекесін миы түсердей солқылдата ұрады. Біресе көрдей қараңғы қора түкпірінде есалаң адамдай екі қолын көкке созып, әлденені қармалайды. Бірақ қолына ілігер дәнеме жоқ. Сары жезбен айқыш-ұйқыш белдеген тоқпақтай қол сандық ұшып барады. Өмір бойы жинаған бар дүние-мүкәммал бірге кетті. Тоқпақтай қол сандықтың ішінде жүздеген қара кетіп барады. Құйрық-жалы күзелген, астаудай семіз жылқылар кісінеп барады. Құйрығы тегенедей атан қойлар маңырап барады. Желіні бұтына сыймай, шатқаяқтап қалған мама сиырлар ыңыранып барады. Бәрі-бәрі кетті.

Енді бір сәт Япишкина қол сандық емес, жүрегін суырып әкеткендей ыңырсып, Қарасай бір жамбасына құлай берді. Күбідей домалап, жер тырмалап, өз кеудесін өзі соғады. Жүрексіз қалған қуыс кеуде бос бөшкедей дүңк-дүңк етеді. Әлден уақытта, қасқыр талағандай буын-буыннан әл кетіп сүйретіле басып, Қарасай ашық қақпаға келді. Ағашқа баратын жерін айтып кеткендей, ендігі үмітті алақандай қағаздан іздеді. Әрпі шала сауатты болғанмен сөзі сауатты жазылған дымқыл суық қағазды ашып оқыды. Бірақ Қарасайдың көзі бұлдырап көрер емес: «Сен өткерілген борсық болсаң, мен әккі түлкімін. Сен қалған өміріңе жетерлік сабақ алғаныңа рақмет айтарсың. мен қалған өміріме жетерлік азық алғаныма рақмет айтайын. Қош. Ағашқа...»

Қарасай аяғын сүйрете басып далаға шыққанда, ішіне мұз тастап жібергендей болды. Есік алдына гүр етіп тоқтаған жеңіл машинадан лып етіп Қосиманов түсті. Даладағы бар аяз бетіне жиналғандай ызғар шашып, екі көзі маңдайды тесіп жіберердей қадалып, Қарасайға жақындай берді.

* * *

Райхан ыңылдап өлең айтып келеді. Ақан серінің атақты «Сырымбеті». «Аулым қонған Сырымбет саласына» деп нәшімен баяу бастады да, одан арғы сөзін айтпай, тек әнге басып, машинамен бірге теңселіп келеді. Бір шумағын ырғағына келтіре аяқтап, енді екінші шумағын бастай бергенде, қасында отырған Моргун іліп ала жөнелді. «Лашинға лаияк карагумай-яй...» Үні күмбірлеген, звоты кең жігіт әдемі баритон даусымен шырқай салды. Райхан да даусын шығара ілесіп кеткен. Мәнеріне келтіріп толқыта шырқаған әйелдің жұмсақ, жіңішке үні мен ер адамның қою қоңыр үні тар машинаның ішіне сыймай лықсып, шымырлап шығып ақ қарға бөккен жазық даланың үстінде қалықтап бара жатты. Райхан тоқтаған жоқ. Өлеңнің аяғына дейін айтты. Бір кезде «Сырымбетті» әкесі Сұлтан сүйіп айтатын. Қандай жиын-тойда көпшілік ең әуелі осы өнді айт деп қолқа салатын еді-ау. Бертін келе екінші әкесі Күргерей үйреніп алып, қосылатын болды. Әнге шорқақтау болса да, күндей күркіреген жуан даусымен гүрілдегенде, естіген жұрт Сұлу мұрт пен Күргерейді тамсана түсіп тыңдайтын. Енді, міне, сол әнге Моргун қосылып отыр.

Ән аяқталғанда, бағанадан бері машина жүрісін баяулатып, сәл ырғап қалса қабақ шытып, барынша қайықтай сызып келе жатқан Жантас арт жағына жалтақ-жұлтақ қарай береді. «Тағы да айта түсіңіздер! Түһ, қандай әсем ән еді. Қосыла шырқағанда тіпті әдемі екен», — деп, талай рет естісе де, бүкіл қан тамырын қуалап, өне бойын балқытқан Сырымбетке құмар көңілден, сұлу әнге жеңсік көңілден туған қарас. Ән аяқталса да, ортасынан шорт үзіліп қалғандай өкініп, қайта жалғаса екен деп отыр.

Енді бір кезде Райханның есіне бюро түсіп, өз-өзінен ойға кетті. Бір елі түбіті бұрқыраған мол, қоңыр шәлісінің ұшын ағытып, бос тастап, әлденеге ырза көңілмен, беті бал-бұл жанып, жымысып отыр. Қызылы жұқарып, сұйыла бастаған ақша беттің ұшындағы шұңқыры да тереңдеп, күліп отырған тәрізді.

«Тыңның бір жылғы өмірін қорытындылаған аудандық партия комитетінің бюросы өте қызықты өтті. Бірінші болып Моргун баяндама жасап, совхоз жұмысы туралы есеп берді. Одан кейін басқа совхоздың директорлары, Райхан шығып өз совхоздарының келешек жоспары туралы, жалпы тың өміріндегі қайсыбір қажетті мәселелерді ортаға сала сөйледі. Бұған дейін айтарлықтай талас болмай, отырғандар шын ойланып, толғанып сөйлеп еді, бірінші секретарь Досанов күн тәртібінің екінші мәселесі — ең озат совхозға ауыспалы қызыл ту беру жөнінде шағын баяндама жасап, қызыл туды «Қайыңды» совхозына беру туралы ұйғарымды ортаға салғанда, екінші секретарь Алагөзов орнынан атып тұрды. Жасы алпысқа тақаған Алагөзов былай қарағанда қырықтардың ішіндегі адам сияқты қимылы ширақ, көп бастықтарда болатын қарын да жоқ. Қарын болмаған соң бұғақ та жоқ. Шашын өмір бойы бокс етіп қысқа алдырады. Маңдай шашы балалардың кекілі сияқты. Қорасаннан қалған сирек дағы бар екі беті пышақ жанығандай. Тек бет сүйегі ғана ірі, терісін жыртып жіберердей шодырайып тұр. Осы түріне қарамай сұсты. Шаруашылық соңында жүргенде біреуге күле қарап, әсте езу тартқан пенде емес. Өмірінде не курорт, не демалыс дегенді білмей, таңның атуы, күннің батуы жұмыс соңында жүреді де, басқалардың да солай болуын қалайды.

Ол қолындағы бір топ қағазды көтере тұрды.

— Жолдас Досанов, сіздің «Қайыңды» совхозына ту беруіңіз жөн. Бірақ, бұл ту — совхоз жұмысының ыстық-суығына күйіп, еңбек етіп жүрген еңбекші, жұмысшыларға беріледі деп, айқындай кетіңіз. Ал, Райхан Сұлтановнаның орынсыз істерін осы бюрода әйгілеуіміз керек. Райхан Сұлтановнаның кемшіліктерін мойындауымыз керек.

Досанов шыдай алмай, мырс етті:

— Нұреке, ол жөнінен келіскен сияқты едік қой. Аудан бойынша ең өнімді астық алған жер «Қайыңды». Орақты ең бұрын бітіріп, мемлекетке ең алдымен жоспардан тыс астық құйып үлгерген «Қайыңды». Алғаш рет бес прицеппен жүрген Оспан Жылқайдаровтан кейін үш, төрт нормамен жұмыс істеген бүгінгі ауданымыздың озаттары Кузьменко, Атаманчук, Попов, Талжановтар сияқты шоферлер сол «Қайыңдыдан» шықты. Құрылыс жағынан ең алдыңғы қатарлы совхоз — «Қайыңды». Тұңғыш рет ақ тасты пайдаланып, экономикалық жағынан да, еңбек өнімділігі жағынан да ұтқан совхоз — «Қайыңды». Туды совхоз еңбекшілері үшін береміз дегеніңіз өте орынды. Бірақ, Райхан Сұлтановнаны совхоз еңбекшілерінен бөліп алып, жеке кінәлау — тап бұл арада логикаға сыя қояр ма екен?!

— Мен жазғырсам, Сұлтановнаның моральдық жағын, идеялық басшылығының нашарлығын жазғырам. Ол, ең алдымен, совхоз парторгі.

— Идеялық, моральдық жағы дегеніміздің өзі еңбек арқылы, совхоз өмірінің байлығынан көрінбей ме?

— Жоқ, жолдас Досанов, байлық пен идеялық басшылықта айырма бар. Именно Сұлтановнаның басшылығында. Кеше сіз мына қағаздарға көңіл аударғыңыз келмеді, — деп Алагөзов Қарасай ұйымдастырып, әркімге жаздырған бір топ арызды көрсетті. — Міне, осы хаттар бойынша және жаңа Райхан Сұлтановнаның сөйлеген сөзі бойынша мен біраз қарсылық білдіргім кеп тұр. Тыңдаңыздар: біріншіден, «Жаңа талаптың» отызыншы жылдан бері баққан, өсірген малын колхоз совхозға ауыспай жатып талан-таражға салу — еңбекшілердің наразылығын тудырып отыр. Мұның аты жергілікті адамдар мен тыңға келгендердің арасына іріткі салу, қала берді жеке меншікті уағыздау деген сөз. Екіншіден, жоспарлап берген жерді түгелдей жыртып, мал жайылымы үшін жер үнемдеу — бүгінгі тың көтеру деген ұлы ұранымызға кереғар қайшы келеді. Үшіншіден, Дерягин секілді совхоз жұмысшысына — тыңға келген жас комсомолға қол көтеру — байсалды басшылық ісі емес, әпербақандық, егер саяси мән берсек, ескі феодалдық билікті көксеу деген сөз. Комсомолдық жалынмен, патриоттық үлкен сезіммен, жүрек өмірімен келген советтік жастарды мұқап, жасқанту деген сөз. Төртіншіден, Дерягин, Талжанов деген жас шоферлердің бір-біріне қырғи қабақ болып жүрулерін дер кезінде елемей, комсомол не партия органы тарапынан эсер етпеу салдарынан, Дерягин Талжановтың машинасын қасастықпен жандырып жіберген. Міне, ол туралы бүгін хат түсіп отыр... Мұның бәрі Сұлтановнаның идеялық басшылығының осалдығын дәлелдейтін мысалдар. Егер еңбекшілердің хатын атүсті қарап, мән бермесек, ертең олар жоғарғы жерге дейін жазады. Оны көрмей отыруға хақымыз жоқ.

— Мүмкін, еңбекшілер деп отырғаныңыз бірді-екілі арызқойлар шығар, — деді біреу көлденеңнен.

— Мәселе оның санында емес, фактысында.

— Бірақ ондай фактыларды жақсы ниеттен болған іс деуге де сыярлық емес пе, — деп еді Досанов.

— Олай болса, оны бюроға қатысушылар айтсын. Мүмкін, мен түсінбейтін шығармын, — деп Алагөзов отыра кетті.

Бюроға қатысқан адамдардың көпшілігі совхоз директорлары. Олар Райханның совхоз өмірі жайындағы келешек жоспарларына ден қойып, мақұлдаумен болды. Бюро Райханды кінәлау орнына, Алагөзовтің өзін сипай қамшылап кетті. Тіпті, талай жыл Украина жерінде ең алдыңғы қатарлы совхозда директор боп келген Вагин Алагөзовті тура жазғыра сөйледі. Алпамсадай ірі денелі, алпыстарға таянған алып адамның арыстандай гүрілдеп украин акцентімен аузын толтыра сөйлеген сөзі Райханның әлі құлағында.

— Жолдас Нурғалә Алагузович, сіздің Райхан Сұлтановнаға артқан кінәларыңыз ойланып-толғанбай айтылған кілең жазғыру болып шықты. Қазір «Қайында» совхозы еңбекшілердің тұрмысы, құрылыс, астық тапсыру, механизацияның үнемді пайдаланылуы жағынан ауданымыздағы ең алдыңғы қатарлы совхоз болып отыр. Биылғы күздің өзінде жүзге жуық семья көшіп келген мұндай совхоз әлі жоқ десе де болады. Егер бір жылдың ішінде тұрғызған үй саны — мектеп, балалар бақшасы, мәдениет үйі болмаса бала-шағасымен көшіп келетін адам да аз болар еді. Жұмыс иесі көбеймей еңбек те өнімсіз болмақ. Семьялы адам соқа басты салт адам емес. Ол орнықты, тиянақты еңбекші. Ендеше, осы бір-екі жылда ең басым күшті жұмысшылардың үй-жайы, қора-қопсысына жұмсаған «Қайында» совхозының басшыларын жазғырудың реті жоқ. Сіздіңше адамдар күздің қара суығында, нөсер жауынның астында палатка, вагондарда жатса да, олардың семьясы аузы жарып жеміс те, ақ көрмесе де жапан түзді қарсы айырып тілдей жерді қалдырмай жыртып, жоспарды орындаса болғаны ғой. Жоқ, Райхан Сұлтановнаның ұсынысын ойлану керек. Отанымызды астықпен байыту үшін алдымен тыңдағы совхоздардың өзі бай болуы қажет. Жерді байыппен жыртып, мал жайылымдарына да көңіл бөлген дұрыс. Тың жер — ұшан-теңіз дария. Бірақ дарияны да үнемдемей, ысырап етсең, лайлайсың, сарқып аласың. Ен даланы көшеге дейін жырту, жолдас Алагузович, жаңа Райхан айтып кеткендей, жұртты жалаң бидай көжеге қамау деген сөз. Халыққа астық қандай керек болса, малдың еті, сүті, майы да сондай қажет. Сондықтан мәселе — Райхан Сұлтановнаны бюроға салуда емес, мәселе — Райхан Сұлтановнаның жоспарын, ойын бюроға салып талқылауда. Бұл мәселе — кіші-гірім нәрсе емес, бүкіл еліміздің, халқымыздың әл-ауқаты жөніндегі үлкен программа. Ендеше, жолдас Нурғалә Алагузович, тым таусыла сөйлеудің арты, келешекте сөйленер сөзді, парасатты ойды жұтатып алмайық, — Вагин ауыр денесімен жұмсақ, былғары креслоны пыс еткізіп отыра бергенде, омырауындағы алтын жұлдыз шам жарығына жарқ етті.

Директор Аяғанов асықпай, саспай әр сөзін мәнеріне келтіре баппен сөйлейтін адам. Осы жолы да маңдай қыртыстары жиілеп, екі шекесі қушықтау, сарғыш келген ноғай тақылеттес жүзі сәл қызарандап, ашуланыңқырап тұрғанмен әдеттегі қалпынан айныған жоқ.

— Ақ түстен гөрі қара түс бұрын көзге түскіш, үйткені өмірде ақ көп те, қара аз. Сол сияқты ақ ниеттен, адал пиғылдан гөрі, біреудің қара ниеті, арам пиғылы тез көрінеді. Бірақ ниет, пиғыл бетке жаққан күйе емес, іштегі жасырын дүние. Оны көру бар да, көзді жеткізе білу бар. Көзің жетпей тұрып көрдім десең, жаңылғаның, шын адалды арамға шығарсаң, кешпес күнә арқалағаның, — деп бастады сөзін. — Алагөзов жолдас, сіз Райхан Сұлтановнаның ісіне үлкен мән, саяси астар бердіңіз. Тым ауыр кеттіңіз, менімше. Жаңа сөйлеп кеткен Вагин жолдастың бір сөзін тірілтейін деп тұрмын. Мен Бурабай маңында өскен қазақпын. Бала кезімде өз көзіммен көрдім. Столыпин реакциясы кезінде сол жерге талай орыс шаруасы кошіп келіп еді. Сауып ішер сиыры, көлік етер аты болмады көпшілігінің. Сол кезде қазақ ауылдары, қазақ кедейлері батырақтарға қол ұшын берді. Батырақтар шөбін шауып көмектессе, кедейлер малын беріп қоян-қолтық араласып кетті. Оларды ешкім зорлаған жоқ. Тағдыры, мақсаты қосты. Біріктірді. Ал қазір, заман мүлдем басқа. Баяғы уақытта, таршылық заманда сыр бермеген меймандос адамдар енді совхоз малы үшін бұл күнде сөз шығарды дегенге өз басым сенбеймін. Өтірік әрі ұят нәрсе. Мұндай нәрсеге саяси астар беріп қуыстанудың өзі қате. Сұлтановнаны емес, арызшыны тексеріп білу керек. Кім екен өзі. Ондайдың ініне су құятын уақыт жетті.

— Жеке меншікке мал берілсін деген указание жоқ, — деді Алагөзов шыдай алмай.

— Нұсқау дегеніңіз сол халықтың мүддесінен туатын нәрсе, жолдас Алагөзов. Ол аспаннан жауар жауын емес, — деп Аяғанов та іле жауап берді.

Бұдан кейінгі сөйлегендер де Райхан Сұлтановнаны жазғырған жоқ. Бірақ, әлі тың көтерудің өзіндік ерекшелігіне анық түсіне алмай, көп нәрсеге әзір болжамы жетпей отырған көпшілік, оның жоспарын түгелдей мақұлдауға батылдары жетпейді. Тек бөріне ортақ, күмәнсыз нәрсе — Райхан Сұлтановнаның адалдығы. Мұны Досановтың сөзі дәлелдей түсті, мық шегемен шегелегендей болды.

— Мен өз түйгенімді ортаға салайын, — деп соңғы сөзді Досанов бітірді. Бір істің байыбына барып алмай әсте кесімді сөз айтпайтын. Өзінің мол, ауыр денесіндей салмақты, орнықты секретарь егіле тұрып, қабағын шыта түсіп, әлденеге кейіп сөйледі. — Қазақ даласына тараған ең үлкен індет — сонау атам заманнан бері сілімтігін сүйретіп, осы күні өлексесі қалған домалақ арыз. Мен сізге кеше мұндай аты-жөні жоқ, анонимно жазылған шатпақтарды урнаға тастаңыз дедім. Көнбедіңіз. Егер де ақ қағазды қара қағаз деп жазған арыз болса, көзді жұмып: «Иә, қара қағаз екен» деуге бола ма? Партия органы — халықтың көзі, ұжданы емес пе?! Ендеше Райхан секілді адамдарды көретін, танитын уақыт жетпеді ме? Райхан шыр етіп осы қазақ жеріне, осы кең-байтақ даланың топырағына түсіпті де, Сұлтан секілді кедей қолы жөргекке орап алыпты. Көзін ашып, адам санатына қосыла деп ұмтылғанда, Малжан секілді байлардың тегеурінін көріп, мазағына қарсы тұрып, ашынып өсіпті. Өкеден айырылып жетім қалғанда, Федоров секілді орыс адамы бауырына салды, қанатының астына алып, түзу жолынан жаңылдырмады. Кешегі ұлы өзгеріс жылдарында ер жігітше атқа қонып, жастардың көшін бастап, осы жатқан жалпақ түзге ең алғаш жаңалық әкелді. Құйқалы жерді қарс айырып, бірінші рет трактор салды. Өзін құндақтап, тербеткен алтын бесігін енді өзі тербетуге жараған еді. Сүйтіп жүрген адамның артынан сөз еріп, аяғына арыз оралып, нағыз кемеліне келген шағында қапастағы құстай тағдыр тауқыметін тартты. Асыра сілтеудің азабын шекті. Ақыры тірі оралды. Құлыншақтай секірген жас еді, көбең тартыпты. Қара шашын аққа малып қайтты. Ауыр жылдар ізі сұлу бетін айғыздап, аяусыз әжім салыпты. Шеше деген атты құрсау ішінде қалдырып, «мәңгі жесірсің» деген аяусыз атты алып шығыпты. Ғұмыр бақи перзентсіз қалған адам. Оның енді жалғыз ғана перзенті бар. Көкірегіне басып аялар, жүрегімен қымтап әлдилер бір-ақ перзенті бар. Ол сенім емес пе?! Сол сенімді Райханға қалайша қимаймыз, қалайша сенімнен айырамыз. Мен осындай адамның бойынан өзгермеген, кемімеген, мұқалмаған бір ғана нәрсені көрдім. Ол қажыр екен. Еліне, жұртына еңбек етер қажыр. Қажырынан, қайратынан танбапты. Райхан Сұлтановнадай адамдардың, ақ жүрек аналардың топшысын қайырып мұқау үшін, сынау үшін қай адамның жүзі батып, тілі барады. Өз басым Райханды сынау орнына, сырласа білген адам елге де, өзіне де ұшан-теңіз пайда келтірер еді деймін. Оның білімі де, ақыл-парасаты да, елі-жұрты үшін ойлаған ойы да заңғар, биік. Биікті тұқырта білмей, көтере білсек... Иә, тек көтере білсек...»

— Федор Васильевич, — деді Райхан жол бойына қадалған өткір көзі күлімсіреген қалпы. — Есіңде ме, мен анада саған Алагөзов туралы айтып ем? Жасыратын не бар, сонда ел басқарудағы партиялық этиканы, партиялық принципті дұрыс ұстай білмейтін адамдар арамызда әлі көп-ау деп қынжылып ем. Кешегі отырыстан кейін ол ойымнан қайттым. Ол бір, әшейін, талай жыл бойы басылған жүдеу көңілден туған сұрықсыз ой екен. Енді бақсам, өскен елде парасатты ой иесі, кемеңгер адамдар қандай көп еді.

— Әрине бар ғой, Райхан Сұлтановна, — деп Моргун әлі күлімсіреп отырып сөйлеген Райханға қарады. — Бірақ, басқа өз алдына, Алағезов сияқты басшы адамға ой саяздығы, білім саяздығы, мәдениет деңгейінің төмен жатуы үйлесімсіз. Ондай адамдар басқалардан да биік, жоғары тұруы тиіс.

— Оның қосылуға болады. Әйтсе де қазақта мақал бар, «бір биеден ала да туады, құла да туады» дейді. Орыстың «семья не без уродов» дегеніне жуық. Әрине «урод» деген балама бұл арада келмейді. Басшы адамның өзі ең алдымен пенде. Механизм емес. Оның да кемшілігі, жетімсіздігі болатыны заңды.

— Сонда да, Алағезов сияқты әпербақан болу, жоқ нәрсеге бола түйткілденіп, түңілу деген, менімше, үлкен басшыға қисынсыз.

— Мен бірақ соған ренжіп отырған жоқпын. Себебі, тыңдаңыз. Алағезов те, Досанов та қалың жұрттан шыққан басшы. Бірақ екеуінің деңгейі екі бөлек. Алағезов көп жыл үздіксіз жұмыс атқарған басшы. Өмір тәжірибесінің молдығына талас жоқ. Халықтың жақсы тұрмыста тұру үшін жанын аямай, сол үшін ғұмыр бойы тынымсыз еңбек ете беруге жалықпайтын адам. Бірақ сүйтіп жүріп ол тек қана жұмыс басты болып, бір жақпен кеткен. Досановтай емес, Алағезов мәдениеті де, білімі де келе-келе бұрынғы өзі шыққан қауымнан төмендеп қалғанын аңғармаған сияқты. Қауымнан төмендеу деген, уақыттан, заман тілегінен артта қалу деген сөз. Мәдениеті, білімі төмен адам жұмысқа физикалық қабілетін аямай салғанмен, творчестволық қабілет көрсете алмайды. Сол себептен де ол дәрменсіз, Дәрменсіз адам қорқақ. Алағезовтің жергілікті жерден қажетіне қарай, өмір ағымына қарай шаруашылықты да батыл бейімдеуге батылы жетпеуінің өзі осы дәрменсіздігінен. Оның үстіне, сонау бір жылдары қызмет істеп, үрейленіп қалған адам — қазір жалтақ. Біреу екінші адамның үстінен арыз, шағым түсірсе-ақ, зәре-құты қалмай дегбірі қашады. Ол арамдығынан емес, жасқаншақтығынан. Қазіргі уақыт — жасқаншақ, үркектердің заманы емес, творчестволық ойдың заманы. Менің кеше бюродан қуанып шыққаным да сол. Онда жалғыз адамның сөзі емес, көптің сөзі, көпшілік ұйғарымы басым күш көрсетті. Жаза басқан, қате түсінген жеке адам болса, түзу жолға бастайтын, байыппен отырып ұғындыратын, қағажу көрсетпей, ақылмен қағатын көпшілік күші белең алған екен. Мен осыған қуандым...

Райханның сөзін Жантастың үні бөліп жіберді.

— Мыналар кім? Біреуі отыр ма, қалай?

Бәрі алға қарады. Машина жақындап кеп тоқтағанда таныды: Дерягин мен Халел.

Моргун, Райхан, Жантастар машинадан лық етіп төгіліп түскендей болды. Еңгезердей Дерягин еңкіш тартып, екі иіні құнысып, бүрісіп тұр. Үстінде көнетоз костюмнен басқа лыпа жоқ. Жақ түгі сарайып, өзі бозарған. Көзі де жанарсыз. Халелдің халі одан мүшкіл. Баса алмай қалған жансыз аяғы Дерягиннің пальтосымен ораулы, қымтаулы күйде жол үстінде шоқиып отыр.

Екеуін де жылы машинаға кіргізген жолаушылар жалма-жан үсік шалған жерлерін қармен ысқылап жатыр. Моргун Жантастың қылпылдаған өткір бәкісімен Халелдің етігін тіліп жіберді. Құрысқан етікке жабысқан күптей аяқтың түрінен адам шошырлық. Аязда мұздаған картоп секілді дың-дың етеді. Жан жоқ. Тілінген етікті сыпырып алғанда сезбеп еді. Ұзақ уқалағанда барып, сол жан кіргендей болды. Халел ауырсынып, қабағы тыржың етті.

Райхан Дерягиннің бетін, жағын қармен ысқылап-ысқылап жібергенде, добардай боп іскен торсиган құлақ ұшы қанталап барып бырс еткен. Домбығып, талаураған құлақтан қара қан саулап қоя берді. Бетін қармен ысқылаған алақан емес, ыстық жалын секілді. Тура, ана жолы, склад алдында жағына сарт ете қалған шапалақтай сезілді.

Бірақ ол жолы Дерягиннің бетіне зәрлі ашу теуіп еді. Осы он бойына жылы қан тарап барады. Артқы отырғышқа шалқалай жатқан Дерягиннің басына түбіт шалысын жұлып алып орағанда, Райханның ақ қырау самай шашы дудырап қалған. Райханның жүзіне көзі түсіп еді, аянышпен қараған ана көзінен мөлтілдеген жас көрді. Ыстық темір басқандай күйіп-жанған Дерягиннің бетінде де бармақтай жас иегіне қарай домалап бара жатты. Бетіне тиген ана қолының, құдіретті қолдың ыстық шарпуына, қамқор ананың жып-жылы алақанына шыдай алмай, қайратты қайсар жігіттің ырқынан тыс шыққан жас.

«Ке-е-шіріңіз! Кінәлімін. Қорқақ екемін. Сол үшін ұрыңыз мені, ұрыңыз аямай» деп Дерягин іштей кешірім сұрап қарағандай болды.

Райхан Дерягинге қарап сәл езу тартты. Оның есіне ел арасындағы бір мысал түсіп еді. «Әйелі ұрған жер о дүниеде қап-қара болып кетеді. Анасы ұрған жер тамұққа түссе де отқа күймейді». «Сен де кешір! Бірақ есінде болсын, Вася, ана қолынан дақ түспейді!» — деді іштей...

Райхандар совхозға таянғанда күн де көтеріле берген. Ақ қар сылап кеткен егінжайда жыпырлаған адам. Әр жерде топ-топ шоғырланып, қар тоқтатқандар жалпақ жонның бетінде қаптап жүр. Тракторлар соңына тіркеген үш бұрышты алып ағаш тілгішпен қалың қарды жосылтып, қақ айырып, жапанның сары даласын шимайлап барады. Ертең шығар көктем қамы, ертең көктер егін қамы.

Сақылдаған таңғы аязда мұржасынан түтіні тік ұшқан совхоз үйлерінің арасына жеңіл машина сұңгіп кіре берді. Көгілдір аспан қандай мөп-мөлдір. Көсіле жатқан кең даланың ауасы қандай кіршіксіз таза еді.

ЭПИЛОГ

Арада он жыл өтті.

Күз. Жасыл мауытыға малынған ақ балтыр қайыңдар күз шапанын киген. Бүріскен сары бауыр қаңылшақ жапырақтар жел өтінде дірілдеп, боз қыраулы түнде қалбаң ойнап үзіліп түсіп жатыр. Аتكөпір боп төгіліп жатыр. Күн өткен сайын тоғай жапырағынан, қурай бүрінен, сыбызғы гүлінен айырылып сидам тартып келеді. Биыл бітік шыққан қалың егін үстінде жыртыла айырылып, бөтегесі шығып семірген құс атаулы біртіндеп жылы мекенге қайта бастаған. Сүттей жарық ай астында, сирек қонақтаған ақ шуда бұлт бауырында сызылған аққу үні, бір үйір көш бастап тыраулаған тырна үні анда-санда саңқ ете қалады. Құс ішіндегі әлі бейқамы барылдауық қоңыр үйрек пен қараша қаз ғана: ну қамыстың ортасындағы жалтырда дыңдай балапандарымен жайбарақат балдыр сүзіп шығып таранып отырады. Басын қанатының астына тығып алған. Осы жақта қыстап қалатындай кәперіне түк кіріп шығар емес.

Сондай бір салқын айлы түн еді. Шамы самаладай жайнаған үлкен қала шетінде көлік күткен адам тас жолдың бойымен зымыраған жеңіл машинаға қол көтеріп тоқтатты. Үстіндегі киімі қалың әжім басқан бетіндей жүдеу. Милығы тар малақайдың шықшытқа ғана жеткен тілдей құлағы молақ. Кілегей көзін жаңа сығырайтып аша бере сүтсіз қалған жетім күшіктің жарғақ құлағындай шолтиып тұр. Киімі ұсқынсыз, арып-шаршаған мүләйім жолаушы:

— Қызыл жалауға баратын ем. Ала кетпейсің бе, — деп ашық терезеден басын сұқты.

— Отыр.

Жолаушы қарны қабысқан көне дорбасын аяғының астына тастап, «Волганың» алдына жайғасты. Қасқа маңдайдағы айға шағылысқан күміс киік төрт аяғын бірдей көсілте тастап, қайтадан оқша атылғандай болды. Машина ытқи жөнелді.

Машинаның артқы жағында екі адам отырған. Жолаушы қараған жоқ. Тірі жанға өзін танытқысы келмейді. Бар ғаламнан ұрланып түнде ұшатын жапалақша құнысып, бұға түседі. Арттағының бірі:

— Райхан апа, — дегенде, ауыр гүрзімен аңдаусызда еңбегінен түйіп қалғандай, бүкіл өне бойы зірк етті. — Әңгіме айтыңыз, жол қысқарсын.

Жолаушы бетінен басып, артына қарай алмады. Әрі намыстанып, әрі ұялып, сілейген қалпы кейінгі отырғандардың әңгімесін амалсыздан тыңдай берді.

Артта отырғандар Райхан мен баяғы шофер бала Жантас. Жантас қазір бала емес. Отыздарға таянған ересек жігіт. Тың жерде бір жыл шофер болып істеп, келесі күзде Алматыға оқуға кеткен. Университеттің журналистер дайындайтын факультетін бітірген Жантастың Қызыл жалауға он жылдан соң, міне, қайта оралуы. Бұл жолы шофер емес, жазушы болып оралды. Екі-үш жұқа кітаптың авторы енді тың туралы шығарма жазбақ. Ана бір жылдары Күргерей қарттың әңгімесін құмарта тыңдаған Жантас енді шамасы келсе, көкейде қалған ескі жырды қағаздың соны бетіне түсірмек. Бұл кезде Көкшетау обкомында істейтін Райхан Жантасты кеше поездан күтіп алған. Ұзақ жыл көрмеген өз баласындай Жантаспен сағынып табысып, бүгін соның тілегімен бұрынғы совхозға бірге шықты.

— Оқуға түскелі басқа облыстарда болдым. Бірақ бұл жаққа келудің сәті түспей-ақ қойды. Қатты сағыныппын, Райхан апа!

— Әрине сағынасың. Он жыл көрмеген сен түгіл, жиі барып тұратын менің өзім бір ай көрмесем, жалғыз қалғандай өз-өзімнен құлазып қаламын. Кеше ғана көзіңнің алдында қаланған үйлер, жыртылған әр клетка жер, кеше ғана доп қуып жүгіріп жүрген балалар, совхоз адамдары — бәрі, бәрі ыстық.

— Иә, айтқандай, совхоз адамдары демекші, қазір бұрынғы мен білетін жігіттерден кімдер бар? Бұрынғы совхоз директоры қайда?

— Федор Моргун басқа жерге ауысқан, естіген шығарсың. Целиноградта үлкен қызмет атқарады. Сен білетін жігіттерден Халел қазір бас инженер.

— Халел?

Алдағы жолаушы да «Халел?!» деп, артына жалт бұрыла жаздады. «Ақбөпе қайда? Дика қайда? Жәміш не күйде, тірі ме?» деген сұрақтар тізбектеле қалды. Бірақ сұрай алмады. Өзін зорға тежеп отыр.

— Иә, Халел. Өзің кететін жылы ауыл шаруашылық институтына оқуға түсіп, сырттай бітірген. Қызыл жалау ауданындағы ең сыйлы адамдардың бірі. — Райхан Халелді ұзақ әңгіме етті. — Мінезіне көркі сай, біліміне ақылы сай, байсалды, деген ел ағасы жігіт болды. Қазір балалы-шағалы, үйлі-баранды. Бұрынғы жалғыз үй тұратын жерге совхоз алты бөлмелі особняк салып берген. Келешекте совхозға директор болуға лайық адамның бірі — осы Халел. — Жолаушының беті жыбыр етті. — Одан кейін, Оспанды — шопр Оспанды білесің ғой. Ол әлі күнге дейін шофер. Бүкіл облысқа аты белгілі шофер. Депутат, Еңбек Ері.

— Ол кісінің жұбайы қайтыс болып еді. Әлі үйленген жоқ па?

— Үйленген.

— Ол кімге үйленді?

— Ақбөпеге...

Жантас та, бейтаныс жолаушы да демдерін ішінен алып отырып қалды.

— Иә. Ақбөпеге. Өттең, кезінде оқымай қалған. Әйтпесе Ақбөпе қазақ қыздарының ішіндегі кеудесіндегі оты бар, нағыз аузынан жалыны шыққан өткір, алғыр қыздардың бірі. Аз уақыттың ішінде тынымсыз жүріп механизация мектебін бітіріп алды. Бұрынғы завгар Морозов қазір совхозда құрылған автобазаның начальнигі. Ақбөпе соның қарамағында, екі жүз машинасы бар гараждың диспетчері.

— Ал баяғы Рудакова Тамара ма еді, Рубцова ма еді, ол қайда?

— Рубцова ғой. Ол қазір совхозда. Екі жылдай комсомол комитетінің секретары болып жүрді де, үшінші жылы жоғарғы партия мектебіне оқуға түсті. Алағөзовті білесің ғой.

— Райкомның екінші секретары емес пе?

— Иә, сол Алағөзов осы совхозға парторг болып келген. Былтыр пенсияға шықты. Тамара қазір соның орнында.

«Апырай, ө, — деп Жантас танданып отыр. — Он жыл деген былай қарағанда аз ғана уақыт секілді. Зымырап өте шығады. Бірақ осы он жылдың ішінде совхоз қалай тез өзгерген, кеше ғана бірі тракторда, бірі машинада жүрген адамдар қалай тез арада ел басқарып кеткен. Бүгінгі жастар тез көтерілген балауса құрақ секілді-ау. Мен бір-екі шағын кітап жазғанға дүниені тындырып тастағандай төбем көкке бір-ақ елі тимей жүр. Халел, Тамаралардың еңбегі одан кем бе?! Жоқ, артық. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады». Тегі әліне қарай шауып жүрген мен болармын. Қалада жүріп Алатаудың бауырындағы гүлдер мен парктағы қыздарды жырлағаннан басқа не тындырдым. Махаббат, махаббат деп шумақ-шумақ өлең жазамыз. Мына отырған Райхан апайдың, Халелдің, Тамаралардың еліне, жеріне деген ыстық махаббаты қайда?! Жоқ, енді мен де шын жарысқа түстім».

— Апырай, ө, — деді Жантас, — Алағөзов осы совхозға келген екен ғой. Мінезі тік, шайпау адам еді-ау. Мұндағы адамдармен үйлесіп кете алды ма?!

— Үйлескенде қандай. Алғашқыда бұрынғы қалпынан танбай, жұртты тек бұйрық, әмірмен жұмсап совхоз өміріне көндіге алмай жүрді де, артынан көпшілікпен ортақ тіл тауып, кімнің жерін жерлесен, соның суын сула дегендей, совхоз жыртысын жыртатын нағыз қамқор басшы болып шықты, — деп Райхан өткен бір оқиғаны есіне алып күлді. — Саған осындай детальдардың бәрі керек, Жантас. Тыңдай бер. Мен бір қызық жағдайды айтайын... Қызыл жалаудың өндіріс басқармасында жүрген кезім. Алағөзов үш күн сабылып, менің кабинетімнің есігін босатпай қойды. Со жолы бір тығыз шаруа болып, Алағөзовті қабылдай алмадым. Таңнан күтіп, есік алдында қадалып отырған Нұрекең үшінші күні менімен бірге кірді ішке. Шала ұйқы адамда он бола ма, жағының түгі шығып, күрең түсі қара қошқылданып, түтігіп алыпты. Оның үстіне сол жылы егіннің нашар шыққан жылы. Орақта жүрген адамның қабағы қатыңқы болады ғой.

— Райхан Сұлтановна, — деді отырар-отырмаста ызбарлы үнмен. — Үш күн бойы сізбен тілдесе алмай қойдым. Бұл не? Шаруашылық мекемесі ме, әлде бюрократтардың мекемесі ме?

Ашынған адамның сөзінің жаны бар. Әйтсе де әдейі қабағымды бермей отырмын.

— Сіз мекемені тексере келдіңіз бе, әлде шаруашылық жайымен келдіңіз бе? Не айтайын деп едіңіз? — деп мен де жібімедім.

— Айтарым сол — енді совхоз элеваторға астық құя алмайды.

— О не деген сөз? Қанша құйдыңыздар? Жоспарларыңыз қанша еді?

— Жоспар, жоспар, — деп Алагөзов әрі қарай ештеме айта алмай тығылып, булығып қалды. Қабағы қарс жабылып, кейіп отыр. — Жоспар деген егін ормай тұрып айтылған көктемдегі уәде. Бірақ оған биыл күн райы жіберді ме? Жаз бойы жауын бір тамбай, қара жерді қуартып, қылтиып шыққан бидайды қуырып тастамады ма? Енді міне, бір ай бойы тынымсыз жауған қара жауын ес жиғызар емес, болмашы егіннің өзін жиғызбай тұр. Қалған астық енді көп емес. Келесі жылғы тұқымнан артылмайды.

— Тұқымды заготзернодан аласыздар.

— Сіз не айтып отырсыз өзі. Совхозда істемеген адамның сөзін сөйлейсіз, — деп Алагөзов одан сайын шыжалақтап қалды. — Бүгін мемлекет қоймасына төгіп, ертең қайтып тасымалдаудың не қажеті бар? Оның аты екі жұмыс жасау деген сөз. Сосын, совхоз еңбекшілері ертең нанды қайдан жейді? Жоспар өз алдына. Әркім өз бойына шақтап тон пішеді. Ендігі қалған астықты совхоз қоймасына құямыз.

— Алагөзов, оныңыз болмас. Жоспарлаған екенсіздер, уәде берген екенсіздер, орындайсыздар, — деп ем, Алагөзов орнынан ұшып тұрды.

— Жоқ, оныңызға көне алмаспыз. Совхоз қорын құюға ешкімнің хақы жоқ. Мейлі, сосын маған не істесеңіздер де көндім. Аудан басында отырып алып бұйрық бергеннен басқа не білесіздер?! Шаруашылықты уақытқа, жағдайға қарай икемдеу деген жоқ, — деп есікке қарай беттей берді.

— Нұреке, — деп тоқтатып, шыдай алмай күліп жібердім. — Сіз өзіңіз ел тұрмысын, шаруа жайын бұрынғыдан көбірек біліп, «тонның ішкі бауындай» болып алыпсыз. Бұрын тек «Жоспар, жоспар» деп қана тұратын едіңіз.

Алагөзов те менің жұмсарғанымды көріп, күліп жіберді:

— Райхан-ау, оның рас, — деп мойындап отыр. — Бұрын миллиард, миллиард деп, бір центнері жетпей қалса, құр қиғылықты салады екенбіз ғой. Қазір қоян-қолтық араласқан соң, көзім қайта ашылғандай болды. Дақпырт салып айқайлау оңай екен де, оны орындауға еңбек ету қажет екен. Биылғы жыл талай құпия сырдың бетін ашар. Жиделібайсынды іздегендей тың жерді қуалап, асты-үстіне келтіріп аудара бергеннен гөрі, жыртылған жерді баптап, кей жерге дем алдырып, қысы-жазы тынымсыз жұмыс жүргізгенде ғана миллиард болады екен. Қоры мол совхоз ғана бай. Қор жинамай береке жоқ.

— Олай болса, ендігі астықты совхоз қоймасына құйыңыздар. Директорыңызға айта барыңыз, жоспарларыңызды келесі жылы екі есе орындарсыздар, — деп ем, Алагөзов те маңдайынан шып-шып тер шығып, көңілденіп күліп жіберді.

Оқуы аз болса да, көргені көп ескі көз ғой. Қазірде сол совхозда отырып шаруа жайын ақылдаса жүреді. Бәрі ақсақал тұтып, құрметтейді.

— Сонымен, ендігі парторг Тамара деңіз.

— Иә, Тамара Рубцова. Жолдасы Дерягин.

— Дерягин? Райхан апа-ау, ол да түзеліп, адам болып кетті ме? Тамара ұнатпаушы еді ғой.

— Түзелгенде қандай. Ол бұрын да жаман жігіт болмайтын. Сәл қисық, қыңырлау еді. Бәрі жастық қой. Көпшілік қоя ма?! Ағаш емес, адам қисығы түзеледі. Баяғы жанған машинаны совхоз жұмысшылары қалпына келтіріп еді, оны Дерягин ақтай да білді. Осы күні көрсең, бұрын ішімдікке салынған жігіт деп еш ойламайсың. Жұртқа ақыл айтатын екі баланың әкесі, совхозда завгар.

— Апырай, ә, — деп Жантас ырза көңілмен таңдайын қақты. — Бәрі совхоз кадрлары. Бәрі ілгерілеп өскен. Орнында қалған ешкім жоқ. Диалектика заңы деген осы-ау, Райхан апа.

— Диалектика заңы үнемі осу, өркендеу ғана ма, Жантас? Қайсыбір өшіп, жоғалып кететіндер де болмай ма?

— Ол өлген адамдар ғой. Оның орнын жаңа туғандар баспай ма?

— Жоқ, тірісінде де өшетіндер бар.

Алда отырған жолаушы тіксініп қалды. Өз атын атағанда кірерге жер таба алмады. Бірақ амал не, үнсіз тыңдап отыр.

— Мысалы, баяғы бекетші Қарабетті ұмытқан жоқ шығарсың, — деді Райхан. — Сол қартайған шағында не боп кетті? Қара басын күйттеп жүрген адам көптің шаңына ере алмай, өз-өзінен масқара халге ұшырады. Оның ендігі тірлігінде, жер басып, күн көрген өмірінде не қадір-қасиет бар? Өз ұлы Халелді, Ақбөпені былай қойғанда, кешегі қол бала боп жүрген Диканың ширегіне тати ма?

— Айтқандай, Райхан апа, Дика бар ма? — Жантас таныс адамдарын естігенше асығып отыр.

— Бар болғанда қандай. Мақтаулы құрылысшы. Борщей бұрын тамаша семьянин: төрт баласы бар. Кунзила дейтін әйелі аспазшы. Қазақша айтқанда, шалқып, толқып, кемеліне келіп отырған совхоздағы бай адамның бірі.

— Апырай, ә! — деп Жантас ұзақ жыл көрмеген совхоз өмірін ойлап отырып, қалғи бастады.

Райхан кей уақыттарда өз-өзінен жалғызсырап, әлдененің орны толмай үңірейіп тұрғандай, көңілі омсырайып қалатын кездері болатын. Өзімен бірге жасасып қуанышына да, қайғысына да ортақтас болар жар құшып, бала сүймей өткен тағдыр салған зілдей ауыр салмақты ойлап таусыла күйзелетін. Сүйеге, мәпелеуге жаралған ана жүрегі езіліп, семья махаббатын аңсаған шақтарында іштей егіліп, қатты ойсырап қалады. Тек әлгіндей әңгіме айтылып, өткен-кеткенді, жолдас-жораларды еске алғанда ғана қайта жадырап, ұмытқандай болады. Өзі қызмет еткен жердегі бар халық құрмет тұтып, қошеметпен құшақ жая қарсы алғанда, ел махаббатына көңілі өсіп, бар ауыртпалық есінен шығады. Міне, қазір, машина ішінде теңселе түсіп, туған жердің топырағына жақындаған сайын ел адамдарын көз алдынан аса бір ыстық сағынышпен өткізіп отырып, тәтті ұйқыға енді.

Көзі ілінбей отырған Қарасай мен шофер жігіт қана.

Таң атып көрім жер анық көріне бастағанда шофер бейтаныс жолаушының бетіндегі жалпақ қара қалға қарап қойып тіл қатты.

— Сіз Қызыл жалауға барам деп едіңіз. Өтіп кеттіңіз ғой.

— Жоқ, мен «Қайыңды» совхозына барамын.

Шофер таңырқай қарады.

— Қайдағы «Қайыңды»? Сіз өзі бұл жаққа көптен бері келмегенсіз ғой, тегі. Ол совхоздың аты баяғыда өзгеріп кеткен.

— Әһ, солай ма? Қазіргі аты қалай? — деп Қарасай арттағылар даусымды естіп қоя ма дегендей сыбырлап сөйледі.

— Қазіргі аты «Сұлу мұрт».

— Сұлу мұрт? — Қарасайдың ұры көзі жыпылықтап, жігітке қарай берді.

— Иә, Сұлу мұрт. Естуіңіз бар ма? Өзі де бір керемет адам болыпты ғой. Жергілікті жұрт осы күнге дейін аузынан тастамайды. Былтыр совхоз жұмысшылары сұрап жүріп, ақыры совхоз атын өзгертіп алды. «Жаңа талап» та өзгерді.

— Ол бөлімше емес пе еді.

— Жоқ, қазір ол жеке совхоз. Мал совхозы. Оның аты Күргерей.

— Күргерей?

— Иә, Күргерей! — шофер жігіт Қарасайдың әлсін-әлсін құбылып отырған өңіне зер салған жоқ. Тас жолдың бойына қарап отырып, сөйлеп келеді. — Күргерейдің шын аты Григорий Федоров екен ғой. Сұлу мұрт — Сұлтан екеуі осы жердің ардагер адамдары болыпты деседі... Өмірлері зая кетпеген адамдар солар. Аттары мәңгіге қалды ғой, мәңгіге...

Машина совхозға күн шыға жетті. Қарасай сағынып оралған өз жерінен көз алмай, шыр көбелек айналған далаға тесіле қарап келеді. Ғасырлар бойы қалың көде басқан көне даланың реңі мүлдем өзгерген. Ойы, қыры тұнып тұрған егін. Анау көрінген Есдәулет қыстауының тұсы емес пе. Одан әрмен Сәлім шүйгіні, есіз қоралар бар еді-ау. Бәрі жер жұтқандай қайда сіңіп кеткен? Оның орнында шағаладай ақ үйлер, алды-артында иін тірескен машиналар — комбайн, трактор. Тегі совхоз бөлімшелері не бригадалар болар. Батыр-ау, сонау төбеден құлай бере мен мұңдалап тұратын жетім қайыңның орнына сүмбідей сұлу ағаштар орнай қалыпты. Күзелген жалдай түп-түзу. Тегі қолдан еккен-ау. Аз жылдың ішінде адам танымастай болып, қалай өзгеріп кеткен. Тіпті қу мекиен түзге ағаш егіп, жапан түзді бұғалықтап, шідерлеп тастапты.

Жеті атасынан бері Малжанның иелігіндегі жерді өзінің маңдайына басқан жердей меншіктенетін Қарасай қазір бөтен елде, танымайтын жат жұрттың мекенінде келе жатқандай бәріне тосырқап отыр. Жүрегінің терең бір қалтарысында жасырын жатқан қызғаныш та бар. Өз даласының, өз елінің қасиетті топырағына бір шыбық қадай алмай, бір тамшы маңдай терін тамыза алмай шет қалған, думанды тойға бара алмай тобан аяқ болып тойтып, көпшіліктен жырақ қалған адамның қызғанышы. Машина қыратқа қылт етіп көтеріле бергенде:

— Ана көрінген «Сұлу мұрт» совхозы, — деді шофер бала. Қарасай кеткенде небары қырыққа тарта үйі бар совхоз қазір етек-жеңі кең жайылып жатқан қала сияқты. Терезелері күнге шағылысқан еңселі үйлер анадайдан аппақ жұмыртқаша жұтынады. Малжан ағашы деп аталатын бір шоқ қайыңды іздесең таба алмайсың. Совхоздың бір шеті мен екінші шетіне дейін тұтасқан мәуелі ағаш. Үйлердің бір шеті «Қыземшекке» дейін жетіп, екінші басы баяғы Балта аулының жатақтарынан қалған ескі жұрттан асыпты. Жәлелдің зиратын тұрғызған «тақия төбе» ояна бастады. Қарасай Райханға көрінгісі келмей, көшеге кіре берісте, қоржынын арқалап, түсіп қалды.

Бұл арада суы мол терең котлован бар еді. Соған қарай ентелей жүгірген бықырлаған қара ала қаздар қасынан өте берген бейтаныс адамды жатырқағандай қаңқылдай жөнелді. «Қа-қа-Қарасай келді, Қа-Қарасай» дегендей қаңқ-қаңқ етіп, құс фермасын басына көтерді. Бейқам құстардан басқа, совхоз шетіндегі тау-тау бидай үйілген қырманға қарай беттеген жұмысшылар, жүк машинасындағы, трактор, комбайн үстінде кетіп бара жатқан адамдардың бірі Қарасайды елеген жоқ. Кез тоқтатып қарамады да. Бәрі өз шаруасына, өз жұмысына қарай басып кетіп барады, өтіп барады.

Қарасай ұзыннан-ұзақ тартылған оқтай түзу көшені бойлай отырып, Малжан ағашының тұсынан шықты. Қартайып жасаурай бастаған көзін ағаштың бауырына қадап, төрт бұрышын бірдей тінтіп келеді. Өңкей шифрлы ақ үйлер. Жайпақ төбелі, албарлы өз үйі жоқ. Жапандағы жалғыз үйді, Қарасайдың қара шаңырағын бульдозермен тік көтере сыпырып тастаған. Оның орнында жаңа қоныс — жаңа үй. Халел үйі.

Қарасай аз уақыт үнсіз тұрып қалды. Талай жылдан бері Малжан ағашының бауырындағы жапан түзде түтін түтеткен жалғыз үй — атадан қалған ескі көз, көне жұрт еді. Қарасай елу жылдай алысып жүріп, ақсүйек ата дәстүрінің қалпын бұзбай, ескі дастарқан кенеуін кетірмей келіп еді. Бүгінде көне дәстүр көңге айналды, ескі дастарқан өрім-өрім болды. Жапандағы жалғыз үйдің үйіндісі де жоқ. Жалғыз үйдей дараланып жеке бастың қамымен өмір кешкен Қарасайдың өзі де қазір толқын айдап шыққан салынды сияқты: не қызуы, не жылуы жоқ бойында. Су сорған салындыда нор де, дом де жоқ. Қызусыз, нәрсізде мен де жоқ. Мәнсізді ешкім іздемейді, мәнсізді ешкім жоқтамайды.

Төрінен көрі жуық Қарасай қатты күйзеліп тұр. Алпыс жыл жасаған ғұмыры да бір, қадірсіз, құнсыз болған соңғы бір күні де бір. Есіл өмір. Зая кеткен жасына қайғырып тұрып, терең күрсінді: «Елу жылда ел жаңа. Елін тапқан ер жаңа. Бабын тапқан жер жаңа. Жалғыз үйдей жым-жылас, жұрнақсыз қалған мен дара, ұрпақ та жоқ, дос та жоқ, адасқан қаздай мен ғана», — деп жетім көңіл торға түскен тотыдай бұлқынып, жүрегін тырнап тұр...

Бұл кезде Райхан мен Жантас совхоз сыртындағы «Қыземшектің» төбесіне жаяу көтерілген. Биік төскейде тұрып жан-жағына көз тастады. Аппақ күмістей шашын таңғы самалға тосып, қасиетті даланың жұпар иісін мейірлене жұтқан Райхан қызара шыққан күн шапағына малынған шағаладай аппақ совхоз үйлеріне масаттана қарады. Кеше ғана жапырайған жалғыз үйлі жапанда мыңдаған жаңа үйлер. Кеудесін керіп, көсіле жатқан дарқан дала көптің мекені.

— Анау ортадағы екі қатарлы биік үй мектеп. Одан арғы стадион, балалар бақшасы, емхана, парк. Ана бір шеттегі құс фермасы, онымен қатарлас сиыр фермасы. Автобаза, темір-бетон заводы, кірпіш заводы, — деп қолымен нұсқап санай бастады.

«Қыземшектің» батыс жақ беткейі «Күргерей» совхозының жері де, шығысы «Сұлу мұрт» совхозының жері. Екі совхоздың жерін ершікті төбенің ұзыннан-ұзын шұбатылған жотасы ғана бөліп

тұр. Жер жобасына қарап қоңсы ауылдың шекарасын айырып болмайды. Екеуі де бірдей. Екі жақ бүйіріне жарыса көтерілген қою егіннің әр тал сабағына дейін егіз, таңғы самалға судырап жайқалған тербелісіне дейін егіз.

«Қыземшектің» шошайған қос төбесін де бір-бірінен ажыратып болмайды. Қос төбенің ең ұшына орнатқан қос зират та, зират алдына қойған құлпытастар да бір-бірінен айнамайды. Бірінде: «Григорий Матвеевич Федоров (Күргерей)», екіншісінде: «Сұлтан Омаров (Сұлу мұрт)», — деп жазылған жазулары ғана екі бөлек. Тосын қарағанда екеуінің тұрған орындары да екі бөлек.

Жоқ, анықтап қараңыз. Күргерей де, Сұлу мұрт та жер емшегінің екі басында, бір төстегі алпыс тамыры, ақ сүті бір қос анардай қосылып мәңгі бірге жатыр.